Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Нұр-Сұлтан – 2019

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5қаз)
Р 87

Пікір берушілер:
тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ. Ахметов;
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ү. Еркінбай

Бас редактор *С.М. Сыздықов*.

Құрастырушылар: *С.М. Сыздықов, Ж.О. Артықбаев, М.А. Алпысбес, С.А. Жүсіп, Д.Қ. Қамзабекұлы, С.Б. Жұмағұл, Қ.Р. Кемеңгер, Т.Қ. Бөрібаев*

Р 87 **Рухани жаңғыру: «Мәңгілік Ел» құндылықтары және Алаш идеясы:** *тарихи тәжірибесі, сабақтастығы және болашағы*. Оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 380 бет

ISBN 978-9965-869-79-2

Кітапта «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен «Алаш» идеясының қалыптасуы, даму үдерістері мен тарихи сабақтастығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында зерделеніп, тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық санасының жаңғыруындағы рөлі қарастырылған.

Әмбебап оқу-әдістемелік құралы Қазақстан халқы Ассамблеясының РММ «Қоғамдық келісім» бастамасымен атқарылып жатқан «Қазақтану» бағдарламасын жүргізуге көмекші құрал ретінде этно-мәдени бірлестіктерге, республикадағы университет, колледж студенттеріне, жоғары сынып оқушыларына арналған.

Оқу-әдістемелік құрал – BR05236848 «Туған жер» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы контексінде Алаш идеясы мен «Мәңгілік Ел» құндылықтары: тарихи тәжірибесі, сабақтастығы және болашағы» нысанды бағдарлама аясында дайындалған.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5қаз)

ISBN 978-9965-869-79-2

© Ұжымдық еңбек, 2019

КІРІСПЕ

Құрметті ұлттың рухани жаңғыруына мүдделі оқырман!

Қолдарыңыздағы оқу-әдістемелік құралы – «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен Алаш идеясының қалыптасу тарихы, сабақтастығы және жаһандану заманында тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы жариялаған бағдарлама аясында зерделенген алғашқы әмбебап маңызы еңбек. Әмбебап болып саналуының себебі – құрал жалпы білім беру саласындағы мектептердің жоғары сынып оқушыларынан бастап, колледж, университет студенттері мен республикадағы 300-ден астам этно-мәдени ұйымдарында жүргізіліп жатқан «Қазақтану» бағдарламасына арналған.

Әмбебап болғандықтан құрал көлемін барынша ұлғайтып беруге тура келді. Өйткені оқытылатын аудитория тыңдаушылары мектеп жасындағы оқушыларды, университет студенттерін, этно-мәдени бірлестіктердегі әр түрлі жастағы адамдарды қамтиды. Сондықтан тыңдаушылардың жас ерекшеліктеріне, алған білімдерінің қоры мен дайындық дәрежесіне сәйкес оқытушы оқу құралынан беретін материалдарды күрделілігіне қарай сұрыптап, таңдай алады. Бұл бір жағынан, әрине, оқытушының методикалық тұрғыдан біліктілігіне байланысты.

Бұл оқу құралының өзектілігі неде? Біріншіден, тарихты білмей, болашақты болжай алмаймыз. Екіншідін, бір тарихи құбылыс бір мезгілде екінші, үшінші және тағы да басқа құбылыстарды тудырады, яғни біздің тарихымыз өткенмен сабақтасқан құбылыс. Үшіншіден, кез келген мемлекет оңайлықпен дүниеге келмейді және өзіне дейінгі тәжірибеге сүйенеді. Төртіншіден, бір мәдени жетістік өзге мәдени жетістіктің нәтижесі. Бесіншіден, тарихи үдеріс өзінің ішкі даму заңдылығы бар көпаспектілі, жан-жақты, жіктері күрделі, белгілі бір мүдде, сұраныс, мақсат-міндеттерге бағынған феноменологиялық жаратылыс.

Алдымен, әрине, мемлекеттік идея туралы айтуымыз керек. Әдетте «идея» (грек. idea – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылым соның ішінде

дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының өкілі И. Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсы бірі болмасын түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады». Қоғамдағы әрбір адамның өмірге деген көзқарастары, идеалдары мен құндылықтар жүйесі бар. Бұлар жиналып келіп адамның рухани жан дүниесін құрайды. Сонымен, идея – бар нәрсені емес, басқа ұғымдардан өзгеше әлі жоқ нәрсені, жасалуға тиіс дүниелерді білдіреді. Идея – тарихи дамудың нәтижесі бола тұрып, даму барысында өзінің көптеген қырлары мен мазмұнын айқындаған, толысқан ұғым. Ол бүкіл даму тарихындағы жасалған рухани байлықтарды бойына сіңірген жүйе.

Қазақ ұлттық идеясы – ұлттың тарихи кезеңдерінде өзін-өзі тануынан көрінісі болып табылатын және ұлттық сананы қалыптастыратын әлеуметтік– саяси көзқарастардың жүйесі. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары мен құндылықтарының әлемге танылуы.

Жоғарыда аталған түсініктерді меңгергеннен кейін осы «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасу тарихы, оның кезеңдерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын оқып, үйрену қажеттілігі туады. Бұл орайда ұлттық идеяны халқымыздың қарапайым дүниетанымдық ұғымдарынан бастай отырып, қалыптасу алғышарттары мен жолдарын және оның басты нәтижелерін жалпы өркениеттік өлшемдер бойынша әлемдік даму үрдісінде түсінген жөн.

Ұлттық идеяны кездейсоқ ойлап табу мүмкін емес. Оның қалыптасуы тарихи кезеңдердің сабақтастығы арқылы белгілі бір әлеуметтік-саяси, мәдени кеңістікте күрделі құбылыс ретінде жүзеге асады. «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуы да осындай күрделі де ұзақ жолдан өтті.

Қазіргі уақытта бір пікірлі, сәйкестігі жоғары, салауатты қоғамды қалыптастыру үшін бірнеше идеологемалар ұсынылды. Олар «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Туған жер» сияқты үлкен бағдарламалық құндылықтар. Ал олардың қоғамда орнығуы қазақтың өткен тарихына үңіліп, одан жаңа заманға қажетті құнды қазынаны алып шығу барысында ғана қалыптаспақ.

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан саяси реформа мен экономикалық жаңғыру аясында маңызды орын алатын мәселе – рухани жаңғыру, яғни қоғамдық сананың жаңаруы. Бұл туралы мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2017 жылы 12 сәуір күні жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты дамуға бағыт беретін бағдарламалық мақаласында атап өтті. Бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік институттарының дамуы,

қоғамдық сананың ұлттық тәуелсіздік жағдайында жаңаруы, яғни модернизациясы, ұлттық рухани жаңғырумен, қазақ халқының тарихи өткен жолындағы прагматикалық тәжірибелерді ескеруімен, өзіндік ұлттық болмысты сақтап қалуымен, ұлттық код құндылықтарын дәріптеуімен жүзеге аспақ.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ерекше толыққанды жүзеге асқан сайын үлкен қоғамдық әсер ететін болады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық тарихы толқынында» мемлекеттік бағдарламаларының логикалық жалғасына айналды.

Рухани жаңғыру бағдарламасының атқарар қызметі – ел тәуелсіздігін сақтау, қазақ елін әлемнің озық елдері қатарына қосу, ал ол үшін, ең бастысы, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық сананың жаңа белеске көтерілуін қамтамасыз етуде. Әлемнің жаһандану құбылыстары ұлт пен ұлыстардың ынтымақты болуын талап етеді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «туған жер», «ұлттық код», «білім салтанаты», «қасиетті Қазақстан» сияқты қастерлі ұғымдар бар. Қазақстанның қоғамдық-саяси даму жолы, Ұлық Ұлыстан Алтын Орда, одан келе сонау XV ғасырда оның тікелей саяси мұрагері ретінде қалыптасқан Қазақ хандығы, XIX ғасыр басында хандық билік жүйесінің саяси күйзелісі нәтижесінде пайда болған аға-сұлтандық басқару институты, соның негізінде дамып шыққан Алаш-Орда үкіметі, одан келді кеңес құрылымдары пайда болды. Қазақтың саяси басқару сабақтастығы осы.

Қолдарыңыздағы оқу құралы тамыры терең, тағдыры толғамалы ұлт тарихының айшықты да тағылымды кезеңдерінен мол мағлұмат береді. Қайталанбас мәдениеті, тілі мен ділі бар «қазақ» атты дербес ұлтты адамзат сахнасына алып шыққан Қазақ хандығының мұратын жалғастырған, Қазақ елінің ұлттық азаттық алуына іргетас болған «Алаш» идеясы, ұлт-азаттық қозғалысы, партиясы және Алаш Республикасы туралы негізгі, боямасыз тарихы баяндалады. Ерекше ескерте кететін жайт: 1917 жылы дүниеге келген қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық демократиялық партиясы мен Алаш Республикасын айтпағанда, «Алаш идеясы», «Алаш ұлт-азаттық қозғалысы», «Алаш қайраткерлері» деген тіркестер алаштанушы ғалымдардың зерттеулерінде және жалпы публицистикада шартты түрде жазылып, бірте-бірте ұғым ретінде берік қалыптасты.

«Рухани жаңғыру: Мәңгілік Ел құндылықтары және Алаш идеясы» оқу-әдістемелік құралындағы әрбір тұжырым, қағидат, пікір нақты тарихи оқиғаға, бұлтартпас айғақ-дерекке, мұрағат құжаттарына, жарық көрген немесе қолжазба естеліктерге табан тіреп, шынайы, бейтарап көзқараспен сараланған, жан-жақты талдау негізінде жасалған. Бірқатар тараушада иллюстрация ретінде фотосуреттер, мұрағат құжаттарының көшірмелері, төңкеріске дейін және одан кейін жарық көрген шығармалардың мұқабалары, тағы басқа деректік материалдар ұсынылды. Әр тарауда берілген үзінділер мен

дереккөздердің мазмұнымен осы оқу құралымен аттас «Хрестоматиядан» толығырақ таныса аласыздар.

Қазіргі рухани жаңғыру үрдісінде тарихи санасы терең мемлекетшіл тұлға, Отан тарихы мен руханият әлемін қадірлейтін елшіл азамат қалыптастыру барынша өзекті. Қазақ баласының ұлт азаттығы мен дербестігі, саяси теңдігі мен рухани кемелділігі жолында тарихи қызмет атқарған тұлғаларды қастерлеу саналы ұрпақ парызы. Ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған Алаш ардақтыларының тағылымды ғұмыры, қайраткерлік тұлғалары және сан қырлы ғылым салаларынан жазылған іргелі еңбектері біз үшін, әсіресе өскелең ұрпақ үшін адастырмас темірқазық болуы керек. Сондықтан оқу құралында Алаш қайраткерлерінің тұлғалық қасиеттеріне ерекше ден қойылды.

Оқу-әдістемелік құралы орта мектептің жоғары сынып мұғалімдері мен оқушыларына, орта арнайы оқу орындарының тыңдаушыларына, «Қазақтану» бағытында жұмыс жүргізіп жатқан этномәдени қауымдастықтарға, жалпы сала мамандары мен тарихқа ынтызар қауымға арналады.

БІРІНШІ БӨЛІМ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕОЛОГЕМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

БІРІНШІ ТАРАУ
ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ – ИДЕОЛОГЕМАНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТЫ

Ежелгі дәуір тарихи уақыт өлшемі тұрғысынан қаншалықты өте алыс болғанымен, соншалықты адамның тарихи санасында тым ерте, өте ұзақ, есте жоқ, жадыға хатталмаған, хатталса да өшіп қалған деген түсінікті пайымдап, ойға алып бір елестетсек, ғылыми логика мен кәдімгі қисынға салғанда да, ендігісі ол жойылған заман, із қалдырмаған кезең, әсері мен маңызы жағынан да қажетсіз, мағынасын табу қиын болып көрінуі мүмкін. Алайда, сол «ежелгі заман» деген дәуірдің, немесе «көне кезең» деген заманның маңызы да мағынасы да бірнеше себептен зор, қажет, өзекті деп қабылдауымыз керек.

Біріншіден, алдағы тарихи даму кезеңі болмай, кейінгі тарихи даму кезең болмайды. Екіншідін бір тарихи құбылыс бір мезгілде екінші, үшінші, және тағы да басқа құбылыстарды тудырады. Үшіншіден, құбылыстардың ұқсастық белгілері де болады. Төртіншіден, бір мәдени жетістік өзге мәдени жетістіктің нәтижесі болып табылады. Бесіншіден, тарихи үдеріс өзінің ішкі даму заңдылығы бар көпаспектілі, жан-жақты, жіктері күрделі, белгілі бір мүдде, сұраныс, мақсат-міндеттерге бағынған феноменологиялық жаратылыс болып табылады. Оның барлығы белгілі бір дүниетанымдық білім аясында тіршілік шындығын қабылдау, қоршаған орта сырларын тану, әлем бейнесін салу ойы, білуге ұмтылыс әрекеті, сезіну қабілеті, тұжырымдау амалымен, өмір қажетіне пайдалану, прагматикалық ұстанымдармен іске асады.

Біздің санамызда ежелгі дәуірдегі қоғамдық құрылысы, өмір тіршілігі қарапайым, жөнтек, жұпыны болды, ол замандағы өндірістік даму мен кәсіп, шаруашылық төмен дәрежеде болған деген түсінік қалыптасқан. Руханият жағынан қандай болғанын айтуға қиналсақ та, материалдық жағынан нашар болды деп ойлаймыз. Бірден киімі – теріден, тамағы піспеген, шикідей жеген, баспанасы бар болса тар үйшік, тас қуысы болды ғой дейміз. Қалай болса да адам баласының тұтынуына қажет игіліктер ол заманда да болды. Оның бір бөлігі зат жүзіндегі игіліктер болса, бір бөлігі рухани өмір мен әлеуметтің жеке тұлға мен қауымның, қауымның басқа қауымға қарым-қатынас орнату, бағыну, бағындыру немесе әлеуметтік-саяси тең дәрежелі байланыс жасау жолдары табылған болуы тиіс. Сол мағыналарды терең аша түсуіміз керек.

Сондықтан, бұл бөлімде адамзаттың көне тарихындағы Еуразиялық Ұлы даланың орны және Алаш идеясының сол көне заманнан бастау алуын жылқы өркениетінің қалыптасуымен, көне металлургияның дамуы, және оның әлем өркениеттерінің дамуына әсері – ертедегі сауда-саттық пен мәдени қарым-қатынастардың дамуымен байланыста қарастыру көзделеді. Өйткені, жылқы мәдениетін игеру арқылы далалық халықтардың ежелгі қоңыс аударулары тарихи тұрғыда үлкен үдерістердің бірі болған.

Әртүрлі кезеңдерде жүргізілген көптеген археологиялық қазбалар барысында анықталғандай, сақа патшаларының қабірінде жылқылардың қойылу себептері де Ұлы Дала – Ежелгі Күн Елінің ой-сана идеологема бастауларымен байланысты. Ежелгі дәуірлерде идеологемалық мағыналарға ие рухани бастаулар ерте көшпелілердің көне космологиясы мен ежелгі наным-сенім мазмұныда жатыр. Бұл белгілерді білдіретін мағыналарды пайымдау үшін сақалардың алтын бұйымдарында киелі аңдарды бейнелеу өнеріне назар аудару қажет, сол арқылы, арғы түркілердің мәдени үлгі бастаулары мен олардың материалдық мәдениеті, өркениеті ретіндегі қол жеткізген жетістіктері туралы тұжырымдар жасауға болады.

Қазақстан аумағында қоғамдық сананың бір түрі ретінде жалғасын тапқан өлке туралы тарихи таным өте ежелден, энеолит, неолит және қола дәуірінің петроглифтерінен бастап қалыптасқан. «Аң стиліндегі» өнерде бейнеленген сақ-ғұн мәдени ескерткіштері ежелгі дүниетанудың көрінісін көрсетеді. Ол ізтастарға түсірілген сызба, суреттерде қоршаған орта – ежелгі Қазақстанның табиғи нысандары, флорасы мен фаунасы туралы құнды ұғымдар бейнеленген.

Алтын Адам көмілген обалары – Есік. Бесшатыр. Пазырық. Шілікті. Берел мысалында мемлекеттілік нышандарын аңғарамыз. Мысалы, ежелгі дәуірде Ұлы Даланың отырыкшылық өркениеттерге тигізген әсерлері туралы Хет-Кете феноменін қарастыру арқылы қол жеткізуге болады. Атап айтқанда, әлемдегі алғашқы мемлекеттердің құрылуына қозғаушы күш ретінде болуы тұрғысынан назар аудару қажет. Сондай-ақ, Ұлы далалық ежелгі қауымдар болып табылатын арийлер, хьон мен турлар өркениеті және олардың аймақтық миграциясының адамзат тарихына әсері ескеру қажет. Ол үшін Арианам-Тұран өркениетін сипаттау үшін көне аңыздар мен «Авеста» сияқты жазба деректерді байланыстара қарастыру. Зәрдүш діні – көне замандарда бүгінгі қазақ жеріндегі рухани жаңғыру мәселелерін талдау жасау, салыстыра қарастыру үшін маңызды құбылыс. Қазақ жерін ежелгі дәуірлерде мекен еткен халықтардың өзара дүниетаным саласындағы жалғастықтары.

Ежелгі ғұн, үйсін мен қаңлы мемлекеттерінің шаруашылық негізі және идеологиялық ұстанымдары туралы тарихи сабақтастық тұрғысынан талдауға алынады. Ғұндардың ұлы көші-қондарының Оңтүстік Азия және Батыс Еуропа елдеріне тигізген әсер-

лері күшті болғаны белгілі. Шығыс Ғұн империясын құру барысындағы саяси оқиғалар Еурап халықтарының ежелгі тарихына орасан зор әсер етті. Әйгілі Мөде тәңірқұт, оның туған жер туралы айтқан атақты өсиет сөзі мен жаугершілік екпінмен құрған мемлекеттік жүйесі, түркі қағанаттарына саяси бастау әрі жалғастық ретінде қабылдануы қажет. Батыс және Оңтүстік ғұн мемлекеттері кейін түрік қағанаттарының батыс және шығыс түрік қағанаты ретінде қалыптасып дамуына негіз болғандай. Кейін ғұн патшалықтарының саяси ұйымының түркі дәуіріне ұласуы және ежелгі эпикалық жырлар сақтаған идеология жайында да талай рет зерттеулерде айтылған болатын.

Көнеден бері өзіндік дәстүр болып жалғасқан материалдық өндіріс негізінде құндылыққа айналған мәдени мұралары өзіндік сипатқа ие болды. Қола және алғашқы темір дәуірі, сақа, ғұн, түркі, мұғұл кезеңдеріндегі құнды археологиялық ескерткіштермен қатар, Ноғайлы жұрты Алтын Орда – Ұлы Дала Елі кезеңі мен Қазақ хандығы заманындағы ең келелі де, киелі де, бағалы рухани жәдігерлер осы өлкеде жасалған және сақталған.

§1 Ұлы Дала – адамзаттың жылқышылық мәдениет ошағы

Бүгінгі таңда өзектілігі артып келе жатыр деген әлемдік мәселелердің бірі геосаяси үрдістер дейтін болсақ, оның қалыптасуы әлемнің ежелгі замандарынан-ақ, адам баласының жер бетіне қоныстануы мен көшіп қонуынан, шаруашылық түрлерін дамытуынан бастау алады.

Ежелгі дәуірді біз шартты түрде адамның қалыптасу кезеңі деп атаймыз. Оған тарихи талдау жасау қиын іс. Біз тарихи оқиғаны талдауға, әр түрлі болжамдар жасауға тырысамыз, бірақ ақиқатына жете алмай келеміз. К.Ясперс осыған орай: «Адамның қалыптасу тарихы ең терең құпия, біз оны әлі күнге дейін түсінбей келеміз» деп тауып айтқан болатын. Осы ретте Американдық социолог Э.Фроммның «адам жаратылыс эволюциясының нәтижесі, ол табиғаттың ажырамас бір бөлігі, бірақ оның табиғат алдындағы бір басымдылығы санасы. Осыдан шығатын қорытынды біреу – адам зерттеуге болатын табиғат бөлшегі» деген пікірі көңіл аударарлық.

Қазақстан жеріне адам баласының алғашқы өкілдерінің қоныстана бастағаны біздің заманымыздан миллион жылдан әрі уақыт мөлшері. Ол дәуірді тарихи әдебиеттер ерте палеолит деп атайды (*палео – көне, литос – тас*). Оларды адам дегеннен гөрі адам тектес гоминид деп атаған жөн, себебі адамзат баласына тән көптеген қасиеттер ол заманда әлі де қалыптаспаған болатын. Қазақстан жеріне гоминидтердің қай жақтан келгені анықталған жоқ, мүмкін Оңтүстік Шығыс Азиядан, мүмкін Кіші Азиядан келген болар деген жорамал бар. Сонымен қатар адамзат баласының қалыптасу процесіне Орталық Азия өзінше үлес қосты дейтін де ғылыми тұжырымдар бар.

Қазақстан жеріне тас дәуірінің қай кезеңі болмасын ескерткіштерді мол қалдырған. Олардың ішінде әсіресе тастан жасалған қару-жарақтардың орны бөлек. Палеолиттен кейін аралық дәуір мезолит келді де оны өз кезегінде неолит алмастырды, ол үш мыңжылдыққа созылды және тарихқа қосқан жемісі бәрінен де мол болды. Неолит дәуірінің басты жаңалығы өндіргіш шаруашылықтың пайда болуы, тас өңдеудің жаңа (микролит) қалыптасуы.

Қазақ аңыздарында адамзат тарихының бастауы «Топан сумен» байланыстырылады. Топан су басу кезеңі соңғы мұз басу дәуірімен (шамамен б.з.б. 12-10 мыңжылдықтар) байланысты болуы керек, температураның көтерілуінен Атлантика және басқа да сулар деңгейі көтеріледі. Топан судан кейін келген голоцен дәуірінің басталуымен қатар келген құрғақшылық заманы табиғи ортаны түбегейлі өзгертті. Б.з.б. V мыңжылдықтың соңы және IV мыңжылдық басында Қазақстанның гидрожүйесі құрып, үлкен аймақтар шөлге айналды.

Климаттың өзгеруіне байланысты зіл, мүйізтұмсық сияқты ірі әрі жүнді жануарлар құрыды, адамдарға енді кішкентай жануарларды ұстау үшін жаңа әдіс-тәсіл, қару-жарақ

ойлап табу кезі келеді. Адамзат өміріндегі осы сияқты біртіндеп жабайы аңдарды қолға үйрету мен қарапайым егіншілікті бастауға итермеледі. Бұл революциялық өзгерістерді бір жағынан түсіндіру де оңай. Тас дәуірінің бір миллион жылға созылған дамуында адамдардың тәжірибесі көбейе түсті, өндіргіш шаруашылық негізі салынды. Егер адамзат тарихын тек екі кезеңге ғана бөлу қажет болса, оның шекарасы болуға неолит, яғни жаңа тас дәуірі лайық деп есептейміз.

Палеолиттен неолитке көшу кезбе аңшылар мен терімшілердің отырықшы немесе жартылай отырықшы өмір салтына көшуімен ерекшеленеді. Аңшы қауымдардың өкілдері болған отырықшы адамдар алғашқы болып жануарларды үйде ұстай бастады, кейін келе осы негізде мал шаруашылығы пайда болды, кейбір өсімдіктердің өсуін қадағалау арқылы егін шаруашылығының негіздері салынды. Тарихи әдебиетте неолит Алдыңғы Азияда Еуразияның далалы аймағына қарағанда ертерек басталды делінеді.

Б.з.б. IX-VIII мыңжылдықта кейбір аймақтарда егін-малшылық шаруашылықтарын игеру жүзеге асқан фактілер кездеседі. Өкінішке қарай, ғылыми әдебиетте Қазақстан өндіргіш шаруашылықтың орталығы болды деген пікірлер жоқ. Біздің жерімізде дамыған өндіргіш шаруашылықтың құрылу процесіне тікелей әсер еткен ежелгі доместикация орталықтары Алдыңғы және Орта Азия болуы мүмкін деген пікірлер бар. Екінші жағынан тарихи деректер көне замандағы ұлы қоныс аударулардың, мысалы шумер заманындағы көші-қон қазақ жерінен Таяу Шығыс, Еуропа сияқты аймақтарға бағытталғанын және алғашқы мемлекеттік құрылымдар пайда болғанын көрсетеді. Бұл кезеңде әлі де жылқы қолға үйретілмеген, сол себепті қоныс аударушылар өгіздер жегілген ауыр арбалармен қозғалған. Осы тәжірибелердің арқасында энеолиттің орта кезеңіне қарай Қазақстан жері жылқыны қолға үйрету аймағына айналды, сонымен қатар қазақ жерінде алғаш рет тары өсіру тәжірибесі сынақтан өткенін дәлелдеген тұжырымдар да қызық.

Ұлы Даланың жылқышылық тарихы бүгінгі күні қалыптасып қалған көшпелі мал шаруашылығы туралы тұжырымдарды жоққа шығарады. Соңғы археологиялық жаңалықтар көшпелі мал шаруашылығының бастауларын тарихтың көне қойнауларынан іздестіруге мүмкіндік береді. Қазіргі замандағы зерттеушілердің бірі В.И.Бибикова өзінің Солтүстік Каспий аймағындағы археологиялық зерттеулерін қорытындылай отырып, неолит кезеңін көшпелі мал шаруашылығына өту кезеңі деп атайды. [Хрестоматия, 36-37-бб.]

Бұдан да бұрын А. Тойнби көшпелі мал шаруашылығының пайда болуын б.з.б. IV-III мыңжылдықтармен байланыстырып, ғылыми ортаға осындай ұсыныспен шығып еді.

Алайда А. Тойнби көшпелі мал шаруашылығын өркениеттің егіншілік сатысынан алып шығады. Түркістан аймағында жүргізілген кейбір зерттеулерге (Пумрелли) сүйене отырып ол егіншілік шаруашылығын ұйымдастыру малды қолға үйретудің алдында

болды, сол тәжірибе бақташылық-номадтық өркениеттің қалыптасуына жол ашты деді. Оның пікірінше, доместикация өнері, яғни малды қолға үйрету аңшыдан көрі егіншіге тән қасиет. Ғалымның «жануарларды доместикациялау – өсімдікті доместикациялаудан көрі қиындау, себебі ол адам ақылы мен жігерінің бағыныштылықты көтермейтін материалды жеңген жемісі. Басқаша айтқанда, бақташы – егіншіге қарағанда анағұрлым айлалы болуы керек» дегені пікірі назар аударады.

Жылқышылықтың пайда болу тарихы туралы Д.Бентлидің «б.з.б. 4300 жылдары адамдар алғаш рет жылқыны үйретті, ал б.з.б. 4000 жылдары олар өзінің аттарына салт міне бастады» деген батыл пікірі де маңызды.

С.П.Толстов көшпелілердің Ортаазиялық қалалық мәдениеттің қалыптасуында қомақты қызмет атқарғанына екпін жасайды: «Тек көшпелі малшылар мен егіншілер арасындағы «алғашқы елеулі еңбек бөлінісін» ескеріп қана ежелгі Орта Азия экономикасының негізгі екі бағыты –далалық мал шаруашылығы мен оазистердегі егін шаруашылығының ортасында пайда болған және дамыған ортаазиялық қалалардың сол байланыс арқылы гүлденгенін түсінуге болады» дейді автор.

Ежелден Орталық Азия тұрғындары бір жағынан отырықшы егін шаруашылығымен, екініші жағынан көшпелі мал шаруашылығымен байланысты болған. Бақташылық ежелгі кезеңнің мәдени-шаруашылық кешенінің маңызды құрама элементі болып табылады. Ұлы даланың бірталай ескерткіштерін зерттеумен байланысты археология ғылымында «жылқыны қолға үйретудің Оңтүстік-Шығыс Еуропада, Еділ бойында және Қазақстанның далалық өңірінде бір жағдайда немесе бір уақытта іске асқаны туралы» көптеген ойлар айтылды. Ғалымдар ежелгі жылқы шаруашылығы тараған аймақтарға қатысты Еуразия даласының неолиттік-энеолиттік кезеңінің ескерткіштерінің бір ерекшелігіне назар аударады. Мысалы неолит дәуіріндегі Дереивка қонысында жылқының қалдық сүйектері барлық сүйектердің 60% құраса, Репин-Хутор қонысында 80%, ал Ботайда жылқы малының сүйектері 99,9% құрайды.

«Ботайда жалпы 100 мыңнан астам жылқының сүйегі табылды» дейді зерттеуші В.Ф.Зайберт. В.И. Бибикова Оңтүстік-Шығыс Еуропада жылқы шаруашылығының ерте кезеңдегі дамуын екі кеңістікке бөледі: батыс және шығыс. Соңғы ареалда жылқы сүйектері көбірек кездеседі, осыған қарағанда жылқы ертерек қолға үйретілген шығыс аймақтардан жылқышылар басқа шаруашалық түрлерімен айналысқан көрші территорияларға ара-кідік өтіп отырған деп болжам жасауға болатынын жазады.

Неолиттік-энеолиттік қоныстардағы сүйек қалдықтарын зерттеумен айналысқан авторлар (В.И. Цалкин, В.И. Бибикова, Н.М. Ермолова, Л.А. Маркова, Т.Н. Нурумов) Еуропаның оңтүстік-шығыс бөлігі сонымен қатар Қазақстанның жазық далалық аймағы жылқыны доместикациялау аймағы болып табылатындығы жөнінде ортақ пікір-

де. Л.А.Макарова және Т.М.Нурумов сынды жергілікті мамандар бұл сұрақты басқаша қарастырып, Ботай сияқты есткерткіштер жылқы өсірудің ерте түрі және республика территориясындағы өте ерте уақыттардағы жылқыны қолға үйретудің дәлелі екендігін нақтылады.

Жайық-Ертіс өзендерінің аралығы Еуразия аумағындағы ежелгі жылқы шаруашылығы дамыған ең негізгі ошақ болмаса керек. Қазақ халқының көптеген тарихи аңыздары мен хикаялары шаруашылықтың негізгі түрі есебінде мал өсіріудің басым дамуы Сарыарқамен байланысты екенін көрсетеді. «Қарқаралы, Қарақуыс, Едірей, Қу, Баянауыл тауын Бес Қазылық дейді. Бұл мал кіндігі» деп Ә. Бөкейханның Сарыарқаның Солтүстік-Шығыс аймағына жоғары баға беруі сол себепті.

Біз б.з.б. V-III мыңжылдықтардағы неолиттік-энеолиттік кезеңде Қазақстан аймағында бірнеше мәдени-шаруашылық аймақтар болды деп жорамал жасай аламыз. Бірініші – орманды-далалы өңірдегі Ботай мәдениеті, екіншісі – жабайы жылқы табындарының арттарынан ерген, аңшылық дәстүр негізіндегі пайда болған Меридианалды жүйедегі жылқышылық. Соңғысы отырықшы – егінші оңтүстік өңірмен соның ішінде Түркістан аймағымен (Ташкентті қоса есептегенде) өте тығыз байланысты болды. Сөйтіп, неолиттік-энеолиттік үлкен тарихи кезеңде Қазақстан аймағында үш мәдени-шаруашылық топтар болған деген пікір айтамыз: бұл жартылай отырықшы – солтүстікте, көшпелі – орталықта, отырықшы – егінші – оңтүстікте.

Жылқы шаруашылығының пайда болуы мен дамуының арқасында неолиттің соңы мен энеолитте қазақстандық ошақ өзіндік түрге еніп, ерекшелене бастады. Бұл құбылысқа Алдыңғы Азияның қатысы болуы мүмкін емес, себебі солтүстік аймақтарда дәл осы кезеңде жылқының қолға үйретілуі мен диффузияны көреміз, онымен қатар қола металлургиясының да солтүстіктен оңтүстікке тарай бастағаны байқалады. Табиғи ресурстарының жұтаңдығына байланысты қола мен қалайының ірі сатып алушылары шумерлер болды деп есептейміз. Археологиялық материалдардың толық кешені де (керамика және т.б.) қозғалыстардың солтүстіктен оңтүстікке қарай жүргенін байқатады. Жылқы малын өсіру ірі шаруашылығын ұйымдастыру ісі ежелгі Қазақстан аумағында жүзеге асқаны да тарихта айтылады. Оның көлемі жағынан, мал саны жағынан ежелгі тарихта да, дамыған ортағасыр дәуірінде де тең келетін елдер болған жоқ. Қазіргі экономика нарығында мұнай және шикізат өнімдерінің маңызы мен басқа елдерге ықпал ететін салмағы қандай болса, ежелгі замандарда жібек саудасы, жылқы айырбасы, алтын мен қола металлургия өнімдері сауда-экономикалық қарым-қатынас саласында маңызыды санатын құрады.

Шығыс өркениетінің алғашқы ірі ошақтарының пайда болуын Еуразиялық құрылық ортасындағы тарихи үдерістермен байланыстырған жөн. Ең алғашқы түрткіні жылқышы

тайпалар мекендеген далалық аймақтар жасады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселе үндіеуропалықтардың атақонысы далалық аймақ емес пе екен деген сұрақпен байланысты. Шынымен, бұл сұрақ тым шиеленіскен және кейде тіпті қарапайым қисынға қарсы келеді.

Солардың бірі үндіеуропалықтардың Алдыңғы Азиялық атақонысы туралы болжам (Гамкрелидзе). Бұл гипотеза тайпалардың пайда болған, алғашқы мекен еткен жерлерінен бастап тарихи өмір сүріп жатқан жерлеріне дейінгі қозғалысын екі-үш айнылымға салып болжайды. Мысалы «Ежелгі үндіеуропалық» тілде сөйлеушілер Алдыңғы Азиядағы алғашқы мекен еткен аймақтарынан шамасы Орталық Азия арқылы қайталама миграциялармен жылжып батысқа барып, Қара теңіз және Еділ жағасына қоныстанып, белгілі кезең аралығында ерекше диалектісі бар қоғам түзді» деп жазады Т.В.Гамкрелидзе. Осы болжам авторларының ойлары бойынша, үндіеуропалықтар өздерінің екінші отандарынан (оған б.з.б. III мыңжылдықта ие болды) б.з.б. II мыңжылдықтың соңында қайтадан батыс бағытында саяхатқа шығады. Осындай көшу барысында үндіеуропалықтар жергілікті халықтарды ығыстырып, ортақ протоүндіеуропалық тілдің ішінен жеке тіл топтары бөлінді. Индоарийлар мен тохарлар да авторлар ойынша осындай өмір кешті. «Прототохарлар» Таяу Шығыста б.з.б. III мыңжылдықтан бастап өмір сүрді де одан өздерінің тарихи қоныстарына тарады.

Үндіеуропалықтардың ата қоныс – ежелгі мекенін іздеуде М. Гимбутас және оның шәкірттері шынайылығы жағынан көш ілгері. Олар ежелгі мекенді шығыс бағытта, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан іздеу керек дейді. Бұл аймақ ертедегі жылқышылардың көнежарма (қорғанды) археологиялық мәдениетінің тарау аймағымен сәйкес келеді. Осы болжам үндіеуропалықтар аталарының отырықшы-егінші емес, керісінше бақташылықпен, яғни мал шаруашылығымен айналысқанын көрсетеді. Джерри Бентли М. Гимбутас ұсынысын қолдай отырып: «Үндіеуропа халықтарының ең ертеректегі көшіп-қонуы қиын қоғамдық кезеңдерде, күрделі жағдайда болды, олар сол себепті Еуразияның көптеген аймақтарында жылқыны қолға үйретуге қатысты және оны көлік ретінде пайдалану тәжірибесін таратты» деп жалпылама айқындама берген. М. Гимбутас болжамы Солтүстік Қара теңіз және Еділ жағалауының энеолиты бойынша материалдармен дәлелденеді. Енді осы сенімді болжамды тек шығыс аймақтардың материалдары соның ішінде Қазақстан бойынша толықтыру керек.

Үндіеуропалық халықтардың энеолит және ерте қола дәуірлерінде Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Анатолияға қоныстануы даланың жауынгер тайпаларының экспансиясы түрінде жүрді. Бұл жылжу және қоныстану перманентті түрде болды деуге негіз бар. Өз отанынан батысқа және оңтүстікке жылжыған үндіеуропалықтар алғашқы кезеңінде шумерлердің қалдықтарын және басқа да елдерді ығыстырып шығарды. Қолайлы және

ең маңызды плацдармдарды (маргиналдық аймақтарда) алған үндіеуропалықтар б.з.б. III мыңжылдықта өздері де отырықшы аймақтарға басып кіре бастады. Алдыңғы Азияда ерте үндіеуропалықтардың ішінен басымдары миттанилер, хеттер және т.б. болды. Батысқа кеш қозғалған халықтардың арасынан гот, кельт, балтық және славян топтарын атауға болады, иран және үндіарийле шығысқа беттеді. Үндіеуропалықтардың ежелгі ата қонысы деп Еуразияның сиыр тіліндей ғана далалық аймағын атауға олардың арасындағы жануарлары мен үй өсімдерінің ортақ атаулары сақталған лексика, одан басқа қола металлургиясына және доңғалықты көлікті пайдалануға байланысты терминдер мүмкіндік береді.

Жалпы үндіеуропалық прототілде кілтті сөздердің бірі жылқыны білдіретін ұқсас сөздер (peku). Пеку (пегий, пегас) ұғымының бір тармағы жалпыславяндық ақпараты мол «лошадь» сөзі, семантикалық жағынан ежелгі заманнан бері дала халықтарының ішінде кең тараған далалық «алаша ат» (алаша ат, алашық, алаша, аламан) сөзінен шыққаны қызықты.

Үндіеуропалық халықтардың орналасуы Еуропаның және Орталық Азияның барлық жаңа аумақтарын қамтыған көп кезеңді және біртіндеп жүрген үдеріс болды. Шамасы ең белсенді қоныс аударулар б.з.б. IV соңы – III мыңжылдықтың басын қамтыды, осыдан кейін Ұлы Далада бірталай уақыт тыныштық және тұрақтылық орнады. Әлеуметтік тұрғыда бұл тайпалар мен тайпа одақтары сияқты адамдар кооперацияларының нығаюына әкелді. Тайпалар тек қана туыстықпен қана емес, сонымен бірге территориялық жақындықпен, генеалогиялық ортақ түзіліммен, біркелкі шаруашылықпен, диалект және мәдени-тұрмыстық ерекшеліктермен басы біріккен бірнеше рулық қауымдардан құралады. Онымен бірге күрделі этноәлеуметтік құрылымға негізделген потестарлы биліктің күшейетіні де заңды.

Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің ерте кезеңде (б.з.б. III мыңжылдықтарда) пайда болуы туралы қазақ шежірісінде де тұспалдар бар. Шежіре Ұлы Даланың мемлекет құру кезеңіне қадам басқан шағы, яғни «ел болу, жұрт болу» туралы баяндайды. Қазақ тарихының ең көне қайнар көзі болып табылатын бұл аңыз тек түркі-моңғол халықтары ғана үшін емес, сонымен бірге үндіеуропалықтардың атасын анықтау үшін де маңызды деректер бар. «*Алаш» ұранына қосылмағанды әкең де болса ұрып жық*», – деген қанатты сөз мемлекет болудың қағидасы. «Алаш» мемлекеттілік ұраны, мемлекет мүддесіне үшін өзіңнің туған әкең де болса аяма деген мағынада. Дәл осы кезеңде адамзат баласы алғашқы жазу үлгілерін меңгере бастады, осы себептен біз жылқышылыққа дейінгі дәуірлерді «тарихқа дейінгі» немесе «мемлекетке дейінгі» деп шартты түрде айта аламыз.

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында Батыс Азия территориясында Шығыстың ежелгі тарихындағы үлкен рөл ойнаған жаңа мемлекеттер пайда бола бастады. Қазба жұмыста-

рының кезінде Алаша-күйіктегі қақпаның арғы жағынан толып жатқан қала құрылыстарының орны мен сынған мүсіндер шықты. Осыған байланысты А.Г. Сейс 1879-1780 жылдары Анадолы жерінен табылған көне дәуірдің жәдігерліктерін алғашқы рет Хет өркениетімен байланыстырып, Месопотамиядан солтүстікке қарайғы орналасқан бүкіл Кіші Азия таулы өлкесі ерекше зерттеле бастады. Мысыр перғауындары Эхнатон мен оның әкесі Аменхотеп III-нің б.з.б. 1370-1348 жылдардағы хат-хабарларының ішінде Хет патшасынан келген құттықтаулар мен дипломатиялық трактаттар табылды. Кейінірек Богазкөй жерінде 1906 жылы Гуго Виклер Хет патшаларының мұрағаты саяси және тарихи мазмұндағы мәтіндер, шумер-аккад-хетт сөздігі, жылқы өсіру жайындағы 15 мыңнан астам сына жазулы тақтайшаларға жазылған шығармалар т.б. табылып жарияланды. Осы зерттеу жұмыстары көне дәуір тарихының ерекше беті болып табылады.

Хеттердің саяси құрылымының басты мінездемесі деп билік басындағыларды құдайдай көруді айтуға болады. Патшаны олар «Күн» деп атады. Мемлекетте тайпалардың басшылары үлкен қызмет атқарды. Мәдени дамуда (жазу, заңдар) хеттер көп нәрсені Бабылдан (Вавилон) алды. Ежелгі шығыста хеттер өндірістік мәдениеттің екі түрімен атақты болды. Біріншіден, жылқы шаруашылығының дамуы мен жылқы өсірудің тренингтері. Сөз жоқ, хеттер екі аяқты арбаны жасаудың шеберлері болды. Шығыстың көптеген жазбаларында әсіресе хеттер кезеңінде жылқылар көп айтылады. Хет патшысы Хатта-Сали Вавилон басшысына хат жіберіп, жылқылар жайлы да ұмытпайды: «менің ағамның елінде сабанға қарағанда жылқылар көп». Хеттік мәдениеттің белгілі ескерткіштерінің бірі «Жылқы бағу жөніндегі трактат». Бұл шығарманы миттанийлік Кикулли (б.з.б. XIV ғасыр) жазған.

Хет өркениетін алғаш рет қазақ жерімен байланыстырушы XIX ғасыр соңындағы тамаша зерттеуші Н.А. Аристов Кіші Азия жерінде б.з.б. II мыңжылдықта үстемдік құрған хити (хета) елінің қазақтың этникалық құрамындағы «кете» руымен байланысы жөнінде болжам жасады. Кіші жүз құрамындағы китэ, китя атты жұмбақ ру атын еске түсіреді, олардың таңбасы крест түрінде немесе көбейту белгісі сияқты салынады, ал бұлардың екеуі де хити иероглифтерінде кездеседі».

Бақташы тайпалардың көшіп-қонулары нәтижесінде екі шаруашылық-мәдени жүйе қосылып, қауымдардың үстінен қарайтын әлеуметтік құрылым пайда болады. Осы әріптестіктің негізін бір жағынан отырықшы-егінші орталықтарда қалыптасатын басы артық мол өнім, екінші жағынан бақташылардың жасаған саяси тетігін құрады. Бақташы тайпалар қоғамдық дамуға рулық ұжымға негізделген туысқандық және насабнамаға сүйенген өзін-өзі басқару жүйесі сияқты қызықты жаңалықтар әкелді. Бұл ұйымдасу қоғамда әркімнің тең құқылы екенін көрсетіп, сонымен қатар тұлғалардың абыройын ескере отырып, еңбегі мен шығармашылығын қорғауды қамтамасыз етті. Рулық

ұйымдасу тұлғаның дамуына және шығармашылығына кепіл болды. Еуразия даласының бақташы қауымдастықтарында қалыптасқан азаматтық қоғам тәртібі отырықшы егіншілер мен қолөнершілердің қауымдық өмір сүру дағдысымен қосыла келе ерекше тәртіп пен құрылым туғызды. Ол мықты әкімшілік билікпен, мемлекеттік меншікпен, жоғары билікпен сонымен қатар жеке меншік жерімен сипатталады. Әдетте марксистік әдебиетте осындай түрдегі қатынас Шығыстың ежелгі қоғамында «өндірістің азиялық әдісі» деп аталады. К. Маркс: «бұл жағдайда тәуелділік саяси және экономикалық формалармен шектеліп, барлығы да мемлекеттің меншігі болған соң аса қатал түрде болады деуге келмейді. Мемлекет бұл жерде жердің жоғары иегері. Суверенитет бұл – ұлттық масштабта жинақталған жерге меншік. Бірақ бұл жағдайда ешқандай жеке меншік жер болған жоқ...».

Міне, осы ерекшелік болашағын далалық мал баққан жауынгер тайпалардың әлемімен ылғи да орайластыра жоспарлауға мәжбүрлі Шығыстың көне өркениеттерінің басты белгісі. Бақташылар қоғамдарында пайда болған саяси жүйе Шығыстың қауымдық тіршілігіне орнығады және мемлекеттік өркениетті туғызады. Бұл симбиозда бірнеше мың жыл қатарынан (шындығы, XV ғасырға дейін) құрылым құрушы қызметін атқарған Еуразия далалық халықтарының ерік-жігері жетекші рөл атқарады. Екі әлеуметтік-мәдени жүйенің, яғни егіншілер мен далалықтардың байланысының екінші нәтижесі урбанизация үдерісінің үдеуі өз кезегінде қалалық орталықтардың пайда болуына әкелді. Урбанизация егіншілерді де сонымен қатар бақташыларды қызықтырды. Нәтижесінде екі мәдени-шаруашылық жүйенің жігінде (маргиналдық территорияларда) сауда және қолөнер орталықтары қалалар пайда болды. Шығыстың ерте урбандалуы екі мәдени-шаруашылық жүйенің өзара ықпалдастығының әсерінен болды. Бақташы тайпалар мен олардың саяси билігі тарапынан саудаға, қолөнерге деген ынта мен құлшыныс қалалық орталықтардың жылдам өсуіне ықпал еткен басты факторлардың бірі.

Ұлы даланың шаруашылық-мәдени жүйесінің барлық құрылымын маргиналды аймақтарсыз түсіну мүмкін емес. Олардың қатарына Қазақстанның қазіргі оңтүстігі (Түркістан-Ташкент оазисі), Сырдария мен Әмударияның төменгі жағы (Хорезм), Үлкен Жетісу (Шығыс Түркістан), Еділ және Солтүстік Қара теңіз жағалаулары кіреді. Бұл жерлерде негізінен егін шаруашылығымен, қолөнермен және саудамен айналысқан отырықшы халықтар өмір сүрді. Бұл маргиналды аймақтарда ерте замандардан бері ғұрыптық және басқа да орталықтарымен әр түрлі діни дәстүрлер пайда болды. Маргиналдық белеудің тұрғындарын көшпелі аймақтармен қарым-қатынастың көптеген түрлері байланыстырды. Тарихтың кейбір кезеңдерінде даланың ішкі аудандарында да отырықшылық ошақтары пайда болып отырғаны белгілі.

Табиғи ортаның қолайлы өзгерістеріне сай б.з.б III мыңжылдықтың аяғында жылқыны игере түскен халық өздеріне қолайлы кешенді шаруасымен қайта айналыса бастай-

ды, оларға мал шаруашылығы, егіншілік және тау-кен өндірісі, көне металлургия жатады. Б.ә.б. II мыңжылдықтың ортасында халық көбінесе жартылай отырықшылыққа көшеді де кешенді шаруашылық жүргізеді, жаппай қола өндірісімен айналысқан халық әлем өркениетіне түсті металдарды ұсынумен күнкөрістерін ашты. Ұлы Дала алқабындағы қала мәдениеті бастаулары да осы кезеңде металлургия ықпалымен пайда болды деп есептейміз. Оның бір дәлелі қола дәуірінде өмір сүрген Аркаим, Беғазы, Кент сияқты қалалардың кен орындарына жақын орналасуы.

Осылайша, түрлі жағдайлармен ауыртпашылық әсерінен болған өзгерістер даланың халқында ерекше жігерлік пен тапқырлық қасиеттерінің қалыптасуы арқасында ежелгі қалалық өркениеттің негізін салды. Сондықтан көшпелілерді табиғаттың карамағында тұрақты түрде бағынышты болып қала берді деп айтуға болмайды. Дала адамының күш салып істеген жетістіктері табиғат, қоғам және адамның тепе-теңдікте болуын көздейді.

Ұлы даламен тығыз байланыста болған адам әрдайым әлемнің шегі жоғына сенім артқан. Әрине, ауа райының кенеттен өзгеруі көшпелілерге әсер етті. Егер де ауа райы біраз болсын жайдарыланса, Ұлы Далалықтар кешенді шаруашылығы егін және мал өсіруге, металл өндіруге көше бастайтын. Бұл өзгеріс тез арада жүзеге асырылатын. Ұлы даланың шаруашылық-мәдени жүйесін түсіну үшін Ә. Марғұланның пікірлері өте маңызды. Соңғы мыңжылдық бойы Еуразия тарихында бұл екі шаруашылықтың бірінбірі алмастырып отырғанын көреміз.

§2 Арианам-Тұран: Ежелгі әлемдік металлургия орталығы

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында Қазақстан барлық аумақтарында мал шаруашылығын, егін шаруашылығын, жоғары дамыған металлургияны қосатын кешенді шаруашылық пайда болды. Қазақстанның орталық аймақтарындағы тайпалардың шаруашылығындағы ірі өзгерістер ең алдымен ауа-райының ықпалымен, климаттық тұрғыда далалық алқаптарында құрғақшылық артуымен байланысты жүрді. Б.з.б. III мыңжылдықтың соңында-ақ далалық аймақта «құрғақ және ыстық ауа райы (ксеротерм) тұрақталып, аймақтық ландшафтың ауысуы 150-200 шақырымға жетті».

Сол замандарда көптеген өзендер құрғап, жағалау террассалары кеуіп, көл деңгейлері төмендей бастады. Мекен еткен жердің құрғақшылыққа ұшырауы Қазақстанның далалық бөлігінің халқының алдында табиғат құбылысына қарсы басқа бір балама жол іздеуге мәжбүрледі. Біздің ойымызша, кешенді шаруашылыққа көшу осы дағдарыс кезіндегі ең тиімді шешім еді. Қазақстан аумағының үлкендігіне қарамастан қола дәуірінің тай-

палары мәдени біртектілікті көрсетеді, олар бір-бірінен әжептәуір ерекшеліктері болған неолит дәуіріндегі тайпалық оқшаулықты жойды.

Қола дәуірінің қорғандары қазақтың тарихи аңыздарында «мық» деген атаумен халықтың жадында қалған. Сол себептен «мықтың үйі», «мық төбе», «мық қорғаны» деген атпен белгілі. XIX ғасырдың басында қазақ жерінде кен орындарын іздеген Ресейлік инженер И. Шангин де «*қазақтар көне заманның тас құрылыстарын моңғолдардан көп бұрын осы өлкені мекендеген, аңыздарында «мық» аталатын халық салды деп аса құрметтейді*» дейді. «Мық» сөзі әлі этимологиялық тұрғыдан зерттелмегендіктен, үзілді-кесілді пікір айту қиын, дегенмен бұл сөз қысқа бірақ нағыз бір құрылысқа байланысты айтылады деп ойлаймыз. Мәселен, «мық жусан», «мық шеге», т.б. «*Орал тауына дейін біздің жерлеріміз төбелерге (қорымдарға) толы, Үндістанда да осылай деседі. Көпшілік адамдар бұл төбелер Шыңғыс пен жоңғардан қалған белгі десе де біз көрген қалмақтар мен торғауыттарда өліктің үстіне белгі орнату әдеті байқалмайды. Меніңше, бұл төбелер аңыздарда айтылатын «мұг тарса» қауымның белгілері болар, қазақтар оны «Мықтың үйі» деседі. Біз жақта орыстар мен қазақтар Мұқ төбелерін көп қазады, ашады. Біреулері үш, кейбірі төрт қабат болып, бірінші қабаттан тек сүйек пен шөлмек сықылды ыдыстар шықты, екіншісінен еңбек құралдары, үшіншісінен қымбат бағалы нәрселер, алтын-күміс аспаптар табылады. Бір мәйіт төртінші қабатта екен, күміспен кебіндепті, енді бір мәйіт тас кереует үстіне қойылған екен, қолында білезік, мойынында алтын алқа, шашы басының екі жағына төгілген екен*» деп жазады XX ғ. басында белгілі шежіреші Құрбанғали Халид.

Қазақ шежіресінде қола дәуірінің тас ескерткіштерін «мықтың үйі», ал сол ескерткіштерді тұрғызған елді «мық» деп атау дәстүрі бар. «Мық» сөзі мыстан жасалған қысқа шеге мағынасын білдіреді, яғни «мықты» деген сөз «шегедей» деген мағынаға келеді. Қазақта «Шеге» деген адам аты да бар. Мыс, темір, тас сөздері ең ежелгі замандардан бері өзгеріссіз сақталған. «Түркі» сөзінің өзі «күшті», «мықты», «төзімді» дегенді білдіреді.

Қазақ жерінде мық заманының тарихи жәдігерлері қола дәуірінің қоныс орындарымен байланысты. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқа кімдікі екендігі туралы» тарихи әңгімесінде кең-байтақ қазақ жері бұрын өткен қалың елдің қонысы болғанын айтады: «Күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу, солтүстігі – Еділ, Жайық, сол төрт судың арасын мекендеген «Дәшті Қыпшақ» аталған «тоқсан екі рулы ел қыпшақ» жұрты, «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе» деп мақал қалған. Сонан бері неше жұрт келіп-кетіп, ақыр аяғы Мық деген жұрт келіпті кетіпті. Ширейш деген жұрт келіпті, ол да кетіпті. Бұл екеуінен соң ноғайлы қазақ» деп жазады. Сонымен, мық – ескі жұрттың аты, олардан сақталған ескерткіш (оба, қорған, төбе) аты. Бұл атау Сарыарқа, жалпы Орта Азия аумағында кездеседі.

Қария сөзде көне дәуір ертегілері бар. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері фольклор зерттеушілердің пікірінше, адамдардың жез, мыс кен орындарын игеріп, жез бен мысты алғаш рет еңбек құралдарын жасауға қолдана бастаған заманынан келе жатқанын көрсетеді. Шежірелік дәстүрде қазақ қариялары ертеден сақталған қола дәуірінің тас қорған, обаларын «мықтың үйі» деп көрсетеді. Қ. Халид «Орал тауына дейін біздің жерлеріміз төбелерге (қорымға) толы. Меніңше, бұл төбелер аңыздарда айтылатын, «муғ тарса» қауымының белгілері болар, қазақтар оны «Мұқтың үйі» деседі, яғни асылы Нух дегені» деп жазады. Қазақтың «мық» сөзі христиан мифологиясындағы гог-магог, исламда яджуж-маджуж жұрты, халықтары, қазақ ортасында айтылатын мәжусилер деген ұғыммен байланысты. Магог – тас пұттарға табынушы болса, мықтың үйі – мажуси халықтарды жәдігері.

Мық сөзінің мағынасы жайында әр-алуан пікір бар. Аталмыш дәуірдің ірі археологиялық ескерткіші туралы: «Мық төбе, немесе Мық қорғаны атты қиранды қала орны Қоқаннан оңтүстікке қарай 25 шақырым жерде Шаит-баба әулиенің зираты бар... бұл жерден мыс, темір балқыту ірі ошақтарының ізі көне заманның белгісін көрсетеді» деген дерек бар.

Қазақ шежіресінде сақталған Мық атауы ежелгі қалалық мәдениеттің көрінісі деп есептейміз. Қола дәуірі кезеңінде ірі қоныстар өзен-көлдердің маңайларында орналасқан. Бұл ең біріншіден шаруашылықпен байланысты болды. Мал шаруашылығы үшін жақсы жайылым керек болса, егіншілік үшін құнарлы жер керек. Сонымен қатар кенші қауымдар кен өндіру үрдісіне су көздерін ұтымды пайдалану үшін бүгінгі күнге дейін сақталған алып бөгеттер салды. Қоныстар әдетте 10-20 үйден тұрған. Үйлердің аудандары әр түрлі 100-ден 300 шаршы метрге дейін жетті. Көбінесе жертөлелер 1-1,5 метрге дейін тереңдікте орналасты. Қоныстар ортақ қорғаныс орларымен және бөрене қоршаумен қоршалған болды. Тұрғын жайдың төбесін бірнеше тіреулермен тірелген екі жақты шатыр жауып тұрады. Орталық және Батыс Қазақстанның қырат аймақтарында үйдің ірге тасын салу кезінде көбінесе тасты пайдаланған. Қоныстар маңында рулық қорымдар орналасты. Қабір іргелері ретінде тас плиталардан құрастырылған жәшіктер қолданылады. Олардың айналасына қырынан және жерге қазылып қойылған тас плиталардан қоршаулар жасалады. Мұндай тас құрылыстар қазақ арасында «мықтың үйі» деп аталады.

Бізде ежелгі дәуірде тіршілік еткен далалық тайпалардың шаруашылық үдерістері, қоғамдық өміріндегі сан қилы өзгерістері туралы қорытынды жасау үшін нақты материалдар жеткіліксіз. Бірақ Қазақстанның орталық бөлігін мекен еткен тайпалар б.з.б. II мыңжылдықтың басында оңтүстікте Орта Азияның отырықшы-қалалық өңірімен, ал солтүстікте Жайық-Ертіс өзендерінің арасындағы жартылай отырықшы жылқышы қа-

уымдарымен тығыз байланыста мал шаруашылығы, егіншілік және жоғары дамыған металлургиянының басын қосып кешенді шаруашылықты жүргізді деген пікірдеміз. Аң аулау мен жылқы шаруашылығынан жартылай отырықшы кешенге өту халық санының өсуімен және ірі мәдени құндылықтардың пайда болуымен қатар жүрді.

Б.з.б. II мыңжылдықтың алғашқы жартысында Ұлы Даланың қола мәдениеті барынша гүлдеп, өз әлеуетінің апогейіне жетті (қола дәуірінің кешенді шаруашылығының ең ірі ошақтары қазақ жерінің шөлейт және шөлді аймақтарында орналасқан). Бұл мәдениет біртіндеп жақын орналасқан орманды дала алқаптарын, отырықшы аймақтарды, маргиналдық аудандарды қамтып кеңейе түсті. Мәдениеттің орасан дамуының жақсы бір көрсеткіші – ірі қоныстар (протоқалалық өркениет), алпауыт қорғандар мен культтік құрылыстар, металлургиялық орталықтар әлеуметтік дамудың биік деңгейі. Қазақстандық қола мәдениеті Еуразиялық масштабтағы жарқын құбылыстардың бірі. Металлургия мен мал шаруашылығының дамуы қоғам өміріндегі ірі өзгерістерге және қоғамдық еңбекте өнімділіктің еселеп артуына, арнайы мамандануға алып келді.

Екінші жағынан, халықтың далалық өзендердің бойларында тығыздалуы, тамақ мәселесінің шешіліп, тоқшылықтың және қауіпсіздіктің артуы демографиялық өсуге мүмкіндік берді. Өз кезегінде дала тайпаларының белсенді миграцияларын осы жағдаймен түсіндіруге болады. Біздің ойымызша, бұл үдеріске Жайық – Ертіс аралығы, яғни Солтүстік Қазақстан жерін мекендеген жылқышы тайпалар көбірек қатысқан сияқты. Солтүстік Қазақстандағы Ботай сияқты энеолиттік қоныста жүргізілген археологиялық қазбалар жергілікті тұрғындардың дағдарысты екі түрлі қабылдағанын көрсетеді: «Халықтың бір бөлігі, жылқыларын көбірек сақтағандары осы Ботайға ұқсас жайылымдарды іздеп көшіп кетті..., халықтың екінші бөлігі дәстүрлі шаруашылық-мәдени жүйені сақтай алмай әлеуметтік құрылымы деградацияға түсті. Олар шағын отбасылық қауымдар болып өзен бойларына орнықты. Осы кезеңде амал жоқтықтан тағы да балық аулау мен аңшылық күшейді».

Орталық Қазақстан мен оған жақын территориялардың ежелгі металлургиясын зерттеу барысында Ә. Марғұлан «Орталық Қазақстан мен Сібірдің мыс өндірісін қола дәуірінде өмір сүрген, негізгі шаруашылықтары: мал шаруашылығы мен кен өндірісі болып табылатын тайпалар ашқан және негізін қалаған... Қола дәуірінің соңында бұл тайпалар көшпеліліктің тарау аймағын кеңейтіп, отарлы мал шаруашылығына ауысты». Осы дәуірде Қазақстан жерін мекендеген қауымдар металды өндіруді кең көлемде қолға алды. Сол себептен б.з.б. IV-III мыңжылдықтар «энеолит», яғни «мысты тас» дәуірі деп аталады.

Қазақ жерінің түсті металдарға өте бай болуы кен өндірісінің дамып, әлемдік ірі орталықтың пайда болуына бірден-бір себеп болғаны анық. Адамдар алдыменен таза мысты

қолданған, содан кейін барып оған қалайыны қосып, сапасын жақсартқаны байқалады. Таза мыс морт келеді және құрал-сайман жасауға ыңғайсыз, ал оның құрамына 10 пайыз қалайы қосылса, нағыз берік металл қоспасы шығады. Қола өндірудің тамаша шоғырланған жері Қазақстанның Орталық және Шығыс аймақтары болды. Ғалымдардың есептеуі бойынша ерте кезеңде Жезқазған өңірінде – 1 миллион тонна мыс рудасы, Өскеменде – 200 мың тонна, Имантауда (Көкшетау) – 50 мың тонна мыс өндірілген. Қалайының көлемі – 130 тонна болса керек. Өкінішке орай, тарихи ескерткіштерге дұрыс көзқарас болмағандықтан, XX ғасырда ол жерлердің көпшілігі ғылыми түрде толық зерттелген жоқ.

Қола дәуірінде қазақ даласын арианам (арий), тұран (тур), қиян (хьон) тайпалары жайлаған б.з.б. III-II мыңжылдықтарда «Алаш» культі одан әрі дамып кешелі шаруашылықпен айналысқан тайпалардың мемлекет құру және көші қонына әсер етті. Бір қызығы бұл дәуірде Қазақстан жерінде әсіресе оның орталық өңірінде қола металлургиясы өте қарқынды дамып Еуразияның шет аймақтарына, көне отырықшы өркениеттерге мыңдаған тонна металл, әсіресе мыс аттандырылды. Тау-кен ісінің осыншама деңгейде жедел дамуы екі түрлі нәтиже берді деп айта аламыз: біріншіден, оңтүстік пен солтүстік арасында ірі сауда жолы қалыптасты және бұл меридианалды бағыт Үндістан, Қытай, Иран мен Грекияны Еуразияның далалық аймағымен байланыстырды. Егер біз тілдік деректерге көңіл бөлсек осы аталған өлкелердің бәрінде де қазақтың «жез» деген сөзінің еш өзгеріссіз әлі күнге дейін қолданылатынын көрер едік. Бұл меридианалды жол XIX-XX ғасырлардың басында өлкетанушылық әдебиетте «Сарысу жолы» деп көбінесе аталады, себебі маршруттың негізгі бөлігі Түркістан мен Сарыарқа арасын жалғап тұрған жалғыз су бассейні Сарысу өзенін жағалап Бетпақдаладан асады.

«Авеста» сияқты ескі жазба деректерге қарағанда біздің жыл санауымызға дейінгі II мыңжылдық қазақ жерінде арийлер мен турлар мекендеді. Олардың өзара қарым-қатынасын баяндайтын авесталық сюжеттер өте қызық. Біз олардан бір ғана ортақ құдайларына табынған, малдың да ортақ түрлерін өсірген, Хара биігі менен Ворукаша теңізін жағалаған ұлан-байтақ далалық өлкені мекендеген аттылы тайпаларды көреміз [Хрестоматия, 23-б.].

Кешенді шаруашылықтың дамуы алғашқы еңбек бөлінісіне негіз болып, халық арасынан арнайы бақташылықпен немесе тау-кен өндірісімен айналысатын әлеуметтік топтар бөлініп шықты. Осы фактор қоғамды азық-түлікпен және қолданыс заттарымен қамтамасыз етуге, артықшылықтардың пайда болуына, айырбастың кеңеюіне әкелді, осылайша байлық жинала бастады. Егіншіліктің дамуында қола дәуірінде үлкен өзгерістер болды, өңделген жер көлемі кеңейе түсті. Шаруашылықтағы өзгерістер қоғамдық ұйымдасуға үлкен әсерін тигізді. Мал шаруашылығы пайда болған күнінен бастап ерлердің ісі болып саналады,

сонымен бірге қара күшті көп қажет ететін металлургия өндірісімен де ер адамдар айналысты. Осылайша қола дәуірінде қоғамда ерлер неғұрлым басым маңызға ие болды. Патриархалдық тенденциялар тез арада дамып, жұптық неке моногамды некемен ығыстырылды. Әйелдер көбінесе ерінің отбасына қоныстанды. Сондықтан да енді еркек әйелдің отбасына шығынын өтеп барып, яғни қалың мал төлеп әкететін болды. Қоғам өмірінде патриархалдық үлкен отбасы маңызды рөл атқара бастады. Өзінің еңбегіне қарай кейбір отбасылар әлеуметтік жіктелуге ықпал етіп, орасан көп материалдық байлыққа кенеле бастады. Дегенмен материалдық байлықты шектен тыс жинауға қоғамдық пікір қарсы болып, шектеу қойып отырды. Белгілі дәрежеде негізгі кен байлығы мен жылқы малы сол кезеңде қалыптаса бастаған ірі рулық қауымдардың ортақ меншігі болып саналды. Ертеректегі сатыдағы патриархалдық қауымдар ері жағынан 4-5 ұрпақтың туыстарынан тұрды. Олар қоныстанған ауылдар бірнеше тұрғын жайлардан, ал мұндай отбасылар 200 шаршы метрлі ауқымды қамтитын тұрғын жайларында өмір сүрді.

Археологиялық, палеоэтнографиялық және жазба деректер қола дәуірінде қоғамда қалыптасып жатқан мүліктік теңсіздіктің күшеюі, тайпа ақсүйектерінің ішінен көсемдердің бөлініп шығу үрдістері туралы ой қорытуға мүмкіндік береді. Осының бір үлгісі «Авестаның» әр түрлі нұсқаларында кездесетін «Жима патшалығы» туралы жыр жолдары. Жәмшид адамзат баласы әлі бір-бірінен ажырамай тұрған ескі заманда өмір сүрсе керек және оның мекені қазақтың кең сахарасы болғанға ұқсайды. Ол бақташы тайпалардың патшасы, оның билік құрған дәуірі «алтын ғасыр» деп аталады. Әлем алғашқы қауымдық оқшау тіршіліктен шықты, шөптің тамырын іздеп, даланың аңын қуып жүрген адамзат баласы өнімді шаруашылыққа көшті, бақташылардың қарапайым қауымдарды бағындыруы кезінде мемлекеттер дүниеге келді.

Б.з.б. II мыңжылдықта арий тайпаларының миграция толқыны жалғасады. Тарихшылар әлеуметтік-экономикалық, демографиялық жағдайды миграцияның әр түрлі факторлары ретінде қарастырады. Қалай болғанда да арий тайпаларының ежелгі үнді өркениеттерінің қалыптасуындағы рөлі ерекше. Б.з.б. XIV-XIII ғасырларда арий тайпаларының солтүстік Үндістанға енуі басталады. Саны жағынан аз бірақ жақсы ұйымдасқан арий тайпалары Үнді және Ганг өзендеріне жол ашты. Арий тайпалары ежелгі дравидтердің матриархалды қоғамдық тұрмысына көптеген жаңалықтар әкелді. Металды игеру, ирригациялық жүйе осының барлығы да арийліктердің Үндістанда тез арада орнығуына көмек көрсетті. Арийліктердің Үндістанға келуінен бастап жаңа дүние тәртібі орнығады, ол үнді өркениетінің әрі қарайғы тарихи жолы мен дамуын белгілейді.

Қола дәуірінің руханиятындағы нағыз ғаламат төңкеріс, дүниетанымдағы өзгеше өрлеу зәрдүш (зороастризм) дінінің дүниеге келуімен байланысты. Бұл алға жылжу адам-

зат баласының жаратылыс сырын түсінуге басқан алғашқы қадамы болды. Осы кезеңнен, яғни б.з.б. II мыңжылдықтың ортасынан бастап адам әлемі екіге жарылды, ал тарихи үрдіске ене бастағандарының саны біртіндеп көбейе түсті. Осы тақырыптың зерттеушісі М.Бойс жазғандай «Зәрдүш пайғамбардың соншалықты көне дәуірде өмір сүргені себепті, оның ізбасарларының өзі бұл оқиғалардың қашан-қайда болғанын білмейді». Зерттеуші көптеген елдер пайғамбардың қасиетті Отаны болғандығын дәлелдеуге күш салғанымен, «*Зәрдүш гимндерінің тілі мен мазмұны, қазір анықталғандай, оның Еділ өзенінен шығысқа қарай жатқан азиялық далалық аймақта өмір сүргенін дәлелдейді*». Дүниетаным дамыту әрекетін адам баласы қиял етумен, еліктеу, үлгі жасаумен, оның даму барысын зер салып бақылаумен, сырына ойша бойлаумен, өнеге етумен, ұрпаққа мирасқа айналдырумен, ішкі қасиетін ашып киелендірумен қалыптастырып жасаған. Адамның ой ойлау қасиеті, когнитивті әрекеттері, алдымен атау беру, сөз жасау, бейнелеу, табыну, болжау, тілеу, ұмтылу, сақтану, тыйылу сияқты табиғат пен әлеумет, жаратылыс пен қауым болу арасындағы байланыс туралы жасалған таным жүйесі арқылы шындық пен жалған, жақсы мен жаман, қасиет пен кие, тұрмыс пен руханият, өмір мен тіршілік, ажал мен өлім жайындағы күрделі түсініктердің қалыптасуына тарихи, мәдени, шаруашылық, географиялық, табиғаттық факторлардың ықпалымен жүргені айқын нәрсе.

Адам баласының діни түсініктері сатылап дамыды – әрбір тарихи дәуір алдында адам баласы жолыққан күрделі мәселелер мен жауабын табу қиын сұраққа шешімін іздеу амалдары өз нәтижесінде діннің сан алуан түрлерін қалыптастырды, ал наным-сенімнің негізі бір еді – бұл өзі өздігімен тұрған жоқ, әуелден болған жоқ, оның сырын танып білуіміз керек деген ұмтылыс ертедегі діни наным-сенімге тән болуы тиіс. Қасиетті мойындап, оған тәу ету және құрбандық шалу амалдарын жасайтын болды. Бұл қоршаған ортаның құрылуы ерекшеліктеріне жіті назар аударып, тиянақты түрде көңіл бөліп жасалған бақылаудардың нәтижесінде осы кең алқапты, жазиралы Тұран Даласы тұрғындарының Жаратушы Ие – жалғыз Тәңірі туралы күрделі діни таным-түсініктерін тудырды. Көзге көрінетін және көзге ілінбейтін тылсым құбылыстардың сыры сезім күшімен танылмайтын немесе сезім әсерімен танылатын беймәлім табиғат болмыс жайындағы құбылыстары туралы танып білуге деген талпыныстары Тәңірінің көкірегіне ой салу амалымен дамыды. Басты объектілер ретінде көк, ауа, жер, су, от, ағаш сынды бес түрлі қасиетті жаратылыстарға тәу етумен адам баласына өмір беріп тұрғанын түйсінді.

Діни түсініктердің өзінен көрі оның ғұрыптық құрамдас бөлігі консервативті екені белгілі. Зәрдүште де талай ғасырлар ғұрыптық өмірге енген су мен отқа табыну өзгеріссіз жақсы сақталған. Су, от және басқа да зәрдүштік ғұрыптар соның ішінде әуел баста консервативті жерлеу және ас беру дәстүрлері сол замандағы бақташы тайпалардың

жергілікті тұқымдарында сақталды. «Шамасы оттың жалыны Құдайдың бір қасиеті деп түсінген үндіеуропалықтардың ортасында мәңгілік отқа табыну ғұрпы кең тараған болса керек, – дейді М.Бойс, – ... зәрдүшке сенушілер отты Атар деп атады. Олар үш элементтен тұратын, яғни таза, кепкен ағаш, хош иіс және аздаған майдан (қарын май) оған құрбандық шалып отырды». Құрбандыққа аталған элементтердің ішінде май басты орында (*отқа май құю*) *тұрады*. Зәрдүш ғұрыптары ішінде құрбандық алдында оқылатын алғыс (*ақсарыбас бата*) бар.

Ол заманда Орталық Азиядан шықты делінетін бұл ілімнің негізін қалаушы Зәрдүш данышпан қандай даналықтар айтты, оның ілім тұрғысында кейінгі хикмет иелеріне жалғасқан сабақтастық ізі бар ма, мәдени мұра тұрғысында қарауға негіз бар ма деген мәселелер төңірегінде жаңаша ой зерделеу қажет. Зороастризм мен түркілерге тән ескі дүниетанымдық діни ілім – тәңіршілдікпен қандай да байланысы бар, тәңіршілдік әсері байқалатын сопылық ілімінде көрініс тапты ма деген мәселелер бұл құбылыстың табиғатын, мәдени дәстүрдегі даму сабақтастығын анықтау тұрғысында туындайтыны белгілі. Көне дәуірден қалған бір сөз бар: «жерді ұстап тұрған үш тірек бар, олар – Тұран, Иран және Рұм» деген. Бұл бекер сөз емес, оз заманының мифологемасы. «Авестада» сақа, тур, хьон (қиян) рулары мен тайпалары мекендеген өлке қонысы «Тұран» деп аталған. Зороастризмнің адамзатқа тарту еткен үлкен мәдени мұрасы «Зенд-Авеста» кітабы болса, осы көне мәтінде Кангюй елі мен жұрты турасында айталатын деректер бар. Бұл Кангюй атымен ғұн, үйсін заманындағы қаңлы елін атаймыз. Ғұндардың күнбатыстағы үлкен күші әрі тірегі осы қаңлылар болған.

Әлемде діни түсінікті монотеистік сипатта алғаш рет уағыздап, жалғыз Жаратушыға ғана табынуды қолдаған бұл ілім арийлер сынды Ұлы Дала көшпелі халықтарында пайда болып, жат жұрттарға кеңінен тарады. Арийлер б.з.б. II мыңжылдық басындағы қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген көне тайпалар. Қазақ даласында көне заман мұралары – андронов археологиялық мәдениеті атымен белгілі қауымның өкілдері деп білеміз. Олар мал бағу салтымен көшпелі тұрмыс-тіршілік етіп, жылқы өсірумен айналысқан, бие сауып, қымыз баптаған. Ұрыстарда әскери арбаларды пайдаланған. Қазақ халқымен ұқсастығы – жылқы малын қадірлеуінде. Сол ежелгі замандарлағы рухани құндылықтар сақалар, ғұндар, түркілерден, Ұлы Дала елдері ноғайлы-қыпшақ, өзбек-қазақ заманына жалғасып келіп, біздің халық сол қазыналы мұралардың сақтаушысына айналды. Жылқы өсіру шаруашылығы тудырған сан түрлі дәстүрлерді жеткізді.

Зәрдүш дініне бойұсынған үндіирандық қауымдарда (кейінгі дала халықтарындағы сияқты) күн мен суға арнап ғұрыптық тәртіппен арнайы құрбандық шалу болды. Әдетте, бұл шаруаға сүт (ақ), көбінесе қымызды қолданады. Зәрдүш дәстүрлерінің кешеніне тау үңгірлерінде жасалатын аластау (бұл дәстүрді кейінгі дала халықтары да қолдан-

ды), сонымен бірге қайтыс болғандарға арнап сағана (астадон) салу да кіреді. Қазақстанның далалық аймақтарында көне арийлердің «астадондарын» еске түсіретін бірнеше сағаналар сақталған. Жерасты үйі сияқты жасалған бұл склептердің-сағана тамдардың ішінде жақсы сақталғандары Ұлытау, Жаңаарка-Теңіз, Сырдың орта ағысы және т.б. аудардандарда кездеседі.

Біз кейінгі көшпелілерде (XV-XVIII ғғ.) зәрдүш ғұрыптарының тұтас кешені сақталғаны туралы айта аламыз, олар: отты және суды қасиет көру және осыған байланысты қалыптасқан табыну дәстүрлері, (зиянды күштерден) сақтану және аластау ғұрыптары, мал басына және әсіресе құрбандық малға деген көзқарас (үй малдарын құдайларға арнап құрбандыққа шалу-осыдан шығатын құдайы қонақ ұғымы), қоршаған ортаны ұлықтау және қасиет көру (ашва-ас) және т.б. Бұл аталған заттар (әрине толық деп айтуға келмейді) Ұлы далада кейінгі уақыттарда зәрдүш ғұрыптары үстемдік құрды деуге келмес, шамасы бұл үндіиран тайпаларының зороастризмі мен дала халықтарының мәжуси дәстүрлерінің бір түсініктер мен дүниетаным кешенінен шыққанын дәлелдесе керек. Осы діни ағымның негізін салушы Заратуштра пайғамбардың далаға тікелей қатысы бар екені анық. Осы кезеңде Ұлы дала өзінің масштабы мен деңгейі жағынан «далалық ренессанс» деген эпитетке лайық, мәдени дамудың тамаша бір жарқын шағын бастан өткерді деп есептейміз. Зәрдүш және оның ілімі осы ренессанстың нәтижесі.

Бұл жетістік қырдағы көне металлургияның дамуымен де байланысты. Түсті металды өндірген көптеген орталықтар шекарасы далалық өңірден асып, Шығыс Қазақстан мен Алтай тауларын, Оңтүстік Сібір мен Солтүстік Қазақстан жерін, тіпті Бетпақадалаға дейінгі жойқын алапты қамтыды. Бұл көрсетілген уақытта қоғамда тау-кен ісімен арнайы айналасатын, тастан зияраттық құрылыстарын жасайтын, қыш ыдыстар өндірісін жолға қойған топтар екшеленіп шықты. Шаруашылықтың дамуына байланысты терең еңбек бөлінісі, тау-кен өндірісімен бірге мал басының өсуі адам тоқшылығына кепіл болды және мәдени прогреске жол ашты. Зоратуштра кезеңіндегі тарихтың картасын және сызбасын қарастыру үшін осы айтылған контекст аса маңызды.

§3 Сақалардың Тұран тарихындағы саяси және мәдени ықпалы

Қола дәуірінің мәдени және экономикалық дәстүрлерінің негізінде пайда болған Еуразиялық көшпелі тайпаларды гректер «азиялық скифтер», ал ирандықтар «сақтар» (түпнұсқада – саha) деп атады. Қазақ аңыздары сақ (скуз, ишгуз) атауының синонимі ретінде «қаңлы» (қаң-дала, қаңлы-далалық) атауын қабылдауға мүмкіндік береді. «Бұл құрамына сақтар, массагеттер, аргиппейлер, аримаспылар, исседондар және т.б. кірген

ең үлкен алғашқы тайпалар одағы болатын. Көне грек тарихнамасы көрсеткендей, гректердің «скиф» деп атап жүрген Еуразияның көшпелі және егінші халықтарын парсылар «саha» деп атайды және бұл сөз «ержүрек жауынгер» деген мән-мағына білдіреді. Бұл қазіргі түрік және нақты қазақ тіліндегі «сақа» сөзінің мағынасына сәйкес. Яғни «сақа» – «мықты адам». Қазақ халқында «сақа асық» мағынасы «мықты асық», «салмағы ауыр асық» деген мағынаға келеді. Деректерді талдап, байқағанымызда, «скиф» сөзі көне грек жазбаларынан орысшаға өзгертіліп, бұрмаланып аудырылғанын көреміз, өйткені Еуропалық тарихнамада негізі «скиф» емес, «ишгүз» сөзі қолданылады, яғни «ішкі оғыздар», яғни «дала оғыздары» мағынасына сай келеді. Сонымен, тарихи тұрғыда әйгілі сақалар мен ежелгі оғыздар бір халық десе болады.

Түріктің батырлар жырында ерте дәуірлердің белгісі ретінде сақталған элементтер көп: «эпоста айтылатын материалдық мәдениеттің байырғы заттары – сүйектен жасалған үй, қоладан құйылған оқ, жез қазан және т.б. Олардың қолданылуы сақа дәуіріне жатады» деп жазады С.Е. Суразаков. Ежелгі дәуірлерде оғыздардың жері Әмудария мен Сырдария өзендері төменгі сағасынан бастап солтүстік-батыста Еділ – Жайық өзеніне дейін, ал солтүтсік-шығыста Ертіс және Алтай бойларына дейінгі аумақты алып жатты. Оғыз атауы көне замандардан бері Ұлы дала халқының негізгі атауларының бірі болды және Орта түркі кезеңінде қағанаттың жұртшылығы «он оқ будун» аталғаны белгілі. Алтай мен жоғарғы Ертістің жағасында оғыздар өмір сүргені және олардың кейін келе ғұндардың мемлекеттік одағына кіргені туралы академик Ә. Марғұлан археологиялық деректерге сүйеніп зерттеп жазған.

Ертіс пен Сырдарияның арасында протооғыздардың екі ірі тайпалық одағы – бұзоқ (оң қол) және үшоқ (сол қол) Орта түрік дәуіріне дейін өмір сүргені белгілі, мұнда ежелгі оғыз қалалары Бұзоқ пен Сақадер үйінділері табылған. Сырдария өзенінің орта және төменгі ағыс бойында ерте орта ғасырлардан бастап Шыңғысхан заманына дейін оғыз, қаңлы және қыпшақ рулары өзара тығыз қоныстанып орналасқан болатын. Каспий теңізінің шығысындағы даланы біздің дәуірдің бірінші ғасырында-ақ оғыздар мекендеген. Ежелгі оғыз ұрпақтары қазақ руларының құрамында сақталды.

Б.з.б. I мың. дала металлургиясындағы маңызды прогресс – жаңа қоспалардың жасалуы, металлургиялық ошақтар мен пештердің жаңа үлгілерінің пайда болуы алдыңғы дамудың нәтижелері. «Бұл жетістіктер ерте темір дәіріндегі металл өндірісінің дамуын алдын ала анықтап берді: металлдан жасалған еңбек құралдары, қанжарлар мен жебелердің көптеген түрлері сақтар мен скифтер пайдаланған құралдардың прототипі болып табылады. Құралдармен қоса біршама технологиялық процесстер мен тәсілдер мұра болып қалды, ал темірдің өзін енгізу қола дәуірі жетістігінің заңды нәтижесі болып табылды» дейді Е.Е. Кузьмина [19, 153]. «...Скифтік көшпелі тайпалардың ең басты жетісті-

гі сол кезеңге дейін белгісіз болып келген еді. Бұл – темір кенін балқыту құпиясының ашылуы» деп жазады Ә. Марғұлан.

Сол замандардан Ұлы Дала өлкелерінен алыс жерлерде, жер шарлаған біреулердің айтуымен жазылған сырткөз деректемелерді осы өлкелердің көне жұрты мұраға аманат еткен тарихи мирастарды, қолмен ұстап, көзбен көріп, шындығын зат жүзінде растайтын сақталған құнды тарихи жәдігерлерсіз, сан ғасырлар бойы атадан балаға жалғасқан рухани дәстүрлердің терең мән-мағыналарын назар аудартпай, айтпай кетуге болмайды. Олардың бір бөлігі наным-сенім салт-дәстүрлері және жерлеу ғұрыптарымен, екінші бөлігі тұрмыста тұтынатын заттары, кәсіп пен шаруашылық үшін қажет өндіріс құралдарымен, үшінші бөлігі баспанасы болған тұрғын үй түрлері, қора-қопсы, қоныстарымен және төртінші бөлігі дала жұрты кие тұтатын аң-құс, тау-тас, бұлақ, ағаш, тоғай сияқты табиғат объектілері мен тұмар деп білетін нәрселері, халықтың ырым-тыйымдары, жөн-жосықтары мен жоралғыларымен қатысты.

Мысалы, ежелгі гректің көптеген авторлары қазақ сахарасындағы сақа, сауырымат, массагет халықтары туралы әңгіме етеді. Әсіресе Геродот гректер мен парсылардың арасындағы жылдар бойы жалғасқан қиянкескі соғыстарды сипаттайтын әйгілі кітабының төртінші тарауында *сақа*, *массагет* тұрмысы жайында келтірген мәліметтері тарихи салыстырма жасау үшін қажет: «Ол, – деп жазады Геродот, – массагет адамының киген киімі, өмір сүру салты сақаларға ұқсас».

Жауынгерлік салттарын сипаттап, сақалардың соғысқа дайындаған құрал-жабдықтары мен шайқастарда қолданатын айла-тәсілдерін суреттей келе, Геродот: олар жаяу немесе ат үстінде жүріп соғысады дейді: жаяу әскер мен атты әскер соғысы сияқты екі түрін де жақсы игерген. Ұрысқа түскенде садақ пен найза жұмсайды. Қарапайым қаруы немесе айбалтасы болады. Заттарын олар алтын мен жезден жасап алады. Найза, жебе, айбалтасын мыстан жасаған, дулығасын, кісе-белбеуінің тиектерін алтынмен көмкерген.

Геродоттың айтуынша, сақалар аттарын екпінді соққыдан сақтау үшін мыстан арнайы сауыт соғады. Бұған қоса үзеңгі, таралғы, айыл, тоқымы, жүген, шылбыр-тізгіні алтынмен безендіреді. Ал, негізінде, темір мен күмісті қолданбайды, өйткені бұл металдар олардың елінде жоқ. Керісінше алтын, жезге олардың елі аса бай. Массагет, сауырмат, сақалардың салт-дәстүрлері мынандай: ішетіні қымыз, сиынатын құдайы тек бір Күн. Күнге арнап жылқы сойып, құрмалдық шалады. Мұндай әдеттің болу себебі туралы айтар болсақ, олардың түсінігінде Күн – жүйрік. Құдайға да малдың ішінде жүйрік атты құрмалдыққа шалу лайық деп білген.

Геродот жазып отырған бұл дерегі қазіргі қазақ дәстүрімен бір жобада. Қазақтың тілек сөзінде «құрбандыққа шалғаның Қияметте пырақ болсын» дегені де осы қасиетті дәстүрдің

жалғасы мен сабақтастығының айқын мысалы. Сонымен бірге Алтайда археологиялық қазба барысында анықталғандай сақа патшаларының қабірінде жылқылар қойылған. Пазырық пен Берел обаларында жылқылардың еті де мұздақ жердің әсерімен және жерлеу тәсіліне орай бұзылмай жақсы сақталған. Бұл обалар құнды тарихи дерек беріп отыр. Геродот сақаларды сипаттап жазғанындай сақаларда болған жерлеу рәсімдері қазіргі археологиялық қазбалар арқылы алынған деректермен толығымен дәлелденеді. Сол кездегі *сақа* аты елдің ортақ жалпықауымдық аты. Сақалардың аргипеппей, аримаспы, исседон, иирк, массагет, амюрг, ас даи, апасиак, сакарул және т.б. жеке рулары болып, олар Қазақстанның Жетісу, Алтай, Ұлы Ертіс, Орталық Қазақстан, Жайық, Каспий бойы, Маңғыстау, Үстірт, Арал маңын, Сыр, Талас бойын қоныстаған.

Археологиялық деректердің тобында обалар, қоныс орындары, қорған-қамаладар, қала қирандылары, егіншілік жүргізу белгілері, мал қоралары орны, кие тұтатын жер, құрбандық шалу, ғибадатханалардың орны, дала жолдары белгілері мен керуен-сарай орындары, тас-жазбалары мен ізтастар, сынтастар, балбалтастар бар. Осылардың ішінде әрбір археологиялық дерек топтары жеке сипаттағы мәлімет пенен жалпы ақпарат береді. Діни салт-дәстүрі жайында көбі жерлеу ғұрыптары белгілерінен байқалса, ізтастар дүниетанымдық ой-сан мен идеоогемалық сипаттағы ақпараттарды сақтайды.

Бұл материалдарды қарастырғанда алға қойып отырған мақсат-міндет – хронологиялық ретпен тарих оқиғаларын баяндау емес, дүниетаным, ой-сана генезисі тұрғысында рухани құндылықтар сабақтастығын, саяси дәстүрлердің, мемлекеттік идеологияның жалғастығын қарастыру. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін идеологияның тұғырын құраушы басты элемент – идеологеманы талдау. Идеологема – саяси идеологияның құрамдас бөлігі деп қабылдайтын болсақ, ежелгі дәуірдегі Қазақстан аумағында болған әр түрлі этномәдени және этносаяси құрылымдардың алғашқы идеологиялық танымы мен саясаты қандай сипатта болды, оның құраушы элементтері мен бастаулары, өміршендігі, жалғастығы, дамуы мен сабақтастығы жайында салыстырмалы талдаулар жасап, қатынас түрлерін ажыратып, жүйесін анықтап, сыныптауға салу қажет.

Сақа, немесе скиф (скуз, ишкуз), дәуірінде дала тайпаларының тұтастығы мен отырықшы әлемге ерте көшпелілер мәдениетінің ықпалы айқын көрінді. Археологиялық қазбалар беретін деректерге сәйкес батыстың «қарасұқ», әсіресе «тағар» кейпіндегі таулық-далалық мәдениеті тек қана дала зонасына жанасып жатқан Солтүстік Қытай аумақтарына ғана емес сондай-ақ Маньчжурия жазығы және сонау Амур мен Кама өзендеріне де айтарлықтай ықпал етті дей аламыз. Қарасұқ қола дүниелері Қытай мен Жапон аралдарына да өтіп отырды. Дала тұрғындарына қарсы Қытайдағы Ұлы Қамал құрылысының басталуы мен кіші мемлекеттердің жермен жексен болуы б.з.б. I мыңжылдыққа жатады.

Сақалардың тарихы мен этногенезге байланысты генетикалық тамыры, яғни алғаш мекендеген қонысы көбінесе жұмбақ болып келеді. Бірталай уақыт көптеген ғалымдар сақалардың өнер ескерткіштерін Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы қалаларды мекен еткен гректер жасаған деп болжам жасайды. Алайда кейіннен «аңдық стильде» жасалған мұндай үлгілер Қазақстаннан, Оңтүстік Сібірден, Орталық Азиядан және сонау солтүстік-батыс Ираннан (Арианамнан) табылған. «Аңдық стильдегі» дәстүрмен жасалған скиф өнерінің бұйымдары Еуразия құрлығының әр жерінен табылып жатыр.

Ұлы Даланың көптеген бөлігінен табылып жатқан скиф материалдық өнері үлгілерінің өз ара ұқсастығы және б.з.б. I мыңжылдықтың ортасындағы тарихтың бізге белгілі белестері ғалымдардан дала аймағына назар салуды талап етеді. Барлық уақытта аборигендік мәдениеттер жеткілікті түрде тұрақты және әрқашанда сырттан келген жаңалықтыс ауыр қабылдайтыны себепті еңбек құралдары мен жаңа идеялар басқа аймақтарға оңай тарамайды. Бәлкім б.з.б. I мыңжылдықтың басында Еуразия дала субконтинентінде жалпы стандарттың жасалатын және кәрі құрылыққа тарататы қуатты орталығы болған. Бұл жаңашылдықтың иелері көшпелілікке жаңа ғана ауыса бастаған тайпалар болатын. Б.з.б. I мыңжылдықта Ұлы Дала ескерткіштерінен табылған археологиялық дүниелер мен батыстық дала тайпалары туралы дерек беретін антикалық қайнар көздер осы кезеңдегі көші-қонның көп болғанын аңғартады.

Қуатты автохтонды дәстүрлер скиф ортасында айтарлықтай күшке ие болды және Шығыс пен Батыс байланыс дәрежесіне қарамастан өмір сүрді. Әсіресе скиф-сақтық мәдени ортаның дала тайпалары дүниежүзілік тарихтың кезекті талпынысына түрткі болды. Б.з.б. VIII ғасырда өздерін скифтер деп атаған тайпалар Солтүстік Қара теңіз аймағынан табылды. Олар грек қалаларымен белсенді түрде қарым-қатынаста болып, герман тайпаларын ығыстыра бастады. Қара теңіздің солтүстік жағасында олар жаңа дәуірдің басына дейін өмір сүрген ең қуатты саяси одақ құрды. Б.з.б. VIII ғасырда скиф-сақтар «ишкуза», «ишкузай» (ішкі оғыз) деген атақпен Таяу Шығыс аймағына жетті. Ежелгі тарихшылардың еңбектеріне сәйкес олар мұнда Кавказ арқылы және Каспий теңізінің батыс жағалауын жағалап келген. Көшпелілердің мықты топтары Иран, Кіші Азия арқылы өтіп, Мысыр шекарасына дейін келіп жетті. Мысырдағы перғауын оларға төлемақы беріп, өз мемлекетін құлдықтан әзер құтқарып қалды. Сол уақыттағы қуатты державалардың бірі Ассирия сақтармен одаққа бірігуді мақсат тұтты. Ассархаддон патша сақа көсемі Партатуаға өз қызын қалыңдыққа беруді көздеді. Мидиялықтар мен басқа да батыс ирандық тайпалар ишкуз-сақаларға тәуелді болып қалды.

Бұл кезеңдегі тағы бір қызықты мәселе сақа-скиф (ишгуз) территориясы аумағындағы елдердің ахеменидтік Иран тарапынан экспансияға ұшырауы, бұл құбылыс бұдан ертерек (шумер, үндіеуропалықтар т.б.) уақытта бәлкім болмаған да шығар. Шығысқа

қоныс аударған дала халықтары мен олар құрып жатқан мемлекеттердің даму қарқыны алғашқы кезеңдерде айтарлықтай күшті болғанымен, олар өз тарихи отанымен және бастауымен байланыс іздеді, өздерінің ата-бабадан қалған жерлерін империяға қосуға тырысты. Бұл құбылыс Орталық Азия мен Қазақстан аймақтарының кейінгі тарихында да қайталанады. Біз Мұхаммед Шайбанимен бірге Мәуереннахрға қарай беттеген дешті-қыпшақ өзбектері және Бабыр мырзаға ерген моғолдар туралы айтып отырмыз. Олардың біріншісі Сырдарияның оңтүстік жағалауына бірнеше жорықтар ұйымдастарды. Бабыр бастаған моғолдардың өз жерлерін (тимурид иеліктерін) қайтарып алу талпыныстары жайлы толық мәлімет «Бабырнамада» жазылған.

Б.з.б. I мыңжылдықта көшпелі тайпалардың қозғалыстарынан баяғыда болған заңдылықтар байқалады. Әдетте дүмпулер Орталық Азияның ішкі кіндік жерінен бастау алады және жарылғыш зат сымының жану заңдылығына сәйкес бұл серпіліс барлық ірі тайпалар мен аймақтарды және барлық субконтинентті қамтымағанша ұлғая береді. Біздің ойымызша, скиф-сақтық тайпалардың басты қозғалыс бағыттары әсіресе алдыңғы Азияның батыс аймақтарында, Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы аймақтарда, Орталық Азияда, сондай-ақ Қытай мен Солтүстік Үндістанда таралды.

Геродот скифтердің Солтүстік Қара теңіз бен алдыңғы Азияда пайда болулары жайлы айтылған скиф аңыздарын әңгімелейді: «Көшпелі скифтер алғашында Азияны мекендеді, кейіннен массагеттермен болған соғыс нәтижесінде скифтер Аракс өзенін кесіп өтіп киммерлер жерлерін паналады...».

Аристейді желеуретіп ол скифтердің Еуропаға бағытталған жол кестесін береді: «Аримаспылардан бастап басқа тайпаларға дейін бәрі көршілерімен шайқасады, сондықтан аримаспылар исседондарды өз жерлерінен ығыстырды, исседондар скифтерді айдап шығарды, ал оңтүстік теңізді мекендеген киммериялықтар скифтер қысымы барысында өз елдерін тастап кетуге мәжбүр болды». Еуропадағы скиф қоғамының көп тайпалы құрамы осы үлкен көші-қон кезіндегі Ұлы даланың әр түрлі халықтарының бас қосуынан пайда болуы мүмкін. Бір жағынан оның құрамында Батыс Қазақстанның өкілдері көп болды және массагеттер бұл қозғалыстар мен көшіп қонуларға ықпалын тигізгені сөзсіз. «Каспий теңізін батыстан Кавказ шектесе, шығысы шексіз жазыққа ұласады. Бұл шексіз жазықтықтың үлкен бөлігінде массагеттер қоныстанды», – деп жазады Геродот. Екінші жағынан, Аристейдің сөзіне сенсек, Солтүстік-Орталық Қазақстанды мекен еткен тайпалар көшіп қонға белсенді қатысқан.

Сақа дәуірі Шығыс Европа, Батыс және Орталық Азия кеңістігіне тараған мәдениет туғызды. Бұл кезеңде Еуразия халықтарының шаруашылық– мәдени қатынастары тереңдеп, сауда айналымы күшейді және отырықшы мәдениеттің үлгілері тарай бастады. Ерте көшпелілер заманында әлемнің әр түкпіріне бағытталған әскери жорықтар кәрі

құрылықты тұтастандырып, аймақтар арасында қатаң иерархиялық тәртіпті қалыптастырды, егінші отырықшы қауымдар мен көшпелі малшылар арасындағы байланыс қолөнерші және саудагер әлеуметтік топтардың бөлінуі мен қалалардың көбеюіне әсер етті. Қалыптасқан дағды бойынша қашанда мәдениеттің нақты көрсеткішін материалдық құндылықтар арқылы анықтаймыз [Хрестоматия, 25-33-бб.].

Бұл тұрғыдан келгенде Еуразиялық далалық алқап сақа дәуірінің жәдігерліктеріне толы. Олар қалалар, үлкен қолөнер орталықтары т.б. көзге түсерлік ескерткіштер әсіресе Сыр бойында көп кездеседі. Шірік Рабат қаласын қазу кезінде 600 метр диаметрі бар орда алаңы табылды, оның жан-жағында ор қазылып, екі қатар қабырғасы болған. Үйлер бекіністің іші мен сыртында салынған. Елді мекендерден біраз қашықтықта қыш пештері орналасты. Мұндай отырықшы өмір салтымен қатар мал шаруашылығы да жақсы дамыған. Барлық елді мекендерде ірі және ұсақ малдың, жылқының сүйектері мол кездеседі. Жалпы Сырдария бойындағы сақа дәуіріне жататын қалалар шоғыры әлі күнге дейін өзінің алапат көлемімен, ауыл шаруашылық ауданы мен арықтарының молдығымен таңқалдырады. Жергілікті ел ертелі көшпелілер дәуірінің осындай ғаламат ескерткіштерін «асар» деп атайды.

Қазақстанның өзге аймақтарында бұл уақытта елді мекендер көбінесе орманды-далалы және оңтүстік оазистерінде уақытша салынған шағын бекініс түрінде кедеседі. Оның бір әдемі нұсқасы Орал тауының бөктеріне орналасқан Арқайым атымен белгілі кішкене қалашықтар шоғыры. Сақа заманындағы қала салудың жарқын көрінісі Ақтау қалашығы, фортификациялы құрылыстың жақсы мысалы. Ерте көшпелілер қысқа ыңғайлы жерлердің барлығын игерді де тұрақты қоныс салды, бір қызығы ол қоныс орындары кейінгі көшпелілерге де қыстау ретінде қызмет атқарды. Кемел Ақышевтың айтуынша, көшпелі мал шаруашылығының өмір сүру кезеңі бойынша жақсы тұрақтар ауыстырылған жоқ. Осылайша, ерте көшпелілердің белгілі басшысы Оғыз хан өзінің туған жұрты Ер-тағ және Кер-тағ (яғни Орталық Қазақстанның Ұлытау және Кішітау аталатын жерлері) тауларына әлемнің талай мемлекеттері мен ұлыстарын алса да қайтып оралатын.

Қазба жұмыстарынан сақалардың кейбір топтарының егінші болғанын және отырықшылық өмір салтын ұстағанын көруге болады. Суреттерде сақтар шошақ бөрікті бас киімде, қысқа шапан, «кісе белбеуінің оң жағында қанжар, сол жағында – садақ, өкшесіз аяқ киімде» бейнеленген. Сонымен бірге, Есік қорғанында табылған тарихи артефактілер сақ ақсүйегінің киімінің реконструкциясын жасауға және бұйымдардың мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Есік олжасы жақсы сақталғандықтан жерлеу ғұрпын қалпына келтіруге, салтанатты бас киімді, киім мен аяқ киімді, әр түрлі әшекейлердің орналасу ретін анықтауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан және өнер туындыла-

рының орындалу шеберлігі мен табылған алтын заттардың саны жөнінен Есік қазынасы салыстыруға келмейтін, айрықша табыс.

Жерлеу дәстүрі сақа заманында өткен уақытқа қарағанда басқаша болып келеді. Сақа қоныстарынан ірі патша қорғандарын, топырақ, тас, ағаш үйінділерінің астынан мүрделерді созылған бойында адамды жерлеу салтын кездестіреміз. Бұл салттың жарқын мысалдары Шілікті, Есік, Бесшатыр, Пазырық, Тасмола, Берел қорғандары.

Сақа қоғамы аруақтарға, отқа, жылқы мен күнге табынды. Басты құдай – Күн болды. Көптеген петроглифтерде көшпелілер басында күн бейнесі орналасқан жан иесін бейнелейтін болды. Құрбандық шалушы адам құрбан малдың аяғын байлап құдайына жалбарынады. Құрбандыққа малдың әр түрі шалынған, әсіресе жылқы малы. Орталық Қазақстандағы Тасмола обаларында жылқы қалдықтары көптеп табылды. Бұл мәдениеттің «мұртты қорған» деген атпен белгілі болу себебі – қорғаннан шығысқа, шыққан күнге қарай екі тас мұрт шығады. Ол заманның тұрмыстық ыдыстары мен бұйымдары аң стилімен өрнектелген. Аң стилі діни және магиялық түсініктерде негізделген. Оның ерекшелігі алысып жатқан және қозғалыстағы аңдардың бейнесі.

Ұлы Даланың сақа мәдениетінің дамуында әр түрлі территориялық өзіндік ерекшеліктер байқалады, бұл сірә, нақты тарихи жағдайларға байланысты болса керек. Дегенмен бұл дәуірде материалдық мәдениеттің (арба, киіз үй, ер тоқым, киім) бірнеше мың жыл жалғасы болған еуразиялық ортақ формалары қалыптасты. Бұл мәдениеттің бір жұмбағы руникалық жазу. Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазуды әлі күнге дейін біздің лингвисттер оқып, сырын аша қойған жоқ.

Археологиялық қазба жұмыстары қазақ жерінде қалыптасқан мәдени жоралғылардың өзге де аймақтарға әсерін аңғаруға мүмкіндік береді. Сақалардың киімі жөнінде антика және парсы (Персеполь, Амудария қорлары) деректері мағлұмат береді. Сақалар арба үстіне орнатқан киіз үйлерде (араба-тұра, күйме) өмір сүрді, ерте көшпелілер заманында сақтар үй-жай орнына доңғалағы бар көлік, күйме-арбаларды пайдаланған. «Әйелдері мен балалары тұратын» күймелерде олар далада көшіп-қонып жүрді, ал екі аяқты күйме арбаларда сақтар әскери жорықтар жасаған» дейді деректер. Үлкен күймелерді «араба-тұра» деп атау осы кезеңде қалыптасқан болуы керек.

Әулиебұлақ басындағы әйгілі Ұлытау сұхбатында Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ мәдениеті, тарихы, мемлекетшілдік дәстүрі тым ерте замандардан бастау алатынын ескертіп айтты. Сонау энеолит кезеңінен мәдени сабақтастықпен қола дәуіріне жалғасқан дәстүрлі материалдық мәдениет мұралары, сақалардың «*аңдарды бейнелеу үлгісінде*» көрініс тауып, одан келе беріде ғұндардың мәдениетінде содан түркілерге, түркілік кезеңнен арғықазақ заманы аталған ноғайлы-қыпшақ дәуіріне жалғасын тауып келді. Сол ескі замандарда жасап өткен түрік қауымдарының рухани болмыс-бітімі де қазіргі қазақ

халқының бойында сақталды. Адамзат тарихының дамуы мен табиғи өзгеру барысында халықтың бірегей-бірлігіне қатты әсер ететін жаһандану үдерісінің ықпалы, жаһандану жағдайындағы түркі әлемінің рухани және мәдени тарих мұраларын, өркениеттік даму ерекшеліктері, исламдық құндылықтар мен дүниетанымын саралау маңыздылығын ешқашан жоғалтпайды.

§4 Ұлы Дала тарихындағы ежелгі мемлекеттер. Фұн империясы

Көптеген тарихи ақпарат көздері б.з.б. I мыңжылдықта Қазақстан аумағы мен жақын далалық аймақтарда дала мәдениетінің ерекше ошағы дамығаны туралы қорытындыға әкеледі. Өзінің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес ол батыстың да, шығыстың да мәдени ареалынан айрықша болды. Қазақстан, Батыс Сібір, Орта Азия, Еділ жағасы, Орал мен Алтай халықтарының тарихи тағдырлары өзара тығыз қарым-қатынаста болғанын көрсететін бірнеше фактілер бар. Бұл дала халықтарының ортақ әлемі еді. Түрлі факторлар әсерінен, әсіресе табиғи факторлардың, шаруашылық жүргізу жүйесі мен тұрмыс салты айқын түзетулерге ұшырап отырады (қола дәуірі және т.б. кезеңдерде). Жалпы Ұлы Дала үшін бұл жерде де циклдік алмасу тән. Әр кезеңде де Ұлы Дала халқына экологиялық ортаны қайта игеруге тура келді. Сондықтан да б.з.б. IX-VIII ғғ. Қазақстан аумағындағы көшпелілік мәдениеттің таралуының алғашқы кезеңі деп айтатын зерттеушілердің ойы дұрыс.

Тарихи-антропологиялық зерттеулер Ұлы Дала халқының автохтонды екенін көрсетеді. Сонымен қатар дала халқының өмір салты қола дәуірі мен скиф-сақтар кезеңі тайпаларының шаруашылық-мәдени параметрлерінен ерекшеленді. Б.з. I мыңжылдықтан бастап көшпеліліктің күшею үдерісі жүрді. Энеолит кезеңіндегідей мал құрамында жылқыларды көптеу ұстау басталды. Сонымен бірге жеке аймақтарда жер өңдеу мен тау-кен металлургиясы нығаюы мен әрі қарай дамуы орын алды. «Орталық Қазақстандағы металлургияның әрі қарай дамуы ғұн, үйсін, қаңлы сияқты тайпалар одақтарының тарихымен байланысты. Олардың ескерткіштерінде металл мен бағалы тастан жасалған еңбек құралдары, қару-жарақ пен әшекей бұйымдары ретіндегі жоғары мәдениеттің мықты қабаты сақталған» деп Ә.Марғұлан жазған болатын. Жалпы ғұндар кезеңіндегі шаруашылыққа даланың шаруашылық-мәдени кешені масштабы ішінде арнайы мамандану тән болды. Оның құрылымында дала аймақтарында кең тараған көшпелі мал шаруашылығы, басым түрде жылқы шаруашылығы, солтүстік пен солтүстік-шығыс аймақтарда жартылай көшпелі шаруашылық, сонымен қатар оңтүстікте отырықшылық дамыды.

Ұлы дала белдеуіндегі орта ғасырлар басы түркі және моңғол деп бөлінбейді, бұл халықтар өте жақын әрі көршілес болып келеді. Н.Я.Бичурин: «Қытай тарихшылары тек б.з.б. 1764 жылы Моңғолияға кеткен Хия әулетінің соңғы билеушісінің ұлы Шунь Вэйды алғашқы моңғол хандарының әулетінің негізін салушы ретінде жазған. Азиялық тарих бойынша, Моғол ханның отаны Моңғолияның батыс бөлігінде билік жүргізді. Оның ордасы Орхон маңында болды, ал жерлері Қалғаннан солтүстікке Байқалды асып түсті, батысқа Тарбағатай тауларына дейінгі жерге созылды. Дун-ху, азиялық тарихшылар айтуынша, Татар ханның отаны. Шығыс Моңғолияда билік жүргізген...» деп жазады [23, 32].

Ғайса пайғамбар туар қарсаңда Ғұн қауымы Орталық Азияны түгел биледі. Алғашқы бетте көшпелілер бірнеше жүз жыл бойы өз ара соғыстармен айналысып, бір орталықтандыру үрдісі күшейген кезде Қытайдың бытыраңқы ұлыстарына жиі шабуылдар жасап отырды. Осындай жорықтар б.з.б. IV ғасырда азайды, себебі Цинь князьдігінің гегемониясы орнады да Чжоу әулеті кезіндегі шашылып қалған әлсіз үлестерді біріктірді. Сол жылдары қытайлықтардың өзі де көшпелілерге жорықтар жасап, бірқатар территорияларды жаулап алады. Ғұндарға әсіресе батқаны Ордос бойындағы ертеден хан жайлауы атанып келген шұрайлы өлке еді. Көшпелілердің қоныстарына таяу шекаралық алқапта осы жылдары атақты Ұлы Қытай қорғанының құрылысы басталды. Бірнеше жүз жылғы соғыстардан есін жинаған Қытай тарихшылары осы біздің солтүстік-батыстағы көршілеріміз кімдер, олар неге шекаралас аймақтарға әскери жорықтар жасайды және оларды қалай ыдыратуға болады деген мәселелермен айналысты. Қытай патшалары тіпті осы жауынгер тайпаларға қарсы алыс батыс өңірлерде мекен еткен тайпаларды мен мемлекеттерді пайдаланбақ болып арнайы елшіліктер де жіберді [Хрестоматия, 43-46-бб.].

Біздің эрамызға дейінгі III ғасырда ғұн мемлекетінің басшылығына Тұман шаньюй келді. Қытайлардың шанью дегені «шыңдай биік, шоңдай мәртебелі» деген мағына, билеушіге, көсемге берілетін лақап. Туман шаньюй бастаған ғұн қауымдастығы көрші дунху, юечжі, динлин елдерімен үздіксіз соғыс жағдайында өмір сүрді. Осы кезеңдегі құжаттардан ғұндардың үйсін, қаңлы елдерімен одақтастық конфедерация құрып Қытайға қарсы тұру ниеті де сезіледі. Осы күрестің барысында ғұн елі күшейіп, бір орталыққа бағынған мықты мемлекет құрылды. Ғұн басшысы «шаньюй» және «тәңірінің ұлы» немесе «тәңірі мен жер анадан туған, күн мен айдан бата алған, ғұнның ұлы шаньюі» деп марапат атақпен аталғанын кездестіре бастаймыз.

Қытай жылнамаларындағы сенімді деректер бойынша ғұндардың күшеюі Мөде шаньюй (б.з.б. III-II ғғ.) билігі кезінен басталады. Мөденің билік тағына келуі (б.з.б. 209 жыл) көрші тайпаларды үрейлендірді дейді қытайлық жылнамашылар. Дунху конфедерациясы ғұндарға бірқатар талаптар мен елшілер жібереді.

Бірінші рет Дунху елінің билеушісі Мөдеге елші жіберіп, аузымен құс тістеген ғүн елінің қанатты жүйрік тұлпарын сұрапты. – «Көрші ел, аралас-құралас отырмыз, бір тұлпарда тұрған не бар» деп Мөде күніне 1000 ли (560 км) алатын жылқыны бергізген екен.

Екінші рет Дунху патшасы ғұнның ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, тал шыбықтай бұралған таза алтынның буындай сұлу қызына құда түсіпті, кейбіреулер Мөденің өзінің сұлу әйелі деп те айтады. Бермейміз деп ғұнның азаматтары түгел қарсы болса да, «көрші ел сыйласып отырайық, бір қыз үшін жанжалдаспайық» деп қызды жасау-жабдығымен жөнелтіпті.

Үшінші рет араны ашылған Дунху патшасы тәубесін ұмытып, шекарадан жер кесіп бер депті. Мөде кеңес ашса, билердің көбі бос жатқан жер көп ала берсін дейді. Мөде тәңір құт болса жерді ала берсін дегендердің бастарын шауып, «жерді беруге бола ма екен, жер мемлекеттің негізі» деп атқа қонды. Осы соғыстардан кейін Орталық Азияның бір бөлігіне ие болып отырған Дунху тайпалары ғұндардан тас талқан болып жеңіліп, оның көп бөлігі бағыныштылық азабын тартты.

Ғұнның билеуші тобы негізінен үш әулеттің өкілдерінен тұрады дейді Қытай деректері, деректер өзгелердің ішінде Хуянь, Лань, кейіннен Сюйбу аталатын үш үйдің (үй, әулет) мәртебесі бәрінен де жоғары болды дегенді бірнеше рет қайталайды. Н.Я.Бичурин өзге деректерге сүйене отырып Хуянь және Сюйбу Шанью әулетімен қыз беріп, қыз алып, неке қарым-қатынастарында болды дейді. Осылардың ішінде Сюйбу мемлекеттік қазы (*Сюйбу имел должность государственного судьи*) қызметін атқарды деген дерек те көңіл аудартады. Елдің саяси-әкімшілік құрылысы бірнеше лауазымдар аталса да түмендердің орналасу ретіне қарай үштік жүйеге бағынады. Мемлекеттің негізгі күші болып отырған 24 түмен ру-тайпалық емес, ұлыстық жүйемен басы құралған әкімшілік-территориялық бірліктер.

Бұл жағынан ғұнның қоғамдық құрылымының табиғаты көшпелілердің ұлыс құру тәжірибесін еске түсіреді. Н.Я.Бичурин де бұл өлкелердің шығыстан батысқа қарай үш бөлік болғанын тегін айтып отырған жоқ, өйткені үштік ұлыстық жүйе Орталық Азияның шығыс алқабында қалыптаса бастаған мемлекеттің негізі қызметін атқарды. Мысалы, жиырма төрт түмен елдің орталығы Алтай тауы болды. Әлі күнге дейін төрт тарапынан қазақ мекендеген осынау алып тау жүйесі алдымен бірнеше ондаған жауынгер тайпалардың, кейін келе Шығыс Ғұн империясының орталығы болды.

Алтай тауларының баурайында, биік төбенің басында, тәңірқұт, ойсеңгір (шаньюй) ордасы жиырма төрт туы желбіреп маңайына сән беріп тұрды. Алтай қойнауындағы Лун-чен тауында қасиетті саналатын әулие үңгірде жылына бір рет ғұнның бектері мен ақсақалдары, бақсылары мен жыраулары бас қосып ата-баба аруағына, көк пен жерге,

табиғаттың құдіретті рухтарына деп құрбандық шалатын. Бұл салт-дәстүрлердің бәрі де Қазақ хандығына мұра болып қалды және бертіңгі заманға дейін сақталып келді. Ғұндар құрған мәдениет мыңдаған жылдар тезінен өтіп, қазаққа жетті.

Ғұнның шекарасы империя тұсында Орталық Азияны түгел қамтыды, солтүстігінде жаз жайлайтын жері Енесай өзенінен асып, Солтүстік мұзды мұхитқа, қазақ аңыздарындағы Мұз теңізге барды. Орталық Азия көшпелі елдерін түгел бағындырған Ғұн империясының қуаты Қытайдан асып кетті. Б.з.б. III-II ғғ. шығыс ғұндардың күшеюі дала халықтарының жаңа империясы құрылуына әкелді. Бұл факт осы және келесі кезеңдердегі белсенділік орталығы Еуразияның Ұлы далалық белдеуінің шығыс шет аймақтарына жылжуын көрсетеді. Ертеректе Орталық және Батыс Қазақстан далалары эпицентр (миграцияның) болған. Бұл құбылысты қажетті айғақтарсыз түсіндіру өте қиын. Болжамды түрде шығыс аймақтары дамуының екі түрлі нұсқасын ұсынуға болады. Постскифтік кезеңде Еуразияның дала халықтарының көптеген топтары этносаяси тұрақтылыққа келді, жайылымдар мен су көздерін маусымдық орналастыру жүйесін анықтады және барлық қажетті коммуникация мен байланыс формаларының кешені бар этноәлеуметтік ағза, қоғам ретінде тұрақталды.

Ал Ұлы Даланың шығыс аймақтарында, әсіресе таулы-орманды ландшафтарға бай Оңтүстік Сібір, Алтай мен Моңғолияда көшпелілер аймағында аң аулайтын тайпалар мекендеді. Олардың көшпенділікке өтуі күрделі территориалық үдерістермен қатар жүрді, далалық аймақтағы халықтың тығыздығы артуы жағдайды қиындатты. Басқа ақпарат көзі бойынша отырықшылықтың ежелгі орталықтарының бірі Қытаймен көршілес болуында. Осы ұлы өркениеттің гүлденуі б.з.б. II-I мыңжылдықта бәсеңдеді. IV-V ғғ. Солтүстік Қытайға өтіп кеткен дала тайпалары бірқатар аралық құрылымдарын жасады. Қалай болғанмен де халықтардың ұлы қоныс аударуы, дала халқының жаңа өзіндік миграциялық айналымы Еуразияның шығыс таулық аймақтарынан бастау алады.

Әрине, бұл қозғалыс Орталық Қазақстан мен Батыс Сібір далаларын да қамтыды. Қолдағы бар археологиялық материалдар Шығыстан қоныс аудару жөнінде аз ғана ақпарат береді. Сақталған сәулетшілік ескерткіштердің көпшілігіне автохтонды пайда болу тән. Сарыарқа аймағында б.з I мыңжылдықтың ең қасиетті ескерткіштері орналасқан: Домбауыл, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Теке және «дың» архитектуралық стилінде салынған басқа ескерткіштер (бұл дәстүр XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басына дейін сақталып келді). Торғай-Қостанай өлкесінде «Екі дың» атты кешен де сол заманға тиесілі.

Жетісу мен Шығыс Түркістан аумағында осы кезеңде үйсін мен тохарлардың жартылай көшпелі рулық конфедерациялары мекендеген. Үйсін ескерткіштерінің археологиялық зерттеулері Батыс Жетісу топтарына отырықшылық тән болғанын айтады. Бұған дәлел құнарлы алқаптардың болуы (Талас, Шу өзендері) мен Орталық Азияның егіншілік орталықтарына жақын орналасуы (Ферғана, Соғды).

Ғұндардың шығыстағы кемел күшеюі дунхулар (солтүстікте) мен юечжилерге (оңтүстікте) жасалған үлкен қысыммен қатар жүрді. Нәтижесінде соңғы екеуі вассалитет шарттарын мойындауға мәжбүр болды. Бағынбаған тайпалар туған қоныстарын тастап, алыс жерлерге көшіп кетті. Ғұндардың қысымы әсерінен Моңғолия мен Алтайдың кейбір тайпалары Қытайға қарай қоныс аударды (дунху, сяньби), ал юечжилер Орталық Азияға (Ташкент аймағы, қаңлы тайпалары территориясына) көшті. Юечжилердің оңтүстікке көшуіне Ұлы даланың басқа тайпалары да қосылды. Қалай болғанмен де б.з.б II ғасырда Грек-Бактрий мемлекеті дала халықтарының тұрақты шабуылдары әсерінен бірнеше тәуелсіз иеліктерге бөлінді. Жергілікті отырықшы-қалалық субстраттан бастау алатын түрлі мәдениеттердің, Орталық Азияға грек-македондықтар әкелген ортаазиялық-эллиндік мәдениеттің, сонымен қатар көшпелі тайпалардың жаңа ағымдарымен күшейіп жатқан осы аймақтағы үлкен ықпалға иен дала мәдениетінің араласуы мен интеграциясы кезеңі орын алды.

Осы фундамент негізінде билеуші элитасы юечжилерден құралған Құшан империясы құрылды. Олар б.з. басында Орталық Азияның басым бөлігін жаулап алған еді. Жаңа Орта Азиялық державаның оңтүстікте кеңеюі құшан тайпаларының қозғалу маршрутына сәйкес келеді және бір жағынан үндіарийліктердің миграция кезеңін қайталайды. Оңтүстікке қарай қозғалу барысында құшан көшпенді әулеттері Солтүстік Үндістанды, Шығыс Иран, Ауғанстан жерлерін басып алды. Сөйтіп, Кушан мәдениеті жаңа кезең басында жаңа аймақтарға белсенді таралған будда мәдениетімен байыды. IV христиандар жиналысы құшан билеушілері басшылығымен өткені белгілі (Канишка). Осы уақытта Гандхара өнерінің негіздері оның буддизм өнерінің иконографиялық негізі болған скульптуралық суреттермен әулиелер санатына қосылды. Орта ғасыр басында Үндістанға өткен көшпелілердің екінші толқыны эфталит (ақ ғұн) атауымен белгілі. Эмигранттар Солтүстік Үндістанның (Синд, Раджстан, Мальва) біраз аймақтарында орнықты және бұрынғы үндіарийлік халықпен араласу үдерісіне түсті. Зерттеушілер жаңа этносаяси қоғамның – раджпут кастасының пайда болуын осы араласу және метисациямен байланыстырады. Көшпелі тайпалардың Үндістанның солтүстік бөлігіне қоныстануымен Гуджарат этномәдени аймағының пайда болуымен байланыстырылады. Олар (гуджараттықтар) 712 жылы арабтарға мықты қарсылық көрсетіп, Синд шекараларында тоқтатты. Дегенмен де арабтар өз ықпалын (ислам) Ұлы Үндістанның кеңістігіне сатылы түрде тарата алды.

Ақ ғұндардың (эфталиттер) Орта Азия территориясын жаулап алуы 400 жж. бастап іске асты. Оның билігі кезінде империя құрамына Тохаристан мен Бадахшан қосылды. Ақ ғұндар мен Сасанидтер алғашқы рет V ғасыр басында соғысты. 420 жылы аралығында билік еткен «Ақ Сибар» атымен Орта Азияның оңтүстігі арқылы жасалған шекара

байланысты. Эфталит иеліктерінің ең шеткі оңтүстік нүктесі – Талиқан қаласы Мервтен шамалы шығыс жаққа қарай орналасты, ар жағында Балх болды.

Эфталиттер этникалық түрде шығыс тайпаларының шағын топтарының конгломераты болуы мүмкін. Олар шығыстағы көршілері – ғұндардан қатты ерекшеленді және аралас типке жатты, Орта Азиямен байланысы тереңірек болды. Парсылар мен эфталиттердің (ежелгі қарсыластар) V-VII ғғ. қарым-қатынасы талдауы олардың арасындағы дәстүрлі байланыс орнағанын көрсетеді. Пероздың (Фероз) эфталиттерге қарсы жорығы тарихын еске түсірейік, осындай қатынастар түрі ғұндар мен сасанидтер үшін мүмкін емес еді. Эфталиттерді оңтүстікпен, Орта Азия қалаларымен байланысы тығыз Алаштың дала тайпаларына жатқызу мүмкіндігі зор.

Б.з. басындағы дала тайпаларының қозғалыс бағытының бірі Еуропамен байланысты. IV ғасыр 70 жылдары ғұндар оңтүстік-шығыс Еуропаның даласында пайда болды және Керіш (Керчен) бұғазы арқылы өтіп, Боспор патшалығын күйретті. Шығыстан төнген ғұндардың шабуылдары күтпеген әрі жойқын болды, тіпті сол кездегі тарихшылар осы қуатты тайпалар одағының қайдан шыққандығы мәселесін қарастырды. Еуропаға бірінен соң бірі герман әлемінің (остерготтар, вестготтар, вандалдар(, скифтердің, сарматтардың (аландар) дала халықтары толқыны қаптады, ал кейінірек ғұндар өздері де келді.

Батысқа қарай қозғалу барысында ғұн мигранттары құрамы жергілікті халықтар есебінен біраз толығып тұрды. Иордан шығармасында ғұндар қозғалысының негізгі бағыттары жақсы көрсетілген: Солтүстік Кавказдан бастап Дон мен Днепрге дейін, ары қарай Балқан түбегі, оңтүстікке Сирия мен Константинопольге, Орлеан (Франция) мен Миланның (Италия) батыс аумақтарына дейін. Еуропаны қарқынды жаулап алу кезіндегі ғұндардың қозғалыс орбитасы осындай болды. Басты қорытынды ғұндардың Батыс Еуропадағы әскери жетістіктері көптеген халықтарды қозғалысқа әкелуі: «Маркоман ман Квадтан Понтқа дейін созылып жатқан барлық кеңістікте бүгінге дейін белгісіз тайпалардың кенеттен пайда болған варварлық тобы қозғалысқа әкелді». Еуроазиаттық континеттегі жаңа құрылымдық үдерістерге осылай бастама жасалған болатын. Бәлкім, ежелде үндіеуропалықтардың дала тайпаларының да ықпалы кем болмаған. Біздің ойымызша, ғұндар басшылығы кезіндегі тайпалардың күші мен қозғалыс ауданында белгілі бір заңдылықтар байқалады.

Ғұндардың Орталық Азия арқылы қозғалу бағытын реконструкциялауға келеді: ғұндардың негізгі бөлігі қазіргі Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Сібір территориясымен өтіп, әрі қарай Орал етегі мен Еділ бойы арқылы Еуропаға шығуы мүмкін. Сөйтіп осы қозғалыс барысында оның құрамына көрсетілген аймақтардан көптеген тайпалар қосылғаны сөзсіз. Бұл нұсқа ақпарат тарих дерек көздерінде расталынады. Екінші бағыт-

ты оңтүстікпен байланыстыруға тура келеді, ол жаққа көшпелі ғұн тайпалары юечжилердің соңынан қуып барған. Ақпарат көздерінде эфталит немесе ақ ғұндар деп аталатын жаңа бірлестік Түркістан – Ташкент көгалында құрылуы мүмкін еді.

Ғұн дәуіріндегі «Халықтардың ұлы қоныс аудару» бағыттарына біз белгілі дәрежеде Еуразияның солтүстік аймақтарын да қосамыз. Таулы Алтай халықтарында, саха мен қазақ тайпаларында түпкі ата түрінде сақталған Елтай (Элдей, Ел ата, Алтай, Ер Элдей) батыр қауымы осы көші-қонға қатысқаны дау тудырмаса керек. Олардың бір бөлігі Солтүстік мұзды мұхитқа дейін барып саха елімен араласып кетсе, екінші бөлігі Каспий жағалауында ежелгі дай (даха) елімен араласты, үшінші бөлігі Сарыарқа, Түркістан өлкесінде қалып бірнеше қазақ тайпаларының негізін салды деп есептейміз. Бұл аталған тайпалардың бәрінің де сақа (саha, скиф-ишгуз) субстратымен, тіпті қола дәуіріндегі ариан-тұран іргетасымен байланысы бар.

Сонымен, ғұндар дәуірі Ұлы даланың ең белсенді кезеңдерінің бірі болып табылады. Көшпелі мәдениетке өту дала халықтарының Шығыстың ежелгі өркениет орталықтарына, Еуропаға деген ұмтылысын тоқтатпады. Әр кездегідей көшпелілердің қуаты жаңа жерлерді жаулап алуға және игеруге жұмсалды. Олардың идеологиясы жан-жаққа таралғанын айтуға болады, соның нәтижесінде дала аймақтарына іргелес аудандар жаңа қуатқа, жаңа этникалық құрылымға, мемлекетке және саяси тәртіпке ие болды деуге келеді.

Еуразияның түркі тектес халықтары өздерінің алдындағы рулар сияқты ұзақ уақыт бойы түркі тілді халықтардың бәріне ортақ тарихты жасады. Тарихта саяси мағынадағы бір ірі әулет орнын екіншісі ауыстыруы алдыңғы әулеттің тарихтан өшуі деп есептеуге болмайды. Олар пайда болған жаңа әулет, рудың саяси құрамынан, арийліктердің, сақалардың, ғұндардың этностық көрініс беріп, өзгеріске ұшыраған түрде тарих сахнасына қайта шығады. «Тарих толқыны» кітабында: «андронов және сақ мәдениетгері арасындағы өзара байланыстың тікелей жүйесі бар екенін тапқан археолог ғалымдар мен қола дәуіріне қатысты сақ заманындағы халықтардың генетикалық тұрғыдан олардың мұрагер жалғасы екенін анықтаған антрополог ғалымдар дәлелдеп отыр. Қазақ даласын мекендеген тұрғындар арасында сақ дәуірінен бастап бет-бейне жағынан Орталық Азиядан шыққанын көрсететін монғол тұрпатты аралас адамдар пайда болды. Шаруашылықты жүргізудің сол кездегі жағдайында неғұрлым прогресшіл тәсілі болып табылған көшпелі мал шаруашылығына қарай ойысу да тап сақ дәуіріне сай келеді» деп жазды.

Көнедегі ғұндардың ежелдегі түркілермен арасындағы байланысы, олардың рулық құрамы, оның өзгеру, ел ынтымағының тетігіне айналған рулық одақтардың өзгеруі, сол одақтардың басын біріктіріп, билік жүргізген ақсүйек әулеттері туралы ізденіс жасау қажет. Байырғы бір топқа билік етуден дамыған саяси билік жүйесінің қалыпты басқару ісіне, яғни қоғамның әлеуметтік ішкі өзара бірігу үрдісі жүрді.

Қазақ халқының қалыптасуына ежелгі дәуірдегі үлкен тарихи орны бар көне қауымдардың, соның ішінде ғұндар қауымының материалдық және рухани мәдениет мұраларының сабақтастығы көп нәрсені аңғартатыны анық. Сол ескі замандардан хабар беретін мәдени тұрғыда құнды археологиялық табылымдардың мәдениет куәлігі тұрғысындағы және тарихи дерек ретінде қызмет атқаруын айту керек. Тарихи хронология жағынан қола дәуірі деген уақыт межесі тым ерте, тым бұлыңғыр, белгісіз мезгіл емес. Сол тарихи уақыттың өзі кәдімгі сақалар мен ғұндардың заманы болып табылады.

Ескі түрік әдеттері бойынша енші бөлген уақытта атасы баласына мұраны қалай бөліп берсе де ықтиярлы еді. Соның үшін атасы қай баласын жақсы көрсе соған көбірек мал береді. Неше есе малды бір баласына беріп, басқа балаларына жөнді мал-мирас бермейтін. Осы еншіге өкпелеген балалар елін тастап, екінші жақтағы хан-қағандарға кетіп қызмет еететін. Тіпті бала болып оларға сіңіп кететін. Мұндай адамдарды атсыз деп атайтын еді. Бұрынғы аталардың көбі осы атсыздардан шыққан. Демек осыдан ұғатынымыз, «аттылы» деген «мұрагер» мағынасын білдіреді. Тарихта әйгілі Аттила – Аттылы, өз атасының, яғни ғұн патшасының тақ мұрагері.

Аттылы Франциядағы Рейін өзеніне дейін барды. Европаның Афегус деген бір басшы адамы халқына жар шашып, әскер жиып түрік әскеріне қарсы шығып соғыс ашты. Екі жақтан екі жүз мыңдай адам өлді. Аттылы бұл соғыста ілгері жүре алмай Дунай өзеніне қарай кейін қайтты. Сол қыстың екінші жылында Аттылы әскері Рим (Рұм) шаһарына қарай жүрді. Рим (Рұмның) Папасы көп тартулар алып Аттылының алдынан шығып, бізге тиме деп жалбарынып, көп насихат айтты. Аттылы мұның өтінішін қабыл етіп өз жеріне қайтты. 452-нші жылда Аттылы опат болған соң, балалары артынан хандық таққа таласып, араларынан жанжал шықты. Аттылы құрған елдің қол астындағы халықтар бет-бетімен тарала бастады. Аттылының кіші баласы Дәнкішік түріктердің бір бөлігін алып Дунай бойында қазіргі Венгрия жұртында қалды. Мажар түріктері осы күнгі түрік қауымының ең өнерлісі Австрия халқымен бірлесіп патшалық қылып тұрады. Басқа халықтармен көп араласу себепті тілдерін, ескі түрік әдептерін ұмытқан. Жалғыз-ақ бұрынғы түріктер сияқты жылқы өсіріп ат ұстайды. Мажар аттары дүниедегі бірінші ат деуге болады. Мажар түріктері Алтай, Түркістан жағына келіп ескі түрік мәдениетін көп игереді. Ескі тастағы жазуларды алып өздерінің бұрынғы тілдерінде игереді.

Академик Ә. Марғұлан қазақтарды сақа, ғұн, үйсін тайпаларының этникалық тұрғыда тікелей ұрпағы дей келе, ғұндардың рухани тіршілігі ескі қазақ тайпаларының ойлауымен бірдей болғанын, олардың тарихи дәуірде жасаған көп тайпалары мен қоғамындағы әлеуметтік құрылысы кейін қазақ ортасында да сақталғандығын, ескі қазақ шежірелері сонша кең таралып, Европадағы германдардың қария сөздерінде орын алатындығын жазған.

Л.Н. Гумилев қазақ этносының шығу тегі ілгерідегі түркілердің мәдени-этностық аумағымен тікелей байланысты екенін атап өткен. Оның айтуынша, ғұндар түркі этносы ретінде б.з.д. III ғасырда қалыптасқан. Осы кездерде ғұндар Саян динлиндерін, тянь-шань үйсіндерін, сяньбиді өзіне бағындырды. Қытай шабуылдары ғұндарға қатты соққы болып, ғұн елі соның нәтижесінде тозды. Л.Н. Гумилев: «Ғұндардан кім қалды?» – деп сұрақ қойып, «қазіргі қазақ жеріндегілер қалды» – деп өзі жауап береді. Ертедегі ғұн – барша түркінің атасы екені, оның ұлысы, жері, Еуразия құрылығының бүкіл далаларын шығыстан батысқа дейін алып жатқаны тарихтан белгілі. Мұндай тарихи өзара сабақтастықты қазақ дәстүрі де айқын көрсетеді.

Ғұндар тәңірлік дінді ұстанып, руналық жазуды тұтынған. Ғұндар түркі тайпаларының түп атасы екені қытай тарихында да ашық айтылған. Бұл деректерді қолданған атақты ғалым В. Бартольд. Н. Бернштам деген аса белгілі шығыстанушы ғалым да солай дейді. Олар еңбектерінде Ғұн мен Оғыз екеуі бір ел деп дәлелдеді. Мұндай қорытындылар күдік тудырмайтын ғылыми дерек көзі ретінде танылған, археологиялық қазба жұмыстары барысында қабірлерден алынған тұрмыстық заттардың – сырмақ, текемет, ат әбзелдері, әшекей, ою, таңбалардың – бүгінгі қазақ пен ескі ғұндардың бұйым, тоқыма, жасау, ою-өрнек салу дәстүрі мен діни-ғұрыптық белгілерінің өзара ұқсастығы негізінде тұжырымдалған. Осы айғақтарға жазбадағы көне қытай деректемелерінің мағлұматтарын ұштастырғанда, және түркі аңыз-әпсана мұраларын талдап қосқанда – толыққанды ескі тарих көрінісі қалыптасады.

Ғұн тарихы ежелгі дәуірге қатысты болған соң, сол заманға тиесілі мұра археология деректері мен көне қытайлық жазбалар, рұмдық, араб-парсы тарихи әдебиет мәліметінде сақталған. Бұл мәселеге деректік негіз болатын әйгілі Н.Я. Бичуриннің еңбектері. В.В. Бартольдтің зерттеулері, А.Н. Бернштам жазып шығарған ғылыми монография тағы басқа басылымдар бар. Әсіресе, белгілі ғалым К.А. Иностранцевтің тұжырымды еңбегі ерекше құнды. Хунну, гун, яғни ескі ғұн жұрты, елі, мәдениеті туралы көп жазған академик ғалым Ә. Марғұланның ғұндар туралы еңбектерінде француз ғалымы Абель Ремюза, белгілі археолог С.В. Киселевтің зерттеулеріне сілтеме жасайды.

Дала алқабындағы ғұндардың қозғалыстары Рим империясының тез жойылуына ықпал етті және еуропалық халықтар тарихында жаңа бет пайда болды. Қозғалыстың сипатын айтатын болсақ, көшпелілер біздің дәуіріміздің басында байырғы дәстүрге сай әрекет етті. Римнің жанталасымен қоса пайда болған еуропалық «вакуум» өзіне ұмтылғандарды тартып, байлығымен қызықтырып, далалық аймақтан жаңа қуат ағынын талап етті.

Адамзат тарихының дамуы мен табиғи өзгеру барысында халықтың бірегейлігі мен бірлігіне қатты әсер ететін жаһандану үдерісіне ғұн дәуірі зор үлес қосты, оның жаһан-

дану жағдайында тек түркі әлемінің рухани және мәдени тарих мұралары мен өркениеттік дамуына ғана әсері болған жоқ, сонымен бірге жалпы Еуразиялық құндылықтар мен дүниетанымының қалыптасуына ықпал етті.

Тұжырымдар: – Біздің Ұлы дала қашанда мемлекеттіліктің негізгі қайнар көзі болды. Мысалы, ерте далалық тайпалардың көші-қон топтары Алдыңғы Азия елдеріне қарай бағыт алып Қосөзен өркениеті сияқты феномен дүниеге келді. Содан сәл кейінірек көшпелі елдер Еуропаны жаулады, Солтүстік-Батыс Қытайды (түріктің Көкөзен атты Хуанкэ өзені алқабы) бағындырды, тек сосын Үндістаннның (Инд өзені бойы) кезегі келді. Бақташы тайпалар қоғамдық дамуға рулық ұжымға негізделген туысқандық және насабнамаға сүйенген өзін-өзі басқару жүйесі сияқты қызықты жаңалықтар әкелді. Бұл ұйымдасу қоғамда әркімнің тең құқылы екенін көрсетіп, сонымен қатар тұлғалардың абыройын ескере отырып, еңбегі мен шығармашылығын қорғауды қамтамасыз етті. Еуразия даласының бақташы қауымдастықтарында қалыптасқан азаматтық қоғам тәртібі отырықшы егіншілдер мен қолөнершілердің қауымдық өмір сүру дағдысымен қосыла келе ерекше тәртіп пен құрылым туғызды. Ол мықты әкімшілік билікпен, мемлекеттік меншікпен, жоғары билікпен, сонымен қатар жеке меншік жерімен сипатталады. Бақташылар қоғамдарында пайда болған саяси жүйе қауымдық тіршілігіне орнығады және мемлекеттік өркениетті туғызады. Бұл симбиозда бірнеше мың жыл қатарынан (XV ғасырға дейін) құрылымдық қызмет атқарған Еуразия далалық халықтарының ерік-жігері жетекші рөл атқарады.

– Қола дәуірінің қорғандары қазақтың тарихи аңыздарында «мық» деген көне халықтан қалған жәдігерлік болып есептеледі, сол себептен «мықтың үйі», «мық төбе», «мық қорғаны» деген атпен белгілі. XIX ғасырдың басында қазақ жерінде кен орындарын іздеген Ресейлік инженер И. Шангин де «*қазақтар көне заманның тас құрылыстарын моңғолдардан көп бұрын осы өлкені мекендеген, аңыздарында «мық» аталатын халық салды деп аса құрметтейді*» дейді. «Мық» сөзі – әлі этимологиялық тұрғыдан зерттелмегендіктен, үзілді-кесілді пікір айту қиын, дегенмен, бұл сөз қысқа, бірақ нығыз дүниеге қатысты айтылады деп ойлаймыз. Мәселен, «мық жусан», «мық шеге», т.б.

– Геродоттың айтуынша, сақалар аттарын екпінді соққыдан сақтау үшін мыстан арнайы сауыт соғады. Бұған қоса үзеңгі, таралғы, айыл, тоқымы, жүген, шылбыр-тізгіні алтынмен безендіреді. Ал, негізінде, темір мен күмісті қолданбайды, өйткені бұл металдар олардың елінде жоқ. Керісінше алтын, жезге олардың елі аса бай. Массагет, сауырмат, сақалардың салт-дәстүрлері мынандай: ішетіні қымыз, сиынатын құдайы тек бір Күн. Күнге арнап жылқы сойып, құрмалдық шалады. Мұндай әдеттің болу себебі туралы айтар болсақ, олардың түсінігінде Күн – жүйрік. Құдайға да малдың ішінде жүйрік атты құрмалдыққа шалу лайық деп білген. Осы мәтінді талдап көріңіз.

– Европалық тарихшылар ортағасырдың басталуын Рим империясының құлауы мен мәңгілік қала Римнің қирауымен байланыстырады. Империя тағдыры Еуразия дала халықтарының жойқын қозғалысы нәтижесінде б.з.б. I ғ. басында-ақ айдай анық шешілген. Рим империясы ең алдымен өзінің экономикалық-әлеуметтік негізін құраған ежелгі құл иеленушілік жүйенің ішкі дағдарысынан бұзылды. Сол дәуірлерде көрнекті қайраткерлердің ой-пікірлерінде жеке адамның өз өзінен жатсынуы, оның кез келген қызметте қажеттіліктер мен нақтылықты іске асырудағы әлсіздігі мәселелері өзекті бола бастады. Европа, Алдыңғы Азия мен Солтүстік Африка халықтарын жүздеген жылдар қысымда ұстаған Рим империясы өзін-өзі жейтін паразиттелген денеге айналды. Кез келген империя мәңгілік емес екенін осы мысал айғақтайды.

Әдебиеттер:

Айдосов А.Х. Қорқытнама. – Алматы: Бастау, 1997. – 68-б.

Акишев К.А. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972

Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. Монография. – Алматы: «Эверо», 2018. – 340 б.

Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы: Эверо, 2017. – 255-б.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.

Бичурин (Иакинф) Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т.1-2. – М., 1950.

Бибикова В.И. К изучению древнейших древнейших животных Восточной Европы // Бюллетень МОИГ Отд. биологии. – Вып.3. – Т.22. – 1967.

Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. (Пер. с англ. И.М.Стамблин-Каменского. Послесл. Э.А.Грантовского. – М., 1987.

Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы, 1994.

Васильев Л.С. История Востока. В 2-х т. – М., 1998., Т.1. 121-б.

Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. – СПб., 1998.

Гамкрелидзе Т.В. Индоевропейский язык и индоевропейские миграции)

Геродот. История в девяти книгах.) Перевод с греческого Ф.Г. Мищенко. Изд. 2-е. – М., 1888.

Гумилев Л.Н. Хунну Древние тюрки. – М., 1967.

Ғұн тарихының жылнамасы.) Көне қытай тілінен ауд. А. Мұтәліп, А. Жиылұлы. – Түркістан: Тұран, 2004. – 411-б.

Ежелгі үйсін елі. / Құрастырған Ш. Ахметұлы. Үрімжі, 2005.

Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавл, 1993.

Закиев М.З. Адекватная тюркология о глубине истории древних тюрков. Түркологиялық жинақ. Астана, 2011.

Иностранцев К.А. Хунну и гунны // Тр. туркологического семинария. Т. I. Л., 1926.

Исмагулов О.С., Исмагулова А.О. Происхождение казахского народа. – Алматы, 2017.

История древнего мира. (Под ред. И.М.Дъяконова, В.Д.Нероновой, И.С.Свеницкой. М., 1983, т.1.

Киселев С.В. Древние города Монголии // СА. 1957, №2. – С. 91-101.)

Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар) Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы, 1985. – 368б.

Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972. – С.3-30.

Масперо. Древняя история народов Востока. М.,1895.

Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. – М., 1974.

Мэллори Дж.П. Индоевропейские прародины // ВДИ, 1997.

Неру Дж. Взгляд на всемирную историю. Т.1-3. – М., 1981.

Тойнби А. Постижение истории (Пер. с англ. и сост. Огурцов А.П., Вступит. статья Умоловой В.И., закл. статья Рашковского Е.Б. – М., 1991.

Толстов С.П. Основные вопросы древней истории Средней Азии ((ВДИ, 1938, № 1. – С.176-203.

Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих). Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы, 1992.

Сұрақтар:

Адамзаттың ежелгі дәуірінде мемлекет пен идеологияның қалыптасуына қандай алғышарттар болды?

Ежелгі дәуірлердегі өркениеттер байланысы тұрғысынан Ұлы Даланың аймақтары Қосөзен, Кіші Азия немесе Мохенджо-Даро өлкелеріндегі мәдениеттерімен қандай тарихи байланысы болуы мүмкін?

Жылқышылық мәдениеттің мемлекет пен саяси идеологияның қалптасуына қандай әсері болды?

Қазақстан аумағындағы мыс пен қола металлургиясының ошақтары қандай аймақтарда зерттелген?

Жылқышылық пен металлургияның дамуы саяси институттардың қалыптасуы мен идеологияның пайда болуына қандай әсерін тигізді?

Ежелгі дәуірдегі металлургия мен жылқышылық мәдениетіне байланысты түркі тілдерінде, оның ішінде бүгінгі күні қазақ тілінде қандай атаулар дәстүрлі түрде өзінің жалғасын тауып келеді?

Қазақстан жеріндегі халықтар өздерін неге «сақа» атады деп ойлайсыз және мұнда идеялық, идеологиялық негіз бар ма?

«Мық» және «Сақа» атауларының ұқсастығы бар ма? Оғыз этнонимімен қандай мағыналық немесе семиотикалық байланысы бар деп ойлайсыз?

Сақа қауымдарының ру-тайпалық қауым жүйесі қандай болды және оның мемлекеттің қалыптасуына қандай әсері болды?

Сақалардың «аңдарды бейнелеу өнері» кейінгі түркі-қазақ мәлдениетінде өзінің жалғастығын, дәстүрін байқата ма?

Ғұндардың мемлекеті қай заманда болған?

Ғұндардың мемлекетінің ішкі құрылысындағы қандай ерекшеліктерді білесіздер?

Ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттері арасында қандай айырмышылықтар мен ұқсастықтар болған?

Ғұн патшаларының – тәңірқұттарының ежелгі қытай елімен арадағы дұшпандығы қандай себептермен орын алған?

Ғұндардың атақты тәңірқұттары тарихта кімдер болды?

Ғұн тәңірқұттарының мемлекет құрудағы иедологиясы мен стартегиясы туралы қандай тұжырым жасауға болады?

Қазақстан аумағындағы ғұн қорымдары қандай мәдени мұраларды дүниеге таныстырды?

Тапсырмалар:

1) Географиялық картадан ежелгі адамзат өркениеттерінің қалыптасуына назар аударып, мәдени ошақтар мен өркениеттер дамыған аймақтарға талдау жасаңыз.

2) Ботай мәдениетінен көрініс тапқан ашық аспан асты мүзей экспозициясынан реконструкция жасалған ботайлық жылқышылардың үй-жайларының, мәдени мұраларының суреттерімен танысыңыз.

3) Қазақстанның картасынан көне металлургия, мыс өндіру, темір және түрлі-түсті металдар өндірісіне байланысты әр түрлі мәдени ошақтар дамыған орталықтардың орындарын қарастырып, оларды салыстырмалы талдауға алып, олардың кешенді шаруашылық түрлері және сауда жолдарына әсері туралы талдаулар жасаңыз.

4) Ежелгі дәуірді мұрасы болып табылатын «Авеста» кітабындағы жылқы өсірушілер мен металлургия жайлы деректерді мәтіндерден табу мақсатында ізденіс жасаңыз.

5) Әйгілі ғалым К. Ақышевтың Есік қорымының алтын буйымдарын зерттеу еңбектерімен танысыңызы, сақалардың «аңды бейнелеу өнері» туралы айтқан ғылыми пайымдауларымен танысыңыз.

6) Археология саласында жаңа ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп жатқан ғалым З. Самашевтың Берел қорымдары мен Елекесазы ескерткіштерінен зертеп тапқан археологиялық табылымдары туралы ақпараттар мен презентациялары туралы интенеттегі бейнебаяндармен танысыңыз.

7) Интернет материалдары негізінде Эрмитаждағы қорларда сақталған ғұн мәдениетінің экспонаттарымен танысу мақсаттарында шолу жасаңыз.

8) Академик Ә. Мағұлан дайындаған үштомдық «Қазақ қолөнері» еңбегі атап өтетін қазіргі қазақ халқының материалдық мәдениеті мен ғұндарға тиесілі Нойн-Ұла қорымының археологиялық табылымдары арасындағы ұқсастықтар туралы тұжырымдарымен танысыңыз.

ЕКІНШІ ТАРАУ
ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯСЫ

Қандай да бір идея болмасын оның қалыптасу алғышарттары болады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – байырғы кезеңдерден сабатастықпен дамып келген дүниетаным кешені. Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынасты реттеудегі негізгі өлшем.

Ерте дәуірдегі түрік көбіне табиғат күшіне сыйынуға негізделген тәңірлік дүниетанымнан туған құбылыс. Түріктер Ай, Күн, от, су, ағаш, темір сияқты адамға пайдалы нәрселерге артық құрмет ететін болған. Орталық Азияда исламның діни рәсімі, құқтық тәртібі келген уақытта түріктің көне ырымдары, наным-түсініктері қабылданбай, өзгеріске ұшырап, біразы өмір тәжірибесінен алшақтады. Діни ғибадаттың ескі дәстүрлері, түріктің әдет заңдары, тіршілік ғұрпы ислам талаптарына бағынып, сүннет жолы келіп, жаңа мазхаб енді.

Қазақ халқының дәстүрлі салт-сана құндылықтары өзінің көп ғасырлық тарихында беріде исламдық, арғыда түркілік Тұран мәдениетінен, қазақтың Ұлы Дала өркениетіне бастау алатыны анық. Қазіргі Қазақстанның бір аты – Ұлы Дала Елі болуы ұсынылды. Бұл да Ұлттық код мәселесінен шығып отыр. Өйткені, ұлттық код дегеніміз ұлттық белгілердің жиынтығы. Ұлттық белгілер қатарына тіл, халық әдебиеті, ұлы дала тарихы, түріктен мұра болған мәдени жәдігерлер, ұлттық діни наным сенім жүйесі қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтар жатады. Қазақ тілінің байлығы мемлекеттік тіл үшін үлкен мәртебе.

«Тарих толқынында» атты әйгілі кітабында: «Қазіргі Қазақстанның және оған шектес жатқан аймақтардың аумағында дүниеге келген әртүрлі мәдениеттер әлемнің көптеген халықтарының дамуына айқындаушы ықпалын тигізді» деген баға берілген. Міне, сол мезгілде дамыған оқиғалардың шым-шытырық тарихында біз үшін маңызды мәселе – мәдени-этностық, діни-идеологиялық, саяси-әлеуметтік кешендердің сабақтастығын айқындап алу. Өткен тарихтағы әрбір мәдени, өркениетіік құбылысты ойға алып, оның

тарихи географиялық, биологиялық, психологиялық, құндылық, діни-философиялық және дүниетанымдық аспектілерін ескеріп қарастыру аса маңызды.

Орталық Азиядағы түркі халықтарының ислам әлемі құрамдас бөлігі болуы христиан миссионерлігі жолымен келген шоқындыру және отарлау саясатынан сақтады, мәдени және ұлттық болмысты сақтап қалуға пайдасын тигізді. Өткен ғасырдың басында қазақ ортасынан бастау алып, кең қолдау тапқан Түркістан автономиясы үшін саяси қозғалыс Қазақстан мен Орта Азия түркілерінің ортақ саяси-құқықтық мемлекет құру жолында болды. Ал, бұл – ортақ діл мәселесі. Ұлттық код – рух. Қазақ халқының ұлттық болмысы ғасырлар бойы қалыптаса орныққан. Қазақ рухы ұлтты күйзелістерден аман алып айрықша қасиетке ие. Сол қасиет адами құндылықты биік қоюмен ерекшеленді: бағзыдан адалдық, шыншылдық, әділеттілік, әдептілік қазақта артық бағаланатын болған.

Ұлттық рухани байлықтың басқа да элементтері осы дүниетаным тұғырының айналасында өрбиді. Қазақ халқының дүниетанымы көне замандағы сақ-ғұн және түркілердің тайпалық-мемлекеттік құрылымдарының қарапайым түрлерінен бастап, Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңіне дейін қалыптасты және одан әрі заман талабына сәйкес жетілу, толысу процестерін бастан кешірді. Осындай күрделі дүниетаным «Мәңгілік Ел» идеясы қалыптасуының басты алғышарты болды.

«Тарих толқынында» атты кітапта: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» – деді.

Түркілік құндылықтары қатарында адамгершілік, кісілік бауырластық, меймандостық, қайырымдылық қасиеттері ерекше орын алатын болған. Қоғамның бүгінгі дамуында да адамның кісілікті ізгі қасиеттерін тәрбиелеуі, рухани қажеті қанағаттандырылуы, мәдени дәстүр сабақтастығы қамтамасыз етілуі түркі халықтарының ұлттық салт-санасының кемелдене түсуіне тікелей байланысты.

Ұлттық болмыстың кескінін бейнелейтін ұлттық өзіндік санада генетикалық код ретінде жасырынған және дәстүрлі қазақ қоғамындағы осындай халықты біріктіруші идеяның ізін халқымыздың арасынан шыққан тұлғалардың әлеуметтік-саяси ойлары мен философиялық көзқарастарынан табуға болады.Бұл көзқарастар әдетте мемлекеттілдік, ел тағдыры, тәуелсіздік, жер және т.б. қоғамның сол кездегі күрделі де маңызды саяси-әлеуметтік мәселелерін қамтыды. Сондықтан «Мәңгілік Ел» идеясын қазақ халқының дүниетанымын ұлттық идеяның алғышарты ретінде қарастыра отырып, ежелгі дәуірден осы уақытқа дейіңгі тарихтағы данышпан ойшылдары мен мемлекеттік

ірі тұлғалардың (батырлар, билер, жыраулар және т.б.) ел, ұлт тағдыры туралы ойлары мен көзқарастарын зерделеп, білген жөн деп білеміз.

Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт Ата, мәңгілік мекен «Жеруйықты» іздеген Асанқайғы, мәңгіліктің философиясын жасаған әл-Фараби, мемлекет түзудің саяси-құқықтық негіздерін поэтикалық тұрғыда жырлаған Жүсіп Баласағұн, елдік құруды уағыздаған Абайдың «Қара сөздері» мен қазақ би-жырауларының даналық сөздері және Алаш зиялыларының қызметі мен күресі оқырмандардың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қалыптасу тарихы мен оның рухани құндылықтарын түсінуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан географиялық орналасу жағынан жер кіндігі болып табылатын Еуразия жертабан құрылығының қақ ортасында тұрған іргелі үлкен ел екені белгілі. Әлемдік өркениеттерді түрлерге бөлу, ғылыми сыныптау жүйесінен түркі, тұрандық өркениеті әдебиеттерде аты жиі аталмағанымен, тарихтан тыс қалған өркениет емес.

Сөйтіп, Түркілік кезеңде өлке туралы тарихи таным дәстүрінің сабақтастығы Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерінде жалғасын тапты: түрік, қараханид, Алтын Орда – Қазақ хандығының «Ұлы Дала Елі» дәуірлері мен кезеңдері. Түркінің Күлтегін, Тоныкөк және Білге қаған жазба ескерткіштерінде түркі өркениетінің – «Қасиетті Жер-Су, Ұмай Ана», «Ергенекон», «Мәңгілік Ел» базалық идеологемасы берілген. Осы кезеңде көшпелі шаруашылықтың, отырықшы-егіншіліктің, қала мәдениетінің тіршілік қарекеті жүйесінің ареалы қалыптасты.

Түркі халықтарының «Оғуз-нама», «Қоқыт ата кітабы» эпикалық ескерткіштерінде ежелгі эпонимдер мен топонимдер кешендері қолданылған. Әбу-Насыр Әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның және Махмуд Қашғаридың еңбектері «Туған жер», «Атажұрт», «Атамекен», «Отан» сияқты және ерте түркілік топонимикалық атаулары маңызды идеялық-теориялық және өлкетану категориялары, сондай-ақ ертедегі түріктің топонимикалық атаулары көрініс табатын тарихи-философиялық танымның даму кезеңі болып табылады.

«Диуани лұғат ат-түрік» өлкетануды түркінің тарихи ландшафты – түркі халықтары мен тілдері әлемінің картасын ғылыми тұрғыдан түсіндірудің алғашқы түрі ретінде белгілі болды. Түркі пантеондары – Арыстанбап, Қожа Ахмет Ясауи және басқа да сакралды ескерткіштер – Ұлы Дала Елі өлкетануының құнды тарихи-мәдени мұрасы. «Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар».

Бұнда: «VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болған... Бұл жазу адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлі-

гінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Х ғасыр мен ХХ ғасыр аралығында 900 жылға жуық Қазақстан аумағында араб графикасы қолданылып келгені» белгілі. Бұл рахниа қазыналармен тікелей баланысы бар, маңызды рухани, саяси, тарихи және мәдени оқиғалармен байланысты Қазақстанның ерекше құрметтелетін тарихи-мәдени мұра ескерткіштері және табиғи-тарихи ландшафтары Қазақстандағы жалпы ұлттық маңызы бар қасиетті нысандары өз алдына жеке иедолгемалар кешенін құрауды.

§1 «Мәңгі Ел» идеологемасының қалыптасуының алғышарттары

Біздің заманымыздың I мыңжылдығының орта шенінде Қазақстан даласында ірі этникалық өзгерістер басталды. Тарихнамада осы кезеңнен бастап көп тарихи оқиғалар нақты деректермен кестелене бастады. Күлтегін құрметіне қойылған құлпытастағы жазуда түркі тарихы «*Жоғарыда – көк аспан, ал төменде – қара жер жаратылғанда, ол екеуінің ортасында адам баласы өмірге келді. Адам баласының үстінен патшалық құрып, менің аталарым – Бумын қаған, Естеми қаған отырды. Олар мемлекетті сақтап, түркі елінің заңдарын бекітті*» деп басталады.

Осы сияқты жазбалар түрік рухының аса жігерлі сәттерін суреттейді, олардың өздерін ерекше жаратылғандай сезінгені хақ, олардың санасында жаратылыс пен түрік халқы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл мәтіндер Орта түрік дәуірінің сана-сезімінің іргетасы өте берік екендігін және оның көне замандағы тарихи бастауларға орныққанын аңғартады.

Қытай жылнамаларындағы әфсаналық деректерді алып қарасақ орта түріктер ғұн қауымдастығына енген рулардан құралғаны сөзсіз. Шын мәнінде олардың тарихи негізі б.з.б. екінші мың жылдықта Ұлы даланы мекендеген тур қауымына барып жалғасатынына күмән жоқ. «Авеста» жырларында арийліктер мен турлар қатар өмір сүреді. Кітапта Ардви құдайына турларды жеңу үшін арийлердің Барукаша көлінің жағасында 100 жылқы, 1000 сиыр және көп қойды құрбандыққа шалған оқиғалары жиі айтылады. Көлдің жағасында арий көсемдері «диюға табынған тырнақты қанішер Құмаяқ пен Арджаспа жеңуге көмектесе көр» деп Зәрдүш пайғамбарды ортаға салып Құдайларына табынып жатады. Ворукаша теңізі біздің шамалауымызша Балқаш көлі де емес, Арал да емес, сол екеуінің ортасына орналасқан Ақсақал Барбы аталатын қазіргі заманда кеуіп қалған ірі көл. Турлар да «қуатты Виштаспаны жеңуге жәрдем бер» деп Ардви – Сурдан сәттілік сұрайды. Ақырында турлар арийлерді жеңіп, негізгі топтарымен көшіп – қонып

жүрген жерлерін тастап кетуге мәжбүрледі. Арийліктер (ирандықтар мен үнді-арийліктер) мен турлар (тұран) арасындағы соғыстар жүздеген жылдар бойы жүріп жатты.

Қытай деректерінде түрік тайпалары VI ғасырдың ортасына дейін жуан-жуан (жужан) мемлекетіне тәуелділікте, тау арасында өмір сүріп, темір балқытып, қолөнермен айналысты. Күшейе келе Оңтүстік Сібір мен Алтай тауларын мекендеген теле тайпаларын қосып алып орта түріктер жужан патшасына елші аттандырды, өздерінің көсемдеріне жужанның ханшасын сұрады және терезесі тең ел боламыз, – деп, үміт етті. Бірақ жужан патшасы Анақуан: «*Сен темір балқытушы құлым екендігіңді ұмыттың ба? Батылың барып, мұндай өтініште қалай айттың*?» деп ашу көтерді. Осы оқиғадан кейін екі елдің арасы бұзылып, ақыры жужандардың тас-талқан болып жеңілуімен бітті.

Осылайша жужан үстемдігінен құтылған түріктер 551 жылдан бастап өз көсемдерін «қаған» деп атай бастағаны анық. Бірнеше жылдың ішінде түркі елі маңайындағы қидан, оғыз, татар, каи, Енесай қырғыздарын бағындырып империя құрды. Түркілердің құрған ірі империясы батысында орналасқан Византия, оңтүстігінде Эфталит және Иран шығысында – Қытай сияқты алып мемлекеттерімен тығыз экономикалық саяси қарым-қатынастар орнатты. VII-VIII ғасырларда түркілер асқан белсенділік танытып Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ далалық өлкені түгел өздеріне қаратты. Тарихшылардың пікіріне қарағанда, түркі тілінің, әдет-ғұрпының, дүниетанымының үстемдігі сол кезеңнен басталады. Көп үзілістен кейін ірі тайпалық бірлестік ретінде түркі-ашиналар Тұран атын қайта шығарды.

Орта түрік дәуірінің тарихы жаулап алуларға толы. Каспий теңізінен Солтүстік Үндістанға және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфталиттермен күресте түрік-ашиналар Сасанидтік Ираннан қолдау іздеді. Ақ ғұндардан вассалдық тәуелділікте болған парсылар түріктермен одақтасып 564 ж. Тохарстан үшін соғысты бастады. Бірақ соғыс аяқталып эфталит иеліктері екі ортада бөлінген соң Ұлы Жібек жолына билік үшін Иран мен Тұран арасындағы баяғы қайшылықтар қайта өрістеді. Иран Тұран көпестерінің тауарын, әсіресе олардың Қытайдан батысқа тасыған жібек маталарын өз елінен өткізбей қойды. Кейде жібек маталарды өздері сатып алып түрік көпестерінің көз алдында тау-тау қылып жағып жіберіп отырды. Енді түріктер Иранға қарсы одақтас ретінде түркілерге Византия (Ұрым) империясымен байланысқа шықты. Тұран саудагерлерінің өкілдері өз қағандарынан хат алып, мол сыйлықтармен император II Юстинианға елшілікке келді. Екі ортада келісімсөздер бірнеше уақытқа жалғасып, ақыры Каспий (Хазар) теңізінің солтүстік жағалауымен Еуропаға қарай Түрік қағанатының сауда керуендері ағылды.

Біздің дәуіріміздің VII ғ. басында Азия кеңістігінің үлкен территориясы Көк Түрік қағанатының орнына келген Батыс және Шығыс түрік иеліктерінің, яғни империяла-

рының қол астында болды. Негізінен қазіргі Қазақстан өлкесінің жер ауқымын қамтитын Батыс Түркі қағанаты орталығы Монғол үстіртінде орналасқан Шығыс Түркі қағанатынан қатты ерекшеленді. Шығыста көшпелі өмір салты басым, ұлыстық жүйе қаттырақ және мықтырақ болды, бірақ материалдық тіршіліктері Қытай мен екі арадағы сауда қарым-қатынастарына мүдделі еді. Батыста халықтың үлкен бөлігі көшпелі болғанымен Жетісу мен Түркістан аймақтарының халқы отырықшы болып, жер жырту мен қолөнер, саудамен айналысты. Батыс қағанатының территориялық ауқымы мен құрылымы өте күрделі болды. Оның құрамына Шығыс Түркістан мен Мәуереннахрдың отырықшы, егіншілік орталықтары, Сырдария және Арал маңына дейінгі Орталық Азияның далалық алқабы кірді. Осы себептерге байланысты батыс түрік қағандарының билігі бір жағы Еділ бойы, бір жағы Хорезмге дейін жайылды.

Шығыс Түрік қағанатының Қытаймен күресте әлсіреуі, Батыс Түрік қағанатындағы ішкі дағдарыс т.б. себептерге байланысты VIII ғ. басында Түргеш қағанатына біріккен түрік тайпалары күресті екі майданда жүргізуге мәжбүр болды. Батыста 714-715 жж. Сырдария бойындағы қалалық өлкеге жорық жасаған арабтар қауіп төндірсе, Шығыста Жетісудан өтіп енді Түркістан-Ташкент алқабына ұмтылған Тан империясы болды. VIII ғ. 40 жж. Қытай Суяб, Тараз бен Шашты (Ташкент) басып алды. Түркі тайпаларының өзара соғыстары мен бытыраңқылығы қытайлықтар мен араб жаулаушылары үшін пайдалы болды. Осылайша 751 ж. екі империя Талас өзені бойында шешуші шайқасты бастайды. Шайқастың бесінші күні кенеттен қытайларға тылдан түркі-қарлұқтар соққы жасаса, майданнан шабуылды арабтар бастап, нәтижесінде қытайлықтар жеңіліске ұшырады. Ибн аль-Асирдің пайымдауынша, бұл шайқаста 50 мың қытайлықтар өлтірілді, ал 20 мыңы тұтқынға алынды. Талас өзені бойындағы шайқас ерте түркілердің тағдырында маңызды орын алып, олардың этномәдени стратегиясын анықтап берді. Бұдан былай Еуразиялық түрік ұлыстары ислам дінін рухани таяныш қылып, сол негізде өзінің мәдениетін дамытты. Қытаймен тым жақын, іргелес көрші болғандықтан, жеті басты айдаһарға жем болып кету қаупінен құтылу үшін біздің ата-бабаларымыз исламды таңдады деп есептеуге болады.

IX ғ. ортасында түркі ұлыстары қоныстанған аса үлкен алқапта жаңа этносаяси өзгерістер басталды. Шығыс Түрік қағанаты құлағаннан соң билік үшін күреске басмыл, ұйғыр, қарлық қауымдары түсті. VIII ғ. екінші жартысында ұйғырлар басмылдарды жеңіп, Қытайдың ішкі саясатына араласып, Орталық Азиядағы ірі саяси күшке ие болды. Бастапқы уақытта қарлұқ, ұйғыр және басмылдар бір жақта болса, кейін осы үш тайпаның өзара күрестері ұйғыр мемлекетінің әлсіреуіне алып келді. Бірнеше сәтсіздіктерден кейін 840 жылы Енисей қырғыздары Ұйғыр қағандығының тас-талқанын шығарды. Осыған дейін түріктік өркениеттен алысырақ өмір сүрген қырғыз тайпалары

Ұйғыр қағанатының астанасы Ордабалықты (Қарабалғасын) алып, қаланы қиратты, ұйғыр қағанын өлтіріп, оның керемет сәулет құрылыс үлгісімен салынған, алтын-күміс қазынасы, өнер туындылары жинақталған ордасын талан-таражға салды.

IX ғ. басында сәтсіз соғыстарға қарамастан Шығыс Түркістаннан Ташкентке дейінгі Ақ ғұн немесе Арғу елдерінің бай қалаларына сүйенген Қарлұқ мемлекетінің жағдайы жақсы болды. IX ғ. қарлұқ тайпаларының ішінде шігіл, яғма топтарынан шыққан Боғра және Арслан хан династиялары мемлекет құрды. Боғра хан ретінде белгілі болған Батыс Қарахан хандары кіші атанып, олардың ордасы Тараз болды. 893 ж. қарахандықтар мен саманидтер (парсы династиясы) бастаған Орта Азияны билеу үшін күресте саманидтер тас-талқан болып жеңілді. Жауынгер қарлық тайпаларының күшіне сүйенген Қарахан әулеті Орта Азиялық алып империя құрды және бірінші болып ислам дінін ресми дін ретінде қабылдады. Сөйтіп, түркілер Ислам әлемінің шаруашылық мәдени кешеніне енді.

Қарахан мемлекетінің саяси дәстүрлері көне замандардан өз бастауын алады, олардың билеуші әулеттерінің тіпті Афрасияб патша тұқымымыз деген тарихи сенімі де көне замандарға, арий-тур замандарына нұсқайды. Осылайша Орталық Азияның шығыс қапталында, Алтай тауларында басталған мемлекет құру қозғалысы Қарахан әулеті кезінде өзінің нақты тамырын тапты. Қарахан мемлекетінің этникалық құрамы өте күрделі, оған түріктің белгілі ұлыстары түгел кірді деп есептеуге болады, бірақ басымын қарлұқ тайпалары құрады. Олардың бір бөлігі Тохарстанда өз иеліктерін құрды, ал Ашина руынан шыққан қарлұқ патшалары эфталит билеушісінің орнына келді. Қараханид дәуірінде империяның көп бөлігінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер болып өтті. XII ғ. қарақытайлардың (қидан) жорықтары және XIII ғ. басында наймандардың қоныс аударуы мемлекеттің саяси жойылуына әкеп соқты. Дегенмен, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында калыптасқан жаңа этникалық жағдай, жаңа рухани – мәдениет ағымдары өз қалпында қалды. Кейіннен оны өзгерту ешкімнің қолынан келмеді.

Бұл уақытта өзіне дейінгі мемлекеттік тарихтың заңды жалғасы ретінде қазақ сахарасында Ертіс пен Сырдария арасында IX ғасырда оғыз, ал XI ғасырда қыпшақ этносаяси бірлестіктері дүниеге келді. Шығыс деректері оғыздардың Ертіс бойындағы елдермен аралас өмір сүргені айтылады. Оғыздардың билігі гүлденген кезеңінде (IX-X ғғ.) олар, әсіресе Ертіс пен Сырдария арасындағы үлкен далалық территорияларды иемденді. Оғыздардың оңтүстік астанасы Жанкент қаласының қалдықтары Сырдарияның сол жақ жағалауында әлі сақталған. Оғыздардың ескірткіштері сонымен қатар, Орталық Қазақстанда және Ертіс бойында таралған (Бозоқ қала, Сырлы қала және т.б.).

Қыпшақ этносаяси тарихы қазақтың тарихи әңгімелерінде Оғыз ханмен (Уыз хан) байланыстырады. Ең алдымен Солтүстік Шығыс Қазақстанда қимақ (кемек) аталатын жеті тайпаның конфедерациясы өмірге келді, кейін келе қыпшақтар басты саяси күшке айналды. Жазба деректерге қарағанда қыпшақ қауымы алдымен оғыздар құрамына кіргенімен, кейіннен оларды Ұлы даладан ығыстырған. Қимақ (кемек) мемлекетінің құрылуын зерттеушілер VIII ғасырға жатқызады. IX ғ. Орталық Азияда Ұйғыр қағанаты құлап, соның құрамындағы тайпалар миграциясының нәтижесінде Қимақ (кемек) мемлекеті күшейді, бірақ Ертіс бойы ұйғырлардан кейін де көшіп-қонушылар тасқынынан босамады. Мемлекет құлағаннан кейін оның құрамындағы қыпшақтар өзінің дербестігі үшін күресті. И. Марквартты пікірінше, сол кезде қыпшақтар қимақ одағының солтүстік тармағы болған. Қимақ-қыпшақ тайпаларының IX-X ғғ. этносаяси тарихы Ертіс өзенінің аңғарымен тікелей байналысты. Біздің пікірімізше қимақ (кемек) атауы осы өзенмен байланысты .

XI ғ. қыпшақтар өз жерлерін батыстан оңтүстікке дейін кеңейте түседі. Бірақ оңтүстік бағыттағы қыпшақтардың шекарасы мықты Хорезмдік мемлекеттің ықпалымен шектеледі. Сонымен қатар қыпшақтар қаңлы тайпаларымен одақтасып, Хорезм мемлекетінің территориясына ене бастады. Батысында қыпшақтар еш қарсылық көрмей XI ғ. ортасында Еділдің ар жағына өтті. Орыс жылнамаларында қыпшақ тайпаларының пайда болуын 1054 жылға жатқызады. М. Қашғаридің «Сөздігінде» түрік тайпаларының ішіндегі батыстағылар печенегтер, ал олардан шығысқа қарай қыпшақтар мекендейді делінген. Тарихи шежірелерде қыпшақтарға байланысты Еділ – Жайық бойын мекендеген хазар, бұлғар елдері де айтылады. Бұлар биік мәдениетті, гүлденген, қалалы мемлекеттер еді.

Орта түрік дәуірінде биліктің қайнар көзі дінге негізделді. Түркілер Тәңірі билігін тікелей емес, қағандар арқылы жүргізеді деп сенген. Түркі қағаны да өзін Тәңірі тарапынан тандап алынған, күш пен қабілеті мол адам ретінде кабылдайтын болған. Тәңірі түркі әміршісіне берген құқық, саяси күш (құт), ұлылық, бедел және күш деп білетін. Түркі қағаны Тәңіріден алған саяси күшпенен қазақ сахарасында өмір суретін ұлт пен ұлыстарды жөнге салған еді. Тәңірі сыйы болған осы күш осылайша харизмалық ерекше күшіне ие болды. Сондай-ақ, қаған мемлекетті дәстүр (заң-төре) бойынша басқармаса, Тәңірі берген саяси күшін кері алуы мүмкін. Түркі билік түсінігінде діни бір сый деп қабылданған «құт», яғни саяси күш әулет мүшелері арасында бір-біріне ауысып отыратын болған. Сол себептен де, түркі мемлекеттерінің ыдырауына ықпал еткен үлкен себептердің бірі мұрагерлік мәселесінің бір қағидаға негізделмегендігі еді.

Мәңгілік өмірді іздеген Қорқыт ата қайда барса да алдында қазулы тұрған көр арқылы жеке адам ретінде өзінің өлімге душар екендігі, тек жасампаздық ісімен, музыкалық

өнерімен өлмейтініне, мәңгілікке қалатынына көзін жеткізеді. «Ол тіршілік көзі, өмір мәні және ел қамы, халық тағдыры істерінің ең киелі өзегі өмір үшін жан қиярлықпен күресте, қаралы жауыз күштің ең үлкен алпауыты ажалға қарсы қасқайып тұрды; теңдесі жоқ ерлік жасады. Сондықтан ол Ер Қорқыт атанды». Қорқыт туралы мәңгілік философиясының мәні де осында жатыр. Қорқыт арқылы адамдардың өмір үшін күресуші, бұл ғаламды гүлдендіруші, үйлесімдендіруші миссияны атқарушы екендігін мойындауға болады. Адамның бақыттылығы осы өмірлік қызметімен өлшенеді.

Сонымен қатар, Қорқыт әлемі бүкіл түркі руханиятына қозғаушы күш, рухани тірек болуымен маңызды. Ол көшпелілер әлемінде тәңірілік ілімдер мен ислам құндылықтарын байланыстыратын аралық «рухани көпір» мен сабақтастық арқылы мәңгілік құбылысты көрсетеді. «...Қорқыт өмірдің мәнін дүниенің сыртынан, метафизикалық әлемнен іздейді. Соның өзінде адамзаттың мекені қара жерден қашып, эфемерлі, яғни тұрақсыз, баянсыз әлем, сынаптай сырғып бір орнында тұрмайтын судың үстіне жайғасады. Сөйтеді де қасиетті қыл қобыздың күшімен ана дүниеге құлақ түріп, трансцендентті әлемге сапар шегіп, өмірдің мәні мен мағынасы туралы ғажайып ақпарат-күйлер шығарады, тылсым дүниеге құлақ түріп, ерекше мәліметті қабылдайды. Осылайша өлімді тек қана өнер арқылы жеңуге болатыны жайлы прецедент – ұлы әм өнеге болларлық оқиға тудырады. Бұл ғажайып құбылыс, қайталанбас феномен. Бірақ адамның жаны мәңгілік болғанымен, тәні – өткінші, ақыры Қорқыт ажалға беріледі, ажалға көне отырып мәңгілікке «қайта туады: «Өлі десем – өлі емес, тірі десем – тірі емес» деген Қорқыт туралы бақсылық сарын осыған меңзейді». Бұл жалпы әлемнің тұтастығы мен адамның жасампаздық болмысының мәңгілік сипатын терең философиялық мағынада пайымдайды. Бұл аңыздық тұлға тіршілік үшін көшпенділердің үздіксіз күресі заманындағы мәңгілік құбылысқа айналған.Бұл мәңгілік – Қорқыт келбетінің ғасырлар соқпағынан өтіп, әр тарихи кезеңдердегі тарихи тұлғалар-мен сабақтастықта қазіргі заманға жетуімен де дәлелденеді.

Сонда Қорқыттың өмірі – ерекше жасампаздыққа бағыт, бағдар беретін рухани мұрат сияқты, яғни оның негізінде адамның өмірі күнделікті тамақ жеу мен ұйқыға негізделген қарапайым тіршілік емес, ол жасампаздық шығармашылыққа сүйенген, рухани құндылықтардан нәр алатын іс-әрекеті ғана адамды нағыз өмірге, мәңгілікке жетелейді» дегенді үлгі етеді.

Қорқыт Ата аңызының түпкі философиялық пайымы – адам тәні өткінші, ал жаны, рухани жасампаздық еңбегі мен өнері – мәңгілік. Негізінен алғанда жан мен тәннің арасындағы айырмашылық та, бірлік те болмыстың екі қырының – өлім мен өмірдің байланысын танытады. Тәннің уақытша болмысы осындай жалпы табиғаттың заңдылығына бағынады. Ал, жанның мәңгілігі оның рух арқылы дамуы – адамға берілген қоғам алдындағы орасан зор жауапкершілік пен сынақ ретінде көрініс беруі хақ.

Қорқыт уағыздайтын мәңгілік мәселесі – өмірге құштар адам ғана жалпы ел мен қоғамның болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және парасаттылықпен орындай алады. Қорыта келгенде, Қорқыттың өлімнен қашуы – өткіншілік пен мәңгіліктің қайшылығын көрсетіп қана қоймай, мәңгіліктің өткіншіліктен артықшылығын, тіпті оның үстемдігін де айшықтайды десек қателеспейміз. Бұл айтылғандардың бәрі сол түркі заманындағы адамдардың дүниетанымы ретінде қалыптасып, «Мәңгілік Ел» идеологемасының алғышарты ретінде көрініс береді.

§2 Түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы

Көне түркі жазба ескерткішінде «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының жариялануы. Ежелгі сақ-ғұндар мен олардың ұрпақтары – түркілердің дүниетанымындағы «мәңгілік» туралы түсініктері («ел», «жер», «еркіндік» туралы) кейін б.з. V ғасырдың екінші жартысында түркілер өз қағанатын, яғни мемлекеттігін құрғанда «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясына айналды. Алғаш рет «Мәңгі ел» мемлекеттік идеология ретінде Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктаста түркі еліне жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде: «Өтүкен-жерде керуен аттандырып қойып отырсаң елде мұң болмас. Өтүкен жыныста отырсаң мәңгі ел тұтып отырарсың сен». Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ бетінде қайталанған. «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды». Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйтқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады.

Түркі халқының елдігінен айрылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейіңгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгі ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Шынында да «Мәңгі Ел» – ежелгі түркілердің мемлекеттік идеологиясы болғандығын оқырмандардың көзін жеткізу үшін мына нақты мысалдарды келтіруге болады. Біріншіден, олардың бұл идеяны өздерінің бас Ордасы – Өтүкенмен байланыстыруы және екіншісі, тәуелсіздіктің нышандарын айғақтайтын мемлекеттік рәміздерінің болуы. Мысалы Көне түркі ескерткіштерінде «мәңгі ел» Өтүкенде, яғни түркі мемлекетінің бас

ордасымен бірге айтылған. «Қаған», «қан», «хан» атауларының бір-бірімен тығыз байланысты екеніне кәсіби мамандар ерекше көңіл бөледі. Көне түркі жазба ескерткіштерін алып қарастырсақ, біріншіден, олардың заттық, яғни материалдық сипатқа ие болып, еркіндік, азаттық пен тәуелсіздіктің нышандарын айғақтайтын мемлекеттік рәміздер белгілерін көруге болады. Мысалы, Күлтегін ескерткішінің ұшар басы бөрі бейнелі бесбұрышты қалқан түрінде ойылуы кездейсоқ емес. Көк бөрі – түркі халықтарының ежелгі тотемдік нанымына негізделгендігі белгілі.

Түркілер әулетінің негізін қалаған Ашина Алтай тауына қоныс тепкеннен кейін, «өзінің тегін ұмытпайтындығын елге жария ету үшін қақпасына қасқыр басты туын іліп қойды» делінген қытай жылнамаларында. Толық бөрі бейнесін оның басы арқылы беру «тұтастықты бөлшек арқылы беру» деген ғылыми принципіне негізделген. Мұндағы бөрі бейнесі көркемдік емес, саяси-әлеуметтік, яғни елдік пен еркіндікті, тәуелсіздік пен азаттықты айшықтайтын тудың рәміздік нышаны. Бөрінің бейнесі көптеген түркі тайпалары мен руларының таңбасы болған. Ол қазірде кейбір түркі тілдес халықтар қауымдастығының рәмізі ретінде қолданыста.

Түріктен мұра болған мәдени жәдігерлер. Түріктен қалған ең құнды жәдігер: түркі көне жазуы. Күлтегін (684-731 жылдары өмір сүрген) – ежелгі түркі мемелекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, сол дәуірдің белгілі қоғамдық қайраткері ретінде көне тарихтан жақсы мәлім. Ол Құтлұғ (Елтеріс) қағанның кенже ұлы. Қапаған қаған 716 жылы қаза тапқаннан кейін бүкіл түркі әскерін басқарады. Қапаған соғыста өлген соң Күлтегін оның ұрпақтарын да қырып салып, өз ағасы Могилянді (кейінірек Білгі қаған деп атанған) Күллі түрік елінің қағаны етіп тағайындалады. Күлтегін талай-талай соғыстарда жеңіске жетіп, өз қабілетті қолбасшысы ретінде танылды. Міне, осы Күлтегін батыр, оны ағасы Білге қаған және қағанның кеңесшісі, ақыл гөй қария Тоныкөк құрметіне VIII ғасырда тасқа қашап жазылған ескерткіш еді.

Л.Н. Гумилев те өзінің Орхон-Енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда руникалық жазулар эпитафиялық емес, публицистикалық сипатта деп жаңа бір пікірді білдірген болатын: «үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше жазу – үндеу, ондағы берілген материал таңдап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түркі қоғамында нақты күш екендігін көрсетеді. Олай болса, дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар». О. Сүлейменов те публицистиканы әлемдік тарихқа ескерткіштің кірігуінің кезеңі ретінде, сонымен қатар, бұқаралық санаға кеңінен тартылуы тұрғысынан қарастырады Ендеше, бұдан шығатын қорытынды: «Мәңгілік ел» – көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлы Түркі қағанатының мемлекеттік идеологиясы екендігі саяси манифест тұрғысында жария етілген.

X ғасырдың аяғында бұл идеологияның саяси-философиялық негізін түркілер өздерінің ортағасырлық өркениетті Қарахандар мемлекетін құрғанда шығыстың көрнекті ойшылы, философ әл-Фараби жасады. Оқырмандарға «Мәңгілік ел» идеологиясының саяси-философиялық негізін оқып-үйрену үшін әл-Фарабидің: Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармалары ұсынылады. Әбу Насыр әл-Фарабидің діни ойлары, хикмет пен ақыл туралы ілімдері оның кітаптары арқылы Еуропа жеріне келді, сол ілімнің ықпалымен батыстағы христиандык дін екіге жарылды, католиктік наным-сенім мен уағызын жүргізіп тұрған римдік Еуропада протестанттық ілім қалыптасты. Католиктер мен протестанттар арасындағы қақтығыстар жүз жылдық соғысқа ұласты, нәтижесінде буржуазиялық революциялар орын алды, Ағартушылық дәуірінің ойшылдары дүниеге келді, Роберт Оуэн, Томазо Кампанелла, Вольтер, Сен Симон, сол әл-Фараби салып кеткен ойдың жемісі деуге болады. Олардың айтып, жазып жүрген «Утопия», «Күн қаласы» атты ойлары мен кітаптары әл-Фарабидің кәдімгі «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегіндегі ізгілікті хикметтер айтылды.

Ортағасырлық Шығыс философтары пікірталастарының ортақ бір проблемасы «мәңгілік» мәселесі еді. Бұл сол кездегі ортағасырлық араб әдебиеттерінде «дахриттер» ағымындағы ойшылдар деп аталды. Әл-Фараби ортағасырлық түркі – мұсылман елінің тарихи шындығы мен өзіне дейіңгі іргелі философтар Платон мен Аристотель ілімдеріне сүйене отырып, мәңгіліктің философиясын жасады.Ол әлемнің мәңгілігін тұрақты түрде және жүйелі дәлелдеуге тырысты. Әл-Фарабидің ойынша әлем өзінің мәні тұрғысынан құдайдың творчестволық әрекетіне қарағанда екінші, бірақ бұл тұжырым уақыт жағынан сәйкеспейді. Сондықтан әлем құдаймен мәңгі бірлікте. Аристотель сияқты ол қозғалысты мүмкіндіктен шындыққа өту, яғни мәңгілік құбылыс ретінде саналады. Уақыт қозғалыспен мәңгілік бірлікте дей отырып, ғалым уақытты Аристотельдің пайымынан басқаша, қозғалыстың сипаты ретінде қарастырады. Ғалымның мәңгілік теориясы әлемнің жаратылысы туралы діни ағымдарға қарсы бағытталды. Әл-Фарабидің екінші бір принциптік қағидасы – ақыл-ойдың бір мәнді болуы адамдарды мәңгілікке бастайтындығы. Бұл жерде жеке адамның мәңгілігі туралы емес, адамдар құрған қоғамның мәңгілігі туралы сөз болып отырғанын түсіну қиын емес.

Жалпы әл-Фараби өзінің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады:

– дүниенің мәңгілігі;

– танымның болмысқа тәуелділігі;

– ақыл-парасат туралы ілімдер;

Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя ара-қатынасынан із-

деді. Аристотель қағидаларынан өз дүниетанымына жақында-рын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен, яғни түркілер тарихымен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенгені белгілі. Сондықтан әл-Фарабидің де философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты.

Осы дүниенің заңдылығы – жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана – мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді. Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты.

Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал ретінде түсінді. Осы деңгейде дұрыс ойланып, оңды әрекеттену үшін философияның 9 қағидасын оқып-білу қажеттігін ескертеді. Мұндағы мақсат – тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу. Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді.

Ғұлама ғалым өмір сүрген кезеңде түркілердің қала – мемлекеттері көп болған еді. Сондықтан ол «мемлекетті» көбінесе «қала» түсінігімен қатар қойды. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген дамыған ортағасырлық заманында қалалар – басқару билігі, әскери күші бар, қала айналасында: диханшылар, қолөнершілер, көшпелі малшылар және т.б. түрлі әлеуметтік топтар өмір сүретін толыққанды мемлекет болып қалыптасты.

Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері ашылды. Бақытқа жету жолында Қала-мемлекеттерде тұратын адамдардың арасындағы қайрымды-лық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім әл-Фарабидің «мәңгілік» философиясының ажырамас бір бөлігін құрайды және осы күнгі «Мәңгілік Ел» патриоттық актысын қабылдаған қазақстандықтар үшін рухани құндылық ретінде саналады.

Әбу Наср Әл-Фарабидің азаматтық, саясат, адам, қоғам жөніндегі ойлары «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері« трактатында қарастырылған. Бұл шығарма негізінен бір мақсатқа адам мен қоғамның арақатынасы және оның жетілуіне арналған. Әл Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан бастаса, «....нақыл сөздерінде» ол мұны ең кішкене жанұядан, от басынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлікке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі.Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан азаматтық гуманизмнің биік деңгейі көрінеді. Мұнда жеке бастың мүддесінен қоғам мүдделерін жоғары қоюы, азаматтық пен адамгершілікқұндылықтарынын көріністері деп білеміз.

Фараби өз трактаттарында қоғамдық саяси мәселе бойынша халық билігімен демократия жайлы айтады. Мәдениетсіз қалалардың барлық түріне қарама – қарсы қайырымды қалаға ең жақыны коллективті қала дейді . Бұл қаланың тұрғындары барлық іс-қимылды тең құқылы, бұл жерде бағыныштылар мен билік етушілер жоқ. Ал қаланың басшылары құрметке иеленгендер ғана бола алады. Фараби бостандықпен тең құқылыққа ықыласпен қарайды, бірақ басшысыз, оның өкіметінсіз жалпыға ортақ бақытқа жету мүмкін емес деп есептейді.

Өзінің «қайырымды» және «қайырымсыз» қалалардың әр түрлі мінездемелерімен классификацияларында Фараби қоғамның жетілдірілген әлеуметтік құрылымын қайта жасады. Ол қала – мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін береді. Фараби «адамның жануарлар әлемімен бөлініп тұратыны ақыл ойы және тәнінің жетілдірілгендігімен, бірақта адам одан әрі жетіле түсу үшін ол тіл және әр түрлі өнерге зәру» деді.

Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті мемлекеттің қайрымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау,яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: Әділеттілікті орнату, халықты оқыту,оларды керекті ғылыммен толықтыру оны адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізілетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі экономикалық және саяси мәселелерге яғни негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді. Бұл айтылғандарға тікелей байланысты мысалдарды сол замандағы түркілер-дің күнделікті өмірінен алуға болады. Мысалы бір тарихи аңызда: Бірде хан аңға шығып бара жатып, бір елді мекеннің жанынан өткенде жасы 90 шама-

сындағы қарияның жерге грек жаңғағы ағашын отырғызып жатқанын көреді де таң қалып: «Қария, сен грек жаңғағының ағашын отырғызып жатырсың ба?» деп сұрайды. Қария оған «Ия, әміршім» деп жауап береді. Әмірші грек жаңғағының ағашы отырғызылғаннан кейін 20 жылдан соң жеміс беретінін ескеріп: «Оның жемісін көру үшін саған қанша жыл керек?» екендігін сұрайды. Сонда қария: «Бұрынғылар отырғызды, біз жедік, енді біз отырғызамыз, кейінгілер жемісін көреді» дейді. Хан қарияның даналық сөзіне қатты ризалығын білдіріп, ұлкен сый бергізген екен.

Әл-Фараби заманы мен кейіңгі тарихи кезеңдердің сабақтастығы Абайдың көзқарастарынан байқаалады. Оған мынандай мысалдар келтірсек болады. Әл-Фараби «Кемеңгерлік меруерті» деген әйгілі кітабында «мәңгілік» философиясының ғылыми қағидасын мына бір өлеңінде берсе:

Сан берген, сана берген, санат берген,
Инсан деп саналыға ол ат берген
Жаратып барша әлемді жалғыз нұрдан.
Жауһари нұр сәулесін тарат деген, –

деген Әл-Фараби айтқан осы ойды Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, сол Алланы жаннан тәтті, –

деп байланыстырып әкетеді. Әл-Фарабидің философиялық ілімдері мен Абай ойларының сабақтастығын анықтап, көрсеткен ғұлама ғалым Ақжан Машани болды. Фарабидің әлем кеңістігі мен уақыттың эволюциялық дамуын біртұтастықта қарастыруын Машанидің өзі де танымдық деңгейде бере алған.

Мысал ретінде әл-Фарабидің жоғарыда келтірілген өлең жолдарына сәйкес Ақжан әл-Машанидің:

Адам – ғалам, ғажайып, жеке дара,
Жан құмары ізденген мәңгі сана.
Өзіңді өзің танысаң істің басы,
Түзеген өз ғаламын болған дана, –

деген жыр жолдарын салыстыруға болады. Машани: «Абайдан тәлім алмасақ, Фарабиге бармас едік» деп бекер айтпаған болатын.

Сонымен қазіргі заманда қазақ елінің құрып отырған мемлекетінің ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» болуының түп төркіні осы ортағасырлық түркілердің «Мәңгі Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси-философиялық тұрғыда негіздеген әл-Фарабидің «мәңгілік» философиясында жатыр десек қателеспейміз. Өйткені әл-Фараби бұл теориясын түркілердің тарихи өмір шындығынан алды. Елбасының Ортағасырлық түркілер өздерінің мемлекетін құрғанда да оны «Мәңгі Ел» деп жариялағаны мәлім. Сондықтан оқырман қауым Елбасының: «Ұлттық идеяның тұжырымы ұлттық тарихи кеңістікте жатыр. Оны өзге бір өрістерден іздеу кезекті әмбебап құрылымдардың біріне қарай құлдырап кету деген сөз. Ұлттық идеяның қалыптасуы өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болады» деген сөздерін басты қағида ретінде ұстануы тиіс.

Сөйтіп, өз заманында әл-Фараби осы мәселерді ғылыми жүйеге келтіріп, өзіне дейіңгі және өз замандастарынан ілгері, озық ілім қалыптастыра алды. Нәтижесінде «Мәңгілік ел» жай ұғым емес, саяси философиялық маңызды тұжырымға айналды.

Жүсіп Баласағұнның түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси -құқықтық жүйесін негіздеуі. «Құтты білік» дастаны орта ғасырлар да өркениетті ел болған Қарахан мемлекеті (942-1210 жж.) түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Оны Қ.Каримов өзбек тіліне (1971), Н.Гребнев (1971) пен С. Иванов орыс тіліне (1983), бір топ аудармашылар ұйғыр тіліне тәржіма жасады. «Мәңгілік Ел» идеясын оқып-үйренушілерге А.Егеубаевтың аудармасымен шыққан кітабы ұсынылады.

Жүсіп Баласағұн да әл-Фарабидің «мәңгілік» философиясын қолдай келіп, оны шығармасындағы мына жолдармен қуаттайды:

Кісі мәңгі болмас, мәңгі – ат, ары,
Мәңгі қалар оның жақсы атағы!
Өзің мәңгі емес, атың мәңгілік,
Атың мәңгі болса, затың мәңгілік! (228-229 бәйіттері)
Мәңгілік бек болсам десең тегінде,
Заңды құр да, зұлымды құрт еліңде (1435 бәйіті).

Кезінде «Құтты білік» дастаны Шығыстың әр елінде әр түрлі аталып кеткен. Бір елде – «Айнак ул-мамлакат» («Мемлекет тәртібі»), екіншісінде – «Панунаман мулук» («Әкімдерге насихат»), үшіншісінде – «Адаб ул-мулук» («Әкімдердің әдептілігі») деген атпен мәлім.

Жоғарыда келтірілген атаулардың бәрі – «Құтты білік» дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма екенін растай түседі. Қарахандар әулеті билік жүргізген кезеңде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң қызметін атқарған. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік тұрмыс тық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Жүсіп Баласағұн дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады.

Бұл шығарманы оқып меңгеруі үшін оқырмандардың мынаны білгені дұрыс: дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі арқылы әңгіме болады.

Билікте отырғандар өзі басқарып отырған халқына қиянат жасамауы керек. Ел басқаратын адам білімді болу керек. Өйткені басқарушы білімсіз болса ол адам ақылды бола алмайды. Сондықтан ел басқарушы білікті болуы шарт. Сонымен қатар ел басқарушы үшін ойшыл бес жаманшылықты атап көрсетеді. Олардың қатарына: өтірік айту, надандық, ұшқалақтық, ашу, сараңдық жатқызылады. Билікті аздыратын факторлар ретінде өзімшілдік пен залымдық та айтылған. Осындай жаманшылықтан бойын ада ұстаған бектің басынан бақ ұшпайды,– дейді (222-223 бәйіттері).

Ел басқарушысының дұрыс саясаты жақсы көңілден және ақиқатты сөз айтудан басталады. «Бектік ісі аян бектің бәріне– бәрі жүйрік заң, саясат мәніне». Билік әр кезде, қандай мәселені шешседе сабырға, ақылға және парасатқа жеңдіреді. Барлық істі біліктілікпен билеу бекті, басшыны мақсатына жеткізеді. Заңды, ұятты сақтай біліп, елін сүйген ер басшыны қаншада халқы құрметтейді. Оның есімі халқымен бірге жасайды. Әділдік, шындық, жомарттық, білім мен ақылға ұласса халыққа тиімді билік болады. Билік түзу заңға, адал заңға, халықтың мүддесіне сәйкес келетін заңға қызмет етсе, ол мемлекеттің келешегі зор болады» дейді Ж. Баласағын [Хрестоматия, 60-б.].

Ж. Баласағұн мен Абайдың ой-пікірлері бір-бірімен қабысады және олар бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге мүмкіндік береді. Олардың идеяларын табыстыратын басты мәселе – тұлғаның жетіліуі, кемелденген толық адам. Екі ғұлама да сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында ізгі қасиеттер қалыптасқан толық, жетілген адам бейнесін жасап, оның бойындағы адамгершілік қасиеттерді саралайды. Толық, жетілген адамның қадір-қасиеті ең алдымен, біліммен, ақылмен өлшенеді. Бұл туралы Ж. Баласағұн:

Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.
Кімге құдай берсе, білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды! –

деп ой тұжырымдайды. Ғұламаның даналық тұжырымдары ұлы Абайдың ой-санасымен үндестік тауып, былайша сабақтасады:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.

Ғылым-білімді уағыздаған ойшылдардың ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы келешек қоғамның, мемлекеттің оның экономикасының тұрақтылығын, яғни мәңгілік ел болып қалыптасуының алғышарты ретінде қарастырғанын көреміз. Ғұламалардың осындай адам тұлғасын дамыту ойларын қазіргі заманға сәйкес оқырмандарға түсіндіруде Елбасының «Тәуелсіздік толғауы» еңбегіндегі: «Тәуелсіздік дегеніміз – бұл жалпыға ортақ еңбек. Ғылым қуып, білім іздеген оқушылар мен студенттердің еңбегі. Еліміздің ұлттық байлығын еселей түсетін барша мамандық иелерінің еңбегі. Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген шексіз сүйіспеншілік дарытатын қазақстандықтардың еңбегі,– деп атап өткен жалынды сөздерін кеңінен айшықтау лазым.

Жоғарыда айтылғандардан туатын қорытынды: әдістемелік тұрғыдан алғанда ұлы ғұламалардың еңбектері өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайтындығын, олар заман

ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, заман талабына сай жетіліп, дамып отыратын рухани мұралар болып қала беретіндігін оқырман қауымның түсінуі тиіс.

Оның әйгілі «Құтты білік» еңбегіндегі ойларының Қазақстанның бүгінгі саяси өміріне және демократиялық жаңаруына етер ықпалы зор. Түркі халқының ұлы бабасы демократиялық мемлекет туралы тікелей айтпағанымен саяси және мемлекеттік билікті дұрыс және әділ ұйымдастырудың нақты жолдарын ұсынады.

Жүсіп Баласағынның саяси институттар мен саяси биліктің қызметтеріне айтқан қағидалық ойлары қазіргі таңда Елбасы ұсынып отырған 5 институттық реформамен үндес келеді. Ж. Баласағұнның билікке талабы қазіргі демократиялық биліктің табиғатын ашады. Демек, тарих толқынында шыңдалған қазақтың ата-бабаларының саяси ойы мен саяси мәдениетінде бар құндылықтар, идеялар мен қағидалар қазіргі саяси шындықта нақты құндылықтар ретінде маңызды рөл атқара алады.

Орта түрік дәуірі ойшылдары Тәңірі билігін тікелей емес, қағандар арқылы жүргізеді деп сенген. Түркі қағаны да өзін Тәңірі тарапынан тандап алынған, күш пен қабілеті мол адам ретінде кабылдайтын болған. Тәңірі түркі әміршісіне берген құқық, саяси күш (құт), ұлылық, бедел және күш деп білетін. Түркі қағаны Тәңіріден алған саяси күшпенен қазақ сахарасында өмір суретін ұлт пен ұлыстарды жөнге салған еді. Тәңірі сыйы болған осы күш осылайша харизмалық ерекше күшіне ие болды.

§3 Түркі-исламдық мәдени симбиоз

Дүниедегі әр халықтың мәдени болмысы мен келбеті, тарихи тағдыры, діни және ұлттық сана болмысы бір күнде емес, жылдар, ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың көпғасырлық жеке өмірінің тәжірибесі ретінде жиналып, жалғастық негізде бір мәдени тұрғыда ортақ нәтижеге жетеді. Әлеуметтік аралас-құраластық, діни насихат, жаратылыс ақиқаты жайында ой дамыту арқасында қалыптасқан. Қазіргі уақыттағы түркі халықтарының өзара ынтымағы мен бірлігі түрік жұртының осындай ортақ мұрасына айналған діни-мәдени ортақтық, дүниетанымдық-құндылықтылық идеялық-көзқарастық жүйе негізінде құрылады.

Әлемде діни түсінікті монотеистік сипатта алғаш рет уағыздап, жалғыз Жаратушыға ғана табынуды қолдаған бұл ілім, арийлер сынды Ұлы Дала көшпелі халықтарында пайда болып, жат жұрттарға кеңінен тарады. Арийлер б.з.б. II-ші мыңжылдық басындағы қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген көне тайпалар қатарлас болды. Қазақта көшпелі тұрмыс пен дала өркениеті символына айналған киіз үй іспетті дәстүрлі баспа-

на түрі болса, соның өзі қазақтан басқа башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, мұғұл, алтайлықтар, және тағы басқа көптеген түркі халықтарына ортақ мәдени мұра, олардың шаруашылығы мен дәстүрлі тұрмысына тән тарихи жәдігер болып табылады. Тарихта «киіз туырлықтылар» атты жақындататын ортақ мәдени ұғым болған.

Қазақ даласында көне заман мұралары – андронов археологиялық мәдениеті атымен белгілі қауымның өкілдері деп білеміз. Олар мал бағу салтымен көшпелі тұрмыс-тіршілік етіп, жылқы өсіру шаруашылығымен айналысқан, бие сауып, қымыз баптаған. Ұрыстарда әскери арбаларды пайдаланған. Қазақ халқымен ұқсастығы – жылқы малын қадірлеуінде. Сол ежелгі замандарлағы рухани құндылықтар сақалар, ғұндар, түркілерден, Ұлы Дала елдері ноғайлық-қыпшақ, өзбек-қазақ заманына жалғасып келіп, біздің халық қазыналы мұралардың сақтаушысына айналды. Жылқы малын өсіру шаруашылығы тудырған сан түрлі дәстүрлерді жеткізді.

Академик Ә. Марғұлан қазақтарды сақа, ғұн, үйсін тайпаларының этникалық тұрғыда тікелей ұрпағы дей келе, ғұндардың рухани тіршілігі ескі қазақ тайпаларының ойлауымен бірдей болғанын, олардың тарихи дәуірде жасаған көп тайпалары мен қоғамындағы әлеуметтік құрылысы кейін қазақ ортасында да сақталғандығын, ескі қазақ шежірелері сонша кең таралып, Европадағы германдардың қария сөздерінде орын алатындығын жазған [24,64].

«Тарих толқынында» атты еңбегінде осыған қатысты бір тамаша мысал болатын үлгі келтірілгенін көреміз: «Арабтар оларға ислам дінін қабылдауды ұсынды, бірақ олар тәкаппарлықпен жауап қайтарды. Түргештердің ханы Сұлу былай деді: «*Менің адамдарым түгелдей жауынгер. Ал, сенің адамдарың ше? Олар қолөнершілер, етікшілер, алыпсатар саудагерлер. Ондай іс біздің қолымыздан келе қоймайды. Олай болса, бізге сендердің діндерің де ұнай коймайды*» деп жазады. Бұл мысал түркітанушы Л.Н. Гумилев еңбектерінде айтылған екен.

Түркі-исламдық діни-мәдени симбиоз – диалог нәтижесінде өзара ықпалдастық пен әрекеттестіктен, өзіне дейінгі діни-дүниетанымдық мифологемалық-идеологемалық жүйелердің бір-біріне үйлесуі немесе жіктелуінен қалыптасқан құбылыс. Ескі түріктерде өз заңдары бар еді, сол заңды орындауда патша, бұқара, бай, жарлы бәрі бірдей міндетті болатын, ал заңға қарсы келген, халыққа қиянат қылған адамдарды жазаға кесетін болған. Түрік халықтары, ру-тайпаларының кие тұту наным түсініктері ертеден-ақ киелі орындарға тәу ету, күнге сиыну дүниетанымын ұстанған. Түріктің аруақты қадірлеу, дүниеден өткен кісіні қасиеттеу, үлкен салтанатпен шығарып салу, ас беру, аза тұту, бетін жырту, жоқтау жырын шығару, өсиет сөзі келтіру – бәрі де ескі түріктің жоралары болған. Бұлардың барлығы кейін ислам шариғатымен астасып, қазақ халқының рухани мәдениетінің ортақ қазынасына айналды.

Зороастризм ежелгі дала тұрғындарына тән, ескі дүниетанымдық діни ілімі болып табылатын тәңіршілдік дүниетаныммен өзара ықпалдастығы, дәруіштік сипаттағы сопылық ілімі тұрғысында да мәдени дәстүр ретінде дамуы мүмкін.

Көне дәуірден қалған бір сөз бар: «жерді ұстап тұрған үш тірек бар, олар – Тұран, Иран және Рұм» деген. Бұл бекер сөз емес, ескі заманын мифологемасы болып табылады. «Авестада» сақа, тур, хьон (қиян) рулары мен тайпалары мекендеген өлке қонысы «Тұран» деп аталғаны белгілі. Зороастризмнің адамзатқа тарту еткен үлкен мәдени мұрасы «Зенд-Авеста» кітабы болса, осы көне мәтінде Кангюй елі мен жұрты турасында айталатын деректер молынан кездеседі. Бұл Кангюй атымен ғұн, үйсін заманындағы қаңлы елін атаймыз. Ғұндардың күнбатыстағы үлкен күші әрі тірегі осы қаңлылар болған.

Қазақ халқы ғасырлар бойы, наным-сенім бастауларын өзінің рухани даму тарихындағы көне түркі ата-бабаларынан мирас болған Көк (аспан), Тәңірі, Ұмай ана (Бай ана) түсінігі, жақсы мен жаман, өмір мен өлім, жалған мен мәңгілік жайында қалыптасқан діни ой-саналық жүйеден алады. Көне түркілер Ұмай ана бейнесін ерекше құрметтеген, Ұмай ана отбасы мен бала-шаға киесі, жебеушісі болған. Табиғатпен біте қайнасып өскен түркілер, табиғат құбылыстарын бақылап, ғаламшар, аспан денелері – Күн, Ай, жұлдыздар қозғалысын бақылаумен ғарышнамалық түсініктерін қалыптастырған, соған орай мүшел жылсанау тәртібін енгізген. Сондықтан түркілердің тәңірлік дүниетанымы, ежелгі түріктің ескілікті салт-дәстүрі, наным-сенімі кешенді қалыптасқан, ал тыйымдары табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты, табиғатты бақылаудан туындаған.

Түркілер ерте замандарда өз тілінде кітаптар жазған. Өзіндік жазулары болған. Түрік еліне ислам діні келгеннен кейін, араб жазуларын қабылдады. Бұрын бұлардың діні Зардүш, Буда діндерде болған. Бұлардың ескі жазулары жер астынан әм обадағы тастардан көп табылады. Ол жазулар әсіресе Түркістан, Алтай жақтарында, Енесай бойларынан шығады. Бұл тастар ескі заманда қабірлерге қойылған құлпытас, не болмаса ескі түрік хандарын мақтау ретінде жазған жазулар болған.

Ертеректе түріктің даңқты тарихы тасқа басылған, жазуға да түскен. Мысалы, «Қазақта киіз кітап деген ұғым бар, бұл ұғым толығымен абыз аттарымен байланысты жүреді. Халық аңызы бойынша тас, ағаш, сүйек, теріден басқа бұрынғы заманда жазуды жұқа киіздерге жазып отырған. Орта ғасырдағы абыздардың көпшілігі қазақ хандарының хатшылық қызметінде болып, олардың кеңесшісі, ақыл берушісі болған, халық алдында үгіт айтып, оларға өзінің насихатын ұсынған. Бұл деректерге қарағанда, қазақтың абыздары ескі замандағы оқымысты бақсылардың дәстүрін соңғы заманға дейін сақтап келген және солардың сарқыты деуге болады» деп Ә. Марғұлан жазады. Бұл өмір сүру құндылықтары тән саулығы, тазалық сақтау, отбасын құру және неке тазалығы,

бала тәрбиесі мен қарттарға қамқорлық жасау, жасы үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, өзара көмек жасасып тұру, қайырымдылық көрсету, туыстық қарым-қатынас және ерекше салтанат пен қонақжайлылық, мұсылманға тән әдептілік пен иба, сыпайылық, қоныс таңдау, қоңсымен сыйлас болу, бата беру, жора-тамырлық орнату, жұртшылық, асар, рәсім ету салт-дәстүрлерімен байланысты болған. Түрік жұрты ортасында қалыптасқан ескі сенім-наным жүйесін исламдық қағидалармен өзара келісімге жеткізген діни мектептері, қазақ ортасында бекіген сопылық ілімнің негізін дамытушы қайраткер Қожа Ахмет Ясауи болды. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің маңызы – араб тілінде насихатталып келген ислам қағидаларын сайыдтарымен қатар түрік жұрты ортасына түріктің әдеті, діни салт, ғұрпымен астастырып әлеуметтік тұрмысына бейімдегені.

Орта түріктер болса шығыстың әдеп-ибасын ұстанып, даланың рухымен қуаттанады. Ислам діні – ашық және айқын, адамзатқа ортақ дін. Исламның құндылықтары барша адамзатқа ортақ мұра болып табылады. Әсіресе, түркі халықтары үшін, қазақ үшін де, ислам дінінің маңызы зор. Қазақ халқы ислам әлеміне, түркі жұртына мәдениеті, тарихы, дәстүрі жағынан терең рухани байланыс орнатқан ұлт. Исламның қазақ даласына келу нәтижесінде дала жұртында күрделі идеологиялық әлеуметтік-мәдени жүйе қалыптасты. Тәңірлік пен ислам синтезі нәтижесінде қалыптасқан жүйелі рухани құрылым пайда болды.

Түркі халықтарының ортақ рухани мұралары ислам жәдігерлерімен көп байланысы бар. Исламның түрік мәдениеті ортасына келуі, орнығуы бірнеше ғасырлар бойы жалғасқан. Бұған көп еңбек еткен түрік ғұламалары болған. Діни ғылым, біліммен қатар келіп, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи тәрізді ғұламалар мол қазына қалдырды. Түріктің Қарлық-Қарахан мемлекетінде ислам мемлекет дініне айналды. Исламға дейін түркте қаншалықты өзіне тән рухани құндылықтар, әдет-ғұрыптар, салт-санасы, дүниеге деген ерекше көзқарасы болса, исламның таралуымен жақсы дәстүрлер молая түсті.

Ескі түрік дәстүрінің исламмен үйлесуі қазақтың кейбір эпитафиялық жәдігерлері – зират ескерткіштерінен көрініс табады. Шежіре дәстүрін генеалогиялық жағынан қарастыратын болсақ, бұның негізінде бұрынғы бабалар тұлғасын еске алып отыру арқылы халықтың өткеніне, тарихына ұрпақтар (қауым мен қоғам) назару аудару, саралау жолы жатқанын аңғарамыз. Бұл дәстүрдің негізінде аруақтарға құрмет көрсету дәстүрі байқалады.

Заманында мәдени болмысы мен құндылықтар жүйесі тұтас болған Орталық Азияның ежелгі Тұран өркениетін, түркі халықтары жұртын жеке діни ұстанымдарға түсу, түсіру үдерісі жікке салды, тәңірлік діннен мұғ, тарса, зәрдүшия, будда, лама, манавий,

дін ислам болып бөлінді, бұл үдеріс бір жағынан әртүрлі тайпалардың, халықтардың тұрмыс-тіршілігін оздырды, мәдени байланыстарды кеңейтті, сауда ісін дамыта түсірсе, екінші жағынан шығу тегі, туыстығы, шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігі, тілі мен әдебиеті, дүниетанымдық көзарқастар жүйесі өзара жақын, туыс көптеген халықтарды алауаздыққа да салды, елдігін де бұзып, аражігін ашып жібергені де шын.

Бұлғар ханы Тоқтамыстың Әмір Темірмен соғысуы, маңғыт Едіге би мен Тоқтамыс ханның шайқасуы, Әмір Темірдің османлы түріктерін шабуы, Орданың ханы Ахметті шейбани Ибақ ханның өлтіруі, Әбілқайыр ханның жорықтары, Мұхаммед Шейбанидің қазақ ханрымен соғысуы, қазақ-жоңғар жаугершілігі, қоқандықтардың қоқан-лоқысы, және т.б. тарихи оқиғалар осыған мысал бола алады. Бұл оқиғалардан Түркі далаларында, Орталық Азияда нәтижесі мен жемісін кейінгі заман шындығанан байқауға болады.

Түркі тарихындағы ислам факторы жайында айтқанда, оның әсері мен ықпалы туралы көптеген мысалдар келтіруге болады. Ислам мемлекеттік дін ретінде Қарлық-Қарахан мемлекетінде, ал Алтын Ордада Берке хан, Өзбек хан тұсында құш алып орнықты. Орталық Азия өлкелерінде ислам дінінің орнығыуы тұтастай мәдени ортаның қалыптасуына әсер етті.

Ежелгі түркі халықтарының сонау орта ғасырларда мұсылмандық әдеп, араб-парсы мәдениеті, китабилер қауымына, мұсылман өркениеті, ислам әлемі жүйесіне үйлесіп, тоғысуы, ең басты алдымен ғылымның өркендеуіне, білім және тәрбие беру дәстүрі, әдеп пен құқық жүйесінің қалыптасуына, заңдарының дамуына ықпал еткен болса, сондай-ақ байырғы жау – табғаш ортасына сіңіп, жойылып кету қауіпінен талай мәрте сақтап қалды.

Дін халықтар мен мемлекеттердің арақатынасында зор үлеске ие екенін көреміз, мысалы әрбір дін негізінен экономикалық жүйерлерге, адамның кәсібіне тікелей байланысты. Мысалы қазақтың, түріктің дала діні, тәңіршілдік, ол мал шаруашылығымен қатысты болғанын дәлелдеу қиын емес. Сол сияқты манихейлік діни таным қаншалықты түркілердің ортасына сырттан уағыздалғанымен, ол бұл ортада ешбір орын таба алмады, өйткені, бұл дін жергілікті экономика мен шаруашылыққа сәйкес келмейді. Мысалы, тарихта Ұйғыр қағанатында қара халық манихейлік дінге өтіп кеткен талай қағанның басын алған. Өйткені манихейлік діннің қағидалары бойынша манихейлік уағыздар адамды нәпсіні бағатын аскетизмге ерекше үндеп, бұл дүниедегі қызықтардың бәрінен бас тартуға, соның ішінде үйленбеуге, бала сүймеуге, ыстық қанды төрт түлік малдың етін жемеуге, тек қана суық қанды жәндіктерді қорек ету, бақа мен жыланды, өсімдік пен шөпті тағам деп жеуге шақырды. Сондықтан, әрине, манихейлік дін қазақ жерінде түрік дәуірінде тамыр жайған жоқ. Бақа мен шаян түгілі, археологиялық мәліметтер көрсетіп отырғанындай ежелгі Қазақстанның өңірлерін қоныс қылған ел-жұртшылық шошқаны да асырамаған, жабайы доңыз етін ілуде бір қорек еткен.

Ертедегі манихейлік дінін айтпағанда, XII ғасырда Керей хандығы мен Найман хандығы несториан іліміндегі христиандықты ұстанды деп айтылады тарихта. Мұндай мәліметтерге толық сену қиын. Себебі, христиандықтың өзі де қала діні, көбіне қоныс тепкен отырықшы жұртқа тән діни түсінік. Ол жылқы шаруашылығын экономика негізіне айналдырған, көшпілілік тұрмыс кешкен малшы түріктің ортасында қолдау тапты. Мысалы, ислам дінінің жөні басқа, себебі, ол түйе шаруашылығымен шұғылданған шөл-саһарадағы арабтардан, көшпелілік құрған құрайыш тайпасы ортасынан келді. Пайғамбардың уағызына қала тұрғындары көп қарсылық көрсеткен, Мекке қаласының алып-сатарлары алғашқы мұсылмандар қауымын аштыққа бұйырып, азық-түлік сатпай қинаған. Сондықтан, керей, найман және басқа түріктер тәңірлік дінінен христиандыққа оңайшылықпен өтіп кеткен, оны ұстанған деп айтуға болмас.

Ал түрік ортасында егіншілік қылған, ұсталық ұстап, сауда жүргізген соғдылықтардың ортасында мұғ пен тарсалар, яғни христиандар болғаны анық мәлім. Кейінгі заманда ламаизм дінін ұстанған Жоңғария жұртшылығы, кәдімгі торғауыт, шорос, пен ойраттың өзі бір жағынан соғыс, екінші жағынан Цин империясы тарапынан жүргізілген геноцидтен қырғын тапса, соңғылары буддизм ілімі негізіндегі ламаизм қағидаларына сай лама монахтарына айналып, үйленбей, бала сүймей, өспей-өнбей, демографиялы жойылу жолына түсті. «Түркі қағандары тас қашау жазуларында аспанның өздеріне мейірімді болуын ұдайы тілек етеді. Аспан, Жер-Су қиын-қыстау қилы заманда түркі халқын құтқарып қалғанына олар сенеді» деп жазылған.

Қазақ халқының діни-рухани тәрбиесінде үлкен орны бар дәстүрлі ілім Қожа Ахмет Ясауи жолымен байланысты. Елбасы Н. Назарбаев бұл туралы «Тарих толқынында» атты кітабында: «*Зерттеуші ғалымдар түркі сөздігінің жасалуын мұсылман әлеміндегі халықтар арасында түркі тілінің барған сайын арта түскен рөлімен орынды байланыстырады. XII ғасырда Йассы (Түркістан) қаласында өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауи аса көрнекті ойшыл болды. Оның есімін бүкіл түркі әлемі қасиетті санайды және өте орынды құрмет тұтады. Ол Қазақстанда мұсылман дінін насихаттап таратушы болды, «Диуан-и-хикмет» («Данышпандық туралы кітап») өлендер жинағын түркі тілінде жазды. Онда құдіреті күшті Құдайды сүюді, оған құлдық етіп бағынуды, тақуа-сопылықты дәріптеді. «Құранды» түркілердің түсінігіне ыңғайлап насихаттайтын, өзіндік негізі бар сопылық ағымды дамытты*» деп жазған болатын.

Сонымен, түркілер тарихында олардың мәдени тұтастығына үлкен әсер еткен екі маңызды фактор – түркілік және исламдық. Түркі халықтары тарихи өткеніне назар салғанда, бұдан пайдалы тәлім, үлгі боларлық құнды өнеге алуы тиіс. Жаугершілік, аламандық қабілет, ерлік мінезді ту еткен далалық жұртшылық, түркілердің жұрағаты, осындай ерекшелігі мен қасиеті арқасында көп заман бойы айнала қоршаған елдер-

ге үрей салып, оларды билігіне бағындырып, мол олжаға батып, ұлан-байтақ жерлерде үстемдік құрды.

§4 Мәңгі Ел идеясының тарихи сабақтастықтығы

Алтын Орда дәуірі. «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады» деген еді Елбасы Н.Назарбаев өзінің Ұлытау төріндегі сұхбатында. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі».

Ұлы Даланың кіндігі – Ұлытау ежелгі түркілер империясының ел апарып қондырған мекені болғаны Моңғолиядағы Тес өзені бойындағы бітіктаста ойылып жазылған. Онда түргеш халқының «Кеңгереске» қоныстанғаны айтылған. Кеңгерестің қай жер екендігін зерттеген ғалымдар Ұлытаудағы Сарыкеңгір мен Қаракеңгір аттарында сақталғандығы туралы қорытындыға келген.

Бұл туралы ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси манифест ретінде жария еткен «Күлтегін бітіктасының батыс жақ бетіндегі 39-шы жолынан да көруге болады. Онда қара түргештерге бару үшін «Кеңгереске» бет алғаны айтылған. Бұдан «Мәңгілік Ел» идеологиясының жария етілген кезінде қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөль атқарған түргештердің Ұлытау өңірінде ел болып отырғанына көз жеткізу қиын емес. Ұлытау төрінде Елбасының айтқан ұлағатты пікірі тағлымы мол тарихты зерделеген, қазақтың патриоттық сезімін оятатын, зерделі сұхбатында «тарихтың куәгері – Ұлытау» деп қадап айтқан еді.

Дамыған ортағасыр заманында түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын одан әрі жалғастыра отырып, Ұлы Даланың иесі – Алтын Орда өзінің қол астындағы елдер мен халықтарды біріктіру мақсатында қолданған. Оны «Мәңгі Көк Тәңірі» сөз тіркестерінде «мәңгі» сөзі мен «тәңірі» сөзінің Шыңғыс ханның ресми құжаттарында жиі кездесуінен көрінеді. «Тәңірінің өзі қолдайтын, қамқорлығына алатын ел боламыз!» деген Шыңғыс ханның жарлығынан осыны байқауға болады. Алтын Орда дәуірінде «Мәңгілік Ел» құру идеясы «Мәңгі Тәңірінің күші» тұрғысында кездеседі. Сондықтан оқырмандар бұл тарихи кезеңге сәйкес деректерді «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған: Күйік ханның мөрінен, Арғұн ханның француз королі Филипке жазған хатынан және Алтын Орда ханы Өзбектің елшісін растаған құжаттардан кездестіре алады. Мысалы төмендегі Арғұн ханның хаты «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған.

Тағы да бір мысал: 1246 жылы Күйік ханның хатын саяхатшы Плано Карпини Рим папасына жеткізген. Бұл хатты 1920 жылы поляк ғалымы Кирилл Каралевский Вати-

кан мұрағатынан тапқан. Хатқа «Мәңгі Тәңірінің күші» деген сөздері бар Күйік ханның мөрі басылған және ондағы жазудың түрік тіліндеекенін Францияның ірі монголтанушысы Поль Пелльо зерттеу жүргізіп дәлелдеген.

Қазақ хандығы тұсында «Мәңгілік Ел» идеясының сабақтастығы. «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы болған Түркі мемлекеттерінің сабақтастығын хандықтар мемлекеті тұрғысында жалғастырған тұлғалар: Жәнібек пен Керей, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан соңғы Кенесары хан еді. Мысалы: «Есім ханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы» деп айтылатын осы бір қысқа ғана ауызекі нақыл сөздердің мағынасында бүкіл сол Қазақ хандығы құрған мемлекеттің «Мәңгілік Ел» мұратына жетудің жолын айшықтайды.

Тәуке хан тұсында үш бидің қатысуымен «Жеті Жарғы» жинағының шығуы да сол тарихи кезеңде заңға негізделген тұрақты мемлекет құрудың амалы болатын. Қай хан болмасын өз заманында қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оны күшейту үшін бар күш жігерлерін аямағаны белгілі. Мысалы, Абылай хан ел мен елді жақындастыру, көрші алпауыт елдермен қарым-қатынаста көрегендігімен дипломатиялық саясатты шебер жүргізе білген. Абылай басқа мемлекеттермен, әсіресе Хиуа, Жоңғар хандықтарымен қарым – қатынастары қазақ жұртының негізгі этносаяси мүддесіне сай жүргізілді. Чиң империясы тарапынан Орта Азия елдерін жаулап алу қаупі төнген кезде, Абылай Ауғанстан билеушісі Ахметшахпен байланыс орнатты. Абылай алыстағы Түркия билеушілерімен де қарым – қатынас жасауға әрекет еткен. Абылай іс жүзінде Қазақ мемлекеттігін сақтауға, дербес ел етуге күшін салды.

Қай заманда да ата-бабалардың тарихында билеушілер жанында ақылшысы, данагөй би, жырау, абыздар болған. Олар қай тарихи кезеңде болмасын елді, тәуелсіз мемлекеттілікті сақтап қалудың жолдарын іздеген, ел басқарған хандарға дер кезінде ақылдарын айтып, кеңес берген. Мысалы мемлекеттің ішкі бірлігін уағыздауда олар: жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұртының хал-ахуалын жақсарту мақсатында хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шешуді,яғни «ымыраға келу теориясын» ұсынған.

Мысалы Түрік қағанатында Тоныкөк абыз қағанға: «иелік етпесе ел де, халық та жойылар еді», яғни «халыққа иелік ету» идеясы, ал кейін қарахандар дәуірінде Жүсіп Баласағұн 1435 бәйітінде:

Бүгін, Елік, басшысысың халқыңның
Сақтап елді, парасатпен салтын құр, –

дейді, ал Асан қайғы болса Әбілхайыр ханға:

Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа! –

деп айтады.

Ал Абылайдың тұсындағы Бұқар жырау:
Ханның жақсы болмағы,
Қарашаның елдігі.
Қараша халқы сыйласа,
Алтыннан болар белдігі, –

дейді.

Бұл айтылғандардан тарихи кезең әр түрлі болғанымен идея бір – ол елдің, мемлекеттің мәңгілік болуы үшін ішкі бірлік, хан мен қара халықтың арақатынасының дұрыс болуы. Әрине, бұл қөзқарас Бұхар жырауға басқа жақтан келген жоқ. Әрбір халықтың ұлттық санасында осы халықтың сипатын, менталитетін, рухын анықтайтын базистік, табиғи элементтері бар және олар оның дүниеге көзқарасының ерекшелігін анықтайды. Міне, осыларды жинақтап айтқанда «Ұлы Дала демократиясы» институты Бұхар жыраудың көзқарасынан анық көрініс тапқан. Жырау өлеңдерінде демократиялық саяси құндылық та дәріптеледі.

Бұқар жырау тек қазақ-жоңғар соғысында ханға ақылшы болып қана қоймай, елдің көрші империялардан тәуелсіз болуына жөн сілтеген мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген тұлға. Осындай тұлғалық қасиеті оның жырларынан анық көрінеді.

Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды.Сонымен қатар, Патшалық Ресейдің қазақты нулы, сулы, шүйгінді,орман-тоғайлы жерлерінен ығыстырып, қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін, алдымен, тұс-тұстан қалалар мен бекіністер салғанын, ал мұның өзі қазақтардың тәуелсіз елдігінен айрылу қаупінің туындағанын мына өлеңінде жырлайды:

Нұрада бар Ақмола,
Есілде бар Қараөткел,
Екі өткелдің аузынан,
Қараөткелді салды, ойла!
Баянауыл, Қызылтау,

Оны да кәпір алды, ойла! ....
Кетпейін десе жері тар,
Кетейін десе алды-артын,
Қарқаралы деген тауларға,
Қарқарасын шанышты, ойла!
Ұлытау, шеті Созақтан,
Берекелі жерлерден, –

делінеді.

Жоғарыдағы жыр жолдарында кездесетін Ақмола, Қараөткел қазіргі тәуелсіз Қазақстанның Астанасы тұрған жердің бұрыңғы аттары. Бүгінде қабылданған «Мәңгілік Ел» патриоттық Актысының мызғымас Жеті тұғырының бірі – Астана екені белгілі. Жері, Астанасы тәуелсіз, азат ел болашағы бар ел. Актыда айтылғандай сонда ғана Тәуелсіздікті нығайтудың тарихи ұлы миссиясына адал боламыз.

Жыраудың дүниеге көзқарасында догматизмге, схематизмге, бір өлшемділік пен төзбеушілікке қарсы ойларды білдіреді. Бұл жерде біртекті, бір және мәңгілік бекітілген ереже жоқ. Жырау көзқарасының әлеуметтік-философиялық тамыры адамдардың өзгеріп жатқан жағдайларға оңтайлануға ұмтылысында жатыр. Осы ретте Бұқар жырау билеушіге Ұлы Дала демократиясының идеалды үлгісін құру, басқа басқару нысанымен салыстырғанда оның артықшылығын көрсету, демократиялық идеалды жүзеге асырудың жолдарын саралау болып табылады.

Бұхар жырау өлеңдеріндегі басты категория – тәуелсіздік. Мәңгілік Елдің де мұраты тәуелсіздік. Бірақ Бұқар жыраудың көзқарасында тәуелсіздік – абстрактілі емес, нақты сипаттағы категория. Сонымен, қорыта келгенде Бұқар жырау Қазақ хандығы тұсында қазақ мемлекеттілігін мәңгілік ету үшін күрескен, оны көшпелі халыққа ең оңтайлы жолмен, яғни жыр-толғаулар арқылы жеткізе білген данагөй жырау. Оның жырларының идеясы қазіргі таңда ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» болып отырған қазақ мемлекетінің тәуелсіздігінің баянды, тұрақты болуы үшін де өзекті.

Абылай хан о дүниелік болары алдында Бұқар жыраумен қоштасып жатып: «Қанша жыл өмір сүріп, жасағанымнан не пайда, қазақтың арқасын тамға, аузын нанға сүйегенім жоқ, бұл – бір. Ақбозаттың құнын ер құнына теңегенім жоқ, екі. Мылтығымның құнын екі ердің құны дегізгенім жоқ, ұста мен етікшінің құнын қатын құнымен бір бәс қылып, жарты құн дегізіп кесім кестіргенім жоқ, мұным үш. Осы үш арман бойымда кетті» деген екен. Абылайдың осы үш арманының аржағында үлкен философиялық ой, даналық тұжырым бар. Бұл жерде оның қазақтың басын біріктірсем, яғни мәңгілік ел қылсам дегенін, ел болашағын тереңінен ойлағанын пайымдатады.

Абылайдың мұраты келешекті кемелдікпен болжап, мемлекетті бір орталықтан басқарып, елді өркениетке жақындату еді. Тарихи деректерге сүйенсек, халыққа егіншілік пен балық аулау кәсібін үйретуге, тары сепкізуге қарақалпақ диқандарын әкелуі, орыс ағаш шеберлерін алғызып, Есіл өзеніне тақау Жаңғызтауда ағаш үй, Қызылжарда хан сарайын, Таласта қала салғызуы т.б. игілікті істері – елді өркениетке жұмылдыруының, яғни «мәңгі ел» идеясы сабақтастығының жарқын үлгілері.

Қазақ хандығы мемлекетінің тұрақты дамуында билер институтының маңызы өте зор болды. Себебі билер институты қоғамдық күштердің арасалмағын теңдестіруші механизм рөлін атқара отырып, қоғам дамуындағы бүкіл саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеп отырды. Сонымен бірге, қазақ қоғамындағы билер институтының ерекшелігі сонда, ол мемлекеттік басқару институттарымен тығыз байланыса келіп, билеушілер мен бұқара халықтың белгілі бір саяси-әлеуметтік құндылықтар төңірегінде топтасуын қамтамасыз етті. Қазақ хандығы тұсында «Алаш» осы «Мәңгілік Ел» мұратын жалғастырған идея болды. Қазақ тарихын зерттеуші американ тарихшысы Марта Олкотттың: «Осындай ұлан-ғайыр жерге иелік ету оларға оңай болмаған. Сондықтан бір Алаштың баласымыз деген ой-тұжырым тамаша идея болды. Себебі осы идея қазақтардың басын қосты» дегені белгілі.

Сондықтан Қазақ хандығы дәуіріндегі мемлекеттік идеологияның жаршысы және оны жүзеге асыруға билік пен қара халықты жұмылдырушы күш ретінде билер институтының рөлін оқып – үйренулері қажет. Бұл тұрғыда, әсіресе, Тәуке хан тұсында өмір сүрген қазақтың үш биі: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің іс-қызметі туралы деректік материалдар жеткілікті екендігі белгілі. Сонымен, Қазақ хандығы тұсындағы идея сабақтастығын оқырмандар сол замандағы хан, би, жыраулардың іс-қызметі мен ел, жер және тәуелсіздік туралы нақыл сөздері және жырлары арқылы оқып, зерделеуіне болады.

Тұжырымдар: – Орта түрік дәуірінде биліктің қайнар көзі дінге негізделді. Түркілер Тәңірі билігін тікелей емес, қағандар арқылы жүргізеді деп сенген. Түркі қағаны да өзін Тәңірі тарапынан тандап алынған, күш пен қабілеті мол адам ретінде кабылдайтын болған. Тәңірі түркі әміршісіне берген құқық, саяси күш (құт), ұлылық, бедел және күш деп білетін. Түркі қағаны Тәңіріден алған саяси күшпенен қазақ сахарасында өмір суретін ұлт пен ұлыстарды жөнге салған еді. Тәңірі сыйы болған осы күш осылайша харизмалық ерекше күшіне ие болды.

– Орта түрік дәуірінде ғұламалардың ортақ бір проблемасы – «мәңгілік» мәселесі болды. Әл-Фараби ортағасырлық түркі– мұсылман елінің тарихи шындығы мен өзіне дейіңгі іргелі философтар Платон мен Аристотель ілімдеріне сүйене отырып, мәңгіліктің философиясын жасады. Ол әлемнің мәңгілігін тұрақты түрде және жүйелі дәлелдеуге

тырысты. Әл-Фарабидің ойынша әлем өзінің мәні тұрғысынан құдайдың творчестволық әрекетіне қарағанда екінші, бірақ бұл тұжырым уақыт жағынан сәйкеспейді. Сондықтан әлем құдаймен мәңгі бірлікте. Уақыт қозғалыспен мәңгілік бірлікте дей отырып, ғалым уақытты қозғалыстың сипаты ретінде қарастырады. Ғалымның мәңгілік теориясы әлемнің жаратылысы туралы діни ағымдарға қарсы бағытталды.биліктің қайнар көзі дінге негізделді.

– Түрік халықтарының ортақ рухани мұралары ислам жәдігерлерімен көп байланысы бар. Исламның түрік мәдениеті ортасына келуі, орнығуы бірнеше ғасырлар бойы жалғасқан. Бұған көп еңбек еткен түрік ғұламалары болған. Діни ғылым, біліммен қатар келіп, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи тәрізді ғұламалар мол қазына қалдырды. Түріктің Қарлық-Қарахан мемлекетінде ислам мемлекет дініне айналды. Исламға дейін түрікте қаншалықты өзіне тән рухани құндылықтар, әдет-ғұрыптар, салт-санасы, дүниеге деген ерекше көзқарасы болса, исламның таралуымен жақсы дәстүрлер молая түсті.

– Түрік халықтарының ортақ рухани мұралары ислам жәдігерлерімен көп байланысы бар. Исламның түрік мәдениеті ортасына келуі, орнығуы бірнеше ғасырлар бойы жалғасқан. Бұған көп еңбек еткен түрік ғұламалары болған. Діни ғылым, біліммен қатар келіп, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи тәрізді ғұламалар мол қазына қалдырды. Түріктің Қарлық-Қарахан мемлекетінде ислам мемлекет дініне айналды. Исламға дейін түрікте қаншалықты өзіне тән рухани құндылықтар, әдет-ғұрыптар, салт-санасы, дүниеге деген ерекше көзқарасы болса, исламның таралуымен жақсы дәстүрлер молая түсті.

Әдебиеттер:

Акатай С. Великий Коркыт и его учение // «Қорқыт Ата» энцикло-педиялық жинақ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1999. – 799-б.

Артыкбаев Ж.О. Кимакский топононим на территории Среднего Прииртышья (опыт этимологического анализа топонима «Кереку яр») // Историко-культурное наследие кимаков и кипчаков. – Павлодар, 2006. – Т.2. – С. 168-176. (Серия «Кочевники»).

Әл-Фараби Әбунасыр. Таңдамалы трактатары. Алматы. «Арыс», 2009.

Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескеркіштерінің жинағы// «Қазақстан тарихы VIII-XX ғғ түрік тілді деректерде» атты сериясы бойынша. II том. – Алматы: Дайк-пресс, 2005.

Бұқар жырау Қалқаман ұлының жырлары.Senkazakh.com, 26.

Древнетюркский каганат: становление и развитие государственности. VI-VIII вв. – Алматы: АЭСА, 2007. – 292 с.

Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты Білік.Алматы. «Өлке», 2006.

Құнанбаев А. Толық шығармалар жинағы. Алматы 1961.

Марғұлан Ә. Ежелгі қазақтың тайпалары және Қазақ хандығының құрылуы, Алматы: «Көне Тараз» қоғамдық қоры, 2015. – 275-б.

Машани А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1994.

Назарбаев Н. Жылдар мен ойлар. – Алматы: «Кітап баспасы», 2013.

Назарбаев Н. Тәуелсіздік толғауы. baq.kz › АРХИВ › Президент

Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, «Күлтегін», 2007.

Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы – Алматы, 1996.

Сыздыков С.М. Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және тарихи – мәдени мұралары. – Астана, «Фолиант», 2015. – 328 б.

Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ) Алматы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. – 799-б.

Сұрақтар:

Дүниетаным деген не?

Дүниетаным жүйесінің негізін қалайтын факторларды атай аласыз ба?

Ғылыми дүниетаным негізіне не жатады?

Дүниетаным және ұлттық идея арақатынасын қалай сипаттауға болады?

Күлтегін жазба ескерткішіндегі «Мәңгі Ел» сөздері қандай саяси оқиғаларға байланысты айтылған?

Әл-Фараби «мәңгілік» философиясын қай шығармаларында зерттеген?

Ж. Баласағұнның «Құтты Білік» дастанында қандай мемлекеттік мәселелер қарастырылған?

Түркілер құрған ортағасырлық мемлекеттің идеологиясы қалай аталған?

Түркі дәуірінің мемлекетшілдік дәстүрінің идеологиялық құжаттары туралы қандай тарихи мқраларды білесіз?

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұралары мен ауызша тарихында айтылатын түркі заманының қандай идеология кемеңгерлері аталады?

Түркі-исламдық симбиоз мәселесінде қандай идеологиялық құндылықтар бар, оларды қалыптастырып дамытқан қандай тұлғаларды айта аласыз?

Мәңгілік идеясының түркі қағанаты заманында қоғамдық санада өзекті мәселе ретінде шарықтауының қандау тарихи белгілері бар?

Түркі дәуірінің тарихи ой-санасындағы кешенді сипаттар қандай мәдени мұралардан байқалады және олар қандай білім салаларын қамтыған?

Ұлы Дала елі туралы Елбасы Н. Назарбаев не айтты?

Алтын Орданың «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы қандай деректік құжаттардан көрініс тапты?

Қазақ хандығы тұсында мемлекеттік идеологиясы қандай болды?

«Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының тарихи сабақтастығын қалай түсінесің?

Тапсырмалар:

1. Қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуын кестеге сал.

2.Дүниетаным ұлттық идея қалыптасуының алғышартын әңгімелеп бер.

3. Ортағасырлық Түрік Қағанаты мемлекеттік «Мәңгілік Ел» идеологиясының қалыптасуы туралы эссе жаз.

4. Ж. Баласағұнның «Құтты Білік» шығармасындағы түркілердің Ата заңының қағидаттары туралы реферат даярла.

5. М. Қашқари картасы негізінде түркілік дүниетаным, оның географиялық, тарихи, лингвистикалық, мәдени-аймақтық белгілерді суреттеп шығыңыз.

6. Қожа Ахмет Ясауи рухани мұрасының дүниетанымдық және түркілерге тән құндылықтар жүйесін қалыптастыруына байланысты эссе жазыңыз.

7. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи сабақтастықта дамуы туралы баянда.

8. Қазақ хандығының Алаш ұраны туралы мағынаны ашып бер.

ҮШІНШІ ТАРАУ
ҰЛЫҚ – ҰЛЫС ДӘУІРІ

Қазақ хандығы кезеңінде қазақ билері, батырлары мен хандарының өсиет сөздерінде айтылатын қазақтың қасиетті жерлерін, Отанды қорғау идеясы мен дәстүрі жалғасқан. Қоғамдық сана және дүниетаным түріндегі өлкетануда, ономастикалық дәстүрлер мен фольклорлық мұраларда мыңжылдық тарихы бар қазақ тілінің бай лексикасы жатыр. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деп айтылған.

Танымал ортағасырлық тарихшылар Рашид-ад-дин мен Әбілғазы Баһадүр хан түрік генеалогиясының энциклопедясын жасады. Асан Қайғы туралы тарихи аңыз-әңгімелерде тарихи-мәдени қорық аумағы – елдің сарқылмас қоры ретінде «Құтты Қоныс-Жеруйық» идеясы бейнеленген.

Қазақстан – бай рухани тарихы, кең байтақ жері бар ел. Бірақ халықтың осы бір рухани географиялық белдеуде ешқашан байланысы үзілмеген. Бүкіл тарихында қасиетті жерлері мен рухани мұралары: ескерткіштер, ғимараттар, құрылыстар маңызды мәдени көзқарас тұрғысынан құрылған. Қазақстан үшін бұл аса маңызды. Ұлттық санада Ұлытау айналасындағы ескерткіштердің біріккен кешені мен Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштері мен Бекет-Ата мазарын, Шығыс Қазақстанның ежелгі кешендері мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру маңызды. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің, белгілі бір құндылықтарының, мәдени символдарының, өзіндік дара ұлттық символикасының мызғымас негізін құрайды.

Қазақстанның қасиетті ескерткіштері мемлекеттік деңгейде жалпы ұлттық мағынаға ие және қазақ халқы үшін өте құнды болып келеді де азаматтық, қаһармандық ерліктерінің, бірлігінің және қайта жаңғыруының, ұлттық жадының нышаны болып табылады. Олардың қатарына төмендегі қасиетті әрі киелі тарихи-мәдени нысандар жататыны белгілі, соның ішінде: – ата-бабаларымыздың мифологиялық әлем көрінісінде ерекше қадірленетін және Жер мен Су құнарлығы нышандарымен байланысты атаулары аңызға айналған Қазақстанның қайталанбас экоортасының бірегей үңгір, тау, орман, бұлақтары мен өзендері сияқты табиғат ескерткіштері; – ежелгі адамдардың көне қоныс орын-

дары, ежелгі мәдениет іздері қалған, петроглифтер, көне қалалар мен қала орындары, бекіністер, егіндіктер мен жайылмалы жерлер, қорықтар, арықтар мен керуен жолдары сияқты археологиялық ескерткіштер; – арғы түріктік, жалпы түркілік тұтастық кезеңдерден бастап, Қазақ хандығы заманынан XX ғасырға дейінгі уақытта өмір сүріп, *әулие* феноменімен байланысқан ежелгі және ортағасырлық бірегей тұлғалар туралы аңыздар қалыптасқан орындар, зиярат етілетін діни және ғибадат объектілері. Тарихи байырғы ата қонысты жерлер – Алтай-Ертіс, Жетісу, Сарыарқа, Маңғыстау, Сыр, Еділ-Жайықтың қасиетті аумақтарын қамтиды.

§1 Ұлық-Ұлыс мемлекеті қалыптасуындағы идеологиялық негіздер

Қазақ мемлекеттілігі өз бастауын ежелгі және ортағасырлық саяси құрылымдардан алғанымен де нақты жүйені және басқару институттарын Жошы ұлысынан алады. Кейінірек Еуразиялық алып империя Алтын Ордаға трансформация жасаған бұл ұлыс Қазақстан тарихының ең бір сүбелі кезеңі болып табылады. Қандай да болсын мемлекет өзінің алдындағы негізге, тәжірибеге, қалыпты жұмыс істейтін институттарға сүйенеді. Бұл негізгі шарттар болмаған жағдайда мемлекет құру өте күрделі, тіпті мүмкін емес шаруа. Осы жағынан келгенде Қазақ хандығының пайда болуы жалпы мемлекет генезисін нақты анықтауға мүмкіндік береді деген пікірдеміз. Бұл құбылысты анықтау үшін қазақ ауызша дәстүрінде сақталған «Алаша хан – Жошы хан» аңыздарын талдау аса маңызды болмақ.

Қазақ шежіресіндегі Жошы ханның ата-тегі туралы мәліметтердің моңғол жылнамалары мен шежірелеріне (топчы) негізделген ресми тарихнамадан елеулі айырмашылығы бар. Моңғолдың «Құпия шежіресі» Бөрте ханымның жау қолына түсу оқиғасын және одан құтқарылғанын өзгеше суреттейді және Шыңғыс хан мен Жошы арасында келіспеушілік пен реніштің болғанын да жасырмайды.

Жошы хан туралы қызықты әңгімелердің бірталайы Шығыстың белгілі тарихшыларының шығармаларында кездеседі. Әл-Джузджани былайша жазады: «Туши (Жошы хан) Шыңғыс ханның үлкен ұлы еді. Ол ерекше батыл, жаужүрек, нағыз ер және жауынгер болды. Оның қабілеті мен күшінің орасан болғаны сондай, тіпті одан әкесінің өзі де сескенер еді. Хижраның 615 жылы (1218-1219 жж.) хорезмшах Мұхаммед Иемектің (Кемек – *авт.*) иакафтанының ұлы түркістандық Қадырға бағынышты тайпаларды қырып-жоймақ болып жорыққа шыққанда Тамғаштан (Шығыстан – *авт.*) аттанған Туши (Жошы) да осы өлкеге келіп қалған еді, сөйтіп хорезмшахтың әскерімен тәулік бойы соғысты...».

Тарихи деректерге көңіл қойсақ хорезмшах пен моңғолдар арасындағы бұл соғыс Торғай даласында болған сияқты. Арқаның оң қанатына хорезмшах әскері қимақ (кемек) тайпаларын шаппақ ниетпен келсе, моңғолдар өздеріне жау болған найман мен меркітті қудалап келген. Шыңғыс ханды мойындамай, оған қарсылық көрсеткен тайпалар аз емес, солардың ішінде қуаттысы да, қайсары да әсіресе наймандар болатын. Шығыстың ұлы тарихшысы Әбілғазы қазақ даласында болған осы оқиғаны майын тамыза, әдемі әңгімелейді:

«Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан Түркістан маңында отырған, кезінде Күшлікпен бірге болған рулардан жиналған халықты бағындыруға аттанды. Ол кезде Сұлтан Мұхаммед Шыңғыс ханның өзімен соғысуға аттанғанын есітіп, әскер жиып, Самарқантқа келіп еді. Сол жерде Жошы хан Түркістан тарапындағы елдерді шапты деген хабар алып, тездетіп сол жерге аттанды. Жолда Қабыл мен Қамаж деген екі судың арасынан көп өліктерді ұшыратты, арасынан тірі қалған бір адамды тауып, хабар сұрады. Ол айтты: «Жошы ханның біздің жерімізге келгенін есітіп, одан қашып шығып едік. Жошы әскері бізді осы арада қуып жетіп, қырып, көбімізді айдап, кейін қайтты». Бұл хабарды есітіп, Сұлтан Мұхаммед Жошы ханның әскерінің артынан қуып, ертесі күні оған жетті. Жошы хан Сұлтан Мұхаммедтің қуып жететінін көріп, бектермен ақылдасты. Олар: «Шыңғыс хан бізді Сұлтан Мұхаммедпен соғысуға жіберген жоқ, шап деген елдерін шаптық. Жау көп, біз азбыз, сондықтан біз жүре берейік, егер бізді қуып, азғана әскер жетсе, онымен соғысайық», – деді. Сонда Жошы хан тұрып: «Ертең елге барғанда әкеме, ағаларыма не айтамын? Алыстан жауды көріп қаштық деймін бе?» – деді де, бектерінің сөзін тыңдамай, жаумен соғысуға дайындалады. Жошы хан алдыңғы әскер тобымен Сұлтан Мұхаммед әскеріне қарсы бірнеше шабуыл жасап, тушыға дейін жетіп, Сұлтан Мұхаммедтің қалқанын үш рет шапты. Шах әскері кері шегінуге жақын еді, осы кезде сұлтан Жалел-ад-дин үлкен тапқырлық және ерлік көрсетіп, оны жеңілуден сақтап қалды. Соғыс кешке дейін созылды. Кеште моңғолдар өздерінің шебінің бойында от жағып, өздері шегініп кетті. Таңертең Сұлтан Мұхаммед әскері моңғолдардың түнде кетіп қалғанын біліп, өз ауылдарына қайтты».

Бұл шайқастың уақытын анықтауда тарихшылар арасында қайшы пікірлер бар. Моңғолдардың хорезмшах әскерімен қазақ даласындағы алғашқы шайқасы 1216 жылы болған сияқты. Екінші қайшылық соғыстың себебі. Біздің пікірімізше Джузджани дерегі дұрыс болуы керек, хорезмшах әскері мен далалық тайпалар арасында жаугершілік жиі болып тұрған. Қаңлы, қыпшақ тайпаларының Хорезм еліне, оның басшыларына әсері тек қолдау тұрғысында болды деуге дәлел аз. Үшінші бір даулы мәселе шайқастың болған жері. Біз Түркістанның солтүстік алқабы деген ұғымға Торғай – Ұлытау даласын сиғызамыз. Сонымен Жошы хан қазақ даласының жүрегі саналатын, қасиетті

қара орын, Алаша хан мен Уыз ханға қоныс болған Ұлытау өлкесіне алғашқы рет 1216 жылы Шыңғыс хан билігін мойындамаған найман мен меркітті қуып келді, осы жерде қимақ-қыпшаққа қарсы аттанған хорезмшах әскеріне алғаш күшті соққы беріп, әулетті өмірдің аптығын басып, сағын сындырды.

Осы баяндалған оқиғадан кейін Шыңғыс Орта Азияны, немесе сартауыл жерін басып алуға дайындықтар жүргізе бастады. Шыңғыс хан елшілерінің Отырар қаласында өлтірілуі орта ғасыр тарихының жылнамасына жақсылап тұрып енген үлкен соғыстың өртін бұрқ еткізді. «Құпия шежіреде» (Ныгуча тобчыйан): «*Бұдан соң Чингис хаган сартауыл еліне жіберген Чухуна бастаған жүз елшісі өлтірілгенін естігенде: «Алтын арқанымызды сартауылдарға қидырып, қол қусырып отырамыз ба? Чухуна бастаған жүз жігітіміздің кегін қайтарып, сартауылдармен соғысып, егеске қысас істеп, соғысайық деді...Тышқан жылы (1219) қатынының ішінен Чингис хаган Хулан деген ханымын ертіп, бауырларының ішінен Отчигин ноянды үлкен сарайда қалдырып, Арай асуынан асып, сартауыл елімен соғысуға аттанды. Ең алдымен Зевті жүргізеді. Артынан Сүбедейдің айдарлы Тогочарын жүргізеді. Бұл үшеуін жүргізерде: Сұлтан хаганның өлкесін шеттей жүріп, арғы жағынан шығып, біз барғанда келіп қосылыңдар дейді...*» . Монғол шежіресіне қарасақ баһадүрлер Жебе, Сүбедей және Тоғычар бастаған әскердің алдыңғы бөлігі Орта Азияны солтүстіктен, яғни қазақ даласы арқылы айналып өтіп, Хорезмшахтың сыртынан шыға келеді, бұл айла Шыңғыс ханның Орта Азияны жаулап алуды сәтті аяқтауына негіз болды. Оның қолбасшылары ізін білдірмей дұшпанының жұртын қақ жарып Бұхара, Семізкенд (Самарқан) қаласын т.б. Хорезмшах әскерінің негізгі бөлігінен бөліп тастады. Жаудың қоршауында қалған Хорезмшах Текеш баласы Жалел-ад-дин басқарған хорезм әскері моңғолдардың ұдайы соққысынан оңтүстікке қарай шегіне-шегіне Солтүстік Үндістаннан бірақ шықты.

Парсы тарихшысы Джувейнидің айтуына қарағанда Шыңғыстың көзі аман тұрған кезінде солтүстігі ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі Хорезм өлкесі, шығысында Алтай бастап, батысында Бұлғар, Сақсин жерлеріне дейінгі алып дала, одан әрі моңғол атының тұяғы жетеді-ау деген өлкелер Жошының үлесіне тиді. Осы ұлан-ғайыр ұлыстың орталығы, хандар мекені Ұлытау болды. Өтеміс қажы өзінің «Шыңғыс-намэ» кітабында Жошының Ұлытауға келуін былай суреттейді: «Жошы хан оның үлкен ұлы болатын. Ол (Шыңғыс хан) (Оған) көп әскер беріп аттандырып: «*Сенің жылқыларыңның жайылымы болсын» деп, Дешті-Қыпшақ уалаятына тағайындайды. (оған) Хорезм уалаятында береді. Иошы хан Дешті-Қыпшақ уалаятына аттанып, Ұлыг-тағқа жетеді*».

Жошы Шыңғыс ханға жақын адамдардың ішінде Дешті-Қыпшақпен ертеден байланысы болды деп айтуға аламыз. Оның да өз себептері мен мысалдары бар. 1207 жылы

Жошының Оңтүстік Сібір өлкесін бағындырғаны белгілі:. «*Зучи ойрад, бүйрад, барга, урсуд, хабханас, ханхас, тува тайпаларын қоса түмен хәргис жеріне жеткенде... Чингис хаган Зучиге: Ұлдарымның үлкені сен, үйден алғаш рет шығып, жолың құтты болып, барған жеріңде адам мен ат шығындап қинамай, бақытты орман жұртын бағындырып келдің. Осы жұртты саған бердім деп деп әмір етеді.*» Егер тарихи деректерді терең сараптасақ Дәшті Қыпшақ аталатын алқаптың бір шеті Сібірдің орманды даласы, қыпшақтардың өзінің шыққан жері.

1206 жылы киіз туырлықты көшпелілер Онон жағасына құрылтайға жиналып, «тоғыз сирақты ақ ту көтеріп», Темучинді Моңғол империясының ұлы ханы, яғни Шыңғыс хан атағымен билеуші етіп көтерді. Осы құрылтайдан кейін Шыңғыс хан Алтайдың күнгейінде әлі де найманның атамекенін қайтарып алуды ойлап жүрген Бүйрық ханға жорыққа аттанады. Шын мәнінде мемлекеттік билік моңғолдарға наймандардан көшті, енді соның бұрыңғы иелерін түгел құрту керек еді. Бүйрық хан бұл кезде ештеңеден хабарсыз Ұлық тау қойнауындағы Сақсу өзенің бойында аз адаммен аң аулап, сейіл құрып жүрген еді. Қас қылғандай нөпір әскер дәл оның үстінен түседі де, тұтқынға алынып, ата жауы сол жерде оның басын қағады. Оған паналап жүрген Күшілік аман қалған елді ертіп Ертіске қарай қашады. Алайда Шыңғыс хан наймандарға бұл жерде де тыныштық бермейді. 1208 жылы Ертіс жағасында наймандар мен меркіттердің бірлескен күшін тас-талқан қылады. Жоғарғы Ертіс бойындағы шайқастан кейін найман тайпаларының қалдығы Жетісуға қарай босты.

Орта Азияны жаулап алу (1219-1222) барысында Үргеніш түбіндегі соғыс Жошы хан мен інілері арасындағы жанжалды одан әрі ушықтырып жіберді. Ханзадалар алғашында Хорезмшах астанасын жан-жағынан жылдам-ақ қоршап алған болатын, бірақ қаланы алу барысында әбден кетісті. Шағатай Жошының айтқанымен жүрмек түгілі, оның әр ісіне қарсы болып, барлық шаруаны тежеп отырды. Осы жағдайды естіген Шыңғыс хан балаларын өзіне шақырып, билікті Үгедейге тапсырды. Бір жағы Шағатайдың қылығына, екіншіден, әкесінің билікті Үгедейге жығып бергеніне наразы болған Жошы қош айтпастан Дешті-Қыпшақ даласына кетіп қалды. 1222-1223 жылдары біз Жошы ханды Шығыс Дешті-Қыпшақтың орталығы Ұлытау маңында көреміз. Қаракеңгір өзенінің жағасында, Жошы күмбезінің жанында, археологиялық әдебиетте Жошы ордасы аталып жүрген орта ғасырлық қалашық орны жатыр.

Орталық Азияны жаулап алу барысын суреттеген шығармаларда Жошы аты ылғи да Дешті Қыпшақпен қосарланып жүреді. Бұл оның осы ұлан-байтақ өлкемен тығыз қарым-қатысы болғандығынан-ау деп ойлаймыз. Джувейни жазады: «*Шыңғыс хан сол қыста (1222-1223 жж.) Самарқанд маңына келіп, өзінің Дешті-Қыпшақтағы үлкен ұлы Тушиге (Жошыға) хабаршы жіберіп, аң қуып, оның ішінде жабайы есек (әңгіме құлан*

не тарпаң жөнінде болуы керек – авт.) атып қызықтауға келіп кетсін деп хабаршы жіберіп арнайы шақыртты...

Фенакент (Сырдария) өзенінің маңында барлық ұлдары жиналып құрылтай өткізіп, ол жерден шығып Құланбасына (Шу өзеніндегі Бесқұлан өткелі болса керек – авт.) келді. Қарсы жақтан әкесіне сәлем беріп, тағзым етуге Жошы да келді. Әкесіне әкелген сыйының ішінде 20 мың ақ боз ат бар еді».

Шыңғыс ханның 1222 жылы қыста жіберген хабаршысы Жошыны Ұлытаудан жолықтырып әкесінің шақыруын жеткізді. Жылдар өткен сайын Жошы хан Арқаның ғажайып кең-байтақ даласына, ерлік және азаматтыөқ дәстүрлеріне бауыр баса берді. Алаша хан заманын есте сақтаған, ертеден осы өлкені қоныс қылған тайпалар мен рулар, олардың сайыпқыран көсемдері Жошы сияқты мықты, кемеңгер тұлғаға үлкен үміт артты деуге болады. Осылайша әкесі мен баласы, яғни Шыңғыс пен Жошы арасы айрылды: «*Шыңғыс ханның үлкен ұлы Туши, қыпшақ жерінің ауасы мен суын көргенде, әлемде бұл жерден артық жер, ауасынан артық ауа, суынан тәтті су, жайылымынан кең жайылым жоқ деп тапты – деп жазады Джүзджани, – ол әксіне қарсы шығуды ойлай бастайды, ол өзінің маңындағыларға «Шыңғыс ханның есі ауысты, ол қаншама халықты қырып, қаншама патшалықты қиратты».*

Міне, осы уақытта ұлы даланың құдыретті уақытын, Алаша мен Уыз замандарын аңсаған қариялар билеуші әулет генеалогиясына редакция жасап Жошы ханның тегін Алаша ханнан тарата бастады. Біздің пікірімізше қазақтың шежіреші қариялары Жошы ханның шығу тегін, ата-бабасын нақты біле отыра, қазақ мемлекетінің билеуші әулетінің құқықтық және сакралді маңызын сақтап қалу үшін, оның генеалогиясына түбегейлі өзгерістер енгізген. Осылайша Жошы хан, атағы жер-жаһанға жайылған, Моңғол империясының негізін салушы Шыңғыс ханның үлкен ұлы емес, қазақтың бірінші ханы, мифтік қаһарман Алаша ханның баласы болып саналады. М.-Ж. Көпейұлы жинақтаған және түсініктемелер жасаған «Қазақ шежіресіне» назар аударайық:

«*Алаша хан екі қатын алған кісі дейді. Үлкен қатынынан бала тумай, кіші қатынынан 70 жасқа келгенде бір бала туып, атын Жошы хан қойған. Шыңғыс ханның Жошы деген бір баласы болған екен. Сол Жошыдай болар ма екен деп».Шежіренің осы фрагментінен қазақтың Жошы Шыңғыс ханның баласы екендігін біле отырып мемлекет мүддесі үшін оның тегін Алашаға сабақтағанын көреміз. Біздің тарихи аңыздардың көпшілігі Жошы хан есімін бәрімізге маглұм «Құлан қырғыны» оқиғасымен байланыстырады:»Алаша ханның жалғыз баласы Жошы бала күнінде аңға шығып, аты құланмен елігіп-желігіп, бала атына ие бола алмай, аттың басын тоқтата алмай жығылып, ат сүйретіп өлтірген. Қасында бірге шыққан жігіт-желеңі ел бетін көре алмай, қашып зым-зия жоғалып кеткен. Аңға кеткен бала келмеген соң хан да, жұрт та түйсінген...».*

Шығыстың ұлы тарихшысы Рашид-ад-динде әкесі мен баласының араздығы туралы жазады, бірақ олардың арасындағы жаулықты, Жошы ханның Қарақорымға келуден бас тартуынан деп түсіндіреді. Жошы хан үлкен ордаға бармағаным қатты ауырғандықтан десе, Шыңғыс хан: «Жошы қарсылық көрсетті, әкесінің сөзіне құлақ аспайды» деп қатты ашуланады. Қалай болса да Жошы не 1225 не 1226 жылдың басында қайтыс болады. Орта ғасырлық анонимдік шығарма «Шаджарат-ал-атракта» Жошы ханның өлімін маңайындағы уәзірлерінің Шыңғыс ханға жеткізе алмағандығы, осы ауыр хабарды жеткізу үшін Кетбұқа-жыршы келгені айтылады. 1226 жылдың жазында Жошының өлімін Шыңғыс ханға Кетбұқа домбырамен жеткізеді:

Алаша хан, Жошы хан,
Атқан құлан жосыған,
Дәл кездесті осыған.
Құлан теуіп өлтірді-ау,
Бұйрығын ақтан келтірді-ау!

Бұл жырдың толық нұсқасы орта ғасырлық «Шаджарат-ал-атрак» атты шығармада келтірілген. Жошы ханның өлімін маңайындағы уәзірлерінің Шыңғыс ханға жеткізе алмағандығы туралы баяндайды. Барлық әмірлер кеңесе келіп, осы ауыр хабарды жеткізу үшін Ұлық-жыршыны көндіреді. Шыңғыс хан жырла деп бұйрық бергенде, Ұлық жыршы түрік жырын айтады:

Теңіз баштан бұлғанды кім тұндырар? А, ханым?
Терек түппен жығылды кім тұрғызар? А, ханым?

Шыңғыс хан жауап ретінде:

Теңіз бастан бұлғанса тұндырар ұлым Жошы дур,
Терек түптен жығылса тұрғызар ұлым Жошы дур, –

дегенде Ұлық жыршы өз сөздерін екі қайталап, көздерінен жас ағады. Шыңғыс хан сонда айтты дейді:

Көзіңнің жасын шоқұртыр көңілің толды болғай ма,
Жыры көңіл өкіртер Жошы өлді болғай ма?

Ұлық жыршының Шыңғыс хан сұрағына берген жауабы:

Сөйлемеске еркім жоқ? Сен сөйледің, а, ханым!
Өз жарлығың өзіңе жаб ашу ойладың, а, ханым!

Сонда Шыңғыс ханның жылап отырып айтқаны:

Құлынын алған құландай құлынымнан айрылдым,
Айрылысқан аққудай ер ұлымнан айрылдым!

Осы оқиғадан кейін Кетбұқа ноян Қарақорымдағы ордада ханзадаларды тәрбиелеу ісімен, яғни аталық қызметімен айналысты. Бұл кезеңде Шыңғыс хан құрған империя бүкіл Еуразия аймағын қамтыды және жылдар бойы жаугершілік соғыстар жүргізді. Соның бір бағыты Батыс Азия, яғни Мысырға дейінгі аймақ болатын. 1230 жылдардан бастап моңғол әскерлері бұл жаққа бірнеше рет жорыққа шықты, ал нақты орнығу Кетбұқаның тікелей басшылығымен жүрді. 1251 жылы Батудың қолдауымен Шыңғыс тағына Төленің ұлы Мөңке қаған сайланды. Хижраның 646 жылы, григориян есебімен 1251 жылы Иран және онымен жапсарлас өлкелердің империяның атынан сайланған әкімі әмір Арғын аға Қарақорымда шақырылған Ұлы Құрылтайға келіп Мөңке алдында қабылдауда болды. Құрылтайда Мөңкенің інісі Хулагуды Иранға аттандыру туралы шешім қабылданды. Мөңке қаған Хулагудың қасына елдің салтын, дәстүрін, ислам шариғатын білетін ғұлама, тәжірибелі әрі сенімді кеңесші ретінде керей, найман, қыпшақ, қоңырат, жалайыр, қаңлы әскерлерінің табынатын көсемі Кетбұқа ноянды ұсынды. Алпысты алқымдаған қызбалығы жоқ мәмігерлік тәжірибесі мол, Шыңғыс ханды да Жошыны да көзі көрген бұдан артық адам табыла қоймайтын. Құрылтай бекітті, ал ол шешімге қаған өзі де қарсы тұра алмайтын.

Алаш ұлдары моңғолдардың дәстүрлі жерлеу салтын бұзып, Жошы ханға керемет күмбез тұрғызады. Ол Жошы ханның ордасы сол жердегі қалашық жанында орналасқан. Уақыт салмағымен бұзылған бұл қалашықтың қалдық орыны, даланың ұлы билеушілерінің бірінің даңқын еске түсіреді.

Қазақ шежіресінде Жошы хан дәуіріне байланысты қайғылы, аянышты сарындарға толы аңыздар аз емес. Оның ішінен біз үкілеген үмітті де, сағыныш пен аңсауды да, орны толмас өкінішті де аңғарамыз. Моңғолдың төл шежірелері Шыңғыс ханға аса көңіл бөледі де, оның балалары туралы сараң. Оның есесіне қазақтың шежіресі Жошыны аса бір көңілшектікпен, іштегі бір зар-өксікпен суреттейді. Біздің пікірімізше сол заманды да осы контексте бағалауымыз керек болар. Жошы атының қазақ руханиятында алған

орыны Ұлы дала империясын құрамыз, төл мемлекетімізді жаңғыртамыз деген Арқа көшпелілерінің үмітіне теңбе-тең.

Жошы заманында Ұлытау қайта жаңғырды. Осынау байтақ өлкеде ерте заманда билік жүргізген Алаша мен Уыз хандардың аруақтарын ел еске түсіріп ұлы астар өткізді. Сарысу бойлай оңтүстікпен солтүстікке тартатын меридионалды жол бойында жаңа қалалар бой көтерді, сауда керуендері жүрді, ел мен ел араласты. Алаш ірге тасына негізделген Жошы ұлысы аталатын мемлекет дүниеге келіп, аз уақыт болса да өзгеден алапаты асты. Жошының өлімі қара бұлттай болып жаңа шығып келе жатқан күн шұғыласын қымтай жапты, халық көңілін дәрменсіздік пен тағдырға мойынұсыну басты.

Жошы хан қазақтың хандар әулетінің негізін салды. Мемлекет билеуші әулетсіз қалыптаспайды. Қоғамда ел мен жерге жауап беретін, ұлттың ары мен намысын жоқтайтын, өзі мемлекеттік биіктерден көріне білетін әлеуметтік топ қалыптаспай халықтың бағы жанбайды. Жошы қазақ халқын бірнеше ғасыр бойы алға сүйреген, биліктің қиындығы мен азабына төзе білген, басын ел үшін бәйгеге тіккен қазақ хандарының даңқты бабасы.

Көп уақыт Алтын Орда империясының құрамында болған Ақ Орда ұлысының тарихы Қазақ хандығының өмірге келуін түсінудің басты шарты. Бұл тарихтың бастауы негізінде аңыздар арқылы түсіндіріледі. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы Ұлытауда қайтыс болып Дешті Қыпшақ ұлысы иесіз қалғанда Шыңғыс ханның өзі әлі тірі болғаны анық. Аңызға қарағанда ол Жошының бәйбішесінен туған екі үлкен ұлды, өзге әйелдерінен туған он жеті ұлды көрініске шақырады. Жошы балаларының үлкені Орда Ежен, одан кейін Бату, екеуі бір-біріне «сен хан, сен хан бол» деп бір пікірге келе алмаса керек.

Шыңғыс хан немерелеріне арнап үш кигіз үй тікті дейді көне шежіре, оның бірі алтын босағалы Ақ орда, бірі күміс босағалы Көк орда, бірі болат босағалы Боз орда. Хан ордасындағы көріністен кейін Шыңғыс хан Батуға алтын босағалы Ақ Орданы салып, бұдан әрі оң қол бол деп Еділ дариясындағы уалайаттарды берді де, Еженге күміс босағалы Көк Орданы атап Сырдария бойындағы уалайаттарды берді дейді. Болат босағалы Боз Орда Шайбанға тиді. Осы оқиғадан кейін 1235 жылдары Бату бүкіл моңғол империясына сауын айтып жеті жылдық Батыс жорығына аттанып кетті де одан қайтар сапарында бабасы Шыңғыс ханның тапсырмасы бойынша Алтын Орданы Еділ суының бойынан тікті. Әуел баста Бату Ұлытауда отырғанда Орда Еженнің иелігі Дәшті Қыпшақтың шығыс бөлігі еді, орда тіккен жері Шыңғыстау атанды. Бату Батысқа жат жұртқа кеткен соң Орда Ежен тұқымы бабаларының өсиеті бойынша Ұлытауға келіп Сырдария мен Ібір-Сібір арасындағы кең байтақ өлкеге иелік етті. Еділ-Жайық пен Ұлытау арасынан Жошы ханның үшінші ұлы Шайбан хан Батыс жорығында аса үлкен ерліктер көрсетіп өзіне ұлыс алды. Осылайша Жошы ұлысы атанған ұлы дала XIII ғасырдың

ортасында үш иелікке бөлінеді. Жошы ордасы Ұлытауда Орда Ежен тұқымы иелік жасаса, Шайбан тұқымы Ақкөл – Жайылмада (бір жағы Ібір-Сібір, бір жағы Сыр бойы), ал Бату тұқымы Еділде Сарай маңында. Ақ Орда және оның құрамындағы Дешті-Қыпшақ рулары әуел бастан Алтын Ордаға бағынды. Бұл тәртіп көптеген хандар тұсында жалғасты. Сасы-Бұқа Ақ Орданы 30 жыл биледі, бірақ Бату ханның ұрпақтарын барлық заң бойынша құрметтеді. Біздің ойымызша Ақ Орданың гүлденген тұсы Сарайда Әз Жәнібек билік құрған кезеңге сәйкес келеді. Әз Жәнібек хан Алтын Орданың ең күшті билеушілерінің бірі Өзбек ханның ұлы. Өзбек хан Туличидан, Туличи – Мөңке Темірден (Күлік хан), ол Тоқаннан, Тоқан – Батудан, Бату Жошыдан, Жошы Шыңғыс ханнан тарайды деп адамзат тарихын Адам ата мен Хауа анадан бастап XIV ғасырдың ортасында Ирак пен Әзірбайжанды билеген Жалайыр әулеті Шейх-Уәйіске дейін баяндаған «Тарих-и-Шейх-Уәйіс» кітабы жазады. Тарихшылардың айтуына қарағанда Өзбек Дешті-Қыпшақты 40 жыл бойы билеген ең қаһарлы да, кемеңгер хандардың бірі. Ол Алтын Орда көшпелілерінің мәжуси тіршілігіне ислам шапағатын сепкен ел басы. Әз Жәнібек ханды өзінің кезі тірісінде-ақ замандастары жоғары бағалаған. Шыңғыс хан шежіресін жазған Өтеміс қажы «*Өзінің әділдігімен, әулиелігімен және қайырымдылығымен ел құрметіне бөленген Хазірет Жәнібек хан, оған Алла тағаланың шапағат нұры жаусын, әкесінің орнына таққа келген соң, бүкіл Дешті-Қыпшақта бұрын-соңды болмаған әділетті және қуатты билік жүргізіп, әкесінен қалған ұлы державаны басқарды*» деп марапаттайды.

§2 Жошы Ұлысы

XX ғасырдың басында қазақтың ғұлама тарихшысы имам Қ. Халид қазақтың дәстүрлі үш жүздік жүйесінің құрылып, қалыптасуына Әз Жәнібек ханның сіңірген еңбегі зор, – деп атап өте келіп ислам факторын ерекше ескертеді: «*Өзбектен соң ұлы Жәнібек хан халқын екіге бөледі. Исламды қабыл етпегендерін өз «айын» діндерінде қалдырып, мұсылман болғандарына ислам шариғатын оқытудан бастады*» дейді.

Қазақ шежіресіндегі осындай мәліметтер «Шаджарат ал-атрак» (XV ғ. орт.) сияқты жазба әдебиет деректерінде расталады. Дешті-Қыпшақ көшпелілерінің негізгі бөлігі – ислам дінін Өзбек ханның және оның ұлы Жәнібек ханның билеген тұсында қабылдаған. Құрбанғали Халидтің ойынша ежелгі үш жүздік жүйенің қайта жаңғыруы Әз Жәнібек хан атымен байланысты. Бірақ автор шежіреге жаңа аттарды да енгізген. Мүмкін олар дәстүрлі аттардың өзгеру нәтижесі болып табылатын шығар. Мысалы: үш жүздің ру басы Байқотан – Қотан (Қыдан) Тайшы деген түп нұсқадан алынған, бұл Алаша хан ту-

ралы аңыздан да белгілі. Сонымен қатар Майқы би атауы да ежелден белгілі. Шежіренің негізгі мәтіні, тіпті ұсақ элементтері ежелгі үлгілермен және М.Ж. Көпейұы қолжазбаларында және басқа тарихшылар жазбаларындағы варианттарға сәйкес келеді: «*Байқотан би Жәнібектің бірінші уәзірі болып, мұның тоғыз ұлы бартын. Бәйбішеден жалғыз Үйсін, екінші әйелінен Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей. Үшінші әйелінен Алшын, Жаппас болатын. Байқотан би Шыңғыс ханға уәзір ағзам болған Майқы бидің бесінші немересі... Жәнібек хан Байқотанның үш ұлын үш жүзге әкім етіп, әрқайсысына тайпаларды бөлген. Үлкен ұл Үйсінге «Ұлы жүз» атауын беріп, баласы Жалайырды оған найб (орынбасар) етті. Арғын екінші ұл, оған «Орта жүз» атауын беріп, інісі Найманды оған көмекші етті. Үшінші ұл Алшынға «Кіші жүз» дәрежесін беріп екі інісін жәрдемшілікке бекітті. Жүзге бөлінген тайпалар өз аттарын сөйлемей жүзін ғана айтсын «ұлы жүз еліміз» десіп, ұсақ аталарға бөлінбесін деп әсір берілді. Егер ұсақ аталарға бөлінсе бірліктері кетеді, тыныштық болмайды деген. Осы әдет Тоқтамыс хан мен әмір Темір уақиғаларына дейін келіп жетті. Тоқтамыс ханнан соң Сарай үкіметінің қуаты кетіп Жәнібек хан жарлығы ұмыт болды. Содан әркім өзінше кетті*».

Шығыс тарихнамасының тағы бір айтулы еңбегі «Тауарих гузида–и нусрат намэ» Жәнібектің «әз» атануы жөнінде хабар береді: «Бату ханның әйелдері мен кәзинәктері көп еді. Оның төрт ұлы болған. Біріншісі – Сартақ. Сартақтың ұлы болған жоқ. Сартақ өлген соң Саин ханның тағына (бұл жерде «Саин хан тағы» деп Еділ бойы, Бату ордасы айтылып отыр) хан болып Тукукан ұлы туда Меңгу отырды. Осыдан кейін таққа Өзбек хан келді, одан кейін оның ұлы Жәнібек болды, оны «ғазиз» Жәнібек атады:

Шах Джани Дәшт елінің жаны болған,
Оның тәні халық болса, ол халықтың жаны болған, –

деген сөз сол заманнан қалған» дейді.

Жәнібек ханның неліктен «Әз Жәнібек» деп аталғандығы туралы қазақ шежіресіндегі пікір – «Тауарих-и гузида йи-нусрат наме» жазбасымен сәйкес келеді: «Жәнібек хан өте әділ, шарғи (шариат?) мәселерге жетік кісі болғандықтан, Әз Жәнібек лақабын алған. Әзіз Жәнібек деген сөз, бұл халыққа аса әділдігімен беделді болып көріне білген. Әзіз – арабша ғазиз – қымбат, қадірлі деген сөз».

Үш жүзге бөлінген осы тайпалар қоғамдастығын қазақ аталуын да Құрбанғали Әз Жәнібек ханға теліиді: «Сарай халқының (Алтын орда тұрғындары) сахаралықтары Жәнібек хан заманында қазақ атын алған деседі». Басқаша айтқанда, Алтын Орда көшпелі халқы «қазақ» деген атаумен Жәнібек ханның билік еткен кезінен бастап бел-

гілі». Біз бұл жерде «сахаралықтар» деп Ақ Орда қарамағындағы Алаш тайпалары аталып отыр деп білеміз. Қазақ аңыздарында Алтын Орданың Әз Жәнібегі мен қазақтың Жәнібегі (Кіші Жәнібек) қосылып бір тарихи бейне сомдалған. Қазақтың Кіші Жәнібегі, яғни Барақұлы Жәнібектің атқарған іс-қызметінің қайсыбірі Әз Жәнібекке телініп кеткені даусыз. Бірақ соған бола Әз Жәнібектің атын еш төмендетуге болмайды. Қазақ мемлекеті Алтын Орданың шапанының қойнынан шықты, ұлттық және мемлекеттік дәстүрлеріміздің де көпшілігі байқап қарасақ, көшпелілердің соңғы империясына барады. Соның ішінде көне сақтар, одан кейін оғыздар заманында белгілі мемлекеттік құрылымдағы үштік жүйенің қайта жаңғыруы. Еуразияның негізгі өркениетті бөлігіне қанат жайған империяның ақылгөй басшысы Әз Жәнібек, әрине, көшпелі ноғайлы руларының жағдайын ойлады. Басқаша тіпті мүмкін емес еді, көшпелі рулардың тілін таппаған хандар мемлекет басшылығында көп отыра алмайтын, олардың империядан тыс елдерге жұмсайтын шоқпары да осы көшпелілер болды. Сондықтан империялық қатаң ұлыс системасынан бөлек, өзіндік азаматтық дәстүрлеріне сәйкес жүйе болмаса көшпелі түрік-моңғолды соңына ерту мүмкін болмады. Осылайша байырғы көшпелілердің үш жүздік жүйесі өмірге қайта оралды.

Бұдан шығатын қорытынды біреу – қазақ қоғамдастығына енетін рулардың ортақ территориялық шекаралары Ақ Орда ұлысы кезеңінде нақты анықталды. Көшпелі рулар мен этностар өзі мекен еткен ата қонысына меншік құқығын әр түрлі әдістермен бекітеді. Ең алдымен ірі-ірі тұлғаларға арнап сол жерден ескерткіш-кесенелер салынады. Екіншіден, жердің нақты руға немесе елге тиесілі екендігі тарихи фольклордағы кездесетін жер аттарына қарап анықталады. Бұл көне заманда қалыптасқан дәстүр өз жалғасын ғұндардан, түркілер мен ноғайлы руларынан тапты. Алтын Орда заманында көшпелілер қауымдастығына қарасты жер межесі Әз Жәнібектің ақылшысы һәм кеңесшісі болған Асан қайғы шығармаларында орын алады.

Сонымен Әз Жәнібек ханның тұсында қазақтардың бабалары «алаш мыңы» (одағы) деген атпен Ақ Орданың құрамында болды. Сол кездің кейбір деректерінде Алтын Орда «Ұлық ұлыс» деп аталды. Деректерге сүйенсек, дала тайпаларының билеушілері тәуелсіз болды. Еділ бойында дағдарыс пен сарайдағы ішкі тартыс кезінде Алтын Ордалық төрелердің бір бөлігі Ақ Орда хандарынан көмек сұрады. Ақ Орда Шығыс Дешті-Қыпшақ көшпелілерінің мемлекеті болғанымен, билеушілер қалаға және қала құрылысына үлкен көңіл бөлді. XIV-XV ғасырдың басында Отырар, Сығанақ, Сауран, Жend қалаларында Ақ Орда хандары Ерзен хан, Мүбәрәк қожа, Орыс хан мәдени және қоғамдық құрылыс жүргізді. Теңге сарайлары белгілі бір қалаларда тез қарқынмен жұмыс істеп, қалалар мен сауданың дамуына ықпал етті. Ақ Орда кезеңінде қырда қалалар мен бекіністер салына бастады. Қалалар Сарысу, Нұра, Қобда, Елек бассейнінде салынды. Әз Жәнібек

қайтыс болған соң, талас-тартыс және экономикалық мәселелерінің көбеюінен батыс көшпелілері шығыс-оңтүстікке көп көшті. Мысалы, Орыс хан Көк Орданы (Алтын орданың батыс аймақтары) біраз уақыт биледі де, Ақ Ордаға қайтып келді (*Ормамбет хан Ордадан шыққан күні, Асан ата қайғырып айтыпты жыр*).

Әз Жәнібек ханды өзінің бағынышты адамдары 1357 жылы өлтірді. Әке тағына отырған оның ұлы Бердібек сарай төңірегіндегілердің қолындағы қолшоқпарына айналды, екі жыл билік құрып, бүкіл Бату хан ұрпағына қоса өзінің екі ұлын да құртып жіберді. Бату хан тұқымы Әз Жәнібек хан 1357 жылы қайтыс болған соң оның орнына келген Бердібек бір-екі жылдың ішінде өз ағайынының еркек кіндігінің бәрін көзін жойып жіберді. Бердібек қолынан өлген Бату тұқымының ішінде өзінің де ересек балалары бар еді. Қазақ шежіресінде «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деп осынау қайғылы кезеңді мойыны үзілген түйеге теңейді. Бату ханның ұрпағы осылай түгесілді. Алтын Ордада тоқырау жылдары басталды. Кезінде Асан-қайғы Сарай хандарының әрекеттеріне риза болмай айтқан екен: «*Құладын құстың құлы еді, аққу құстың асылы, қара билеп халқыңды, қор болар хандық нәсілі. Тексізден төре қойсақ жұртың мұратқа жетпес*». Оның асыл сөздері кейін дәлелденді.

Қазақ мемлекеттілігінің тарихында 1368-1377 жылдарда бір жағы Ақ Орданың, бір жағы Алтын Орданың билігінде болған Орыс хан (Ұрыс-хан өзбеки, Ырыс хан, Ормамбет хан) ерекше орын алады. Тарихи шығармаларының біразы (Өтеміс қажы, Әбілғазы, Шәкәрім қажы) Орыс ханды Жошы ұлдарының кішісі Тоқай Темірден тарайды деп көрсетеді. Мәселен, Өтеміс қажы: «*... Туғлы-Темір даңқты патша болды, Самарқанд пен Бұқараны биледі. Бірақ, оның билік құрған жылдары мәлім емес. Одан кейін Бадық-оғланның ұлы Орыс хан болды. Бұл Орыс хан ұлы патша болып бүкіл Түркістан уәләйатын биледі*» деп жазады. Әбілғазы шежіресінде қарасақ: «*Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан, оның ұлы Тоқай-Темір, оның ұлы Өз Темір, оның ұлы ...Қожа, оның ұлы Бадақұл-оғлан, оның ұлы Орыс хан*» деп жазады. Екі шежіренің де айтқаны бірдей келіп отыр, айырмашылық, біреуінде Бадық-оғлан, екіншісінде Бадақұл-оғлан болып аталғандығында.

Сонымен қатар зерттеушілердің көпшілігі Орыс ханның ата тегін таратқанда Муин-ад дин Натанзи жазып қалдырған «*Ескендір аноним*іне» сүйенеді. Бұл кітаптың өзегі тарихи шынайы оқиғалардан тұратындығына ешкімнің де күмәні болмаса керек, біз де осы Орыс хан тегін осы дерек көзіне негіздеп баяндағанды дұрыс көреміз. Шығыс деректерінде кездесіп қалатын қою сөз өрнектері, қиял-ғажайып әңгімелер «Ескендір анонимінде» көп емес. Муин-ад дин Натанзи ұсынған генеалогия бойынша Орыс хан Шымтайдың ұлы, ол Ерзеннің ұлы, ол Сасы Бұқаның ұлы. Деректерге қарағанда Ерзен де, оның әкесі Сасы Бұқа да Шығыс Дешті-Қыпшақ, яғни қазақ жерін билеген құдіретті

хандар, осы жердің, елдің даңқын асырған жиһангерлер, Түркістан қалаларын көркейткен жасампаз құрылыстардың иесі.

Егер Рашид-ад-динге сүйенсек «*Сасы Бұқа Баянның ұлы, Баян Коничи ұлы, ол Сартақтайдың ұлы, ол Орданың (Орда Ежен) ұлы*». Сонымен біз екінші генеалогиялық жоба көңілге қонымды және дұрыс деп есептейміз. Бірақ, ғылыми тұрғыдан бұл деректер әлі де талдауды керек етеді. Оған бір себеп Орыс хан ата-тегінің Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алатындағы біз үшін аса маңыздылығы. Төре әулетінің төл өзегінен бастау алу Керей мен Жәнібекке Шығыс Дешті Қыпшақтың тәуелсіздігі үшін күресте, Шайбан тұқымдарымен болған соғыстарда мықты қолдау болғаны сөзсіз. Осы себептерге байланысты біз Рашид-ад-динге сүйеніп, Орда Ежен және оның тұқымдары туралы бірер дерек келтірген жөн деп есептейміз: «*Жошының үлкен ұлы Орда ханның қоңырат руынан алған бәйбішесі Сарқаннан туды,* – деп жазады Рашид-ад-дин. *Әкесінің тірі кезінде де, одан кейін де Орда сый-құрметке, даңққа кемел болды. Жошының тағына Бату отырғанымен Мөңке қағанның олардың атына жасалған жасаққа, билікке қатысты Жарлықтарында Орда аты бірінші тұрады... Жошы ұлысының әскерінің бір жартысын Бату басқарды. Орда әскерімен және төрт інісімен (Удур, Тоқа-Темір, Шигкур, Сингкум) әскердің сол қанатын құрады. Осы күнге шейін оның інілерінің тұқымы Орда тұқымымен бірге, інілерінің жұрты мен Орда жұрты әлі де сол қанатта*». Империяның сол қанаты деп Рашид-ад-дин заманында Шығыс Дешті-Қыпшақты, немесе қазіргі қазақ жерін атағандығы мәлім.

Алтын Орда мен сол қанаттың, яғни Ақ Орданың қарым-қатынасы Орыс хан заманына дейінгі кезеңде Орда мен Бату арасында қалыптасқан дәстүрге сай жүрді. Өздерінің ішкі құжаттарында Орда тұқымы Бату (Саин тұқымын) ылғи да бірінші атап отырды. Рашид-ад-дин «*олардың (Орда тұқымының) ескі әдеті бойынша, өздері патша және жоғарғы билеуші деп Бату ізбасарларын мойындайды, олардың атын өз жарлықтарында жоғары жазады*», – деп атап өтеді. Сонымен қатар сол қол жөнінде жазғанда оның басшыларына да Рашид-ад-дин патша ұғымын қолдана береді. Мысалы ол «*Баян, Коничи ұлы, кәзіргі күні Орда ұлысының патшасы...*».

Тарихи деректер Орыс ханның аталарының ұлысының атын көтеріп, іргелі, мәдениетті ел қатарына жеткізгенінен хабар береді. Олардың қысқы қонысы Сырдың жағасы, Түркістан маңындағы қалалар, жазғы жайлайтын құт мекені Арқаның кең-байтақ даласы. Сасы Бұқа баласы Ерзен турасында деректер «*Аз уақыттың ішінде оның атақ даңқы Өзбек ханның ұлылығына жетіп қалды, бірақ соған қарамастан аталарының салған жолынан шыққан жоқ, үлкендікке таласқан жоқ. Ол нағыз ақылды, әділ, мәрт, құдайға қараған патша болды. Отырар, Сауран, Жөнд және Баршынкент қалаларындағы медресе, ханака, мешіт және басқа қоғамдық құрылыстардың көпшілігін көтер-*

ген сол. Әзінің әділдігі мен қайырымдылығы арқасында ол бүкіл Түркістан өңірін жұмақтың жоғарғы сатысына үлгі қылды» деп жазады.

Бердібек өлгеннен кейін Саин хан ордасында басталған бұлғақ көп жылдарға созылды. Әсіресе, Ерзен мен Шымтай билігі арасында Орда Ежен тұқымының тәуекелшіл сұлтандары Алтын Орда шаруасына көп араласты. Араласпауға тіпті мүмкін емес еді, Еділ бойындағы рулардың әмірлері мемлекет іргесін бекіту үшін Орда Ежен ұлысы, яғни Ақ Орда сұлтандарын өздері шақырып отырды. Бірақ бір берекесі кеткен билікті қайта нығайту мүмкін емес еді, Саин тағының дағдарысы күшейе түсті, әр түрлі саяси күштер Алтын Орданы бұтарлап жан-жаққа алып қашты. Дегенмен Ақ Орда сұлтандары Алтын Орда тарихында елеулі із қалдырды. Осындай дүбәрә заманда Шығыс Дешті-Қыпшақ билеушісі Орыс ханның маңдайына Доннан (Тана) бастап Алтайға, Сырдан бастап Сібірге дейінгі кең байтақ далада Жошы ұлысын қайтадан қалпына келтіріп, басын қосуды жазды.

Бірақ көбесі бір сөгілген мемлекет қайта басы қосылмады. Сарай өзінің саяси эпицентр қызметінен айрыла бастады. Осыны түсінген Орыс хан Шығыс Дешті-Қыпшақты мекендеген алаш ұлыстарының қолдауынан айрылып қалмас үшін елге қайтты. Ұлы даланы мекен еткен алаш тайпаларының тарихи дәстүрлері бұл кезеңде айшықты көріне бастады. Алаша хан заманынан сақталған дәстүрге негіздеп ұлттық мемлекет құру туралы дала төскейін мекен текен ірі автохтонды рулардың мүддесі Орыс хан жігерімен сәйкес келді. Алтын Орда империясына сүйеніш болған ноғайлы бірлігінің ыдырауы империялық дағдарыспен қатар жүрді. Шығыс Дешті Қыпшақты мекендеген тамыры ежелгі қыпшақ этникалық негізіне баратын дала қауымдастығы «92 баулы өзбек» атанды. Осы ірі қауымдастық ішінде Алаш идеясына берік алаш рулары ұлттық мемлекет құру үшін күресте алдымен Жошы, одан кейін Орда Ежен маңына топтасты да, кейін келе үмітті Орыс ханға артты. Күрделі саяси жағдайда (XIV ғ. екінші ширегінде) алаш алдымен ноғайлы бірлестігіне, кейіннен өзбек бірлестігіне енгенімен де өзінің этномәдени дәстүрлерімен қай-қайсынан да түбегейлі еді. Осы себептен де бұл қауым Қадырәлі Жалаири жазуынша «Алаш мыңы» атанды және оған арғы қазақ заманының ру-тайпалары топтасты. Кезінде Әз Жәнібек сияқты Орыс хан да бұл факторлы есепке алды. Орыс ханның Сарайды тастап елге оралуы да (Орда Ежен жұртына) осы алаш суверенитеті идеясынан шығады.

Орыс хан туралы біршама аңыз мұра қазақтардың арасында бертінге дейін сақталған. Қазақ ғалымдарының ішінде Ормамбет пен Орыстың бір адам екенін алғаш жазған Ә. Марғұлан еді, біз академиктің топшылауымен толық келісеміз.

Ақ Ордаға қайта оралған Орыс хан Шығыс Дешті-Қыпшақ мүддесі үшін күреске араласты, алдымен ол империялық орталық Еділ бойынан бойын аулақ салды, Алтын Орда-

ның Мамай сияқты ірі қарашыларымен теке тіресті тоқтатты, екіншіден, Ақсақ Темір мен, оның Тоқтамыс сияқты қолбалаларына тойтарыс берді, үшіншіден, Жетісу өлкелерін мекендеген, алаш қауымына кіретін руларды Тоғлық Темір жетегінде жібермеуге күш салды.

Орыс хан өлімінен кейін Дешті Қыпшақты үш ай Тоқтақия (ортаншы ұлы) биледі, одан кейін таққа Орыс ханның тағы бір ұлы Темір-Мәлік-оғлан отырды. Темір-Мәлік Тоқтамыспен бірнеше рет шайқасып, бәрінде де жеңді. Бірақ мансапты көтере алмаған, Дешті Қыпшақтың құдыреттілігіне масаттанған жас билеушісі қамсыздыққа салынды, жар астында жауым жоқ деп жайбарақат өмір кешті де Тоқтамыс қолынан өлді. Орыстың жетпеген арманына оның ұлы Барақ хан қол жеткізді. Өкінішке орай, Барақ бұл керемет жетістікті бекіте алмады. Ұлықбекті жеңгеннен кейін, ол қолында Алаш халқының оңтүстік шығыс тайпалары қалған, шағатайлық хандар билік ұстаған Жетісуға ұмтылды. Сәттілік батырларға үнемі серік емес, Моғолстан территориясында Сұлтан Махмұдпен шайқаста Алаш халқының осы көрнекті тұлғасының өмірін кездейсоқ оқ жұлып кетті. Оның ұлы Жәнібек Керей сұлтанмен бірге Шайбан тұқымымен ауыр күресте қайтадан шығыс Дешті-Қышпақтың, яғни Алаш елінің тәуелсіздігіне қол жеткізді.

«Муизз ал-ансаб» кітабында Орыс ханның Алашқа атағы шыққан ұлдарының ішінде үлкен ұлы Тоқтақия, алтыншы ұлы Құтлы Бұқа, жетінші ұлы Темір Мәлік, сегізінші ұлы Қойыршық ерекше аталады. Тоқтақиядан қазақ атанған елге алғашқы хан болған Керей хан тарайды, ал Қойыршықтан – «Алаш мыңын» қайтадан көтерген Кіші Жәнібек хан.

§3 «Алаш мыңы» одағы

Әз Жәнібек ханның тұсында қазақтардың бабалары «алаш мыңы» (одағы) деген атпен Ақ Орданың құрамында болды. Сол кездің кейбір деректерінде Алтын Орда «Ұлық ұлыс» деп аталды. Деректерге сүйенсек, дала тайпаларының билеушілері тәуелсіз болды. Еділ бойында дағдарыс пен сарайдағы ішкі тартыс кезінде Алтын Орда төрелерінің бір бөлігі Ақ Орда хандарынан көмек сұрады. Ақ Орда Шығыс Дешті-Қыпшақ көшпелілерінің мемлекеті болғанымен, билеушілер қалаға және қала құрылысына үлкен көңіл бөлді. XIV-XV ғасырдың басында Отырар, Сығанақ, Сауран, Жөнд қалаларында Ақ Орда хандары Ерзен хан, Мүбәрәк қожа, Орыс хан мәдени және қоғамдық маңызы бар құрылыстар жүргізді. Теңге сарайлары белгілі бір қалаларда тез қарқынмен жұмыс істеп, қалалар мен сауданың дамуына ықпал етті. Ақ Орда кезеңінде қырда қалалар мен бекіністер салына бастады. Қалалар Сарысу, Нұра, Қобда, Елек бассейнінде салынды.

Әз Жәнібек қайтыс болған соң талас-тартыс және шаруашылық мәселелерінің туындауынан батыстағы көшпелілер оңтүстік-шығысқа қарай көшті. Мысалы, Орыс хан Көк Орданы (Алтын орданың батыс аймақтары) біраз уақыт биледі де, Ақ Ордаға қайтып келді. Әз Жәнібек хан туралы мәліметтердің көпшілігі қазақ ортасында әр түрлі тарихи аңыздар, мысал сөздер мен билік шешімдерінің үлгісі ретінде сақталған. Асан Қайғы мен Жиренше шешен сияқты қазақтың тарихи аңыздарының белсенді кейіпкерлері туралы айтылатын қызықты аңыздар мен дидактикалық сөз үлгілері Әз Жәнібек атымен де байланысты. Ал Әз Жәнібек ханды тарихи тұлға ретінде қарастыратын болсақ қазақ шежіресінен артық ол жайында ешкім де дұрыс мәлімет бермейді.

Қазақ шежіресінде Әз Жәнібек ханның замандасы Асан қайғы өзінің желмаясына мініп, жер шолып жер жәннаты – «Жер ұйықты» іздейді, жолай қазақ-ноғайдың қыстауы, жаз жайлауы болған ең бір танымал биіктеріне өз бағасын беріп кетеді. Асан қайғы Жетісу, Сырдария және Арал, Сары арқаның барлық биік жоталары -Баянауыл, Қарқаралы, Қызылтау, Ерейментау және сонымен қоса, Қазақстанның оңтүстік қалаларын аралап, Еділ-Жайық, Нұра, Ертіс, Есіл (Ишим), Торғай, Шу, Сырдария, Шыңғырлау өзендері арқылы жүріп өтті. Осынау тізімде аты аталған жер атаулары енді Асан сөзінен кейін халық жадына өшпестей болып сіңіп, ұлттық қазына, ұлттық меншік есебінде жазылды. Бұл ұлан-байтақ жер қазақ атанып, өз бетімен мемлекет құрып жатқан біздің ата-бабаларымыздың өзіндік жер кадастры, жерді ұлт меншігіне бекітетін актісі. Құдай тағаланың өзі қазақ меншігіне ұйғарған жердің шекарасы сонымен Әз Жәнібек хан заманында, Асан қайғының дуалы аузымен бекітілген.

Алтын Орда кезеңі түркі тарихының маңызды бір бөлігі, оның сырын танып білу арғы замандағы түркілер менен бергі замандағы оның тікелей мирасқорына айналған халықтардың тарихын тереңдеп білуге жол ашады. Ең алдымен, бұл қазақ тарихы үшін қажет әрі маңызды мәселе. «Алаш мыңы» әскери рулар одағының, уақыт өте келе «қазақ» атануы, белгілі бір тарихи мерзім өткен соң ғана жүзеге асты. Сөйтіп, «Алаш мыңы» қазақтың ұлт аталуының әуелгі бір кескін-үлгісіне айналды. Қадырғали би Қосымұлы «Шежірелер жинағы» еңбегінде көрсеткен «Алаш мыңы» одағының рулық құрамы кейін толығымен тұтас бір ұлт деңгейіне көтерілген сәтінде қазақ қауымының ішінен табылғаны анық. Әрідегі тарихи замандарда ғұн мен түркі әулеттері, оғыз бен қыпшақ, ал беріде ноғайлы жұртын құраған өзбек пен қазақ қауымдарының негізгі рулары тарихи тұрғыда өте ескі, тым арғы замандардан бері өзара сабақтасып жалғасқан. Әсіресе, қоңырат, жалайыр, арғын, алшын, табын, шырын, барын, үйсін, тама, найман, керей, қыпшақ қауымдары қай заманда болмасын атағы белгілі болды. Сонау Орталық Азиядан Жайық пен Еділ бойына дейін, тіпті одан әрі Құбан, Азау, Қырым, Дон Дунай, жерлеріне дейін де, өзбек, татар, башқұрт, ноғай құрамында шашырап жүрген найман,

алшын, тама, дулаттар, өз кезінде тұтас рулардың шеттеп қалған кішігірім жеке топтары болған.

Қауымдасу заңдылығы барысында қалыптасқан рулық жүйені дамытып реттеу дәстүрі, халықтың әлеуметтік-әскери ретте ұйымдасуының тәртібін ескіден келе жатқан әлеуметтік-саяси жүйесінің айқын көрінісін байқатады. Ұлық Ұлысты өте әлді, күшті жауынгерлік ел ретінде жасақтаған, оның құқықтық тәртібін әділдікке негізделген билік, жосық жүйесіне бағындырған Шыңғысхан өз мемлекетін мұңғұл атымен атандырғаны тарихта белгілі. Шоқан Уәлиханов: «қазақ халқы тарихи аңыздарға сүйеніп, өздерін «Ноғайлының ауыр жұрты» атанған Алтын Орданың ұрпағы санайды» деп жазды. Бұл жерде қолданылатын «ауыр» сөзінің мағынасы «адам саны көп ел», «халқы көп жұрт» деген мағынаға саяды. Қарахан мемлекетінде «қара» – «күшті», «әлді» хандар деген мағынаға ұқсас сөз.

«Алаш мыңы» – XIV ғасырдың екінші жартысы, XV ғасырдың басында болған рулардың әскери-саяси одағының бір аты. Ол ноғайлы ауыр жұрты деп аталған Алтын Орданың ыдырау кезеңінен кейін уақытта Қазақ хандығы құрылған заманға дейін болған ірі этносаяси ұйым. Бұл құрылым ортағасырлық кезеңдерге тән қалыптасқан этносаяси ұйымның жаңа сатыға ілгерілегенінің көрінісін білдіреді.

Қазақ халқының ескі замандардағы тарихын талдауға алған С.Сейфуллин, «түрік-моңғол руларының ескілігін қарастырған орыстың кейбір жазушылары «қазақ» атаулы елді тек өзбек елінен бөлініп шыққан ғана дейді. Ол «қазақ» атанған елдің ескілігін жете білмегендіктен айтылған сөз; «қазақ» атаулы бұл елдің.. көп заман «ноғайлы» атанып жүргенін білмегендік» деп бағалап еңбектерінде жазған.

Академик Ә.Марғұлан: «қазақ» сөзі Әбілқайыр ханнан Керей мен Жәнібектің кеткен кезінде шыққан сөз емес, ол қазақ халқының ойында көп ғасыр бойы айтылып келе жатқан сөз, халық оған көп заман этникалық мән бермей, көбінесе ұлы рулардың атымен жүруге ерекше мән беріп, тек қытай әскері басып алуға келгенде ғана бірлесіп «қазақ» ұранын шақыратын болған» – деп жазады.

Шыңғысханға дейін де әрбір ру өз хандарын сайлады. Өзінің билігіне бағындырып, ол қол астына қаратқан рулардың ақсүйектерінің кейбірімен тіл табысып, достасып, туыстасып, сол рудың басқарушы бектеріне, сенімді билеріне айналдарды. Олардың әрбір ықпалы күшті көсемдеріне руларды билеткізіп, көшіп-қонып жүретін байырғы жерлерін сол руларға үлестірді, қоңырат, жалайырдың беделді бектері ханның уәзірі есебінде болды. Оғылан (ұлан) және бек (би) мансабындағылар өзінің бекзаттық шығу тегіне қарай қызметке мұрагерлік негізде лайықталған.

Құрметіне қарай ұлық әмір, ұлық бек, кішік бек, ұлыс бегі, ел бегі, түмен басы, даруга, уәзір дәрежесінде, ал нөкерлері мыңбасы, жүзбасы, онбасы дәрежесінде болған.

Ноғайлының ауыр жұрты тарасқанда отыз екі баулы өзбектегі «мың/минг», «жүз/йуз», «қырық» деген рулар одағы өзбекте қалды. Қарақыпшақ рулары қазақта, сарықыпшақ рулары өзбек ішінде қалды.

Қазақтың үш жүз құрылымы Шыңғыс ханға дейін болған ескі түркілік әскери ұйым дәстүрі деп қабылдайтын болсақ, «Алты Алаш» жүйесін Шыңғыс ханның ұлыстық құрылымымен байланыста қарауға болады. Бұған мындай бір шежірелік мәлімет негіз болуға лайық: «Қазақтың Алаш атанып кетуі Шыңғыс хан өзіне қараған елді төрт баласына бөліп бергенімен байланысты. Бұл жерлерді: Дәшт-Қыпшақ, Сібірді, күнбатыс Еділ, Жайық, Сарыарқа өлкесімен Хорезм, Дағыстан, Русияның күнбатыс жағын үлкен ұлы Жошыға берді. Бұл жерде алты ру ел болған. Жошы хан алты ұран, алты таңба үлестіріп береді. Таңбалы деген жер Қаратаудан төмен болу керек. Сол таңба тасқа соққан осы күнге дейін бар деп айтады айтушылар». Алты Алашы осы болған.

«Алаш мыңы» одағының атауы ұмытылып кетпей, «алаш» ұранына айналып, одан «Алты Алаштың» ортақ аты ретінде сақталып қалды. «Алаш» және «қазақ» атаулары қатар ұзақ заманда қатар қолданылды. Бұрынғы қазақта жүз деген аталарының аты болған. «Жүз» деген атты руға қойған, «Алаш» деген атты ұранға қойған. «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш, Алаш, Алаш» деп шабыңдар, «Алаш» демегенді әкең де болса ұрып жыға беріңдер» деп бата қылысыпты. «Кеше алаш «Алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз «Алаш» болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деп айтылған сөз сонан қалды, – дейді халық шежіресі.

Қазақтың ру-әулеттік тарих шежіресінің қалыптасуын қарастырып отыратын болсақ, Алаш мыңы одағын құраған ірі тайпалардың көсемдерін сол жерден анықтап табуға болады. Мысалы, Қадырғали шежіресінде маймана мен майсара деп аталаты қосқанатты әскері жүйесінің бір бөлігін арғын, екінші бөлігін жайлайыр бастағанын байқаймыз. Шежіреде әскербасы, қолбасшы, көшбасшылары ретінде Қарақожа, Құтан билердің арғы аталары айтылады.

Шежіреде екі Қотан барын Мәшһүр Жүсіп айтады. Құтанның бірі Қоңдыкер қобаңның Құтаны – қыпшақтың Құтаны. Екінші Құтан Арғынның Құтаны дейді. «Құтан – Шыңғыс ханның немересі. Шыңғыс ханның ұлы Үгедейден туады. Кезінде Құтан әкесінің қарашаңырағын иемденуден дәмелі болып, ағасы Күйікпен жағаласқан. Кейін Құтанның балалары Қадан мен Иісу-Меңгіге енші ретінде Еміл өзенінің бойы мен Алакөл алабы тиген».

Майқы есімі қазақтың шығу тегі жайында айтылатын көптеген аңыз-афсаналарда, Дешті Қыпшақта түркі қауымдарының негізін құрушы ретінде аталады. Шежіре деректері бойынша, Ақарыстан (Ұлы жүздің арғы атасы) Ұзынсақал Ыбырайым, одан Кейкі би, одан Төбе би, одан Қойылдыр, Қоғам, Майқы, Мекіре тарайды.

Рашид-ад Дин Қошындық Байку – Майқы би – Шыңғыс ханның ел басқару ісіне көмектесіп, ақылшы, жорықтарға шыққанда орнына қалдыратын биі болғанын, XIII ғасырда Жошы ханның Батысқа жасаған жорығында монғол әскерінің оң қанатын басқарғанын айтады. Шыңғыс бұл оң қанат әскерін – Жошы ұлысы – Дешті Қыпшақтың ұлан-ғайыр аймағы құрады.

Құтан би аңыз-жырларға қарағанда осы дәуірде жасаған қазақ жырауы. Әскери ақсүйек нәсілінен шыққан, Арғын руының көсемі. Кезінде Құтан қазақтарды Әбілхайыр ұлысынан бөліп, жеке дербес ел болуын жоспарлаушы Керей мен Жәнібек сұлтандарды қолдады-мыс. Шу, Сарысу бойында қазақ хандығы құрылғанда Асан Қайғы, Қазтуған жыраулармен бірге ел-жұртты бірлікке шақырған, жаңалықты уағыздаған насихатшы болды. Дастан-шежірелерде:

Құтанның баласының қазасына байланысты толғаған жоқтау жыры ғана сақталған. Кезінде сөзі өткір, терең мағыналы жырлар шығарған, өз тұсындаға және өзіне соңғы дәуірдегі әдебиетке үлкен әсер еткен жырау болған.

Шежірелерде Құтанбай, Қодан, Қотанбай, Қотан би деп атайды, Шәкәрім қажы шежіре кітабына «Қодан тайшы» деген атымен енгізген. Шежірелер Құтанның баласын Дайырқожаны (Ақжол би) Қобыланды батыр өлтіргенде арғындар көшпелі өзбектер ханы Әбілхайырдан бөлініп, Жетісу ауған. Дайырқожа – Әбілхайыр ханның атақты биі. Дешті Қыпшақта болған әйгілі ақын Құтанның баласы. Дайырқожа. Әділ билік айтқан үшін Ақжол би атанған. Ауызекі дерек бойынша, Ақжол би мен Қобыланды батыр арасында дау туып, Қобыланды Ақжолды өлтірген. Құтан бастаған арғын Ақ Орда ханы Әбілхайырдан бөлініп, Жетісу кетеді. Керей мен Жәнібек сұлтандардың ұлысы Моғолстанға кетуіне осы оқиға себеп болған. Қотан бидің баласы Ақжол би өліміне айтқан жоқтауы:

Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып, таяғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным.
Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлын,
Аққан бұлақ, жаққан шырақ, жалғыз күнде құрыдың.

Сол сөз шежіре болып бүгінге дейін жеткен. Қарақыпшақ Қобыланды Едіге бидің төртінші ұрпағы Алшағырмен соғысқан. Өзі Алшағырұлы Орақ батырдың қолынан қаза табады. Бейіті Ақтөбе облысының аумағында. Орақ батыр – Ақ Орданың әмірі Едіге (1352-1419) ұрпағы.

Алаш сөзінің этимологиялық мағынасы туралы бірқатар пікір бар. Солардың ішінде Алаша хан атанған Моғолстан билеушісі Сұлтан Ахмет хан (1465(66-1503(04) жай-

ындағы аңызбен байланысты нұсқа еш даусыз тарихи құнды мәлімет болып табылады. Алаш ұғымы қайдан бастау алатыны жайлы пікірді Абай Құнанбайұлының «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінен оқимыз: «...Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабыр нәмада» солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «алаш-алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен».

«Алаш» ұғымының архетиптік-ментальдық, рәміздік мағынасын талдау, астарындағы тарихи шындықты зерделеу, рухани-мәдени күшін пайымдау, экспрессивті-эмоционалды бояуын ашу бүгінгі алаштану саласындағы өзекті мәселенің бірі. Азаттық түсінігімен қатар қабылданған алаш сөзінің мән-мағынасын ашатын ізденістер мен зерттеулер тәуелсіздік жылдарында жүргізіле бастады. Алаш атауының тарихи-лингвистикалық және әдебиеттанушылық мағынасы А. Шәріптің «Рух пен рәміз: ментальдік модельдері» ғылыми монографиясында пайымдалған. Кітапта Ұлықбектің («Тарих Ұлыс арбия, Насаб-наме-и қазақ»), Қадырғали Жалайырдың («Жамиат-тауарих»), Шоқан Уәлихановтың, Құрбанғали Халидтің («Тауарих хамса»), Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының («Түрік, қырғыз-қазақ hәм хандар шежіресі»), Әлихан Бөкейханның («Қазақ» газеті, 1913, №12), Халел Досмұхамедұлының («Қазақ» газеті, 1913, №25), Міржақып Дулатұлының, Мұхамеджан Тынышбайұлының т.б. алаш қалам қайраткерлерінің, сондай-ақ осы күнгі ғалымдарының еңбектерінде алаш ұғымының сыр-сипаты, түсінігі талданған. «Алаш» сөзінің ұлт-азаттық алаш қозғалысында партия атауына беріліп, ұранға айналу сыры, көркем әдебиеттегі көрінісі зерделенген.

Алаш ұғымының ментальдық-символдық мағынасын ашуға кілт болатындай құнды дерек алаш арысы Отыншы Әлжанұлы еңбегінде де кездеседі. Қайраткер 1897 жылы «Дала уалаятының газетінде» Алаша хан туралы ел аузында сақталған бірнеше аңызды жариялаған. Филологиялық әрі тарихи-этнографиялық сипаты бар «Алаша хан hәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз» атты мұра газеттің 1897 жылғы № 13, 14, 18 сандарында басылған.

Аңызға сүйенген еңбек былай деп басталған: «Шежіренің hәм елдің айтуынша қазақтың әуелгі ханы Алаша хан деген болған екен. Түркі халқының бәрі де өздерінің батырларының, не хандарының есімімен атамақ рәсім екен. Сол себепті қазақтар өзін «алаш» деп, яки «алаштың халқы» деп атаған». Қазақ өзін не себепті алаш деп атайтынын, бұл түсініктің түпкі мән-мағынасы қайдан екенін зерделеген ағартушы қазақ ара-

сында кең тараған «Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы» деген мақалды мысалға келтірген.

О. Әлжанұлының «Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз» еңбегі жарық көрген жылы Ресей империясында Бірінші халық санағы жүргізілді. Қайраткер санаққа қатысып, Ақмола облысының Атбасар өңірінде науқанда жүрген. Сапар барысында Атбасар, Ұлытау өңірлерінен Алаша хан, Жошы хан туралы аңыздарды жинап, газетке жариялаған. Ағартушы еңбегінде түркі тамырынан өрбіген қауым ішінде «алаштың баласымыз» деп басын біріктіретін, алаш ұранын кие тұтатын халықтарды атайды. Олардың арасында алдымен Сібірдегі ноғай халықтарын көрсетеді. Бұл орайда ноғай дегені – Сібірдегі түркі нәсілді халықтарды таниды деп білеміз. Мақалада ноғай сөзі түркі сөзінің мағынасында қолданылған. Тегінде XIX ғасырдың соңы – XX ғасыр басында қазақ татарды да ноғай дегені белгілі. Оның бәріне бір заманда Ноғай атаулы ұлыс болғаны, Алтын Ордадан бөлініп, Ноғай хандығы жеке өмір сүргені, атағы алысқа жайылғаны себеп болса керек. Мақала ноғай сөзінің ауқымы кең, бүгінгідей түркі халықтарының ішінде саны аз бір халыққа ғана енші болмаған кезде жазылмағанын ескереміз. Ал Сібір түркілерінің ішінде қазақпен тамыры бір халықтардан алдымен бүгінгі алтай, хақас, тыва, шор халықтарын айта аламыз. «Бұл сөздерге қарағанда бір күндерде қайсы бір ноғай халқы һәм қазақ халқы бір хан болып тұрған деп ойлауға мүмкін. Қиындық болған уақытта қазақ һәм ноғайлар бір-біріне айтады: Алаштың азаматы емеспіз бе! деп». Отыншының зерделеуі бойынша, қазақ һәм ноғай бір хан болып тұрған заманда деген сөздің тамыры ілкі тарихқа тартады.

Отаршылдық қамыты басына түспеген түркі халықтарының еркін заманын, өз алдына хандық құрған дәуренін меңзеген Отыншының сөзінде терең мағына бар. Қайраткер Шыңғыс хан дәуірін, Жошы ұлысын меңзеп, Алтын Орда империясының құрамында алаш ұранды түркілердің барлығы бір ел болғанын генерал-губернатордың газетінде емеурінмен жеткізген, сондай-ақ өткен заманға аңсарын жасырмаған. Алаш сөзінің тамырын, Алаша ханның тегін зерттеуге ұмтылған сараптамалық талдауында қаламгер бірнеше мақсат қойған. Біріншіден, қазақтың кейбір сөздерінің мазмұнын түсіндіруге, олардың ертеде білдірген мағынасын анықтауға тырысқан. Сөздің этимологиясын ашуға ұмтылған. Мысалы алаш сөзі не мағына білдіреді, оның бастауы қайдан тарайды деген сараптама сипатында талдау жасаған. Екіншіден, Алаша, Жошы хандар жайында ел ауызында сақталған бірнеше аңыз әңгіменің басын қосып, тұлғалар тарихта болды ма деген сұраққа танымдық зерттеу жүргізген. Сол арқылы қазақтың байырғы тарихы жайында мағлұмат берген. Үшіншіден, мақалада қазақтың жер-су аттарын келтіріп, олардың солай аталу себебіне тоқталған. Ел мен жердің байырғы иесі аңызда аты аталған қазақ жұрты екенін байқатқан.

О.Әлжанұлы жариялаған Алаша хан туралы үш аңызды салыстырғанда, олардың бір-біріне ұқсас жақтары бар екенін аңғаруға болады. Үш аңызда да Алаша хан – Бұқар ханының баласы. Түрлі жолдармен Алаша хан қазаққа хан болып сайланады. Бірінде әкесі рұқсат беріп аттандырса, бірінде ұлын Бұқар елінен қуып жібереді. Үшінші аңызда Алаша ханды қазақ халқына хан қылып өзі сайлайды. Алаша ханның жалғыз ұлы Жошы хан аң аулап жүріп қаза табады. Оны Кетбұға ақын домбырасы арқылы Алаша ханға жеткізеді. Осы күні көпшілікке кеңінен мәлім Жошы хан туралы аңызда ханның құлан тепкісінен мертігетіні айтылады. Ал О.Әлжанұлы нұсқасында Жошы хан қалың топ құланға садақ тартқанда құландар қашпай қояды да, оны жаншып, тістеп өлтіреді. Жалғыз бір шынашағын ғана қалдырады.

Аңыздың екінші нұсқасында Алаша ханның Домбауыл есімді дәу құлы жайында айтылады. Ол құланның барлығын қырып тастаймын деп Қабанқұлақ, Әңкей деген екі атты ерттейді де, Бетпақдалаға шығады. Шуға қарай қашқан құланның барлығын өлтіріп, бесеуін ғана қалдырады. Шу өзенінен бес құлан өткен жерді осы күні «Бес құлан» деп атайды. Таудың бауырында Домбауылдың Қабанқұлақ аты зорығып өледі. Ол араны жұрт «Қабанқұлақ» дейді. Сол таудан бес шақырымдай жерде Әңкей аты өледі. Ол жерді халық «Әңкей» деп атайды.

Танымы терең, тарихи тұлғалар жайында құнды дерек қалдырған, сонымен бірге аңызға сүйеніп, топонимикалық атаулардың сырын ашуға ұмтылған О.Әлжанұлы еңбегі бүгінгі оқырман үшін маңызын жоғалтпайды. Оның біз үшін әсіресе құнды жері: Алаш сөзінің этимологиялық сыры жайында мәлімет ұсынғаны, алаш деп байырғы қазақ, бір заманда Сібірдегі түркі нәсілді халықтар біріккені, бір хандық құрамында болғаны туралы мағлұмат бергені. XIX ғасырдың соңында Дала генерал губернаторының ресми басылымы – «Дала уалаятының газетінде» Отыншы Әлжанұлының алаш ұғымы, Алаша хан туралы зерттеу сипатындағы мақаласының тағылымы зор.

§4 Хан Бұзұрғ Әбілқайыр мемлекеті

Әбілқайыр хан туралы мәліметтер, нақты деректер тарихи хроникаларда аталып, кездескенімен, оның тұлғалық тарихын толыққанды жазуға арналған еңбек бұрын-соңды болған жоқ. Шығыстық дерек көздерін зерттеу тәжірибесі өзіндік ғылыми дербес мектепті қалыптастырды. Осыған дейін Әбілқайыр хан туралы, немесе сол кезеңге қатысты тарихи еңбектер жазған әйгілі ғалымдар Ә.Марғұлан, М.Г. Сафаргалиев, Б. Ахмедов, Т.И. Сұлтанов, В.П. Юдин, С.Кляшторный, М.Х. Әбусейітова, К. Пищулина, В. Трепавлов, Б. Кәрібаев, Ж.Сабитов, Н. Атығаев және т.б. Орталық Азияның үш ірі аймағы

болып табылатын Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Мәуеренаһр тарихын тыңғылықты қарастырған ғалымдар.

Зерттеуші Ж. Сабитов Ақ Орда хандық емес, Ұлық Ұлыстың билеушілері тұратын астанасы, көшіп-қонып жүретін мекен орны деді. Б.А.Ахмедовтің «Көшпелі өзбектер мемлекеті» атты еңбегі Әбілқайыр ханның билігі туралы мәселені зерттеп, тиянақты шешкеннен гөрі, оны тығырыққа салды деген пікірлер білдірді. Осыған орай бұдан да күрделі ғылыми тарихнамалық мәселелер бар. Әбілқайыр Шайбан тарихы көшпелі өзбек-қазақтың геосаяси экспансиясы барысы жайын байқауға мүмкіндік береді. Әбілқайырдың жеке тұлғасы далалықтардың саяси өмірі, қыпшақтармен және өзбек ұлысымен байланысы, оның соғыстар барысы туралы баяндауы, Әбілқайырдың жүріп өткен жерлеріне қатысты тарихи-географиялық, картографиялық-топонимикалық нақты фактілер мен өмірбаяндық байланыстарды анықтауда көптеген пікірлер бар.

Түркілік ортағасыр тарихнамасы тұтас әрі ортақ мұра болғанымен, оның ішкі жіктері бар екендігі туралы кезінде шығыстанушы ғалымдар В.П. Юдин, М.Қ. Әбусейітова атап өткен болатын. Яғни, тарихи шығармалар өлкелік жағынан мәуеренаһрлық немесе моғолстандық, билеуші әулеттер жағынан шағатайлық, тимуридтік, шейбанилік болып бөлектенетіндігі, жазу тілі жағынан араб, парсы, түркі болып келетіндігі айтылды.

Түркілік тарихнаманы парсылық нұсқалар мен арабтық үлгілерден ерекшелейтін өзіндік белгілері бар – мысалы, хикаялардың өлең немесе қиссаға түсіп кетуі, жер-су аттарының ерекшеліктері, кісі есімдерінің қолданылуы және т.б. Алайда, өзара ұқсас ортақ сипатына қарай бұл еңбектердің бәрін, әрине, жалпы Орта Азиялық мұсылмандық тарихнамаға жатқызамыз. Мысалы, хан Бұзұрғ Әбілқайыр хан туралы сақталған тарихи дерек көздері: «Тарихи Абулхаир хани», «Бахр ал Асрар», «Михман нама-и Бухара» және т.б. шығармаларда, Әбдіразақ Самарқанди, Масуд Кухистани, Фазлаллах Рузбихани және т.б. авторлардың еңбектерінде айтылады. Бұдан басқа қазақтың тарихи шежірелерін жинаған М.Ж. Көпейұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Халид жазған еңбектер тарихи құнды дерек береді.

Әбілқайырдың дүниеге келіп, кіндік қаны тамған туған жері Жайық өзені бойында орналасқан өңірлерден бастап, оның саяси дәуірлеуі жүрген Батыс Ібір-Сібірдегі әйгілі Чимги-Тура, шайқас болған Ақыртөбе, астанасын құрған Орда-Базар, соңғы жайын тапқан Сығанақтағы Көккесенеге дейін бірізді баяндалады.Кейін Сібір хандығын билеген Көшім ханның тұсында Ібір-Сібірде, әр түрлі мәліметтер бойынша, 54 қала болғаны еңбектерде айтылады. Соның ішінде қазір 17 қаланың орны ғылыми тұрғыдан айқындалған деседі. Сібірдегі осындай қалалық мәдени өмір мен сауда-керуен жолдарының дамуында Әбілқайыр хан құрған мемлекеттің үлкен ықпалы болған.

Академик Ә.Марғұлан пайымдағандай, қазақ мемлекеті қалыптасуының барысы Дешті Қыпшақ даласында XIII ғасырда басталды. Осы уақытта протоқазақ, яғни арғы қазақ руларының, саяси бірлесу арқылы тұтас халыққа тоғысу үдерісі, бірнеше ғасырға созылды. Ал олардың соңғы бірлестік құрған кезеңі Ақ Орда хандығы мемлекетінің дүниеге келуімен тікелей байланысты. Қазақ халқының, қазақ мемлекеттілігінің тарихы тек қана Қазақ хандығы құрылуы кезінен басталады деген түсінік болмауы тиіс. Ұлы Дала тарихының кезеңдерін қазақы таныммен, шежірелік ұғымдардан жаңғыртатын болсақ, қазақ-қалмақ заманы, қазақ-өзбек, қазақ-ноғай заманы болып ажыратылады. Бұл үлкен үш кезең қазақ шежіресінде бекерге айтылмайды. Оның мағынасы Ұлық Ұлыс сияқты үлкен мемлекеттің тарамдала келе кіші ұлыс, хандықтарға жіктелу процесін аңғартады.

Шейбани Дәулет шейх оғланның ұлы Әбілхайыр хан 1412 жылы туған. XV-ші ғасырда, 1430-1468 жылдар аралығында Дешті Қыпшақтың беделді билеушісі болып, қырық жыл хандық құрды. Қазақтың шығу тегін баяндайтын «Қазақ шежірелері» жинақтары, оның әр түрлі нұсқаларында, әріде Алаш, Жайылқан, ал беріде Әбілқайыр, немесе Жұман деген атадан таратады. Баршаға белгілі, қазақ шежіресі қазақ халқының шығу тегін көбіне Әбілқайыр есімінен бастайды (Қазақ, Созақ, Қарақалпақ деп). Бұл этнонимдерді Әбілқайырдан туған балалары ретінде атайды. Шындығы, әрине, ондай емес. Бірақ, Әбілқайыр ұлысына қазақ жалпақ жұрты, Созақ қаласы (яғни, Шибан әулетінің өкілдері), қарақалпақ (маңғыт) қауымдары қарағанын көрсететін болса керек. Сондықтан, Әбілқайыр хан ұлысы туралы зерттелеу қазақ этногенезіне де, саяси қалыптасу тарихына да, құқықтық жүйесінің дамуына да тікелей байланысты мәселе. Әбілқайыр хан ұлысы кезеңін зерттеу қазақ тарихы үшін әрқашан қажетті және өзектілігін жоғалтпайтын қомақты мәселелердің бірі. Әрине, бұл генеалогиялық нұсқа генетикалық шындықты, яғни бүкіл қазақтың рулары Әбілқайыр немесе Жұманның баласы деген мағынаны білдірмейді, бар болғаны, ол шежірелер қазақтың рулық ұйымының бір бастауы Әбілқайыр ұлысы, немесе Жұман ұлысынан шықты дегенді көрсетіп тұр және Қазақ одағының қалыптасу барысын суреттейді.

1227 жылы Жошы дүние салған соң, оның ұлысы Жошы балаларына мұра болды. Шыңғыс хан, немерелерінің қалауы бойынша, Жошы хан иелігін үш бөлікке бөліп берді: Ертістен Ырғызға дейінгі жерді, Алакөл Балқашқа дейін, үлкен баласы Орда-Еженге, Ырғыздан Жайыққа дейінгі жерлерді, Ор мен Електі інісі Шайбанға, Жайықтан Қырымға дейінгі жерлерді Бату хан мен оның інісі Тоқай-Темірге үлестіріп берді. Сондай-ақ, Шайбан Тоқай-Темірмен еншілес болған. Сонымен, Шыңғыс хақан қаншама үлкен аумақтарды бағындырып, білігіне қаратса, Ұлық Ұлыс мемлекетін құру саясатын ақыры өзінің төрт ұлына үлеске еншілеп берген. Бұл оқиға Шыңғыс хақанның рұқса-

тымен, қолдауымен, руларға ұран, малға таңба, тұмарға құс, қонаққа мүше ретін қайта үлестірумен, оң батасын берумен жүзеге асқаны туралы қазақ шежірелерінде айқын айтылады, Өтеміс қажының әйгілі «Шыңғыс-нама» еңбегінде анық баяндалған. Орда Еженнің жерлері бұрын Найман-Күре деп аталған Шыңғыстау, Үкітай ұлысының шетіне қарасты Алакөл, Шу өзеніне дейін, Ұлытау, Сыр бойы толығымен қамтыды. Ақ Орданың халқы алты тайпаның одағы – Алты Алаш құрады. Жошы ұлысының атақты хандары мен билеушілері Бату хан (1209-1256), Берке хан (1209-1266), Ноғай хан (1235-1300), Тоқта хан (1291-1312), Өзбек хан (1280-1341), Жәнібек хан (1342-1357 жж. билеген).Қазақ шежіресінде айтылатын әйгілі Аккелімбет, Қаракелімбет, Сарыкелімбет есімдері ноғайлы тарихымен байланысты, есімдері қазақтың арғы ата-бабалары ретінде айтылады.

Жошы ұлысының шығыс жағы арғын, найман, Дешті-Қыпшақтың қыпшақтары, алшын болған және әр түрлі түрік пен қыпшақтан қосылған, кейін Берке ханның немере інісі Ноғай ханның атымен аталған ноғайлылар қоныстаған еді. Ноғай хан Дешті Қыпшақтағы хандарды өзі қойып жүрген. Жошы ұлысының кішкене хандықтарға бөлініп, бөлшектеніп кетуінің бірден бір себебі – қазақ шежіресінде аталатын Ормамбет ханмен байланысты оқиға. Тарихта ол Ұлыр Мұхамед хан деген лақап есімімен аян. Темір хан 1446 жылы өлгенде, ноғайлы хандары өзара хан тағына таласты. Сол кезде хан Бұзұрғ Әбілқайыр Қазан, Қырым хандарына қарамай, Жошы ұлысының шығыс бөлігін 1452-1455 жылдары жеке билеп тұрды. 1451-ші жылдың ақпан айынан 1452 жылдың қаңтар айы аралығында ұлы мәртебелі Әбілқайыр хан Самарқанда болды. 1430-1431, 1435-1436, 1440-1441 жылдары аралығында Әмір-Темірдің немересі Әбу-Саид Хорезм мен Самарқанд қалаларына алты рет жорық жасаған.

1552-ден кейін Әбілқайыр ханның билігіндегі көшпелі елге ойрат Есен тайшының баласы Өз-Темір шапқыншылық жасады. Әбілқайырдың бұл шайқастағы жеңілісі және ішкі қайшылықтардың күшеюі Жәнібек пен Керей сұлтандардың 1455 жылы өздерінің қол астындағы ру-тайпалық бірлестіктегі елін алып Шу өңіріне қоныс аударуына алып келді. Әбілқайыр хан өлген соң өзбек ұлысы ыдырады.

1450 жылдан кейін Шағатай нәсілі Ферғана менен Мауренаһрды билеп тұрды. Қалалық тұрмысты жақсы көрген олар көшпелі халықтарға жасаған қалмақтың шапқыншылығына қарсы тұра алмады. Қазақта Шайбақ хан есімімен әйгілі Әбілқайыр ханның немересі Шаһбахыт Шайбани хан 1499 жылы қасына өзбек-қазақты жиып алып, Мауренаһрдегі Самарқанды қаласына шапты. 1508 жылы Шайбақ Мауренаһрды алып, Ташкентте тұрған Шағатай нәсілінен Махмұд хан менен көшпелі халықты билеген інісі Ахмет ханды өлтірді. Хансыз қалған Шағатай елі қазаққа қосылды. Сол кезде қазаққа әз-Жәнібек ханның Қасым деген баласы хан еді. Сонда Қасым хан қол астында бір он сан халқы болды.

XVI ғасырда өмір сүрген тарихшы Масуд бин Осман Кухистани Апақ хан есімімен белгілі моғолыстандық Абдул Латиф ханның (1604-1630) тапсырмасымен жазылған «Әбілқайыр ханның тарихы» («Тарихи Абулхаир-хани») атты еңбегі жазылған. Тарихшы Құрбанғали Халидтің «Шығыстың бес тарихы» («Тауарих хамса шарқи») еңбегіндегі пікірі бойынша, төре тұқымдары атанған Шыңғыс ханның ұрпақтарының ішінде хандық құру дәуірі ішінде он бірінші кезеңге жатады, тегі жағынан тарамдалуы былай келеді: Шыңғыс ханның баласы Жошы хан, оның баласы Шайбан, оның баласы Байнал Баһадур хан, оның баласы Йесу-Бұқа, оның баласы Жошы-Бұқа, одан Бадығұл, одан Мәңгі-Темір, одан Болат хан, одан Ыбырайым хан, Қызыр хан, Ыбырайым ханнан Дәулет шейх сұлтан, одан Әбілқайыр хан, Сейтеке сұлтан туады. Әбілқайыр ханның баласы Шаһ-Бұдағ, одан Мұхамед хан туады. Бұл тармақтан барлығы 24 хан таққа отырып, жүз жылдан аса билік құрған.

Әбілқайыр хан мемлекеті тарихы күрделі, әрі маңызды. Өзбек этнонимінің шежірелер баяндағандай Өзбек хан атымен байланысты деген көзқарасты белгілі шығыстанушы ғалымдар Григорьев, Семенов және т.б. зерттеушілер қолдамады, яғни өзбек этнонимі эпоним ретінде қалыптаспады деген қорытындыға келді. Шәкәрім қажының пікірінше, өзбек қауымының аты бұрынғы кезде Дешті Қыпшақты билеген Жошы нәсілінен шыққан Өзбек хан есімімен байланысты. Жошы ұлысы халқын мұсылман қылған Өзбек ханның атағы шыққандықтан, оның атымен барша Жошы ұлысы өзбек атанып, өзбек қазаққа келіп қосылды. Міне, осы пікір шындыққа жанасады.

Қазақ халқының тарихы үзік-үзік, кей жерде шым-шытырық, өзара сабақтастығы да аз, уақыт пен кеңістік жағынан шашыраған болып көрінуі мүмкін. Мұндай көзқарас пен пікірдің болуы бір себебі заңды болса да, екінші жағынан ұлтымыздың тұтас тарихы жазылып болуын қаламағандар болғаны белгілі. Халықтың тарихи даму жолы қиғаш келеді, әр түрлі тарихи қатпарлы кезеңдерден, қайшылықты тарихи оқиғалар мен тамыры әртарапты мәдени құбылыстардан құралады. Бірақ тұрақты мәдени белгілері мен қайталанбас этникалық ерекшеліктері негізінде тұтас бір этномәдени жүйелер екендігін бірден байқатады. Қазақстан тарихы жеке жұрнақтарымен емес, қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда тұтас қалпында түсінікті болуы үшін, байланысы ашылмаған тарихи күрделі мәселелердің шешімі табылуы тиіс.

Әбілқайыр Шайбанға жазылған зерттеулерде айтылған жаңалықтардың бірі жер-су аттары жайында жасалған зерттеушілердің ғылыми ізденістермен байланысты. Мысалы, деректерде айтылатын «Джайтар-Джалкин» жер аты қазіргі Жалтыр көлімен, Жабай өзенімен байланыстылығын, сондай-ақ, Атбасар аты сол заманның өзінде сол қалпында жер-су топонимикалық атауы ретінде болғандығының өзі ерекше жайт. Икра-Тупин шайқасы деп аталатын тарихи оқиға, зерттеушілердің пікірінше, қазіргі Атбасар

маңында орналасқан Ақыртөбенің атымен байланыстылығының айқындалуы да керемет жаңалық.

Әбілқайыр ханның жойқын қолбасшылық қабілеті, әскери дәстүрдің шебері, ауқымды мемлекет құрған зор билеуші ретінде жақсы суреттеледі. Әбілқайыр хан өз заманының осындай әйгілі тұлғасы болды. Оны Дешті Қыпшақ патшасы, Ақ Орданың билеушісі, Әбілқайыр ұлсының негізін қалаушы деп атады. Кейді хан Бұзұрғ, яғни Үлкен хан деп атады. Хан бұзұрғ Әбілқайыр туралы зерттеу саяси дәстүрі сабақтастығын мәселесін зерттеу үшін маңызды.

Сонымен, XV ғасырдың басында Ертістен Еділге дейінгі жерде көптеген тәуелсіз көшпелі тайпалардың құрған ұлыстары жайлады. Сол замандағы деректерде Орда Ежен мен Шайбан иеліктерінің негізгі халқын «өзбек ұлысы» деп атай бастады. Бұл атау Алтын Орда мемлекетінің ұлы хандарының бірі Өзбек хан атымен байланысты деген жорамал негізді. Алтын Орда ыдыраған кезде батысында Маңғыт жұрты, оңтүстігінде Ақсақ Темір иеліктері, оңтүстік-шығысында Моғолстан қоршаған ұлан-байтақ далалы аймақ биліксіз қалып қойды. Қазіргі зерттеулерге сүйенсек, осы кезеңде Дешті-Қыпшақтың шығыс жағында Шайбан сұлтандарының өктемдігі күштірек болған сияқты. Олардың өзара күрестерінің нәтижесінде пайда болған мемлекетті әдебиетте «Әбілқайыр мемлекеті» немесе «Көшпелі өзбек мемлекеті» дейді, яғни Шайбан әулетінің ең атақты өкілдерінің бірінің атымен аталған. Әбілқайыр билігіне дейін Ұлы далада бірнеше тәуелсіз ұлыстар болған, олардың ішіндегі неғұрлым ірілері Жұмадық, Махмұд Қожа, Мұстафа хандардың иеліктері болды.

Ноғай мырзаларының қолдауына сүйенген Жұмадық хан Дешті-Қыпшақтың орталық бөлігін мекендеген Алаш одағына кіретін тайпалармен күрес барысында қайтыс болғанда, оның әскерінің оң қанатын басқарған Даулет-Шайх-оғлан ұлы Әбілқайыр бар-жоғы он жеті жаста еді. Шайбан сұлтандары бастаған маңғыт әскері жеңіліп тұтқынға түскен жас сұлтан Дешті Қыпшақтың билерінің қолдауына ие болды да жылдам көтерілді. Бірте-бірте оның билігін далалық алқаптың көптеген батыр-билері қолдады, осы қолдаудың арқасында Әбілқайыр таққа 1428 жылы Ібір-Сібір өлкесінде отырды да, елді 40 жыл биледі. Хандықтың территориясы шығысында Балқашқа дейін, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейін, ал солтүстікте Тобыл мен Ертістің орта ағысына дейін созылып жатты.

Әбілқайыр хандығы бір күшті орталыққа бағынған мемлекет бола алған жоқ, ол бірнеше этносаяси және этнотерриториялық топтардың уақытша келісімі деп те атауға болады. Мемлекет құру үшін қажетті ортақ және иерархиялы генеалогиялық жүйенің орнына одаққа кірген тоқсан екі тайпаның бәрі де бір-бірімен тең дәрежеде қалды. Түп тегі ежелгі қыпшақ одағына бастайтын Дешті – Қыпшақ тайпалары бір орталыққа бағынған

мемлекет құрғаннан гөрі үлкен конфедеративті одақ құрғанды жөн көрді. Сонымен бірге қыпшақ қауымы ірі қалалық орталықтарға, континенталды сауда мен егіншілік оазистеріне иелік жасай алмады. Әбілқайыр билігі ру-тайпа аралық жіктердің, талас-тартыстардың кезіне сәйкес келген еді. Әбілқайыр жаулап алушылық жорықтарын Мәуереннахрда, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында да жүргізген.

1430 жылы ол аз уақытта Хорезмді жаулап алып, Үргенішті талқандады. Деректерге қарағанда 1446 жылы Әбілқайыр хан әлсірей бастаған Ақсақ Темір ұрпақтарынан Сырдария бойындағы және Қаратау беткейлеріндегі Сығанақ, Созақ, Ақ-қорған, Үзгент, Аркөк сияқты қалаларды тартып алды да, одан да ілгерілеп, Мәуереннахр өлкесіне сұғына кірді. Бұл қалалар оның ең жақындарына, көбінесе маңғыт руынан шыққан билерге берілді. Сығанақ хандықтың астанасы болды, деректерге қарағанда бұған дейін хан ордасы Ібір-Сібір Чимгу-Тура мен Сарыарқада Орда-Базар қалашықтарында ту көтерді. Осылайша бұрынғы Орда Ежен және Шайбан ұлыстарының халқы түгелдей Әбілқайыр қол астына өтті. Алайда бұрын Орда Ежен иелігінде болған тайпалар ылғи да сепаратистік көңіл ауанын жасырған жоқ. Олардың ішінде Орда Ежен тұқымына қолдау көрсеткен және белгілі дәрежеде Сырдария бойындағы қалалық өңірмен тікелей байланысты ру-тайпалар болашақ қазақ мемлекетін құру идеясымен өмір сүрді.

Тұжырымдар: – көп уақыт Алтын Орда империясы құрамында болған Ақ Орда ұлысының тарихы Қазақ хандығының өмірге келуін түсінудің басты шарты. Біздің ойымызша Ақ Орданың гүлденген тұсы Сарайда Әз Жәнібек билік құрған кезеңге сәйкес келеді.

– Бердібек өлгеннен кейін Саин хан ордасында басталған бұлғақ көп жылдарға созылды. Әсіресе, Ерзен мен Шымтай билігі арасында Орда Ежен тұқымының тәуекелшіл сұлтандары Алтын Орда шаруасына көп араласты. Араласпауға тіпті мүмкін емес еді, Еділ бойындағы рулардың әмірлері мемлекет іргесін бекіту үшін Орда Ежен ұлысы, яғни Ақ Орда сұлтандарын өздері шақырып отырды. Бірақ бір берекесі кеткен билікті қайта нығайту мүмкін емес еді, Саин тағының дағдарысы күшейе түсті, әр түрлі саяси күштер Алтын Орданы бұтарлап жан-жаққа алып қашты. Дегенмен Ақ Орда сұлтандары Алтын Орда тарихында елеулі із қалдырды. Осындай дүбәрә заманда Шығыс Дешті-Қыпшақ билеушісі Орыс ханның маңдайына Доннан (Тана) бастап Алтайға, Сырдан бастап Сібірге дейінгі кең байтақ далада Жошы ұлысын қайтадан қалпына келтіріп, басын қосуды жазды. Бірақ көбесі бір сөгілген мемлекет қайта басы қосылмады. Сарай өзінің саяси орталық функциясынан айрыла бастады. Осыны түсінген Орыс хан Шығыс Дешті-Қыпшақты мекендеген алаш ұлыстарының қолдауынан айрылып қалмас үшін елге қайтты. Ұлы даланы мекен еткен алаш тайпаларының тарихи дәстүрлері бұл кезеңде айшықты көріне бастады. Алаша хан заманынан сақталған дәстүрге негіздеп ұлттық

мемлекет құру туралы дала төскейін мекен еткен ірі автохтонды рулардың мүддесі Орыс хан саясатымен сәйкес келді.

– «Алаш мыңы» – XIV ғасырдың екінші жартысы, XV ғасырдың басында болған рулардың әскери-саяси одағының бір аты. Ол ноғайлы ауыр жұрты деп аталған Алтын Ордалы Ұлық Ұлыстың ыдырау кезеңінен кейін уақытта Қазақ хандығы құрылған заманға дейін болған ірі этносаяси ұйым.

– Әбілқайыр хандығы бір күшті орталыққа бағынған мемлекет бола алған жоқ, ол бірнеше этносаяси және этнотерриториялық топтардың уақытша келісімі деп те атауға болады. Мемлекет құру үшін қажетті ортақ және иерархиялы генеалогиялық жүйенің орнына одаққа кірген тоқсан екі тайпаның бәрі де бір-бірімен тең дәрежеде қалды. Түп тегі ежелгі қыпшақ одағына бастайтын Дешті – Қыпшақ тайпалары бір орталыққа бағынған мемлекет құрғаннан гөрі үлкен конфедеративті одақ құрғанды жөн көрді. Сонымен бірге қыпшақ қауымы ірі қалалық орталықтарға, континенталды сауда мен егіншілік оазистеріне иелік жасай алмады, бұл да олар құрған мемлекеттің мүмкіндігін азайтты.

Әдебиеттер:

Абуль-Гази. Родословное древо тюрков. Пер. и предисл. Г.С. Саблукова. Казань, 1906.

Военное дело Улуса Джучи и его наследников. Сборник научных статей. Астана,2012. Сост. А.К.Кушкумбаев.

Едіге батыр. Алматы, 1996.

Ел аузынан (Шешендік сездер, ақындық толғаулар, аңыз әңгімелер). Алматы, 1985.

Ер Едиге. Алматы, 1995. Издание, опубликованное в 1927 году, в Москве с предисловием К.И. Сатпаева.

Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Алматы, 2006.

Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974.

Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествие по Средней Азии. М., I988.

Қырымның қырық батыры) Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. т.5. Алматы, 1989.

Марғұлан А.Х. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы, 1985.

Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия, Открытия. Приключения. Алматы, 1993.

Рашид ад – Дин. Сборник летописей. Т.1. кн.2. М.-Л., 1952. Пер. Л.А.Хетагурова. Ред. и прим. А.А.Семенова.

Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды) извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузеном. – Т.1. – СПб., 1884.

Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. (Извлечения из персидских сочинений собранные В.Г.Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – Т.II – М.-Л., 1941.

Утемиш хаджи. Чингиз-наме (Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусеитовой. Алма-Ата, 1992.

Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М., 1973.

Сұрақтар:

– Қазақ шежіресіндегі Жошы ханның ата-тегі туралы мәліметтердің моңғол жылнамалары мен шежірелеріне (топчы) негізделген ресми тарихнамадан елеулі айырмашылығы болуына не себеп ?

– Моңғолдардың хорезмшах әскерімен қазақ даласындағы алғашқы шайқасы ?

Деректерде Ұлық жыршы Жошы өлімін Шыңғыс ханға естірткенде мына жырды айтты делінеді:

Теңіз баштан бұлғанды кім тұндыра, а ханым?!

Терек тұппен жығылды кім тұрғызар, а ханым?!

Осы жырдың авторы кім ?

– «Алаш ұлдары моңғолдардың дәстүрлі жерлеу салтын бұзып, Жошы ханға керемет күмбез тұрғызады. Ол Жошы ханның ордасы сол жердегі қалашық жанында орналасқан. Уақыт салмағымен бұзылған бұл қалашықтың қалдық орыны, даланың ұлы билеушілерінің бірінің даңқын еске түсіреді». Енді осыған байланысты сұрақ – Жошы хан күмбезі қай жерде орналасқан ?

– Қазақ шежіресінде Жәнібек хан атына қосымша «әз» қолданылады, бұл жерде Алтын Орда ханы Жәнібек пе, әлде қазақ ханы Жәнібек пе?

«Әз» атауының мағынасын ашып көрсетсеңіз?

«Алаш мыңы» атауына қатысты қандай пікіріңіз бар, бұл әскери рулар одағы ма, әлде жеке халық па ?

Шейбан әулетінен Дәулет шейх оғланның ұлы Әбілхайыр хан қай жылдан бастап билік құра бастады және оның билігі неше жылға созылды?

Тапсырмалар:

-Шығыстың ұлы тарихшысы Рашид-ад-динде Шыңғыс хан мен Жошы араздығы туралы жазады, бірақ олардың арасындағы жаулықты, Жошы ханның Қарақорымға келуден бас тартуынан деп түсіндіреді. Жошы хан үлкен ордаға бармағаным қатты ауы-

рғандықтан десе, Шыңғыс хан: «Жошы қарсылық көрсетті, әкесінің сөзіне құлақ аспайды» деп қатты ашуланады. Сіз осы күрделі қарым-қатынастарға баға беріп көріңіз.

– Қазақ шежіреші қарияларының билеуші әулет генеалогиясына редакция жасап Жошы ханның тегін Алаша ханнан тарата бастауына не себеп болғанын түсіндіріңіз.

– Жошы хан өліміне байланысты түсініксіз сұрақтар көп, сіз деректерді салыстыра отырып ханның өлімі қай жылы болғанын анықтаңыз.

– Жошы хан өлген соң оның басына керемет күмбез тұрығызылғаны белгілі, осы күмбезді сәулет өнері тұрғысынан сипаттап беріңіз, бұл далалық сәулет өнері туынадысы ма, әлде шығыстық па?

–Монғол шежіресіне қарасақ баһадүрлер Жебе, Сүбедей және Тоғычар бастаған әскердің алдыңғы бөлігі Орта Азияны солтүстіктен, яғни қазақ даласы арқылы айналып өтіп, Хорезмшахтың сыртынан шыға келеді, бұл айла Шыңғыс ханның Орта Азияны жаулап алуды сәтті аяқтауына негіз болды. Біз көбінесе қалалық өлкелер туралы айтамыз, ал бұл жерде Шыңғыс хан әскері даламен жүрген, осы маршрутты сызып көрсете аласыз ба ?

– Дәулет шейх оғланның ұлы Әбілхайыр хан Түркістан аймағына жерленгені белгілі, осыған байланысты сіз Көк кесене ескерткіші туралы мәліметтер жинаңыз.

– Қазіргі уақытта Алаш мыңы одағына қатысты ғылыми және көпшілік ортада бірнеше пікірлер бар, оның құрамы да нақтыланбаған, осы тақырыпта ғылыми тарихнамалық шолу дайындаңыз.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ «АЛТЫ АЛАШ» ИДЕОЛОГЕМАСЫ

Қазақстан – бай рухани тарихы, кең байтақ жері бар ел. Бірақ халықтың осы бір рухани географиялық белдеуде ешқашан байланысы үзілмеген. Бүкіл тарихында қасиетті жерлері мен рухани мұралары: ескерткіштер, ғимараттар, құрылыстар маңызды мәдени көзқарас тұрғысынан құрылған. үшін бұл аса маңызды. Қазақ халқының бай тарихи жырлары қорында тарихи-өлкетану дереккөздерінің ауқымы өте жақсы сақталған.

Ұлттық санада Ұлытау айналасындағы ескерткіштердің біріккен кешені мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштері мен Бекет-Ата мазарын, Шығыс Қазақстанның ежелгі кешендері мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орныққан.

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің, белгілі бір құндылықтарының, мәдени символдарының, өзіндік дара ұлттық символикасының мызғымас негізін құрайды.

Қазіргі Қазақстанның қасиетті өлкелері туралы тарихи таным ата-бабалар қонысы болып табылатын – Алтай-Ертіс, Жетісу, Сарыарқа, Маңғыстау, Сыр, Еділ-Жайықтың қасиетті аумақтарын қамтиды. Бұл өлкелерде қазақ халқының белгілі саяси және мемлекет қайраткерлері болған билер, батырлар, хандар және мемлекеттіліктің, мәдениеттің, ғылым және білімнің дамуына үлес қосқан молда, ишан, ақын, ғұламалардың, ағартушылардың есімдерімен байланысты қасиетті елді мекенді жерлер орналасқан.

Қазақ халқының бірлігінің нышаны болып танылатын қазақ билері мен хандарының ордалары сол жерлерде орналасқан. Қазақ даласының тарихында орын алған жаугершілік, басқыншылармен соғыстарла шайқас болған жерлер, ашаршылық сияқты қайғылы кезеңдерге байланысты орындары, немесе қазақ халқының ұлт азаттық қозғалысының орындары болып табылатын қасиетті әрі киелі болып табылатын тарихи-мәдени нысандар бар. Мемлекет пен аумақтың тұтастығы идеясы Алаш идеясы мен қозғалыстарында және олардың ізін жалғастырушылар – А. Ермеков, С. Сәдуақасов, Б.Момышұлы, Ж.Ташенов және т.б.

§1 «Алаш мыңы» одағынан – «Алты Алашқа»

Алтын Орданың ыдырауы салдарынан Еуразиялық ұлы дала аумағында көшпелілердің ұлттық мемлекеттік бірлестіктері қалыптаса бастады. Қазақ хандығы солардың бірі болып табылады. Әрине, қазақилық өмір салты тым көнеге кететін құбылыс, дегенмен біз Қазақ хандығының тарихын жаңа заман тарихымен байланыстыра отырып қарастырамыз, себебі бұл мемлекет жаңа заманның үрдістері туғызған құбылыс.

Қазақилық өмір салты мен мемлекет бір-біріне үйлесімді құбылыстар ма? Бұл үшін біз мемлекет тек тап күресінің нәтижесі деген пікірден бас тартып, мемлекеттің тууын оның әлеуметтік реттегіштік қызметіне қарап, іздеуімізге тура келеді. Қазақилық өмір салт үстемдігіне қарамастан мәселен, біздің жыл санауымызға дейінгі үшінші – екінші мыңжылдықтарда салынған қола дәуірі қорғандары қоғамның әлеуметтік күрделі тұрмысын көрсетеді, ал қола дәуірінің соңына қарай қорымдарда өте ірі құрылыстар кездесе бастайды (Бегазы-Дәндібай). Бұл ғаламат құрылыс өнерінің үлгілері тек жоғары мәдениеттің ғана емес, мемлекет ретінде ұйымдасқан қоғамның тудыратын жемісі. Билік иелері құт қонған, аруақ қолдаған қасиетті деп танылды, олардың әлеуметтік орны тайпалық конфедерациялардың немесе қауымның ішінде биік бағаға ие болды. Міне, осы кезеңнен бастап (б. э. б. II мың ж. соңы) мемлекет қоғамдық құбылыс ретінде өмірге енді. Қоғамның ішкі құрылымын, әр түрлі құрамдас этномәдени бөліктерін ұйымдастырып, қимыл-қозғалысқа келтіріп отыратын хандық билік пайда болды. Әлі де дәлелдеуді керек ететін біздің кейбір деректерімізге қарағанда мемлекет пен биліктің көне нұсқалары жылқыны жаңа пайдалана бастаған Еуразияның бақташы тайпаларының ортасында энеолит дәуірінде қалыптасты. Жүздеген мың жылқы басын иеленген қауымдардың өзін өзі басқару және өз ара қарым-қатынасын шешу үшін билік институттарын туғызбауы мүмкін емес. Олар қазіргі күні жер шарының үлкен бөлігін иеленіп отырған үндіеуропа, иран, алтай тілді халықтардың түп атасы.

Біздің қолымыздағы классикалық әдебиет биліктің, яғни басқарудың, екі түрі бар деп есептейді. Оның бірі – монархиалық, екіншісі – республикалық. Біріншісі жеке адамның, немесе белгілі бір әулеттік, шексіз билігіне негізделсе, екіншісі – халықтың өзін–өзі басқару институттарына арқа сүйеді. Басқарудың екі жүйесінде де толып жатқан ерекше формалары кездеседі. Мәселен, монархияның тарихи түрлерінің өзі бірнешеу (шығыстық, батыстық, оның ішінде римдік). Конституциялық монархия әлі күнге дейін әлемнің әр тарабынан кездеседі (Англия, Швеция, Жапония, т.б.). Республикалық басқару жүйесі де өзінің тарихи түрлерінен бастау алып (Спарта, Афина, Рим аристократиялық республикасы) қазіргі уақытта парламенттік және президенттік нұсқала-

рымен жиі кездеседі. Ал қазақи өмір салттың иегерлері, немесе көшпелілердің, басқару жүйесін біз осы белгілі екі жүйенің қайсысына жатқызамыз?

Ғылымдағы классикалық көзқарастарға сүйенсек биліктің ең негізгі белгісі – басқару аппараты. Бұл ұғымның ішінде қазақ қоғамынан кездеспейтін әкімшілік-территориялық жүйеден туындайтын, билік жасаушы әлеуметтік топтың экономикалық, әлеуметтік және қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ететін толып жатқан билік жүйесінің құрамдас бөліктері мен тетіктері бар. Бір сөзбен айтқанда билікке қажетті атрибуттар. Бұлардың көпшілігі қазақи өмір салты мен дәстүрлі билік жүйесінде жоқ.

XVI ғ. басында қазақ даласында Мұхаммед Шайбанимен бірге болған Фазлаллах Рузбихан оны жұмақпен теңестіреді. Қазақтар туралы ол: «*Осы жұмаққа ұқсайтын кең даланы олар өз құдіретінің тұрағы, тыныштық пен демалатын көктемгі үйі деп есептейді*». «*Сиыр мен қой санын, жылқы табынының есебін Жаратқан иемнен басқа ешкім білмейді, оны дәл білу мүмкін емес*» дейді шығыстық ғалым. Қазақтың мал шаруашылығында саны жағынан алдыңғы орында қой болатыны белгілі, ол көшпелі отбасының негізгі күн көрісін қамтамасыз етеді. Еті мен сүті тамаққа пайдаланылды, оның жүнінен алаша, киіз, терісінен әр түрлі киімдер, ыдыстар жасалды. Қоғамдық өмірді де қойдың алатын қызметі бар, ол айырбас орнына жүреді, саудаға түседі, келген қонақты атқарады т.б. Дегенмен жауынгер көшпелілердің өмірінде жылқы аса маңызды орын алды. Қазақтың атақты ханы Қасым ханның: «*Біз даланың тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін, қымбат заттар, тауарлар да жоқ. Біздің басты байлығымыз жылқы*» – деген сөзі аса маңызды .

Рузбихан сияқты Шығыс авторлары қазақтардың маусымдық көші-қондарына қатысты қызықты мәліметтер береді. Олардың сипаттауынша қазақтар жазда Еділ өзеніне дейінгі далалық алқапты мекендейді де, қыста Сырдың бойына қарай жылжиды деп көрсетеді. «*Олар Еділ өзенінің маңындағы далалардан осы орасан зор бай жерде екі немесе одан да көп ай бойы күн сайын көшіп – қонып жүріп, қардың үстімен киіз үйлерін сүйретіп, бұлғын, тиін терісінен жасалған тондарда және т.б. әр түрлі әшекейлі жібек киімдерде екі айдан соң қысқы тұрақтарына оралады. Олардың қыстайтын жері өздері Сыр деп атайтын Сейхун өзенінің жағасы болып табылады*».

XV-XVII ғғ. көптеген қайшылықтарға қарамастан қазақтардың көшпелі шаруашылығының негізгі бағыттары іс жүзінде ешқандай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Дегенмен, XVI ғ. аяғындағы Бұхар хандығындағы дағдарыс пен Тәуекел ханның Самарқанд және Бұхарға жорығы қазақтарды белсендіре түсті және олардың бір бөлігі едәуір алға жылжып, Мәуереннахрдың оңтүстік шеткері аймақтарына, қазақ эпосындағы Жиделі-Байсын деп аталатын жерлерге қоныс тебеді.

Жалпы, сырттан қарағанда қазақ қоғамы жеткілікті дәрежеде иерархиялық жүйеден тұратындай болып көрінеді. Қазақтың саяси-әлеуметтік өміріндегі жоғарғы топты

Шыңғыс ханның ұрпақтары – төрелер және ислам дінінің жоғары өкілдері болып табылатын – қожалар құрады. Осыған байланысты қазақ тілінде төре тобына байланысты «ақсүйек», қожа тобына байланысты «асылсүйек» терминдері қолданылады. Бұл топтар корпоративті ұйымдасқан, ішкі өмірі эндогамды, артықшылықтары әдет-ғұрып заңдарына негізделген және нақты белгіленген. Бірақ көшпелі қоғамдағы биліктің шын иелері ру-тайпа билері мен батырлары, яғни қазақтың потестарлық ұйымының жетекшілері болып келеді. Бұларды ғылыми әдебиетте «қара сүйек өкілдері» деп атап, олар Шыңғыс тұқымдары мен Мұхаммед пайғамбар жұрағаты қожалардан бір саты төмен тұрады деп есептелгенмен нақты билік соларда. Мұны біз хандардың жанына ақылшы, ханзадаларға тәрбиеші ретінде «аталық» сайлау дәстүрінен да көреміз. XV-XVII ғасырларды қазақ хандарының жанында қазақтың аса беделді, жолдары жоғары руларынан сайланған аталықтар қызмет жасады. Бұл институт хан билігін кездейсоқ оқиғалардан, рулық сепаратизмнен т.б. сақтады, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына әсер етті. Ш. Уәлиханов «*Қазақтың «төресіз ел, төбесіз жер болмайды» деген мақалы елге арнайы басшы керек екенін білдірсе де, сұлтандар елге әсер етеді, билейді деуге болмайды. Қазақтар: «қожаның түбі сарт, ал сұлтандар –біздің қызметшілеріміз» дейді... Елдің барлық билігі көсем-рубасыларда және хандар халықтың айтқанын ғана іске асырады*» дейді.

Қазақи өмір салты белгілі саяси құндылықтарды туғызады, оның бір көрінісі – хандық билік пен ұлыс билерінің арасындағы тепе -теңдік. Мысалы, XVIII ғасырдың жаугершілік уақытында Абылайға екі тізгін бір шылбырды берген қазақ рулары, жаймашуақ, бейбіт кезеңде хан билігінің шектен шығып кетпеуін қатты қадағалайды. Бұл халықтың да мінезі емес, жалпы қазақи өмір салты туғызған бір дағды. Тіршілігі мал болғандықтан, малдың пайдасына бола ойға-қырға көшіп жүру мәжбүрлік. Сондықтан қазақ қоғамындағы билік дәстүрлері өзге елдерден, әсіресе отырықшылардан ерекше болуы заңды. Көшпелілердегі билік институты бір қолға, мысалы хандардың қолына, жинақталуы мүмкін емес. Ол билік өздерінің ортасынан шыққан билерінде де шамалы, себебі олардың өздері де ел ортасындағы беделді ақсақалдармен бір шешімге кеңеспей келе алмайды. Оның бәрі қазақ мемлекетінің табиғатындағы халықтың өзін өзі билеу, яғни демократиялық қағидалардың күштілігіне мысал. Қазақ даласындағы билік таразының екі басы сияқты, біздің өмір салтымыз оның екі басының да тең болғанын қалайды. Хандық дәуірде теңдік қамтамасыз етіп тұратын әлеуметтік-саяси институтты қазақ «аталық әулеті» деп атайды.

Бұл көрсетілген қазақи өмір салты мен билік нұсқасының түп астарында біздің зерттеушілердің назарына ілікпеген тағы бірнеше мәселе жатыр. Бұл ұлы Абай айтатын қазақтың «бұл замандағылардың артық екі мінезі: «Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол

заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би балсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді? Екіншісі – намысқор келеді екен. Ал аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетірер» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар» десіп, Кәніки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлы намыстылық, табандалылықтан келеді. Бұлардан айырылдық, Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» (Абай) Ибрахим Құнанбаев). Қара сөздер // Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986. 156-157-беттер.). Бұдан шығатын қорытынды біреу – қазақ қоғамының билік жүйесінің ішкі мазмұнын барламасақ біз оның сыртқы түріне қарап алданып қаламыз.

Қазақ қоғамының негізі рулардан құрылатыны белгілі. Әр рудың қоғамда алатын орнын өзара қарым-қатынасын туыстық жүйе реттейді. Шын болсын, өтірік болсын рулардың бәрі бір-біріне туыс, бірі үлкен, бірі кіші. Қазақтың «жол» тәртібі осы туыстық заңына бағынышты болған себепті, небір алқалы жиындарда, жауға қарсы тұрғанда «ағалы-інілі» тәртібін қолданады. Үлкен ру конфедерацияларының өзі де туыстық жүйемен жинақталады, тіпті жүздерінің атаулары да «ұлы», «орта», «кіші» делініп бір атадан тарағандыққа меңзейді. Шынтуайтына келгенде бүкіл қазақ түгілі, Орта жүздің өзі де қыпшақ, арғын, найман, керей, қоңырат, уақ сияқты бетінше ертеде мемлекет болған, тарихта егеменді ізі сайрап жатқан ірі ру одақтарынан құралады. Бірақ қазақ хандығы деген мемлекетті XV ғасырдың ортасында құрған уақытта ақсақалдары бар, билері мен хандары бар, өзара ақылдасып барып, бір атаның баласындай болайық, бәріміздің түбіміз бір Алаша хан, соның үш баласынан тараған ел болайық, жұрт болайық деп уағда байласқан. Біз сол нұсқамен әлі де өмір сүріп жатырмыз. Қоғамның тірегі, өзегі туыстық қарым-қатынастар болғандықтан, әр ру өзін-өзі басқарып, хандық биліктің күшеюіне жол бермей келгендігі осы. Бірақ рулық жүйенің өзі «ноқта аға» инсти-

туты арқылы орталық билікке амал жоқ мойын ұсынады. Әрине, ноқта, ол темір ауыздығы бар жүген емес, дегенмен ортақ мүддеге елді жетелеуге мүмкіндік беретін басқару құралы.

Мемлекет ең алдымен қазақ қоғамында әрбір адамның санасында өмір сүреді. Егер де ежелгі қазақ қоғамы еркін азаматтардың қоғамы екенін ескерсек, олардың әр жылы жалпы ер азаматтардың жиында бүкіл халықтық мәселелерді талқылайтыны анық. Бұл жиындарды ертеде «қаз» деп атаған. Осыған байланысты Бұқар жыраудың Абылайға «көтеріп қазға салармын» деген сөзінің мағынасы анықталады. Қазақ мемлекеті пен билікті түсінудің негізгі жолы Еуразия көшпелілерінің ауызша тарихына ден қою, сол нұсқаларда айтылған терең сырларды түсіну. Қазақ деректерімен қаруланып алғаннан кейін тарихқа жүйе ретінде қарау. Біздің мемлекеттің негізі «ел-жұрт» деген ұғым, ол рухани константа есебінде халықты біріктіруші күш, ол рулық, аталық деңгейден жоғары тұрады. Бұл ұғымды белгілі бір мемлекеттік қызметке, оның сыртқы сипатына, тетігіне байлап қоюға болмайды.

Қазақ қоғамының бір ерекшелігі мемлекет пен билік санада белгілі бір символдарға негізделеді. Ол символдарды тарих туралы түсініктер қалыптастырады, ұлттық сапа тарихи жадыға сүйенеді. Олардың ішінде біз мағынасына онша бойлай бермейтін «ата қоныс», «кіндік қаным тамған жұрт», «қарға тамырлы қазақ», «алаш» сияқты субстанциялық түсініктер бар. Кезінде ел тұтқасын ие болған аңыздық тұлғалар – Алаша хан, Уыз хан, Әз Жәнібек хан, Абылай хан да символ. Қазақты ел қылып, жұрт қылып, мемлекеттік идеясына ірге тас болып отырған Алаша да мемлекеттің, тәуелсіздіктің символы. Сонымен бірге Алаша хан образы қазақ мемлекеттік дәстүрінің бәйтерегі туысқандық жүйенің негізі. Алаша-хан қазақтың дәстүрлі ұлттық идеясы. Алаша хан туралы қазақ аңыздары – мемлекет шежіресі ұлттық мемлекеттік түсініктердің ірге тасы қызметін атқарады.

Қазақ мемлекеттілігінің тарихында Бетпақ далада орналасқан, қазақтың мемлекет болу тарихына алтын әріппен жазылған Таңбалы жар ескерткіші ерекше орын алады. Оның бетінде қазақтың, қазаққа дейін Орталық Азияны мекен еткен көне тайпаларының таңбалары мен жазулары сайрап жатыр. Қазақтың атақты тарихшысы М.Ж.Көпейұлы: «*Бетпақ далада «Таңбалы шұбар» деген жер бар. Сонда тасқа басылған таңбалар бар. Қазақтың таңбалары талас болса сол тастан барып қарасады. Алаша ханның тұсында басылған таңба деседі. Мұнан бұрын сағымнан пайда болған Шыңғыс хан да тоқсан екі баулы қыпшаққа таңба үлестіріп, ұран қойып берген екен деседі*» – деп жазады.

Ә. Марғұлан жазуына қарағанда Таңбалы жарды алғаш 1842-1843 жылдары зерттеген ресейлік ботаник ғалым А.И. Шренк Таңбалы тас тарихын исламға дейінгі дәуірмен

байланыстырады: «*Казақтардың қария сөздері бойынша ислам дәуірі басталатын кезде бұл жердің көп тайпалары осы арада бас қосып, ұлы мереке жасаған. Барлық тайпалардың ұлыс басқаратын адамдары, атақты билері, асқан ерлері жиналып, кеңес құрып, қай тайпа қай жерді қоныс ету мәселесін шешкен. Әрбір тайпаның өзіне арнап таңба беріп, ол таңбаның суретін осы тасқа жазып түсірген*».

Таңбалы жарға қатысты қызықты деректер қазақ шежіресінің тамаша білгірі Шал Құлекеұлы (1748-1819 жж.) айтты делінетін жырларда кездеседі. Бұл кісі қазақ шежіресін өлеңмен өрнектеген адам. Шоқан өз жазбаларында Шалдың шежіре – нұсқасын қолына түсіре алмағанын өкінішпен сипаттайды. Шал үлгісін жалғастырушы Н. Наушабайұлы шежіресі (Манзумат қазақия) де Таңбалы жарды атап өтеді. Екі ақынға да ортақ тақырып Таңбалы жардың өзбек пен қазақ бір-бірінен бөлінген «ел айрылған» заманына қатыстылығы:

Тоқсан баулы айтайын төр өзбекті,
Заманында мал біткен зор өзбекті.
Пайғамбардың батасы тиген дейді
Соның үшін байыған сол өзбекті.
Өзбексіз ел бар ма тәмәм елде,
Өзбектің өскені осы бір белде,
Тоқсан баулы өзбек айрылыпты
Таңбалының моласы деген жерде.

Бұл жерде «өзбек» – аталып отырған ел Алтын Орда заманында қазақтың ұлы сахарасын мекендеген көшпелі түркі-маңғол тайпаларының одағы. Казақ тарихи фольклорының деректеріне сүйенсек «өзбек» атауы алдымен «тоқсан екі баулы қыпшақ», кейіннен «ноғайлының ауыр қол» атанған жауынгер елдің мұрагері. Қазақ тайпаларының өзі Шығыс деректерінде бұл кезде «өзбек-қазақ» атанады. Тоқсан екі баулы өзбектің айрылуы XV ғасырдың ортасында болған ауыр оқиғалардың салдары: көшпелілердің бір бөлігінің Мәуреннахрға, бір бөлігінің Үндістан – Кашмир – Тибет, бір бөлігінің Еділ – Жайықты тастап Құбан асып көшуі. Тоқсан екі баулы өзбек саяси одағының ыдырауына байланысты «Алаш» ұранымен жүрген көшпелі ел қазақ, өзбек, ноғай, қырғыз және т.б. атана бастады.

Қазақ тарихшыларының ішінде «Таңбалы жарға» қатысты алғашқы ірі зерттеу жұмысын жүргізген Ә. Марғұлан аңыздарға сүйене отырып: «Бұл тасқа қазақтар әрқашан бас иіп, адамдар таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. «Таңбалы тастың» ұлы атаққа ие болуының себебі бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір

ел болып қосылған екен» дейді. Әлкей Хақанұлы Таңбалы жар аңыздары туралы тамтұмдап әр түрлі зерттеулерінде келтіріп жазып отырады және жар бетіндегі өрнектердің негізін Орыс хан заманымен байланыстырады. Осы тақырыпқа арналған мақаласында ол Таңбалы тас бетінде Орыс ханның, оның баласы Құйыршықтың, оның баласы Барақ ханның аты жазылғандығын, Кадырәлі Жалаиридің қазақ мемлекетінің тарихын Орыс ханнан бері бастайтындығын ерекше жарқын сипаттайды. Таңбалы жар бетіндегі «Алты Алаш» туралы жазуларды себеп қылып ғалым: «бұл, XIV-XV ғасырлар ішінде жазылған тілек сөзді қазақтар әр уақыт оқып шығып «бұл жер қазақтардың бірігіп, ұран шақырып қосылған жері»-деп аңызға айналдырған. Ол аңыз халықтың ойында да, эпикалық жырында да кездесіп отырады. Бұл аңыздың негізгі түбі Алтын Орда мен Шағатай ұлысы тегісімен жойылып, оған кірген халықтар жеке-жеке әкімшілік құра бастаған кез. Ең соңғы бөлініс-қазақ пен өзбектердің, ноғайлардың бірінен-бірі бөлініп шығуы. Бұл кез қыпшақ ұлысын, өзбек-қазақ елдерін бірге, қосып билеп отырған Әбілқайыр ханның кезі еді» дейді.

Қазақ хандығының пайда болу себептері, құрылған уақыты, оның негізін салушы хандар әулетінің шығу тегі жөнінде тарих ғылымында әр түрлі пікірлер бар. Бұл жерде есте болатын бір-ақ мәселе, ол Қазақ хандығының Ұлы далада өзіне дейін өмір сүрген саяси құрылымдардың тікелей жалғасы екендігі. Оның ең басты дәлелінің бірі Алтын Орда дәуірінде Ұлы далада билік жүргізген Жошы әулетінің өз билік жолын Қазақ хандығында жалғастыруы. Дешті Қыпшақтағы саяси билікті Жошының қай ұлының ұрпақтары заңды түрде иелену керек деген мәселе XV ғасырдың алғашқы жартысында Орда Ежен мен Шайбан әулеттерінің арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісті бағытын анықтады. Ұлы даланы мекендеген Алаш қауымы билік тізгінін Жошы ұлдарының үлкені – Орда Еженнің тұқымынан тараған төрелерге берді.

Көп заман Орда Ежен тұқымы Жошы балаларының ішінде «аға баласы» аталады, сол себепті дала ережелеріне сай көшпелі тайпалар солардың сойылын соғып жүрді. Боз Орда– Шайбан ұлысы ол кезде жеке кете алмай Ақ Орданың құрамында болды. Алтын Орда билігі әлсіреген уақытта Шайбан тұқымының сұлтандары билікке араласа бастады. Олардың ішіндегі Хызыр сияқты мықтылары Сарай тағына отырады. Маңғыт билеушілері Едіге тұқымынан шыққан мырзалар мен Шайбан сұлтандарының арасында одақтастық келісім болған сияқты. Осы одақтастықтың нәтижесінде 1428 жылдары Шайбан тұқымы Әбілқайыр Орда Еженнен тарайтын сұлтандарды биліктен ығыстырып, Дешті-Қыпшақты қолына алды. Орда Ежен мен Шайбан тұқымдары арасындағы күрес бірнеше мың жылдық жергілікті мемлекеттік идеяға негізделген Қазақ хандығы аталған мемлекеттің өмірге келуіне мүмкіндік берді. Қазақтың үш жүзі Орыс хан заманындағы «үш алаш» қауымы негізінде құрылып, бірақ саяси мүддеге, ру-тайпалардың

орналасуына және ертеден бері келе жатқан генеалогиялық туыстық қарым– қатынас жүйесіне қарай топтастырды.

Керей ханның билік құрған жылдары 1457-1475 жылдардың аралығы деп болжанады. Қазақтың тарихи аңыздарына мықтап енген Жәнібек ханның Керейден жасы кіші болуы керек, сонымен бірге жол жағынан да төмен болуы мүмкін. Себебі Керейдің атасы Тоқта – Қия Орыс ханның үлкен ұлы. Қазақтың саяси өміріне генеалогиялық тәртіп әсер етеді, сол себепті «аға баласы» қашанда билік мәселесінде бір саты жоғары болуы тиіс. Деректерге қарағанда Әбілқайыр ханмен шиеленісті күреске түскенге дейін-ақ Жәнібек пен Керейдің өздерінің ұлыстары болған. Мырза Хайдар екеуін де «хан» деп көрсетеді. Жәнібектің шығу тегі қазақ деректерінде анық берілмеген, көбінесе Алтын Ордалық Әз Жәнібек айтылады да, қазақтың Жәнібегі тасада қалып қояды. Көп мәтіндерде Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек Алтын Ордалық Әз Жәнібек образымен араластырып көрсетілген. Бұл тұрғыдан Қадырғали би Қосымұлы деректері өте бағалы, ол «*оның ұлы (Барақтың) Кіші Жәнібек деп атанған. Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі. Оның балалары көп еді*»– деп қазақ Жәнібегіне қатысты нақты түсінік береді. Сонымен Барақұлы Жәнібекті «Кіші Жәнібек» деп танимыз. Бұл мәліметтер Алтын Орда билеушілерінің тарихы суреттелген шежіренің «Дастан Ұрус хан» бөлімінде жазылған. Шыңғыс хан, оның ұлы Жошы хан, оның ұлы Бату ханнан басталатын бұл тарау қазақ хандарының ерте генеалогиясын мазмұндаумен аяқталады. Қадырғали би еңбегінде қазақтың төрелер әулетінің тарихы Алтын Орданың сөзсіз жалғасы ретінде қарастырылады.

Тарихи деректер Керей мен Жәнібек хандардың елдің саяси-әкімшілік құрылым мәселесі емес, көбінесе Сырдария бойындағы қалаларды жаңа құрылған Қазақ хандығының құрамына қосу мәселесімен көбірек айналысқанын көрсетеді. 1470-ші жылдары Керей мен Жәнібек Түркістан маңын Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани жақтастарынан босатты. Қазақ билеушілерінен соққы көрген жас сұлтан Мәуереннахр өлкесіне кетіп, Ақсақ Темір тұқымымен тіл табысуға тырысты. Сонымен бірге Мұхаммед Шайбани қазақтарға қарсы соғыстарында Едіге бидің тұқымы Мұса мырзаны да пайдаланды. Орта Азиядағы саяси күштердің ара салмағын жақсы зерттеген, олардың арасындағы қарама-қайшылықтрды өз пайдасына жарата білген Мұхаммед Шайбани Мәуреннахр билігін Моғолстан хандарының қолымен өзіне қаратты.

Қазақты «тарихсыз халық» қылып көрсетуге тырысқан кешегі Кеңес өкіметі ғана емес, бұл саясат әріден басталған екені белгілі. Мысалы, Қазақ Ордасы тұсында Мәуренahрды билеген шайбанилер әулеті қазақ хандарының абырой-беделін түсіруді көздеп, тарихи деректерді бұрмалап жаздырғаны ғылымда белгілі факт. Қазақ хандығының құрылуы, қазақтың даңқты хандары туралы деректер халықтың шежірелік мұрала-

рында молынан кездеседі. Мұнда айтылатын мәліметтердің бір тобы қазақ хандарының тегі туралы айтады. Тарих ғылымында бір деректер қазақ хандарының тегін Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен таратса, ал екінші түрлі деректер Тоқай Темірден тарататыны рас.

Осыған орай, тарихшы мамандар бұл мәселені талқылап, қазір нақты тұжырымдар жасады: Орда Ежен Жошы ханның үлкен ұлы, Жошы ұлысының сол қанатының билеушісі, яғни Ақ Орданың ханы. 1204-1251 жылдары өмір сүрген. Деректерде 1251 жылдан бастап оның орнына таққа үлкен ұлы Күнқыран отырғаны айтылады. Орда Еженнің анасының руы да қоңырат. Ал Тоқай Темір де Жошының баласы, бірақ ол Жошының он үшінші ұлы, ал Шайбан (Сыбан, Шибан, Шейбан) Жошының бесінші ұлы еді. Шайбан тұқымы Жошы ұлысының оң қанаты Көк Орданы биледі.

Кейінгі уақытқа дейін жеткен тарихи шығармалар көбіне шайбанилер әулетінің өкілдері тарапынан хатталған. Сондықтан шайбани хандары қазақ рулары көтерген хандарды Шайбанның ағасы Орда Еженнің ұрпағы ретінде көрсетуден гөрі, Шайбанның інісі Тоқай Темірдің ұрпағы деп атауға мүдделі болған. Сөйтіп, Жошы әулеттерінің ататек тарихы бұрмалауға түскен. Бұған ортаазиялық шайбанилік, парсылық тарихшылардан басқа бейтарап көзқарастағы мысырлық араб тарихшыларының еңбектерін тексеру арқылы көз жеткізуге болады.

Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек хан туралы, ол билеген тарихымыздың тұсы туралы, біздің тарихымызда алатын орны туралы айтар болсақ тарихи деректерде Жәнібектің аты жеке өзінің істерінен гөрі, батырлығы ауыздан-ауызға аңыз боп тараған тоғыз көкжал ұлының ерліктерімен әйгілі. Деректерде оның есімі соңғы рет 1473 жылы кездеседі. Бұдан кейін Керей хан туралы ғана айтылған. Халық аңыздары мен өлең, жырларда Жәнібек хан «Әз Жәнібек» аталған. Жәнібектің ұлы хан Қасым қазақ руларына көне заманнан тиесілі жерлерді бір орталыққа бағындырып, мемлекеттің іргесін күшейтті. Қазақ хандығының дербес мемлекет ретінде орнығуы тарихта әйгілі Жәнібек пен Керей, Жәнібектің кеңесшісі Асан Қайғы (шын аты Қасен) сияқты тұлғалардың есімдерімен байланысты.

§2 Қасым хан тұсындағы Қазақ мемлекеттілігінің нығаюы

Қасым хан Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Кіші Жәнібек ханның үшінші ұлы. Туған жылы шамамен 1445 жылдар. Шығыс деректеріне қарағанда Қасым хан шешесі жағынан Алтын ханның ұрпағы. Алтын хан (Қытайша «Цзинь») деп Орталық Азияда батыс моңғолдарының билеуші әулетін атайды. Қасым ханның шешесі Жаған

бикем Мұхаммед Шайбанидің інісі Махмұд Сұлтанның шешесі Аққозы бегімнің туған апасы болып келеді. Қазақ шежіресінің М.Ж.Көпейұлы жинақтаған нұсқасы бойынша: *«Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болыпты. Оның бірі Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп Ұлытауға орнаттырған. Қазақты қатарға қосып кеткен осы Қасым хан. Қазақтың ортасында «Қасым ханның қасқа жолы» делінген сөз үлгі, өсиет болып қалды.*

Баласы Жәнібектің сардар Қасым
Қазақтың біріктіріп,құрап басын
Осы жер ата қоныс, мекенің деп,
Найзамен сызып берген шекарасын, –

деген сөз осы Қасым ханға арналады». Қасым ханға қатысты тамаша деректер бар.

Тарихи деректерге қарағанда Қасым 1480 жылдары Бұрындық ханның Сырдария өңіріндегі қалалар үшін жүргізген соғыстарына аса белсенді қатысқан. Көптеген тарихшылар Қасымды осы кезде «даланың ең атақты сұлтаны, даңқты баһадүр, Бұрындық ханның атты жасақтарын басқарған қолбасшы» деп марапаттайды. Мырза Хайдар Қасым саяси күреске 1503 жылдары Тәшкентте Жәнібек хан баласы, өзінің ағасы Әдік сұлтан қайтыс болғаннан кейін араласа бастады дейді. Махмұд бен Уәли «Бахр аль – асрар» кітабында Шайбани ханның Әндіжанды жаулап алу соғыстарын баяндай отырып *«бұз заманда Қасым хан маңғыттардың көмегі мен қолдауына сүйене отырып Қыпшақ даласын түгел бағындырды және Түркістан мен Тәшкент шекара аймақтарына шабуылдауға мүмкіндік алды»* деп жазады. Бұл жазбада ескеретін бір мәселе XVI ғасырдың басында Қасым ханның «хан» атағымен танылы бастағаны және Дәшті Қыпшақта билігі жүргені.

1510-1512 жылдардағы деректерде Қасым хан атымен қатар Бұрындық хан да аталады. Мырза Хайдар өзінің 1412 жылы қыркүйек айында Әндіжанға келгенін жазады. Осының сәл алдында ғана Моғолстан билеушісі Сұлтан Саид хан Шайбан әулетінің өкілі Сүйініш ханнан жеңіліс тапқан екен. Келер жылы көктемде өзбектер Тәшкент пен Сайрамды шабуылдап, Сайрамның қала басшысы Кәттә бек амал жоқтықтан Қасым ханнан көмек сұрады. Қасым хан Сайрамның билігін қолына алғаннан кейін көп әскермен Тәшкентті де қоршады, бірақ қаланы ала алмады. Мырза Хайдар сипаттайтын осы әңгімелерден біз қазақ төрелерінің Шайбан әулетімен күресі толассыз жүріп жатқанына куә боламыз. Ішкі саяси өмірде биліктің екі орталығы бар деп есептеуге болды. Мырза Хайдар *«Қасым хан атағын алғанға дейін-ақ оның билігі күшейгені сондай, ешкім де Бұрындықты еске алмайтын. Бірақ Қасым Бұрындық жанында болғанды қаламады, Егер Бұрындықтың жанында болса амал жоқ оған патшалық құрмет көрсету керек*

болар еді, қалыптасқан рәсім талабын бұзуға болмайтын, ал ішінен жек көргендіктен құрмет көрсету тіпті де мүмкін емес еді» дейді (Дулати М.-Х. Тарих-и-Рашиди. Алматы,1999., с. 324).

Осы себептерге байланысты Қасым хан Моғолстан шекарасына жақын Қаратал өзенінің бойында қыстап, жазда Дәшті-Қыпшақты жайлады. Бір жағы Моғолстан, бір жағы Түркістан аймағына жақын Жетісу өңірінде қыстау Қасым ханға жан-жақты белсенді саясат жүргізуге мүмкіндік берді. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» кітабында *«Қасым хан Дешті-Қыпшақты түгел биледі, Жошы ханнан кейін бұл жұртта, одан басқа мықты билеуші болған емес. Мысалы оның әскерінің саны мыңнан мың есеге (миллион адам) өсті»* дейді. Осыған байланысты Қасым ханның басты қарсыласы болған Мұхаммед Шайбани туралы бірер сөз. Моғолстан деректерінде оны Шахибек хан деп атайді. Мысалы, Мырза Хайдар ол туралы «Шахибек хан Шах Будақ сұлтанның ұлы, ал ол Әбілқайыр ханның ұлы» дейді. Қазақ шежіресінде Мұхаммед Шайбани ханды «Шайбақ хан» деп атайды.

Мырза Хайдардың сөзімен айтқанда Шахибек хан көп жылдар Дешті– Қыпшақ үшін қазақ төрелерімен күресіп, жолы болмаған себепті Мәуеренахрға келіп Ақсақ Темір тұқымына қызмет істейді. Одан кейін Моғолстанның ханы Сұлтан Махмұд хан Мәуреннахр иеліктері үшін Ақсақ Темір тұқымымен соғысқанда, моғолдардың жағына шығып кетті. «Сұлтан Ахмад мырза мен Әмір Абдал – Әли жазған жаратушыларының (Алланың) алдында бір уақытта келгенде, Шахибек хан Түркістанға кетті және Сұлтан Махмұд ханның ілтипатына ие болуға тырысты» деп жазады Мырза Хайдар. Моғол ханы жас сұлтанды қолдады, ол болса өз кезегінде ханға да жәрдем жасады «Шахибек ханның көмегімен (Сұлтан Махмұд) Бұхар мен Самарқанды басып алды». Осы жаугершіліктің кезінде қысқа мерзімде Мұхамед Шайбанидің соңынан ерген 200-300 нөкердің саны 50 мың адамға жетті, олар негізінен Дешті – Қыпшақты жосып жүрген Әбілқайыр ұлысының азаматтарынан құраған еді. Осылайша күш жинап алған Мұхаммед Шайбани хан өзінің қамқоршысын биліктен шектету туралы ойлай бастады. Іс жүзінде өзбек сұлтандарының билікке келуі Моғолстанның күші мен тәуелсіздігінің аяқталғанын көрсетеді.

Моғолстан хандарының тағдыры Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» кітабында барынша дәл және түпкілікті жазылған. Олардың Ұра төбеде өлтірілуі ондаған жылға созылған күрестің ең соңғы бір көрінісі ғана. Сөз жоқ Моғолстан дағдарысы мен Шағатай әулетінің ең соңғы ірі билеушілерінің өлтірілуі Қазақ хандығының халық санының артуына, жер көлемінің ұлғайуына алып келді.

1510 жылдары Қасым ханның қуаты мен құдіреті бүкіл Орталық Азия территориясында анық көрінді. Шығыс жазбаларында Қасым хан туралы «сол заманда қазақтың арасынан шыққан ең даңқты батыры және жиһангез жаулап алушы» немесе «Дәшті

Қыпшақтың маңдайына біткен жалғыз падишахы және теңдесі жақ қаhарман» деп жоғары баға беріледі. 1509-1510 жылдың қыс айында жылы Сыр бойына келген Шайбани хан әскері Қасымның аты естілгенде-ақ олжаларын тастай қашқаны деректерде айтылады. Шахибек хан өлген соң, Қасым хан өзінің Түркістанда билігін күшейтті. Шайбан сұлтандарынан зәрезап болған Бабырдың әмірлерінің бірі Сайрам билеушісі Кәттәбек Қасым ханнан көмек сұрап, оған Сайрам бекінісін тапсырды. «*Сол кезден бастап қазақтар Сайрам аймағында өз малдарын баға бастады*» делінеді деректерде.

Қазақ шежіресінде Қасым хан қазақ деген елдің алғашқы заң шығарушы ретінде қалды: «*Қасым ханның қасқа жолы» деген, қазақтың бітім – билігін шығарған осы хан еді*» делінеді жазбаларда. Қасым ханның заң шығарушылық қызметі туралы толық және қызықты материалдар Ә. Марғұланның мақаласында кездеседі. Академик «Қасым ханның қасқа жолы» заңдарын орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстарында қолданылған «Ярғу» заңынан алынған, қазақша «Жарғы» деген ұғым береді деп есептеді. Бұл ұғымның түпкі мәні жару, нәрсенің салмаған бір жағына аудармай, дәл, әділ айтудан шыққан: «Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп мақтаған. Өзінің мазмұны бойынша, бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери-демократия арнасына барып тіреледі. XV ғ. соңында – XVI ғ. басында Бұқардың ишан-қазылары қазақ өлкесіне діни үгіт таратып, «ежелгі Жарғы заңын қалдырыңдар. Ол көкке табынған дінсіздіктің ісі, оның орнына шариғат қағидасына ауысыңдар. Ант бергенде «көк соқсын» деп айтпаңдар, «құран соқсын» деп, құранды бастарыңа көтеріңдер» – деп үгіттейді. Бірақ, халық бұқарасы оған селқос қарап, көп заман шариғат қағидасына ойыса қоймады. Уақыттың көбін мал бағумен өткізген халық бұқарасы шариғат қағидаларын өте қиын деп ойлады».

Ә.Марғұланның айтуы бойынша саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде қалың қазақтың, оның басшылары от ауызды, орақ тілді, елге сыйлы билердің, ықпалымен Қасым хан ерте заманнан бері көшпелілер мойындап келген «Жарғы» заңын күшейтті. Осындай себепке байланысты «халық Қасымның шириғатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы – «Жарғыны» жаңадан көтергенін қатты ұнатып оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетті».

Сонымен Қасым хан (1511-1521) тұсында Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы нық еді, қазақ халқының этностық тұтас аумағы қалыптасып, басқарудан ажырап кеткен қалалар қосылды. Солтүстікте қазақтың жайлауы Ұлытаудан асып, оңтүстік-шығыста Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері, Жетісудың біршама бөлігі толық қарады. Сол тұста Сібір мен Орта Азия және Еділ бойы жерлерімен сауда-саттық, ақша айналымы мен елшілік қарым-қатынас жасалды. Қазақ хандары да өз ордасында кеңсе ісін жүргізіп, басқа елдермен елшілік қарым-қатынастарын дамытты, дипломатиялық байланыс орнықтырды.

Қасым ханның ұрпақтарының ішінен Хақназар ханды ерекше атап өтуге болады, ол билікке қазақтың мұрагерлік тәртібіне байланысты әкесінің аға-інілерінен кейін ғана келді. Хақ Назар хан билік еткен жылдары Қазақ хандығының күшейгендігі және үш жүздік құрылымға ие болғаны көптеген деректерден белгілі. Ондаған жылғы жаугершіліктен кейін қазақ атанған ел Ұлы даланың негізгі бөлігіне ие болды. Қазақтың ханы жайлы жанама мәліметтерді XVIII ғасыр тарихы бойынша белгілі башқұрт деректерінен кездестіреміз. Хайдар Рази «Тарихи и Хайдери» (1611) еңбегінде: «*Хақназар қазақ пен қырғыздың билеушісі*», деп жазады. Тарихи фольклорда бұл мағлұмат қосымша аргументтерін тауып бекітілуі қажет, дегенмен қазақ-қырғыз ара қатынасы Кенесары заманына дейін қашанда қазақ пайдасына шешіліп келген. Бұл қарым-қатынас та өзінің бастауын Хақ Назардан алуы әбден мүмкін.

1570 жылдардың соңындағы Қазақ хандығының жағдайы ортағасырлық тарихшы Хафиз Таныштың «Шараф наме-йи шахи» еңбегінде барлық қыр-сырымен суреттелген. Бұл әсіресе қазақ сұлтандарының Тәшкент маңындағы Шайбандық сұландарымен күресіне қатысты. Оқырман осы кезеңде Мәуреннахрда Абдоллах ханның билігі жүргенін біледі, бірақ оған қарсы ең алдымен өзінің туыстары Тәшкенттік шайбанидтердің қарсы шыққанын біле қоймайды. Олардың арасында әсересе күшті қарсылық көрсеткен Барақ хан (Наурыз) тұқымы Баба сұлтан мен Дәруіш сұлтандар. Шайбан сұлтандарының өз ара араздығын жақсы пайдаланған қазақ билеушілері мүмкіндігі келгенше өз маңындағы шайбандықтардың көзін жоюға күш салды. Бұл істе әсересе Тәуекел ханның аса белсенділік көрсеткені төменде сөз болады. Шын мәнінде Абдоллах өлгеннен кейін осы әулеттің ісін әрі жалғастыратын Мәуреннахрдан бір шайбандық төренің табылмай қалуы да соның арқасы. Жоғарыда айтылған Дәруіш сұлтан Барақ хан атымен белгілі Наурыз Ахмад сұлтанның баласы. Барақ ханның басқа бір баласы Баба хан Хақназар ханды өлтіруіне байланысы белгілі. Сонымен, мұндай қорытынды жасауға болады, қазақ сұлтандарының оңтүстіктегі негізгі қарсыластары дәл осы шайбанидтер тармағының сұлтандары, Сүйіншік ханның ұрпақтары.

Хафиз Таныш Хақназар ханның қызметіне байланысты оқиғаларды Талас өзенінің бойына орын тепкен хан ордасынан бастайды: «*Қазақ билеушілерінің ішінде Хақ Назар хан, Жәлім сұлтан, Шығай сұлтан, Достай сұлтан тағы да басқа өздерінің аға–інілерімен, ұлдарымен Талас өзенінің жағасында орналасқан. Олардың ішінде Андак сұлтан (Ондан) Абд-ал-Карим сұлтанның әйелін ұстап (төркіндеп бара жатқан) қалды да өзі некелесті, ал оның апасын тұтқынға алып Жәлім сұлтанға сыйлады*» [МИКХ 101 б.]. Әбд-ал Карим Тәшкент маңына билігі жүрген Шайбанид Сүйіншік ханның ұрпақтарының бірі екендігі белгілі және Баба сұлтанмен жақын туыс болатын, ал бұл әңгімеде оның төркіндеп жолға шыққан әйелі мен қарындасының қазақ қолына түсуі айтылады.

Шайбан тұқымы Абдоллах тұсындағы Бұхар хандығы өте күшті мемлекетке айналды, сол себепті Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси ахуал қазақтардың пайдасына шешілмеді. Әбілқайыр ұрпақтарының арасындағы қақтығыстарға қарамастан қуатты мемлекеттің одан әрі күшейуі жүріп жатты. Деректерде анық көрсетілгендей, осы жылдардағы Хақ-Назардың сыртқы саясаттағы қызметі көшпелілерді біріктіруге және Абдоллах ханның жаулары болып есептелетін Барақ хан ұлы Баба сұлтан мен Хорезмшах сұлтанның ұлы Бұзахур сұлтанға қарсы соғыс жүргізуге бағытталды. Сонымен негізгі бағыт шайбанидтер лагеріндегі қарама-қайшылықты пайдалануға бағытталды. Тек осы бағытты ұстанып отырып қана Сырдария бойындағы қалалық өңірді Қазақ хандығына бекітуге мүкіндік болатын. Хақназар мен оның айналасындағылардың осы қиын жағдайдағы негізгі мақсаты Шайбан ханның ұрпақтарынан кек алу емес, Сырдария бойындағы қалалық өңірді Қазақ хандығының құрамында сақтап қалу болды.

Қазақ шежіресінде Хақ Назар ханзды – көпті ақпарат тек М.Ж. Көпеевте ғана бар. «*Хақ Назар хан қазақты Қасым хан уақытындағы қалпына бір келтірді. Сарайшықтан көшіріп, ата – бабалары отырған тақты Ұлытауға орнатты*» дейді ол. Тақты Сарайшықтан Ұлытауға көшіру нақты қай ханның кезінде іске асқанын анықтау қиын, бұл не Қасымның, не Хақ Назардың кезінде болған оқиға. Белгілі дәрежеде бұл оқиғаны біз қазақтың ұлттық мемлекет құрудағы үлкен стратегиялық қадамы деп есептейміз.

Тәуекел хан Қазақ хандығының тарихында ерекше орын алады. «Қазақ хандары» аталатын топтамасында М.Ж. Көпейұлы: «*Бұдан кейін Шығайдың баласы – Тәуекел хан болды. Тәуекел хан өзбек хандарымен жауласып, мұның қосыны күшті тамақ жепжүрген қазақ, өзбек хандарының қосыны «біттей бөдененің бір санына күпті болдым» деп жүрген сарт, қазақпен қағысуға шыдай ала ма ?! Тәуекел хан Тәшкен, Түркістан, Әндіжан, Самарқан бәрін де өзіне қаратып алып, тақты Тәшкенге көшіріп, орданы Тәшкен қылып, тұрып алған*» дейді.

Бірақ Тәшкент билігін алу оңай болмағаны көптеген деректерден белгілі. Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы бағытталған күресте Тәуекел хан амал жоқ Абдоллахпен одақтасты. Көп уақыт Шығай хан да, оның баласы Тәуекел де өзбек әскерінің құрамында Бабасұлтан мен Бұзақұр сұлтандар бастаған шайбан төрелерін талқандады. Бірнеше жыл Бұхар ханымен тығыз қарым-қатынаста болған Тәуекел Тәшкент маңындағы, Ферғана аймағындағы Шайбан әулетінің сұлтандарын тас-талқан қылып жеңді. 1583 жылы Тәуекел сұлтан Абдолла ханның Ферғана мен Әндіжанға жасаған жорығына қатысып, ол жалы да олжалы оралды. Аз уақыттың ішінде Тәуекел хан өзіне Түркістан және Самарқандты, Мианқалға дейін бағындырып, 1598 жылы Бұхарға қарай жылжыды. Тәуекелдің жанында қазақтың 120 төресі бар еді. Бұхарға жасалған сәтсіз шабуыл-

дан кейін, қазақтар мен өзбектер арасында бейбіт келісім жасалды. Ташкент пен Түркістан аймағы Тәуекел заманынан бері Қазақ хандығының құрамына заңды түрде енді.

Бірқатар деректер бойынша Тәуекел ханның билігі кезінде Москва патшалығы мен Қазақ хандығының арасында сауда-дипломатиялық қатынастар болған. 1584 жылы Москваға Құл-Мұхаммед бастаған Тәуекел ханның елшілері ханның немере інісі, Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедті босатуды сұрап келеді. Оразмұхаммед сұлтан Сібір хандығында болған кезінде Сейдақ мырзамен бірге орыс қолына тұтқын болып түсіп, кейіннен Ресей қарамағындағы Қасым хандығына хан болып тағайындалған еді. Бұл негізінен орысқа қоңсы болған мұсылман жұрты мекендеген иелік еді. Осы иелікте жазылған «Жәми ат-тауарих» кітабының авторы Қадырғали Қасымұлы бүкіл Мәуреннахр өлкесіне билігі жеткен Тәуекел ханды осы себепті «*Ислам қамқоршысы*» деп атайды.

§3 «Алты Алаш» бірлігі үшін күрес

Есім хан қазақтың ауызша дәстүрінде ерекше орын алған мемлекет қайраткері. XVIII ғасырдың соңына қарай орыс зерттеушілері қазақ сұлтандары туралы кейбір мәліметтерді қариялардан ести бастады, бірақ бұл жүйелі дерек деп айтуға бомайды. Мысалы И.Г.Андреев осы әңгімелерге негіздеп Есім ханды қазақ төрелерінің арғы атасы деп суреттейді: «*Весьма запотребно поставляю вывести род или поколение сего знаменитого султана, как я от верных и знатных старшин мог только наведываться. Только сожаления достойно, что времени бытия оных описать не с чего. Первый и начальный был хан постановлением в чакчацкой волости из природных кирпгизцев за великую его храбрость и разум от знатного же в той волости и именитого киргисца и старшины Жанибек батыра –Ишим-хан. Его сын Жанибек хан. Его сын Турсун хан. Его сын Кучак хан. Кучаковы дети: Абулмамет хан и Барак салтан. Абулмаметовы дети: Абулфеис салтан, Тауке салтан-ныне в Туркестане ханом*». Бұл әңгіме Есімнің ХУIII ғасырда хан тағында отырған атақты тұқымдарының қоғамдық пікірге әсері арқылы тараса керек, негізінен нағыз қария шежірешілер Есімнің Шығай баласы екенін дұрыс айырып отырады. Сонымен қатар қазақ ортасында көп айтылатын әңгіменің бірі «*Есім ханның ескі жолы*» деген әдет-ғұрып заңдарының жаңа жобасын жасаған осы Есім хан еді деп басталатын әдет-ғұрып, жол-жобаға қатысты деректер.

М.Ж.Көпейұлы шежіресі XVII ғасырдың бірінші ширегіндегі оқиғаларды, яғни Есім ханның билеген уақыты жөнінде ақпарат ағымын кеңейтеді: «Тәуекел хан өлген соң қазақтан бақ тайыңқырап. Беті қайтып, мижың-тижың болды. Тәуекел ханмен бір туысқан

Есім хан ат арқасына мініп, Түркістанға тұрақтап, сарт – сауан өзбекті ұстай алмаса да қазақты қаңғыртпай ұстап, «қазақ ханы» атанып тұрып қалды...». Бұл жерде орданың Түркістанға орнығуына қатысты өте маңызды мәлімет бар деп есептейміз. Шығыс деректерінен бұл тақырып жөнінде Хафиз Таныштың «Шараф наме-ий шахи», Ескендір Мұншының «Абдолла-наме», Әмір Уәлидің «Бахр ал-асрар» және тағы да басқа кітаптар айтарлықтай құнды. Осылардың ішінде көбіне Есім ханның замандастары құрастырған «Шарафта» Орта Азиядағы шаибанидтер үйінің дағдарысымен байланысты оқиғалар бейнеленеді. Қазақ билеушілері мұнда ақырғы рөл атқармағандығы бізге белгілі.

Саяси күрес тарихын қарасақ бірінші рет Есім ханның аты 1598 жылғы оқиғаларда кездеседі. Ескендір Мұншы Тәуекел ханның жоспарлы түрде Мәуреннаһрды жаулап алып «інісі Есім сұлтанды 20 мың адаммен Самарқандта қалдырып, өзі 70 не 80 мыңдай адаммен Бұхарға қарай жылжығанын» жазады. Он екі күндік Бұхараны қоршаудан кейін Тәуекел хан шегінуге мәжбүр болды, «түнде ол салықшы қостарының маңына көптеп от жағуды бұйырып, қараңғыны пайдаланып, жасырын шегінді» дейді деректер. Есім хан ағасының бұл қылығына наразы болып, дереу «*ханның соңынан ерген осыншама қалың әскердің аз ғана бұхарлықтардан жеңіліп, қашуға мәжбүр болғаны өте ұят; егер хан қашқын болып Самарқандқа келсе, Самарандықтардың бізге бағынбауы да мүмкін*» хабаршы жібереді. Осы хабардан кейін Тәуекел хан Бұхарға қайтып келіп, қоршауды жалғастыруға кірісті. Самарқандта және оның уалаятында қазақтардың үстемдікті XVII ғасыр аяғына дейін сақтады. Қазақтар бұл қаланы Семізкент деп атаған, яғни шұрайлы, бай қала.

1611 жылы Есім хан 5 мыңдық қолмен, Уәли Мұхамед пен Бұхар хандығының жаңа ханы Иманқұл араларында өзара жаугершілікке араласты. Ақырғысы Аштархан әулеті Дін Мұхамедтің ұлы, Бақи Мұхамедтің жиені еді. Бұл күресте Есім хан Орта Азияның ең ірі мемлекетінің билігіне жас мұрагерді қолдады. «Бахр ал – Асрар» шығармасында қазақ хандарының Шығыс Түркістандағы саясаты жөніндегі кең мәліметтер бар. Есім хан Чалыш пен Тұрфанның билеушісі (Шағатай тұқымы) Әбд ар – Рахымды қолдап және бір уақытта осы қалаларды бірге билеген. Яғни, осы уақытта қазақ руларының негізгі топтары Моғолстан өлкесіне жақын жерлерде болған болуы керек.

Шамамен 1616 жылы Шығыс Түркістан өлкесінде Шағатай хандарының нәсілдерімен Есім хан арасында одақ құрылды. Есім хан Шығыс Түркістанда бес жыл болды (1616-1619). Деректерде қазақтың төресі Ақсу мен басқа қалаларды бағындыра алмай «*алтыншы жылы Ташкентке кетті*» делінеді. «Бахр ал-асрар» мәтінінен Шығыс Түркістан үшін қазақтар мен қалмақтар арасындағы күшейіп бара жатқан күрес байқалады. Бірінші жолы «Қалмақтар ұлысының басшысы Сұлтан Тайшы бес мың атты жауынгермен, бес күндік жолды бір сөткеде етіп, қазақ әскерінің бүкіл байлығын желге шашқан-

дай шашып жіберді». Бұл жерде қалмақтардың қазақтардың аттарын айдап әкеткені туралы әңгіме айтылған болуы керек. Осыдан кейін Сұлтан тайшы «Желдей тайшы» деп атанды, яғни желден де жылдам тайшы деген мағынада. Деректерге қарасақ Шығыс Түркістанның саяси аренасында Тұрсын Мұхамед ханмен байланысты күштер де бар. Бірінші кезекте бұл «қазақ сұлтандарының» Ескендір сұлтанына қатысты, ал ол Есім хан келгенге дейін Қашқар тағының заңды мұрагері Әбд -әл Кәрім жағында болады. Ескендір қатаған руының қазақтарын билеген, Жаркент қаласы ауданына көшіп кеткен Сұлтанғазы сұлтанның баласы еді. Қарғалық жерін сойырғал ретінде Әбд әл – Кәрім хан Ескендірге береді.

Тәшкентке қайта оралған Есім сұлтан өзбектер мен қазақтар арасындағы жаугершіліктің жаңа кезеңіне ілікті. 1611 жылы бұхарлықтар қалың қолмен келсе де іс қантөгіссіз болды. Иманқұл хан Самарқандқа дейін жетіп, келіссөздерді бейбіт аяқтауды дұрыс көрді. Ескендір Мұншы Бұхара ханы осы жолы «өз тарапынан маңызды келісім жасады, себебі қазақтардың Ташкентке және маңайындағы елге билігін мойындады» дейді. Мәуреннахр өзбектерінің бетін қайтарамыз деп жүргенде 1627 жылы қазақтар арасында ішкі азаматтық соғыс басталып кетті, ол Тұрсын ханның өліміне және қатаған руы мен оның одақтастарының қырылуына әкеліп соқты. Қазақ шежіресінің Есім хан бөлімінде мынадай бір қызықты мәліметтер бар: «Ташкентті билеп тұрған Қатағанның ханы хан Тұрсынмен соғысып, қатағанды қырып, хан Тұрсынды өлтіріп, қырық қыз олжалап қайтқан. Сондағы олжалап түскен қыздардың екеуі хан Тұрсынның қызы еді. Біреуін Есім хан жолдасы тоқал арғыннан шыққан Шақшақ батырдың баласы Қошқар батырға байлапты. Біреуін Қаракесек Байбөрі алды. Біреуін Бұлбұлдың Шаншары алды. Біреуін Алтай-Тоқаның баласы Тоқа алды. Біреуін Тобықтының бір батыры алыпты. Сол қыздардың аттары-Дәулетбике, Оразбике, Нұрбике...» [Хрест., 71 б.]. Есім хан мен Тұрсын ханның соғысы Әбілғазы, Махмуд ибн Уәли, Бахр ар -Асрар сияқты тарихшылардың және тағы да басқа көптеген шығыстың шығармаларында суреттеледі.

Есім ханның заманында қырғыз жұрты ханды мойындап, оның дәргейіне бас игені туралы деректер бар. Мәселе шығыстан төнген қалмақ қаупі болуы керек, деректерде Есім қырғызды қалмақ шабуылынан құтқарды делінеді. Ш.Уәлиханов та қазақтың ескі аңыздарына сүйене отырып қазақ-қырғыздың арасы сол уақытта аса жақын болғанын жазады: «*С киргизами отношения в те времена были более дружны и миролюбивы. Ишим хан имел в своем распоряжении родоначальника бия Кукема, при помощи которого ему удалось низвергнуть Турсуна катаганского и чанчклинского. В память союза киргизов и казаков Ишим построил в Ташкенте башню, которая существуют до сих пор и называется «Көкемнің көк күмбезі»*. Есім ханның аты қырғыздың Қатаған руы аталатын руының шығу тегіне қатысты да аталады. Бұл аңыздар арқылы біз Есім және Тұрсын

арасындағы соғыстардың бір жай жапсарына қанығамыз: Есім мен Тұрсын арасындағы соғыс қатаған елінің түгел қырғын табуымен, Тұрсын ханның өлімімен аяқталады.

Бұл оқиғалар жөніндегі ең басты дерек қазақ мемлекетінің өз ішіндегі қайшылықтарын ашып көрсететін қазақ шежіресі: «Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде, Тұрсын хан «қатаған» деген жұртты Ташкентте билеп тұрды. Тұрсын хан ант етісіп, Есім ханмен бата қылысты, бір-бірімен жау болмасқа: «Күнбатыс, Бұхара, Қоқан, Самарқанмен жауласуға мен тұрайын, сен күншығысқа қосын қылып аттан. Өзын аққан Ертістің суының басынан кіріп, аяғынан шық деген соң, мың кісі қосын күншығысқа бет қойды. Ол күнде Шу мен Сарысу асқан соң ұзын аққан Ертіске дейін елсіз жыртылып айрылған аңнан басқа дәнеме жоқ екен. Шідертінің өзеніне келіп тыныгайық, – деп қос тігіп жатты, сонда Шүршіт биік қарауылдан қара көрінді дейді. «Елсіз – күнсіз далада кім жүруші еді деп аттарын қоя беріп қаннен-қаперсіз жата берді, сөйтсе ол көрінген қара қалмақ қарауылшысы екен. Бұла бейғам жатқанда түп көтере аттарын алып күтіп, айдалада мың кісі жаяу қалыпты.

Мінгені, Есімханның ала белді,
Бойында Шідертінің қара көрді,
Көрінген сол қараны кертағы деп,
Аттарын шідер салып қоя берді, –

бұл сол күндерден бері қарай қазақ ортасында жоғалмай айтып келе жатқан өлең...».

Аттарынан айырылып сол мың кісі сол жатқан жерінде он күн жатты. Он күн өткен соң, Есім хан «қалмақтың бекінген жеріне жаяу барамын» деп аттанды, барса қалмақ бір қалың жыныс қопаға бекінген екен. Есім хан Көкала атты қолына түсіре алмай, тоғыз күн қопаны аралады. Оныншы күн болғанда, қалмақтың жайсаңы қопаның қалың ортасында, қосын тігіп, қостың босағасында Көкаланы шылбырын үйге кіргізіп, ұстап отыр екен. Жалма-жан шылбырының түбінен қиып жіберіп, көкаланың үстіне мініп айғайды салды, жылқыны қопадан қуып шықты. Содан бері Ертіске түсіп, бөтен жұртпен соғысып, мың кісіден қырық адам ғана қалыпты. Еліне тақап қалғанда Тұрсын хан оны алдап, қаңғытып жіберіп, Түркістанды шауып, талап, олжалап қойғанын естиді. Біраздан соң, сылқ етіп құлай кетіпті. Біраз жатып, басын көтеріп :

– Маған не болды? – дейді.

– Сіз жындандыңыз – дейді.

– Онда мені неге байлап қоймадыңдар? – депті.

– Әліміз жетпеді – депті.

– Осы отырған бәрің жабылдыңдар ма?

– Жабылдық.

– Шамаларың келмеді ме?

– Келмеді.

«Бір кісі жынданса, қырық кісінің әлі келмепті. Осы отырған қырық кісі жынданса – дүние толы жанның шамасы келеді ме?» деп Тәшкентті шауып, Тұрсын ханды өлтірген екен» дейді шежіре.

Есім ханның қайтыс болған уақыты белгісіз. Шамамен ол 1630 жылдардың ортасында қайтыс болған. Қазақ аңыздарында Есім хан қырық жылдай билік құрды делінеді. Құрбанғали Халид «*Есім хан ұзын бойлы, денелі кісі болған соң: «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған*» дейді. Шежіреде айтылғандай Орыс ханның қызыл туы Есім ханға мұраға қалған. Дәл осыған байланысты сұлтандардың осы тармағы басқаларынан, яғни «ақ тулы» және «көк тулыдан жоғары саналады: «*Төрелердің асыл задасы қызыл тулы деп есептеліп, оған ешкімнің дауы жоқ, өзгелері қызыл тулыдан қыз алса бір жамбы мен тоғыз беруі керек. Ал бұлардан қызыл ту қыз алса, құны төмендеу болуы ескі салт, бірақ оны қазір қолданбайды*».

Есім хан өлген соң казақтың мұрагерлік тәртібі бойынша Есім ханның жанында көп жылдар қатар қызмет жасаған Батыр сұлтан үлкен хан атанды. Шығыс деректерінде оны Баһадүр сұлтан деп атайды. Ол Есіммен бірге Түркістан өңірінің қалаларын 1605 жылы Шайбан сұлтандары ұйымдастырған Әбдіғаппар бастаған бүлікшілерден қайта тартып алды: «Когда Ишим и Бахадур сұлтан на рассвете нагрянули на лагерь в Кара Камыше когда Абдугаппар еще спал. От конского топота он проснулся и в испуге выбежал из шатра, в этот миг появился Ишим хан и громадной саблей пронзил ему брюхо». Міне, осы жорықтарда көзге түскен Баһадүр сұлтан билігінен кейін тақ Есім ханның балаларына, алдымен Жәнібекке, одан кейін Жәңгірге өтті. Оны қазақ «Салқам Жәңгір» дейді. XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақтардың тарихы жөнінде әңгіме М.-Ж. Көпейұлы шежіресінде: «*Есім ханнан кейін оның баласы Салқам Жәңгір таққа отырды. Бұл кезде қалмақтың қонтайшысы күшейеді. Қазаққа дамыл бермей, тыныштық көрсетпеді. Қысқа күнде қырық шапқан. Жоңғар жеңген жерде, қазақты ойсыратып шауып кеткен. Қазақ содан кейін іле-шала жиылып, қалмақпен соғыса берген. Бақытты ханы жоқ, қуатты батыры жоқ, көп жаманнан жиылып, төбелесе бергенннен не пайда*?!» деп басталады.

Бұл әңгіменің соңына қарай Мәшһүр Жүсіп: «*Есім ханнан кейін қазақ жүдеубас болған. Ташкенттен айырылып, тақ Түркістанда қалады*» дейді.

Жәңгір хан туралы Ресей архивтеріндегі деректер 1635 жылдан бастап кездеседі: «...Черные калмаки тайши: Талай тайша да Контайша, да Кужи – Тайша, да Тургоча Тайша. Со всеми черными калмаками с ее зимы (то есть 1634-35 года) ходили на Казачью

орду, а Казачьей орды люди пошли было на черныч калмаков. И черные калмаки Казачьи орды людей побили и взяли у них царевича Янгыра Ишимова сына ...». Сонымен қатар, кейбір деректерде 1635 жылы Жәңгір дүрбіт Далай тайшымен бірге торғауыт басшысы Өрлік тайшыға шабуыл жасады делінеді. Бұл қақтығыс қатыгез сипатта болды және қалмақтарға, яғни торғауыттарға айтарлықтай шығын келтірді. Дүрбіттердің және қазақтардың қысымымен Өрлік тайшы Ембі (Жем) өзеніне көшіп келді.

1643 жылы Жәңгір Батыр қонтайшының ірі әскери экспедициясын тоқтатты. Қазіргі күні «Орбұлақ шайқасы» аталып жүрген шайқас қазақтар үшін жеңісті болды. Тарихи деректерге қарағанда Жәңгір хан қалмақтың Батыр қонтайшы бастаған ауыр қолын тау арасындағы шатқалда бар-жоғы 600 адаммен қарсы алып үлкен шығынға ұшыратты. Әсіресе мылтықпен қаруланған қазақтардың ор қазып алып жауды қорғасын оқтың астына алуы ерекше оқиға есебінде сипатталады. Осы шайқастың ең шешуші сәтінде Самарқанның билеушісі Алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың әскермен көмекке келіп шайқас тағдырын бір жолата қазақ пайдасына шешті.

1644 жылы Батыр Жәңгір ұлысының ауылдарына қайта шабуыл жасады. Ертеректегі ресей деректері бойынша «*И многих людей побил, да и брата Янгирова з женой и з детьми и со многими людей в полон взял*». Жәңгір ханның ұлыстарынан қайтып келе жатып Батыр қонтайшы Сарыарқа жерін мекен еткен хошоуыт Күнделен тайшының әскери адамдармен қақтығысып, «сол жерде шайқас болды» делінеді.

Шах Махмуд пен мырза Фазыл Чорастың «Тарих» деген шығармасында Жәңгір ханның елшілігінің Шығыс Түркістанға келгендегі жазылады : «Сол кезде Жаһангер ханнан елші болып Шайх Хаванд Тахурдың (Шайхантау) ұрпағы Жүніс қожа деген адам келді. Мына жақтан Софы қожа жіберілді, ол қожа Сеиід Мұхаммед–халифтың ұлы,-Алла жар болсын. Жаһангер хан Софы қожамен бірге өзінің ұлы Тәуке сұлтанды жіберді. Хан (Абдолла хан-Моғолстан мен Шығыс Түркістанның билеушісі) оны патшадай сыйлап, онымен бірге Қошқар бекті жіберді. Жаһангер хан сол кезде, Құдай рахмат айласын, Ахунд Молла Иакуб пен Жан қожаның ұлы Вафа қожаны өлтірді. Осылан кейін Жәңгір Қошқар бекпен бірге өзінің үлкен ұлы Абақ сұлтанды жолға аттандырды. Ол Абдолла ханның ұлы Жолбарыс сұлтанға өзінің қарындасын ұзатып салды. Абдолла Абақ сұлтанды ерекше сыйлап, қымбат дүниелерді көп берді». Осы сияқты деректерден Салқам Жәңгір ханның сыртқы саясаты Шығыс Түркістан аймағымен тығыз байланысты болғанын аңғарамыз. Бұл біржағынан біртіндеп күш жинап келе жатқан Ойрат одағынан төнген қауіпке де байланысты болуы мүмкін. Салқам Жәңгірдің аты да көбінесе қазақ-қалмақ қарым-қатынастарына байланысты аталатыны да осы себепті, оның өлімі де 1652 жылы қырғыз еліне бағытталған қалмақ шабуылын тойтару кезінде болды.

Қазақ шежіресі Жәңгір ханның бірнеше ұлы болды дейді. Құрбанғали Халид бойынша «*Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи туған. Ауланың бір әйелінен Абы-*

лай мен Жолбарыс, бір әйелінен Сұлтанбет туған». М.Ж.Көпейұлы Жәңгірдің екінші әйелі қатаған хан Тұрсынның қызы Ғайша ханым дейді: «*Мұнан туған Уәлі Бақы Әз Тәукемен таққа таласып қалып, жеңілген соң, Үргеніштегі нағашысы Ғайып ханға барып, қатын алып, жалғыз бала туып, атын Абылай қойған»* .

Бұл әңгімеде азадаған қателіктер болғанымен бір мәселе анық, ол жоғарыдағы Абақ атанған ханзада шежіреде Уәлі Бақы атаннып жүр. Сонымен бірге ата тарату реті де қисынмен келіспейді, себебі Аула тұқымы аталатын Сұлтанбет, Жолбарыс ХУIII ғасырдың төрелері. Олар Абылай ханның жанында үлкен тарихи оқиғаларға қатыстылығымен белгілі. Қалай болғанда да Салқам Жәңгір тұқымы қазіргі заманда қазақ төрелері аталып жүрген үлкен субэтникалық топтың негізгі бөлігін құрайды.

Шығыстың тарихи еңбектерінде Тәуке хан атымен 1680 жылдарда атала бастады. Шығыс жазбаларына қарағанда 1687 жылы Тәшкентте тақ құрған Әз Тәуке ханға Бұхарадан елшілік келген. Енді Салқам Жәңгір қайтыс болған 1652 жыл мен Әз Тәуке хан есебінде таныла бастаған 1680 жылдар арасында кім билік етті деген мәселе ашық қалады. Салқам Жәңгір мен Әз Тәуке арасында кейбір деректерде Батыр ханның аты аталады. Бұл күрделі кезеңде толып жатқан төрелердің аттарын тарихи жазбалардан кездестіреміз, бірақ олардың ішінде үлкен ордаға кім билік еткенін аңғару, анықтау оңай емес. Мырза Мұхаммед Әминнің жазуы бойынша ХУII ғасырдың соңғы ширегінде Тәуке хан Ташкент қаласы мен маңайындағы қалашықтарға иелік жасады және осы қалада Бұхар ханы Нәдір Мұхамедтің ұлы Сұбхан Құл ханның елшілігін қабылдаған. Ол елшілікті Қошыке би аталық басқарған, оның мақсаты қазақ ханы Тәукемен кездесіп сыртқы саясат мәселесін талқылау болды.

Кейбір деректерге қарағанда сол жылдары Тәукенің басшылығындағы қазақтар Ташкенттің маңындағы қытай – қыпшақ аталатын жауынгер тайпамен соғыс жағдайында болған. Деректерде Тәукенің қытай – қыпшақтарға қарсы екі соғысы туралы айтылады. «*Тәуке хан 1694 жылы 20 мың адаммен қытай – қыпшақтардың екі қаласын басып алып, 3 мың адамын қырып салып, бірталайын тұтқанға алды. Кейіннен ол тұтқындарды қайтарды, ал келесі жылы ол 15 мың адаммен шабуыл жасап, құр, олжасыз оралды»* делінеді деректерде. Бұл соғыстар Сырдария бойындағы көне дәуірлерден бері қазақ саудасының көзі болған қалалар үшін жүргізілгені сөзсіз. Деректерге қарағанда Әз Тәуке заманында бұл өңірде Қазақ хандығына қарасты 32 қала болған. 1690 жылдары Түркістанға Сібір басшылығы атынан келген Тобыл казак-орыстары Федор Скибин, Матвей Трошин Сауран, Сығанақ, Түркістан сияқты қазақ қалалары туралы тамаша тамаша сипаттамалар қалдырған.Бұл аталған қалашықтардың Қазақ хандығының қазынасына қажетті қаражатты беріп тұрғаны белгілі. Сонымен қалалық өңір көшпелі малшы елге қажетті қолөнер бұйымдары мен астықты да өздері өндіріп отырды. Әз Тәуке хан биле-

ген кезеңде Сыр бойындағы қалалардың толық қанды жұмыс істеп отырғанын деректер дәлелдейді. Бұл өңірдегі қалалардың ішінде әсіресе Түркістан (Яссы) саяси және діни орталық ретінде бүкіл еуразиялық аймаққа даңқы шыққан қала еді.

Қалалық өңірдің жағдайы жоғарыда сипатталғандай болса, қазақтың жаз жайлауы бүкіл далалық аймақты қамтиды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «*Әз Тәуке ханның тұсында үш жүздің баласы оңтүстіктен шөлейтке қарай жайлайды екен. Сырдың бойын жағалап, Жетісу, Алматы, Қапал тауларын өрлей отырады екен. Орта жүздің қыс қыстауы шүйгіген Сыр бойы да, жаз жайлауы Арқаның жоны екен. Сол кезде Орта жүз қазағы Есіл мен Ертістің арасын қуалай жайлайды*» деуіне осы жағдай себеп.

Тәуке ханның кезінде мемлекеттік жоғарғы кеңесі «Жеті Жарғы» ұйымдастырылып, оған қазақтың атақты билерімен бірге қарақалпақ, қырғыз, құрама елдерінің өкілдері, атақты дін басылар мен отырықшы елдің өкілдері қатысқан. Түркістан Әз Тәуке ханның заманында қазақтың игі жақсылары, билері мен батырлары бас қосатын «Күлтөбенің үстінде күнде жиын» жасайтын қадірлі ордасы болды. «Жеті Жарғы» кеңестеріне Түркістан мен Тәшкенттің қала басшылары, дін ғұламалары қатысатына жазба деректерде айтылады. Осы ұлы жиындарда сонау Алаша хан, Уыз хан замандарынан сақталған, көшпелілердің кигіз кітабына енген асыл сөздері мен жол-жоралары талқыға түсіп, одан бертінде өмір сүрген Қасым хан мен Есім ханның салған «қасқа жолы» мен «ескі жолы» туралы қызу әңгіме туар еді. Кейінгі ұрпаққа мүбәрәк болып Тәуке ханның шығарған заңы деп айтылатын қасиетті дүние «Жеті жарғы» осылай туды. Қазақ хандығын ондаған жылдар билеген, елдің ынтымағын көздеген, бейбітшілікті қамтамасыз еткен Тәукенің осындай еңбектеріне байланысты халық өз ханын «Әз» атады, яғни әзіз, әділ, адал хан деген мағынада. Халық аузында Әз Тәуке заманы «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман деп аталады. Бұл Әз Тәуке ханның мемлект шаруаларын билермен, рулардың ақсақалдармен көп ақылдасып, кеңесіп шешім шығаратын ақылды, парасатты хан болғандығында, шет елдермен мәмлегерлікпен тіл таба білгендігінде. Орыстың атақты шығыстанушысы А.И.Левшин Әз Тәукеге қазақтың ауызша тарихына сүйене отырып мынадай сипаттама береді: «*Қазақтардың күрсініп еске алатын заманы – ол атақты Тәуке хан заманы. Ол кісі данышпан болған. Көп уақыт бойы тынышталмаған ру аралық жанжалдарды ақылмен тоқтатып, ол тәртіпті мемлекеттік құрылым орнатты және де көп заңдар шығарды*».

Тарихи деректер Әз Тәуке ханның заманында қазақ-қалмақ арасындағы қарым-қатынастар кейде бейбіт, кейде жаугершілікпен шешіліп отырғанын көрсетеді. 1708 жылы башқұрттардың орыстарға қарсы көтерілісінде Тәуке ханның 20 мың қазақ – қарақалпақ әскерлерін бастап Уфа түбіне барғаны деректерден белгілі. Көтерілістің ең шарықтау шегіне жеткен кезі 1707-1708 жылдар еді. Бүкіл Еділ бойының қалың елі

башқұрттың соңына еріп, еркіндік үшін күресті. Орыс отаршылдығы бұл өлкені мекендеген халықтардың әбден титығына жеткізген еді. Башқұрт жеріндегі орыс қоныстарының, бекіністерін қиратқан көтерілісшілер одан әрі Қазанды алуға ұмтылған уақытта арғы жағы Қырым мен Түркия, бергі жағы қазақ пен қарақалпақа елші салды. Әз Тәуке ханның Оралтауға жорық жосауына осы өтініштер себеп болғаны анық.Тәуке хан 1715 жылы өз ажалынан қайтыс болған.

§4 Абылай хан. Кенесары бастаған ұлт-азаттық күрес

Ш.Уәлиханов «ерлік ғасыры» атаған XVIII ғасыр маңызды этносаяси оқиғаларға толы. Ғасырдың бірінші жартысында оның негізгі мазмұны қазақ-қалмақ арасындағы шиеленістермен, екінші жартысы қазақтың орыс және қытай арасында мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау үшін жүргізген күресімен анықталады. Әз Тәуке хан өлген 1715 жылы қазақтың үлкен тағы Қайыпқа көшті. Бұл туралы мән-жайды біз осы жылдың соңына қарай Қайып хан атынан жазылған хаттардан көреміз, сонымен бірге кейбір мұрағат құжаттарының ішінде Әбілқайырдың да аты аталады. Бірақ сыртқы саясаттағы белсенділік көрсеткен Қайып хан мен Әбілқайыр сұлтан жоңғарларға қарсы күресте жақсы нәтижеге жете алған жоқ. Екі билеушінің арасында қайшылықтар мен келіспеушіліктер, елдің ішкі ымырасын іздеудің орнына сыртқы көршілеріне сену, бір орталықтанған жүйені ұстап тұра алмау ақыры 1717 жылы үлкен жеңілістерге алып келді.1718 жылы жоңғарлар Жетісудан өтіп, Арыс, Бөген, Шаян өзендеріне дейін жорыққа шығып, басты мақсаты хан орталығы – Түркістанды жаулап алуға дайындықты бастады. Жоңғариямен қарым-қатынастарды реттей алмай, қайта ауыр соққыларға себеп болған Қайып хан осы жылы батырлардың қолынан өлді.

Қазақ дағдарыс жағдайына түскен уақытта қалмақ экспансиясына жол кеңінен ашыла берді. Бірнеше жыл соғысып 1722 ж. аяғында Қытайдың маньчжурлік билеушілерімен бейбіт келісімге келген жоңғарлар 1723 ж. көктемде қазақтарға жойқын шабуыл жасауды жоспарлады, бұл жорық қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды-Алқакөл сұлама» деген атпен қалды. 1723 жылы көктемде тақ мұрагерлерінің бірі Шуно Дабоның басшылығымен болған Жоңғар шабуылының нәтижесінде көптеген қазақ тайпалары өздерінің ғасырлар бойы мекендеген жерлерінен кетуге мәжбүр болды. Қалмақ соққысы Қазақ хандығының астанасы қызметін атқарған Түркістан өңіріне бағытталды.

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен» дегендей қазаққа сыртқы саяси жағдайда жоңғарлардың тарапынан ғана қысым көрсетіліп отырған жоқ. Сонымен бірге, қа-

зақтарға батыс жақтан Еділ қалмақтары, солтүстіктен – Сібір казак-орыстары, олардың арасында башқұрттар, оңтүстіктен ортаазиялық мемлекеттер ылғи жорықтар жасап отырған. 1723 ж. қалмақтардың қатты соққысынан кейін Кіші жүз тайпалары Еділ қалмақтары мен башқұрттардың иеліктеріне жақындауға мәжбүр болды. Осы кезде Әбілқайыр ханның басшылығымен 20 мың әскер жинақталып, Жайық өзені жағасында қалмақ ұлыстарын талқандады, жауап ретінде қазақтарға қарсы орыс әскері бірнеше шаралар жүргізді.

Осыған байланысты қазақ жасақтары көбінесе Сарыарқа жерінде жинақталып, саяси билік те осылай қарай ауысты. Ерте замандардан бері қазақ еліне жазғы қоныс, малына жайылым ретінде қызмет жасап келе жатқан Ұлы дала енді азаттық күресінің орталығына айналды және орыс-қазақ қарым-қатынасының қалыптасуына да әсер етпей қоймады. XVIII ғ. басы болса орыс мемлекетінің нығаюының және империялық кезеңге өтудің басы болып саналады. Сонымен бірге XVIII ғ. 20-жылдары Қазақ хандығымен белсенді саяси байланыстардың дамуымен сипатталады. Жоңғар шабуылынан кейін қазақ тайпалары ғасырлар бойы мекендеген оңтүстіктегі қыстау жерлерінен кетуге мәжбүр болды. Көптеген тайпалар Әбілқайыр ханмен бірге Жайық өзенінің оң жақ жағалауына көшуге әрекет жасады. Осы жерде олар Ресей бодандығындағы қалмақ, башқұрт елдерімен қоныстас болды. 1726 ж. Кіші жүз өзінің шекаралық келіспеушіліктерін реттеу үшін Ресейге елшілік жібереді. Екі ел арасындағы сауда-дипломатиялық қатынастардың дамуы Ресейге де аса пайдалы екендігі I Петрдің заманында-ақ белгілі еді.

1724 жылы Әбілқайыр хан Түркістанды қайта алуға қадам жасайды, бірақ Қалдан Цереннің інісі Шуно Лаузанды (Сына батыр) жеңе алмады, қаланы қайта беруге мәжбүр болды. Енді ол қайтадан Еділ мен Жайық арасындағы жерлерге қарай қазақ қонысын кеңейту мәселесін көздеді. Осы төңіректегі 1726 жылы шайқастарға Сәмеке хан мен Барақ-сұлтанның әскерлері де қатысады. Осы бірлесіп жасалған іс-шаралардың негізінде 1727 жылы Жоңғарияға қарсы халықтық майдан құрылады. Бірақ осы жолғы шайқаста қазақ төрелерінің арсында елеулі қарама-қайшылық пайда болды. Әбілқайырдың қазақтың үлкен тағына отырсам деген үміті ақталмады, билер мен батырлардың көпшілігі Әз Тәукенің ұлы Сәмекені қолдап шықты. Осыған байланысты 1730 жылдан бастап Әбілқайыр ханның саясатында бетбұрыс байқалады. Ол Ресей бодандығына енудің ұйымдастырушысы ретінде белгілі болды. Оның Анна Иоановнаға жазған хатында былай деп айтылады: «Біз, Әбілхайыр хан, менің билігімдегі көптеген Орта және Кіші жүз қазақтары, бәріміз Сізге бас иеміз, Сіздің құлыңыз боламыз және бүкіл халық болып Сізден көмек сұраймыз, Сіздің бодандығыңыздағы Оралдың ар жағындағы башқұрттармен бейбіт түрде өмір сүруде көмегіңізді күтеміз». Ресейге келген Әбілқайырдың елшілері оны

«басты хан» деп атады, ал шын мәнінде сол кезде Ташкентте Жолбарыс хан, Түркістанда Сәмеке хан және Сайрамда Күшік хан тәуелсіз хандар еді.

Әбілқайыр өзінің бодандық туралы ұсынысымен Ресейге мұсылмандық Шығысты ашты, бірақ ол жылдары, XVIII ғ. ортасында, бұл байланыстардан қазақтар тек сауда жасаудан ғана пайда көрді. Оның негізгі себебі де Сыр бойындағы қалалық өңірдің ұзақ уақытқа созылған дағдарыс, қазақ шаруашылығын қамтамасыз ету мүмкіндігінен айрылуы еді. Экономикалық мүдде қазақты жаңа сауда әріптестерін іздеуге мәзбүрледі. Өмірінің соңына қарай Әбілқайыр хан екі оттың арасында қалып қояды. Оның Ресей көмегіне сүйеніп бүкіл қазаққа әмір жүргіземін деген үміті ақталмады. Әбілқайыр хан өзінің бел балаларының бірін орыс қолында аманатта ауыстыруға өтініш жасағанда орыс отаршыл билік басшылары келіспеді, ақыры екі ел арасында наразылық көбейді. Әбілқайыр Орынбор басшыларнан өшін алғысы келеді, бірақ ол жүзеге аспады.

Ресейдің Кіші жүзді өз протекторатына алу кезеңінде қазақ-қалмақ майданында белсенді саяси күрес және әскери іс шаралар жүріп жатты. XVIII ғ. 30 ж. ортасында жоңғарлар қайтадан қазақтарға, әсіресе Орта жүзге қысым көрсете бастады. Осы кезеңде Абылай сұлтан әуелі қатардағы жауынгер, кейіннен ұлыс басшысы ретінде Орта жүздің саяси өмірінде, одан соң барлық қазақ одағында халықты қорғауда өте маңызды қызмет атқарды.

М.Ж.Көпеевтің айтуынша «*Абылай он екі жасар бала күнінде, қасында Ораз аталық деген сарт екеуі Түркістан шаһарына келіп, Әбілмәмбет патшаға қызмет қылды. Ол жерде орнығып тұра алмай, Ұлы жүз Үйсін Төле бидің түйесін бағып жүрді*». Осы баяндалған оқиғалардың қисыны Абылайдың Қазақ ордасына «Ақтабан шұбырынды» сияқты ауыр кезеңде келгенін және алғашқы уақытта жасырын «Сабалақ» атанғанын көрсетеді. Қазақтың «қанға қан» аталатын дәстүрі бойынша жас төре Қайып әулетінен қауіптенуі де мүмкін, екінші жағынан Түркістан маңында қалмақ үстемдігі күшейіп тұрғанда өзінің шыққан тегін жария қылмағаны да түсінікті. Абылайдың шыққан тегін Төле би, Бөгенбай батыр, Бұқар жырау сияқты ұлы тұлғалар ғана білген және оны тәрбиелеуге ат салысқан. Абылай жиырма жасына дейін бұқара ортасында мүлдем белгісіз болғанға ұқсайды. Сол дәуірдің атақты жырауы Үмбетей Абылай өзін жиырма жасында танытты дейді.

Ескерте кететін мәселе осыдан кейін бір жыл өткен соң жас сұлтан Сабынды көл жағасында «Абылайдың көк жартасы» аталатын жерде Орта жүзге 1734 жылы ұлыс сұлтаны сайланды. Абылайға ұлыс есебінде берілген Көкшетау маңындағы атығай-қарауыл, керей-уақ, қанжығалы рулары. Қазақ ауызша дәстүрінде «Сұрасаң Абылайдың тұрған жерін, Хан болды 48 жыл Көкшетауда» делінетіні осыдан. Абылайдың «кіші хан» деңгейінен өтіп «үлкен хан» тағына отырған уақыты 1771 жыл. Осы жылы Әзіреті Сұлтанда

қазақтың үш жүзінің ең таңдаулы азаматтары, Түркістан-Тәшкент өңірінің отырықшы сарт-құрама қауымдарының өкілдері Абылайды ақ кигізге көтеріп, таққа отырғызды.

Екінші бір мәселе Абылай сұлтанның 1741 жылы қалмақ қолына тұтқынға түскені. Қазақ шежіресінде бұл оқиға бүге-шігесіне дейін баяндалған. Қалдан Серен осы жылы қазақ даласына Септен, Сары Мәнжі батырлар және өзінің үлкен ұлы Лама Доржы бастаған үш жасақ жібереді. Септен Ертістен, Сары Мәнжі Жетісудан, Лама Доржы Балқаштың солтүстігімен аттанады. Қазақтың «Сүзекінің қолы» деп атайтыны осы, «сүзекі» балық аулайтын ау сияқты құрал. Қалдан Серен үш жасаққа қосымша қалмақтың кәрі көкжалдарының бірі, Бошохту хан заманынан белгілі Жалбы батырды жібереді. Жалбы батыр Абылайды Ұлытауда ұстады.

Тарихнамада Абылайдың тұтқыннан босауы И.Неплюевтің көмегінің арқасында деген пікір бар. Абылайды босатуға, біздің қолымыздағы деректер бойынша, тікелей ат салысқан, елшілікке барған адамдардың ішінде біріншіден Әбілмәмбет хан мен Нияз аталықты атау керек. 1742 жылы Әбілмәмбет баласы Әбілпейізді Нияз алып барып Қалдан Серенге ақ үйлі аманатқа тапсырды. Екіншіден 1743 жылы тоқсан жақсыны бастап барған Қаз дауысты Қазыбекті атау керек. Оның «Сен қалмақ та, біз қазақ, Қарпысқалы келгенбіз...Берсең жөндеп бітіміңді айт, Бермесең дірілдемей жөніңді айт, Не тұрысатын жеріңді айт» деген сөздері осы елшіліктің кезінде айтылған. Үшінші адам – Малайсары батыр (1708-1754 жж.). Қалдан Серен оған тарханды қ атақты 1743 жылы берді.

Қазақ шежіресінде сақталған деректер Қалдан Сереннің Абылаймен тіл табысқанын, екеуінің де терең ойлы көсем екенін, екеуі де өз елдерін осы қысталаң заманнан қалай аман алып шығамын деп қабырғасы қайысқан азамат екенін дәлелдейді. Осы түсініс тіктің нәтижесінде екі елдің арасында одақтастық, достық туралы келісім жасалды.

Абылай хан 1750 жылдары Жоңғария құлағаннан кейін қалмақ қолында болған Тарбағатай, Алтай, Жетісуды қазақтың қол астына қайтаруды мойнына алған қаhарман саясаткер. Бұл күрес барысында қазақ жасақтары ілгерілей жылжыған Қытай әскерлерімен тынымсыз шайқастарға түсті. Тек қана 1756 жылы екі бағытта батысқа қарай жылжыған шуршіттермен Шаған обадан бастап Нұра өзеніне дейін он бір шайқас болған, ақыры басқыншылар Шідерті бойында (*Шуршітқырған*) қанды қырғын тапты.

Егер Абылай ханның 1771 жылдың көктемінде Еділ бойынан, Ресей текпісінен Жоңғарияға қарай көшкен қалмақ көшін неге шаппады деген мәселеге келсек, әңгіме басқаша. Қазақ бұз оқиғаны «Шаңды жорық» деп атайды, бұл жорық қазақ-қалмақ соғысының ақыры деп есептеуге болады. Бұл кезеңде Жоңғария жер бетінен жойылған, мемлекет есебінде өмір сүруден қалған. 1771 жылы Еділ бойынын қашқан қалмақтар

қазақ жері арқылы ескі қоныстарына аттанады, барлығы отыз мың шаңырақ шамасы. Қаңтар айында ауыр сапарға шыққан елдің көпшілігі жолда қазақ жасақтарымен соғыстардан, аштықтан, аурудан қырылды, біразы қазақ қолына түсті, аз ғана бөлігі Қытай шекарасына ілікті. Еділ қалмағының ауа көшуі қазақ арасында үлкен дүрбелең туғызды, ол қазақтың тарихи фольклорында жан-жақты баяндалған. Бұл жерде қазақтың «қашқан жауға-қатын ер» және, екіншіден қазақтың «елге ел қосылса-құт» деген сөздерін еске алу керек. Мәселе қашқан елді қырып жіберуде емес, оны ішіне сіңіріп, қараңды көбейтіп, жан-жағыннан қыспаққа алған империяларға қарсы тұруда. Орталық Азияның ең күшті билеушісіне арналған Абылай үшін бұл мәселе өте өзекті болды деп есептейміз.

Казақтың ұлы ханы қай жылы қайтыс болған Ресейдің архив құжаттары Абылай ханның 1781 жылдың ақпанында 68 жасында (на шесдесят девятом году) қайтыс болғанын куәлендіреді. Бұл дата қазақ ауызша тарихының деректерімен де толық сәйкес. М.Ж.Көпейұлы жазбасына жүгінесек: «Сонан соң Абылай сол Арыстың бойындағы бір қорғанға түсіп, алпыс сегіз жасында, жұма күні дүниеден қайтып, сол жер осы күнде «Хан қорғаны» атанипты. Сүйегін теңге салып, Түркістан шаһарындағы Хазірет сұлтан Алғарфин Әулиенің күмбезіне алып келіп қойыпты». Ендеше Абылай ханның туған жылы 1713 деген жорамал дұрыс деп есептеуге болады.

Қазақ шежіресінің тамаша үлгісін жасаған Құрбанғали Халид Абылайдың туы туралы «*Абылайдың өзге туысы Ауладан Сұлтанбек, одан Қанқожа, одан Арынғазы туып Семейде аға сұлтан, соңынан кеңесші болды... Абылай көк ту көтеріп шыққанда Сұлтанбек пен Жолбарыс әулеті бұған қосылып, бәрі көк тулы болады. Кейбірде тудың түсін дұрыс айтпай, ұқсасты жасыл десе осы көк туды айтады...*». Міне, қазіргі тәуелсіз Қазақстанның биікте желбіреген көк туы осы Абылайдың туынан өз бастауын алды.

Ерлік заманы Абылай хан немересі Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысымен аяқталады. Кенесары хан «*Абылай хан ордасы*» атанған Көкшетау өңірінде дүниеге келді. Әкесі Қасым төре Абылайдың бесінші ханымы, қалмақ ноянының қызы Топыштан туады. Кенесары жас жігіт кезінде ағалары Саржан мен Есенкелдінің соңынан еріп XIX ғасырдың 20-жылдарынан бері қалыптаса бастаған Ресейдің отаршылдық-әкімшілік іс-шараларына қарсы шықты.

Орыстардың жазалаушы отрядтарымен көп жылдарға созылған жаугершіліктен соң Қасым төре 40 мың үйлі Арғын Алтай – Тоқа, Керей,Уақ және басқа рулармен «*кәпірді суық, мұсылманды жуық көріп*» Қоқан хандығының иелігіне қарай көшті. Алайда Түркістан мен Тәшкент жұртын жақын көріп, жан тартып барған кезінде 1836 жылы Тәшкент басшысы Беглер-бек құсбегі қонаққа шақырып, Саржан төрені баласы Әлжанмен,

інісі Есенкелдімен, қырық-елу шақты жолдасымен шаһид қылды. Кенесары бұл кезде Қарнақ қышлағында Рахмен-әзлер ишанның жанында, пірге қол беріп, дін сабағын алып жүрген еді. Қасым төреге ерген қырық мың үй «ақ жалау» аталатын Қоқанд алым-салық жинаушы жасақтарының талауына түсе бергеннен кейін Көшек, Бопай мен Наурызбай сұлтандар Сарысудың басына қарай көшіп, Ұлытау мен Кішітауды жайлады.

Кенесары Тәшкентте қамауда бір жылдай отырды. Бір сәті түскенде Кенесары Қоқанның сол кездегі ханы Мәделіге ишанның шәкірттерінің бірінен хат жіберіп, ол Беглер бекке «*Кенесары хан әулетінен, ақсүйек. Сен құлсың. Құлдың ақсүйекті қамап отырғаны жөн болмайды. Дереу Кенесары сұлтанды босат*» деп хат жазып, қапастан босап шықты.

1837 жылы көктемінде Кенесары сұлтан өзінен көз жазбауға тиіс Әбдішүкір бастаған Қоқанның жүздігін қырып тастап, соңынан ерген елді Сарыарқаға бастады.Алда күші басым Ресеймен ұзаққа созылған соғыс майданы күтіп тұрды. Енді ұлт-азаттық күресінің жаңа бағдарламасы жасалды, ол патша үкіметінің қазақ жерінің солтүстік алқабын отарлауға қарсы жасалған алғашқы шаралары еді. Кенесарының осы мақсатта патша үкіметіне жолдаған бірнеше хаттары сақталған: «*Біздің ата-бабаларымыздан мұраға қалған,-деп жазды ол солардың бірінде – Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы – Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Өлкейек, Тоғызақтан – Жайыққа дейінгі жерлер. Патша үкіметінің кезінде біздерден тартып алып, онда қамалдар салынды. Енді күн сайын біздің жерлерімізді тарылтып келе жатқанымен қоймай қорған қамалдарды аяқ басқан жерлердің бәрінде қаптатып жіберді, сөйтіп елді анық алаңдатушылыққа алып келді. Ал бұл біздердің жалғыз болашағымызға ғана емес, қазіргі өмір сүруімізге де қауіпті болып отыр*».

1837 жылдың көктемінде Кенесары өзінің сарбаздарымен Ақмола округінің төңірегінен көрініс берді. Бұл сол кезде қоймадағы жарылғыш затқа от қойғанмен бірдей әсер етті. Әскери отарлаудың нақ ортасында қалған Орта жүз қазақтары қысымның ауырлығын сезіне бастаған болатын. Бұл кездерде Сарыарқаның Ақтау, Ортау, Ұлытау, Кішітау сияқты қасиетті жерлеріне қарай әскери бекеттер тартылып жатқан. Казактар мен патша үкіметінің қызметіндегі сұлтандардың үлесіне ең шұрайлы жерлер мен жайылымдар тиіп, қарапайым қазақтарды күшпен қамалдың қара жұмысына тарта бастады.

1838 жылы 25-26 мамырда көтерілісшілер сол кездегі берік қорғанған бекіністердің бірі Ақмола дуанына шабуыл жасағаннан кейін Кенесарының қаруланған жасақтары орыс отрядтарын үлкен шығынға ұшыратқан ауқымды ұрыстарды жалғастыра берді. 1838 жылдың күзі бойында Кенесарының сарбаздары округ орталықтары мен бекеттерге, аға сұлтандардың ауылына бірнеше рет шабуыл жасап, қарауылдар мен байланыс жолдарын талқандады. Осы жылдары керуен жолдары мүлде жабылап, Ресейдің шығыс

елдерімен саудасы тоқтап қалды. 1838 жылдың соңына сала қыс айларында Кенесары қарамағындағы елдер Торғай мен Ырғыз өңірлерінен өтіп Орынбор аймағының шығыс бөлігіне таман жерлерге жақындады. Бұл арада Кіші жүздің Жоламан Тіленшіұлына ерген шекті, тама, төртқара, шөмекей, табын руларының жауынгер азаматтары Кенесары жасақтарының қатарына келіп қосылды.

Кіші жүз ортасына көшіп барған Кенесары Орынбор өлкесінің губернаторы генерал Перовскийге өтініш хат жолдады: «*Мен Кенесары сұлтан, – деп жазды ол хатында, – атамыз Абылай ханның тұсынан бері өз бауырларымызбен қатынасқандай, орыстармен достық бейбіт араластықта болдық, алайда Омбы мен Петропавл (Сібір өлкесіндегі) жұрттары біздің бейбіт тұруымызға мұрша бермеді... менің олармен жанжалдасуыма себеп осы. Сіздің жаққа өте отырып мен Ресеймен еш уақытта жауласуды ойлаған жан емес екендігімді хабарлаймын, менің бұл өтінішіміді жоғарыдағы әкімдерге жеткізуіңізді сұраймын*».

Кенесарының өтінішін Орынбор шенеуніктері жылышырайда қабылдады. Генс коллегия кеңесшісі Ларионовқа жазған хатында: «Батыс Сібір басқармасының қарамағындағы қазақтарға жасаған қиянаты шектен шыққан, олардың орда халқына арналған шешімдері осы халыққа өшпенділікке толы және олардың дүние-мүлкі тонауға бағытталған, әділет орындалып отыр деуге келмейді» деп жазды. Сонымен бірге осы басталынған келісімнің өзі де түпкілікті емес еді, оған да әртүрлі қараушылар болды. Кенесары мен оның жақтастарының мүддесі сонау Абылай хан кезіндегіде орыс-қазақ қарым-қатынасын қалпына келтіруді көздесе, патша үкіметі XIX ғасырдың 20-30-жылдарында отарлау саясатының белсенді кезеңіне көшкен еді, олар протекторттық қарым-қатынастан бас тартып, хандық билікті жойып, алып отырған жерлерін түпкілікті бағындыруды жоспарлады.

1840 жылы Әзірет Сұлтанға зияратқа барған жолында Қасым төрені Қоқанд билігі тұтқындап, біраз уақыт Тәшкентте ұстап, қайтыс болған соң Әзіреті Сұлтанға жерледі. Осы себепті 1841 жылы қыркүйекте Ұлытауда Қасым төреге ас берілді. Ас кезінде ескі дәстүр бойынша Орта жүз бен Кіші жүз өкілдері Кенесарыны хан көтеруге лайықтап, қазақ дәстүрімен ақ киізге көтеріп хан сайлады, бұл қазақтардың ұлттық тәуелсіздікті сақтау үшін мемлекетті жаңғыртып, өзін-өзі қорғауға ұмтылған шешімі ретінде бағаланады.

Кенесарының сол кездегі саясаттағы таңдауы ешкімді бей-жай қалдыра алмайды, қазақ мемлекеттігінің қайта жаңғыруына байланысты ұлт-азаттық күресінің жаңа сатысы басталды. Кенесары хан орталық үкіметті нығайтуға және күресті жалғастыру үшін бір қатар әкімшілік және сот реформаларын жүргізді. Хан маңында көтеріліске шыққан елдің көсемдері мен белгілі батырлар енген Хан кеңесі жұмыс істеді. Салық жинауға, әскери дайындыққа, мәмлегерлік шаруаларға жауап беретін жасауылдар қызметі ұй-

ымдастырылды. Кенесары Орта Азия хандықтарында орнаған өзара қайшылықты шебер пайдаланды. 1840 жылы Бұхара мен Қоқан хандықтары арасында соғыс басталды, мұның негізгі себебі Қоқан билеушісінің шариғатты бұзып өгей шешесіне некелесуі болды. Мәдәлі хан кәпір деп жарияланып оған қарсы әскерлер жұмсалды. Кенесары Бұқар хандығын қолдап Кіші жүздің төрт мың жігітін Ташкентке жұмсады. Алайда әскердің арасына жұқпалы ауру таралып олар тұрып қалды, ал қалған әскерінің бір бөлігі Созақ, Жаңа қорған, Жөлек және Ақмешіт қорғандарын алды. 18 күнге созылған күреспен Кенесары Қоқан хандығының ірі бекінісіне айналған Созақ қалашығын бағындырды.

Кенесарының белсенді сыртқы саясаты патша үкіметінің шенеуніктеріне алаңдатушылық туғызды, олар Кенесарыдан оңтүстіктегі әскери қимылдарын тоқтатуды талап етіп, оның хандығын танымайтындығын білдірді. 1842 жылы Орынбор губернаторы Перовский орнынан алынды. Оның орнына келген генерал Обручев қалыптасқан жағдайды бейбіт шешуді ойламады. Патша өкіметі көтерілісшілерге қарсы үлкен барлау корпусын жасақтады. Полковник Бизанов басқарған осы жасақтың құрамы 5000 адам Сахарный қорғанынан жолға шықты. Батыс-Сібір губернаторлығы жасақтаған әскерлер Омбыдан, Петропавлдан, Қарқаралыдан дуандарынан аттанды. Осынша үлкен жасақпен Кенесары ашық айқасқа арандамай далалық жазықтарда жеңіл ұрыстар мен көп әскерді бір-біріне тағандап тастады. 1844 жылы көктемде Патша өкіметі далаға үш отряд жіберуге шешті. Олар Ордан, Ұлытаудан, Тобыл өзенінен Кенесарының ордасына қарай Торғайға жылжуы керек болды, сөйтіп үш жақтан шеңгелдеп көтерілісшілерді біржола талқандауды көздеді. Әскерлердің барлық басшылығы генерал-майор Жемчужниковқа жүктелді. Орынбор және Батыс-Сібір губернаторына жіті қадағалап отыру тапсырылды. Кенесары хан таңдаулы жігіттерден құралған жасақтарды ауыр қозғалып келе жатқан отрядтың алдынан шығып бағытынан жаңылдырып отыруға жіберді, екінші жағынан мықты соққы беруге дайындалды. 1844 жылғы шілденің 20-нан 21-не қараған түнінде Тобылдың жоғарғы саласы Өлкейек өзенінің жағасында Кенесары сарбаздары орыстың жазалаушы отрядымен бірге жүрген Ахмет Жантөриннің жасағын қоршап алып түгелдей жойып жіберді. 1844 жылғы әскери операциялар кезінде Кенесарының әскери шеберлігі айқын көрінді. Орыс әскерлерінің жіберген қателерін орынды пайдаланып, қоршауды бұзып шығып әскери қимылдарын жоғалтпастан олардың өздеріне күшті соққы бере алды. Алайда Кенесарыны болашақта ешбір жақсылық күтіп тұрмаған еді. Шаруашылықтың күйі қашып, оны қолдаушы қазақтар шұрайлы жерлерінен айырылды. 1844-1845 жылғы жұт жағдайды одан әрі асқындырып жіберді. Хандықтың құрамындағы жұрт тоқтаусыз соғыстардан қажып қажырай бастаған еді. Оның үстіне ханның әскерлері екі бірдей соғыс майданына (оңтүстікте Қоқан мен Хиуа хандарының тонаушылық шабуылдары өршіп тұрды) сайланып жүруі керек болды.

1845 жылдың жазы Қоқан хандығымен соғыста өтті. Кенесары оңтүстіктен өз қарамағындағыларға өріс-қоныс тауып беруге ниеттенді, бұл өңірлерге патша үкіметінің ықпалы әлі жетіп үлгермеген болатын. Қоқанмен болған бұл соғыста Кенесарыға көрнекті батыр Жанқожа Нұрмұхамедов қолдау көрсетті. Олар біріккен күшпен Қоқаннан Созақ, Жүлек, Жаңа қорған қамалдарын тартып алды. 1846 жылы Кенесары Қоқанның Мерке қамалын алды. Ұзақ уақыт қоршаудан кейін қамалдың датқасы әскерімен беріліп, соның белгісі ретінде арғымағын сыйға тартты. Кенесары мұнан соң Пішпек қамалын алуды жоспарлады. Қоқанд әскерлері мен қырғыз манаптарының жігіттері Кеклік Сеңгір тауына бекінді, екі жақтан да көп шығынмен соғыс жүрді. Бір аздаған келісімнен кейін 1847 жылы шайқас қайта басталды. Бұл жолы екі жақты соғыс қимылына алып келген, Ұлы жүздің батыры Саурықтың қарулы барымтада өлтіріліп, бірнеше үйір жылқының айдауда кеткендігі себеп болды. Соңғы шайқас Қоқанның қамалдары Пішпек пен Тоқмаққа таяу Кеклік Сеңгір тауында өтті. Жер жағдайын жақсы білетін қырғыз жасақтары оңтайлы жерлерге орналасты. Шешуші шайқас кезінде Рүстем төре мен Сыпатай батыр соңына ерген жасақтарымен ұрыс алаңын тастап шықты. Кенесарыға қарсы күресте қырғыздарға орыс және қоқан әскерлері бағыт беріп тұрды, ақырында күштердің теңсіз дәрежесінде Кенесары әскерлері жеңіліске ұшырап талқандалды. Қазақ халқының қара түнек күндері басталды. Ресейдің Қазақстан территориясындағы ауыр отаршылдық үстемдігі басталды. Жүз жылдан астам уақыт еркін алаш рулары кең даланы азулы көршілерінің отаршылдық шеңгелінен қорғап келді. Отаршыларды мемлекеттің тарихи орталықтары Ұлытау мен Түркістанға жібермеді.

Тұжырымдар: – Орда Ежен мен Шайбан тұқымдары арасындағы күрес бірнеше мың жылдық жергілікті мемлекеттік идеяға негізделген Қазақ хандығы аталған мемлекеттің өмірге келуіне мүмкіндік берді. Қазақтың үш жүзі Орыс хан заманындағы «үш алаш» қауымы негізінде құрылып, бірақ саяси мүддеге, ру-тайпалардың орналасуына және ертеден бері келе жатқан генеалогиялық туыстық қарым-қатынас жүйесіне қарай топтастырды.

– Тәуекел хан туралы қазақ ауыз деректері онша көп емес. Біз көбінесе шығыс жазбаларын пайдаланымыз. Қазақ хандығы мен Бұқар билеушісі Абдоллах ханның арасындағы бітіспес араздық 1586 жылы басталды. Хафиз Таныштың айтуынша, осы жылы Тәуекел бастаған қазақ жасақтары Түркістан, Ташкент және тіпті Самарқанд қалаларын қайтарып алу үшін күрес туын көтерді. Қазақ әскерлері нашар қаруланған еді, олардың тері тондары мен жарғақтары сауыт пен көбе (куяк) ретінде қызмет етті. Ескендір Мұншы осы кезеңнің оқиғаларын Мәуреннахр сарайының қызметшісі ретінде саралай келе «*хан атағын иемденіп, меншіктеп алған қазақтың Тәуекел сұлтаны қалың қолмен Ташкенттің түбіне аяқ басты. Абдоллах-хан, оны өзіне тең қарсылас деп санамай*

оған қарсы өз әулетінің сұлтандарын, шекаралық уалайат әмірлерін және әскерінің жартысын жіберумен шектеледі. Ташкент пен Самарқанд арасында осы екі қол бір бірімен шайқасты. Шайқас қантөгісті болды. Патшалық етуінің басынан бастап барлық шайқастарда ылғи да жеңімпаз болып жүрген ханның әскері жеңіліске ұшырады». Осылайша Ташкент пен Түркістан аймағы Тәуекел заманынан бері Қазақ хандығының құрамына заңды түрде енді.

– «Жеті Жарғы» кеңестеріне Түркістан мен Тәшкенттің қала басшылары, дін ғұламалары қатысатына жазба деректерде айтылады. Осы ұлы жиындарда сонау Алаша хан, Уыз хан замандарынан сақталған, көшпелілердің кигіз кітабына енген асыл сөздері мен жол-жоралары талқыға түсіп, одан бертінде өмір сүрген Қасым хан мен Есім ханның салған «қасқа жолы» мен «ескі жолы» туралы қызу әңгіме туар еді. Кейінгі ұрпаққа мүбәрәк болып Тәуке ханның шығарған заңы деп айтылатын қасиетті дүние «Жеті жарғы» осылай туды. Қазақ хандығын ондаған жылдар билеген, елдің ынтымағын көздеген, бейбітшілікті қамтамасыз еткен Тәукенің осындай еңбектеріне байланысты халық өз ханын «Әз» атады, яғни әзіз, әділ, адал хан деген мағынада. Халық аузында Әз Тәуке заманы «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман деп аталады. Бұл Әз Тәуке ханның мемлект шаруаларын билермен, рулардың ақсақалдармен көп ақылдасып, кеңесіп шешім шығаратын ақылды, парасатты хан болғандығында, шет елдермен мәмлегерлікпен тіл таба білгендігінде.

– XIX ғасырда қазақ қоғамы екі күштің әсерінде болды: біріншісі – дәстүр, әдет оны көшпелі ретінде сақтап тұрды. Екіншісі – жаңа экономикалық жағдай қазақты өзіне икемдеп, оны алға қарай жылжытып, шөп шабу мен егіншілікті үйренуге, жағдайдың ауысуына үйренуге итермеледі. Әрине, бұл процесс оңай жүрген жоқ, оны біз халықтың үздік ақындары жырлаған «Зар-заман» поэзиясы үлгілерінен-ақ көреміз. Дегенмен ғасырдың соңына қарай қазақ шаруашылығы әбден күрделеніп, кешенді түрге енді. Бұл қазақ елінің экономикалық дағдарыстың ауыр кезеңінен өткенін көрсететін негізгі белгі. Осындай күрделі қайта құруларға қарамастан қазақ қоғамы дәстүрлі әлеуметтік институттар мен саяси құндылықтардың өміршең түрлерін XX ғасырға алып келді.

Әдебиеттер:

(Абай/Ибрахим Құнанбаев). Қара сөздер // Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986.

Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. Алматы, 1998.

Акишев К.А., Хабдулина М.К. К проблеме формирования Казахского ханства: дата и этническая территория//Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы. Құраст. Ж.О.Артықбаев, Е.С.Жаркешов. Астана, 2015. с.40-59.

Артықбаев Ж.О. Қазақ хандығы: тарихы, тағдыры, тағлымы. Астана, 2015.

Валиханов Ч.Ч. Из «Тарихи – Рашиди»((Собр. соч. в 5 т. т.4. Алма-Ата, 1985. – с. 14-27.

Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. Алматы, 1998.

Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы,1991.

Дулат Бабатайұлы. Заман сазы. Өлеңдер мен дастандар. Құраст. Қ.Өмірәлиев. Алматы, 1991.

Дулати М.-Х. Тарих – и Рашиди. Рашидова история. (Пер. с персид. языка, 2-е изд. дополн. – Алматы, 1999.

Исин А. Казахское ханство и Ногайская орда во второй половине XV-XVI вв. Семипалатинск, «Тенгри», 2002.

Қадырғали Косымұлы (Жалаири). Шежірелер жинағы. Аудар. және алғы сөзі Н. Мингулов, Б. Көмеков, С.Өтениязов. Алматы, 1997.

Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы, 2014.

Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Қазақ хандығының аталықтары мен төлеңгіттері: мемлекетке қызмет істеу, тарихи оқиғаларға қатысы және шежіресі. Алматы, 2013.

Қинаятұлы З. Қазак мемлекеті және Жошы хан. Астана, 2004.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.1-3. – СПб., 1832.

Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Сост.С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-Ата, 1969.

Международные отношения в Центральной Азии XVII-XVIII вв. Документы и материалы. – Кн.I.-2. – М., 1989.

Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (Сб.документов). – Алматы: Гылым, 1996.

Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). М.,1982.

Сұрақтар:

Алтын Орда империясының ыдырауы салдарынан Еуразиялық ұлы дала аумағында көшпелілердің ұлттық мемлекеттік бірлестіктері қалыптаса бастады. Қалай ойлайсыздар, империялардың ыдырау себептері не?

Сонымен қазақ хандары Орда Еженнің ұрпағы ма, әлде Шайбанның інісі Тоқай Темірдің ұрпағы ма?

Шал ақын жазатын:

Тоқсан баулы өзбек айрылыпты
Таңбалының моласы деген жерде,–

делінетін Таңбалы қай жерде орналасқан?

Тәуекел сұлтан 1598 жылы Бұхарға қарай жылжығанда қасында жанында қазақтың... төресі бар еді.

Есім хан қазақ шежіресінде жақсы сипатталады, осы хан туралы ауызша дәстүр деректерін атап өтіңіз

1643 жылы Жәңгір Батыр қонтайшының ірі әскери экспедициясын тоқтатты. Осы шайқастың «Орбұлақ шайқасы» аталатын себебі неден ?

Әз Тәуке хан заманында Қазақ хандығының бас қаласы Түркістан болғаны белгілі, сонымен бірге деректер ханның Тәшкентте де билік жүргізігенін, тақта отырғанын жазады. Неге ?

М.Ж.Көпейұлы «*Абылай он екі жасар бала күнінде, қасында Ораз аталық деген сарт екеуі Түркістан шаһарына келді*» дейді. Сіз қалай ойлайысыз, Абылай қай жақтан келді, оның тағдыры қалай болды ?

1840 жылы Әзірет Сұлтанға зияратқа барған жолында Қасым төрені Қоқанд билігі тұтқындады, біраз уақыт Тәшкентте болды, қайтыс болған соң Әзіреті Сұлтанда жерленді. Осы себепті 1841 жылы қыркүйекте Ұлытауда Қасым төреге ас берілді. Ас кезінде ескі дәстүр бойынша қазақ дәстүрімен ақ киізге көтеріп хан сайланды. Сіздің ойыңызша осы ас беруде хан болып сайланған кім?

Тапсырмалар:

Қазақтың атақты ханы Қасым ханның: «*Біз даланың тұрғындарымыз, бізде сирек кездесетін, қымбат заттар, тауарлар да жоқ. Біздің басты байлығымыз жылқы*» – деген сөзін түсіндіріңіз

Абай Құнанбаев «Қара сөздерінде» айтылатын дәстүрлі қазақ қоғамының екі мінезі бүгінгі күні қаншалықты өзекті, қазіргі заманғы қоғамтанушылардің халықтық мінез туралы жазғандарын қараңыз

Қазақ хандығының құрылу тарихындағы «Таңбалы тастың» орны және қызметі деген тақырыпта реферат жұмысын жасаңыз

«Ата қоныс», «кіндік қаным тамған жұрт», «қарға тамырлы қазақ», «алаш» сияқты мемлекет және ұлт болу мәселелсіне қатысты субстанциялық түсініктерді тізіп, сөздік жасаңыз

Атақты шежіреші М.Ж.Көпейұлы «*Қазақтың ортасында «Қасым ханның қасқа жолы» делінген сөз үлгі, өсиет болып қалды.*

Баласы Жәнібектің сардар Қасым
Қазақтың біріктіріп,құрап басын
Осы жер ата қоныс, мекенің деп,
Найзамен сызып берген шекарасын, –

деген сөз осы Қасым ханға арналады» деген Қасым ханға қатысты тамаша деректер береді. Қазақстанның қазіргі шекарасының қалыптасуының тарихын көрсететін контур карта сызыңыз

Шығай, Тәуекел хандардың Абдолла ханмен қарым -қатынасы аса күрделі болғаны белгілі, сіз ол кезеңдегі Қазақ хандығы мен Мәуреннахр арасын қалай сипаттар едіңіз ?

Қазақ шежіресінде «Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде, Тұрсын хан «қатаған» деген жұртты Ташкентте билеп тұрды. Тұрсын хан ант етісіп, Есім ханмен бата қылысты, бір бірімен жау болмасқа: «Күнбатыс, Бұхара, Қоқан, Самарқанмен жауласуға мен тұрайын, сен күншығысқа қосын қылып аттан. Өзын аққан Ертістің суының басынан кіріп, аяғынан шық деген соң, мың кісі қосын күншығысқа бет қойды» деген ақпарат бар. Есім мен Тұрсын хандапр арасындағы жаугершілікті сипаттаңыз және картада бейнелеп көрсетіңіз.

«Орбұлақ шайқасы» туралы деректерге сүйеніп, бейне роликке қажетті сценарий жасап көріңіз.

А.И.Левшин Әз Тәукеге қазақтың ауызша тарихына сүйене отырып мынадай сипаттама береді: «*Қазақтардың күрсініп еске алатын заманы – ол атақты Тәуке хан заманы. Ол кісі данышпан болған. Көп уақыт бойы тынышталмаған ру аралық жанжалдарды ақылмен тоқтатып, ол тәртіпті мемлекеттік құрылым орнатты және де көп заңдар шығарды*»... Осы сипаттаманы жалғастырып көріңіз...

– Абылай хан заманындағы Қазақ хандығының шекарасын контур картадан белгілеп көріңіз

Кенесары ханның патша үкіметіне жолдаған хаттарының бірінде: «*Біздің ата-бабаларымыздан мұраға қалған,-деп жазды ол солардың бірінде – Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы – Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Өлкейек, Тогызақтан – Жайыққа дейінгі жерлер. Патша үкіметінің кезінде біздерден тартып алып,*

онда қамалдар салынды. Енді күн сайын біздің жерлерімізді тарылтып келе жатқанымен қоймай қорған қамалдарды аяқ басқан жерлердің бәрінде қаптатып жіберді, сөйтіп елді анық алаңдатушылыққа алып келді. Ал бұл біздердің жалғыз болашағымызға ғана емес, қазіргі өмір сүруімізге де қауіпті болып отыр». Ханның хатында кқтеріліп отырған негізгі мәселе не ? Осы туралы шағын реферат дайындаңыз.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК

Оқу құралының бұл бөлімі тамыры терең, тағдыры толғамалы ұлт тарихының айшықты да тағылымды бір кезеңінен мағлұмат береді. Қайталанбас мәдениеті, тілі мен ділі бар «қазақ» атты дербес ұлтты адамзат сахнасына алып шыққан Қазақ хандығының мұратын жалғастырған, Қазақ елінің ұлттық азаттық алуына іргетас болған «Алаш» идеясы, ұлт-азаттық қозғалысы, партиясы және Алаш Республикасы туралы қағидатты негіздің боямасыз тарихы баяндалады. Ерекше ескерте кететін жайт: 1917 жылы дүниеге келген қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық демократиялық партиясы мен Алаш Республикасын айтпағанда, «Алаш идеясы», «Алаш ұлт-азаттық қозғалысы», «Алаш қайраткерлері» деген тіркестер алаштанушы ғалымдардың зерттеулерінде және жалпы публицистикада шартты түрде жазылып, бірте-бірте ұғым ретінде берік қалыптасты. Шынтуайтында, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының Әлихан Бөкейхан бастаған батысшыл тобы өздерін «Алаш қайраткеріміз» деп, ал ұлт-азаттық қозғалысын «Алаш» деп атаған емес. Оларды жаппай қуғын-сүргінге салып, үстінен негізсіз һәм жалған қылмыстық іс қозғағанда, бұларға «алашордашылар» деген саяси айдар таққан. Осылай «халық жауы», «жапон тыңшысы», «төңкеріске қарсы (контрреволюциялық) орталық құрушылар» және т.б. нақақ айыппен жаппай өлім жазасына кесіліп, атылып кеткеннен кейін, халық санасында және жүрегінде әлгі саяси айдарға («жаман атқа») ілтипат, құрмет, тіпті аңсар орнықты. Сөйтіп, «алаш» ұғымы ұлт жанында азаттық ұғымымен сабақтасып, маздап жатты.

Қазақ халқының тұтас «Алаш» атауына сиятын мәдени, тарихи, саяси қайта жаңғыруы мен елшілдік идеясы ешқашан жоғалған жоқ. Исі қазақтың қанына сіңіп, жадында ұйқылы-ояу күйде болсын сақталып, уақытын күтіп жатты. «Зұлымдық империясы», «кішігірім халықтардың түрмесі» атанған КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, орысша – СССР) ыдырап, тарих қойнауына біржола кетуінің дәл қарсаңында, яғни өткен XX-шы ғасырдың 80-жылдары соңында Алаш идеясы қайта оянды. Мерзімді баспасөз беттерінде, ұлттық телеарналар экрандарында Алаш идеясы, ұлттық-азаттық қозғалысы, партиясы, Ұлттық Жерлі Автономиялық Республикасының тарихы, зиялылар мен қайраткерлер және олардың телегей-теңіз мұрасы туралы қазақ, ағылшын, украин, түрік, орыс тілдеріндегі публицистикалық материалдар, отандық және шетелдік (Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан) мұрағаттардың бұлтартпас айғақ-құжаттарына сүйенген іргелі зерттеулер жарияланып, деректі және аз да болса көркем

фильмдер түсіріле бастады. Алаш қайраткерлері, олардың атқарған сан-алуан қызметі, қалдырған мұрасын зерттеген филология (әдебиеттану, тіл білімі, фольклористика), тарих, заң, философия, педагогика салаларынан диссертациялар қорғалды. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Шоқай, М. Тынышбайұлы, Ғ. Қараш, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, С. Сәдуақасұлы, Т. Шонанұлы және т.б. Алаш арыстарының мұрасы жиналып, том-том болып жарық көрді.

ЮНЕСКО Бас конференциясының 2015 жылы қарашада Парижде өткен 38-сессиясы Алаш қозғалысының идеялық, саяси негізін қалаушы, жаңа ұлт-азаттық ояну мен жаңғырудың саяси көшбасшысы, энциклопедист ғалым, көсемсөзші, аудармашы Ә.Н. Бөкейханды «бүкіл дүниежүзілік шынайы даңқты қайраткер» ретінде мойындап, оның 150 жылдық мерейтойын осынау беделді халықаралық ұйымның мерекелік іс-шаралар тізіміне енгізу туралы Қарар қабылдады. 2017 жылы Алаш Ұлттық Жерлі Автономиялық Республикасының құрылуының 100 жылдығы республикалық деңгейде аталып өтті.

Бірақ қоғам санасын түрлі кешен-комплекстің шідерлеуіне қарай, XIX ғасырдың соңынан басталып XX ғасырдың 40-жылдарына дейін кемі жарты ғасырға жалғасқан Алаш тарихы тұтас күйінде әлі толық байыпталған жоқ. Бұл 74 жыл (1917-1991) бойы большевиктік-коммунистік кеңес заманында қатаң тыйым салынған тақырып болғаны өз алдына, тәуелсіздіктен бергі 28 жылдың ішінде орта, кәсіптік және жоғары оқу орындарында арнайы оқытылмай келді, отан тарихы пәнінің оқулықтарына, оқу құралдарына, тіпті жалпы оқу бағдарламасына да кірмеді.

Қалай десек те 1917 жылы 13 желтоқсанда Алаш Ұлттық Жерлі (ұлттық-территориялық) Автономия деген атаумен жарияланып, 1920 жылдың 26 тамызда Қырғыз (1925 жылдан бастап Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалды Республикасы болып қайта құрылған Алаш Республикасының бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі алдындағы өшпес тарихи маңызын бір сәт те ұмытпағанымыз жөн. Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлері Қазақ хандығы сыртқы күштердің айла-шарғысымен біржола ыдырап, тарих сахнасынан кеткен соң 70 жылдан кейін оның үйіндісі үстіне және соның жер аумағында заманауи үлгідегі ұлттық мемлекеттің негізін қайта құрғаны – даусыз ақиқат.

Сонымен бірге олар 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін Дала және Түркістан өлкелеріне, Орынбор, Торғай, Орал, Каспий жағалауы сынды дербес облыстар мен 1 гүберне және бірнеше болысқа бөлініп, тарыдай шашылған халқын Алаш идеясы мен туы астына жинап, қазақ ұлтын қалыптастарды. Қазақтың төте (яки дәстүрге негізделген) жазуының, жаңашыл әдебиетінің, ұлттық тарихының, жасампаз өнерінің, заманалар сынынан өткен төлтума салт-дәстүрінің негізінде ұлттық мәдениеттің мызғымас негізін қалап үлгерді.

Қазақтың тұңғыш мерзімді басылымдары («Серке», «Қазақ газеті», «Қазақстан», «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран», «Жас азамат» т.б. газеттері, «Айқап», «Абай» журналдары), тұңғыш романдары, дана hәм бас ақын Абай мен Мәшhүр-Жүсіп Көпейұлының аманат-мұрасы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Қараш және т.б. ояну дәуірі ақын-жазушыларының шығармашылық жинақтары, алғашқы сахна қойылымдары, тырнақалды мектеп оқулықтары төңкеріске дейін-ақ жарық көрді. Төңкерістен кейін 30-жылдарға дейін дерлік Алаш қайраткерлері Қазақ елінің бастауыш, орта, орта арнайы және жоғары білім саласын және академиялық ғылым жүйесін, театр, кино өнерінің іргетасын қалап, ұлтпен бірге оның бесігін тербеткен қазақ әйеліне тең құқық берді.

Бір сөзге сыйдырып, британдық Оксфорд университеті жанындағы Орта Азияны зерттеу қоғамының тоқтамымен байыптасақ, «Алаш» қозғалысы мен Алаш қайраткерлері XX ғасырдың басында қазақ мәдениетін жетілдіріп, «мәдени ренессанс» – «мәдени төңкеріс» жасады.

Міне, Алаш идеясы мен тарихын қысқаша қарастырған «Алаш идеясы және мемлекетшілдік» бөлімі 4 тарау, 16 тараушадан (параграфтан) тұрады. Тараулар мен тараушалардағы әрбір тұжырым, қағидат, пікір нақты тарихи оқиғаға, бұлтартпас айғақ-дерекке, мұрағат құжаттарына, жарық көрген немесе қолжазба естеліктерге табан тіреп, шынайы, бейтарап көзқараспен сараланған, жан-жақты талдау негізінде жасалған. Бірқатар тараушада иллюстрация ретінде Алаш қайраткерлерінің фотосуреттері, мұрағат құжаттарының көшірмелері, төңкеріске дейін және одан кейін жарық көрген шығармалардың мұқабалары, тағы басқа деректі дүниелер ұсынылды. Әр тарауда берілген үзінділер мен дереккөздердің (сілтемелер) толық мазмұнын «Хрестоматиядан» толығырақ оқи аласыздар.

Қазіргі рухани жаңғыру үрдісінде тарихи санасы терең мемлекетшіл тұлға, Отан тарихы мен руханият әлемін қадірлейтін елшіл азамат қалыптастыру барынша өзекті. Қазақ баласының ұлт азаттығы мен дербестігі, саяси теңдігі мен рухани кемелділігі жолында тарихи қызмет атқарған тұлғаларды қастерлеу саналы ұрпақ парызы. Ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған Алаш ардақтыларының тағылымды ғұмыры, қайраткерлік тұлғалары және сан-қилы ғылым салаларына жазылған іргелі еңбектері біз үшін, әсіресе өскелең ұрпақ үшін адастырмас темірқазық болуы керек.

БІРІНШІ ТАРАУ
АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАСТАУЫ

§1 Алаш қозғалысының тарихи алғышарттары

Алаш – 1917 жылдың ескі күнтізбе бойынша 21-26 шілде (қолданыстағы күнтізбеге сәйкес – 4-9 тамыз) аралығындағы Бірінші Жалпы қазақ-қырғыз сиезінде құрылған қазақтың тұңғыш ұлттық-либералдық партиясының, ескіше 5-13 (18-26) желтоқсан аралығында Орынборда өткен II Жалпы қазақ-қырғыз құрылтайы (сиезінің) қаулысымен құрылған Ұлттық Жерлі Аутономиялық Республикасының ресми атауы [Хрестоматия, 139-148-бб.]. Оған қоса Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиясының II Жалпы қазақ-қырғыз құрылтайы жасақтаған Бүкіл қазақ-қырғыз Ұлттық Кеңесі де (Үкіметі де) Алаш Орда деп аталды. Алаш Орда атауы тарихи санамызда еңселі ел, айбынды мемлекет ретінде өшпес ізін қалдырған Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда сынды рух асқақтығын жаңғыртады. Орда – ежелгі түркі-моңғол тілінде «орталық», «кіндік» деген мағынаны берген атау болса, XX ғасырдың басына қарай – «мемлекет», «империя» деген ұғымға айналған-ды. Ал Алаш, Алты Алаш – ежелгі түркі «бауырлас», «қандас», «туыс» деген мағына береді. Алаш – қазақтың ру-тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы. «Атамыз – Алаш» деп білген халықта «Алаштың азаматы» деген атау бүтін болмыс-бітімі ерекше қадірлі тұлғаға айтылатын болған.

Алаш атауы қайта жаңғырған Қазақ елінің бас қаласының атауына айналып [Хрестоматия, 149-б.], мемлекеттік нышандары айқындалды [Хрестоматия, 149-б.]. Алаш Орда Бүкілқазақ-қырғыз Ұлт Кеңесінің (үкіметінің) құрамына халқына адал еңбек еткен арлы қайраткерлер сайланды: төраға (қазіргіше Ұлттық Мәжіліс, яғни Парламент сайлаған президент) – Әлихан Бөкейхан, мүшелері (комиссарлары, немесе қазіргіше – министрлер) – Уәлитхан Танашұлы, Халел Досмұхамедұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Ахмет Бірімжанұлы, Халел Ғаббасұлы, Садық Аманжолұлы, Мұстафа Шоқай, Жаһанша Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермекұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жақып Ақбайұлы, Базарбай Мәметұлы, Отыншы Әлжанұлы. Мүшелікке кандидаттар (комиссар-министрлердің орынбасарлары): Иса Қашқынбайұлы, Нүсіпбек Жақыпбайұлы, Ережеп Итбайұлы, Сатылған Сабатайұлы, Есенғали Қасаболатұлы, Батырқайыр Ниязұлы, Мұқыш Боштайұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Сәлімгерей Нұралыханұлы, Омар Алмасұлы,

Сейдәзім Қадырбайұлы, Аспандияр Кенжеұлы, Молданияз Бекімұлы, Есен Тұрмағамбетұлы, Жанеке Сұлтанайұлы (қырғызша аты – Жақып Солтонайұлы). Оқу комиссиясының мүшелері: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы [Хрестоматия, 147-148-бб.].

Алаш Орда Ұлт Кеңесі зайырлы демократиялық мемлекет құру қағидаттарын берік ұстанды. Жалпы Алаш Орда мүшелерінің (комиссарлары) саны 25 болсын деп белгілеп, мұның 10-ын қазақ арасында тұратын өзге ұлт өкілдеріне қалдырды. Осы құрылтай (сиез) Алаш Орданың уақытша орналасатын мекені, яғни Алаш Ұлттық Жерлі Автономиясының уақытша әкімшілік орталығы (астанасы) деп Семей (Алаш) қаласын белгіледі. 1917 жылы Семей іргесіндегі негізінен қазақ көпестері, зиялылары мен оқушы жастары тұрған Заречная Слободка кентінің атауы «Алаш қаласы» болып өзгертілді [Хрестоматия, 149-б.].

1918 жылдың қаңтар айында қалаға Алаш Орда үкіметі көшіп келіп орналасып, 1918 жылдың маусым айында іске кірісті. Алаш Орда үкіметі Ұлттық Аутономияның әнұран, елтаңба (герб), мемлекеттік туы, тіпті ұлт әскерінің ұраны (маршы) сынды мемлекеттік рәміздерін де қабылдап үлгерді [Хрестоматия, 150-б. №1 фото].

Алаш Орда Халық Кеңесінің комиссарлары ақтық демі біткенше туған халқына кіршіксіз адал еңбек етті. Ұлттық негіздегі өркениетті, шынайы демократиялық (парламенттік-президенттік), агро-өнеркәсіптік мемлекет құрудың құқықтық негіздері айқындалып, тәуелсіз еліміздің рухани және саяси ұстындары қаланды. Қазіргі Қазақстан Республикасы территориясының шекаралық-аумақтық межеленуінде тарихи қызмет атқарылды. Халқымыздың рухани кемелденуіне сара жол салған Алаш оқулықтарын жазу қолға алынып, ана тіліміздің ғылым тіліне айналуына алғышарттар жасалды.

Алаш ұғымының ментальдық-символдық мағынасын ашуға кілт болатындай құнды дерек алаш арысы Отыншы Әлжанұлы еңбегінде кездеседі. Қайраткер 1897 жылы «Дала уалаятының газетінде» Алаша хан туралы ел аузында сақталған бірнеше аңызды жариялаған. Филологиялық әрі тарихи-этнографиялық сипаты бар «Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз» атты мұра газеттің 1897 жылғы №13, 14, 18 сандарында басылды. Ұлт азаттығына, рухани кемелденуіне ерен еңбек сіңірген осынау тұлға ел үшін шаһит болғанда М.Дулатұлы қазанама жазды [Хрестоматия, 151-б.].

Абай, О.Әлжанұлы, Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбайұлы Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы [Хрестоматия, 150– 154-бб.] алаш сөзінің идеясын ашатын арнайы ғылыми-танымдық мақалалар жазды. Исі қазақты біріктіретін Алаш ұғымының мән-мағынасын ашуды ой талқысына салды [Хрестоматия, 153-б.]. Ә.Бөкейхан «Алаш» партиясы» мақаласында «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық

ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр» [Хрестоматия, 154-б.] деп жазды.

Ш.Құдайбердіұлы, Н.Орманбетұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Ғ.Қараш, Н.Наушабайұлы, А.Мәметұлы, С.Торайғырұлы, М.Жұмабайұлы ел рухын асқақтататын, жауынгер бабалардың ерлігін еске салатын, бойдағы ыстық қанды қыздыратын өлең-жырлар жазып, Алаш сөзін жиі қолданды.

Алаш сөзі азаттық сөзімен бірдей қабылданып, алаш ұғымы бодандық қапасында жапа шеккен қазақ жұртын бірлікке бастайтын, адастырмайтын темірқазық жұлдызға айналды. Алаш – аз жылдың арасында ұлтты оятқан, оның басын біріктірген, саяси күреске шақырған ұран сөз деңгейіне шықты.

Көшпелі өмір салтын ұстанған, рулық-тайпалық түсінікте өмір сүрген қазақ қауымының санасын ұлттық деңгейге көтеріп, басын біріктірген. Ол ұлттық сезімге қуат беріп, ұлтты сүюді аманаттады, әсіре ұлтшылдықтан сақтандырды. Көшпелі өмір салтын ұстанған, рулық-тайпалық түсінікте өмір сүрген қазақ қауымының санасын ұлттық деңгейге көтеріп, басын біріктірді, ұлттық сезімін оятты [Хрестоматия, 155-158-бет]. Алаш архетипін жаңғыртып, ұлттық мемлекеттіліктің символдық нышандарын қалыптастырды [Хрестоматия, 158-159-бб.].

Алаш қозғалысының тарихи бастауын қазақ халқының тәуелсіздік үшін алдымен жоңғар үстемдігіне қарсы XVIII ғасырдағы, одан кейінгі отаршыл Ресей империясына қарсы XIX ғасыр бойында жүргізіп келген ұлт-азаттық көтерілістерінен бөліп қарастыруға болмайды. Білекке емес, білікке иек артқан ұлт зиялылары жаңа дәуір талабындағы реформаторлық қадамдарымен теңдік, еркіндік жолындағы қызметтеріне кірісті. XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының зияткерлік, күрескерлік рухтағы жағырапиялық аумағы кең. Патшалық биліктің отаршылдық саясатына деген елшіл тұлғалардың наразылықтары ояну дәуірінің саяси және рухани бағыт-бағдарын айқындады. Сондай маңызды қадамдардың бірі – атақты Қарқаралы құзырхаты болатын [Хрестоматия, 159-160 бб.].

Ресей отаршыл үкіметіне қазақ халқының наразылығынан туған саяси талапқа 1905 жылы 22 маусымда Арқа өңірі Қарқаралы маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде қол қойылып, Ресей Министрлер Кеңсесіне жолданды. Құзырхатты Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбайұлы дайындады. Қазақ тілінен орыс тіліне Т.Нүрекенұлы аударды. Он бір баптан тұратын маңызды тарихи құжатта қазақ халқының саяси теңдігі мен рухани дербестігіне қажетті қадау-қадау жәйттер көтерілді. Жер, дін, оқу-ағарту, ұлттық теңдік мәселелерінде жинақталған талап тілектер атап көрсетілді. Құзырхатта отаршылдық жүйе жүгенсіздігінен бұрмаланған қазақ халқының тарихи ұлттық атауын қалпына келтіру, дін бостандығына жол ашу, мешіт-медресе салуға рұқсат беру, іс қағаздарын

қазақ тілінде жүргізу, сайлау жүйесін әділ өткізу, қазақ депутаттарын сайлау құқығы, сот тергеу ісіндегі қиянаттарға тосқауыл қою, қазақ халқының байырғы атақонысын, жерін өзінің заңды мұрагерлеріне қайтару, шоқындыру және орыстандыру саясатына тыйым салу талаптары басты орынға қойылды.

«Тергеусіз және соттың шешімінсіз әкімшілік жолымен жер аудару тыйылсын», «Қазақ халқының ішіне миссионерлердің баруына тиым салынсын», «Мектептерде христиан діні туралы сабақ оқытылмасын», «Қазақтардың қыстаулары және жаз жайлаулары бұрынғы салт бойынша олардың меншігінде қалуы тиіс», «Қазақтардың таулы даласында ашылған қазба байлықтары олардың өз меншігі болуы, ол жерде салынатын зауыттар қазақтардың өзінікі болып есептелсін», «Қазақтар ағаштарды қажетке жарату, балық аулау тағы басқа да құқықтарға рұқсат етуді талап етеді», «Соңғы 20 жылда қазақтардан тартып алынып, жер аударылғандарға берілген жерлер қазақтардың басшыларына қайтарылсын», «Жаңа ереженің жобасын жасап жатқан жиынға қазақтардың өкілетті депутаты қатынасуы керек» деген заңды құқықтық талаптар ұлттық санадағы пісіп жетілген елшілдік бұлқыныстарды айғақтайды.

Қарқаралы құзырхаты қазақ халқының саяси ұстанымдарының азаттық идеяларына құрылғанын, өзінің елдік қасиеті мен азаттығын сақтап қалу үшін жанкештілік күрестерге бара алатынын танытты. Патша билігі тарапынан аяусыз жаншылып отырған ұлттық сезімдегі өршіл рух бұлқыныстарының өшпегенін әрі өміршеңдігін дәлелдеп берді. Осынау батыл талаптар мазмұнында жазылған құзырхаттар кең байтақ қазақ жерінің әр түкпірінде заңды жалғасын тапты. Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының тарихи бастауларын айқындап берген Қарқаралы құзырхаты Отан тарихындағы құнды құжат тұрғысынан ерекше мәнге ие болып қалады.

Тұтас ұлтты азаттық идеясына топтастырып, тәуелсіздік пен теңдік жолындағы жеңісіне сенім ұялатқан қазақ топырағындағы іргелі саяси партиялардың бірі де бірегейі – Алаш партиясы болды. Ұлттық жаңару мен жаңғыруға қажетті реформаторлық қадамдарды айқындап берген партия бағдарламасы зайырлы демократиялық мемлекет құруды ұстанды.

«Алаш» партиясы бағдарламасы алғаш рет 1917 жылы «Қазақ» газетінде жарияланды. Оны жасаушылар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмарұлы, Е.Тұрмұхамедұлы, Ғ.Жүндібайұлы, Ғ.Бірімжанұлы болды [Хрестоматия, 160-163-бб.].

Бағдарлама «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық», «Негізгі хұқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот», «Ел қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым-білім үйрету», «Жер мәселесі» аталатын басты-басты он тараудан тұрады. «Алаш» партиясының маңызды әрі басты саяси және рухани тұжырымдамасынан оның заманауи демократиялық, жаһандық гуманистік кемел ойлы қағидаттарға негізделгенін көреміз.

«Алаш» партиясының бағдарламасының басты мақсаты – отаршылдық жүйе тарапынан күштеп таратылған қазақ мемлекетін қайта қалпына келтіру талабынан туындап жатты. Бағдарламаның «Мемлекет қалпы» тарауында ұлт зиялыларының ең бірінші кезекте зайырлы құқықтық мемлекет құрып, өркениет жолымен өркендеу бағытын ұстанғанын аңғарамыз. Ал «Жергілікті бостандық» тарауында демократиялық қоғам құрудың қағидаттары басшылыққа алынып, мемлекеттік басқару жүйесінің озық үлгісі ұсынылды. «Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады» деп әлеуметтік теңдік ұранын басшылыққа алатынын, жемқорлыққа жол берілмейтінін атап көрсетті.

Алаш қайраткерлері әлемнің озық білімін, ғылымын терең игерген өзгеше бітімдегі асыл жандар болатын. Сондықтан олар барша саналы ғұмырларын туған халқының азаттыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет болуы үшін арнады. Алаш Орда үкіметінің саяси және рухан бағыт-бағдарын айқындаған партия бағдарламасының әр тарауында қамтылған мәселелер бүгіндері өміршең. «Негізгі хұқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот» тарауларындағы жеке тұлғаның құқықтық және дін бостандығы, ұлт теңдігі және демократиялы ашық қоғам құруға қажетті ұстанымдар ұлт зиялыларының дүниетаным тереңдігін, ой-сана кемелділігін жаңа бір қырынан айқындайды. Ел мен жер қорғаудағы әрбір азаматтың парызы ой талқысына салынған «Ел қорғау» тарауындағы «Әскерлік міндетін қазақ атты милисиа түрінде атқаруы» деген ұстанымның ұлттық ерекшеліктен туындап жатқанын айрықша атап көрсетуіміз керек.

Қоғам дамуының қайшылықты жәйттерін жетік білген әрі оны шешудің нақты жолдарын қарастырған Алаш қайраткерлері түйінді әлеуметтік мәселелерді ақыл-парасат таразысына салып, кемелділікпен байыптап отырды. Бағдарламаның «Салық» тарауындағы «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге – кедейше ғаділ жолмен таратылу» деген ұстанымның гуманистік идеяларға құрылуы заңдылық болатын.

Ұлттың ұлт болып өсіп-өркендеуі мен дамуында жер мәселесі қашанда өзекті болған. Міне, XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері отаршылдар иелігінде кеткен қазақ жерін білекпен емес, білікпен қайтару үшін барша білімін сарқа жұмсады. «Алаш» партиясы бағдарламасындағы «Жер мәселесі», «Ғылым-білім үйрету» тарауларын ұлт зиялыларының қанымен жазылған өміршең құжат деп бағалау ләзім. Ондағы «Жер законінде жер сату деген болмау, һәр кім өзі пайдалану... Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу», «Оқу ордасының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы...» сипатындағы байыптаулар қазіргі таңда да көкейкестілігін жойғаны жоқ. «Алаш» партиясы бағдарламасында қамтылған мәселелер ұлт қайраткерлерінің

елдік ұстаным, мемлекетшілдік сана биігіндегі өршіл тұлғаларын тереңірек тануымызға мүмкіндік береді.

§2 Қазақ сиездері және «Алаш» партиясының бағдарламасы

Отаршыл Ресей империясындағы патшалық билікті құлатқан 1917 жылғы «Ақпан төңкерісі» мен билік басына Уақытша үкіметтің келуі Қазақ еліндегі саяси жағдайды түбегейлі өзгертті. Ол сәтте Ұлы дала елі екі өлкеге (Дала және Түркістан), бірнеше дербес облысқа (Орал, Орынбор, Торғай, Каспий жағалауы), бір гүберне (Астархан гүбернесінің Бөкей ордасы) және Алтай өңірінің қазақтар шоғырлана мекендеген Земиногорск, Барнауыл және Бийск болыстарына бөлінген-ді. Міне 9 облыс пен 1 гүбернеге, дербес бірнеше ояз бен болысқа бөлінген қазақ халқының өзі мен жерін біріктіру үшін бұқара халықтың құрылтай-жиындарын – сиездерін өткізудің тарихи маңызы зор болды. Оязды-облыстық-жалпыұлттық сиез-жиындарда талқыланған Ресейді «федеративтік парламенттік республика» деп жариялау, «қазақ жері», «қазақ автономиясы», «сот билігі» («Әділ бисіз жұрт жұрт болмайды» деп сенген «Алаш» қайраткерлері сот билігін зайырлы мемлекеттің үш тұғырының бірі деп қарастырды), «дін бостандығы», «жергілікті өзін өзі басқару» (земство), «салық», «оқу-ағарту» және т.б. сынды мәселелердің қай-қайсысын алсаң да, астарында қазақтың мемлекеттік мақсат-мүддесі жатқанын байқау қиын емес. Осы мақсатты жалпы қазақ съезін құру туралы шешім қабылданды [Хрестоматия, 163-б.].

Алаш ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі Ә.Бөкейхан 1917 жылдың 20 наурызында «Қазақ» газеті редакциясына Петроградтан жолдаған жеделхатында Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалғанын хабарлаумен қатар 2 сәуірге жалпы қазақ сиезін шақыруды тапсырады [Хрестоматия, 164-б.].

2-8 сәуір аралығында Орынбордағы Торғай облысы комиссары резиденциясында жиналған тұңғыш құрылтай ресми түрде «Торғай облысы қазақтарының сиезі» деген үндеумен өтіп, оның жұмысына 6 облыстан 300-ден астам өкіл қатысты [Хрестоматия, 164-б.].

Торғай сиезінің үлгі-өнегесімен және соның ізінше Қазақ елінің түкпір-түкпірінде алдымен ояздық (уездік) жиындар және облыстық сиездер жаппай өткізіле бастады. Жер-жердегі бас қосуларда, түрлі деңгейдегі жиын-сиездерде Ресей федеративтік демократиялық республика болып жарияланысын, ал өзіміз қандай тірлік жасаймыз, кімнің жолын ұстаймыз, өзіміз дербес аутономия жариялаймыз бадеген аса өзекті мәселелер қойылды. Ақмола, Торғай, Семей, Орал, Сырдария, Жетісу облыстарында облыстық қазақ сиездері ұйымдастырылды.

Ақмола облыстық Бірінші қазақ сиезі 1917 жылдың 25 сәуірінде Омбы қаласында өтті. Оған Ақмола облысының барлық оязынан, яғни Омбы, Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Ақмоладан өкілдер жиналды. Ерейментаудан белгілі болыс, ақын О.Нұралыұлы, Торғай облысынан М.Дулатұлы келді. Сиездің төрағалығына А.Тұрлыбайұлын, хатшылыққа А.Сейітұлы, М.Саматұлы, Е.Тоқпайұлдарын сайлады. Сиезде кім сөз алғаны, оның қалай өткені туралы хабар Б.Айбасұлының «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында айтылды.

Семей облыстық Бірінші қазақ сиезі 1917 жылдың 27 сәуірі – 7 мамыры аралығында өтті. Жиынға Семей, Өскемен, Тұзқала (Павлодар), Қарқаралы, Зайсан, Бийск ояздарынан 200 жуық делегат қатысты. Құрамында Ж.Ақбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Ғаббасұлы, Р.Мәрсекұлы, А.Қозыбағарұлы, Ә.Ермекұлы, С.Сабатайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Құлжанқызы, Б.Сәрсенұлы, М.Тұрғанбайұлы сынды есімі қазаққа белгілі адамдар болды. Сиездің қауылысы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы №3 санында жарияланды. Мемлекеттің саяси құрылымы, Алты Алаштың бостандығы мен тәуелсіздігі, жергілікті өзін-өзін басқару (земство), Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау, Уақытша комитеттер ашу сынды мәселелер қарастырған сиездің қауылысы «Алаш» партиясының бағдарламасына негіз болды. Семей облыстық Екінші қазақ сиезі 1918 жылдың 10-13 мамыр аралығында ұйымдастырылды. 300-ден астам делегат қатысқан жиында аутономия, жергілікті мекемелер, облыстық сот, жер, оқу-ағарту ісі, азық-түлік жайы, Түркістан өлкесінде 1916 жылы қырғынға ұшыраған қазақ-қырғыз жағдайы секілді мәселелер қаралды.

Орал облыстық қазақ сиездері 1917 жылдың сәуірі мен 1919 жылдың шілдесі аралығында өткізілді. Тарихи деректерге сәйкес, бұл кезде Орал облыстық 6 сиез ұйымдастырылған. Өткізілген санымен, оған қатысқан өкілдердің санымен Орал облыстық сиездері өзге аймақтардағы жиындардан ерекшеленеді. Мысалы 1917 жылдың 19-22 сәуір аралығындағы сиезге 800-ден астам адам жиналады. Сиездің қаулысымен облыстық қазақ комитеті құрылды. 1918 жылдың 18-21 мамырында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық қазақ сиезіне 500-ден астам өкіл қатысты. Онда Орал облысында және жалпы Қазақ елінде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдай, Ресейде болып жатқан өзгерістер, соған байланысты болашақ саяси бағытты анықтау, кіммен одақтасу сынды мәселелер қаралды.

Жетісу облыстық қазақ сиездері 1917 жылдың сәуірі мен 1918 жылдың тамызы аралығында ұйымдастырылды. Верный, Лепсі, Қапал, Пішпек, Прежевальскі ояздарынан 81 делегат қатысқан Бірінші сиез Верный қаласында 12-14 сәуірде өткізілді. Сиезге Ы. Жайнақұлы төрағалық етті. Өзге облыс сиездеріндегі мәселелер Жетісу сиезінде де қаралды. Айырмашылығы ретінде 1916 жылғы нәубеттен кейін Қытайға көшкен босқын

қазақ-қырғызды елге қайтару, қазақ жерінің біртұтастығын сақтап, оны Қазақстан деп атау сынды мәселелер ұсынылды. 1918 жылдың 10-31 тамызда Лепсіде өткен келесі сиезде «Алаш» партиясының облыстық комитеті құрылды.

Сырдария облыстық I қазақ сиезі 1917 жылдың 2-5 тамызында өтті. Түркістан, Ақмешіт, Қазалы, Шымкент, Әулиеата, Ташкент ояздарынан делегаттар қатысқан жиынға көрнекті «Алаш» қайраткері Мұхаметжан Тынышбайұлы төрағалық етті. Сиезде Ресейдің қазіргі қалпы, ондағы мемлекеттік билеу түрі, Қазақ елінің өзге облыстарында өтіп жатқан сиездерге көзқарас, Түркістан жағдайы, азық-түлік, оқу, сот, баспасөз, дін және т.б. осы сынды өзекті мәселелер қарастырылды. Сырдария облыстық II сиездің қаулысы Бүкілресейлік құрылтай сайлауына депутаттар белгіленді [Хрестоматия, 165-б.].

Торғай облыстық II сиезі 20-25 тамыз күндері Ақтөбе қаласында шақырылды. Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай ояздарынан 150 өкіл қатысты. Жиында облыс сиездерінде айтылған маңызды мәселелер көтерілді.

Жалпы қазақ-қырғыз жиынын ұйымдастыру мәселесі XX ғасыр басынан зиялыларды толғандырып келді. Оны алғаш «Айқап», «Қазақ» басылымдарында Ж.Сейдалин көтерді. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Б.Сырттанұлы, Р.Мәрсекұлы, Ж.Тілеубергенұлы, Е.Қасаболатұлының 1913 жылы сиез жайында жазған хаттары, мақалалары жарық көрді.

Жалпыұлттық құрылтай (сиез) өткізу мүмкіндігі 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін туды. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбордағы кезекті Жалпы қазақ-қырғыз сиезі ресми түрде «Бірінші» деген атаумен ұйымдастырылды. Оны шартты түрде «Шілде сиезі» деп атаған дұрыс. Іс жүзінде «Шілде сиезі» алты қазақ облысынан 300-ден астам өкіл қатысқан «Торғай сиезінен» кейінгі Екінші жалпыұлттық жиын болатын. Әрине, мәселе Торғай мен Шілде жиындарының қайсысы бірінші не екінші өтуінде емес, ұлт тарихындағы маңызында жатыр.

Бүкілресейлік уақытша үкіметтің Түркістан комитетін құрған осы қаулысының ықпалымен шақырылған «Шілде сиезінің» күн тәртібіне ұлттық мемлекеттің негізін қалайтын маңызды 14 мәселе қойылды: 1) Мемлекет түрі қандай болу керек; 2) Қазақ өз тізгінін өзі алу (автономия), 3) Жер мәселесі, 4) Әскерлік (халық милициясы), 5) Земство, 6) Оқу-ағарту, 7) Сот, 8) Дін, 9) Әйел теңдігі мәселелері, 10) Учредительное собрание сайлануына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар, 11) Бүкіл Россия мұсылмандарының кеңесіне қазақтан баратын өкілдер, 12) Қазақ саяси партиясы, 13) Жетісу облысындағы оқиға, 14) Киев шаһарында болатын бүкіл Ресей федералистерінің сиезіне һәм Петроградта өтетін оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу.

«Шілде сиезінде» Бүкілресейлік құрылтай жиналысы сайлауының тақап қалуына байланысты сайлауға әзірлік, құрылтайға барлық қазақ облысынан сайланатын үміт-

керлерді (кандидаттарды) іріктеп, олардың бастапқы тізімі мақұлданды. Сайлауда қазақтың жалпы санына сәйкес депутат өткізу үшін (қазақтан сайланған депутаттар мен оларға кандидаттардың жалпы саны 50-52 болуы керек еді, 43 сайланды), оған қазақтың дербес ұлттық партиясы атынан түсу керектігі, кейінірек «Алаш» атанған партияны құру туралы, жалпыұлттық сиездің қаулысы партия бағдарламасының негізі болсын деген шешім шығарылды.

«Қазақ» газетінде Жалпы қазақ сиезін өткізу жайында М.Дулатұлы «Қазақ сиезі» мақаласында былай деп жазды: «Өзгеріс болғаннан бері әр облыс жиналысып, сиез құрып, мұң-мұқтажын кеңесті. Әр облыс өзара кеңесіп, бір қаулыға келгеннен кейін, бүкіл қазақтың тілегін қорытып, «алаштап» атқа мініп, ертең ашылғалы тұрған Учредительное собраниеге тобымызды жазбай бару үшін Жалпықазақ сиезі қажет болды. Сол тілеген Жалпықазақ сиезі 21-26 июльде болып өтті» [Хрестоматия, 165-б.].

Алаш қайраткерлері 1917 жылғы Ақпан төңкерісін, әсіресе таяу арада сайланып шақырылуға тиісті Бүкілресейлік құрылтай жиналысын ұлттық мемлекеттікті қайта жаңғырту мен тәуелсіздік алудың теңдессіз тарихи мүмкіндігі ретінде қабылдап, сол мүмкіндікті қолдан шығарып алмауға бар күші-жігерін салды. Қалың қазақ халқын автономия алуға бір кісідеу жұмылдыру мақсатында «Қазақ» газеті арқылы елдікке, мемлекетшілдікке үгіттеумен болды [Хрестоматия, 166-197-бб.].

Өз кезегінде ресми түрде «II Жалпы қазақ-қырғыз сиезі» деген айдармен 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында (қазіргі күнтізбе бойынша 18-26 желтоқсан) өткен жиынды Жалпыұлттық қазақ-қырғыз құрылтайы деп санаған дұрыс. Себебі, біріншіден, алты миллион Алаш атынан келген 81 өкілдің басын біріктірген бұл жиын – кезекті II жалпы қазақ-қырғыз сиезі емес, қазақ, қырғыз, қарақалпақтың басын қосқан ұлттық мемлекетінің іргетасын қайта көтерген құрылтай жиналысы болатын. Екіншіден, оған арнайы шақырумен жиналған 9 облыс, бір гүберне және Алтай өңірінің 2 болысынан келген 81 өкілдің (82-нші өкіл болған Ораз ақсақал Тәтиұлы құрылтайға келе жатқан жолда дүние салды) 43-і – қазақ-қырғыз ұлттарынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайланған өкілетті өкіл, депутаты болатын.

Ұлттық құрылтайдың тарихи маңызын 1918 жылғы желтоқсанда «Жас азамат» газеті «Екінші Жалпықазақ сиезінде алты алаштың баласы түгел бас қосты. Қазақ ұлтының келешектегі елдігіне негіз құрған тарихи 13-ші декәбір күні бүтін алаш ұранды қазақ өлкесіне құтты болсын! 13-ші декәбір – Екінші жалпықазақ сиезінің Ақ Орда тігіп, алтын ту көтеріп, автономиялы жұрт боламыз деген күні» [Хрестоматия, 167-б.] деп жазды.

Жалпы қазақ-қырғыз құрылтайына Ақмола, Торғай, Семей, Орал, Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстары мен Бөкей ордасының өкілетті өкілдері қатысып, сөз сөйледі.

Құрылтайды ұйымдастырушы Ә. Бөкейхан бастаған Алаш арыстарының ат төбеліндей тобы болды. Құрылтай төрағалығына II Мемлекеттік Думаның депутаты, шығыстанушы ғалым Б. Құлманұлы, төралқасына Ә. Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, Ә. Кенесарыұлы (Кенесарин), Ғ. Қараш сайланды; хатшылыққа Д. Қосағалиұлы, М. Дулатұлы, С. Қадырбайұлы бекітілді.

Құрылтай алдымен Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиялық Республикасын құрып, оның жоғарғы мемлекеттік атқарушы билігі – Алаш Орда Уақытша Жалпы Қазақ-Қырғыз Ұлттық Кеңесін сайлап (әрі қарай Алаш Орда үкіметі), оның құрамын 25 үкімет мүшесінен (комиссары) жасақтады, 10 орын – қазақ-қырғыз арасында тұратын өзге халық өкілдеріне қалдырылды. Қазақтан 15 азамат енді: У. Танашұлы, Х. Досмұхамедұлы, А. Тұрлыбайұлы, А. Бірімжанұлы, Х. Ғаббасұлы, С. Аманжолұлы, М. Шоқайұлы, Ә. Бөкейхан, Ж. Досмұхамедұлы, Ә. Ермекұлы, М. Тынышпайұлы, Б. Құлманұлы, Ж. Ақбайұлы, Б. Мамытұлы, О. Әлжанұлы. Осылайша шынайы демократиялық жолмен Алаш Орда үкіметі жасақталып, Алаш Автономиялық Республикасының жоғарғы мемлекеттік атқарушы билігі (үкіметі) ретінде тарихқа жазылып қалды [Хрестоматия, 168-б. *№2 фото*].

Исі Алаш баласын азаттық идеясы мен туының маңына топтастырып, теңдік пен ұлттық тәуелсіздік жолындағы жеңісіне сенім ұялатқан қазақ топырағындағы іргелі саяси партиялардың бірі де бірегейі – «Алаш» партиясы болды. Ұлттық жаңару мен жаңғыруға қажетті реформаторлық қадамдарды айқындап берген тұңғыш ұлттық партияның бағдарламасы зайырлы демократиялық мемлекет құруды ұсынды.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы 1917 жылдың қарашасында «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде жарияланды деп көрсетілді. Оны жасаушылар Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Е. Ғұмарұлы, Е. Тұрмұхамедұлы, Ғ. Жүндібайұлы, Ғ. Бірімжанұлы болды. Бағдарлама «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық», «Негізгі хұқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот», «Ел қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым-білім үйрету», «Жер мәселесі» аталатын басты-басты он тараудан тұрады.

«Алаш» партиясының маңызды әрі басты саяси және рухани тұжырымдамасынан оның заманауи демократиялық, жаһандық гуманистік кемел ойлы қағидаттарға негізделгенін көреміз.

«Алаш» бағдарламасының басты мақсаты – отаршылдық жүйе тарапынан күштеп жойылған қазақ мемлекетін қайта қалпына келтіру талабынан туындады. Бағдарламаның «Мемлекет қалпы» тарауында ұлт зиялыларының ең бірінші кезекте зайырлы, құқықтық мемлекет құрып, өркениет жолымен өркендеу бағытын ұстанғанын аңғарамыз. Ал «Жергілікті бостандық» тарауында демократиялық қоғам құрудың негізгі әрі әмбебап қағидаттары басшылыққа алынып, мемлекеттік басқару жүйесінің озық үлгісі ұсынылды. «Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау бо-

лады» деп әлеуметтік теңдік ұранын басшылыққа алатынын, жемқорлыққа жол берілмейтінін атап көрсетті.

Алаш қайраткерлері әлемнің озық білімін, ғылымын терең игерген өзгеше бітімдегі асыл жандар болатын. Сондықтан олар барша саналы ғұмырларын туған халқының азаттыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет болуы жолына паш етті. Алаш Орда үкіметінің саяси және рухан бағыт-бағдарын айқындаған партия бағдарламасының әр тарауында қамтылған мәселелер бүгінгі күні де өміршең. «Негізгі хұқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот» тарауларындағы жеке тұлғаның құқықтық және діни сенім-наным бостандығы, ұлт теңдігі және демократиялы ашық қоғам құруға қажетті ұстанымдар ұлт зиялыларының терең дүниетанымын, ой-сана кемелділігін жаңа бір қырынан айқындайды. Ел мен жер қорғаудағы әрбір азаматтың парызы ой талқысына салынған «Ел қорғау» тарауындағы «Әскерлік міндетін қазақ атты милисиа түрінде атқаруы» деген ұстанымның ұлттық ерекшеліктен туындап жатқанын айрықша атап көрсету керек.

Қоғам дамуының қайшылықты жәйттерін жетік білген әрі оны шешудің нақты жолдарын қарастырған Алаш қайраткерлері түйінді әлеуметтік мәселелерді ақыл-парасат таразысына салып, кемелділікпен байыптап отырды. Бағдарламаның «Салық» тарауындағы «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге – кедейше ғаділ жолмен таратылу» деген ұстанымның гуманистік идеяларға құрылуы заңдылық болатын.

Ұлттың ұлт болып өсіп-өркендеуі мен дамуында жер мәселесі қашанда өзекті болған. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері отаршылдар иелігінде кеткен қазақ жерін білекпен емес, білікпен қайтару үшін барша білімін сарқа жұмсады. «Алаш» партиясының бағдарламасындағы «Жер мәселесі», «Ғылым-білім үйрету» тараулары ұлт зиялыларының қанымен жазылған өміршең құжат деп бағауымызға болады. Ондағы «Жер законінде жер сату деген болмау, һәркім өзі пайдалану... Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу», «Оқу ордасының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды аутономия түрінде болуы...» сипатындағы байыптаулар қазіргі таңда да көкейкестілігін жойғаны жоқ. «Алаш» партиясы бағдарламасында қамтылған мәселелер ұлт қайраткерлерінің елдік ұстаным, мемлекетшілдік сана биігіндегі өршіл тұлғаларын тереңірек тануымызға мүмкіндік береді.

§3 Мемлекеттік Думада елдік мүддені қорғау

Ресеймен қатар бүгінгі Қазақ елінің парламентаризм тарихы С.-Петербордағы Таврия сарайында Мемлекеттік Думаның бірінші шақырылымы жиналған 1906 жылдан бастау алады. Алаш қайраткерлері Думаның шақырылуы отаршыл патшалықтан кон-

ституциялық монархия жолына түсуге түпкілікті жол ашады деп үміттеніп, ұлт мүддесі мақсатындағы саяси-құқықтық күресін 1906 жылдан 1917 жылдың Ақпан төңкерісіне дейін тұңғыш Ресей парламенті аясында жүргізді. Қазақ зиялылары туған халқының ұлттық тағдырына бей-жай қарамай, саяси теңдік ұранын батыл түрде көтере бастады. Қайраткер М. Тынышбайұлы 1905 жылы қараша айында автономшылардың I сиезінде жасаған баяндамысында елдік мәселелерге екпін жасады [Хрестоматия, 169-б.].

1905 жылдың 6 тамызында II Николай қол қойған «Мемлекеттік Думаны құру туралы» жарлығы бойынша отаршыл империяның тұңғыш парламенті құрылды [Хрестоматия, 170-б.]. Оның ізін ала жарыққа шыққан «17 қазан Манифесі» адамның бас бостандығы, ар-ождан (діни), сөз, жиын және одақ құру еркіндігіне кепілдік беретін азаматтық құқық негіздерін жария етті. Ал 1906 жылдың 23 сәуірінде қабылданған негізгі заңдар, одан кейін дүниеге келген бірқатар өзге заңдық актылармен бірге Манифест Ресейдің конституциялық дамуына сүрлеу салып берді.

Мемлекеттік Дума құрылған 1905 жылғы 6 тамыз Манифесі жарық көрген сәтте Алаш қайраткерлері отарлық езгідегі халқының мұң-мұқтажын қорғау жолында жаңа туған парламент маңызын терең түсініп, оған зор үміт артты. Отаршылдыққа қарсы қарусыз азаттық, саяси құқықтық күресін Дума мінберлерінен жүргізуге бел буды. Осы мақсатпен Алаш зиялылары «6 тамыз Манифесі» жарық көрмей тұрып-ақ 5 млн халқына отаршыл империяның славян халқымен терезесі тең сайлау құқын алып беру үшін күресті. Өйткені Мемлекеттік Думаға сайлау туралы ереже әзірленген 1905-1906 жылдарда қазақ халқының парламентке өкіл сайлау құқы қыл үстінде тұрды. Сол себепті Алаш зиялылары 1905 жылы Дала және Түркістан өлкелеріне, Орынбор, Орал, Торғай, Каспий жағалауы (Прикаспийская) сынды дербес облыстар мен Астрахан гүбернесінің Бөкей ордасына қасақана бөлшектенген Қазақ елінің түкпір-түкпірінен Ресей үкіметі мен сайлау ережесін жасау жүктелген жеке-жеке министрліктерге қазаққа Думаға өкіл сайлау құқын беруді талап еткен ондаған құзырхат жолдады. С.-Петерборға поштамен жіберіп, тәуелсіз мерзімді баспасөз арқылы жариялады [Хрестоматия, 170-173-бб.], Үкіметке оның ішінде Думаға депутат сайлау ережесін әзірлеу міндеті жүктелген Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы граф С.Ю. Виттеге, Ішкі істер министрі А.Г. Булыгинге, тіпті дін жөніндегі комиссия төрағасы граф Игнатьевке арнайы делегация жөнелтілді.

Думаға депутат сайлау ережесі 1906 жылғы 6 тамыз нұсқасының «Ескертпесінде» былай деп жазылды: «Поляк патшалығы гүбернелерінен, Орал және Торғай облыстарынан, Сібір гүбернелері мен облыстарынан, Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтарынан... сондай-ақ көшпелі бұратаналардан Мемлекеттік Думаға сайлау айрықша ережелер негізінде жүргізіледі» [Хрестоматия, 173-174-бб.]. Міне, Алаш қайраткер-

лерінің дер кезінде жүргізген сауатты күрес тартысымен 5 млн асып жығылатын қазақ халқы ұлттық мүддесін Дума мінберінен қорғайтын мүмкіндік алды.

Сайлау ережесінің «6 тамыз» нұсқасында қазақ халқының Думадағы тепе-тең өкілеттігі қысқартылды. Егер 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен қабылданған жаңа шынайы демократиялық сайлау заңы негізінде сол жылдың 12-18 қарашасында Бүкілресейлік құрылтай жиналысына 6,5 миллионға жуық қазағы бар 9 облыс, 1 гүберниядан (Астрахан гүберниясының Бөкей немесе Ішкі ордасы) 27 депутат сайланған болса [Хрестоматия, 174-б.], 1906 жылғы «6 тамыз» сайлау ережесі негізінде бүкіл қазақтан Думаның 1906-1907 жылдарғы екі шақырылымына кем дегенде 20-22 депутаттан сайлауы керек еді. Алайда I Думаға бар-жоғы 6 депутат – Торғай облысынан Ахмет Бірімжан, Семейден Әлихан Бөкейхан, Оралдан Алпысбай Қалменұлы, Уфа гүбернесінен Сәлімгерей Жантөре, Ақмоладан Шаймерден Қосшығұлұлы, Сырдариядан Молла Тайынұлы сайланды. II Думаға 7 депутат – Торғай облысынан екінші рет А. Бірімжан, Оралдан Бақытжан Қаратайұлы, Астрахан гүбернесінің Бөкей ордасынан Бақыткерей Құлманұлы, Жетісудан Мұхаметжан Тынышбайұлы, Семейден Темірғали Нұрекенұлы, Ақмоладан екінші рет Ш. Қосшығұлұлы, Сырдария облысынан Тлеулі Аллабергенұлы сайланды [Хрестоматия, 178-182-бб. Фотолар]. I Думада бір қазақ депутатының кем болуы – I Мемлекеттік Дума күштеп таратылған 1906 жылдың 8 шілдесінде Жетісу облысында сайлау өтіп үлгермеген-ді [Хрестоматия, 176-177-бб.].

Мемлекеттік Думаның 1906, 1907 жылдарғы I, II шақырылымдарына сайланған қазақ депутаттарының алдында тұрған ең маңызды тақырып – жер-аграрлық мәселелер болды. Біріншіден, Ресейдің ішкі еуропалық гүбернелерінен миллиондаған жерсіз орыс, украин шаруасын (мұжығын) қазақ даласына жаппай көшіріп әкеп, жер үлесін беріп қоныстандыру саясатын Думаның қадағалауына алдырып, заң жүзінде тоқтату, екіншіден, «Қарқаралы құзырхатының» 4-тармағында жазылғандай, қазақ халқы иеленіп отырған өз жерін Дума қабылдаған заң жүзінде меншігіне рәсімдеп беру сынды өзекті мәселелер басты орынға қойылды. Алаш өкілдері Ресей үкіметінің көші-қон ісін «переселенческая колонизация» яғни империяның отарлау саясаты деп қарастырды. Ұлт қайраткерлері аграрлық жер мәселесінің заң жүзінде оңтайлы шешілуі Ресейдің өзіне де ауадай қажет екенін жақсы білді. Сол себепті Ә.Бөкейханның «Иртыш» газеті аграрлық мәселелердің байыппен шешілу қажеттігін атап көрсетті [Хрестоматия, 183-191-бб.].

Ресейдің либерал қоғамы сияқты Алаш қайраткерлері өркениетті Батыстың өнегесімен үкіметті патшаның құзырынан Дума сайлауында басым дауыс алған партия не партиялар коалициясы жасақтауға тиіс әрі ол үкімет императорға емес, өзін жасақтаған Мемлекеттің алдында есеп беруі керек деп есептеді. Конституциялық-демократиялық

халық бостандығы партиясының (әрі қарай қысқаша кадет партиясы) көсемі П.Милюков парламенттік көпшіліктің үкіметін құру жөнінде премьер-министр П.Столыпинмен келіссөз жүргізді. Алаш серкелері Мемлекеттік Дума Батыс үлгісімен Ресейдің жоғарғы заң шығарушы мемлекеттік билік тетігіне айналуы керек деп санады.

Қазақ депутаттары I, II Думада алдарына екі міндет қойды. Біріншісі, Ресейді түбегейлі реформалап, шынайы демократиялық мемлекет құру болса, екіншісі, жеке меншіктегі жердің бәрін мемлекет меншігінен (соның ішінде патша әулетінің қолындағы жермен бірге) жалпыұлттық мемлекеттік қорға алу болды. Мұндай жер реформасы Алаш жетекшілерінің пайымынша империя халқының экономикалық өмірін, отаршыл патшалық мемлекет құрылымын толығымен өзгертеді. Ондай өзгерістер барысында жекеменшікті жер институты тамырымен жойылып, ұсақ жер иелерімен бірге патшалық абсолютизм тірегі болып келген ірі дворян-помещиктер тап ретінде тарих сахнасынан біржола кетеді; саяси билік өздігінен халық қолына өтеді.

Қазақ өкілдерінің жер мәселесінен кейінгі көздеген мақсаттары да елдік мүддеден туындап жатты. Қазақтың барлық 9 облысы мен Астрахан гүбернесіне қарайтын Бөкей ордасына сондай-ақ Алтай өңірінің Бийскі және Змеиногорск болыстарында Дума мақұлдаған заң жүзіндегі генерал-губернаторлық, ояз және крестьян бастықтары институттарын жауып, оның орнына жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі земство енгізу болды. Ресейдің ішкі еуропалық бөлігінде земствоға ұқсаған мекемелер болса, Сібір мен Дала облыстарында әлі күнге дейін қоғамдық өзін өзі басқарудың сағымы да жоқ еді. Бұған қатысты Ә.Бөкейхан «Қазақтар өзінің жер мүддесін қорғауды талап етеді. Ол мүдде «Ақмола мен Семей облыстарына көшіріп қоныстандыруды уақытша тоқтат» деген қағази нұсқаумен қорғалмайды... Ол тек қана... конституция мен халық билігі болған да ғана мүмкін» деп мәлімдеді.

Қазақтың 9 облыс, 1 гүбернесін билеп төстеп келген генерал-губернатор, ояз және крестьян бастықтары отарлық биліктің халыққа еш пайдасы жоқ институттары болатын [Хрестоматия]. Империя астанасы С.-Петерборда шығатын «Сын отечества» газетінің 1905 жылғы, «Сибирские вопросы» журналының 1908 жылғы сандарында шыққан «Ненужное генерал-губернаторство» мақаласында «V» деп қол қойған автор (Ә.Бөкейхан) бір ғана Дала өлкесіндегі ген.-губернаторлықты жабудан 62 218 рубль, Ақмола мен Семей облыстарындағы крестьян бастығы институтын қысқартудан 51 030 рубль, бас-аяғы 139 014 рубль үнемделетінін, ол қаржыға қазақтың ұл-қыздарын оқытатын мектеп-медресе, пансион (жатақхана) салып, қанша бала оқытуға болатынын есептеп берді.

Алаш серкелерінің земство енгізуге ұмтылуларының маңызды қыры – қазақ жері үкіметтің емес, облыстық, ояздық және болыстық земстволардың билігінде болады деген ұстанымды көздеуі. Ол туралы «Алаш» партиясы бағдарламасында: «Қазақ жер сы-

бағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; ...Жер законында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу» деп жазылды.

Жергілікті халық сайлайтын земство Алаш жетекшілері пікірінше, демократиялық мемлекет тірегі, іргетасы болмақ. Болыстық, ояздық, облыстық деңгейде сайланатын земство жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Земство туралы мақалада айтылғандай, жергілікті қоғамдық билік «қолға алатын істің бір зоры – бала оқыту, мектеп, университет ашу»; «земство дәрігер жалдап, аурухана ашып, ауруды емдетеді». Оның қолында «малды емдету, егін салу ісі болады»; «көп земство қосылып, союз болып фабрик-зауыт, көпір салады, жол тартады». Земство қолында сондай-ақ «сот билігі болады, судьяны өзі сайлап, милицияны өзі жалдап қояды» [Хрестоматия, 191-192-бб.].

I, II Думаға сайланған Алаш депутаттарының стратегиялық мақсаты – 1847 жылы біржола ыдырап, тарих қойнауына кеткен Қазақ хандығының жер аумағында жергілікті инфрақұрылымы дамыған заманауи Қазақ елін құру болды.

Думаның қазақ депутаттары 1906 жылдан бастап Орынбор, Сібір, Орал, Жетісу казак әскерлері үлгісімен дербес әскери қолбасшылығы бар ұлттық атты әскер жасақтау, «Қарқаралы құзырхатында» аталғандай қазақ тілінде цензурасыз мерзімді баспасөз, баспахана ашу, жергілікті әкімшілік (земство жиналысы, басқармасы) пен сот іс қағаздарын, ұлттық мектеп-медреселердегі оқуды жергілікті ұлт тілінде жүргізу, қазақ жастарын кәсіби оқу орындары (гимназия, училище, семинария, т.б.), ЖОО оқыту үшін «қазақ капиталы» есебінен стипендиялар тағайындау, жатақханалар (пансиондар) салу, жер мәселесін көтерді. Оларды заң жүзінде шешуге ұмтылды. Ең маңыздысы: I, II Думада осы ұлттық мәселелердің көпшілігін, әсіресе жер, земствоны шешуге толық мүмкіндік болды. Өйткені I Думада конституциялық-демократиялық халық бостандығы партиясының (қысқаша кадет партиясы) 161 депутаты, еңбекшілер партиясының 107, поляк колосы, украин, эстон, латыш, литва және т.б. ұлт топтарын қамтитын автономистердің 70 депутаты, түркі-мұсылман халықтарының 25 депутаты болды. Ашығын айтқанда I Думадағы 511 дауыстың кемінде 338-і самодержавиеге қарсы партиялар мен ұлттық топтардың үлесінде болды. Алайда жоғарыда аталған мәселелердің бірі де нақты жүзеге аспады. Бес жылға сайланған Мемлекеттік Думаның 1906, 1907 жылдарғы I, II шақырылымдары жетпіс екі және жүз екі күн ғана жұмыс істеп, біріншісі 1906 жылы 8 шілдеде, екіншісі 1907 жылы 3 маусымда күштеп таратылды. II Дума таратылған күні

император II Николай өзі шығарған «Негізгі мемлекеттік заңдардың» 87 бабын өрескел бұзып, сайлау ережесінің жаңа нұсқасын шығарды. Жаңа ережені Ресей қоғамы «3 маусым төңкерісі» деп бағалады. Екі Думаның мезгілсіз таратуының бар сырын Қыр баласы (Ә.Бөкейхан) сайлау құқынан айрылған халқына қарапайым тілмен түсіндірірді: «Себебі бұл екі Дума да мұжыққа орыс дворяны жерінен жер бермек болды. III Дума депутаты сайланатын жол жасағанда мұжық депутатын неше қайтара бұрынғыдан азайтты. Орыс патшалығы панасындағы жұрттың әрбір 100-іне 85 орыс мұжығы болады, қалған 15-тің ішінде поляк, еврей, татар, қазақ һәм уақ жұрттар. Орыстың қаласынан «3-інші июнь» законымен сайланған адамдардың мұжық депутаты 10-нан 1-ақ, Думада мұжық депуттары 40-50 – 442 депутат ішінде. Орыстың патшалығын арқалап асырап отырған мұжыққа мұны қылғанда – аз, бытыраңқы, «надан» қазақты не қылсын?! Думадан шығарды да тастады» [Хрестоматия, 192-194-бб.].

Ресей империясының әкімшілігі 5 миллионан асқан қазақ халқын сайлау құқынан айырумен қатар Алаш ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерін қудалады. Ұлт көшбасшысы Ә.Бөкейхан өзі сайланған I Думаны таратуға наразылық ретінде «Выборг үндеуіне» қол қойғаны үшін 3 ай түрме жазасына кесілді. Абақтыда 3 айдың орнына 8 ай отырып шыққан соң [Хрестоматия, 194-б.], саяси айдауға жіберуін күтпей алдымен С.-Петерборға одан Самарға эмиграцияға кетті. Ж.Ақбайұлы алдымен Саха-Якутияға, одан Түркістанға жер аударылды. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы Семей түрмесіне жабылып, босатылысымен бірі өз таңдауымен Орынборға, екіншісі Түркістанда бас сауғалауға мәжбүр болды.

Алаш жетекшілері халқының сайлау құқын қалпына келтірумен қатар саяси-экономикалық мүддесін 1907-1912, 1912-1917 жылдары жұмыс істеген III, IV Дума құрамындағы кадет, мұсылман және Сібір депутаттары фракциялары арқылы қорғауға мәжбүр болды. Ол туралы «Қазақ» газетінде жарыққа шыққан мақалада жан жақты жазылды [Хрестоматия]. «III Дума һәм қазақ» мақаласында Қыр баласы кадет партиясы мен Сібір депутаттарының реакцияшыл премьер-министр П. Столыпин үкіметінің қазақ жерін мұжыққа заңсыз алған іс-әрекеттерін дәлелмен беттеріне басып, оған үкіметтің: «5-6 қазақты қыстауынан көшіріп, 50-60 мұжыққа жер берсек, «қазақ, қазақ» деп құлақтың мазасын алады, осы Дума қазақ думасы ма, жоқ орыс Думасы ма?» [Хрестоматия, 194-196-бб.] деп жауап бергенін жазды.

1912 жылы Петерборда Ә.Бөкейхан бастаған Алаш өкілдері (заңгер Ж.Ақбайұлы, студенттер М.Шоқай, Х.Ғаббасұлы және т.б.) IV Думаға қазақтан өкіл сайлауға жол ашатын заң жобасын енгізіңдер деп тағы да кадет партиясының фракциясына қолқа салады. Бұл талаптар да ескерусіз қалды.

Алаш қайраткерлері қазақты саяси құқынан айырған «3 маусым» заңын бұздыра алмаса да Дума депутаттары көмегін кеңінен пайдаланып отырды. Ә.Бөкейхан IV Ду-

мадағы мұсылман фракциясы Бюросына қазақтың ресми өкілі болып кіріп, қазан айында қазақтың екінші өкілі етіп М.Шоқайды алдырады [Хрестоматия, 196-б.]. Ондағы мақсат: қазақ жігіттерін Батыс майданға қара жұмысқа алуын 1916 жылдың соңы 1917 жылдың басына қарай созу, майданға алынған жігіттердің жұмысын жеңілдету, екіншіден, «25 маусым» жарлығын өрескел жүзеге асыруға қарсы көтерілген 1916 жылғы халық толқуын аяусыз басып-жаншыған үкімет әрекетін Дума депутаттары А.Керенский, Қ.Тәуекелов (Тевкелев) арқылы парламенттік тергеуге алып, әшкерлеу болды.

Қорыта келгенде, XX ғасыр басындағы қазақтың Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасып, алға қойған маңызды стратегиялық мақсат-міндеттерін жүзеге асыруына Ресей Мемлекеттік Думасының қосқан үлесі зор. Алаш зиялылары қазақ қоғамында «халық билігі» («демократия»), «парламентаризм», «құқықтық мемлекет», «тәуелсіз сот билігі», «жергілікті өзін өзі басқару» (земство) сынды демократиялық құндылықтардың берік қалыптасуына ықпал етті. 1917 жылы саны 6,5 миллионнан асқан қазақ халқының сайлау құқын қайтарып берген Уақытша үкіметті жасақтаған да IV Дума болатын. Мемлекеттік Дума арқылы жүргізілген саяси күрестерде жинақталған тәжірибенің тарихи тағылымы да мол. Ол ұлт зиялылыарының бойындағы саяси күрес жүргізу мәдениетін, саяси ептілік қағидаттарын ұштады. Ұлттық мүдде жолында атқарыла беретін саяси-құқықтық күрестің айқын бағыт-бағдарын пысықтай түсуге мүмкіндік берді.

§4 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тартыстар

Ұлттық ояну дәуіріндегі рухани жаңару үрдістері қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүддесімен сабақтасып жатқан күрделі мәселе. Отаршылдық қысымнан арылып, азаттыққа жетуде патшалық Ресей меншігі деп жарияланған қазақ жерлерін қайтару арқылы дәстүрлі мал шаруашылығын дамыту, заман талабындағы жаңа өндірістік салаларға бейімделу, экономикалық және аграрлық мәселелерді қолға алу қажеттілігі туындады. Ол мерзімді ұлттық басылымдарды өткір көтерілді. «Қазақстан» (1911-1913) газетіндегі «Хал жайымыз» мақаласының тақырып жаңашылдығы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүдде тетігін заман талабына бейімдеуден туындады [Хрестоматия, 196-197-бб.].

Саяси және рухани элита өкілдері де халқының санасына тың идеялар құйды. Ә.Бөкейхан «Мал бақ, егін сал, әдіс қыл, амал қыл, шебер бол, мерген бол, еңбекке, білімге жалын» деп елін кәсіби шеберлікке баулыды. А.Байтұрсынұлы «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек, бай болуға

– кәсіп керек, күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», М.Дулатұлы «Сөз байлауы сол – әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия бола алмаймыз» деп айқындады. «Сарыарқа» басылымындағы «Жас алаш» бүркеншік есіммен берілген автордың «Күш – бірлікте» мақаласындағы «Атономия зор іс: күш керек, пұл керек. Бұл екеуі де көп біріксе табылатын нәрсе. Неғұрлым бірлік көбейсе, солғұрлым аутономия берік, қорғауға жеңіл болмақ» деген толғамы да дәуір талабындағы жаңашыл қадамдара бастайтын қуатты ойларды танытады.

1917 жылы Орынборда 5-13 (18-26) желтоқсанда өткен II Жалпы қазақ құрылтайының қаулысында: «III. Алаш Аутономиясының жері – үстіндегі түгі, суы, астындағы кені алаш мүлкі болсын» деп жазылды. «Ұлт қазынасы» бөлімінде «Түпкілікті ұлт қазынасын түзеу Алаш Орданың міндетінде» екені көрсетілді. «Алаш» партиясы бағдарламасыының жобасында: «VII. Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға – байша, кедейге – кедейше ғаділ жолмен таратылуы» деп екшелді.

Алаш Орда өміршеңдігіндегі ұлт қазынасының маңызын М.Дулатұлы «Ұлт қазынасы» мақаласында «Қазынасыз іс бітпейтіндігі белгілі. Неше айдан бері зор мақсат, ілгері тілеудің үстіндеміз. Бірақ құр тілекпен алысқа кете алмаймыз. Білімді білімін, бай малын, жас қайратын, карт қариялығын ұлт жолына аянбай жұмсап, Алаш көшін жолда қалдырмай, мақсұтты қонысына қондырғанша түнде ұйқы, күндіз күлкіден безбесек, жанды құрбан, малды пида қылмасақ, басың базарға, малың талауға түсіп, қор болған күні өкініштен пайда жоқ. Ондай күнді Құдай бізге көрсетпесін. Садақаңды сауында бер, Алаш!» деп саралады.

Семей сиезі, Сырдария қазақтары сиезінде қабылданған қаулыларда ұлт қазынасын жасақтауға екпін жасалды. Облыстар мен уездерде Алаш Орда Халық Кеңесін ұйымдастыру туралы құжаттарда салық жинау мәселесі атап көрсетілді. Қазақ сиездеріндегі «Жұрт ақшалары» мәселесінде «Азаттық жолында қызмет еткен саяси ерлердің мұқтаждарына «Қазақ» басқармасы арқылы көмек беруге қаулы қылынсын» деп көрсетілді.

Алаш Автономиясын шаруашылық-экономикалық жағынан дамытуды қолға алуда, қазақ мемлекеттігін шаруашылық тұрғыдан қалпына келтірудегі пәрменді іс-әрекеттерді жүзеге асыруда қазақтың дәулетті азаматтарының қаржылай қолдауы маңызды болатын.

Ұлт қайраткерлерінің қазақты елдікке бастаған ерен істерін қолдауда Алаштың дәулетті азаматтары тағылымы мол үлгі-өнеге қалдырды. Дәулетті ақжүрек ерлер ақ адал маңдай терімен тапқан қаржы-қаражатын ұлт игілігіне жаратып, руханиятымыздың кемелденуінде аянып қалғаны жоқ. Олар оқу-ғылымға ұмтылған жас толқынды демеу, алғашқы ұлт газет-журналдарына қаржылай жәрдемдесу, ана тіліміздегі оқулықтар

мен көркем туындыларға бәйге жариялау, кең байтақ даламызға білім мен имандылық нұрын төккен алғашқы мектеп-медресе салудағы сауапты істерге ұйытқы бола білді. Алаш демеушілері қатарында атақты Тұрысбек, Оразай әулеттері, Ақайдың Хасені, Әбдірахман Жүсіпұлы, Әнияр Молдабайұлы, Қаражан Үкібайұлы, Жұмеке Оразалыұлы, Ике Әділұлы, Иса Көпжасарұлы, Мұсатай Молдабайұлы, Нұрлан Қияшұлы, Ораз Тәтіұлы, Оразбай Медеуұлы, Салық Омарұлы, Сәлімгерей Жантөрин, Тобанияз Әлниязұлы, Шаймерден Қосшығұлұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Ыбырай Ақпайұлы сынды атымтай жомарт сахилардың аяулы есімдерін зор құрметпен атаймыз.

Мұстақым Малдыбайұлы, Ахмет Мәметұлы, Ахмет Оразайұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Мәннан Тұрғымбайұлы, Нұғыман Манайұлы, т.б. Алаш ардақтылары білім алған «Ғалия» медресесін Сәлімгерей Жәнтөрин қаржылай демеді.

Ауқатты азаматтар ұлт қайраткерлерінің басына қиын-қыстау күндер туғанда қасынан табылып, метериалдық қолдау көрсетті. Ә.Бөкейхан 1908 жылы сегіз айға Семей түрмесіне қамалғанда Медеу Оразбайұлы «Әлекеңдер қазаққа керек адам» деп абақтыға бір саба қымыз апарып, бір бағлан сойып, мәжіліс құрып отырғаны Смахан төре естелігінде жазылған. Тарихшы Б.Нәсенов 1906 жылы М.Дулатұлы түрмеге қамағанда сол жылдың 17 маусымында Қаражан Үкібайұлы кепілдікке шығаруға 2500 рубль, одан кейін Омбыда Ақайдың Хасені 5 мың рубль төлеп, бостандыққа шығарғанын жазады. А. Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіндегі отаршылдықты айыптаған мақалаларына 1500 сом айыппұл салынып, басылымға жабылу қаупі төнгеде Алаш қауымы тиесілі қаржыны жинап берді. Ол кездері бір жылқының нарықтағы орташа құны 8-10 сом болғанын ескерсек, елшіл азаматтарына қорған болуда исі қазақ баласы жаны мен малын аямағанын көреміз.

Алаш демеушілері алғашқы қазақ басылымдарын жарыққа шығару ісінде жарқырай көрінді. Шаймерден Қосшығұлұлы қаржысына Петерборда «Серке» (1907) газеті тұсауын кесті. «Ала ту Абылайдың ала аттансаң, Аламан артыңдағы біреуі мен» деп білген ақын Шәңгерей Бөкейұлы, әзірбайжан елінің атақты тұлғасы Зейнелғабиден Тағиев, татар халқының аяулы перзенті Моллағали Яушев «Қазақстан» (1911-1913) газетінің шығуына қаржылай көмек берді, демеушілік жасады [Хрестоматия, 197-б.]. Ғ.Қараштың «Баку» очеркінде [Хрестоматия, 197-б.], М.Дулатұлының «Оқушыларға жәрдем» мақаласында Тағиев тағылымы көрініс тапты [Хрестоматия, 197-198-бб.].

Маман әулеті Сейітбаттал қажы Маманұлы, Хұдайберген Тұрысбекұлы, Ишанғали қажы Маманұлы, Ғайдмахмуд Тұрысбекұлдары ұлт руханиятын өркендетуға қаржылай жәрдемдесті.

«Қазақ» газетінің құрылтайшы, демеушісі болған «Азамат» серіктестігіне қазақ баласы қаржылай көмегін аямады. «Қазақ» газетін қаржылай демеуде Ахмет ишан Оразай (1861-1926), Есенқұл қажы Маманұлының (1888-1932) алар орны ерекше.

«Қазақ» басылымының елшіл мұрат-мақсатын жалғастырған «Жас азамат» газетін шығаруға «Алаш» серіктігі, «Бірлік туы» басылымын жариялауға «Бірлік туы» серіктігі, «Сарыарқа» газетінің таралауын «Теңдік» серіктестігі қаржылай демеді.

Ұлтымыздың ар-ұжданы болған басылымды қаржылай демеген әрі ана тілімізде балалар оқулығына бәйге тіккен Ахмет ишанның елдік істерін ұлы Мұстафа жалғастырды. Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған Мұстафа Оразайұлы (1891-1970) Алаш қайраткері Ә. Бөкейханның Думада қазақ өкілі болуын қаржылай қолдауда саяси тереңдік, азаматтық ірілік танытты.

Тұрысбек, Сейітбаттал бастаған Маман әулетіндегі ағартушылық-кәсіпкерлік игі істі жалғастырған Есенқұл қажы Алаш жұртына оқу-білімнің нұрлы шапағатын төккен «Мамания» мектебінің өркен жаюына еңбек етті. Түркия, Польша, Ресейде білім алып жүрген қазақ баласына ел ішінен қаржы жинап, жөрдемақы төлеуді ұйымдастырды. «Қазақ» газетіне 1274 сом 10 тиын көмек берді.

Жақып Ақбайұлы атап көрсеткеніндей, «Маманов – Тұрысбеков әпенділер біз барша жұртпен тең болатын жақсы кездерге дейін есімдері тарихта қалуға тиісті тұлғалар» [Хрестоматия, 198-б.].

Есенқұл қажы 1913 жылы қазақ романдарына бәйге жариялап, жүлдеге 2 мың сом ақша тікті [Хрестоматия, 198-б.]. Ә.Бөкейхан «Роман бәйгесі» мақаласында игілікті бастаманы бағалады [Хрестоматия, 198-199-бб.]. А.Байтұрсынұлы Маман әулетінің рухани жаңғырудағы кемел істеріне сүйсінді [Хрестоматия, 199-200-бб.]. Ұлт басылысын қаржылай демеді, «Абай» (1918) журналының шығуына Қаражан Үкібайұлы қаржылай қолдау көрсетті [Хрестоматия, 200-бб].

Алаш Орда туын тіккен тарихи күндері дәулетті азаматтар ұлт қайраткерлерінің тірегіне айналды. Алаш партиясы қатарынан табылып, Алаш әскерін (милиция) құру мен жасақтауда барын ортаға салды. Ыбырай Ақпайұлы, Иса Көпжасарұлы, Сырым Датұлының шөбересі Салық Омарұлының тағылымды істері ұлт болып ұйысудың жарқын көрінісі. Салық Омарұлы Алаш әскеріне екі жүз ат, Иса Көпжасарұлы жүз ат тарту етті. Алашорда әскери жасағы жетекшілерінің бірі Аккенже Аймағамбетұлы уездік, облыстық қазақ комитеттерінің жұмысына қаржылай жәрдемдесті, Алаш әскерін көлікпен, қаржылай демеді. Ахметжан Қозыбағарұлы қаржысына емхана салдырды. Алашорда үкіметі жанындағы діндарлар кеңесі мүшесі Шұғыл қажы қаржылай көмектесті. Құрманғали Қосшығұлұлы, Ахметше Күсепқалиұлы қаржылай жәрдемдесті.

Ш.Шахиахметұлы Түркістан автономиясы (мұхтарияты) Үкіметі төрағасының орынбасары және Қаржы министрі болды. Б.Атшыбайұлы Алаш Орда Батыс бөлімінің қаражатын талан-тараждан сақтап қалды.

Экономикалық білім алған зиялылардың қалың шоғыры қалыптаса бастады. Ә.Бөкейхан Санкт Петербордағы Орман институтында білім алса, Н.Төреқұлұлы Мәскеу коммерциялық институты экономика факультетінде оқыды. Қ.Асанұлы Саратов университеті экономика факультетін, Е.Байғасқаұлы Ташкенттегі Орта Азия университеті экономика факультетін бітірді.

Алаш қайраткерлері Қазақ автономиялы кеңес республикасы қаржы-экономика саласының қалыптасуына тер төкті. Ж.Досмұхамедұлы Мәскеудегі «Скотовод» басқармасында экономист, Б.Атшыбайұлы «Казкрайсоюздың» Мәскеу өкілдігінде экономикалық тексеруші, Ә.Әлиханұлы Қазақ АКСР Халық комисариатында инженер-экономист болып істеді. Е.Қасаболатұлы Қазақ КСР Денсаулық сақтау комиссариты экономикалық жоспаралау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Ресейдің Витебск губернияcында қаржы саласының тексерушісі қызметін атқарған Сейілбек Жанайдарұлы Қазақ автономиялы республикасы құрылған соң Орынбордағы республикалық Қаржы Халық комисариатының алқа мүшесі болды. Асылбек Сейітұлы Қазақ КСР Денсаулық сақтау Халық комисариатының жоспарлау-қаржылау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Алаш қозғалысына қатысып, Алаш атты әскер құрамында майданда шайқасқан Ілияс Молдажанұлы 1935-1937 жылдары Қазақ АКСР Қаржы Халық комисары болды. Алаш демеушілері болған текті тұлғалар қызыл қырғын жылдары атып асылды. Үрім-бұтақтары аяусыз қудаланды. Ұлттық мүддеге адал еңбек еткен ақжүрек азаматтардың ерен еңбектері ұмытылмайды.

Алаш қайраткерлері қолға алған әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүдде тетігін жандандыру әлі де көкейкесті. Жаһанның экономикасы дамыған технократтық елдері қатарынан табылуда атқарылатын істерде ұлт зиялылары қалдырған үлгі-өнеге өміршең қасиеттерімен қадірлі.

Әдебиеттер:

Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Құраст: Е. Тілешов, Д.Қамзабекұлы. – Алматы: «Сардар» , 2014. – 528 б.

Жәдитшілдік және Алаш: ұғымдар мен терминдер сөздігі. – Астана: «Астана полиграфия», 2011. Т. 1. – 320 б.

Жұртбай Т. Ұраным-Алаш! Т. 1. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

Жұртбай Т. Ұраным-Алаш! Т. 2. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 464 б.

Жұртбай Т. Ұраным – Алаш! Т. 3. – Алматы: Ел шежіре, 2012. – 647 б.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

Сұрақтар

1. Алаш қозғалысының тарихи алғышарттарын сипаттаңыз.

2. Қазақ тарихындағы ұлттық-демократиялық мемлекеттілікті жаңғыртудағы «Алаш» партиясы бағдарламасының маңызы неде?

3. Қазақ сиездерінің мемлекеттілікті жаңғыртудағы басым бағыттарын көрсетіңіз.

4. Мемлекеттік Дума қызметіндегі ұлт қайраткерлерінің реформаторлық қадамдарын қалай бағалайсыз?

Тапсырмалар

«Алаш идеясының ментальдық-символдық мәні» тақырыбында реферат жазу.

Алаш меценаттығының ұлттық бірегейлікті сақтаудағы тарихи қызметі бойынша эссе дайындау.

Екінші Жалпы қазақ сиезінің қаулылары бойынша пікіралысу.

«Алаш» партиясы бағдарламасының зайырлы мемлекет құрудағы маңызын талқылау.

ЕКІНШІ ТАРАУ
ҰЛТТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛАШ ТӘЖІРИБЕСІ

§1 Мемлекеттілікті жаңғыртудың тарихи өнегесі

1917 жылдың 12 желтоқсанында «Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиясы» деп ресми түрде аталғанмен, іс жүзінде парламенттік-президенттік республика болып құрылған Алаш Республикасы 1920 жылдың 26 тамызында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта шаңырақ көтерді. Сол арқылы қазіргі тәуелсіз Қазақ елінің тарихи, саяси және идеологиялық негізі, іргетасын қалады.

Алаш Автономиялық Республикасын құрған 1917 жылғы 5-13 (18-26) желтоқсандағы Бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайы «Аутономия мәселесі» тарауының IV бабында «Алаш Аутономиясының низамын [конституциясын] ушредителное собрание бекітеді», VIII бабында «Алаш Орда тез уақытта Алаш Аутономиясының Ушредителное собраниесін (Құрылтай) шақыруға міндетті болсын», ал X бабында «Ұлт құрылтайына Алаш Орда Аутономия низамының [конституциясының] жобасын даярлап кіргізеді» деп қаулы қабылдады. Қазақ жерін мекен еткен басқа ұлт өкілдерінің мүддесі де ескерусіз қалмады [Хрестоматия, 201-б.].

Алаш автономиясын жариялаумен мемлекттілікті жаңғыртуға ұлт зиялылары мол дайындықпен келді. Бұл ретте автономия низамы конституциясының жобасын Әлихан Бөкейхан тапсыруымен 1911 жылы Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлы «Қазақ Елінің Уставы» (Жарғысы немесе Конституциясы) деген атаумен жазып қалдырған болатын [Хрестоматия, 201-203-бб.].

«Қазақ Елінің уставы» Алаш арыстарының өзара қызу талқысының жемісі [Хрестоматия, 203-204-бб.]. Сондықтан Барлыбек Сырттанұлы жарғысын Алаш низамының (конституциясы) жобасы деп қарастыру керек.

Алаш Республикасы өзінің әкімшілік аумағындағы құзыры кең жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне (земствоға) арқа сүйеген шынайы демократиялық мемлекет болатын. Мысалға, Алаш қайраткерлерінің земство туралы көзқарсы, берік ұстанымы мынадай еді: «Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды.

Земство үш орында, үш дәрежеде болады: болосной, уезной, облосной (яғни ауылдық, аудандық және облыстық). Бұлар біріне-бірі қол. Әрқайсысында іс атқаратын жұрт сайлап қойған басшы мекеме болады, орысша управа (әкімдік). Бұл іс атқаратын мекеменің сыртынан бағып тұратын, мынаны істе деп іс беретін мәжілісі болады. Бұл орысша гласныйлардың собраниесі (яғни мәслихаты). Үш земствода өз алдына үш – болосной, облосной собраниесі (яғни – ауылдық, аудандық және облыстық мәслихаттар) болады. Бұл мәжілістің өкілдерін жұрт сайлайды. Жылына өкілдер неше мәрте мәжіліс құратыны о бастан белгілі болады».

Жарғының (уставтың) әр бабында қамтылған саяси-құқықтық мәселелердің өзектілігімен қатар өміршеңдігі де назар аудартпай қоймайды.

Жарғының (уставтың) «Қазақ Елі Республикасының жеке болуы турасында» атты 1-бабының 4-тарауына сәйкес «Қазақ Елінің ең басшы орны Ұлт Мәжілісі», яғни бір палаталы Парламенті, Ұлттық Мәжіліс Қазақ елінің басшысы – Президентті 4 жыл мерзімге сайлайтыны, бір кісінің президент тағында екі мезгілден артық отыруға құқы жоқтығы айтылады. Демек, Алаш Автономиясы Барлыбек жобасын Бүкілресейлік немесе қазақ құрылтайы бекіткен болса, парламенттік-президенттік республика болып жасар еді.

Алаш конституциясы жобасының келесі бірнеше тарауында АҚШ пен Ұлыбританияның саяси жүйелерінің қазақ болмысына мейлінше лайық деген билік тетіктерін іріктеп үлгі еткені айқын байқалады. Қазақстанның 1995 жылы қабылданған қазіргі конститутциясына француз конституциясы негіз болды. Дегенмен Алаш низамы мен қазіргі тәуелсіз Қазақстан конституциясын салыстырып қысқаша талдап көрсек XXI ғасыр басындағы тәуелсіз Қазақстан конституциясына қарағанда одан бір ғасырдан астам бұрын туған Алаш жобасында демократия құндылықтарының әлдеқайда басым екеніне көз жетеді. Мысалға Алаш низамында «Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады», «Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді» (1-баб, 6-тарау), яғни үкіметті президент жасақтағанымен, оны көпшілік дауыспен Ұлттық Мәжіліс – Парламент бекітеді. Президент Үкіметті жасақтаумен қатар оны өзі басқарады, яғни Президент – АҚШ-тың үлгі-тәжірибесімен – мемлекет басшысы әрі жоғарғы атқарушы биліктің – үкіметтің төрағасы (премьер-министр) болып табылады.

Алаш жобасында премьер-министр институты қарастырылмаған, оның есесіне Президенттің тапсырмасымен қызмет атқаратын орынбасары, президент жоқта оның міндетін атқаратын вице-президент лауазымы бар.

Жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесімен де Алаш Республикасының абсолюттік билігі бар президенттік басқару жүйесінен парламенттік жүйеге өту алдында тұрған Тәуеліз Қазақстан Республикасына үлгі-өнеге бола алады.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қазақ мемлекеттілігін жаңғыртудың тарихи өнегесі терең тағылымды дүние. Алаш Орда Бүкіл Қазақ Кеңесі 25 мүшеден (комиссарынан) жасақталды, оның құрамынан 10 орын қазақтың Дала және Түркістан өлкелеріне көшіп келіп қоныстанған өзге халықтар мен ұлттардың өкілдеріне арналады деп көрсетілді. Өзге халықтар өкілдерінен Алаш Ордаға комиссар болғандардың ішінде Г.Потанин, В.Чайкинді атаймыз.

Тәуелсіз Қазақ елінің заңдық, құқықтық негіздерін әлем елдерінің озық демократиялық құндылықтарымен еселеп, дәнекерлеп отырған Алаш ардақтыларының парасатты тұлғалары, әмбебеп білімдері қазіргі жастар үшін өнеге мектебі іспеттес. Олар бойларындағы қажыр-қайраттарын, ұшан теңіз энциклопедиялық білімдерін туған елінің реформаторлық жолмен өркендеуіне, зайырлы демократиялық ұстанымдармен толықтай үйлесімде болуына арнады. Алаш идеясын ұлт санасына сіңірген қайраткерлер қоғамның саяси тірегі бола отырып әлеуметтің құқықтық теңдігі жолында аянбай еңбектенді. Олардың заң саласының терең білгірі, кәсіби маман иелері болуы қазақ қоғамы үшін ұтымды әрі тиімді еді. Алаш Орданың қазақтан сайланған 15 комиссарының сегізі жоғары білімді заңгер болса, төртеуі 1906-1907 жылдары Ресей Мемлекеттік думасының I, II шақырылымдарына депутат болып сайланды. Алаш Орданың 4 мүшесі (Әлихан Бөкейхан, Бақыткерей Құлманұлы, Мұстафа Шоқай және Ахмет Бірімжан) 1917 жылдың наурыз-желтоқсаны аралығында Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің облыстан оязға дейінгі комиссарлары қызметін атқарды, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбайұлы Уақытша үкіметтің Түркістанды басқару жөніндегі Төтенше комитет (Түркістан комитеті) мүшесі қызметін атқарды.

Ахмет Бірімжан (Бірімжанов), Айдархан Тұрлыбайұлының (Тұрлыбаев) патшалық Ресейдің сот жүйесінде қызмет істеуінің Алаш қозғалысында үлкен тәжірибелік маңызы болды. А.Бірімжан Мемлекеттік Думаның 1906-1907 жылдарғы I, II шақырылымдарына депутат болып сайланды, Уақытша үкіметтің Қостанай ояздық комиссары болды.

Заңгер Жанша Досмұхамедұлы (Жиһанша, Жаһанша Досмұхамедов) аз уақыт ішінде патшалық Ресей прокуратурасында жауапты лауазымға көтерілді (Томскі гүбернесі прокурорының орынбасары).

Алаш Орда комиссарлары қатарында экономист, шығыстанушы, темір жол инженері, әскери дәрігер, агроном, ормантанушы ғалым, математик және т.б. жоғары білімді әрі тәжірибелі мамандар шоғырланды. Мұның бәрі қазақ мемлекеттігін реформаторлық жолдармен қайты жаңғыртуда яғни Алаш автономиясының іргесін бекітуде мейлінше қажет болатын.

Алаш зиялылары қарулы күрестен бас тартып, қазақтың қазіргі тілін, заманауи мәдениетін қалыптастырып, мәдени қайта өрлеу идеясын ұсынуларымен жаңа сапалық

сипаттағы қазақ ұлтын тәрбиелеп өсірді. Алаш қозғалысының жетекшілері халқына тың бағыт-бағдар берді, жаңа ұлттық құндылықтар, үлгі-өнеге ұсынуларымен ХХ ғасырдың өскелең талаптарына сай өрелі мақсат пен міндет қойды. Соған сәйкес Алаш партиясының жарғысы және 1910-1911 жылдары Барлыбек Сырттанұлы жазып қалдырған Алаш конституциясының жобасына сәйкес Алаш Республикасы президент басқаратын және жергілікті өзін өзі басқару жүйесі (земствосы) дамыған парламенттік унитарлық (біртұтас) зайырлы мемлекет болып дүниеге келді. Қазақ елін әлемдік саясат айдынына алып шығатын Алаш конституциясын Құрылтай жиналысында (Ұлттық Мәжілісте) қабылдау көзделді.

Алаш Республикасының және Алаш қайраткерлерінің өшпес тарихи рөлі мен миссиясы – Қазақ хандығының 1847 жылы біржола ыдырап, тарих сахнасынан кетуінен жетпіс жыл өткенде оның үйіндісі үстінен қазақтың заманауи ұлттық мемлекетін құруында. Алаш Республикасы құрылған 1917 жылдың 13 желтоқсанында толық тәуелсіздіктің мызғымас іргетасы қаланды. 1920 жылдың 26 тамызында Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиялық Республикасы Қазақ (ол кезде Қырғыз) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды. 1920 жылдың қыркүйегінде Орынбор қаласы Қазақ-Қырғыз АКСР-дың астанасы болып жарияланды.

Алаш Республикасының тарихи миссиясы Кеңестік және автономиялық сипатта болғанымен, ұлттық идея тұрысынан алғанда ең басты мақсатына қол жеткізе алды. Ұлттық-демократиялық мемлекеттіліктің Алаш тәжірибесі елдік сананы сілкінтіп отаршылдықтан арылуға, патша өкіметінің меншігі деп табылған байырғы жері мен суын қайтарып алуға, шекаралық межеленуімен аумақтық тұтастығын сақтап қалуға жол ашты. Мемлекетілікті саяси және рухани жаңғыртудың айқын үлгісі бір ғана Қазақ елінің емес, сол кездегі Орта Азия халықтарының ұлттық дербестіктеріне қол жеткізулеріне жол ашты. Бұрынғы Бұқара және Хиуа әмірліктерінен, бұрынғы Түркістан АКСР бір бөлігінен Өзбек КСР, Түркімен және Тәжік АКСР құрылды. Қазақ АКСР құрамындағы қырғыз бен қарақалпақтың дербес автономиялық облыстары пайда болды. Алаш Республикасының Орта Азиядағы қазіргі ұлттық мемлекеттері алдындағы әлі де мойындалмаған, лайықты бағасын алмаған тарихи, саяси маңызы мен миссиясы терең зерттеп зерделеуді талап етеді. Иә, азаттық пен тәуелсіздікке жетудің жолы қашанда күрделі болған [Хрестоматия, 204-210-бб.].

Алаш автономиясы қазақ мемлекеттігін жаңғыртудағы ұлт қайраткерлері ұстанған өмірлік мұрат-мақсаттарының орындалу еді [Хрестоматия 210-211 бб.]. Бұл жолда қазақ зиялылары большевиктер билігінің қыспағын, қиянатын өткерді [Хрестоматия, 211-б.]. Х.Болғамбай атап көрсеткеніндей, «Алаш автономиясы – неше миллион Алаш ұранды қазақ халқының ұлық арманы» болатын [Хрестоматия, 211-212-бб.]. Рухани

және саяси ұйысуда исі алаш баласы ақыл-парасат биігінен табылды [Хрестоматия, 212-213-бб.]. Соның барысында алты алаштың басын қосып, қазақ ұлтының келешектегі елдігіне негіз құрған тарихи күн алтын сиямен жазылып қалды [Хрестоматия, 214-б.].

Азаттыққа қол жеткізген қазіргі кезеңге дейінгі аралықта ұлттық-демократиялық мемлекеттіліктің Алаш тәжірибесі тарихи өнегесімен қымбат. «Автономиядан – тәуелсіздікке» деген Алаш ардақтыларының өмірлік асыл мұрат-мақсаттары орындалды [Хрестоматия, 214-б.]. Ұлттық-демократиялық мемлекеттіліктің Алаш тәжірибесі азаттықты ардақтауға, тәуелсіздігімізді қастерлеуге ой салады. Мемлекеттілікті жаңғыртудың тарихи өнегесіне толы Алаш кезеңі мәңгілік құндылық болып қала береді.

§2 Алаш автономиясының ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасы

Алаш автономиясының тәуелсіздігін саяси тұрғыдан айқындау жолы оңай болған жоқ. Алаштың саяси дербестікке ұмтылуындағы маңызды шешімдерін сыртқы саяси күштерге мойындатудағы қайраткерлеріміздің табанды тарихи еңбектері қажыр-қайратқа толы болды. Қоғам қайраткері Н.Төреқұлұлы атап өткеніндей, «Бір сөзбен айтқанда Колчак һәм ол секілді генерал мен адмиралдардың ұсақ ұлттарға ұстанатын саясаты «түйем көпірден өткенше» дегенге барып саятын-ды» [Хрестоматия, 215-б.].

Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері ресейлік саяси күштермен жүргізілген келіссөздерінде дипломатиялық сарабдал саясаттарымен ел мен жер тұтастығын сақтап қалуда өлшеусіз тарихи қызмет атқарды. Мәселен, қазақ делегациясы Сібір автономиясы басшыларымен жүргізілген келісссөздерінде қазақтар тарапынан ешқандай сепаратистік пиғыл орын алмайтынына көздерін жеткізді. Ол Алаш көшбасшысының Бірінші Сібір облыстық сиезінің нәтижелерімен қазақ қоғамын хабардар еткен есептік «Жалпы Сібір сиезі» мақаласында кеңінен баяндалған. Мақаладағы деректер бойынша Сібір автономиясының негізгі заңына сәйкес өздерінің байырғы жерлерінде тұрып жатқан қазақ және Сібірдің өзге де халықтары Сібір автономиясына уақытша қосылады. Басқа тілектері болған жағдайда олар дербес автономияға бөлінуге құқылы [Хрестоматия, 215-216-бб.].

Алаш қайраткерлері ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасында А.Колчак, Б.Анненков, А.Дутовпен келіссөздер жүргізді.

Қазақ елінің саяси дербестігі, ұлтттық азаттығы үшін күресте зайырлы демократиялық бағытты таңдаған қайраткерлер Алаш автономиясының шекаралық аумақтық межеленуінде отарлану жүйесімен қазақ жерін мекендеген қонысаударушыларға

ата-баба жерінің алақандай бөлігін қалдырғысы келмеді. Сондықтан қазақ автономиясы құрылған жағдайда Ресейден көшіп келген қара шекпенділермен біртұтас көпұлтты (полиэтностық) автономия болуы керек деп топшылады. Ұлт қайраткерлері жер тұтастығын сақтап қалудағы басты күрескелік мақсаттарынан таймайтынын жеткізді. Алты Алаш көсемі Ә.Бөкейхан «Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ. Іштегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді. Сібір сиезінде атап көрсетілген бұл пікірді Сырдария, Орал қазақтары қолдайды деген үміттеміз» деп атап көрсетті.

Десе де Ә.Бөкейханның осынау терең мағыналы топшылауы сол кездегі күрделі тарихи ахуалды жан-жақты бажайлай алмайтын оқырманды қате пікірлер мен біржақты қорытындыларға итермелеуі мүмкін. Мысалы ол Бөкей ордасы Орал казактарымен қапталдас орналасқандықтан Бөкей қазақтары жеке автономия құруы керек деп болжады. Егер Орал атты казактары Орал облысына қосылмай қазақтармен біріккен жағдайда Бөкей қазақтарының біртұтас ұлттық автономияға қосылудан басқа жолы жоқ еді.

Қайраткердің «Жалпы Сібір сиезі» мақаласындағы пайымдары бір қарағанда Түркістанмен бірлескен, біртұтас автономия құруға түбегейлі қарсы болды дегендей ой туғызуы әбден мүмкін және бүгіндері туғызып та келді. Оның 1918 жылғы 18 шілдедегі Сібір Автономиясы министрлер Кеңесіне жолданған баяндама хатындағы «Алаш автономиясы Сібір мен Түркістан облыстарының құрамына бұрындары ешқашан енбеген Қазақ өлкесінің біртұтас 6 миллион қазақ халқының басын біріктіріп отыр» деген сөзі Түркістанмен бірігуге қарсы берік ұстанымын айқындай түскендей көрінеді.

Бұл жерде Алаш жетекшісі Түркістанмен бірігуді жақтаушылардың қазақтың түркістандықтармен ортақ түркілік және діни тамырлары бір екенін теріске шығармайды. Ә.Бөкейхан «Автономия болған – өз алдына мемлекет болған. Мемлекет болып іс атқару оңай емес» деп есептеді және әрі қарай ойын мынадай уәжбен негіздейді: «Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы соқыр болса, Түркістан он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, аутономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз?».

Әрине, бұл жердегі мәселе қойылымы көкейге қонымсыз әрі қисынсыз екенін теріс тей алмаймыз. Десе де оның астарында қалың қатпарлы терең ой жатқаны анық. Қайраткер болашақ Алаш автономиясы мен Түркістанның бірігуіне түбегейлі қарсы болғаны жоқ. Ол мүмкін емес-ті. Тарихта «Қоқан автономиясы» деген атаумен белгілі Түркістан мұхтариятын құру туралы бастама Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары Ә.Бөкейханның Орынбордағы резиденциясында болып өткен төтенше кеңесте көтеріліп, жиналғандар тиянақты байламға келгені тарихи шындық.

Кеңес жұмысына қатысқан Зәки Уалиди Тоғанның айтуынша большевиктердің Петроградтағы орталық билікті басып алуы мен Ташкенттегі биліктің де солардың қолына өтуінің ізін ала 1917 жылғы қазан айының соңы қараша айының басында Алаш жетекшісінің бастамасымен шақырылып, екі күнге созылды [Хрестоматия, 216-б.]. Осы төтенше мәжіліс жұмысынан үш апта өткеннен кейін Қоқанд қаласында жоғарыда аталған Түркістан Мұхтариаты (Аутономиясы) дүниеге келді.

Ұлт зиялыларының бір тұтас Түркістан туралы ой-толғамдары бірінші кезекте Қазақ өлкесі және Түркістандағы сепаратистік көңіл-күйдің пайда болуы, күшеюінен қауіптенген Ресейдің төңкерісшіл жаңа демократтарына бағытталған-ды.

Ресейдің бұрынғы самодержавиялық билігі, жаңа демократиялық басшылығы «Азиялық Ресейдегі» пантүркілік және панисламдық тенденциялардың күшеюінен сескенді. Ә.Бөкейхан бастаған қайраткерлер жаңа билікті мұндай алаңдаушылыққа ешқандай негіз жоқ деп сендіруге тырысып бақты. Мәскеудің Бутырка түрмесінде 1937 жылдың тамызында ОГПУ-НКВД тергеушісіне айтқанындай, Ресейге отар болып келген түркі-мұсылман халықтарын біріктіре отырып, Құрылтай жиналысынан ұлттардың өзінөзі билеу құқығын бір ауыздан талап етуге күш салды.

«Жалпы Сібір сиезі» мақаласында Қыр баласы (Қыр баласы – Әлихан Бөкейхан) атап көрсеткеніндей, Томскіде қазақ, башқұрт, бурят және Алтайдың өзге де шағын халықтарының өкілдері біріге отырып, өз жеріне өздері ие болу және өз-өзін басқаратын ұлттық автономия құқығын талап етулерін қорғай білді. Соның ішінде түркі халықтары көшбасшыларының біріккен мәлімдемесіне сәйкес батыл талаптар қойылды. Біріншіден, Бүкілресейлік құрылтай «Жер туралы» жаңа заң қабылдамайынша, екіншіден, қазақ, башқұрт, бурят және Алтайдың өзге де түркі халықтарының байырғы тұрғындары бұрыннан қоныс тепкен аймақтар мен облыстарда өздеріне тиесілі меншікті жер үлесімен заңды тұрғыда толықтай қамтылмайынша Ресейдің ішкі гүбернияларынан орыс шаруаларының қоныс аударылуын уақытша тоқтату талап етілді.

Бұл жерде ұлттық мүдде басты орында тұрды: «Жер үлесі (нормасы) байырғы тұрғындардың жергілікті табиғи климаттық жағдайына, жер мен топырағына, шаруашылық және тұрмыс салтына сәйкес бөлінуі керек. Белгілі бір облыс пен ояздағы жер үлесін жергілікті жер комитеті анықтауы шарт. Қазақтарға жер телімдері ауылдық, болыстық немесе туыстық (рулық немесе қауымдық меншікке) меншікке берілуі қажет» деген батыл талаптар көтерілді.

Әрбір ауылға, болыс немесе туыстыққа (рулық) жер нормасы осы ауыл, болыс немесе ру иеленіп отырған жеріне қарай берілуі шарт екені айтылды. Мысалы, Ертіс өзені бойының жерін жайлап отырған қазақтар «он верстік жолағы» бөлігіндегі жерді алуы қажет. Алаш қайраткерлері казактардың «он шақырымдық (верст) жолақты» бермеуі әбден мүмкін екенін қаперлерінде ұстады.

Анығында қазақтардың Ертіс жағасындағы байырғы жерінен бас тартпай ол жерді рулық-қауымдық меншігіне қайтарып алмайынша көңілдері орнықпасы анық еді. Қазақтар өз жерін заң жүзінде қайтарып алу ниетінен тайған емес. Басы артық жер мемлекет меншігі деп жарияланып, жергілікті өзін-өзі басқару (земство) мекемесінің құзырына берілуі керек болды.

Түркі халықтарының жетекшілері жерді жеке меншікке сатуға тиым салу талабын ұстанды. Бұл ұсыныспен Бірінші Сібір сиезі толықтай келісті. Десе де қазақтар ежелден қоныстанған 9 облыс және 1 губернияда отарлық езгіге түскен ел мүддесімен үйлесе бермейтін күрделі жағдайлар қалыптасты. Алаш автономиясының қазақ мемлекеттігі мәселесінде ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасы шиеленесе түскен жағдайда ел мен жерді қорғап қалу міндеттері басты орында тұрды. Сондықтан «Қазақ» газетінде жарияланған «Офицерлер даярлау» мақаласының авторы барша қауым назарын жедел түрде милиция жасақтау қажеттілігіне аударды.

Анығында «милиция жасақтары» астарында дербес ұлттық әскер құру мәселесі жатқан ды. Мақалада атап көрстелгеніндей, Ресей әскерінің бір бөлігі аласапыран кезеңде ел мен жер қорғау үшін соғысып жатса, тағы бір санаты большевиктер қатарын толықтырып жатты. Оңай олжа тапқысы келгендер большевиктер қатарына ойысты. Өзіне тиесілі жері, азын аулақ шаруашылығы бар солдаттар еш жақты да қолдамай майдан даласынан үйлеріне оралып, қолдарындғы қару-жарағын асынып келді. Қазақ даласындағы қара шекпенділер тығыз орналасқан поселкелерден қарусыз оралған жауынгерді табу қиын еді. Ондайлардың саны әрбір поселкеде біреу емес, бірнеше болатын. Олар қарусыз әрі әскер қатарындағы тәжірибесі жоқ қауқарсыз жауынгерлермен салыстырғанда айтарлықтай айбынды күшке ие болды. Олардың қараңғылыққа тұмшаланып, надандыққа бөленген басбұзарлары большевиктер қатарын толықтыратыны сөзсіз болатын. Әрі көктемге де қол созым уақыт қалып отырғанда орыс шаруасына соқамен жыртатын шұрайлы жер қажет. Қазақ даласына қоныс тепкен шаруалардың көршілес жатқан қазақтардың құнарлы жеріне көз алартатыны сөзсіз еді. Қоныс аударушылар поселкесімен көршілес орналасқан қазақтар олардан сескене бастады.

Олардың жер сынды түйткілді мәселеге ақыл-парасатпен келулері үшін соған сәйкес айбынды күш пен әккі айла қолдану шарт болды. Автономия құруға дейін өзінің ұлттық милициясын жасақтамаған жағдайда жазға дейін жер мәселесінде айтарлықтай жанжалдар орын алатынын, қараңғы мұжықты ақылмен тоқтату мүмкін емес, ол тек қара күшке иек артатынын Алаш арыстары түсінді.

Сібір сиезінен бірнеше күн өткен соң Алаш қайраткерлері бажайлаған қауіп-қатер қылаң берді. Уақытша Үкімет беделінің жедел құлдырауына әрі билікте бейберекеттіктің орын алуына байланысты 1917 жылдың 25 қазанында Петроградта қарулы төңкеріс

жасалды. Соның нәтижесінде басым бөлігін социал-демократиялық және социал-революциялық партиялар, большевиктер мен солшыл эсерлер құрған коалиция билікке келді.

Үкімет функциясының тетігі басшылығында В.Ленин (Ульянов) тұрған Халық комиссарлар кеңесіне берілді. Жұмысшылар және жауынгерлер депутаттары кеңестерінің II сиезінде қабылданған декреттерде Ресейдің соғыстан шығуы, жерді шаруаларға басыбайлы беру және бұрынғы отаршыл империяның бүтін аймақтарында кеңес өкіметінің барлық деңгейде жаппай орнайтындығы жарияланды. Алайда күшпен құлатылған үкімет мүшелерінің басым бөлігі большевизмнің жедел күйрейтініне сенімді болғандықтан өздерінің басты мақсаттары үкімет аппаратын сақтап қалу деп білді. «Астыртын жағдайдағы» Уақытша Үкімет өзерінің қызметтерін саяси қарсылықтарды (саботаж) қолдаумен шектеді. Уақытша Үкімет өмір ағысы бұрынғы қалпы арнасына түседі деген сенімде жүрді. Бірақ Құрылтай жиналысына артылған үміт большевизмге қарсы қоғамдық күштің әлсіреуіне әкеліп соқты. Ол түптеп келгенде большевиктердің Қазан айындағы жеңісін мойындау деген сөз еді. «Құрылтай жиналысының алдында тектен текке күш шығындамау» ұраны белсенді қарсылық күресін жүргізіп келген тұлғалардың ерік-жігерлерін тұсаулап тастады.

Жаңа билік Құрылтай жиналысын шақыра алмайды деген сенімдегі көңіл-күй ауаны анығында жаңа билік алдында тізе бүгу деген сөз еді. Қазан бүлігінің ізінше яғни кеңес тарихында «Ұлы Қазан төңкерісі» деп аталған 1917 жылғы 27 қазанда большевиктер көсемі, Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В.Ленин сол жылдың 12 қарашасына белгіленген күні Құрылтай жиналысына сайлау өткізу туралы қаулыға қол қойды. Осы қаулыға сәйкес «барлық сайлау комиссиясы, жергілікті өзін өзі басқару мекемелері, жұмысшылар кеңесі, майдандағы жұмысшы, жауынгер мен шаруа депутаттары және жауынгер ұйымдары Құрылтай жиналысына сайлаудың уақытында өтуін қамтамасыз етуге бар күшін салуы керек» болды. Сонымен, заңды негізі жоқ Кеңес өкіметінің өзі де Құрылтай жиналысы шақырылғанша дейін уақытша сипатта болып қалды.

Далалық және Түркістан өлкелерінде күрделі жағдай қалыптасты. Алаш Автономиясының территориясы деп жарияланатын байырғы қазақ халқы басым тұратын 9 облыс және 1 губернияда негізінен алғанда большевиктік танымдағы пролетариат қауымының саны шамалы еді. Қазақ жеріне қоныстанған қара шекпенділердің басым бөлігі жермен қамтамасыз етілген ді. Тұрғындардың басым бөлігін Ресейдің отарлау саясатының басты тірегі және қарулы күші болып саналатын түрлі жеңілдікке ие болып отырған казактар құрайтын.

Құрылтай жиналысы сайлауында қазақтың басым көпшілігі бір ауыздан «Алаш» партиясын қолдады. 1917 жылдың күзінде, яғни большевиктердің қарулы бүлігі қар-

саңында қазақ облыстарында олардың төбе көрсетуі жұртты қатты алаңдатпады. Алайда Қазан бүлігінен кейінгі алғашқы айлардың өзін де Ресей отарындағы шет аймақтардағы ірі қалаларда кеңес өкіметінің орнауы оңай көрінді. Қалыптасқан күрделі жағдайға қарамастан Алаш қайраткерлері большевиктер билігінің таяу арада күйрейтініне сенімді еді.

Большевиктер саясатындағы қитұрқылықтар Алаш автономиясының ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасын күрделендіре түсті. Коммунистік жүйенің орнығып нығаюымен Алаш зиялылары қудаланып, саяси қысымға алына бастады. Қалыптасып отырған күрделі саяси ахуалға қарамастан Алаш автономиясы ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасында жер тұтастығын сақтап қалып, еліне қорған болды. Саяси билікке ұмтылған түрлі күштер арасындағы қайшылықтарды, текетірестерді ұлт мүддесіне орайластырып шешудегі қадамдарынан бір табан шегініс жасаған жоқ.

§3 Алаш және Ұлы Түркістан: тарихи сабақтары

Ескі күнтізбе бойынша 25 қазанда Петроградтағы Орталық мемлекеттік билікті (Уақытша үкіметті) найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен басып алған Кеңес өкіметі келесі күні-ақ (26 қазан) Уфаны қолына алды. 28 қазанда «Уфа губерниялық мұсылман (татар) әскери шуросы» да олардың жағына өтті» деп жазды өз естелігінде Ахмет-Зәки Уәлидов (өз аты-жөнін естеліктігінде «Зәки Уалиди Тоған» деп көрсетеді [Хрестоматия, 216-б.]. Бұдан бөлек большевиктер 1917 жылдың ақпанына дейін Түркістан генарал-губернаторлығы болып келген Сырдария және Жетісу облыстарына да оп-оңай үстемдік орнатты. 28 қазанда большевиктер Ташкенттегі билікті басып алды. Большевиктердің Түркістанда оп-оңай жетістікке жетуінің бар сыры – жаңа билікті отаршылдық әкімшіліктен қалған жергілікті шенеуніктік аппарат, кешегі патшалық көші-қон мекемесінің басшылары мен әскери бөлімдердің жан-жақты қолдауында болуы. Қазақтың Дала және Түркістан өлкелеріндегі 1916 жылғы бұратана қазақтан Батыс майданның тылына қара жұмысқа жігіт алу туралы «25 маусым» жарлығына қарсы ұйымдаспаған қарулы көтерілістен қатты үрейленген олар «пролетариат диктатурасынан» гөрі бұратана халықтардың отаршылдыққа қарсы бас көтеруінен қорықты. Метрополиядағы кез келген билікті, мейлі ол бәлшебектік кеңес өкіметі болсын, мейлі ол патшалық билік болсын әйтеуір Түркістандағы еуропалықтардың үстемдігін сақтаудың басты кепілі ретінде қарастырды.

Уфа және Түркістандағы билікті большевиктердің басып алуы қазақтың ұлт көшбасшысын батыл іс-әркеттерге баруға мәжбүр етті. Қазақ облыстарының азамат соғысы оты-

на түсуінің айқын қаупі төнгендіктен, Алаш Автономиясын құру жоспарының нақты жүзеге асырылуында кедергілер қаптап кетті. 9 облыс, Астарахан губерниясы және Алтай губерниясының байырғы ұлты саналатын қазақтар қоныстанған бірқатар болысы Кеңес өкіметінің табан астына түсен аймақтардың қоршауына душар болды. Алаш жетекшілерін таяу күндері туын көтеретін Қазақ-Алаш автономиясының оңтүстік бөлігі – Түркістандағы қалыптасқан жағдай қатты алаңдатты. Осыған байланысты Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары міндетін атқарып жүрген Ә.Бөкейхан 1917 жылғы қазан айының соңғы күндерінде Орынбордағы кеңсесінде (резиденциясына) өзінің жақын үзеңгілестерін шұғыл түрде жинайды. Оны Зәки Уалиди Тоған өз естелігінде барынша дәйектей түседі.

Большевиктер билігінің болашақта туын көтеретін Қазақ-Алаш Автономиясының оңтүстік облыстарын отарлау сипатындағы мүддесі 1917 жылдың 15-22 қарашасында Ташкентте өткен Кеңестердің II өлкелік сиезінде айқын көрінген-ді. Мұнда Түркістан Кеңестік Автономиясының құрылғаны жарияланды. Алайда жергілікті ұлт өкілдері «пролетарлық төңкеріске дайын емес» деген желеумен биліктен шеттетілді. Қазақ пен өзбектің заңды наразылықтары қарулы күшпен басып жаншылды. Онымен қатар сол жылдың 26 қазанында Қоқанда Алаш қозғалысы мен партиясының мүшелері М.Тынышбайұлы, М.Шоқай, Ә.Оразайұлы және басқа азаматтардың ұйымдастыруымен Орынбордағы төтенше мәжіліс шешімін жүзеге асыру үшін Түркістан өлкелік IV төтенше сиезі жұмысын бастады. Аталған тарихи сиездің шешімі М.Шоқайдың «Автономиядан тәуелсіздікке: 1917 желтоқсан, 1930» мақаласында: «IV төтенше Түрістан өлкелік сиезі ұлы Ресей төңкерісі дүмпуімен байланысты Түркістанды мекен еткен халықтардың өзін-өзі билеу құқын білдіре отырып, Түркістанды Ресей Федеративті Демократиялық Республикасымен бірліктегі территориялы-автономия деп жариялайды. Автономия формасын белгілеу Түркістан Құрылтай мәжілісіне беріледі, ол аз ғана уақыт ішінде шақырылуы керек. Сиезд Түркістанды мекен ететін ұлттық азшылықтағылардың құқығы барынша сақталатынын [қорғалатынын] салтанатты түрді мәлімдейді» [Хрестоматия, 217-б.] деп жазылды.

Автономияны жариялаумен бірге төтенше сиезд 54 мүшеден тұратын Уақытшы Халық Кеңесін сайлап алды. Оның 36-ы жергілікті тұрғындардан және 18-і орыстардан тұрды.

Түркістан мұхтариятының басшысы және оның Уақытша Кеңесінің төрағасы Мұхамеджан Тынышбайұлы, Сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқай, үкімет мүшесі Әбдірахман бек Оразайұлы (Абдурахман-бек Уразаев) болғанын атап көрсету керек. Сонымен Қазақстанның оңтүстігінде (Түркістанда) 1917 жылдың қарашасынан 1918 жылдың ақпанына дейінгі аралықта өзіндік сипаттағы екі билік құрылды. Басқаша ай-

тқанда Ә.Бөкейхан Ташкенттегі большевиктер билігіне қарама-қарсы тепе-тең тұрғыда Түркістан Автономиясын құрып, Алаш Автономиясын жариялау мақсатында тарихта II Жалпықазақ сиезі ретінде қалған, ал іс жүзінде тұңғыш Бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайын ұйымдастыруға кіріседі.

Алаш және Ұлы Түркістан бірлігі түптеп келгенде орыс отаршылдығының тепкісіндегі түркі халықтарының мемлекеттігін жаңғырту болатын. Алайда С.Қожанұлы «Түркістанда орыс сиездері» мақаласында жазғанындай, кеңес өкіметі өктемдігімен Түркстан аймағының билігін болшевиктер партиясы зорлықпен қолдарына алып, өз үкімін жүргізді [Хрестоматия, 217-218-бб.]. «Алғашқы әрекеті құтты басталып, тәуелсіздікке қарай қадам басқан жас үкіметті большевиктер мойындаған жоқ. «Ұлтар теңдігі» туралы ұран көтеріп билік басына келген большевиктер осылайша табансыз, берген сөзіне тұрақсыз екенін көрсетіп алды. Тарихы тереңде жатқан әсем Қоқан қаласына зеңбіректен оқ жаудырып, 1918 жылдың 11 ақпан күні автономиялы үкіметті күштеп таратты...» [Хрестоматия, 218-б.].

Түркі халықтарының ұлт-азаттық көтерілістерін, рухани және саяси ұйысу үрдістерін кеңес билігі аяусыз жаншып отырса да түркі бірлігі тарих толқынында үнемі жаңғырып отырды. Бүгіндері тәуелсіз түркі елдерінің саяси және рухани саладағы интеграциясы жаңа мазмұн алуда.

* * *

Алаш қайраткерлерінің түркі халықтарының тілі, тарих, мәдениеті туралы зерттеулерінің де орны аса маңызды. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш білімпаздарының еңбектері Кеңестік заман соңы мен Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана жан-жақты зерделене бастады. Ол ізденіс, көбінесе, қоғамдық және гумманитарлық ғылымдар аясында жүргізілді. Белгілі бір тұлғаның жеке ғылымның бастауында тұрғанын, дамуына қосқан үлесін көрсететін зерттеулер жарияланды. Дегенмен әлі де тұтас бір ғылымның көшбасында саналуға тиіс есімдер лайықты аталып, еңбектері орынды пайымдалмады. Соның ішінде отандық түркітану ғылымының негізінде тұрған тұлғалар да өз дәрежесінде бағаланбады.

Қазақтың орысша білім алған тұңғыш оқымысты ғалымы Шоқан Уәлихановтан кейін шығыстану ғылымының, соның ішінде түркітанудың қазақ жерінде негізін қалаған зиялылар – алаш білімпаздары болды. Алаш қалам қайраткерлері мақалаларында, ғылыми-зерттеу еңбектерінде түркі халықтары және олар мекен ететін аймақ, қала, мемлекет жайлы құнды мәлімет ұсынды. Түркі халықтарының тарихынан, этнографиясынан, рухани мәдениетінен, әлеуметтік-экономикалық тұрмысынан қызықты деректемелер келтірді. Ағартушылық идеяны жоғары ұстанған алаш оқығандары осылайша

өзге жұрттың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени өмірін зерттегенде, алдымен туған халқының мүддесін ойлады. Бұл ізденіс нәтижесінен қазақ халқы сабақ алсын, өзінің болашақ даму жолына пайда көрсін деп есептеді.

Отандық түркітану ғылымының тарихында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлұлы, М. Тынышбайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Шоқайұлы, М. Жолдыбайұлы, А. Мамытұлы, Е. Омарұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлы, М. Мырзаұлы, Қ. Жұбанұлы, С. Сәдуақасұлы, А. Байтасұлы, т.б. алаш білімпаздарының есімдері міндетті түрде аталуы тиіс.

Түркітануды тілтанымдық, филологиялық ғылым деп түсінудің жаңсақ екенін қазіргі зерттеулер көрсетеді. Мұндай көзқарас патшалық Ресей билігі тұсында, және Кеңестік дәуірде ғылыми ортада ерекше үстемдік етті. Алаш оқымыстылары зерттеулерінде бұл ұстаным аңғарылмайды. Түркологиялық зерттеулермен ерікті түрде шұғылданған олардың еңбектерінде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, фольклоры, мекен ететін аймағы, саяси-әлеуметтік жағдайы, экономикалық-шаруашылық тұрмысы, болашақ тағдыры жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ, олардың еңбектерінде түркі қауымынан шыққан батырлар мен билер, қоғам мен мемлекет қайраткерлері, ғалымдар мен оқымыстылар, өз ұлттарының тағдыры үшін күрес жолына барған азаматтар туралы да біршама мағлұмат бар. Осылайша, біз қазіргі дәуірде кешенділік сипатқа ие болған әлемдік түркітану ғылымының болашақ даму бағытын ғасыр бұрын алаш қалам қайраткерлері аңғарғандығын байқаймыз.

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының саяси көсемі, көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхан (1866-1937) еңбектерінде қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі халықтарының да тарихына қатысты құнды мәліметтер мол кездеседі. Қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі болып саналатын қайраткер еңбектерінде 80-нен аса газет-журналдың атауы көрсетіледі. Ә. Бөкейхан осы басылымдарды оқыған, олардың бәрін зерттеу жұмысы мен мақалалары үшін пайдаланған деп айта аламыз. Ол газет-журналдардың ішінде Қазан, Уфа, Ташкент т.б. туысқан түркі халықтарының ірі орталықтарында жарияланған басылымдар да бар.

Түркі халықтары ішінен Ә. Бөкейхан: Анадолы түріктері, әзірбайжандар, татарлар, башқұрттар, қырғыздар, өзбектер, хакастар, алтайлықтар туралы мәліметтер жазып қалдырды. Мысалы танымдық «Хакас» атты материалда мынадай дерек келтіреді: «*Хакасы являются тюрками. Они проживают вдоль рек Уйыс, Шолым, Абакан, являющихся притоками Оби и Енисея. В Енисейской губернии, в Минусинском уезде, всего в семи волостях сейчас их около 50 тысяч. Отличие в наших языках заключается в том, что в нашем языке есть слова арабского и персидского происхождения, тогда как у них присутствуют слова из монгольского языка*». Ә.Бөкейхан хакастардың тұрмыс-тіршілігі,

өмір салты, шаруашылық кәсібі, мәдени-ағарту өмірі жайында танымдық ақпарат ұсынады. Хакас жерінен Катанов есімді ғалымның шыққанын, тіпті оның Сагай руынан екендігін жазады.

Отандық түркітану ғылымының бастауында ұлт ұстазы, алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1937) есімі ерекше құрметпен аталады. Ол ұлттық қоғамдық-гумманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімі, әдебиеттану, түркітану салаларының негізін қалап, болашақ қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Ғылыми-әдістемелік еңбектерімен қалың қазақ арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеген А.Байтұрсынұлы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болып келді. Түркітанушы ғалым Т. Қордабаев алаш ағартушысы жөнінде былай деп пікір білдіреді: «А. Байтұрсыновтың ғасырымыздың бас кезінің өзінде-ақ әйгілі түрколог ретінде таныла бастағаны, академик Самойловчтің оны профессор деп атағаны мәлім. Басқа түркі республикаларының көпшілігінде жергілікті халық тілін зерттеушілер орыс түркологтары болғаны, қазір де солар басшылық ететіні белгілі. Ал үстіміздегі ғасырдың басынан бастап, қазақ тілін зертетуге орыс түркологтарының бірде-бірі араласқан жоқ. Араласпау себебі, олардан аспаса, кем түспейтін А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов сияқты ұлт кадрлары болды. Бұл – мақтанғандық емес, ақиқат шындық. Өз кезінде түркі республикаларында А. Байтұрсыновпен бой теңестірерлік филолог саусақпен санарлықтай ғана болатын».

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш іргелі ғылыми еңбек саналатын Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітапшасы Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді. Еңбектің «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде қазақ тілінің ерекшелігі және оның түркі тілдерінің құрамдас бір бөлшегі екендігі айтылады: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл... Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы».

А.Байтұрсынұлы, сонымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін қалады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихы үлкен екі кезеңге бөлініп қарастырылды: 1) Діндар дәуір; 2) Сындар дәуір. Ұлттық әдебиетіміздің эволюциялық даму жолын, көркемдік-жанрлық ерекшелігін, танымдық-эстетикалық белгісін толық сипаттап аша алмаса да, бұлайша екіге бөліп қарастырудың өзін біз осы салада жасалған алғашқы тәжірибе, болашақ ізденістерге бағыт-бағдар деп бағалаймыз.

Қазақ әдебиетінің тарихы, оны дәуірлерге бөлу туралы жалпылама пікір XIX ғасырда жасаған орыс оқымыстыларының еңбектерінде, сондай-ақ Ш.Уәлиханов туындыларында кездесті. Ал қазақ тілінде мұндай алғашқы ізденіс алаш дәуірінде жүргізілді. Қазақ әдебиетін кезеңдерге бөлуге талпыныс жасаған алғашқы ғылыми көзқарас «Қазақ»

газетінде жарық көрген Райымжан Мәрсекұлының (1879 – өлген жылы белгісіз) «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында ұшырасты. Бұл еңбекті таза ғылыми зерттеу деп танымасақ та, қазақ әдебиеттануында әдебиет тарихын дәуірлерге бөлуге арналған тұңғыш мақала деп білеміз.

Қазақ әдебиеттануы ғылым ретінде қалыптаспаған, ұлттық баспасөз үлгілері енді ғана шыға бастаған кезеңде жазылған алаш оқымыстысы Р.Мәрсекұлының мақаласында ұлт әдебиеті мынадай үш кезеңге бөлініп қарастырылады. Оның алғашқысы – ескі заманда ғы қазақ ішіне жазу тарамаған уақыттағы әдебиет, екіншісі – жазу тараған дәуірдегі мұра, үшіншісі – Абайдан кейінгі кезеңдегі әдебиет. Әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты жасалған алғашқы тәжірибе кейінгі уақытта көркемдік-жанрлық тұрғыдан толысқан әдебиетке де, салалана түскен әдебиеттану ғылымына да өз ықпалын тигізді.

Қазақ халқының тарихын ортақ түркілік дәуірден бастап зерттеу керектігін, оны дәуірлерге бөлгенде түркі халықтарына тән кезеңдерді атап отырып зерттеген үлкен оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері – Мұхаметжан Тынышбайұлы (1879-1937). Ғалымның төменде аталған еңбектерінде қазақ халқының және бірқатар түркі халықтарының ортақ түркі дәуіріне байланысты кезеңінен деректер ұсынылады: «Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории киргиз-казакского народа», «Материалы к истории киргиз-казакского народа», «Киргиз-казаки в 17 и 18 веках» (дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа»), «Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда», «Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях», «Краснореченские развалины и город Баласагын», «О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка)», Кок-суйские развалины и город Кайлак (Койлык), «Газовая война у монголов в 13 веке».

Алаш дәуірі қалам қайраткерлері ішінде өз еңбектерінде түркітану мәселелерімен айналысқан ғалым, ағартушы – Халел Досмұхамбетұлы (1883-1939). Санкт-Петербург Әскери-медициналық академиясын бітірген қайраткердің түркологиялық бағыттағы зерттеулеріне алдымен «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы мен «Диуани лұғат ит-түрік» деген мақаласын көрсетеміз. Х.Досмұхамбетұлы мұрасын жинап, зерттеген тілші-ғалым Ғ.Әнестің көрсетуі бойынша, аталған еңбектерден басқа бірқатар шығарманы да анықтауға тиістіміз: «Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала әліпби ауыстыру мен термин (пән) аталарын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер-ғалым, ең алдымен қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады».

Ғалым, сонымен қатар, өз еңбектерінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, түрік және басқа да түркі халықтарының тарихына, ауыз әдебиетіне, тіліне қатысты маңызды ой-пікірлер қалдырды. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» атты ұлы еңбегі туралы қазақ тілінде тұңғыш зерттеу жазды. Әйгілі сөздіктің Стамбулдан шыққан нұсқасы туралы маңызды дерек келтірді.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, баспагер, әдебиет сыншысы, лингвист, аудармашы Нәзір Төреқұлұлы (1892-1937) қазақ, өзбек, тәжік, орыс тілдерінде жарияланған мақалаларында қазақпен бірге, түркі халықтарының да тарихы туралы құнды мәліметтер қалдырды. Мысалы орыс тілінде жарияланған төменде көрсетілген еңбектерінде Қазақстан және Орта Азия аймағын мекен ететін халықтардың тарихы жайында қызықты деректер ұсынады: «Кокандская автономия», «Туркестанская автономная республика», «Отзыв на книгу В.Бартолда «История Туркестана», «К вопросу об антирелигиозной пропаганде на Востоке», «Словарь хорезмшахи», «К вопросу о латинизации тюркских алфавитов», «К вопросу о латинском алфавите среди тюрков СССР», «Список народностей СССР», «Выступление Н.Тюрякулова на Первом Всесоюзном тюркологическом съезде», «Доклад Н.Тюрякулова на Первом пленуме Всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку» (3-7 июня 1927 г.).

Академик, шығыстанушы ғалым В.В.Бартольттың «Түркістан тарихы» атты кітабы туралы Н.Төреқұлұлы мынадай сын жазады: «Небольшая книга В.В.Бартольда представляет собой конспект лекций по истории Туркестана, читаемых им на историко-филологическом факультете Туркестанского Университета в 1920-1921 гг.…позволяет читателю, умеющему самому делать выводы, разгадывать многое в настоящем… Другой пробел, на наш взгляд, заключается в том, что академик В.В.Бартольд мало остановился на XV–XIX вв. истории Туркестана. Между тем это полоса (развитие Кокандского ханства) особенно была бы интересна для читателей: она дала бы ему некоторый ключ к пониманию межнациональных отношений в Туркестане, их развитию при свете истории». Әрі ғалым, әрі мемлекет қайраткері болған Н.Төреқұлұлы жеке аймақтың тарихын жіті зерттеу қажеттілігін жақсы түсінді. Себебі тарихты терең танығаннан кейін ғана адамдар арасында бүгінгі күн қарым-қатынасын, әсіресе түрлі ұлттар арасындағы қилы байланыстарды салиқалы жүргізуге болады деп білді.

Алаш оқымыстысы Қошке Кемеңгерұлы (1896-1937) Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыған жылдары түркологиялық бағытта ізденіс жасады. Шығыстану факультетінің түркітану кафедрасында А.Шмидт, М.Гаврилов, А.Дубсон сынды белгілі шығыстанышы мамандардан білім алды (1928-1930). Ғалымның түркі халықтарының тарихы туралы жазған негізгі еңбегі – «Бұрынғы езілген ұлттар» кітабы (1924) [10, 77-128 бб.]. Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан жарық

көрген зерттеуге Ә.Бөкейхан редакция жасады. Кітапта: қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, татар, башқұрт, қарашай-балқар, чуваш, саха т.б. түркі халықтарының тарихынан деректер беріледі. Еңбектің құнды жері – оның мазмұнынан Ресей империясының отарына түскен аймақтар туралы қазақ ғалымының көзқарасы байқалады. Сол аймақтар өз азаттығынан қалайша айырылды? Оған нендей тарихи жағдайлар себеп болды? Азаттық үшін күрес жолы қалай жүрді? Ресей құрамында ол ұлттар қанша уақыт өмір сүрді? Бұратана халықтардың қосылғаннан кейінгі замандағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қалай өрбіді? Болашақта ол ұлттарды не күтеді? Осы сынды сұрақтарға Қ.Кемеңгерұлы жауап іздейді.

«Қазақ қызметкерлерін басқа ұлттармен таныстырайын деп жазып отырмын. Бұл кітаптың төрт аяғы түгел толық жазылмаса да, жоқтан бар жақсы. Аз да болса пайдасы тиер деген үміттемін»,– деген ескертуінде автордың туған халқының болашағына жанашырлығын байқаймыз. Өзге халықтардың үлгісімен танысқан қазақ қызметкерлері осы кітаптан туған халқының даму жолына ғибратты мысалды байқайды деп сенеді.

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасуына зор еңбек еткен белгілі ғалым, профессор, түркітанушы – Құдайберген Жұбанұлы (1899-1938). Ленинградтағы Шығыстану институтында білім алған Қ.Жұбанұлы сол жерде көрнекті түркітанушылардың дәрістерін тыңдады. Ол араб, парсы, орыс, түрік, моңғол тілдерін меңгерген. Академик А.Н.Самойлович жетекшілік еткен «Түркология семинарийіне» түскеннен кейін КСРО Ғылым академиясы Тіл және ойлау институтының аспирантурасына ауысып, осында Н.Я.Марр, Н.И.Мещанинов, А.В.Богородицкий сынды белгілі лингвист ғалымдардан оқыды. Ғалымның түркологиялық бағытта жасаған еңбектері осы күні біршама зерттелді. Ол жөнінде қысқаша былай түйіндеуге болады:

Қ.Жұбанұлы бірнеше түркі тілдерін біліп қана қоймай, сол тілдерде жазылған көркем шығармаларды оқып, түркі халықтарының классик ақын-жазушыларын талдаған. Оны ғалымның «Абай қазақ әдебиетінің классигі» атты зертеуінен байқаймыз. Еңбек 1934 жылы жазылғандықтан, оның ішінде әдеби мұраға байланысты идеологиялықтаптық көзқарастың барын түсінеміз. Алайда осы зерттеуден біз оның авторының қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі әдебиетінің де білгірі екендігін көреміз. Өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, татар, башқұрт халықтарының әдебиетіне шолу жасап, татар әдебиетіне кеңірек тоқталады: «Татарстанда Абаймен бастас екі-ақ адам бар еді. Мұның бірі – Чиһабуддин Маржани, екіншісі – Қаюм Насыри. Еділ бойын басқан ескі фанатизм тұманының арасынан алғаш сәуле берген, татардың жаңа өсіп келе жатқан жас буржуазиясына мәдениет жөнінен жол ашпақшы болған XIX ғасырдың соңғы жарымындағы татар жанашырлары осы екеуі болған».

Түркі халықтарының басым бөлігі XX ғасырдың басында үлкен империялардың отар аймағына айналды. Ол – тағдырдың жазуы еді. Түркі халықтарының ішінде саны

жағынан екінші, мекен аймағы тұрғысынан бірінші орында болған қазақтар да сондай күн кешті. Біздіңше, алаш оқымыстылары түркі халықтарының тағдыр-талайын түсіне отырып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерттеп, олардың отарлық қамытын кию негізін танығысы келді. Сол отарлықтан қалай құтылудың амалын іздеді. Отарлықтан құтылып, өркендеген халықтар қатарына қосылуды арман етті. Қазақ халқының тарихын, тұлғаларын қарастырғанда, қазақпен туысқан тілегі бір, тағдыры ортақ түркі халықтарының да өткені мен бүгінін зерттеуді өздеріне мұрат санады. Ол ізденістердің қазақ үшін үлкен пайдасы болатындығына сенді. Себебі қазақ халқымен тұрмыс жағдайы бір, тағдыры жақын туысқан жұрттар да барын алаш зиялылары көрсеткісі келді. Азаттық үшін күрес жолында бірлесіп жеңіске жетудің мүмкіндігі бар деп ескертті. Сол күрестің негізгі амалы өзге халықтардағыдай жұрттың санасын оятып, ағартушылық жұмысын кеңейту екендігін айтты. Осы уақытта алаш ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров: Ана қырда татар тұр, // Басқалармен қатар тұр,– деп жазды. Туысқан татар халқының мәдениетке, оқу-білімге жақындығын айта отырып, сол жағдайды қазақпен салыстыра келіп, ақын өлеңінде туған халқының намысын оятуды көздеді. Бұл идея XX ғасырдың басында алаш қайраткерлерінің зерттеулерінде көрініс тапты. Алаш оқығандарының еңбектеріндегі түркі халықтарының тағдырына жанашырлық, болашағына алаңдаушылық, ағартушылық көзқарас қараңғылық ұйқысындағы қазақ қоғамына әсер етті. Қазақ намысын оятатын соның бір көрінісі мысалға келтірілген ақын өлеңінде айшықталды.

Қазіргі таңда отандық түркітану ғылымының бастауын сөз еткенімізде, туған топырағымызда түркологиялық ізденістердің алғашқы қарлығаштарын атағанымызда алаш білімпаздарының осы бағыттағы пікірлері мен пайымдауларын қаперден шығармауға тиістіміз.

§4 Алаш және Кеңес өкіметі: ұлттық мемлекеттілік мәселесі

Қазақ халқы ұлт-азаттығы жолында Ресейлік патша билігінің түрлі қиянатын басынан өткерді [Хрестоматия, 219-б.]. Алаш және Кеңес өкіметінің ұлттық мемлекеттілік мәселесіндегі саяси ұстанымдарына қайшылықтар тән. Кеңес билігі бастапқыда Алаш автономиясын мойындағанымен, уақыт өте келе ұлттық өзін-өзі басқару сипатындағы басты уәделерінен тайсақтай бастады. Алаш қайраткерлеріне саяси сенімсіздік көрсетіліп, қызметтері шектеуге алынды. А.Байтұрсынұлы «Киргизы и революция» мақаласында жазғанындай, олардың қызметтері заңнан тысқары деп табылды. 1920 жылы тамызда Алаш Автономиясының негізін қалаушы және басшысы (президент)

Ә.Бөкейхан Орынборға Қазақ Ревкомының қарамағына келу туралы ұсыныс алады. Ұлт көсемі ОГПУ НКВД тергеушісіне 1937 жылдың тамыз айында Бутырка түрмесінде берген соңғы жауабында «Алғашқы күндерден бастап біздердің алдымызда алашордалықтарды ВКП(б) және кеңес өкіметі органдарына енгізіп, кеңес және партиялық аппаратты өзіміздің ұлттық мүддемізге орай пайдалану міндеттері тұрды» деп жазуы тегін емес. Өйткені қандай жолмен болса да ұлтқа қызмет ету басты орында тұрды. Бұл ретте Қазақ АССР құрылуы алдында Мәскеуде болашақ Қазақ автономиясы және РСФСР арасындағы шекараны анықтау мәселесінде қызу талқылаулар жүріп жатты. Осынау тарихи істерде Алаш қайраткерлері қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуда, шекаралық аумағының межеленуінде тарихи қызмет атқарды [Хрестоматия, 219-б.]. Сол кездегі саяси ахуал да өте күрделі болатын [Хрестоматия, 220-221-бб.].

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері ұлттық мемлекеттілігімізді автономия түрінде жаңғыртқан ұлы тарихи жеңіске қол жеткізді. Алаш бағытындағы ұлт зиялылары үшін Алаш мемлекетінің Ресей буржуазиялық-демократиялық немесе кеңес социалистік (ақ немесе қызыл Ресей) елінің құрылымында Қазақ Советтік Автономиялы Республикасы деп аталуы маңызды емес еді. Ең бастысы Ә.Бөкейхан басшылығымен территориялық аумақтық тұтастығы межеленген мемлекеттің заңдастырылуына, заңды түрде мойындалып рәсімделуіне қол жеткізілді. Ол тарихи тұрғыдан алғанда болашақта біртұтас қазақ-қырғыз, қазақ-қырғыз-башқұрт немесе түркі-мұсылман мемлекетінің құрылуы түптің түбінде жүзеге асытын басым бағыт деп қарастырды.

Алаш қайраткерлерін қазақ автономиясының атауы, оның шынайы демократиялық ұстындары және кеңестік-социалистік мемлекеттік құрылым жүйесі бейжай қалдырғаны жоқ. Кеңес билігінің кейбір жүгенсіздігі, заңсыздығына Ә.Бөкейхан және үзеңгілестері жол бергендігін М.Шоқай барынша «айыптаған» ды. Иә, кезінде Ә.Бөкейхан В.Ленин ізбасарларынан бір кем түспейтіндей социализм идеясымен тереңірек айналысқаны бар. Өзінің бір мақаласында большевиктерді социализм идеясын сатты деп айыптауы тегін емес.

Бүгіндері зерттеуші ғалымдардың Алаш автономиялық ұлттық-демокартиялық атауынан Қазақ Кеңес Республикасы атауына ойыса отырып өзгеруіне мән беріп жүргендері шамалы. М.Шоқай деректеріне сәйкес, Мәскеудегі Қырғыз АССР туралы ережені дайындауға қатысқан ерекше өкілдің ұсынысымен және Кремльдің сөзсіз мақұлдауымен 1917 жылдың 13 желтоқсанынан 1920 жылдың 26 тамызына дейін Алаш атауымен өмір сүрген республика атынан «Алаш» сөзі алынып тасталды.

М.Шоқайдың оқиға ізін ала «Вольный горец» газетінің 1920 жылғы №57 санында басылған «Киргизская Советская Республика» мақаласында Алаш сөзінің мән-мағынасы кеңінен қарастырылды [Хрестоматия, 221-б.].

Алаш Орда көшбасшысы қазақтарға өздерінің байырғы жерлерін қайтару және ұлттық мемлекеттіктің территориялық тұтастығын қалпына келтіруде мейлінше маңызды еңбектерді қолына алды. Оны Ә.Ермекұлының НКВД тергеушісіне 1931 жылдың 31 маусымында берген жауабы растайды [Хрестоматия, 221-222-бб.].

Ә.Бөкейханның бұрынғы Алаш қайраткерлерінің жаңа билікке «бет бұрудағы» айқын белгі ретінде А.Байтұрсынұлының ВКП(б) қатарына өтуі деген мәлімдемесі назар аудартады. Нәтижесінде Қазақ (Қырғыз) Советтік Социалистік Республикасы құрылуының алғашқы күндерінен бастап кеңес өкіметінің маңызды органдарында ұлттық мүдде мәселесіндегі басты ұстындар Алаш зиялыларының қолында болды.

Кеңес өкіметі де саяси үгіт-насихат істерін жандандыруда аянып қалмады. 1920 жылы А.Байтұрсынұлының большевиктер партиясы қатарына өтуін Алаш элитасының Алаш идеясынан бас тартып, коммунистер ұстанымын қабылдаудағы жетістігі деп ұрандатты. Бұрынғы ұлт зиялыларын ВКП (б) қатарына тарту, қабылдауды насихат құралына айналдырды. Алайда кеңес өкіметі өз есептерінің қателіктерін ұғынып, 1921 жылдың қарашасында А.Байтұрсынұлын партия қатарынан шығаруға жанталаса асықты.

«Мен, Бөкейхан, қашанда ұлтшылдар үшін үлкен асқан бедел иесі едім және менің кез келген ұлтшылдық, кеңеске қарсы пікірлерім беделді нұсқау қызметін атқарды» деп мәлімдеді ол 1937 жылғы тамыздағы өзінің соңғы жауаптарының бірінде. Бірақ та Бөкейханың сондай «техникалық» қызметте жүруінің өзі Мәскеуді қатты алаңдатты. Қазақ (Қырғыз) АССР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Радус-Зенькович Орынборда 1921 жылы өткен I қазақ партиялық конференциясындағы сөзінде: «Ендігі сөз Бөкейханов туралы. Мен ол мәселеге Мәскеуде душар болдым. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің (ВЦИК) мүшесі Соколов жолдас менен Қырғыз Орталық атқару комитетінде «алашордашыл» Бөкейханов отыр ма деп? сұрады... Радус-Зенькович Ә.Бөкейханды «өлкенің үздік білгірі» екенін атап көрсеткенімен, оны қатардағы техникалық қызметте қалдыруға ниет танытпады.

«Оның ықпалы, – деп мойындады Қазақ (Қырғыз) АССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Радус-Зенькович «кадет Бөкейхановтың» республика үкіметі қызметіне шексіз ықпалына қатысты, – бұдан соң да қатардағы техникалық жұмысшы ретінде ықпал ете берер, алайда ол жергілікті жағдайға өте тез бейімделгіштігімен көмек көрсетуде. Ол қазақ тұрмысы, өлке тарихының нағыз энциклопедист білгірі. Оны ешқандай да кітап айырбастай алмайды. Әрине біздердің жіті бақылауымыздағы, жетекшілігіміздегі осындай жұмыскерлердің көп болғанын қалар едік».

Бірақ осы конференциядан соң яғни шамамен 1921 жылдың қазанында Ә.Бөкейхан Жер жөніндегі Халық комиссарияты алқасы (коллегиясы) мүшесі қызметінен шеттетілді. Семейге оралғаннан соң 1921-1922 жылы қысты туған ауылында өткізді [Хрестома-

тия, 22-бб.]. Кейін өзінің мұраттас серігі М.Дулатұлымен Семей облыстық кеңестік халық сотында (губсовнарсуд) еңбек етті.

Алаш және Кеңес өкіметінің ұлттық мемлекеттілік мәселесінде ортақ мәмлеге келуі мүмкін емес еді. Қалыптасып отырған саяси ахуалды елдік мүдде тұрғысынан шешуді ұстанған Алаш зиялылары ұлттық әскер құру мәселесіндегі ұстанымдарын жүзеге асыруда тізгін тартпады.

1918 жылдың 24 (ескіше 11 маусым) маусымында Алаш Орда Уақытша Бүкіл қазақ Кеңесінің (Үкіметінің) төрағасы Ә.Бөкейхан үкімет құрамында қорғаныс (немесе әскери) министрлігінің құзыры мен міндеттері жүктелген Әскери кеңес құру туралы заңнамалық қаулыға қол қойды. Қаулыда былай делінген: «Алаш Орда аясында үш кісіден жасақталған Әскери кеңес құрылып, оған Әскери министрліктің міндеттері жүктелсін және Алаш Орданың облыстық, ояздық бөлімдерінде облыстық және ояздық әскери кеңестерін құру құзыреті берілсін». Демек, біріншіден, 1918 жылдан бері қарай 24 маусым қазіргі Қазақ елінің тұңғыш тұрақты ұлттық қарулы күштері, ұлттық армиясы әрі тұңғыш Қорғаныс министрлігі құрылған күн. Екіншіден, Әскери кеңестің төрағасы болып тағайындалған әскери жоғары білімі бар офицер, капитан, 1919 жылы подполковник шенін алған Хамит Тоқтамысұлын (ресейлік мұрағат құжаттарында Тохтамышев) қазақтың тұңғыш Қорғаныс министрі деп атауға да толық тарихи негіз бар.

Әскери кеңес құру туралы заңнамалық үкімет қаулысын қабылдаған соң Ә.Бөкейхан Семей оязының земство басқармасы төрағасы Ахметжан Қозыбағарұлына жолдаған бұйрық нұсқау жолдады.

Алаш Орданың Әскери кеңесі аяқастынан құрылған жоқ. Алаш Орданың орталық Кеңесі мен облыстық бөлімдері іске кіріскен Семей, Торғай, Оралда атты әскер полктары жасақталып, казак офицерлерінің күшімен әскер өнеріне жаттықтырылды. Алаш Орда төрағасы Ә.Бөкейхан жеделхатында айтылғандай, Оралда офицерлер мектебі ұйымдастырылды [Хрестоматия, 223-б.]. Жалпы II Жалпы қазақ құрылтайының қаулысына сәйкес Алаш милициясы сапына 13 500 жауынгер шақырылуға тиіс болатын.

Алаш Автономиялық Республикасының уақытша өкімшілік орталығы болып белгіленген Алаш қаласында (1917 жылға дейін Семей іргесіндегі Заречная Слободка елдімекені) Ә.Бөкейхан қазақтың тұңғыш тұрақты ұлттық армиясының бірінші атты полкының салтанатты шеруін қабылдады. Ол туралы семейлік «Свободная речь» газеті «Қазақ жасағының келуі» атты шағын материалында былай деп жазды: «18 маусым күні түс ауа Алашқа (қала) қырда жаңа ғана жасақталған, нұсқаушы офицерлерімен бірге 500 адамнан тұратын қазақ атты келіп жетті. Жасақты Алаш қаласының тұрғындары түгел қарсы алды, оның ішінде земство өкілі келгендерге арнап сөз сөйледі. Қазақтармен бірге Алаш Орда Кеңесінің төрағасы Ә.Бөкейхан келді. Жасақ соғыс өнеріне үйренген және қаруланған» [Хрестоматия, 223-б.].

Арада тағы жарты жылдай өте 1919 жылдың ақпан айында адмирал А.Колчак бастаған «Омбы үкіметімен» арадағы келіссөз үстінде Алаш Орда төрағасы Ә.Бөкейхан: «Милиция мәселесінде сіз мені түсінбедіңіз. Біздің милиция – ол әскер (армия). Ол іс жүзінде бар...» деп мәлімдеді [Хрестоматия, 224-б.].

Алаш қайраткерлері қазақтың заңды атты әскерін жасақтауға, оны болашақ тұрақты ұлттық армияның негізі деп атауға 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі тұсында ұмтылды. Ол үшін қазақты әскери қызметтен мәңгілікке босатқан 1834 жылғы орыс патшасының грамотасын бұзып, Мемлекеттік Думада қазақты әскери қызметке тарту туралы заң қабылдату керек болды. Алайда бірінші орыс төңкерісі жеңіліске ұшырап, қазақ халқы сайлау құқынан айрылуынан алғашқы ұмтылыс нәтиже бермеді. 1914 жылы Ресей империясының I Дүниежүзілік соғысқа араласуына орай қазақтан дербес ұлттық қолбасылығы бар атты әскер жасақтау мүмкіндігі туғандай болды. «Қазақ» газетінің 1913-1916 жылдарғы сандарында қазақтан атты әскер жасақтау мәселесі қайта қызу талқыланды. I Дүниежүзілік соғыстың екінші жылында (1915 ж.) Ресей армиясы оқ-дәрі тапшылығына ұрынған кезде отаршыл империяның үкіметі мен парламентінде (Мемлекеттік Думада) қазақтан атты әскер жасақтау мәселесі еріксіз күн тәртібіне қойылды. Отаршыл империя қазақтан әскер жасақтап, қолына қару ұстатудан сескеніп, 1916 жылдың 25 маусымында бұратана халықтардың 19-дан 43-ке дейінгі азаматтарын I Дүниежүізілік соғыстың Батыс майданына қара жұмысқа алу туралы жарлық шығарды. Осылайша қазақтың ұлттық атты әскерін жасақтау туралы бастама екінші рет сәтсіз аяқталды. Бұл бастаманы жүзеге асыруға тек патшалық билікті құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мүмкіндік берді. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда жиналған I Жалпы қазақ сиезі аса маңызды екі тарихи қаулы қабылдады. Біріншісі, тұңғыш ұлттық саяси партия құру, екіншісі, «халық милициясы» деген бүркеніш атаумен ұлттық армия жасақтау туралы қаулылар болатын [Хрестоматия, 224-225-бб. Фото құжаттар].

1916 жылғы патша жарлығына қарсы ұлттық наразылықтарды жаншудағы отаршыл жазалаушы әскерлердің панасыз, қорғансыз жұртқа жасаған зорлық-зомбылығы қазақ қоғамында қордаланған түйінді әлеуметтік мәселелерге көз жеткізе түсті. Заман ахуалын жіті аңғарған қайраткерлеріміз «Қазақ» газетіндегі «Әскерлік мәселесі (Қарқаралы уезінен)», «Тағы әскерлік мәселесі», «Орынбор, 8 июль» және т.б. мақалаларында «қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жасақ асынып мемлекетті қорғауға лайықты еді, қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз» деген пайымдарымен ұлт әскерін құрудағы көңіл-күйін білдірді. Ол қазақ елінің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қорғайтын дербес әскери құрылым жасақтаудың пісіп-жетілгенін аңғартты.

Алаш әскерін құру мәселесі ең алғаш 1917 жылығы Бірінші Жалпықазақ съезінде көтерілді. Сиез бағдарламасындағы «Халық милициясы» бөлімінде «IV. Халық милиция-

сы. Осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын» деп жазылды. М. Дулатұлы дайындаған «Торғай облысының қазағынан милиция алу тәртібінде» («Қазақ» газеті) ең түйінді деген 18 бөлім қамтылды. Онда «Алаш Орда бұйрығы бойынша Торғай облысының Алаш Орда бөлімі милиция алу туралы төмендегі тәртіптер шығарды:

1. Әрбір 25 үйден бір жігіт алынады. Үй саны 25-ке толмаса, жігіт алынбайды. Мысалы, бір ауылнайда 124 үй болса, 100-ден 4 жігіт алынады, 24 үйден алынбайды.

2. Милицияға алынатын жігіттің жасы 20-дан кем, 35-тен артық болмасқа керек.

3. Милицияға дені сау, мүшесінде кемшілік жоқ жігіттер алынады.

4. Бір үйдегі жалғыз жігіт алынбайды...7. Милицияға өздері тіленіп кірген азаматтар алынады... 9. Милицияға алынған жігіттер алты ай қызмет етуге міндеткер. 10. Милицияға алынған жігіттерге айлық қақы беріледі. Милицияға берілетін қақының мөлшерін Алаш Орда кеседі. 11. Әр ауылнайдан алынған жігіттерге ат, ер-тоқым тауып беру сол ауылдың өзіне міндет...» деп көрсетілді.

Екінші жалпықазақ сиезінде милиция яғни Алаш әскерін құру мәселесі күн тәртібіне енгізіліп қарастырылды. Халел Ғаббасұлы халық милициясын (әскер) құру туралы баяндама жасады.

1918 жылдың 18 маусымында Алашорда басшылары мен әскери жасағы Алаш (Семей) қаласына келіп кірді. Ертеңінде қаланың бас алаңына Алашорда әскері сапқа тұрғызылды. Уақытша Сібір үкіметінің Алашордамен одақтастығы бойынша әскерге жәрдемдесуге келген офицерлер тарапынан сәлемдесу рәсімі өткізіледі. Кездесуге Ә.Бөкейхан келуіне орайластырылып, Х. Тоқтамысұлының бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұран салады. Алаш атты әскерінің ақ түсті желбіреген туында «Жасасын Бүкілресейлік және Сібірлік құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу өрнектелді [Хрестоматия, 226-б.].

Ж.Аймауытұлы өлеңдері Алаш атты әскерінің жауынгерлік әнұранына айналды, әскери рух дарытты [Хрестоматия, 226-228-бб.]. Ғұмар Қараш «Күн туды» өлеңінде азаттықты сақтап қалу сыналар тарихи сәтте күшті ел болуғы жұмылдыру, Отанды қорғау мәселелерін жырлады [Хрестоматия, 229-б.].

Тарихшылар К.Нүрпейісов, М.Қойгелді, Б.Нәсенов, Е.Сайлаубай, М.Кенемолдин, Р.Нүсіпов, Д.Сүлейменова, Б.Мүрсәлім, жазушы Әнес Сарай еңбектерінде Алаш әскерінің тарихына қатысты құнды деректер берілген. Б.Әбдіғалиұлының «Войско Алаш. Казахские части в составе белой армии (1918-1920 гг.)» кітабы жарық көрді.

Большевиктерге қарсы күресте Отыншы Әлжанұлы, Қазы Нұрмұхамедұлы, Нұғман Сарбөпеұлы ерлікпен көз жұмды. О.Әлжанұлы қазасына байланысты азанама мақалада М. Дулатұлы «...Ұлты үшін өлімнен қорыққан жоқ, оқтан тайынған жоқ. Есіл ер Алаш жолында ғазез жанын құрбан қылды», Қ. Кемеңгерұлы «Ертеден ел қамын ойлап, Алаш

тілегін қолыңа шырақ қылып ұстап едің, сол шырақтан өміріңнің ақтық сағатына шейін айырылмадың» деп тебіренді [Хрестоматия, 230-б.]. «Сарыарқа» газетінде Қазы Нұрмұхамедұлын ақтық сапарға шығарып салу барысы көрініс тапты [Хрестоматия, 230-232-бб.]. С. Дөнентайұлы қызыл әскер оғынан қапыда мерт болған Алаш атты милициясының сардары Қазы Нұрмұхамедұлының қаһармандық ерлігін тебіреніспен жырлады [Хрестоматия, 233-б.].

* * *

Кеңес өкіметінің Алаш зиялыларына таққан айыптарының бірі Жапония елімен байланысты екені белгілі. Осы мәселеге назар аударайық. Тарих талқысындағы ұлтымыздың тұрлаулы тағдырын қолдарына алған Алаш зиялыларының жанкешті қызметтері, ғылыми еңбектері тәуелсіздік ұстындарын бекітуде барынша өзекті. Қазақтың жаңа тұрпаттағы мемлекетшіл реформаторлар толқыны халқымыздың рухани және саяси кемелденуіне қажетті келелі мәселелерін шешудің практикалық жолдарын нұсқады. Азаттыққа ұмтылған отар елдердің озық тәжірибелерін ой елегінен өткізіп отырған санаткерлерімізді жатқа тізгін бермеген Жапон мемлекетінің әлемдік дамуға құлаш ұрған саяси-әлеуметтік серпілісі, ұлттық сілкінісі айрықша қызықтырды.

«Алаш» бағдарламасы – жапондарды артта қалған феодалдық сегундар елінен небары 21 жылдың ішінде (1868-1889 жылдар аралығында) әлемнің ең дамыған қуатты мемлекетінің біріне айналдырған «Мәйди исин» (немесе «Мәйдзи жаңғыруы») бағдарламасының қазақша баламасы болатын.

Ұлт қайраткерлері 1904-1925 жылдары Күншығыс жұрты жетістігінің тәжірибесі мен тағылымына баса назар аударып, қазақ топырағында жаңғыртуды мұрат тұтты. Жапон феноменін отаршылдық ойранынынан арылу мұратындағы қазақ қоғамының мақсат-мүддесімен орайластыра бағамдады.

Жапон жасампаздығын қазақ халқының елдік мүддесімен тоқайластыра бажайлау саяси және рухани арнада қатар өрістеп отырды. Қазақ топырағында 1904 жылдан бастау алған осынау жасампаз үрдіс қызыл террор қысымы өріс ала бастаған 1926 жылдарға дейін толастағаны жоқ.

1904-1917 жылдардағы жапон тақырыбындағы ой-толғамдарда Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ғ.Бердіұлы (Бердиев), Мұхамедғали бин Ғабдрахман Оразбайұлы (Оразбаев) есімдері құрметпен аталады.

Әлихан Бөкейхан «Қазақтар» еңбегінде «Началась русско-японская война. Крестьянские начальники, желая проявить патриотизм, принялись собирать у подчиненных деньги в пользу раненых; по существу, это был принудительный сбор, который не вызвал в киргизах симпатий к правительству.

Телеграммы приносили вести о непрепывных японских победах. Степь, знавшая со слов бродячего апологета ислама о том, что все хорошеее и справедливее связано с исламом, и на опыте обрусительной политики также убедившаяся, что ничего хорошего не может быть вне ислама, – живо восприняло легенду о том, будто японцы – это те мусульмане, с которыми киргизы соединены родственной национальной связью. Последнее обстоятельство, по их мнению, подтверждалось сходством японских портретов с типом киргизских типов. Все это вызвало в них глубокий интерес к войне. В степь впервые стали проникать в большом количестве русские газеті: не говор уже о татарских…» деген байыптауымен қазақтардың жапондарға деген құрметінің саяси-әлеуметтік негіздерін ашып көрсетті.

«Қазақ» газетіндегі «Жауап хат» мақаласында да Қыр перзенті тіршілік таласындағы жанкешті жұрттың жаһитшілдігін жеріне жеткізе баяндайды. «Мал һәм егін шаруасы отырған, көшкеннен болмайды, жеріне, жерінің һауасына қарай болады, тағы өзге неше көп себеппен шаруа өзгертіледі. Жапон жұрты бір үй болып шелекке дәреттеніп, таң ата сатып жібереді, бұл күріш егетін жерді қуаттандыруға керек. Жапонда адам тезегі де ақша. Мұнда кісі қызмет қылмаған алақандай жер жоқ. Мұнда жаһитшіл болмасаң аштан өлесің»

Халел Досмұхамедұлы Санкт Петербургтен Қазан қаласындағы Ветеринар институтының студенті Ғұбайдолла Бердіұлына (Бердиев) 1904 жылы 7 қазанда жазған хатында «…Когда подумаешъ, что кроме тебя, десятки или даже сотни киргизовъ получаютъ высшее образование, то приходитъ къ всяческимъ, что и этотъ народъ способенъ къ труду, къ прогрессу, что и онъ, может бытъ когда-нибудъ займет в мировомъ господстве одно изъ почетных местъ, что и онъ можетъ сделаться второй Японией…» *((17) О студ. Военно-медицинской академии Халел Досмухамедович Досмухамедова // Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессова над алашевцами. В 3 Т./ – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. Т.1. – 2016. 119-стр.)* деп қазақ жасампаздығына сенім артты.

Ғұбайдолла Бердіұлы (Бердиев) «Қазақстан» (1911-1913) басылымның ел өміріндегі маңызын «Хұрматлу басқарушы» мақаласында «Өлген кісі болмаса, тірі кісі оянса керек. Түңілу жол емес, үмід көб. Ел көзсіз емес, аз да болса көзі бар. Ел елдігін етер. Халықты оятушы – газет» деп айқындаған болса, осы газетте Жапон өнегесі тұңғыш рет сөз болды. Атап айтқанда, Мұхамедғали бин Ғабдрахман Оразбайұлы (Оразбаев) «Алаштың азамадтары!» мақаласында «Мұсылманша оқы, орысша оқы, йапонша оқы, әйтеуір оқы, ғұмырды бос өткізбе, тек жату жарамайды» деген пікірімен ұлттық өркендеуде Алаш зиялылары үлгі етіп алған Жапония жолын ұстану бағытына қолдау білдірді *(Қазақстан. – Орал, 2015)*.

Міржақып Дулатұлының «Жұмбақ» (1907) мысал өлеңінде орыс-жапон соғысындағы отаршыл Ресей озбырлығы әшкерленді. Бодан ел өкілінің қияндағы мемлекетке іш тар-

туынан секемденген патшалық жандармерия қаһарына мінеді. «1911 жылы 19 қыркүйек күні Орынбор губернаторы баспасөздің Бас басқармасына жазған хатында Міржақып жөнінде былай деп жазған еді: «Жұмбақ» атты мысалында ұлы мәртебелі императорды қорлайтын қорытындылар жасайды».

1918-1926 жылдар бедерінде жапон халқының білігі мен болмысын, тарихы мен мәдениетін, білімі мен ғылымын зерделеу «Абай» (1918), «Темірқазық» (1923), «Сана» (1923-1924) журналдарындағы Ж.Аймауытұлының «Ұлтты сүю» (1918), С.Торайғырұлының «Социализм» (1918), М.Әуезовтің «Жапония» (1918), Әміржан Сыдықұлының «Қазақ елінде мектептер қалай құрыла бастау керек» (1923) мақалалары, Ә.Найманбайұлының «Алашқа» (1918) дастаны, С.Сәдуақасұлының толық аяқталмаған «Сәрсенбек» (1922-1925) романы, Е.Омарұлының «Қазақ тарихынан» (1922), Қ.Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» (1924), Т.Шонанұлының «Қазақ жер мәселесінің тарихы» (1926) еңбектеріндегі ой-толғамдарында толастаған емес.

Ұлтты сүю, ұлтқа адал қызмет етудің әлемдік өрнегін үлгі еткен Ж.Аймауытұлы «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері» деп сөз бен істің үйлесімі ғана елді өрге сүйрейтінін санаға сіңірді. Ал С.Торайғырұлы туған халқының рухани кемелділікке жетудегі Күншығыс жұртының тағылымын «...Солай болған соң тегіс жұмыла кіріссек, 25-30 жылда Европаның білгенін біліп, Европа қатарына қосылып кете алуымызға тарихтан япондар мысал болса керек. Мұнан 58 жыл бұрын 1860 жылдағы япондар жайының осы күнгі біздің қазақтың жайынан неменесі артық еді? ...Япондар осындай халінен 35-40 жылда ержетіп Европа халіне кірді...» деген өрелі ойымен өрлеу мен өркендеу жолында атқарылар істердегі қазақ жігерін жаныды, намысын қамшылады.

Жапония тақырыбын тікелей арқау етіп арнаулы мақала жазған Мұхтар Әуезов талдаулары осынау жанкешті де жасампаз ұлттың болмысына, жан әлеміне тереңдей енуімен оқшау тұрады. «Японияның алға басу жолындағы тағы бір көзге көрінген мінездері – басшылары, білгіштерінің арасындағы ұйым, береке. Бұлар біріміздің істемек бір мақсатымыз болса, сол мақсатымыз алдымен патшалықтың күшті болуына зиянды болатын болмасын. Екіншіден, халыққа ауырлық келтіріп алатын болмасын деп здеріне шарт қоятын. Осымен бұл күнде япония тура күшею жолында, ылғи іске жұмылған халық болды.

Япония халқы – тарамыс, жігерлі, зейінді жұрт. Бұл турасында Европаның Японияға таңданып айтатын мына бір сөзі бар: «Күнбатыс халқындағы бір мінез – жас күндерінде

адамдары зейінді, талапты болып келіп, үлкейген соң талабы азайып, зейіні солғындап, істен қала беруші еді. япония адамдарын жас күндеріндегі күн шығысқа тиісті зейінді талаптылыққа үлкейгенде күнбатыс халқының тарамыс ісшілдігін қосып алатын болды» – деп деген парасатты бағалауын тарлан тарихтың өзі дәлелдеп келеді.

М.Әуезов «Ғылым тілі» мақаласында да ғылым тілін жүйелеудегі жампоз халықтың жарасымды тіршілігін алға тартты: «Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ. Алдыңғы келе жатқан жұрттың жығылған жары, сүрінген томары кейінгінің бетін еріксіз бұрғызады. Өзге жолдағы істерінің оң, терісін қойып, осы тіл жолындағы орыс пен Японияларды істеген қаталары бізге айқын үлгі боларлық».

1923 жылы Мәскеуде жарық көрген «Темірқазық» журналындағы Әміржан Сыдықұлының (1898-1984) «Қазақ елінде мектептер қалай құрыла бастау керек» ғылыми-танымдық мақаласында өркениет өріне ұмтылған Жапон елінің білім берудегі жаңашыл қағидаттары байыпталды. «...Қай жұрттың болса да мәдениеті өз-өздігінен туып, бір-екі жыл ішінде көркейіп кетпейді. Халықтың мәдениетті болуы оқу жұмысын жақсы қоюмен табылады. Осы күнгі біздің халқымызды тарих жолымен тексеріп, басқа мәдениетті халықтармен салыстырып қарасақ, біз – 1860 нші жылдардағы жапон халқы қалпында екенімізді көреміз. Бірақ біздің мәдениетті жұрттардың қатарына қосылуымызға 60-70 жылдар керек деп ұғынуға болмайды. Басқа мәдениетті халықтардың көрсеткен ізі, өнер-білім, тәжірибесімен керек уақытта жетуіміз мүмкін. Россия Еуропаның күнбатыс халқының 300 жыл бойы мәдениетті ел болған дәуіріне жүз жыл ішінде жеткен. Қазір мәдениетті елдің бірі болып отырған Жапония 50-60 жыл ішінде мәдениетті ел болған. Біздің өзіміздің щаруамызды оқу жұмысымызды түзу қылып құрсақ аз уақыт ішінде жетілеміз».

«Қазақ елінде бастауыш оқу жұмысы қалай құрыла бастауы керек?» деген мәселеге жауап іздегенде автор XIX ғасырдағы Швеция, Франция, Америка бастауыш мектептерінің озық тәжірибелерін нақты мысалға алады. Аталған елдердегі бастауыш мектептер, оларда оқитын шәкірттер мен мұғалімдер саны, оқылатын пәндер, әр шәкірт басына шыққан шығын, жыл сайын салынатын мектептер көрсеткіштеріне байыпты саралау, талдау жасайды.

«Сана» (1923-1924) журналындағы «Қазақ-қырғыз білім комиссиясынан» берілген толғамда «Мәдениетті боламыз десек, жолымызды дұрыстап түзеп алып, бетімізді бір бағытқа салып, азық-түлігімізді түгендеп, ұзақ сапарға шығу керек» деп ұшқыр заманның талабына сай ұтқыр әдіс қолдану қажеттілігі Х.Досмұхамедұлының «Машинаның күші», «Миллион деген немене?», Ж.Аймауытұлының «Әдет заңы» проблемалық мақалаларында қарастырылды. Оларда «Шын азаттықты білім беретіні», «Жаңа әдетті жаңа түрткі, жаңа ояныс орнататыны» байыпталды.

Қазақ тарихынан жазылған алғашқы іргелі еңбектерде адамзат шежіресінің өткені мен бүгінгісін саралау, жапон құбылысының қыр-сырын жіті зерделеу талабы назардан тыс қалмады. «Ғылым төңкерісінің толқыны езілген халықтың дертіне ем болатынын халық сезуге тиіс» деп білген Елдес Омарұлы «Қазақ тарихынан» зерттеуінде «Ескі түркі халқы әуелде Алтай тауынан шығып, бүтін Орта Азияға тараған. Бұлардың жерінің шегі күнбатыста осы күнгі Русия, бұрынғы Салауан жерлері, Қара теңіз, оң тұста Кавказ, Гималай, Гендикуш таулары, моғол шөлдері, күншығыста Ұлы мұхит, Жапон теңіздері» деп жазды.

Қошке Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» (1924) кітабында «Негрлерден білімпаздардың шығуы, Жапонның Ресейді жамбасқа алып соғуы, бұратаналардан әлеуметшілердің шығуы оқымыстылардың ойын өзгертті. Тұқым басқалығы мәдениетке бөгет емес» деп түйсе, Телжан Шонанұлы «Қазақ жер мәселесінің тарихы» (1926) еңбегінде «Өзі зат өндіруге мол қатысы бар капиталды – кәсіпшіл капитал дейді. Бұл капитализмнің соңғы түрі һәм саудашыл капиталдың ізінен майданға шығып, оның әзірлеп қойған орнын басып, өмір сүретін түрі. Европа, Америка, Жапония һәм басқалар осы күні промышленный капитализм сатысында тұр» деген ойымен жапон елі дамуының экономикалық тетіктеріне үңілді. Алаштанушы Томохико Уяма атап көрсеткеніндей, «Меніңше, жапондықтар мен алашордалықтарды елдің экономикалық және мәдени, рухани ахуалын қайтсек көтереміз деген ойы ортақтастырды.

«Алаш туының атағы айқындалып, ай астындағы халықтардың туларымен бірге желкілдеуіне» тер төкккен «Сарыарқа» (1918) басылымындағы М.Әуезовтің «Оқудағы құрбыларыма», М.Тұрғанбайұлының «Құралсыз күн жоқ»» мақалалары, С.Торайғырұлының «Е, дүние!», «Шәкірт ойы» өлеңдерінде «...халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу» жолдары екшелді.

«Жас азамат» (1918) газетіндегі редакциялық «Саясат күйі», «Ел шаруасы», Қ.Кемеңгерұлының «Бүлінгеннен бүлдіргі алма», Әбдісәметтің «Оқу», С.Сәдуақасұлының «Өмір үшін күресу» проблемалық мақалаларында жаһан елдерінің өнер-ғылымға ұмтылысы, жетістіктеріне екпін жасалды. Мәселен, Қошке Кемеңгерұлы «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» мақаласында «Осы күнде Күнбатысты қорқынышқа түсіріп отырған Күншығыс халықтарынан Қытай мен Жапония Күнбатыстан үлгі-өрнекті көп алды. Бірақ, Күнбатыстың рухани мәдениетін арам астай көріп, өзіне алмайды. Онымен Қытай, Жапония халқының мінезі бұзылып, Европа үкіметтерінен артық қан төгіп, жетім-жесірді жылатып отырған жері жоқ» десе, Әбдісәмет «Оқу» мақаласында нәсілшілдік, ұлттық кемсітушілік зардаптарын, Европацентризм танымындағы қасаңдықты сын тезіне алады. Алаштың алға басып өркендеуі, өнерлі халықтар қатарына орын алуына қатысты қайшылықты пікірлерді саралайды. Қаны таза тектінің сойы Алаш баласының ілгерілеуін Жапония елінің тағылымы тұрғысында жаңа бір қырынан пысықтайды.

«Сары тұқым туралы Европаның теріс пікірін өзгерткен Жапония. Бүкіл Азияны жұтам деп тұрған Россияны Жапония жанбасқа ала соққан соң, тұқым [нәсіл] оңдылығы бос сөз болып қалды. Қолайлы ...шылдары кісінің .... қолы болып, жас балаша әлсіз тұрған техниканың (білімді іске асыру) жетілмеген заманында себепкер болғанына ешкімнің де дауы жоқ. Бірақ енді болар елдің баласы балықтай жүзіп, құстай ұшып жатқан ХХ-сыншы ғасырда себепкер болмақшы емес. Өзінің жоғарғы ілімінің арқасында қолайсыз көрінгеннің бәрін іске жаратып, қолайлы қылып жатқан халықтар бар.

Қандай қолайлы жағдайда тұрып-ақ надандық батпағында батып жатқан халықтар да бар. Россияның Беларусь крайындағы елдер құнарлы күнбатыспен құшақтасып отырса да, неліктен жабайы шаруалықтан аса алмай отыр? Жапония көршісі Қытай надан болса да, неліктен құнарлы болып кетті. Бұрынғы теміржол, пароход жоқ уақытта көрші халықтар бір-бірімен [араласа алмайтын]. Енді Қытай мен Россияны аттап өтіп, Германиядан келіп Жапонияның білім алуы көршінің бұрынғы бағасын жойып отыр».

«Жас азамат» газетінде осыдан бір ғасыр бұрын айтылған «Мемлекет билігі таз қалыпқа түспей, бұқара билігі орнықса, «Алаш Орда» мен земстводағы басшы азаматтарымыз оқудың тез таралуына арымай-талмай қызмет етсе, жылында әр облыстан бір жігітті шет мемлекеттерден оқытып тұрса (биылғы жастар съезінің қаулысында арнайы жазылғандай, стипендия ашып, шеттен оқыту), біз 20-30 құнарлы халықтың санына кірер едік. Өзімізден инженер, механик, агрономдар шықса, қазіргі көп кедергілер жоғалар еді» деген пікірдің қазіргі Қазақстанның әлемнің дамыған азулы елдерінің қатарына ену стратегиясымен үндестігіне таң қаласың!!!

Өз кезегінде С.Сәдуақасұлы «Өмір үшін күресу» мақаласында «...Не іске болса да әдіс керек. Және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы. Мысалы: тұрмыс жөнінде ең әдісшіл Германиядағы немісті һәм әдіссіз біздің қазақты алайық. Екеуі де өмір үшін күреседі, бірақ неміс әдіспен күреседі һәм заманға қарай әдісін өзгертіп отырады. Сондықтан, екеуінің тұрмысында жер мен көктің арасындай айырма бар» деп нақты мысалдар негізінде өркениет көшіндегі Алаш жолының баянды болуының нақты бағдарын нұсқайды.

Редакциялық «Саясат күйі» мақаласында әлем елдерінің ғылым мен өнер, оқу мен білім интеграциясының жемісі мен жеңісі «...Жапония өнербілім, тәрбиені немістен алып еді. Неміс оны бізге көмек көрсетер ме екен...» деп түйінделеді.

Жапон өнегесін байыптауда«Ақ жол» басылымы да тартынып қалмады. «Жапония жөнін тауып келеді» атты мақалада «Азияда басқаға бағынбаған, басқаға күні түспейтін, қайта басқаларды құрық салып байлауға алатын бір-ақ ел бар – ол Жапония. Жапония Азияның қасқыры», «Азия, азиялықтардікі болсын!» деген ұранның туған жері Жапония» деген байыпты пайымдар жасалды.

Басылымдағы «Шегеннің» «Келешектің түрленуі» мақаласының көкейкестілігі ерен. Автор шет елде қазақ жастарын оқыту мәселесіне орай пікірін білдіріп, Еуропадан үлгі алған Жапония тағылымын ой талқысына салады. «Мысалы үшін, Жапония мен Түркияны неге алмаймыз? Жас жапондар, жас түріктер қозғалысын, олардың Еуропада оқығандары емей кім бастап еді? Біздің атқа мінерлеріміз оңғаны болсын, оңбағаны болсын, бәрі де орысша оқыған болса, ол екі халықтың атқа мінерлері Еуропада оқығандар емес пе? Өзіміз көрмесек те жақында барып, Жапонияны аралап, көріп келгендер айтып отыр: «дүние жүзіндегі мемлекеттерден Жапонияның ең артық жері, мемлекеттің ең жақсы үйлері барлық мектеп жұрттарына берілген» деп. Оның себебі белгілі: Жапон жұрты Еуропадан үлгіні бір күнде алып, сол мектептердің бәрін бір күнде салдырып, олардың ішіне білімді де бір күнде орнатқандай қылып отыр. Еуропа мемлекеттері өз ауанымен ілгерлеп, бір мектебінің үйі жақсы болса, екінші мектебінің үйі нашар болып келе жатса, жапон халқы мектептің бәрін бір күні базардан барып таңдап, сатып әкелгендей қылып отырған жоқ па?».

«Баспасөз ісіне өзгеше зер салу керек» атты мақалада да тілші Садықбекұлы «Һәр елдің мәдениеті қандай түрде болса да өз бағытына бөгеусіз өркендеуі үшін ең бірінші дәрежеде мәдениет жетекшісі болған матбуғат (баспасөз) істері жоғарғы басқышта болуы шарт.

Матбуғатсыз мәдениет мылқау. Оның тіліне халық, халық тіліне ол түсінісе алмайды.

Мәдениеті жоғары, мәтбуғаты бай елдердің осы күні бірі болып отырған Жапонияны алып қарасақ, өткен ғасырдың ғана ішінде мұхит теңізінің арасында жатқан тағы ел еді. Осы күнде Еуропа мемлекеттерімен терезесі тең болып, олармен бәсекеге түсіп, алдына шығып, ілгері басып жүруіне мектебімен мәтбуғаты себеп болған. Біздің қазақ-қырғыз халқы көзін ашып, ілгері басамын, шаруашылықты өркендетемін десе, осы бастан мәтбуғатқа жармасып, мәтбуғатты өзіне жолбасшы қылмаса болмайды» деп жазды.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде ғылыми-танымдық еңбектермен қатар жапон құбылысының терең қатпарлары шынай суреттелген көркем туындылар да жазылды.

Қытайдағы қандасымыз Нұржан Дәулеткелдіұлының ыждахатты ізденісімен рухани айналымға тыңнан қосылған Әсет Найманбайұлының «Алашқа» дастаны Алаш қайраткерлерінің Шәуешек сапарына орай туған ды. 1918 жылдың мамырында Қытайдың Шәуешек қаласына арнайы сапармен барған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Р.Мәрсекұлы, Ы.Жайнақұлы, С.Аманжолұлының елдік істерін қолдаған ақын Ә.Бөкейханның Қытай қазақтарына жазған үндеухаты табыс етілген Шәуешектегі алқалы жиынға қатысады.

Әсет ақын:

«Меллетің көш бастарлық асылдары,
Ел үшін бойға біткен тасыр қаны.
Итан, Жапон үлгісін үйрете алсаң,
Торлаған түнек заман ашылғаны!
Отыз жылда оқумен өрге басып,
Жапония бала кеп туын тікті.
Жиырмасыншы ғасырдың жігерлісі,
Сыртқа шығар іштегі буған жүкті» (adebiportal.kz), –

деп ұлттық жаңаруға бастаған Алаш қайраткерлерінің тағылымды үлгі-өнегесін әлеуметке жеткізеді.

Ақын дастанында байыпталған жапон рухындағы елдік мәселелер мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының толық аяқталмаған «Сәрсенбек» (1922-1925) романында жаңғырды. Туынды кейіпкері Сәрсенбектің «Сен Жапония деген сөзді біліп айтасың ба, білмей айтасың ба? Қазақ Жапониядай болу үшін кемінде елу жыл керек. Жапониядай еркін, өз алдына тәуелсіз ел болу керек. Орыстың патшасы мен төрелері тұрғанда Жапония түсіне де кірмейді...» деген өзекжарды ойы сол бір асқарлы өмірлік мұраттың орындалуына қажетті тарихи алғышартарды тереңнен түйсінуден туындап жатты.

«Манадан бері үндемей отырған Асқар өкінішті жүзбен:

– Бәрі бұзылды! Барлық план, тып-тыныш, жап-жақсы болып келе жатыр еді. Бунт. Мыж-қыж! Жапония секілді оқып-жетіліп алып бірақ істейтін жұмысты кәкір-шүкір адамдар келіп, бұзды да жіберді, – деді.

Сәрсенбек ашуланған бойы Асқарға қарап:

– Сен Жапония деген сөзді біліп айтасың ба, білмей айтасың ба? Қазақ Жапониядай болу үшін кемінде елу жыл керек. Жапониядай еркін, өз алдына тәуелсіз ел болу керек. Орыстың патшасы мен төрелері тұрғанда Жапония түсіне де кірмейді. Бұл пікірді мезгіліне жеткенде айтайын деп жүр едім. Ту мезгілінен бұрын көтерілді. Мезгілінен бұрын айтуға тура келді, – деді.

С.Сейфулиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында «Үкімет бастығы Жанша отыр. Киімдері әдемі, орысша, әскери, жапонның жандаралы тәрізді...» деп жазылғаны бар.

XX ғасырдың басында жапон тілін меңгерген ұлт мамандары бой көрсетті. Ілияс Ахметұлы (Ахмедов) (1897-1938) Мәскеудегі Н.Нариманов атындағы Шығыстану инсти-

тутының жапон бөлімшесінде білім алса, Асылбек Сейітұлы (Сейітов) (1894-1937) жапон тілін меңгерді. Құдайберген Жұбанов жапон тілін зерттеуге ден қойды. Оны Ахмет Жұбанов «Сол жылдарда Құдайберген жапон тілін зерттеді. Оның себебін сұрағанда ол былай деп жауап беретін: «Қазақтың тілі, тарихы жөнінде қытай тілінде көптеген деректер бар. Оларды оқу үшін қытай тілін зерттеу керек. Ол өте қиын, көп уақытты керек етеді. Ал жапон тілі болса, о да оңай емес, бірақ қытай тіліне қарағанда ол недәуір жеңілдетілген және жапондықтар қытай тіліндегі ғылыми еңбектердің бірқатарын өз тіліне аударып алған. Мен сол тіл арқылы қытайдың қазақ туралы жазылған деректерін оқимын ба деймін» деп негіздейді.

Коммунистік идеология аяусыз жаншыған ұлт-азаттық идеямен бірге Жапон құбылысын екшеп отырудағы азатшыл саяси-әлеуметтік, көркемдік таным-білік қылбұрауға алынды. Ендігі кезекте бұл тақырыптағы кемел ой, келелі пікірлер «жапон тыңшысы» деп айыпталуға, атылуға бірден бір негіз болды.

Тек Мұстафа Шоқай редакторлығымен Парижде шыққан «Жас Түркістан» (1929-1939) журналында Жапония тақырыбында «Жапонияда тұрушы мұсылмандар және Токио ислам шағын ауданы» (Токиодо шығатын түрікше «Жапон тілшісі» журналының бірінші саны – 1931 жылғы апрель нұсқасынан алып басып отырмыз. Басқарма), «Жапонияда» атты бірнеше мақала жарық көрді.

Түйіндей айтқанда, қазіргі жаһанның алпауыты Жапонияның жаңару мен жаңғыру өнегесін Қазақ елінің өркендеу жолы тұрғысынан үлгі тұтқан Алаш зиялыларының озық ойлары өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Ұлт қайраткерлерінің саяси және рухани арнадағы реформаторлық қадамдары эволюциялық дамуымен түйінделгенде тәуелсіз мемлекетіміздің өркениет өріндегі тұғыры қазіргіден де асқарлы болары hақ еді. Тоталитарлық жүйе құрбаны болған Алаш ардақтыларының мемекетшілдік, елшілдік ұстанымдағы тұлғалық қасиеттерінен, іргелі ғылыми және классикалық әдеби мұраларынан нәр алып өскен жас өскіннің ұрпақтар сабақтастығын жаңа сапалық биікке шығарарына сенім мол.

Жалпы қоратандылап айтқанда, Алаш және кеңес өкіметінің ұлттық мемлекеттілік мәселесіндегі қайшылықтар Алаш автономиясының қазақ мемлекеттігін түбірлі қалпына келтірудегі реформаторлық қадамдарының эволюциялық жолмен аяқталуына мүмкіндік бергені жоқ. Большевиктер билігіндегі гуманистік және ұлттық идеяларға қарсы бағытталған саясатын қолдамаған Алаш қайраткерлері сталиндік қуғын-сүргінге алынды. Ұлт қайраткерлері коммунистік жүйеге қарсы рух биіктігін танытып, ұлтқа қызмет етудің саяси және рухани мектебін қалыптастырып кетті.

Әдебиеттер:

«Айқап». Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. / Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 368 б.

Абдыгалиулы Б. Войско Алаш. Казахские части в составе Белой армии (1918-1920 гг.). – Астана: Фолиант, 2017. – С.416.

Аймауытұлы Ж. Ұлтты сүю // Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. – 384 –б.

Алаш арыстарын неге «жапон тыңшысы» деп айыптады?. alashainasy.kz›Алаш үні›... -aryistaryin-nege-japon....

Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М. Қойгелдиев. 1-3 томдар. – Алматы: Алаш, 2004-2007.

Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. – 172 б., 31 б.

Бөкейхан Ә. Қазақтар. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясы, 2014. С. 38.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет., 155-163 бб.

Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. Құрастырушылар М.Әбсеметов, Г.Дулатова. Алғысөзін жазған Ж.Ысмағұлов Түсініктер. Түсініктерін жазған М.Әбсеметов. 366-367-б.

Әбдісәмет. Оқу // «Жас азамат» газеті. – 1918.

Әлихан Бөкейхан. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 784 б.

Әнес Ғ. Көрнекті түркітанушы. Кітапта: Түркі дүниесі. Ғылыми-көпшілік альманахы) Бас редактор – Ш.Ибраев. – Алматы: Интелсервис, 2013. – 836 бет., 716 б.

Әуезов М. Япония // Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. 160-161-б.

Жұбанов А. Өнегелі өмір // Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. 343-б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 256 б. , 171 б.

Жұмағұлов А. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферaты. – Астана, 2007.

Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған – ф.ғ.д, профессор. Д.Қамзабекұлы. – Алматы: «Алаш», 2005. 75-б.

Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Алаш, 2005. – 320 б., 81 б.

«Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ.Сахов.) Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.

Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991, – 256 бет., 6 б.

Қыр баласы. Жауап хат // «Қазақ» газеті / Бас редакторы Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопкдиясы» Бас редакциясы, 1998. 63б.

Омарұлы Е. Шығармалары.) Құраст. М.Шуақаев, А.Шаяхмет. – Астана. Фолиант, 2017. 116б.

Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған Д.Қамзабекұлы. – Алматы: «Алаш», 2003. 56-бет

Сыдықұлы Ә. Қазақ елінде мектептер қалай құрыла бастау керек?.. // «Темірқазық» журналының 2-3 саны: көмекші оқу құралы(құраст: А.Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. 73-б.

«Темірқазық» журналы, 1923 ж. № 2-3. / Букейхан А.Н. Полное собрание сочинений в 7 томах. – Астана: «Сарыарка», 2010. – 576 с. – VI том., 452-453 бб.

Торайғырұлы С. Социализм // Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. 97-98 б.

Тұрсын Х. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты: (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері). – Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. – 126 б.

Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, Қазақ университеті, 1993. – 224 с.

Тюрякулов Н. Многотомное собрание сочинений. – Алматы: «Ел-шежире», 2007. 2-том. – 240 с.

Тюрякулов Н. Многотомное собрание сочинений. – Алматы: «Ел-шежире», 2007. 2-том. – 240 с., 39 б.

Сұрақтар:

1. Алаш автономиясының қазіргі тәуелсіз Қазақстанның құрылуындағы тарихи алғышарттарын саралаңыз.

2. Алаш автономиясының ресейлік күштермен қарым-қатынасын қазақ жерінің тұтастығы тұрғысынан қарастырыңыз.

3. Алаш және Түркістан байланысы.

4. Алашорда үкіметін қорғаудағы Алаш әскерінің тарихи қызметі.

Тапсырмалар:

Алаш автономиясының сыртқы саяси күштермен байланысын талқылау.

«Алаш және Түркістан: рухани және саяси бірлік ұстанымы» тақырыбында реферат.

Алаш және кеңес өкіметінің ұлттық мемлекеттілік мәселесіндегі қайшылықтарынан пікіралысу.

Алаш әскеріне арналған әдеби шығармалармен танысу.

ҮШІНШІ ТАРАУ
ОЯНУ ДӘУІРІНІҢ РУХАНИЯТЫ

§1 Ұлттық баспасөз және елдік сана

Отаршылдық қысымдағы қазақ халқының намысын қамшылап, ояну ұранын көтеруде дәуір үні болған Алаш газет-журналдары тарихи қызмет атқарды. Бастауында «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902) тұрған қазақ басылымдарының ұлт мүддесін қолға алып, халқымыздың шын мәніндегі «көзі, құлағы және үні» (А. Байтұрсынұлы) болуы ХХ ғасырдың басынан басталады.

«Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902) сол кездегі патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының мақсат-мүддесін көздеп шығарылғанымен, қазақ руханиятының көкейкесті деп табылған тақырыптарын сырт айналып өткені жоқ [Хрестоматия, 234-б.].

Мемлекеттік Дума депутаты, елшіл тұлға Шаймерден Қосшығұлұлының қаржылай қолдауымен, Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының басшылығымен Санкт-Петерборда татардың «Үлфат» газетіне қосымша қазақтың «Серке» (1907) газеті жарық көрді.

Газетте ақынның ұлтты оянуға шақырған «Жастарға» өлеңі, отаршылдық жүйені айыптаған «Біздің мақсатымыз» мақаласы басылды. «Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правосының жоқтығы ызы мен кек тудырады... Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмсалады...» деп ұлттық мүддені басты орынға қойған елшіл басылымы патша цензурасының қысымымен жабылды.

Қазақтың алғашқы ұлттық газеттерінің бірі – «Қазақстан» (1911-1913). Басылымды шығаруға Шәңгерей Бөкейұлы, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйраұлы (Бұйрин), Бақытжан Қаратайұлы, Ғұбайдолла Бердіұлдары қажыр-қайраттарын салды. «Қазақстан» атауын тұңғыш рет ресми түрде қолданған газет халықты заман талабына сай ілгерлеуде жер жыртып, егін егуге, ғылым-білім жолымен өркендеуге үндеді [Хрестоматия, 234-б.].

Елеусін Бұйраұлы (Бұйрин) құрастырған «Ызың» жинағы да осы газетте жарық көрген саяси-әлеуметтік өлеңдер негізінде басылды. Жинақта Е.Бұйраұлының «Әу, қазақ!«, «Азаматқа« өлеңдері, орыс ақындарынан тәржімалаған көркем аудармасымен қа-

тар «Қазақстан« газетінде жарияланған Мағжан Жұмабайұлы, Ахметқалы Мәметұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Ишенғали Бейсенұлы өлеңдері берілді.

Ақын, қоғам қайраткері М. Сералыұлы редакторлығымен жарық көрген тұңғыш ұлттық журналымыз «Айқапта» (1911-1915) қазақ қоғамының маңызды тақырыптары қамтылған мақалалар жарияланды. Ел дамуына қажетті ділгір мәселелер көтерілді. Журнал редакторының «Қызмет иесі мырзаларға» мақаласында аталғандай, «Журнал шығарудағы мақсат – атақ шығарып, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды... Журналымызға «Айқап» деп есім бердік... Біздің қазақтың «Ай-қап!» демейтұғын қай ісі бар? «Қап» дегізген, қапияда еткен істеріміз көр болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды».

Журналда халықтың рухани жаңғыруы, өркениет жолымен өркендеуі, отырықшылық арқылы жерге ие болып қалу мәселелеріне баса назар аударылды. Мысалы, «Шәһар Троицкі, март, 1912 жыл» мақалада «...Біздің ілгері келешек күніміз де, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол...оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек, өнерлі жұртқа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды» деп жазылды.

Жер мәселесіндегі қазақ қайғысын шешудің оңтайлы жолдары М. Сералыұлының «Аштық хаһқында», «Келешек заманымыздың қамы», «Қазақ халқының мұң-мұқтаждығы», «Қазақ жастары», «Отырықшы болған қазақтар туралы», «Шәһар Троицкі, март, 1912 жыл» мақалаларында көрініс тапты. «Қазақ халқының мұқтаждығы» мақаласында жер мәселесі отырықшы болу талаптарымен сабақтастырылып, «Ау, жұрт! Ойланайық. Келешек заманымыз қалай болады? Заманға муафық іс істейік. Заманның соңынан біз қумасақ, заман бізді күтпейді» деп түйінделді. «Газет һәм журнал халық үшін екендігіне шек айту қиын. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі – халық арасында тарлған газет-журнал һәм кітаптардан білінеді» [Хрестоматия, 235-б.].

А. Байтұрсынұлы редакторлығымен Орынбор қаласында шыққан ұлттық қоғамдық, саяси және әдеби газет «Қазақ» (1913-1918) ұлт-азаттық, ағартушылық идеяларды көтеріп қана қоймай, оны нақты жүзеге асырудағы реформаторлық қадамдарымен Отан тарихында мәңгілік өшпес ізін қалдырды. Басылым халқымызды ұлтшылдық сезімде тәрбиелеп, Алаш идеясын санасына сіңірді. «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты атын» иемденген газет «ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет» және де «қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылым жарығында қазақ көзін ашып, өзінің қазақшылығын жоғалтпас және өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» (казахская культура) құрып, біржағынан «қазақ әдебиетін» (казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы», – деп осы жолда тарихи ерен қызмет атқарды. Алаш зи-

ялылары сол биік мұрат-мақсат биігінен табылуда қаны мен жанын жанпида етті. Патша цензурасына алынып, абақтыға қамалды [Хрестоматия, 235-б.].

Басылымдағы мақалаларда азаттық жолымен өркендеп, іргелі ел болудың, ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелері өткір көтерілді. «Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек. Дүниенің төрене қызыққандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық...» («Құрметті оқушылар!»). «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұртың өзі де жоғалады...» («Орынбор, 10 фебрал»). «Қазақ баласы, енді оянбасаң, мәңгіге шейін ұйқың ашылмай, қараңғыда, құлдықта, тстегеннің аузында, ұстағанның қолында кетесің» («Тарихи жыл»). «Тірі болсақ, алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» («Қазақ депутаттары»).

Басылым рухани жаңғыру мен жаңарудың, шеберлік ұштаудың үлкен мектебі болды [Хрестоматия, 235-236 бб.].

«Балапан» (1916-1918), «Бірлік туы» (1917-1918), «Сарыарқа» (1917-1919), «Ұран» (1917-1918), «Жас азамат» (1918-1919), «Абай» (1918), «Ақ жол» (1920-1925), «Таң» (1924-1925), «Сана» (1923-1924) газет-журналдары «Қазақ» газетінің елшіл рухты дәстүрін ұстанды.

«Бірлік туының» негізін қалаушы әрі редакторы М.Шоқай болды. Шығаруға Х. Болғанбай, С. Қожановтар атсалысты. «Иман күші», «Алаш автономиясы», «Тұла бойы қан сасиды», «Қазақ халқының дұшпандары», «Қоқан қырғыны», «Мұстафа хаты», т.б. мақалалармен большевиктік қанды қылмысты айыптаған газет кеңес өкіметі қысымынан жабылды.

«Сарыарқа» газетінің редакторы Х. Ғаббасұлы, Р. Мәрсекұлы болды. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ғ. Қараш, М. Дулатұлы, Ә. Ермекұлы, М. Тұрғанбайұлы, Р. Мәрсекұлы, Ж. Аймауытұлы, Х. Ғаббасұлының отаншыл рухтағы мақала, өлеңдері басылды.

Алаш Автономиясы жарияланған тарихи сәт қатталған Ә. Ермекұлының «Жасасын, Алаш, жасасын!» мақаласы жарияланды. Ә. Бөкейханның «Жалпы Сібір сиезі», «Мен кадет партиясынан неге шықтым?», Х.Ғаббасұлының «Мемлекет күйі», «Алаш Автономиясы», С. Торайғырұлының «Әлиханның Семейге келуі», М. Әуезұлының «Адамдық негізі – әйел», «Қайсысын қолданамыз», «Оқудағы құрбыларыма» мақалалары, Ғ. Қараштың «Алаш азаматы», С. Торайғырұлының «Алаш ұраны», С. Дөнентайұлының «Сарыарқа анамызға», Ж. Аймауытұлының «Алашқа», Б. Майлыұлының «Алашордаға» өлеңдері басылым маңызын еселей түсті.

Ғабдолғазиз Мұсағали редакторлығымен басылған «Ұран» газетінде Ғ. Қараштың «Ішкі Ордалық имамдарына», Б. Құлманұлының «Қазақ азаматтарына», Ж. Тілеп-

бергенұлының «Темірден» мақалалары шықты. Ғ. Қараш «Ұран» газетіне өлең арнады [Хрестоматия, 236-б.].

«Жас азамат» газеті Қошке Кемеңгерұлы, Біләл Малдыбайұлы редакторлығымен жарық көрді. Редакциялық «Жас тілек» мақаласында басылымның елдік мұраты жазылды («Жас азамат»). «Жас азаматтың» 1918 жылғы 16 желтоқсандағы басылымы редакция атынан «Екінші Жалпы қазақ съезінде алты Алаштың баласы түгел бас қосып, қазақ ұлтының келешектегі елдігіне негіз құрған тарихи 13 декабрь күн бүтін Алаш ұранды Қазақ өлкесіне құтты болсын!» деген құттықтаумен ашылды. Тұтас саны Алаш автономиясының бір жылдығына арналды.

«Жастар! Жүрек толқытқан шерді, ми толқытқан ойды жарыққа шығарып, майданға салыңдар!

Алда жүрген Алаш жолында аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өнеге алыңдар!» [Хрестоматия, 236-237-бб.] деп жаңа толқын жастарға сенім артылды. М. Жұмабайұлының атақты «Мен жастарға сенімін» өлеңі «Жас азамат» газетінде жарық көрді. Басылымдағы Ә. Бөкейханның «Қалай бірігеміз», М. Дулатұлының «Алаш құрбаны», Қ. Кемеңгерұлының «Бүлінгеннен бүлдіргі алма», А. Жанталиннің «Аш қазақ-қырғызға жәрдем беру туралы пікірім», С. Сәдуақасұлының «Өмір үшін күресі», М. Әуезұлының «Ескеру керек», Б. Серкебаевтың «Казак-орыс ойраны» мақалаларының дәуір болмасын танудағы маңызы зор.

М. Әуезұлы мен, Ж.Аймауытұлы негізін салған «Абай» әдеби журналы С.Шикібайұлы ұйымдастырған «Уақ қарыз серіктестігінің» демеуімен жарық көрді [Хрестоматия, 238-240-бб.]. Ш. Құдайбердіұлының «Ұлтшылдық туралы», Ғ. Қараштың «Жүгенсіздік адамға жөн бе еді?», М. Дулатұлының «Алашқа», «Байымбеттің» «Тұңғыш құрбан», Ж. Аймауытұлы «Ұлтты сүю», М. Әуезұлымен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар», «Абайдың өмірі һәм қызметі», М. Әуезұлының «Ғылым тілі», «Мәдениет һәм ұлт», «Япония», М. Тұрғанбайдың «Кооператив», «Ұлтшылдық» мақалалары, С. Торайғыровтың «Неге жасаймын?», С. Дөнентайұлының «Алаштың алғашқы құрбаны», Ж. Аймауытұлының «Ұран» өлеңдері жарияланды.

М. Шоқай редакторлығымен Парижде шыққан «Жас Түркістан» (1929-1939) журналы да елдік қасиеттерді сақтауда, ұлттық идеяны насихаттауда тарихи қызмет атқарды [Хрестоматия, 240-241-бб.].

Дәуір ұраны болған Алаш ұранды басылымдар халық санасына азаттық рухын сіңірді, ұлттық өркендеудегі жаһандық ғылым-білімнің маңызын насихаттап, өркениет биігінде болудың адастырмас жолдарын нұсқады.

* * *

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының көсемі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, көсемсөзші, аудармашы, жан-жақты энциклопедист ғалым Ә. Бөкейханның (1866–1937) ғылыми мұрасы жаратылыс құбылыстарын зерттейтін жаратылыстану және адамзат өмірі мен қоғамын зерттейтін гуманитарлық ғылымдарды, сондай-ақ бірқатар фундаменталды салаларын қамтиды. Оны шартты түрде жаратылыстану, әлеуметтік және техникалық деп жүйелеуге болады. Мысалы экономикалық бағыттағы ой-пайымдаулары жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың түйіскен жерін көрсетеді. Яғни ғалым өз еңбектерінде пәнаралық, кешенді зерттеулер жасағанын айта аламыз. Қайраткердің негізгі қызметі саяси-қоғамдық бағытта, әлеумет ортасында болғандықтан, ғылыми шығармашылығы да көбінесе гуманитралық ғылымдар бойынша жүргізілген. Яғни философия, тарих, ұлттану, әлеуметтану, саясаттану, қоғамтану, журналистика, өлкетану, тіл білімі, әдебиеттану, мәдениеттану, өнертану, педагогика, психология т.б. Дегенмен алаш білімпазының физика, химия, ботаника, биология, геология, астрономия сынды ғылым салаларында да ой-қорытындылары, пайымдаулары бар екендігі мәлім. Ағартушы Фламарионның «Астрономия» оқулығын қазақ тіліне тәржімалады.

Ә. Бөкейханның мемлекет қайраткері, ұлт көсемі тұрғысындағы өзгеше бітімдегі болмыс-бітімін жан-жақты ашу мақсатында өскен ортасы, тәлім-тәрбие алған айналасы, білім алған оқу орындары, қызмет істеген мекемелері, мүше болған ұйымдары қамтылып, азаматтық тұлғасы мен дүниетанымының қалыптасуына ерекше ықпал еткен қоғамдық өмірдің саяси-әлеуметтік мәселелері, отандық және әлемдік тарихта өшпес із қалдырған тұлғаларға қатысты мұрағат деректері мен мәліметтері жан-жақты толық жүйеленген кезде ғылыми мұрасы мейілінше айқындалады. Ғаламдық ойөріс ауқымындағы құбылыс іспеттес қоғамдық қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап, оның толысу және кемелденген кезеңдердегі мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық ізденістерінің реформаторлық қадамдарын айқындайтын іргелі еңбектері, өзекті мақалалары отандық ғылымның тарихында жоғары бағаланады.

Ә.Бөкейханның қазақ халқының рухани жаңаруы мен жаңғыруына қуат берген ұлттық және әлемдік әдебиет пен мәдениет, ғылым мен білімнің асыл үлгілерін зерттеп-зерделеу мен насихаттау, жариялау мен аударудағы қызметі орасан зор.

Ғалым еңбектерінде қазақ және жалпы адамзат тарихына қатысты қызықты деректер, құнды мәліметтер мол кездеседі. Оларда қасиетті пайғамбарлар, әйгілі тарихи және діни қайраткерлер, мемлекеттер, қалалар, тарихи аймақтар, жер-су атаулары, мерзімді басылымдар жайында танымдық-тағылымдық құнды ақпарат бар. Ә.Бөкейхан еңбектерін зерделеу арқылы қайраткердің жан-жақты терең білімін, меңгерген ғылым са-

лаларының кеңдігін, қызығушылық танытқан өзекті мәселелерін, мысалға келтірген тарихи тұлғаларын, мемлекеттерін, қалаларын, аймақтарын, оқыған газет-журналдарын, өзге де құнды мәліметтерді білеміз. Ғалымның терең энциклопедиялық білімін, парасат-пайымын, ғұлама ойын, оқымыстылық эрудициясын танимыз. Қайраткер өз еңбектерінде қай мәселеге ерекше назар аударды, қайсына қандай баға берді? Қай тарихи тұлғаның атын көп атады, қай жазушының еңбегін көп оқыды? Сол мәлімет ұлттық, елдік мүдде тұрғысынан қалай зерделенді? Міне, осындай аса құнды дүниені, біздің бүгінгі өмір-тіршілігімізге қажетті ділгір ақпаратты Ә.Бөкейхан мұрасын зейін қойып оқыған кезде таба аламыз.

Қымбат деректер арада ұзақ жылдар өтсе де, өз құндылығы мен зәрулігін жоғалтпады. Қайраткер көзқарасы бүгінгі елдігімізге, ұлттық рухани құндылықтарды сақтау жолындағы іс-әрекетімізге бағалы деп білемз. Ә.Бөкейхан мұрасын мұқият оқыған кезде біз білімімізге білім қосамыз, таным-түсінігіміздің көкжиегін кеңейтеміз. Ғалым есімі аталатын адамзат тарихындағы көрнекті тұлғалардың ұлы өнегесі, адам баласына әкелген пайдасы, немесе кейбірінің зұлымдығы нақты мысалдармен көрсетіледі. Ол мәліметтің барлығы қазақ жұртының тағдырымен сабақтастырылады, әрқилы байланыстырылады. Соның барлығынан қазақ оқырманы тағылым алсын, ой түйсін, білімін кеңейтсін, мәдени жұрттардың деңгейіне ұмтылсын деген пайымдаулар жасайды.

Бар ғұмырын қоғамдық-саяси күреске арнаған Алаш көсемі көп оқыған, көп ізденген. Өзінің ой-пікірін, мақсат-тілегін жеткізу үшін, қарсыласына идеясын дәлелдеу үшін, немесе оқырманға әсер етіп, оның көзқарасын өзгерту үшін дәйекті мысалдарды, нақты деректерді көп келтіреді. Оны біз Ә.Бөкейханның бойында көсемсөзшіге тән талант және ғалымға тән білгірлік сынды екі бірдей мықты қасиеттердің жинақталғандығынан деп санаймыз.

Тәуелсіздік кезеңінде қолға алынған Әлихан Бөкейхан мұрасының жиналуы, жүйеленуі зерттеліп болды деп айта алмаймыз. Тақырып бойынша ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, жекелеген мақалалар жазылып, монографиялар жарық көре бастады. 2016 жылы баспа бетін көрген С.Жүсіптің «Әлихан Бөкейхан: қазақ жерінің жоқшысы», «Әлихан Бөкейхан: аманат» атты екі томдық монографиясы алаш көсемінің негізінен өмір жолына, қилы тағдырына, қайраткерлігіне арналған. Ендігі кезекте Ә.Бөкейханның еңбегіне лингвистикалық, әдеби, тарихи, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық, философиялық, саясаттанушылық т.б. тұрғыдан тиянақты зерттеу жүргізілу керек. Мысалы, Ә. Бөкейхан қазақтан шыққан алғашқы кәсіби журналистің бірі дегенде, ол журналистикаға қатысты қай жанрлардың негізін қалады? Немесе шығармаларында аталатын тоқсаннан аса газет-журналдың барлығына қатысты мәлімет жиналды ма? Ішінде қазақ топырағында, Ресей Империясында, Еуропада, тіпті Америкада жарық көрген басылымдардың аты бар. Яғни Әлихан Бөкейханның

ғылыми-шығармашылық еңбегін толық қамту, ол туралы жазылған зерттеулерді түгендеу, мұрасындағы қозғалатын тақырып пен мәселені жүйелеуге көп уақыт, үлкен қажыр-қайрат қажет деп есептейміз. Бұл ненің белгісі? Бұл – Әлиханның телегей-теңіз білімінің бір ғана нышаны. Осындайда Алашпен, Әлиханмен тамсану дәуірінен Алашты зерттеу, тиянақты зерделеу кезеңіне көшуіміз керек деген академик С. Қасқабасовтың сөзі бәрімізге ой салады.

Алаштың мұрасы және оның көсемі Әлихан Бөкейханның өмірі мен ғылыми-шығармашылық еңбектері еліміз егемендік алғаннан кейін ғана зерттеле бастады. Оның саяси-идеологиялық объективті себебі болды. Алайда Алаштың, соның ішінде Ә. Бөкейханның атын мансұқтап, еңбектерін қалың оқырманға жеткізуге шектеу қойылса да, ардақты есімдер халық жадында, оның ыстық жүрегінде сақталып келді. Өйткені алаш қайраткерлерінің еңбектерінде қойылған ағартушылық мұрат, азаттық идея, көтерілген ұлы мақсаттар қазақ халқының тағдырымен тығыз байланыста болды.

Ә. Бөкейхан өз еңбектерінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Ресей Империясында және Еуропада жарық көрген мына секілді газет-журналдарды оқығанын айта аламыз. Бұл басылымдар қайраткер еңбектерінде аталады.

Газеттер: «Ақ жол», «Беднота», «Биржевые ведомости», «Бірлік туы», «Вахт» *(татар газеті),* «Вестник народной свободы», «Вперед», «Голос правды», «Голос степи», «День», «Донская речь», «Дружеские речи», «Дэйли ньюс», «Еңбекші қазақ», «Жұлдыз», «Зорька», «Известия», «Иртыш», «Қазақ», Мир Божий, Московские ведомости, Народный путь, Наша жизнь, Наше дело, «Новое время», «Новый путь», «Новь», «Око», «Омич», «Парус», «Перелом», «Печатное дело», «Пополоромано» *(Италия газеті),* «Правда», «Правительственный вестник», «Рабочее слово», «Речь», «Россия», «Русские ведомости», «Русские записки», «Русское знамя», «Русь», «Сарыарқа», «Свободная жизнь», «Семипалатинские областные ведомости», «Семипалатинский листок», «Сибирская жизнь», «Сибирский вестник», «Слово», «Сон», «Степная речь», «Степное эхо», «Степной край», «Степной пионер», «Страна», «Студенческая газета», «Сын Отечества», «Тәржіман», «Тілші», «Тіршілік», «Товарищ», «Трибуна», «Уақыт», «Ұран», «XX век», «Times», «Humanite»;

Журналдар: «Айқап», «Вестник Европы», «Жаңа мектеп», «Отечественные записки», «Право», «Русское богатсво», «Сәуле», «Сибирские вопросы», «Современник», «Сознательная Россия», «Темірқазық».

Тізімде Ә. Бөкейхан еңбектерінде аталатын басылымдарды ғана көрсеттік. Бұлардан бөлек қайраткер өзге газет-журналды да оқыды, олармен де жұмыс істеді дей аламыз. Мысалы тізімде *«Дала уалаятының газеті», «Киргизская степная газета»* көрсетілмеді. Ал Алаш көсемі өзінің шығармашылық жолын Омбыдан шыққан осы газеттен бастағаны мәлім. Ағартушының алғашқы мақаласы «*Дала уалаятының газеті*» жарық көрген

1889 жылы баспа бетін көрді. Немесе Уфадағы «Ғалия» жастарының *«Садақ»*, Омбыдағы «Бірлік» ұйымының *«Балапан»* қолжазба журналдарын қайраткер оқыды және оны шығармашылық жолында пайдаланды деуге негіз бар. Ә.Бөкейханның Омбыдағы «Бірлік» мүшелерімен кездескені тарихи шындық (1917). Қызылжардан шыққан қазақ жастарының тұңғыш газеті *«Жас азаматта»* (1918-1919) Алаш көсемінің мақалалары жарияланған. Сондай-ақ, қайраткер *«Кедей теңдігі», «Особое прибавление к «Акмолинским областным ведомостям», «Оренбургские областные ведомости», «Тургайские областные ведомости», «Известия Тургайского областного временного гражданского комитета» «Теңдік», «Шолпан»* сынды газет-журналдарда да еңбектерін жариялағанын білеміз. Осының бәрін ескергенде Ә.Бөкейхан пайдаланған басылым атауының саны жүзге таяп қалады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұнша басылыммен жұмыс істеген, өзінің ғылыми еңбектерінде, мақалаларында, шығармашылық жолында пайдаланған қазақ топырағында қайраткер болмады.

§2 Ұлттық әдебиет және елдік мұрат

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде ұлттық тегеурін мен елдік мұрат алдыңғы шепке шығады. Сондай-ақ осы кезеңде әдеби-рухани күш пен саяси қайраткерліктің біртұтасқаны байқалады. Мысалы, тұстастары «Абайдан кейінгі әдебиеттің ұйтқысы һәм жаңа кезеңнің басы» деп таныған А. Байтұрсынұлының ұлт-азаттық күрестің жуан ортасында жүруі, ақын-лирик М. Жұмабайұлының 1917 жылы Мәскеуде өткен Мұсылмандар съезіне қатынасуы және өзге де саяси шаралардан шет қалмауы, т.б. нақты тарихи фактылар аталған уақыт әдебиетін ұлттық-саяси қозғалыстан тыс қарастырудың біржақты болатынын аңғартады.

Ұлттық және елдік сарын – Ресейдің қол астында, яки бодандығында болған көп ұлтқа тән құбылыс. Соның ішінде қазақ ақындары отаршыл империяны әр түрлі бейнелеп, оның ұлттарды езуге құрылған кейпін дөп көрсетті. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ,
Самұрыққа қарлықты гой үні жетпей.
Қор қылып (тар қапасқа) қамап тастап,
Өлді гой бір босанар күні жетпей, –

деп жазса [Хрестоматия, 241-б.], Нарманбет Орманбетұлы:

Аждаһаның аузында
Айырылып қалдық қоныстан.
Берекелі мизам шықпай тұр,
Әлі бізге орыстан, –

дейді [Хрестоматия, 242-б.].

Екі басты, өткір тырнақты самұрық пен аузынан жалын атқан аждаһаның бейнесі әрі жаңа, әрі ескі бейне еді. Бір кездері беймарал жүрген жанның иығына қонып төбесін шоқитын самұрық һәм төтеннен төніп жұтатын аждаһа ел есінде ақиқат бейнеге айналуы – феникс феномені емес, әлімсақтан келе жатқан жауыздық пен аярлықтың метаморфозасы еді.

Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы «Қырық жылдан өтіп жасым...» деп басталатын имани-философиялық өлеңінде Алла тазарған адамға (лирикалық кейіпкер) түрлі жанның жүрегін ашып көрсеткенін жазады. Кезек Ресей монархына келгенде, ақын:

Алып келіп ақ патсаны,
Бауыздалған шығып жаны.
Жарып: «Көрші,-деді, – кәні».
Дедім мен: «Астапыралла!».

Іші толған адам тәні,
Баласы һәм зорайғаны,
Кейінің шықпаған жаны.
Дедім мен: «Астапыралла!» –

дейді [Хрестоматия, 242-246-бб.] . «Ойласаң, барша адамзат – туған бауыр», «Адамның бәрі – бір, болмайды аласы» сынды гуманистік пікір айтқан Шәкәрімнің орыс мемлекеттік жүйесінен имансыздықты көруінде негіз бар болатын. Мұндай имансыздықты үнді ақыны (яки санаткерлері) ағылшын өкіметінен байқады. Ал енді Шәкәрім ағылшынның, үнді ақыны ресми орыстың жайынан хабардар болса да, дәл бір-бірінің нақты ахуалды білетініндей жаза алмас еді. «Оятқан мені ерте – Шығыс жыры, Айнадай айқын болды әлем сыры, Талпынып орыс тілін үйренумен, Надандықтың тазарып кетті сыры» деген қазақ ақынында жалаң отаншылдық яки ұлтшылдық болуы мүмкін емес-ті.

Шәкәрім өлеңдерінде ұлт сөзі көп айтылмайды. Ол көбіне ел, халық, қазақ ұғымымен беріледі. Ақын халқын жиі сынайды. Шәкәрім сыны – Абай сыны секілді, жанашырлықтан, сүйіспеншіліктен, имандылықтан туған сын. Бұл ретте ол өз позициясын:

Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты.
Өлсем де ойын бөлемін,
Сөзбен салып азапты, –

деп жеткізеді.

«Сөзбен азап салу» – ұйқылыны ояту, ойсызды ойланту, тентекті тезге салу, қамсызды қамықтыру, адасқанға жол көрсету, имансызды тәубеге шақыру, торыққан мен қорыққанды жайландыру. Бұл – бейнелі тіркес. Жоғарыда келтірілген үзіндіден Шәкәрімнің ұлтын қалай сүйетіні ғана емес, елі үшін қайтіп күресетіні де аңғарылады. Сондай-ақ ақын ұлт ісін түзейтіндер түгесілмейтініне анық сенеді. Ол:

Алдыңғының соқпағын артқы түзер,
Ғылым деген нәрсе емес күдер үзер.
Мінін алып, міндіге мінсіз қосып,
Бұрынғыны жаңартып, жастар түзер, –

дейді. Шәкәрім ұғымындағы «ғылымды» біз бүгінгі осы атаудың беретін мағынасымен шатастырмауымыз керек. Ақын ғылым деп – білім мен жаратқанды түсіндірер түйсіктің тоғысқан тұсын, өмір мен имандылықтың ұштасқан жерін айтады. Біржақты «ғалымды» Шәкәрім пәншіл дейді.

Ұлттық-елдік мұрат Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының өн бойынан көрінеді. Ақын таланған жер мен ойрандалған елдің құныкері – ұлт намысын ойлаған ерлер деп санайды. Ел бірлігін жоғары қояды. Осы ретте ол:

Асқынды болып жара-жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым, –

деп жазады. Мәшһүр Жүсіптің ерге қоятын талабы қатаң. Бұлай болуы, сөз жоқ, қазақ жағдайынан туындаса керек.

М.-Ж. Көпейұлы да Шәкәрім сынды ұлт мүддесін жоғары қояды. Өзін халықтың қызметшісімін деп есептейді.

Алаш қозғалысының елшіл тегеурінді тұсын ақын Нарманбет Орманбетұлы «Аралға қонды суы жоқ» атты өлеңінде бейнелі түрде дәл жеткізеді. Осы шығармадағы «бір топ

қаз» – оқыған зиялылар, «жапырағы жоқ сазды жер» – Ресей империясы, «көп мерген» мен «аңдыған адам» – отаршылдық жүйе мен оның зорлықшыл аппараты, «ұя салған жері» – Қазақ елі, «сәуір» – бұйырар қолайлы шақ екені түсінікті. Нарманбеттің «мезгілсіз ұшқан бір топ қазы» А. Байтұрсынұлының «Жиған-терген» өлеңінде: «Қыс ішінде бірер қаз, Келгенменен қайда жаз» болып [Хрестоматия, 246-249-бб.] жаңғырады.

Ақын Нарманбет те көзі ашық замандастары тәрізді, ұлттың оянуына, шаһбаздардың соңынан еруіне мүдделі.

Ұйықтап жатқан алашты,
Оятуға қозғалық!
Абырой керек тірлікте,
Бар береке бірлікте,
Ала болып тозбалық, –

дейді ол «Ұран» атты өлеңінде. Адал ұлтшыл ерлерді іздеген ақын енді бір өлеңінде:

Ер қайда, шын шылбырын тартатұғын,
Тәуекелге қос қолын артатұғын.
Дұшпанға қанды сорған қарсы тұрып,
Жөн түзеп, жолбарыстай жортатұғын.
Қан қайда, ақ боп тамған ұрған кезде,
Жан қайда, мінін салған құрған тезге, –

деп жазады. «Ақ қан» – ақ жүрек секілді бейнелі сөз. Ол XX ғасыр басындағы поэзияда арагідік қолданылады. Ақындар ақ-адал адамның қаны да, жаны да ақ болуы тиіс деп есептесе керек. Ал «шындықтың шылбырын ұстау» мен өз еркімен «тезге мінін салу» – идеал. Ақын алаш ерлері үшін осы идеалды межелейді.

Алаш еді ұранымыз,
Дін ислам – құранымыз.
Дүния, ақырет жайынан
Қолда жоқ еш құралымыз.
Ата қоныс кетті қолдан
Бұған бар ма қыларымыз? [Хрестоматия, 249-250 бб.] –

деп жерден айырылудың себебін өнерсіздіктен, білім өрісінің тарлығынан көрген Нұржан Наушабайұлы да елшіл кезеңде тұлғаның (лидер, серке) орнын айрықша атады. Ол көшбасшы алды-артын серпілту қажет дегенді айтты.

«Манзумат қазақия» (1903), «Алаш» (1910) жинақтарын жариялаған Нұржан дәстүрлі өлеңмен-ақ халқын оятуға жұмылды. Ол назым-термелерінде ислам құндылықтарына қатысты ой-түйіндермен қазақ тұрмысын түсіндіруге талаптанады. «Адаммын, өтірік қылу ғадетім жоқ» деген Нұржанның негізгі пайым арнасы мына жолдардан көрінеді:

Ақын тіле де отыр демейді, еңбек ет, ізден, талаптан дейді. Бірақ сенімді жоғары қояды («Тәуекелге бел байлап шықсаң егер, Тапсырып бір Аллаға ілгергі істі»).

Ұлттық ояну кезеңі әдебиетінде ерекше көрінген ақынның бірі – Мақыш Қалтайұлы [Хрестоматия, 250 б.]. Көшбасшы іздеу сарыны, «қазақ кімнен кем» деген ұстаным Мақышқа да тән. Ақын дін мен ғылым – ұлт ісінің ілгерілеуіне себепші деп есептейді. Сондықтан мал-дүниеңді дін мен ғылымға шаш деп кеңес береді.

XX ғасыр басында қаламгерлер ұлтты оятуға барын салды. Олар өзін ұлттың жай бір мүшесі ретінде ғана емес, оның жанды тетігі, қозғаушысы ретінде сезінді. Бұл – жауапкершіліктен туған сезім еді. Өнерге ұмтылу (өнер ұғымына өмірді жақсартатын кәсіп кірді), ұлт болып ұйысу, ақжүрек оқығандар төңірегіне топтасу, дінді, ғылымды өрістету, жастарды ел мүддесіне орайлас тәрбиелеу, оқу мен білімді халық қажетіне жарату һәм дамыту – осының бәрін жүзеге асыру милләтшілдердің алдына қойған мақсаты болатын. Осыған алаш зиялылары өз жөнімен келді. Уақыт пен тарих олардан осыны орындауды талап етті.

Зиялы ұлттың «мені» мен өз «менінің» жоғалмауына мүдделі жан болатын. Ақын Шәңгерей Бөкейұлының:

«Кімсің?»– деп біреу сұраса,
Өзім болып «мен!» дегін,
«Мен» деген кетсе дүниеден,
Өзім болып «менмін» деп,
Жауап берер қайда адам?
«Менмін» деген – сол менмін,
Жалпылама, алаш, әр заман.
Қиямет, мақшар күн туса,
Өзім қайта «мен» болып,
Мен болармын қайтадан [Хрестоматия, 250-б.], –

делінген философиялық толғамы елшіл зиялылардың көңіл ауанын дәл түсіндіре алады. Бұдан зиялы – екі дүниеде ұлтқа жауапты деген ұғым туса керек. Ол әрбір ісін мәңгіліктің сынынан өтердей жасауы тиіс. Осы ойдың сілемін біз Мұстафа Шоқайдың кейінірек жазған мына сөзінен ұшырастырамыз: «Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні

бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас, саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі үстіне жүктеледі» [Хрестоматия, 251-б.]. Егер зиялы Мұстафа межелеген істі атқарса, «мен» деп жауап беруге ұялмас. «Мені» екі дүниеде жоғары тұрар.

Шәңгерейде де көшбасшы іздеу сарыны аңғарылады. Тегі төре ақынның хан рухын аңсаған кезі аз болмады. Бұл түсінікті де. Бодан кезде бостан кезді армандау заңдылық. Сондықтан ақын ұлт азаттығы үшін басын бәйгеге тіккендердің сапында жүруден қашпайды. Мұны «Ағасың ақылың артық асқармен тең» деп басталатын өлеңдегі:

Асылдың арқар ұранды тіреуі сен,
Ала ту Абылайдың ала аттансаң,
Аламан артыңдағы біреуі мен, –

деген жолдардан көреміз.

Ұлт мұратын көтеру мен елшілдік идеясы келгенде шығарма-шылығынан біріздiлік пен жүйелілік аңғарылатын ақынның бірі – Ғұмар Қараш. Ақын ұлт мәселесіне де осы оймен қарады. Елдің жаңаруын, өрістеуін қолдады. 1911 жылы шыққан «Бала тұлпар» кітабында ақын халқына «Байқұс қазақ, көзінді аш!»дей отырып: «Ұйқыңды ашып оянып, // Айқын тура жолменен//Ұмтыла сен де желерсің» деген [Хрестоматия, 252-б.] сенім сөзін айтады.

«Бала тұлпарда» ақын қазақ қауымындағы әлеуметтік топтардың кемшілігін бас-басына қойып атап көрсетеді. «Төрелігін теріс бұрған» әкім, «жігіттік құрған» қарт, «аузы түкті хохолға сабалған» ер, «ала бөлек жау» ағайын, «ғылымның төте жолынан теріс бағытқа бұрған» молда – бәрі, Ғ. Қараш пайымынша, надандық жемісі. Ол мұны «Бізден соңғы балалар, Ғылым көзін ашқан соң, Ілгері аяқ басқан соң» жойылады деп санайды. Ақын сенген балалар – «ұлт!» деп оянғандар еді. Бірақ олар жас, балаң ұлтшылдар болатын.

1914 жылы жарияланған «Аға тұлпар» кітабында ақын ұлт мәселесіне жаңаша тұрғыдан қарайды. Ғ. Қараш діліне ел намысын ойлағандықтан дерт түседі. Ақын жаңа заманда оқу-ілімсіз ұлт – кемел ұлт болмайды, тіпті құлдықтан арылмайды деген қорытындыға келеді. Осы ойын ол:

Білімсіз халық ел болмас,
Болған елмен тең болмас.
Құлдықтан басы арылмас,
Тілек, қоныс, бостықпен
Кеңшілік, ерік алынбас, –

деп түйіндейді.

Ақын Ғ. Қараштың отаншылдық хақындағы пайымы да айрықша. Діндар Ғұмар туған жер – Қағбаң деп ойланбай айтты деуге болмас. Әрбір зат пен ұғымның орнын, маңызын қапысыз аңғаратын ақынның ислам құндылығы есебіндегі жер атын кіндік қаны тамған жерге балауында негіз бар. Бұл «Қағбаны қадірле, Қағбаны қадірлегендей өз жеріңді қадірле» деген сөз. Осы ойы «Тіршілік мұраты» өлеңінде төмендегіше өріледі:

Әуелі қолдан келсе еліңді сүй,
Ел үшін еңбек еткен еріңді сүй.
Қағбаға тауап ету керек болса,
Кір жуып, кіндік кескен жеріңді сүй.

ХХ ғасырдың 10-жылдарында заманға сәйкес туған ұлттық мұрат – А. Байтұрсынұлы шығармашылығының да өзегі. Ұлт тұлғасының халықшылдығы жұрттың жоғын жоқтауынан байқалды:

Жұрт болалық» деген жоқ,
Жұрт қайғысын жеген жоқ,
Іріп-шіріп азық ек.
Мұны көріп көзіміз,
Бірігер деп сөзіміз.
Кен болар деп балшықты,
Көл болар деп шалшықты,
Біз үмітпен қазып ек.
...Қазаққа не жазып ек?!.

А. Байтұрсынұлының ұлт зәрулігіне ден қойғаны «И.Б. жездем хатынан», «Жауап хаттан» өлеңдерінен де сезіледі.

А. Байтұрсынұлы – ұлты үшін еңбек ету парыз деп есептеген және мұны өзі орындаған қайраткер. Халықты ол қасиетті ұғым ретінде қабылдайды. Кейінірек жазылған іргелі еңбегінде Ахмет: «Халықты қаңсылату – обал, халықты зар жылату – мейірімсіздік, халықты тамақ үшін сату – иттік»,-деп тұжырымдайды. Сонымен бірге осында дәйек ретінде («Шырша» деп көрсетілген) алған: «Бақ – ерікте, ерік – ерлік пен бірлікте, ерлік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын» деген сөз де А. Байтұрсынұлының көкейінде әуелден жатталған деуімізге негіз бар. 10-жылдары алашта журнал, газет шығып, бір-лі-жарым ұйым құрылып, елшілдіктің өрісі кеңейе бастағанда, Ахмет:

Біз едік қадірі жоқ ұл әкеге,
Көп жатқан мешел болып келекеде.
Әл біміп, жаңа ғана аяқ басып,
Іліндік біз де жетіп мерекеге, –

деп жазды.

Ұлы ағартушы ретінде халқын алға жетектей алған А. Байтұрсынұлы ұлттың саяси және рухани дамуын біліммен байланыстырды. Ол алашты дана ұлт болса екен деп армандады. «Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық, // Жүріндер, іздеп тауып алалық та!» – дейді ақын балаларға арнаған өлеңінде. Мұнда ағартушы білім даналыққа бастайтынын зерделеп өтеді. Ақын елшілдігінің оқу мен оқытудан өріс алуында жүйелілік, сындарлылық және тереңдік бар.

Аталған кезеңде ұлттық ұстанымы жасын жарқылындай көрінген ақынның бірі – Міржақып Дулатұлы. Оның шығармашылық мұратында күрескерлік рух басым. Мысалы:

Қазағым, көрмегенің әлі алдыңда,
Боларсың көне берсең, мұнан жаман.
Босыңда аяқ-қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң [Хрестоматия, 252-б.] , –

дейді ол. Ақын көкейіндегі «қимыл» – «дін, милләт деген сөзді жаһыдтай (ынта) тұру».

М. Дулатұлы елшілдігі – жүйелі елшілдік. Ол халыққа, оқығандарға, жастарға, ру басшыларына (ол кезде ел ру-ру болып отырды), байларға, атқамінерлерге ұлт тағдыры талқыға түскен күрделі кезеңде немен шұғылдану керек екендігін көрсете алды. Сонымен бірге ағартушы қазақ қауымының хұқықтық, дәстүрлік, моральдық-этикалық ерекшелігін, оны жаңа уақытқа сай дамытудың мүмкіндіктерін, жалпы кемшілік пен қателікті саралай білді. Оның күрескер мұраты бірлік пен намысты һәм ізденісті темірқазық етті. Жалпы М. Дулатұлының елдік мұраты – үлкен қайраткерлігінің іргетасы еді. Ақын ұлттық рухта өлең, әңгіме, мақала жазып қана қойған жоқ, сонымен бірге білек сыбана ұлттық-саяси күрестің жуан ортасында жүрді. Ақынның осындай тұжырымдары ояну кезеңі поэзиясының бағдарын анықтады. Бұл бағдар ағартушылық және күрескерлік бағытпен тоқайласып жатқан болатын.

Елшілдік сарын Мағжан Жұмабайұлы поэзиясынан да аңғарылады. Ақынның алғашқы жинағы – «Шолпан» (1912) жарыққа шыққан кезеңде алаш зиялылары ізденіс үстінде болатын. Тіл тазалығына аса көңіл бөлген Мағжан, А. Байтұрсынұлы секілді, жұрт сөзін жиі қолданады.

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла.
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла, –

дейді [Хрестоматия, 253-б.] ол «Ләззәт қайда?» атты өлеңінде. Міржақыптың «оян!» ұраны Мағжанда «қозғал!» болып дамытылады:

Қозғал, қазақ, білімге, жүгір, кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, тұра кеп,
Ертеңді-кеш басыңа мініп езгенді.

Ақынның енді бір өлеңінде («Қазағым») ұшырасатын «жатпа!» ұраны сол «қозғалмен» мағыналас:

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер!
Ойламау келешекті тұпке жетер.
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіреп есің кетер.

М. Жұмабайұлы да, өзімен замандас зиялылар сияқты, елді ояту мен қозғалтуда білімге иек артады. Ұлттың «бір күн бұрын таңдағы ісін ойлау» – жастарды оқытудан басталады деген тоқтамға келген ақын:

Басқа жұрт балалары оқу қуған,
Біліммен өз жұртының бетін жуған.
Ішіп-жеп, босқа жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер жүзіне не үшін туған? –

деп, ұлт тағдырын адамзат тағдырынан бөлек қарамайды.

ХХ ғасыр басындағы әдебиетте ұлт тақырыбының ерекше жырлануы кездейсоқ емес. Қарапайым құқықтың жоқ болуы, елдің басқалардан артта қалуы осы тақырыпты күн тәртібіне шығарды. Әдебиет пен тіл – ұлттықты сақтау мен дамытудың қайнар көзі ретінде ұғынылып (мұны ұқтырған тарих тәжірибесі еді), елдікті жойып алмау мәселесінде руханият иығына қомақты жүк артылды. Бұл орайда қазақ қаламгерлерін тағдыр-

дың асау толқыны тұншықтыра алған жоқ. Олар күрделі кезеңде халықты біріктіретін, рухын көтеретін, жолдан адастырмайтын сөз айта алды.

Сонымен ояну кезеңнің ұлттық мұраты жөнінде мынандай қорытынды жасаймыз: Біріншіден, бұл сарын қазақ өмірінің нақты жағдайына байланысты туды. Яки, елшілдік – Ресей империясының адам хұқын аяққа таптап, ұлтты ыдырату пиғылына жауап еді. Екіншіден, Ресей империясында мекен еткен шет ұлттардың өмірінде, руханиятында көрінген ұлттық тегеуріннің мазмұны ұқсас болғанымен, формасы әр түрлі болды. Бұл ретте түрік-мұсылман халықтары бір арнадан табылды. Қазақ зиялыларының ұлт, жұрт сөздерін актив қолданысқа түсіруі – ортақ күрестегі форма (пішін) ерекшелігі. Үшіншіден, Алаш қозғалысына ұластырар тұста қазақ қаламгерлері ұлт мұратын аса белсенділікпен дамытты. Олар қиындықтың себептерін саралап қана қоймай, одан құтылудың жөн-жобасын ұсынды.

§3 Жасампаз өнер және елдік мақсат

Жасампаздық – өнердің шарты емес, бірақ қозғаушы бір күші. Қазақ елі дамуында ХХ ғасырдың бас ширегі ізденіске толы болды. Қоғамның қайшылықтарын, өмірдің мәнін, адамдардың сезімін, көңіл-күйін жеткізудің жаңа пішіндері (форма) қажет еді. Оны белгілі бір деңгейде проза және драматургия, тіпті музыка да атқара алды.

М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбайұлының «Қыз көрелік», М. Кәшімұлының «Мұңлы Мәриям», С. Көбейұлының «Қалың мал» туындыларынан Жүсіпбек, Мұхтар, Бейімбет, Мағжан («Шолпанның күнәсі»), Қошке, Смағұл, т.б. қаламгерлердің сыршыл шығармаларына дейінгі бар болғаны 10-15 жылдық уақыт – қазақ прозасының заман сұранымына сай тез толысуы мен жетілуін көрсетеді.

ХХ ғасырдың бас ширегіндегі өзгерістер мен төңкерістер қазақ руханиятын шындады. Алаштың ой-санасын ілгерілетті. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы бас болып, оқығандардың бар буыны халықты ағартуды кезек күттірмес міндет етіп қойды. Оқығандардың саяси шыңдалудан өткен бөлігі Мемлекеттік Дума мінберінен қазақ ұлтына теңдік сұрады. Ұлтқа бас-көз болуды мақсат еткен «Қазақ» газеті дүниеге келді. Басылымның тарихи маңызы әлем зерттеушілерінің назарын аудартты [Хрестоматия, 253-257-бб.].

Қазақтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған кітаптар жарық көрді. Енді тарих сахнасына аға толқынның оң ісінен – өнеге, қателігінен – сабақ алған жаңа толқынның шығары заңды еді. Бұл буынға өмір қыруар міндет жүктеді. Алдыңғы буынның саяси өмірдегі ісін жалғастыру өз алдына, қалың елді ағарту, мәдениетке дендеу – олардың ұлт

алдындағы қарызы да, парызы да еді. Қазақ қоғамында 1914 жылы жастардың «Бірлік» ұйымы құрылғаннан кейін кешікпей осы бағытта тағы да 21 мәдени-ағарту ұйым пайда болды. Ел арасында «сауық кеші» деген жалпы атпен театр осы мәдени-ағарту ұйымдардың арқасында кеңінен мәшһүрленді. Сауық кешінен түскен қаржы қайырымдылық шараларға жұмсалғанын «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Жас азамат» газеттерінен оқи аламыз.

1918 жылы жоғарыда айтылған жастар ұйымдары Омбыда «Жас азамат» ұйымы боп қайта құрылды. Алашқа тыныс болған осы бірлестік дәстүрлі «сауық кештерінің» желісін үзбей, халықты ағарту жұмысын жалғастыра береді. Ұлт тұрмысының дімкес жақтарын арқау еткен пьесаларды жұрт алдына сахналады. Айталық, Б. Күлейұлының «Шын сүйіскендер», Қ. Кемеңгерұлының «Әулие тәуіп» драмасы халыққа жетті. Осы жылы 5-13 сәуірде С. Сәдуақасұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Г. Досымбекқызы сынды «Жас азаматтың» көшбасшыларының еңбегі арқасында Омбыда өткен тұңғыш қазақ жастары сиезінің күн тәртібіне саяси мәселелермен қатар мәдени мәселенің де қойылуы, жастарға арналып жазылған ашық хаттарда та елдік мәселелердің көтерілуі кездейсоқ емес [Хрестоматия, 257-258-бб.].

1919 жылы қазақ жеріндегі саясаттың жолайырығы анық байқалды. Х.Болғанбай халыққа қаратып: «Сен кеше: «Бостандық болды, теңдік күні туды» деп қашанғы жоғалтқан еркіндігіңе талпындың ғой... Жоқ, босқа алданғансың! Шеттен келген бумен үлкен теңдік тірілмейді. Сен ол теңдікті шын өксіп, анық сағынған болсаң, өзгеріс буы өзіңнен шықсын. Сырттан – Ресейден, Еуропадан келген өзгеріс буы саған әл болмайды» деп айтқан сөзі ақиқат еді [Хрестоматия, 259-б.]. Заманның төңкеріліп түскеніне көзі жеткен Алаш зиялыларының көбі лажсыздан кеңестік билікке мойынұсынды. Ұлт оқығандары жаңа өкіметтің оқу-ағарту саласына қызметке кірді. Жастар да кеңес саясатына араласа бастады. С. Сәдуақасұлы қызмет еткен Сібір төңкерісшіл жастар одағы комитетінің қазақ-татар секциясы (Омбы) Ақмола, Семей гүбернелерінде көшпелі кітапханалар ұйымдастырып, жергілікті халыққа спектакль қойып отырғанын архив деректері растайды.

«Бірліктің» «Балапан» қолжазба журналында шағын прозада бағын сынаған біршама жас қаламгер өнердің жаңа пішіндеріне ден қойды. болғаны анық. Сол талапкерлердің қаламы 20-жылдар басында едәуір төселіп те үлгеруі табиғи нәрсе. Мемлекеттік театрдың 1926 жылы 13 қаңтардағы тұңғыш қойылымы «Алтын сақина» (Қ. Кемеңгерұлы) драмасы 1923 жылы жазылып, кейін классикаға айналған «Қарагөз» (М. Әуезұлы) пьесасы 1922 жылы кітап болып шықты.

1920-1925 жылдар аралығы ұлт зиялылары тарихында іздену кезеңі болғаны мәлім. Мәскеудегі Кеңес одағы Күншығыс халықтары баспасының қазақ бөлімшесінде жауап-

ты қызмет атқарған Ә. Бөкейхан, М. Жұмабайұлы, Н. Төреқұлұлы секілді азаматтар нұсқауымен жазылған кітаптардың көбі халық рухын көтерді. Осы жылдары қазақ қаламгерлері «Ақ жол» (Түркістан автономиялы республикасы), «Еңбекшіл қазақ» (Қазақстан автономиялы республикасы) газеттерінде «айқайшыл, ұраншыл әдебиет қажет емес» деп ашық жазды. Ресейдегі барлық халді алақанындағыдай көріп, одан қорытынды шығарып отырған Алаш зиялылары кешікпей ұлт ақын-жазушыларының басын біріктіретін әдеби ұйымның керектігін сезінді. Көп болып, оның аты «Алқа» аталсын деп шешті. «Алқаның» жөн-жобасы, мақсат-міндеті 1923-1924 жылдары тыңғылықты ойластырылған соң, 1924 жылдың соңында бағдарламасы даярланды.

«Алқа» – оқыған зиялыларымыздың ішіндегі көрнектілерінің ой жемісі, ақыл жеңісі еді [Хрестоматия, 259-267-бб.]. Еуропа мәдениеті мен тәжірибесін айта келіп, әдебиеттің шынайы бағытын нұсқап, ұлт зиялылары осында: «Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын, қисыққа тез болатын «Алқа» осы» деп жазды. Алда кеңес тұсында алашшыл азаматтардың ұстанымын айқын көрсететін Қазақстан кеңестерінің V съезі жақындап келе жатты. Бұл жиын 1925 жылы 15-19 сәуір аралығында өтті. С. Мұқанұлы, С. Сейфоллаұлы, т.б. жазбаларына қарағанда, V сиезде ұлтшылдардың асығы алшысынан тұрған. Мәдени-рухани салаға осы жиын шарапаты аса елеулі. Сиезд қаулысына: «Қазақтың ұлттық театрын ұйымдастыруды жеделдету қажет» деп жазылды.

Осы жиында Алаш қозғалысында жетілген Смағұл Сәдуақасұлы Халық ағарту комиссары болып тағайындалды. 25 жасар қайраткер Қазақстандағы оқу-ағарту, мәдениет саласына жаңа үрдіс әкілді, тың күш қосты. Сол жылы 22 қазанда болашақ ұлт театрын ұйымдастырудың нақты шаралары белгіленді. Бұл жиында Смағұл баяндама жасады. Баяндама қазақ жағдайындағы театрдың құрылымын, оның көркемдік келбеті мен бағыт-бағдарын қамтыды. «1925 жылдың қазан айында, – деп еске алады алғашқы әртістердің бірі Қ. Жандарбекұлы, – қазақтың тұңғыш ұлттық театрын ашуға шақырылған азаматтар Қызылордада бас қостық. Алғашқы қазақ театрының әртістері – бұрынғы ауыл әншісі мен күйшісі, бишісі мен жыршысы, суырыпсалма ақыны, жауырыны жерге тимеген палуаны. Қазақ театрының алғашқы ірге тасын қалағандар жаратылысы ерекше дарынды адамдар болды» [Хрестоматия, 267-б.]. Белгілі әртіс Қ. Бадырұлы «Естен кетпес есімдер» кітабында шақырылғандардың санын 27 кісі деп көрсетеді.

Елден шыққан өнерпаздардың басын қоса салысымен, театр орнай қалмайды. Сауаты аз, өнердің қисынынан хабарсыз оларды оқыту, кәсіп жағынан жетілту керек. Осы мақсатта С. Сәдуақасұлы әртіс болуға талаптанғандарға театр танудың әліпбиі іспеттес мақалалар жаза бастайды. «Еңбекші қазақтың» 26, 29 қазан күнгі сандарында «Ұлт театры туралы» деген атпен жарияланды [Хрестоматия, 267-271-бб.]. Мұнда автор театр, пьеса, әртіс ұғымдарын таратыңқырап, қарапайым қазақтың түйсінуіне сәйкес етіп,

түсінік береді, баспа бетін көріп үлгерген драмаларға талдау жасайды. Рас, бұл шаққа дейін Смағұл театр өнерінің қыр-сырын меңгерді деу қисынға келмейді. Шынын айтқанда, ол – жанашыр, әдебиет пен мәдениеттен мағлұматы мол жан еді. Сондықтан қайраткер өзіне жүктелген істі абыройлы атқаруға, ақылға сиымды қылып жасауға тырысты. Бұл жауапкершілік ізденісті талап етті.

Смағұл Сәдуақасұлы 1925 жылдың қараша-желтоқсан айларында театр ашу үшін өкімет бөлген қаржыны тиімді жұмсаудың шараларын қарастырды. Қаламы қарымды қаламгерлерді жинап, драматургия мәселесі бойынша жиі ақылдасып, театрдың қисынына жетіктерден «Еңбекші қазақ» мақала жазуды сұранады. Сөйтіп, 1925 жылы 11 желтоқсанда «Еңбекші қазақ» газеті бетінде Халық ағарту комиссары С. Сәдуақасұлы мен Білім ордасының (Академиялық орталық) төрағасы, көрнекті қаламгер М. Жолдыбайұлы бірігіп, «Қазақша пьесаға бәйге!» деген атпен құлақтандыру жариялайды. Бұл 1913-1914 жылдардағы «Қазақ» газетінің қазақша романға бәйге тіккені тәрізді игілікті шара еді. Смағұлдың осы бастамасы бұлақ көзін ашты, жазушылардың шығармашылық жарысын үдетті. Театр труппасы 1926 жылы қаңтар айының басында жаттығу жұмыстарына қызу кірісіп кетеді. Көп болып жұмыла тұсаукесер күнге даярланады. Ол 13 қаңтарда қойылатын Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасы еді. Пьесаның өзі мен иесі хақында С. Сәдуақасұлы: «Алтын сақина» – тәуір пиеса. Қошмағамбет Жүсіпбектен анағұрлым тереңірек. Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрлым танысырақ. Тегінде Қошмағамбет қолынан жақсы пьесалар шығуы мүмкін», – деген болатын. Театрдың ресми ашылу салтанатынан кейін Смағұл ол туралы екі мақала жазады [Хрестоматия, 272-273-бб.].

Енді С. Сәдуақасұлы бірыңғай әкімшілік жұмыспен айналыспай, ресми емес театрдың көркемдік жетекшісі қызметін де өз мойнына алады. Расында театр сахнасына алғаш шыққан кәсіби білімі жоқ, табиғи дарыны бар азаматтар үшін көркемдік һәм шығармашылықты меңгеру аса қажет еді. Сондықтан бұл кезде буыны қатып үлгермеген теориялық білім мен білік аздап саябырсып, ағартушылық пен әліптанытушылыққа мол орын берді. Жасақталған труппа 23 қаңтарда Бейімбет Майлыұлының «Қырық парыз» атты драмалық туындысын сахнаға шығарғаннан соң көп өтпей-ақ С. Сәдуақасұлы «Алғашқы тәжірибелер» деген мақала жазды [Хрестоматия, 273-276-бб.].

С. Сәдуақасұлы мемлекеттік театрдың аяқ алысын зерделей отырып, мынадай қорытынды жасайды: қазаққа орыстың Садовский, Шепкин, Станиславский, Южиндері сынды әртістер керек. Оларды тудырған Гоголь, Грибоедов, Островскийлер ғой. Ендеше драмашылардың «шығуына енді бұдан былай тілектес болу қажет, тілекке қоса жәрдемдес болу керек».

Смағұл осы қорытынды-ұсынысын жүзеге асыруда басқаларға ісімен үлгі-өнеге көрсетті.

1926 жылы 27 қаңтар күні мемлекеттік театрда «Бәйбіше, тоқал» пьесасы қойылысымен, оның сапа-деңгейін талдап Смағұл драмамен аттас («Бәйбіше, тоқал») мақала жазды [Хрестоматия, 276-277-бб.].

С. Сәдуақасұлы мемлекет театрының іргетасы қаланғаннан бері оның әрбір адымына зер сала қарап, ағат жеріне күйінген, оң жеріне сүйінген азаматтардың жолбасшысы болса, қайраткердің бұл ісіне бар күш-жігерімен жәрдемдесуге ұмтылғандар да ұзамай көріне бастады. Қазақша пьесаларға бәйге жарияланды [Хрестоматия, 277-278-бб.]. Ақпан айында белді басылымның бірнеше санына М. Әуезұлының «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген зерттеу мақаласы жарияланды [Хрестоматия, 278-289-бб.].

Жас қазақ театры үшін бұл еңбек үлкен олжа еді. Еуропа өнерінен хабары аз әртістерді шынында да қазақ театрының үні мен сыр-сипатының қандай болатындығы толғандыратын. Мұхтар тиянақты тұжырымдарымен олардың бұл зәруліктеріне жауап береді. Ұлт театрының бірінші директоры болып Халық ағарту комиссариаты ұйғарымымен Дінше Әділұлының тағайындалуы – қазақтың алғашқы сахна өнеріне белгілі дәрежеде қатысты бар дерек. С. Сәдуақасұлы 1920 жылы «Дінмұхамед Әділұлы» деген мақаласында бұл азаматтың елге сіңірген еңбегін жоғары бағалайды. ҰҚК архиві деректеріне қарағанда, Дінше Әлиханмен, Смағұлмен, Қошкемен, Жүсіпбекпен, тағы басқа оқығандармен қарым-қатынаста болған.

1926 жылы ақпан айының аяғында өздерін «нағыз коммунистпіз» деп есептеген «қырағылар» ақыры С. Сәдуақасұлын «Еңбекші қазақтың» редакторлығынан түсіріп тынды. Смағұлдың осы уақыттағы іс-әрекеті жөнінде сәл кейінірек Орынбек Бекұлы «Қызыл Қазақстан» журналының 1928 жылғы № 1-2 санында «Оқу комиссариаты (шынында Оқу комиссары) ешкімге театрдың кемдігін көрсеттірмеді, кемдігін айтам деп ауыз ашуға болмады. Мәселен, «Еңбекші қазақ» мақтап жазғаннан басқаны жазбады. Тіпті онысы бір «заң» болды», – деп көпе-көрнеу жаңсақ пікір айтты. Бұл – орталықтың ұлт қайраткерлерін шеттету мен көзін жою бастамасының бір сүреңі еді.

Әйтпесе қазақ театрын ұйымдастырушылар халықтан әділ бағасын алған. Айталық, Қаныш Сәтбаев: «Қазақстанның ұлттық театр труппасын жасап шығару Оқу комиссариатының көптеген келе жатқан борышы болушы еді. Қазір сол труппа жасалып, бір жастан екінші жасқа аяқ басқан шенінде өзінің «қаз тұруға» жарап қалғандығын қойған соңғы сауық кешінде толық көрсетті деуге болады», – десе, театрдың бас режиссері Жұмат Шанин: «Ашылған күннен бастап, бүгін 12 ғинуарға дейін театр мектеп ісін атқарып келеді», – деп баға береді. Ал, сынның болғандығына тарих куә. Және бұл сын тұрпайылықтан ада еді. Ол жөнінде Құрманбек Жандарбекұлы: «Жалпы спектакль туралы берілген баспасөз бағасының артық-кемі бар деп айта алмаймын», – деп еске алады.

Театрды құруда Алаш зиялылары бастаған тарихи мәні бар жұмысқа 30-жылдары кейбір зерттеушілер сын көзбен қарады. «Қазақтың театр өнері туралы» деген еңбек-

терінде Ғ. Тоғжанұлы мен І. Жансүгірұлы: «Театрда шүу дегенде ұлтшылдық, байшылдық бағыт үстем болды. Жалғыз театр емес, бұл кезде барлық мәдени-ағарту орындарының көбінде сол ұлтшыл бағытындағы адамдар орналасып қалған кез еді. Тұңғыш жасалатын ұлт театрын да бұлар өз қарамағына алып, өз қаруы қылмақ болды... Байшыл ұлтшыл жазушылар Смағұлдың қолдауымен ылғи... байшыл пьесалар жазып шығарды. Оларды театр ойнап отырды», – деп жазды. Осы ретте қазақ театрын алғашқы жылдардан-ақ ерекшелеген қасиет туралы ғалым Қ.Қуандықұлының сөзін келтіре кеткен ләзім: «Ерекшелік неде? Ол қазақ театрының жалаң драмалық театр болмай, музыкалық театр болуында еді. Алғашқы қазақ театры бірнеше өнердің басын қосқан синтездік театр болған кезі бар».

Ұлт театрының бастапқы жеңісі С. Сәдуақасұлы есімімен байланысты. Қайраткер-қаламгер 1926 жылы баяндамаларының басын құрап, «Ұлт театры туралы» атты кітапша шығарды. Сонымен 1926 жылдың басында жасампаз өнер шаңырағы – театр құрылды. Ол қазақ оқыған зиялыларының арқасында ғана дүниеге келді. Жасақталуы мұң екен, оны сынаушы-мінеушілер көбейді. Негізі қаланған тоталитарлық жүйе «көреген» ғой, «театр директоры қаны шыққан ұлтшыл төңкеріс дұшпаны Дінше Әділұлын, оған жәрдемші, Алаш орда бастығы Халел Ғаббасұлының шабарманы Сіләмбекті, бас әртістің жалқы иесі Мұздыбайдың Хұсайынын» халыққа, өнерге «жау» етіп, қуғын-сүргінге ұшыратты. Жаңа директор әрі театрдың бас режиссері Жұмат Шанаұлы да саясаттан қысым көріп, шығармашылық тынысы кең ашыла алмады. Әйтсе де «заманына қарай амалы» дегендей, қазақ сахнагерлері түрлі жолын тауып, халықтың қанын қыздырып жүрегін шымырлататындай қойылымдар көрсетіп жүрді. Бұл орайда ұлт театрына Халық ағарту комиссариаты тарапынан тікелей қамқорлықтың болғаны рас. Смағұл Сәдуақасұлының «Ұлт театрына бір жыл» атты мақаласындағы: «Жоқтан бар қылып жасаған театр осы күні Қазақстан аузына ілініп, қатарлы бір мәдени орын болды.

Бір жылдық өміріміз жігіттердің ішінен болашақта ірі әртістер шығатынын көрсетіп отыр. ...Бірақ оларға әлі де болса көп білім, көп тәжірибе керек. ...Бұл уақытқа шейін жазылған пиесалар сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп қалды», – деп айтқан сөзі [Хрестоматия, 290-б.] жауапты қызметкердің тоқмейілсінуінен емес, өзі бастаған іске жаны ауырып, «оны жетілдіре түсейік, деңгейін көтерейік» деген ойынан туындағанын аңғартады. Қаламгер осы еңбегінде драмашы мен пьеса мәселесін бірқыдырау қозғайды.

Мұхтар Әуезов 1928 жылы: «Екі жылдың тәжірибесінің соңында қазақ труппасы өзін кімге де болса елетіп, ескертпеуге жарап қалған сияқты. Труппаның бүгінгі табысына қарап: «Сүйінші! Қазақтың сахна өнері туыпты» деген қуанышты айтуға болады», – деп жазды.

1925 жылы Қазақстан басшылығына Ф. Голощекин келгенде, елшіл қайраткер С. Сәдуақасұлы оның бірінші қарсыласына айналды. Ақыры 1927 жылы сәуірде оны қыз-

метінен алып тынды. Алайда театр ұлт өнерінің жасампаз түрі ретінде өмір сүре берді. Саяси қыспақ болғанымен, елдік мұраттың арқауы кілт үзілген жоқ. Сонымен, ұлт театры қазақ мәдениетіне мынандай олжа салды: біріншіден, жаңа заманның өнер формасын (пішінін), сұранымын тапты; екіншіден, өнер тұлғаларын сұрыптап шығарды; үшіншіден, жалпы елдік іске яки халықты ағартып, көзін ашу жұысына үлес қосты.

XX ғасыр басында Алаш көшбасшысы Ә. Бөкейхан: «Аға-іні, Алаштың азаматы, бірік, бүгінгі үйара уақ істі таста, мына қараңғы бұлт Русия ылаңынан Алаш баласын қорғайтын жолға шық!» – десе), М. Дулатұлы туған халқына қаратып:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! – дейді.

Алаш зиялыларына осыншама халықшыл сөзді айтқызған – туған елін сүйген олардың жүрегі еді. Қазақтың синонимі (мағыналас сөзі) – алаш десек, жүректің синонимі – діл. Шығыста қазірге дейін актив қолданыста жүрген (бізде, қиссаларда, шайырлар шығармаларында ұшырасады) діл сөзі сезіммен тұтастанып кеткен. Жүректі де сезімнен бөлек қарау мүмкін емес. Сондықтан қазақ арыстары «Жүрегіңнің аш көзін» (Шәкәрім) деді. Егер жүрек көзі ашылса, елдің оянатынына, жұрт санасы мен тұрмысының оңалатынына сенді. Осы ретте мұңайғанда мұңды жазар, қуанғанда шат көңілді жеткізер музыкаға Алаш зиялыларының ықыласы ерекше болды. Ұлт қозғалысынан шет қалмаған Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы:

Үйрен,
Білсең әннің мәндерін.
Дәл толқындарын толғап,
Бұлжытпай,
Келтір кемеліне сәндерін.
Ән менен күйдің тілі – ұн,
Ұқпасаң оны, саған мін.
Жасыңнан талаптан білуге сырын,
Жете ұғып алған соң,
Жарасады әнге қоссаң жырын.
Мұңлы,
Зарлы
Үндер еріксіз жылытар,
Қамыққанды кейі жұбатар.

Ой – ақылы
Қозғар ән-күйді
Жаным жай тапқандай ұнатар, –

дейді [Хрестоматия, 291-292-бб.]. Бұл – ұлы ақынның әні де, сөзі де («Ойдан шығарылған бар түрлі әндерім»).

Шәкәрім осы өлең-әнінде:

Үн сырын сезер адам аз,
Айғайға құры болар мәз.
Ұқпайды тас құлақ
Ән мен күй мәнін, –

деп жастармен ой бөліседі. Осы пайымын әрі жалғастырып:

Сезер ме еді,
Оларға салып берсе Сиреннің әнін?
Гомер ән сиқырын көрсеткен Сиреннен,
Ол әннің жайын ашып берумен
Күткен сондай әнді өреннен, –

дейді. Гомер поэмаларында бейнесі сипатталып өтетін Сирена – мифологиялық кейіпкер. Ол грек аңыздарында таңғажайып дауысы бар жартылай құс, жартылай әйел бейнесінде суреттеледі. Адамзат білімімен таныс Шәкәрім бұл жерде, сөз жоқ, ән құдыретін тілге тиек етіп отыр.

Ш.Құдайбердіұлының ән-күй құдыреті туралы айтқаны мұнымен шектелмейді. «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгерек» атты ән-өлеңінде ақын:

Денең –
Жан нұрлы болса, жөнделмек.
Өлең –
Әнге өлшеп айтса, өңделмек,
Ұйқасса қолайлы, –

деп жазады. Шығармашыл тұлға дәл осы тұста үйлесімділік (гармония) туралы айтып отыр дей аламыз. Жан мен тәннің, музыка мен өлеңнің үйлесімділігі айрықша құбылыс

туғызатынын ақын дөп көрсетіп отыр. Адамзат білімімен таныс Шәкәрім бұл жерде, сөз жоқ, ән құдыретін тілге тиек етіп отыр.

Ә. Бөкейхан қазақ әдебиетіндегі Абай, Шәкәрім, Нарманбет, т.б. тұлғалардың орнын, жалпы өнерді, соның ішінде музыканы жүйелі зерделей алды. Өйткені ол заманының алдыңғы қатарлы білімімен сусындаған оқыған ның бірегейі еді. Бұл ретте Әлиханның 1914 жылы жазған «Ән – өлең һәм оның құралы» атты мақаласын қазақ ұлттық музыкатануының классикалық еңбегі деп бағалауға болады. Өйткені мұнда ұлт музыкасы әлемдік музыкатану контексінде тұңғыш рет жүйелі әрі ғылыми түрде талданады [Хрестоматия, 294-295-бб.].

Әлихан Гетенің, Шопенгауэрдің, Бетховеннің, Мартин Лютердің, Абайдың музыка, ән-өлең туралы пікірлеріне табан тірей отырып, өнердің болмыс-бітіміне барлау жасайды. Қаламгер қазақ түсінігіндегі музыканы да жіті байыптайды. Осы орайда ол: «Ән-өлең, сыбызғы, домбыра, қобыз – бәрі бір мағынада. Адам көңілдегісін алғаш сөзбен қияды: ән салып, өлең айтып, домбыра шертіп, қобыз ойнайды – адамның жайын, сезімін, жүрегін қозғайды, тиіп өтіп елжіретеді, бусандырады, буынын алады. ... Ән-өлең өтім өтеді, қозғайды жанды, сезімді, ет-тән тамыр-тарамыстарға шейін кеулейді, адамға ғайрат береді. Жұмыс қылып тұрғанда айтқан өлең құрып тұрған титықтың, шаршап тұрған буынның талыққанын сездірмей жібереді», – деп жазады.

Қайраткер Ә. Бөкейхан осы еңбегінде музыка халыққа аса қажетті рухани күш деген тұжырым жасайды. Оның ән мен әнші шығармашылығына жанашырлығы ҚР ҰҚК архивінен біз тапқан А. Байтұрсынұлына 23.VI.1925 жылы жазған хатынан да көрінеді. Мұнда Әлихан Әміре Қашаубаевтың Париж сапарына қатысты сыни ой-пікірін білдіреді. Қазақ өнерін шет елге насихаттау ісінде талғам, шығармашылық ізденіс, жауапкершілік қажет екенін ескертеді.

Алаш зиялыларының ішінде А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы да музыка өнерін ерекше бағалаған. Ахмет ғылыми тұрғыдан: «Әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін – ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері болады», – деп жазса [Хрестоматия, 296-б.],

Міржақып әлеуметтік қозғалысқа шақыру (практикалық деуге келер), тұрғысынан:

Ел қорғайтын қайдасың, батырларым,
Өлең, күйдің шебері ақындарым?
Азаматтың міндеті – елді қорғау,
Төнгелі тұр басына күшті толғау, –

дейді.

Әлбетте, Ахметтікі секілді ғылыми байыптау – Міржақыпта да, Міржақыптыкі секілді өнершілерге айтқан ұран-сөз Ахметте де болуы сөзсіз. Сондай-ақ А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағына «әнді жеткізуші» ретінде қатысқан зиялылардың өлшеусіз еңбегі жеткізген әндердің «авторлығынан» (маңызы тұрғысынан) бір сүйем де төмен тұрған жоқ. Бірақ олар бұл әндердің, әуендердің авторы еместігін (яғни, иесі) естен шығармағанымыз жөн.

Музыкаға аса ден қойған алаш зиялысының бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол ән-күй тақырыбына арнап кезінде өткір мақала да жазған. Жазушының «Әнші» атты әңгімесі де бар. «Ән-күй жиналса екен» атты 1926 жылы жазған

мақаласын Жүсіпбек жоғарыда айтылған А.Затаевич жинағының шығып, Ленинград ғалымдарының талқысына түсуіне орай жазыпты. Қаламгер Затаевич еңбегін жоғары бағалай отырып, алаштың әдебиеті мен ән-күйін ұшан-теңіз асыл қазынаға теңейді. Сөйтіп, рухани мәдениеттің не екеніне анықтама береді. Ол: «Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып іске жаратуға талпыну керек», – дейді [Хрестоматия, 297-б.].

Сондай-ақ Жүсіпбек осы мақаласында қазақ күйлерінің жиналмай жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Бұл ойын қаламгер: «Қазақтың мың әні жазылыпты. Жақсы. Қазақта жалаң ән ғана емес, сол шамалы күй де бар. Күй әлі жазылған жоқ. Әннен де күй терең, күй қадірлі. Әннің айта алмағанын күй айтып береді. Музыка жүзінде қазақтың әні ғана жарыққа шығып, күйі көмулі қалса, қазақ жүрегінің жарымы қалтарыста қалғанмен бір есеп», – деп жеткізеді. Жүсіпбек мақаласында күйді қалай жинауға болатыны жөнінде кеңес беріп, өзі білетін Семей, Өскемен өңірінің Ырысбай Талысбайұлы, соқыр Әубәкір, Шайқы Қосанұлы сынды күйшілерін атайды.

«Ән-күй жайында» атты 1928 жылы жазған мақаласын Ж.Аймауытұлы Еуропалық музыка талаптарының қазақ ән-күйімен үйлесуі тақырыбына арнапты [Хрестоматия, 293-б.]. Жүсіпбек Еуропалық музыка мәдениетінің алаш топырағында өркен жаюына қарсы емес. Осы мәселедегі оның пікірі мынандай: «Үйреніп жүрген хорларына бұрынғы намаз сабағындай көңіл қоюы керек. Әбден машықтау керек. Әрқайсысы өз дыбысын өзі ұйықтап жатса да жаңылмай, кідірмей айтарлықтай болу керек. Хор репетициясына салдыр-салақ қарамау керек. Солай етсе, 20-30 кісі боп сахнаға шыға келгенде, кідірместен өз дауыстарын өздері біліп, қосылып айтып кеп кетсе, «Алқаракөк» сияқты әндермен алпыс екі тамырды солқылдатпасқа орын жоқ. Осылай айтылған «Ал қара көктер», әй, Еуропа сахнасына да кіріп кетпей қалар ма екен! ... Онан соң «Әмірелер хорға қатысып керегі не, оның осы «Әмірелігі» де, осы әндері де жетпей ме?» дейтінін пікірлер, деушілер бар көрінеді. Бұл – қата пікір. ... Әмірелер хорға қосыла білсе, кесел болмай-

ды». Сонымен бірге осы еңбегінде Ж.Аймауытұлы Затаевич, Ковалев сияқты музыкатанушыларға сын да айтады. «Бұлар, – дейді ол, – ән-күйдің қазақ тонының өңін келтіреміз деп, қыра-қыра кейбір ән-күйдің қара қыртысын айналдырып барады».

«Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» атты поэмаларында өнер құдыретін біршама жырлаған Мағжан Жұмабайұлы да музыканы аса қадірлеген. Ақын «Домбыра» атты қара сөзбен жазылған өлеңінде осы қасиетті музыка аспабы қайғыдағы адамның көңіл-күйін қалытқысыз жеткізе алатынын суреттейді [Хрестоматия, 292-293-бб.]. Мағжанның Ақан сері туралы байыптама-зерттеуі де өнертану тұрғысынан құнды деп білеміз. Ол Ақанды заманымен, өнер заңдылығымен байланыста зерделейді. Ақын: «Ақанның сұлулыққа табынуы тереңірек. Ақанның өмірінің жұмбағы түйіндірек. Мұның өмірі – мұң мен зар. Сол сұлулыққа табынудан туған мұң мен зар», – деп жазады.

Алаш зиялыларының қай-қайсысы болса да музыканы, ән-күй шығарушылар мен олардың еңбегін нақышына келтіріп насихаттаушыларды қадірледі. Бұл өнерге ықлас танытуда кейінгі ұлы Абай көп үлгі қалдырып кетті. «Құлақтан кіріп, бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй» деп жазған айналасына өнерпаздарды топтастыра алды. Музыка мен поэзия қатар өріліп, үйлесімін тапты. Абайдан кейінгі толқынға осы үйлесімділік өнеге болып қалды. Алаш зиялыларының барлығы дерлік ән-күй қадірін түсініп қана қоймай, оны өздері де насихаттады. А. Затаевич жинағындағы әнді жеткізгендердің басым салмағы Алаш қайраткерлері болып келуінің себебі осыдан.

А.Затаевичке қатысты бұл ақпардың музыкаға орай мәнісін белгілі күйші-орындаушы, зерттеуші Орынбай Дүйсен, сұрағанымызда: «Бұл жерде ұлттық ән-күйдің тұнығынан су ішкен Жүсіпбекті түсінуге болады. Бірақ техниканың аты – техника. Онда мұң, сезім жоқ. Қазір тіпті шағын ғана даусы бар жан бүгінгі күшейткіш техникалың құралдармен даусын мың құбылта алады, ал тыңдаушыға болса табиғаттың өзі секілді табиғилық жақын. Затаевичтің кезінде фонограф техникалық тұрғыдан әлдеқайда әлсіз аспап болды. Оның үстіне А.Затаевич күйді ауызба ауыз жазып алған. Магнитофон құралының өзі тек XX ғасырдың 50-жылдары ғана пайдаланылды. Қалай дегенде А.Затаевичтікі – алғашқы тәжірибе еді, және сонысымен тарихи тұрғыдан аса құнды. Әуен мен дыбысты жазып алу мәселесінде техникасы қарыштаған бүгінгі күннің өзінде де әртүрлі ауытқулар кездеседі», – деген еді. Біздіңше, сегіз қырлы, бір сырлы Жүсіпбек бұл мәселеге сол кездің өзінде жанашырлық танытуы – музыканттар үшін үлкен тағылым. Жүсіпбек Аймауытұлы айтқан күйшілер туралы бүгінгі ғылыми әдебиетте мәлімет жоқ. Сондықтан бұл – музыка тарихын жазушылардың есінде болуы тиіс дерек. Біздің ойымыз осындай деректерді іздеушілер де, құнттаушылар да көп болса ғой дегенге саяды. Өкінішке қарай, қуғын-сүргінге ұшыраған әнші-күйшілерді халық анық біле бермейді. Мұның себебі көп: ақын-жазушы сөзге сүйенеді, әнші-күйші ән-күйге сүйенеді. Бұл – соңғылардың насихаты аз дегеніміз.

Зұлматты жылдар қазақ музыка өнеріне көп зиянын тигізді. «Қобыз, домбыра феодализмнің қалдығы, әнші-күйші – ескі өмірді жырлаушы, жатыпішер» деп жаландаған кез жүрекке аз жара салмады. Атылып кеткен әнші-күйшілер кімдер? Айталық, Тәттімбеттің күйшілік өнерін жалғастырушы Әбди Ырысбекұлы мен Сембек Айдосұлын әміршіл жүйе атып тынған деседі зерттеушілер. Естеліктерге қарағанда, Сембекті күй тартып отырған жерінде атып, бұйрықты орындаушылар домбырасы мен саптама етігін алып кеткенге ұқсайды... Әбдиді абақтыда атыпты. Ерназарұлы Дайрабай күйші де қуғындалған. Басар жер, барар тауы қалмаған соң, Түркістан жаққа қашқан. НКВД ұстар алдында ғана көз жұмған.

Күйшілерден Ахметжан Сармантайұлы қуғындалған. Ахметжанның әйгілі «58-статья» деген күйі бар. Ол кезде зиялылардың көбін «кеңеске қарсы жұмыс жасады», «отанды сатты» деп, 58-статьямен тұтқындаған болатын. Қуғындалғандардың тізімі бұлармен ғана аяқталмайды. Махамбет Бөкейханов, Әбікен Хасенов, Ахмет Жұбановтардың басына да қара бұлт үйірілген. Оларды НКВД талай рет әуре-сарсаңға түсірген. Кейін Ақаңды «екі ішекке табынған академик» деп те тұқыртқан. Қуғын көрген күйшілерден Әлшекей Тәжікстан асып, Қорғантөбе маңында дүниеден өткен. Тауданбекұлы Дәуітбай есімді күйші де паналар жер таба алмай, Моңғолияға кетіп, сол жерде 37-нің құрығына ілінген...

Қиын кезең әншілерге де оңай тимеді. 1925 жылы Парижге барғанда Мұстафа Шоқаймен дидарласып үлгерген аңғал Әміре сол үшін қуғындалды. Нақты айтсақ, НКВД ұлы әншінің жанын осы үшін күйдіріп жіберді.

Репрессиялық аппарат Әбди мен Сембекті де өлтірді. Бірақ күйін өлтіре алған жоқ. Әлшекей, Дәуітбайлар елден амалсыз кетсе де, күйі ел құлағында қалды. Жалпы шығармашылық пен еркіндік ұғымы – етене ұғым. Бұларға күштеу болмауы керек. Күй – сезім мен көңілдің жемісі. Сезім мен көңілге зорлық жүрмейді.

Алаш және музыка байланысына қатысты ойды өрбіткенде мынаны аңғарамыз: біріншіден, зиялылар музыка – рухани күш, таусылмас мәдениет қоры деп есептеді және оны түсіндіруден жалықпады; екіншіден, ұлт оқығандары еркін дамыған қазақ ән-күйін нотаға түсіруге, хаттауға, жүйелеуге мұрындық болды. Сондай-ақ байырғы ән-күйлерді еуропалық музыкатанымға сай жетілдіруді қолдады. Бірақ бұл істе ұқыпты болуды ескертті. Үшіншіден, елшіл азаматтар ұлтты ұйыстыруда музыканың да айрықша рөлі болатынын сезінді және оны халықты қайраттандыруға жұмылдыруға тырысты. Осы мақсатта фольклорлық мұраларды жинағаны секілді, елді-елге шығып өнердің кенішін халық игілігіне айналдыруды қалады.

Ояну кезеңіндегі өнердің жаңа бір түрі ретінде – сурет пен кескіндеменің де өмір жүзіне шыққанын байқаймыз. Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, А.Байтасұлы 1924 жылы

12 желтоқсанда «Ақ жол» газетіне бірігіп жазған «Қазаққа пайдалы жас талап» атты материалында Ташкентте әлеуметтік тұрғыдан жағдайсыз жүрген (сірә, түбі семейлік) Қазан көркем сурет училищесінің түлегі Ғаббас Амантайұлы шығармашылығы сөз болады. «Ғаббас қазақ өмірімен әбден таныс. Өзі қазақ – ол аз. Ғаббас – танаты ерекше сүгіретші. Сүгіретті өз қиялымен де, табиғатқа, адамға, затқа қарап отырып та салады. Тарихи сүгіреттерді салуға да жетік. Декорация жасауға да озық. Оның сүгіреттерінен қазақ иісі аңқып қоя береді» деп жазады авторлар [Хрестоматия, 298-б.]. Осы еңбекте мынандай тағылымды жолдар бар: «Қазақтың өзінен композитор, өзінен сүгіретші шықпай, қазақ музыкасы (ән-күйі), қазақ тұрмысының айнадай сүгіреті жасалмайды. ... Ендеше өнер мамандары керек».

Ұлт өнеріндегі талғам мен түсінік Николай Хлудов суретіне берген Ахмет Байтұрсынұлы бағасында да айқын көрініс тапқан. 1935 жылы Н.Хлудов өз туындыларын Қазақстанның Орталық музей қорына тапсырыпты. Сол шақта осы мекемеге ғылыми кеңесші болып кірген Ахмет Байтұрсынұлы суретші шығармаларын түгел талдап, 10 беттік сараптама жасайды. Ұлт тұлғасы суретшінің 18 суретіне шынайы баға береді. Мысалы: «Суретші Хлудовтың туындыларына жалпылама назар салғанда, оның қазақ тұрмысы мен өмірінде мүлдем кездеспейтін, не аса сирек ұшырасатын құбылыстарды бейнелеуге құмар бағыты бірден көзге ұрады. Бәлкім, мұнысын қазақтардың тұрмысын көпшілік жұртшылықтың санасына әбден сіңген қалыпта, яғни оларды жартылай жабайы түрде елестететіндердің ұғымына сай бейнелегісі келуімен, не нақты жағдайдың біртектілігі суретші көңіліне жақпайтындығымен түсіндіруге болар да еді. Бәлкім, суретші қазақтардың өмірімен үстірт қана таныс, сондықтан оны қалыпты жағдайда бейнелеуге дәрменсіз шығар» [Хрестоматия, 299-б.] деп жазады Алаш қайраткері. Өнердің жаңа формасын қалыптастыру мен дамытуға байланысты осы ой – ұлт танымының асыл арқауы деп білеміз.

XX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі мәдени-рухани шаралардың барлығына дерлік Алаш зиялылары мұрындық болғандық болды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссары (министр) қызметін атқарды. Ол осы лауазымда тұңғыш мемлекеттік баспаны, Академиялық орталықты, Ғылым комиссиясын, Халыққа білім беру институтын (КИНО) ашты.

Ояну кезеңінде Ресей империясының мұсылман аймақтарында жәдитшілдік (жаңашылдық) қозғалыс өрістеді. Ол негізінен мектеп-медреселердегі білім жүйесіне байланысты туған қозғалыс болса да, рухани-мәдени өмірге мол әсер етті. Оксфорд униврситеті Орта Азияны зерттеу қоғамының «Ресейдегі 1910 жылғы мұсылман баспасөзі» еңбегіндегі деректерге қарағанда, 1910 жылы Уфадағы «Хусейния» медресесінде оқып жатқан қазақ шәкірттері «Қазақ тілін зерттеу қоғамын» құрған. Бұл қоғам тіл-

ді өркендетуді ғана қолға алмаған. Ежелгі қазақ даласының рухани және материалдық ескерткіштерін тізімге алып, жинақтап, мүмкіндігіне қарай жариялау мен насихаттауды көздеген ұқсайды.

«Қазақ» газетіне 1915 жылы «Ұйым керек» атты мақала жазған «Студент Ғ.А.» (псевдоним) былай дейді: «Ұлт жарысы – ат жарысы. ...Жақсылықты сырттан әкеп беруші жоқ, жоюшы болмаса. ...Халық бас қосып, ұйым жасап іс жүргізуі жұртқа зор қажет. Бізде ғалым жоқ, хал нашар, байлық жоқ. Аз бейнетіміздің өзін сырт пайдаланып, қанымызды сорып отыр. ...Тілегіміз мынау: халық ішінде бірігіп іс жүргізетін ұйым, игілік қауымдары таралса екен. Мұнымыз – ...ғылым таратуды мақсұт қылған қауымдар, халықтың ұлттығын сақтауға, атын басқаға таныстырмақ үшін бұрынғы өмірін қазып, сөзін ашып, мағынасын дүние жүзіне шығармақты мақсұт қылған қауымдар» [Хрестоматия, 300 б.]. Бұл материалдан да ескі мұраны, соның ішінде өнер қазынасын жинауға деген сұранымның болғаны аңғарылады.

Осы 1915 жылы аталған газетте қазақ мақалдарын алғашқы зерттеушілердің бірі Ахмет Баржақсыұлы: «Сібірде, қазақ ортасындағы музей жағрафия жамиғатында Омбыдағы шілендерден Әлихан Бөкейхановтан басқа ешкім жоқ. Оның ақылымен Омбыдағы музейде «Қазақ комиссиясын» ашты. Председателі Ақмола һәм Семей облысындағы народный үшілішелердің директоры Михаил Филиппов. Оны қойғанның мәнісі үшітелдерге проғрам беріп жиғызбақшы еді» [Хрестоматия, 300-б.], – деп жазады. Бұл деректен ғасыр басындағы музейлер – ғылыми орта болғаны, соның арқасында фольклорлық мұраны жинағаны байқалады. Ең бастысы, Алаш зиялыларына ыстық қала Омбы музейімен Ә. Бөкейхан, А. Баржақсыұлы тығыз байланыс орнатыпты. Ал Г. Потанинді Ахмет, Әлихандар өзіне жақын тартып, «Гереке» дегені мәлім.

Егер ол кезде ескі рухани мұраларды жинау – музей ісі болса, онда дәл осы Омбыда 1914 жылы ашылған қазақ жастарының тұңғыш ұйымы – «Бірліктің» бағдарламасында белгіленген мына міндеттерді есте ұстауымыз керек сияқты: «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгергі қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттылықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сендіре беру. Халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру...» [Хрестоматия, 300-б.].

Төңкерістен кейінгі қазаққа қатысты мәдени шаралардың қомақтысы Ташкентте өтті. Осында 1922 жылы 4 желтоқсанда «Талап» атты қазақ мәдениетін көркейтушілердің қауымы құрылды. Төрағасы – Х. Досмұхамедұлы, басқарма мүшелері: А. Шмидт, И.Тоқтыбайұлы, М. Есболұлы, М. Тынышбайұлы, М. Әуезов, Қ. Тыныстанов. Бұған М. Жұмабаев пен Ә. Диваев та қатысты. «Талап» жарғысындағы төмендегі мәліметтердің өнер тарихына қатысы бар деп білеміз. «Қазақ-қырғыз халқының мәдени көркеюіне

жәрдем келтіру жағында қауымның көздеген мақсаттары мыналар: ұлт өнерін (искусствосын) тәптіштеу; қазақ-қырғыз халқының тарихын һәм салтын тексеріп, қарастыру…Жоғарыда көрсетілген мәселелерді жүзеге шығару үшін: талқы (диспут), дәріс, баяндамалар жасауға; білімге керекті керуендер (экспедиция), қыдырыстар (экскурсия) түзеуге; көрмелер (выставка) ашуға; кітаптар, қолжазбалар, өнердің үлгілерін, ескіліктің тамтықтарын жинауға …қауым ерікті» [Хрестоматия, 301-304-бб.].

1920-шы жылдары Орынборда «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы» жұмыс жасады. Ол Ғылыми комиссия (А. Байтұрсынұлы) бастамасымен алғаш әскери (қырғыз) комиссариаты жанында, сонан соң Қырғыз (қазақ) төңкеріс комитеті жанындағы Халық ағарту бөлімінде құрылып, іс атқарды.

Архив деректеріне қарағанда, осы Қоғамның тарихи-этнографиялық бөлімі қазақ халқының тұрмыс-салтын, көшпелі тіршілігін, тіпті ою-өрнегі мен балаларының ойынына дейін зерттелген.

1924 жылы 12-17 маусым аралығында Орынборда Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезі өтті. Оған Ресейде, Түркістанда, Бұхарада, Қазақстанда еңбек етіп жатқан Алаш зиялылары қатысты. Сиездің бір мәжілісінде мұра жинау ісі қаралды. Оған Ә.Бөкейхан төрағалық етті. Х. Досмұхамедұлы баяндама жасады. Мәжіліс қаулысында мұра жинаудың бағдарламасы болуы, осы жөнінде мамандар топтастыру, оларды Академиялық орталық анықтау керектігі, бұл іске мемлекеттен қаржы бөліну қажеттігі айтылды.

Аталған шақтың ірі еңбегі – А. Затаевич құрастырған «Қазақтың 1000 әні» жинағы (1925) екенін жоғарыда айттық. Осы рухани асыл қазынаның бірінші басылымы «Түсініктемесінде» кімдер мәлімет бергені айқын жазылды. Әлбетте, әнді орындап, жеткізушілердің барлығы дерлік – Алаш зиялылары. Ұлт өнері осылайша жаңа форматта (нотаға түсіру арқылы) хатталып қалды. Сөйтіп, өркениеттік жасампаз өнер Қазақ елін айналып өткен жоқ. Ол зиялылар мен оқығандар арқасында ұлттың қажетіне жарады. Жаңа пішін (форма) елдік мазмұнға серпін берді.

§4 Рухани-имандылық ұстын

Алаш қайраткерлерінің азаматтық тұлғаларының қалыптасуында, адамгершілік мұраттарының асқарлы болуында қазақ қоғамындағы дәстүрлі мұсылман дінінің иман шарттары, діни білім беру жүйесі маңызды орын алды. Ұлт зиялылары бастапқыда ауыл молдаларынан сауат ашып, рухани-имандылық негіздерінің қайнарларынан сусындады. Қыр перзенттері мұсылман дінінің рухани кемелділік пен ар-ұждан тазалығын сақтаудағы қасиетін қастерлеп өтті. Ислам дінінің ұлттық болмысымызды ұлықтап, ұлттық бірегейлігімізді ұйыстырудағы құдыретіне бас иді.

XX ғасыр бас кезіндегі басылымдарда жарияланған М.-Ж. Көпейұлының «Туысқан бауырларға бір насихат» [Хрестоматия, 304-305-бб.], Ә. Бөкейханның «Рамазан айы жақындау тақырыпты», «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау», «Мұсылман сиезі», М. Дулатұлының «Мүфти сайлау», Б. Ержанұлының «Біздің жайлар», Е. Құлақбайұлының «Мұсылмандар тіршілігіне тиісті мәселелер. Қазақ халқынан бір-екі сөз», Ж. Тілеуұлының (Тілеулин) «Жалпы мұсылман съезі», А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Ж. Жәнібекұлы, М. Дулатұлы, С. Қадірбайұлы, Е. Ғұмырұлы, И. Әлімбекұлы, Н. Бегіметұлдары бірігіп жазған «Шорай ислам» [Хрестоматия, 305-306-бб.], М. Малдыбайұлының «Мұсылмандар, ынтымақтан айырылмаңыздар!» [Хрестоматия, 306-307-бб.], Т. Ахметжанұлының «Мәуліт мейрамы» [Хрестоматия, 307-б.] мақалаларында қоғам дамуындағы діннің алар орны байыпталды.

Х. Болғанбай «Иман күші» мақаласында «Қазақ» газетін шығарудағы ұлт зиялыларының қажыр-қайратын айта келіп: «Сондай заманның жағдайсыздығына, жұрттың елеусіздігіне қарсы бұл іске кіріскенде шығармашының сүйенгені жалғыз-ақ иманы еді, халыққа, халықтың санасына иманы еді. Сол иманның күшімен шығарушы бұл іске батылдық қылды да кірісті» [Хрестоматия, 307-308-бб.] деп түйді.

А. Мамытұлының «Тарих исламнан», М. Жұмабайұлының «Дін үйреткенге» өлеңдерінің өзегі рухани-имандылық мәселелері болды. Мәселен, Ә. Ғалымұлының «Айт күні» өлеңінде осынау діни мейрамның қыр өміріндегі маңызын жырланды [Хрестоматия, 308-б.].

Ә. Бөкейханның «Дін таласы (Сурат кофеханасы)» М. Дулатұлының «Хазірет сұлтан» әдеби аударма, танымдық жазбаларының да тәлімдік сипаты ерекше.

Патшалық Ресей түркі мұсылман халықтарын ұлтсыздандыру, дінінен айыр саясатын ұстанды. Сондықтан Ресей империясы Мемлекеттік Думасы мәжілістерінің биік мінбесінен сөз алған 20 мұсылман депутат барша түркі тілдес халықтардың толғақты мәселелерін көтерді. Мәселен Ибнамин Ахтямов IV Мемлекеттік Думада (1912.7.12.) мұсылман фракциясы атынан патшалық Ресейдің ұлттық және қоныстандыру саясатындағы қиястықтарды сынға алды. Бүкілресейлік III мұсылмандар сиезінде қарастырылған діни бостандық, мәдени-ағартушылықтағы ұлттық дербестік, жергілікті өзін өзі басқарудағы шектеушіліктерді алып тастау сипатындағы бағдарламалық шешімдерді қадап-қадап көрсетті. Ал 1914 жылдың 15-25 сәуірінде болып өткен Бүкілресейлік IV мұсылмандар сиезінде түркі мұсылман жұртының қырыққа жуық белді өкілі бас қосты. Оған IV Думаның алты, бұрынғы шақырылымдағы Думаның тоғыз депутаты қатысты. Олардың арасында қыр перзенттері Әлихан Бөкейхан, Бақытжан Қаратаевтар болды.

XX ғасыр басындағы Алаш ұранды әдебиетте діни-ағартушылық бағыт өріс алды. Бағыттың басты өкілдері Н. Наушабайұлы (1855-1919), Ш. Жәңгірұлы (1855-1933),

М.-Ж.Көпейұлы (1858-1931), М. Қалтайұлы (1869-1916) білімділік пен адамдық қасиеттер негізі дінді сүю арқылы келетінін қисса-дастандарының тақырыбы етті. Адамзаттық асыл қасиеттерді мұрат тұтып, озбырлық пен қиянат атаулыға наразылықтарын білдірді.

Нұржан Наушабайұлы діни білім алып, өз шығармаларында адами қасиеттер, арлы мінез-құлық және имандылыққа негізделген тәлім-тәрбиеге қатысты ғибратты ой-толғамдарын жырлады. «Бірінші назым», «Екінші назым», «Үшінші назым», «Төртінші назым», «Бесінші назым, «Ұйқыңды аш!», «Мінәжәт» өлеңдерін жазды.

«Медресе, мектеп салдырып, Абад қыл тірлік күніңді» деп жырлаған Шәді Жәңгірұлы Шығыс классикалық әдебиетінің назирагөйлік дәстүрін ұстанды. «Төрт дәруіш», «Хикаят Орақ-Күлше», «Назым Шоhир дәруіш», «Қисса қырық уәзір», «Хайбар хиссасы», «Халифа hәрун Рашит» қисса-дастандарында адамның бас бостандығы мен адамгершілік сезімін жырлап, әділет пен теңдік идеясын көтерді.

Мәшhүр Жүсіп «Нахақтан құсаменен қан жұтқызып, Тұтқынға салған жоқ па талай ерді. Көрген соң дініміздi қорлағанын, Жас ағып жүре бердік көзімізден» деп заман шындығын жеткізді. «Діниңді кім қорлса, сол өш қасың, қорлықтан аққан жоқ па көзден жасың. Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай, арман не ұлтың үшін кетсе басың» деген толғанысымен ел намысын қамшылады [Хрестоматия, 309-б.].

Аллаға сыйыну идеясын арқау еткен «Жер мен Көк», «Хаятбақшы» дастандарында қасиетті Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуі, жастық шағында көрген қиындықтары бейнеленсе, «Миғраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» туындылары пайғамбар өмірінің жеке бір сәттерін бөліп көрсетуге арналған.

Мақыш Қалтайұлы дінді адам жанының рухани тазаруы ретінде ұсынды. «Қалтайұлының қазақ ахуалынан бохас еткен манзумиясы» (1907), «Қазақтың айнасы» (1910), «Біраз ғибрат сөз» (1910), «Насихат Қазақия» (1911), «Бар оқиға» (1912), «Тура жол» (1912) кітаптарының маңызы ерекше. Шығармаларында Алланы сүю, Мұхамбеттің үмбеті болу тәрізді діни уағыздар ерекше орын алады. Өмірдің қиындығына төзу, Алланың бергеніне масаттанбау, барға қанағат сынды асыл қасиеттерге шақырды.

М. Дулатұлы «Оян, қазақ!» жинағында «Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты» деп егілді.

Қалам қайраткерлері халқымызды өз дініне берік болуға ой салып, жат жұрттық діни арбауларға арандап қалмаудың алдын алып отырды. Осы мақсатта Ш.Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты», «Үш анық», М.Тұрғамбайұлының «Пайғамбар заманы» (Бастырушы Қалжан Қоңыратбайұғлы) еңбектері жазылды. Н.Манайұлы 1915 жылы Уфадағы «Шарқ» баспасынан «Иман-Ислам» атты медресе оқулығын басып шығарды.

Дін қайраткері, қазы Ғұмар Қараш «Құран – шам, ақыл – басшы, ғылым – құрал, Құралсыз шекпе сапар, жолың болмас. Айрылма жатсаң-тұрсаң Құранды ұста, Жол

бастар қараңғыда о бір компас. Бұл үшін – бір атадан, бір анадан, Қарайлас біреуіне бірі жалғас» деп әлеуметке дін мен ғылымның тізгінін қатар ұстап ілгерлеудің адастырмас бағытын нұсқады. Философиялық, қоғамдық-саяси және діни сипаттағы «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бәдел – Қажы» (Қазан, 1913) кітаптарынан дінді ағару, яғни мұсылман ағартушылығы идеясымен байланыста алған жаңашылдық көзқарасын танимыз [Хрестоматия, 309-312-бб.].

Алаш қайраткерлері Ресей отаршылдарының озбыр саясатының астарында ұлтсыздандыру мақсаты жатқанын тереңнен сезінді. Наурызбай Таласұлы (Науан қазірет), Шаймерден Қосшығұлұлы сынды көрнекті дінбасылары орыстандыру, шоқындыру саясатына ұлт қарсылығын ашық білдірді.

Ш.Қосшығұлұлы 1903 жылы Абайға хат жазып, отаршылдық жүйе қиянатын жеткізді. Елдік қасиеттерімізді сақтау қарекетінде ақылдасып, бас қосу турасында ойын білдірді. Азаттық рухын аяусыз жаншып отырған патша өкіметі Н. Таласұлын (Науан қазірет) үш жылға, Ш. Қосшығұлұлын бес жылға бас бостандығынан айырып, Сібірге жер аударды. Өктем биліктің заңсыз қыспағынан зардап шеккен есіл ерлердің ақталуында Ә.Бөкейхан, М.Сералин азаматтық танытты. 1905 жылы дін қайраткерлері азаттыққа шығарылды. 1905 жылғы атақты Қарқаралы петициясында да дін бостандығы, дербес сайланбалы діни басқарма ұйымдастыру, мешіт салудағы кедергілерді жою талаптары қойылды.

Орыс отаршылдығының халқымыздың рухани жан дүниесіне күштеп танған қиястығы, діни наным-сеніміне жасаған қысымы Алаш қалам қайраткерлерінің әдеби зерттеулерінде өзекті тақырып тұрғысынан көтеріліп отырды. Мысалы, Ж.Аймауытұлы «Мағжанның ақындығы туралы» еңбегінде «Патшаның отаршылдық, озбырлық саясаты кімнің болса да арқасына аяздай батты. Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылнай, школ, миссионерлер тартты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды» деген пікір айтса, М.Әуезов «Әдебиет тарихында» «Патша үкіметі қазақ даласын уысынан шықпайтын қылып, бағындырудың саясатын бұрыннан ойлап, дайындап жүрген жол бойынша жылдамдатып жүргізе бастады» деп айқындады. Ал Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» кітабында халқымыздың отарлану тарихын баяндай отырып, Ресей империясы тарапынан жүйелі жүргізілген орыстандыру саясатының түпкі мақсатына үңілді. Мәселен, «19-ыншы ғасырдың басында қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, ислөмға өте бейімдеді» деген пікірімен орыстандырудың түрлі айла-шарғысының бірі шоқындыру болғанын айтады. Қазақ даласында миссионерлік мектептер ашылғанан

айта келіп, қазақтарды орыстандыру – патша өкіметінің басты мемлекеттік ұстанымы болғанын «Қазақтың өзінен миссионер жасалмақшы болды. Бері келе христиан дінін «идеал» қылып ұстаған миссионерлер хүкіметтің саяси құралы болды. Хүкімет бұратаналарды орыстандыру жолына өте қызу кірісті. Еуропа соғысының алдында 1912 жылы Святейший Синодтың мынадай пікірі болды: «Бір қазаққа екі орыс көрші болса, қазақ кедейленеді. Содан барып қазақты орыс қылу оңай» деген» деп түйеді.

«Мархамат патшамыздан ала алмадық. Иә Бұқар кетеміз бе, иә Түркия? Ородниктің (урядник) астында қалғаныңша, Тіршілікте іздеңіз Исламия, Бір үш кез жер тимейді өлгеніңде, Бұ не кеп, бұ не қасірет қамкіния!» деп егілген Ақан сері наразылығын ақын Мағжан айта келіп, «Інжілдің» аяты шіркеуде ән салуға ғана жарап қалғанын, үкіметтің төбе-төбе, том-том закондарымен іс қылатынын, олар болса бір сәрі-ау, жанаралдардың «тауығыңның тұмсығы қанаса, көршіндегі қазақты қират» деп шығарған бұйрықтарымен қимыл қылатынын Ақан сорлы қайдан білсін!» деп жазды. Нарманбет Орманбетұлы Ресей империясының осындай жымысқы әрекетін «Патшаның тағы бір политикасы» (1897) өлеңінде айыптап, шоқындыру саясатына деген әлеумет қарсылығын жеткізді [Хрестоматия, 312-б.]. Халықтың діні мен діліне беріктігін жырлады.

Ахмет ишан Оразай тұрпатты дін қайраткерлері халқымыздың оқу-біліммен нұрлануына күш салып, мешіт-медреселер салды. «Қазақ» газетіне қаржылай көмек көрсетті [Хрестоматия, 312-б.]. Алашорда үкіметі жанындағы діндарлар кеңесінің мүшесі Шұғыл қажы Алашқа қаржылай жәрдемдесті.

Алаш арыстары небір қиын қыстау кезеңдерде жаттың қолында кеткен хақ дін Исламның қасиетті кітабы Құран Кәрімді өзінің заңды мұрагерлеріне қайтаруда табандылық танытты. Ж.Досмұхамедұлы 1869 жылы губернатор фон Кауфман Петроградтағы көпшілік кітапханаға тапсырған халиф Осман жиғызған Құран Кәрімді қайтаруда ерең еңбек атқарды. Құнды жәдігер бүгіндері Ташкентте сақтаулы тұр. Алаш дінбасылары ұлт мүддесін халықаралық деңгейдегі дипломатиялық жолдармен қорғауда аянып қалмады. Мәселен, Алаш қайраткері Сағидолла хазірет Мұстафа Кемал Ататүрікпен, Стамбул муфтиімен кездесіп ой бөлісті.

Ұлт зиялылары алты Алашқа сыйлы дінбасыларын, елшіл тұлғаларды қадірлеуді, өмірден өткен арыстар рухын қастерлеуді бір сәт естерінен шығарған емес. Екінші Жалпықазақ сиезіне арнайы шақырылған қадірменді ақсақал Ораз Тәтіұлы кенеттен дүние салып, аталған бас қосудың оның рухына дұға бағыштаудан басталуы тағылымды дүние.

Жалпы қазақ съезінің қаулысынан, «Алаш» партиясының бағдарламасындағы «Дін ісі» тарауында «Дін ісі мемлекет ісінен айырылулы болуы. Дін біткенге хұқық» деген жолдардан Алаш санаткерлерінің дінге қатысты зайырлы ұстанымда болғанын көреміз

[Хрестоматия, 313-314 бб.]. Бастауыш білім беру қағидаттары да заманауи білім беру жолын ұстанды [Хрестоматия, 314-315-бб.].

Алаш дінбасыларының имандылық ұстанымдарындағы дәстүр арнасы діни наным-сенім қыспаққа алынған, мешіт-медіресе ойрандалған сталиндік қилы кезеңдері заңды жалғасын тауып жатты. Көрнекті дін қайраткері, хадисші Сәдуақас Сәлменұлы Ғылмани (1890-1972), Тінібай мешітінің имамы, діндар Ахметсафа қажы Қалдыбайұлының (1892-1973) тағылымды ғұмырлары соны айқын көрсетеді.

Қазақ халқын имандылыққа ұйыстырып, ар-ұждан тазалығына үндеген, мұсылман дінінің рухани кемелділіктегі маңызын насихаттаған Алаш дінбасылары сталиндік қуғын-сүргін құрбаны болды. Мешіт-медреселер ойрандалып, қиянат пен озбырлық үстемдік етті. Еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты Алаш дінбасаларының аяулы есімдері ұлықталып, ерен еңбектері әділ бағасын алуда.

Әдебиеттер:

Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.

Алаш ақиықтары. Құраст. Т. Жұртбай. – Алматы: Алаш, 2006. – 286 б.

Алаш көсемсөзі: Жер мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 1. – 400 б.

Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 2. – 400 б.

Алаш көсемсөзі: Дін мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 3. – 400 б.

Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.

Сұрақтар:

1. XX ғасыр басындағы ояну дәуіріндегі ұлттық руханият ерекшеліктері.
2. Ұлт баспасөзінің елдік сана қалыптастырудағы қызметі.
3. Алаш қалам қайраткерлерінің публицистикалық мұрасының қазіргі таңдағы өзектілігі.
4. Алаш өнерінің көркемдік-эстетикалық жүйесі.
5. Алаш идеясын қалыптастырудағы қазақ сөз өнерінің көркемдік тұғыры.

Тапсырмалар:

«XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі» тақырыбында эссе жазу.

Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиетінен реферат.

«Алаш өнері және рухани жаңғыру» тақырыбында пікіралысу.

«Алаш және дін: рухани кемелділік» тақырыбында жазбаша жұмыс.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ
АЛАШ БІЛІМПАЗДАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ

§ 1 Алаштың білім тұғырнамасы

Алаш кезеңінің білім тұғырнамасы – әлем тәжірибесіне сүйенген, ұлт сұранысын қанағаттандырған ағартушылық қағидаттар мен рухани-зерделік өренің жиынтығы еді.

Ұлт тарихындағы Ағартушылық кезең шамамен XIX ғасырдың 60-жылдарынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін жетпіс жылға жуық созылады. Ал мұны бір-бірімен байланыстағы үш бөлік құрайды:

1) Бастапқы ағартушылық (1860-1890).

2) Негізгі ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920).

3) Инерциялы ағартушылық (1920-1929).

Бастапқы ағартушылық XIX ғасырда қоғамымызды ағартуға талпынған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, М.Бабажанов сынды тұлғалардың әр қайсысы өз бетінше жасаған қадамы еді. Олардың еңбегінде әлем тарихында кездесетін ағартушылық кезең тұлғаларына қоятын талаптың бәрі дерлік бар. Бірақ ерекшелігі де жоқ емес. Бұл ағартушылықтың «бастапқы» болатыны – олардың ағартушылық ісінің басында тұрғандығымен және аталған тұлғалардың бір күшке бірікпей, жеке-дара күрескендігімен түсіндірілуі тиіс.

Негізгі ағартушылықты (Алаш ағартушылығын) ұлттың ұйысуға қарай жасаған қадамы тудырды. Ағарту – Батыс пен Шығысқа ортақ тұжырым. Сонымен бірге бұл кезеңнің тұлғалары «ағартушылық үшін тер төгіп жүргенін» жазып кеткенін есте ұстаған жөн. Негізгі ағартушылықтың тұлғаларында біртілектік пен ұйымдасу бар. Бірігіп қамдану мен қорғану бар. Ұмытыла бастаған «бір тудың астына жиналу» ұраны осы кезде көтерілді.

Инерциялы ағартушылық – Ресейдің шет аймақтарында һәм өз ішінде ғана байқалған үдеріс еді. Яғни, 1917 жылғы төңкеріс бүкіл жүйені шайқады. 20-жылдардан бастап ресми басқа қоғам құрылды. Бірақ осылай болғанның өзінде халық тағдырын, рухани мұратын бірер жылда басқа арнаға салу мүмкін емес-тін. Сондықтан негізгі ағартушылықтың ұшқындары инерциялы түрде өмір сүре берді.

Алаштың білім тұғырнамасы ұлт ағартушыларын, білімді тұлғаларының бейнесін, ой-санасын айқындаудан көрінеді. Мысалы Ә.Бөкейхан еңбектерінен Шоқанға – «оқыған ның жалғызы», Абайға «қазақтың жалғызы» деп берген анықтамаларын оқимыз. Ақын қазасына арнап жазған мұнақыбында Әлихан: «Ислам діні қазақ даласында жеңіске жетіп, орныққан жаңа кезең Абай назарын араб, парсы және түрік тілдеріндегі білімге аударды. Мүмкіндігі мен қабілетінің арқасында ол араб-парсы тілдерін өз бетінше оқып, еркін меңгеріп алды һәм қасиетті кітаптардың білгірі атанды. ... Дін мәселесінде Абай қалыптасқан ғадетті бұзды. ... Талант, білімімен Абай партия таласына араласып кетті және мұнда да елді аузына қаратты. Абай отанында тағдыр жазуымен мезгілсіз туған саф асыл еді. Оның күші басқа-басқа, партия таласына жұмсалмауы тиіс-тін», – деп тұжырымдағаны мәлім. 1920-шы жылдары Мағжан, Әлихандар «Алқа» атты әдеби ұйым құрмақ болып, оның айқындамасында: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп еріксіз шалған бірінші құрбаны»,– деп көрсетеді. Біздіңше, осы екі ойдың арасында сабақтастық бар. Контекске қарағанда «мезгілсіз» сөзінің уақыттан гөрі межені аңғартатынын байқаймыз. Сонда ол қай меже? Сөз жоқ, әңгіме сапалық кезеңге көшу туралы болып отыр. Әлихан пікірінше, Шоқан – сапалық өзгерістің басында тұрған тұлға, бірақ «қазақта орысша оқыған ның жалғызы». Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуына арналған мақаласында Ә.Бөкейхан осынау гуманист, адалжүрек азамат-ғалымның үзік ойларын оқырманға ұсынады. «Саяси жолындағы бізге жылы көрінетін бір негізді пікірі мынау, – деп ойын сабақтайды Әлихан. – «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Русияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Русия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беру керек» дейтін Г.Н. «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш-Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер еді-ау» дейтін Г.Н.». Бұл үзінділер арқылы мақала авторы Шоқан бастаған үркердей оқыған ның елі үшін қолынан келгенін жасағанын меңзейді.

Оқу-баспа ісі өрістеп, кеңес үстемдігі орнай бастаған, біз шартты түрде «инерциялы ағартушылық» деп атаған шақта Ә.Бөкейхан Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан А.Байтұрсынұлына «Абай мен Алтынсарыұлы туралы еңбегіңнің қолжазбасын жібер» деген мазмұнда хат жазады.

Ахметтің өзіне дейінгі ағартушылар жөнінде еңбек жазуды қолға алуы – құнды факт. 20-жылдары баспасөз бен мәдени ұйымдар жұмысында Ы.Алтынсарин тұлғасы пікірталас тудырғанда, тарихи дамуды дұрыс зерделей алатындар «Ахмет Ыбырай заманында туса, Ыбырайдай болар еді, немесе Ыбырай кеш туса Ахметтей болатын еді» дегенге саятын ой айтқан-ды.

А.Байтұрсынұлы XVIII-XIX ғасырдағы тарихи-рухани үдерісті былайша түсіндіреді: «Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті, әдебиет көпке дейін өңдеп, өсе алмай, мешел болып аяғын баса алмай жатқан. Сол күйінде тұрғанда патша үкіметінің саясаты келіп килігеді. «Қазақ – діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай» деген пікірмен, патша үкіметі қазақ пен ноғай арасында жік салып, екеуін айырғысы келді. ...Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Еуропа жұрттарының әдебиетімен танысады».

Міне, кездейсоқтықтан гөрі заңдылыққа сәйкес осы құбылыс, яғни сапалық өзгеріске бағытталған рухани күш сұранымы, Ахметтің логикасы бойынша, Шоқан, Ыбырай, Абайларды дүниеге келтірді. Мұны ағартушы былай тұжырымдайды: «... Өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін ...ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе әсері күшті болған – Абай сөздері». Ахмет көбіне әдебиеттегі сапалық өзгерісті айтқанымен, оның осы ойын ғылым, оқу-ағарту ісіне қатысты да қарастыру ақылға қонады. Сондықтан Байтұрсынұлының пайымын XIX ғасырдағы шындықпен байланыста түйсіну жөн болмақ. Сонда ғана «молдалардың дін бесігі», «діні шынығып жетпеген», «екі жаққа сүйреу», «сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеу» ұғымдарының мәні ашылады.

Дара көрінген ағартушылардың аудиториясы болды ма деген сұраққа Ахмет жоғарыдағы зерттеуінде былайша жауап берген: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар деп тайсақтап тартынбаған, хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған». Бұл жерде ақынның «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген пайымы еске түседі.

М. Дулатұлы да Шоқан жөніндегі мақаласын ағартушының «көп қызметін білмеу себебін» тілге тиек етуден бастайды. Ол ойын: «Бірақ заман өткен сайын халықтың көзі ашылып, әдебиеті гүлденіп, матбуғаты жайыла бастаған кезде естен шыққан Шоқандардың артында қалдырған сөзін қайта тірілтіп, кім екендігін білдірмей қоймайды», – деп тарихи заңдылықты ескертіп түйіндейді.

Міржақып ағартушының тарихи қызметін былайша тұжырымдаған: «Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған». Қайраткер Шоқанның өмірін де, артында қалдырған жазбалары мен зерттеулерін де ағартушылықтың биік межесі ретінде көрсеткен.

М. Дулатұлы Абайды Ломоносовқа теңейді. «Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда

арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы – мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтималы, қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей»,-дейді қаламгер.

М. Дулатұлы Шоқан мен Абай тұлғасына қазақтың өркениетке қалаған бірінші кірпіші ретінде қарайды. Сонымен бірге қаламгер Шоқан өміріне байланысты ел арасында айтылып қалатын бейсауат сөздерге түсінік бере отырып, таза пікірлі, ақ жүрек ұлтын сүюші жігітті» нақақ жаладан арашалайды.

1920-шы жылдары Ы. Алтынсариннің тарихи орнын біршама зерделеген қаламгерлердің бірі – Мұхтар Әуезов. 1922 жылы «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты еңбегінде ол: «Аурудың емі мынау деп, ашып айтып, бір нәрсені шешіп бермесе де, бірде дінді, бірде оқуды, бірде таза адамшылықты ем қылып ұсына бастаған – Алтынсарин», – десе, 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты зерттеуінде: «Ендігі сөзді Алтынсарин заманды жоқтап, заман зарын айтуға арнамайды, ...оның орнына, мүмкін болғанша, ем айтқысы келеді. Бірақ мұның айтқан емінде бір бағыттық, анықтап бастаған екпін, ағын жоқ. Елдің әр алуанына әр түрлі ем айтады. Елдің үміт, сүйенішін жас буынға артқандай болады»,-деп түйіндейді.

Ы.Алтынсаринді Мұхтардың «емші» ретінде көруінде толық негіз болса керек.

Жеке-дара көрінсе де алғашқы ағартушылар қазақ қоғамына, өзінен кейінгі толқынға не берді, ұлт ой-санасына қандай олжа салды, ұлт тағдырына қатысты не бітіріп, не қойды, олардың еңбегі қалай бағалануы керек – осы сұрақтардың бәрі-дағы ХХ ғасыр басында зиялының күллісін толғандырды.

Біріншіден, «негізгі ағартушылар» еңбегінің көбі саяси күрес пен белсенді жұмысқа жұмсалды, сондықтан олардың байыпталған зерттеу жазуына уақыт тар еді.

Екіншіден, отаршылдық езгісі жойылып бітпеген кезеңде сол жүйеде озып шыққандар еңбегі аталған жүйеде өсіп шыққандар үшін «дау-дамайлы тақырып» болатын; «оған баруға оқығандар жүрегі дауаламады» дегеннен гөрі, «олар уақытын күтті» деген расқа шығады.

Қоғамдық-саяси күрес пен азаматтық қызметінің тынымсыздығына қарамай, күрделі уақытқа рух сәулесін түсіруге жұмылған, саяси жүйелердің қытымыр қалыбынан сескенбей тарихи әділеттікті ту етіп көтерген тұлғаның бірі – Смағұл Сәдуақасұлы. Смағұл бастапқы зиялылар туралы байыпты пікірін ақ-қызыл боп шабысып жатқан 1918 жылы-ақ білдірген болатын. Сәл кешеуілдеп 1919 жылы жарияланған «Қазақ әдебиеті» («Киргизская литература») атты орыс тіліндегі тарихи-сыни очеркінде қаламгер ұлт ой-санасының сапалық деңгейге көтерілуінің негізін дөп көрсетеді. С. Сәдуақасұлының пікірінше, орыс әкімшілігінің оспадар әрекеті оқығандар арасындағы ерлердің ашу-ызасын тудырып, қарсылықтың пайда болуына алып келген. Ал, бұл қарсылық

сананы жаңғыртқан, сапаны өсірген. «Единицалардың» (Абай сөзі) тууын тездеткен. Ағартушылардың «көрінбейтін көз жасы» кейінгілердің рухын суарған.

Ғылыми айналымға түспеген (түсу бұйырмаған), жұқанасы жазушы, санаткерлердің естелігінде қалған А. Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойында жасаған С. Сәдуақасұлының «Ақаңның алдында» атты баяндамасы – кеңес тұсындағы «инерциялы ағартушылықтың» бағдарламасы (Ахмет проғрамды – «жосық» депті) сынды еңбек болған деп санаймыз. Сәбит Мұқанұлы былай дейді: «Сәдуақасұлы Байтұрсынұлын мақтай жөнелмей, сатылап жетті. Оның баяндауынша, қазақ халқының бес көсемі бар, олар: Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет».

Смағұлдың «сатылауына» негіз бар болатын. Хан Кене – тәуелсіздік үшін күресте мойымаған, рухы жеңілмеген қайраткердің, Шоқан, Ыбырай, Абай – күрескер рухты қағазға түсіре алған, дара шапса да жалғыздығын білдірмеген, халқының намысы болып жанған ағартушылардың, Ахмет (Смағұлдың Әлиханды айтпауының этикалық себебі бар) – қателіктен сабақ алған толқынның, білім мен бірлікті, білік пен байыпты қатар ұстаған зиялылардың рәмізі еді. Сондықтан С. Сәдуақасұлы «сатысын» – жүйелеу деп қараған орынды.

С. Сәдуақасұлының бастапқы ағартушыларға қатысты ендігі бір жүйелі еңбегі – «Қазақстан үшін жоғары оқу орнының маңызы туралы» атты баяндамасы [Хрестоматия, 316-324-бб.].

Бұл баяндаманы Смағұл Халық ағарту комиссары ретінде Ташкентте 1926 жылы 29 қазанда тұңғыш ашылған Қазақ жоғары педагогика институтының (1920 жылы Орынборда ашылған ағарту институты – КИНО-ның мәртебесі бұл оқу орнынан төмен болса керек) салтанатында жасаған. Аталған еңбекте отандық ағартушылық тарихына қатысты елеулі тұжырымдар қамтылған.

Қаламгер рухтың күшті болғанына мынандай мысал келтіреді: «Славян дінін қазақ ішіне кіргізуге ұмтылған миссионерлердің қаншама жылғы еңбегінің нәтижесінде сан миллион қазақ арасынан екі-үш сауатсыз поп және патша охранкасының бірнеше тыңшысы шықты. Дінін сатқандар саны онға да жетпейді». С. Сәдуақасұлы ел ішіндегі ескі оқу жүйесінде, жаңадан ашылған орыс-қырғыз школында оқығандар, қауқарсыз болса да үміті өшпеген халқының қажетіне жарай алғанын айтады.

Алғашқы ағартушылардың еңбегін парықтау үшін, Батыс пен Шығыс елдері тәжірибелерін барлау қажет. Бұл орайда Смағұл екі жақтың да таңдаулы үлгісімен сусындап, барын байытып, кемшілігін жойған Жапон тәжірибесін тілге тиек етеді. Қаламгер отандық ағарту ісінде Ресей арқылы Батысқа қол созған; Еуропаның білімін үйренсе де, білігін бұрмалаған ресми Петербордан жиренген кезі аз болмаған қазақ ағартушыларының тағдыры мен тарихын Ядринцев сынаған жүйенің шындығымен сәйкес қарастырады.

Ол Шоқан мен Ыбырайды халқына бақыт іздегендер, бірақ тапқан бақыты халқының мүддесімен орайлас болмағанына өкінгендер, оспадар орыс саясатына құрбандыққа шалынғандар есебінде қарайды. С. Сәдуақасұлы Шоқан мен Ыбырайдың амалсыз, қауқарсыз болғандығына өкініш білдіреді. Қаламгер «Шоқан өлімі еуропалықтар мен орыстарға қатал ескерту болды» деген Ядринцев сөзін ауызға алады. Сонымен бірге ол ағартушылардың жеке өмірін қазбалап, екеуінің де құсадан қайтыс болғанына бұлтарпас дәлелдер келтіреді. Смағұл тұжырымы мынаған саяды: қай қайраткер болсын өзінің туған Отанына ерікті жағдайда қызмет етсе, еңбегі жеміс береді. Егер туған елің біреудің езгісінде болса, оны азат ет. Әйтпесе еңбегің құмға сіңгенмен бір есеп. Бастапқы ағартушылар осы шындықты маңдайына тиген соң түсінген дегенді айтады С. Сәдуақасұлы. Осы ойын ол замандастары мен студенттердің есіне салады.

XIX ғасырдағы қазақ қауымының ахуалы алаш зиялысы Қошке Кемеңгерұлының 1921-1922 жылдары жазылып, 1924 жылы Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында жарияланған «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде белгілі дәрежеде жүйелі талданған. Бұл еңбектің негізгі нысанасы – Алаш жұртының патшалық Ресей отарлауындағы тағдыр-талайы. Осы зерттеуде бастапқы ағартушылардың тарихи орны да зерделенген [Хрестоматия, 324-б.].

Қошкенің тұжырымдары Смағұлдікімен ұқсас. Бұл екі тұлғаның бір-бірімен байланыссыз жасаған пайымының сәйкес келуіне қарап, Шоқан заманына таяу толқынның ортақ байыпты пікірі жоғарыдай болған деуге негіз бар.

1920-шы жылдарға дейін-ақ эмиграцияға кеткен Мұстафа Шоқай да өзіне дейінгі ағартушылар туралы пікір білдірген екен. Жалпы Мұстафаның ұлт қайраткеріне, әсіресе жаңа заман серкелеріне қоятын талабы аса қатаң. «Ұлттық зиялы» атты өйгілі мақаласында ол: «Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», – дейді.

Сондай-ақ М. Шоқай зиялыға баулынып жатқандарға «батыс білімін» «шығыс рухымен» ұштастыру ғана – осы заманда жеңіске жеткізетінін ескертеді.

Сонымен, негізгі ағартушылық өкілдерінің бастапқы ағартушылық тұлғаларына берген бағасынан төмендегідей қорытынды шығады:

Біріншіден, алаш зиялыларының пікірінше, бастапқы ағартушылық – қазақ ұлтының тарихи дамуының заңды белесі. Яғни, қазақ қауымының өркендеуіндегі ішкі және сыртқы факторлар осы ағартушылықтың тууына себеп болды.

Екіншіден, бастапқы ағартушылар жалғыз-дара көрінді және олардың байқалуында Ресейдің демократиялық күштерінің әсері мол болды. Дара ағартушы – алып жүйе ал-

дында қауқарсыз күш. Бірақ ол – халқының жағдайы үшін жүйеге қарсылықтың нышаны.

Үшіншіден, бастапқы ағартушылар алғаш өзі оқып шығып, қызметіне тұрған ресми жүйенің тек «мәдени» жағын көрді. Кейін бұл жүйенің амал-айласын көргенде, одан безді, Ресейдің жаңғыруын қалады.

Төртіншіден, елмен араласқан соң, алғашқы ағартушылар қандастарының хұқы, діні, рухы тапталып жатқанына көзі жетті. Осыған алаңдап, ресми орындарға, қамқор достарына хат-хабар білдірді. Бұл – олардың алғашқы күресі еді. Күрес нәтиже бермеді. Олар құса болды.

Бесіншіден, алғашқы ағартушылар бір-бірімен байланыссыз болса да, қоғамдық жағдайдың бір болғандығынан, орайлас ой айтып, ұқсас әрекеттер жасады.

Алтыншыдан, бұл ағартушылар ұлтты ұйыта алмаса да, ұлтқа жанашыр оқығандар еді. Сондықтан, олардың еңбегі, іс-әрекеті – жаңа заманда ұлттықты сақтаудың алғашқы іргетасы болды. Бұлар болмаса (болуы заңды), негізгі ағартушылардың шығуы кешеуілдер еді.

Сонымен өмір сүріп отырған мемлекеті Батысқа бет түзеген, оқығандарының көбі Шығыстан нәр алған қазақ халқының адамзат көшінен қалмау мақсаты тұрды. Ресей-қазақ қарым-қатынасы емес, бодандықтың отаршылдыққа қарсы құбылысы өмір жүзіне шығарған дара ағартушылардың орнын идеялас ағартушылардың шоғыры алмастыруы қажет болатын. Себебі ызбарлы жүйеге қарсы жеке-дара емес, бірігіп қарсы тұрудың алғышарттары жасалған-ды. Сауаты бар он адамның орысша оқыған біреуі тарихтан сабақ алып, тоғызбен мәмілеге келіп жұмыс істейтін жолды іздестірді. Ресей империясындағы шет аймақтардың жағдайы ұқсас болғандықтан, мұсылман халықтарының барлығы дерлік бұл жолды сарпыла іздеуде еді. Осы халықтардың ішінде жолсыздан жол тапқан – Қазан және Қырым татарлары болды. Табылған жол жәдитшілдік тұжырымдамасы еді. Алғашқы ағартушылардың ішінде Абай айтқан ізгі жол мен Ыбырай көрсеткен адамшылық жәдитшілдікке алып келді.

Жәдитшілдік ұғымының қазақ нұсқасы екі асудан тұрады деп есептейміз. Бірінші асу – 1890-1911 жылдар – үйрену, тәжірибе жинау шағы. Екінші асу – 1911-1920 жылдар – жәдитшілдік кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы.

Біздің ұғымымызша, жәдитшілдік – Ресей империясының мұсылман аймақтарына ортақ, дәстүр мен жаңашылдықтың синтезді құбылысы. Оны қарапайым тілге аударсақ, «жаңару», «елдікті сақтау үшін жаңа бағыт ұстау» дегенге саяр еді. Ресей империясының мұсылман халықтары тарихында негізі ортақ жәдитшілдік қозғалысының дамуы біртекті емес. XX ғасырдың 10-жылдары ол Қазақстанда – алаш, Әзірбайжанда – мусават, Қырымда – милли-фирк, Татарстанда – иттифак әл-муслимин қозғалыстарына

ұласса, Өзбекстанда (Бұхара, Хиуа) мазмұны бастапқыдан біраз өзгерсе де «жадидизм» атауымен дами берді.

Жәдитшілдік – бірыңғай саяси сипатты қозғалыс емес, ол – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар тұжырымдама әрі ағым. Тұжырымдама болатын себебі, онда дара ағартушылардың ойларына табан тіреген, идея мен тәжірибенің арасын қосқан көзқарастар жүйесі бар. Ал, ағым болуының мәнісі, ол белгілі кезеңде Ресей мұсылмандарын ағартудың бір жолын, бірақ тиімді жолын көрсетті. Алайда, бұл баламасы жоқ жалғыз жол емес болатын.

«Жәдит» термині XIX ғасырдың екінші жартысында өмір жүзіне шықты. «Жәдид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. XIX ғасыр соңында Ресей империясын әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес, алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды қырым-татары, күллі зиялының аузында жүрген ағартушы Исмаил Гаспринский бастайды.

Жалпы мұсылман білімі жайын, сонымен қабат бастауыш оқу жүйесі – «иптидия» мен орта және жоғары оқу жүйесі – «ғалияны» қарастырған XX ғасыр басының жазбагері: «Иптидияда жұмасына 42 сағат – дін оқуына, 7 сағат – түрік, парсы, араб тілдеріне, 10 сағат түркі халықтары тарихына, 27 сағат – орыс тіліне, 25 сағат – жалпы ғылым негізіне, 10 сағат – көркем жазуға, 6 сағат – бухгалтерлік-шаруашылық есепке бөлінген. Сондай-ақ мұнда география, арифметика, геометрия оқытылады. Мектептің жоғары сыныбы – ғалияда бұл үш пән оқытылмайды. Мұнда орыс тілі де жүрмейді. Оның есесіне араб әдебиеті, түрік тілі, ислам тарихы, хадистану, Құранға түсіндірме (бұған жұмасына кемі 17 сағат) және дінтану сағаттары көбейтілген»,-деп көрсетеді Я.Д.Коблов «Конфессиональные школы казанских татар» кітабында.

Біз бұл ұңғылды деректерді мақсатты түрде ұсынып отырмыз. Себебі, қарастырып отырған мәселемізге байланысты Ресейдегі мұсылмандық оқу жүйесінің бағдары мен деңгейін білу артық емес.

И.Гаспринский 1881 жылы жазған «Орыс мұсылмандығы» атты еңбегінде: «Сауатты мұсылманның бәрі, ең құрығанда 50-60 пайызы білсе керек, бір кездері исламда ильми-тыбие (медицина), ильми-икмет (физика), ильми-кимья (химия), ильми-набодат (ботаника), ильми-нуджум (астрономия), ильми-эндесе (геометрия), т.б. пәндерді оқытқан медреселер болған. Халифаттық дәуірлеген шақта Бағдат, Кордова, тағы өзге Шығыс қалаларында ақыл мен тәжірибеге қатысты ғылымдарды оқытқан 20-30 профессоры (мүдерис, мұғалім) бар медреселер туралы бұлыңғыр елес пен аңыз қалған. Бүгінгі татар медресесінің бағдарламасы – кітаби араб тілі, теология және схоластика. Оқыту әдісі – ұрып миға кіргізу және жаттатқызу; жаттатқызу және ұрып миға кіргізу»,-дейді [Хрестоматия, 324-343-бб.]. Міне, осындай жағдайдан құтылу – тек оқу саласына ғана емес,

еркін ойлауға, руханиятты азат дамытуға – әдебиет пен мәдениетті өрістетуге мүмкіндік берер еді.

Алаш оқығандарының көбі дерлік дәстүрлі және кейін жаңарған мектеп-медреседен оқыды. Сонымен бірге XIX ғасырда Ресей білім империясы Қазақ даласын жан-жақты отарлай бастағанда, сол кездің көзімен қарағанда «еуропа», шынтуайтында орыс білім жүйесінен тәлім алуына тура келді. Бұрынғы ғылыми әдебиеттерде ұшырасатын «төңкеріске дейін оқығандар туралы» дерек (кейбір әдебиеттерде екі-ақ пайыз деп көрсетілген) негізсіз екенін өмірден ерте өткен ғалым Б.Ә.Кенжетаевтың 1991-1994 жылдары жүргізген зерттеулері терістейді. Батыржан Әуезханұлы «Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв» атты Қазан қаласында 1998 жылы басылып шыққан кітабында: XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда Императорлық Қазан университетін, Қазан Ветеринария институтын және Учительдер семинариясын 79 адам бітірді, 18 адам оқыды деп дәлелдейді

Бұл сан бір ғана Қазан қаласы бойынша. Ал, Санкт-Петербор, Том, Саратов, Мәскеу, Киев, Стамбұл, Варшава университетін, Санкт-Петербор Әскери Академиясын, Орман институтын, Әйелдердің Жоғары курсын, Том технология институтын, тағы басқа жерлердегі жоғары оқу орындарын тәмамдағандар қаншама? Зерттеуші Ғ.Ахмедов төңкеріске дейін ЖОО бітіргендердің 78-ін, тәмамдағаны белгісіз азаматтың 30-ын атайды.

Бір ескертетін жай: аталған уақытта әрбір қазақ баласы ауыл мектебінде тілін сындырды. Бұл – оқыған атаулының жүз пайызы мұсылман дәстүрінен, тәлімінен хабардар деген сөз. Екінші есте болатын нәрсе: ауыл мектебін есептемегеннің өзінде, школ, гимназия, училище, семинарияда оқыған қазақтардың есебі түгел алынбаған.

1911 жылы «Айқап» журналы, 1913 жылы «Қазақ» газеті шыққанға дейін қазақтың рухани-мәдени өмірінде және қоғамдық-саяси құбылыстарды тануында қырым-татар, қазан-татар қайраткерлерінің һәм олар шығарған басылымдардың рөлі айрықша болды. Сондай-ақ 1912 жылы жарияланған А.Байтұрсынұлының «Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» деп басталатын «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген Қазақша алифба» оқулығына дейін қазақ баласының төте жолды, яки жәдитше сауатын И. Гаспринскийдің «Ходжа-и сыбян», Ғ. Барудидің «Сауадхан», Ә. Мақсудидің «Абти» оқулықтары ашты. Бірақ зайырлылық бағытын ұстаған қазақ ағартушылары Лев Толстойдың: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – көп әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу»,-деген сөзін басшылыққа алды. Бұл И.Гаспринский бағытына қайшы емес еді. А.Байтұрсынұлына дейінгі Уфадағы «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері Ишанғали Арабаев пен Хафиз Сәрсекеевтің «Қазақ уә қырғыз балалары үшін осул саутия илә жазылған әліппе яки төте оқу» және жеке авторлардан Мұхамедораз Нұрбаев пен Мұстақым Малдыбаевтың

«Қазақша ең жаңа әліппе», «Әліппе» т.б. оқулық-еңбектерін де жәдитшілдік аясында қарау орынды. Бұл қаз-қаз басқан алғашқы тәжірибе еді. Арада көп өтпей бұлар Алаш оқулықтарымен салаланып толықты.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен I жалпықазақ сиезінде «Алаш» партиясы Қазақ елін және ұлтын үйлестіретін, ұйыстыратын саяси күш ретінде құрылды. Сол жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған партияның бағдарламасында («жоба» деп ұсынылуы дәл бүгінгі мағынада емес) Алаш автономиясының мемлекеттілік негізін айқындайтын 10 ұстын (бөлім) нақтыланды.

Олар: «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот», «Ел қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым-білім үйрету», «Жер мәселесі».

Ұлттық-елдік басқосу білім-ғылымға қатысты мына ұстанымды бекітті:

– оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық және ақысыз;

– жалпы жұртқа ортақ, міндетті оқу, бастауыш мектептің ана тілінде болуы;

– қазақ тілінде орта мектеп, университет ашу;

– оқу ісі өз алдына автономия түрінде болуы;

– үкімет оқу ісіне кіріспеуі;

– мұғалім-профессорлар сайланып қойылуы;

– ел ішінде кітапханалар ашу;

– газет шығаруға, кітап бастыруға еркіндік.

Бұл – осыдан 102 жыл бұрын айтылып, дәлелденіп, қаулымен шегеленген қағидат. Бүгін дамыған Еуропа елдерінде осы ұстанымның бәрі де сыннан, тәжірибеден өтіп, өміршеңдік танытып отырғанын атап өткен ләзім.

Тарихи 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Қазақ елінің барша өлкесінде сиездер («Қазақ сиездері») өткені мәлім. 19-22 сәуірде өткен Орал облысы қазақтарының I сиезінде бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесіне біршама сын айтылып, мынандай қаулы қабылданды:

1. Мұғалімдер сиезін шақыру;

2. Орал қаласында уақытша орта оқу орнын ашу, ерлер гимназиясы бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақтар қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектеп үйіне орналастыру;

3. Қазақ тілінде газет, брошюра шығару.

Дәл осыған ұқсас қаулылар барлық облыс сиездерінде қабылданды деуге негіз бар.

Алаш автономиясы жарияланатын 5-13 желтоқсанда өткен II жалпықазақ сиезінде Білім комиссиясы құрылып, оның құрамына Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Елдес Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы сынды белгілі тұлғалар енгені көрсетілді.

Алаштың білім тұғырнамасы аса қиын кезеңде қалыптасып дамыды. Бұл туралы тарихи дерек-мәліметтерді «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Жас азамат», т.б. газеттерден ұшырастырамыз. Мұны тіпті «соғыс жағдайында ел білімін дамыту» десек те болады. Оны жүйелей көрсетсек: 1) жалпы мұғалімдерді қоғамдық-саяси жұмысқа тарту; 2) қысқа мерзімді мұғалімдер курстарын ұйымдастыру; 3) баспасөзге мұғалімдерді тарту; 4) онысыз да аз қаржының бір бөлігін білім беру ісіне, оған қажетті құралдарға жұмсау; 5) қарапайым сауат ашудан әскери қызметке дейінгі ел қажетіне жарайтын көзі ашық азаматтарды әзірлеу; 6) отбасы және қоғам ұйытқысы – қыз балаларды, әйелдерді жаңа өмірге тарту.

Саяси күштердің текетірес кезеңінде немесе Азамат соғысы жылдары (1918-1920) Алаш оқығандары білім саласын замана сын-қатерлерінен сақтанатындай етіп құра білді. Мысалы, 1918 жылы Ташкентте (Түркістан автономиясы жерінде) қазақтың тұңғыш университеті, кейінгі Абай атындағы ҚазПИ-дің негізі алғаш педагогикалық курс ретінде қаланды.

Большевиктік билік толық орнап, Қазақ кеңестік автономиясы жарияланған 1920 жылдан бастап Алаштың білім тұғырнамасы ресми саясат атауымен («большевиктік халық ағарту» т.б.) ныспыланса да, негізгі арқауын үзген жоқ. 1920-1921 жылдары А.Байтұрсынұлы Орынборда Қазақ автономиясының Халық ағарту комиссары болып қызмет етті. 1920-1926 жылдары Х.Досмұхамедұлы Ташкентте Түркістан автономиясы Халық ағарту комиссариаты Білім комиссиясында жауапты қызметтер (соның ішінде біраз жыл комиссия төрағасы) атқарды. Осы жағдай Алаштың білім тұғырнамасының жаңа аяда орнығып дамуына оң ықпал етті.

Осы елдік істің ірі нәтижесіне мынаны жатқызамыз:

1. Түрлі сала бойынша қазақ тілінде оқулықтардың даярланып, басылып шығуы.

2. Сол кез үшін «озық оқулық» саналатын еңбектердің орыс тілінен қазақ тіліне аударылуы.

3. Халыққа білім беру институттары мен Халық ағарту институттарының ашылуы.

4. Түрлі курстар мен орта арнайы кәсіптік оқу орындарының іске кірісуі.

5. Халықтың рухани мұрасын жинап, сараптайтын Академиялық орталықтың ашылуы.

6. Ташкентте Қазақ мәдениетін көркейтушілердің «Талап» атты ұйымының ашылуы.

7. Білім саласына қатысты «Өртең», «Сәуле», «Сана», «Шолпан», «Таң», «Темірқазық», «Жаңа мектеп» т.б. газет-журналдардың шығуы.

8. Қазақ жастарының Ресейдің орталық қалаларындағы жоғары оқу орындарында оқуы.

9. Мемлекеттік баспа жұмысының жүйелініп, жандануы; Мәскеуде «Күншығыс» баспасының (КСРО халықтары орталық баспасының Шығыс секциясы) ашылуы.

10. Ағартудың рәмізіндей қаһармандар жырларының, Абай мен Мағжан жинағының, т.б. мұралардың кітап болып жариялануы.

Алаштың білім тұғырнамасы ең алдымен ұлттық тәжірибе, сонымен қатар әлемдік білім-білік тағылымынан туындағаны аңғарылды. Мұның негізінде талап, ізденіс және халық қалауы (шынайы талғам, сұраныс, баға) жатқанын байқау қиынға соқпайды.

Алаш тақырыбын кең, терең әрі кешенді түрде қарастырғанда ұлт-азаттық қозғалыстың қазақ халқын саяси, мәдени, рухани дамудың белгілі сатысына көтергендігін айтамыз. Патшалық отаршылдық ұлтымызды жоюды көздеген езгіге қарсы күш ретінде пайда болған Алаш қозғалысы өз мақсатында ұлттың басы ұйыстырып, оның саяси-азаматтық санасын оятып, атамекен жерінің біртұтастығын қорғап, ана тілін, баба дінін сақтау үшін күрескенін көреміз.

Алаш қозғалысы отаршылдық арбаудағы елді оятты, ұлттық баспасөзді тудырды, жаңа ұлттық жазба әдебиетті қалыптастырды, қазақтың тұңғыш романы мен пьесасын жазды, ұлттық театрды дүниеге әкелді, ұлттық ғылымды жасады, мемлекеттік құқықтық атрибуттарды қалыптастырды, қазақтан тұңғыш депутаттарды шығарды, тұңғыш саяси партияны тудырды, Ұлт кеңесі – Алашорда үкіметін құрды, тұңғыш жоғарғы оқу орнын ашты, қазақ жерінің біртұтастығын сақтады, қазақты ұлт ретінде біріктірді. Алайда ұлт үшін жасалған бұл істің барлығы Алаш қозғалысы аталатын ұлы тарихи құбылыстың сипаты мен маңызын толық ашпайды.

Алаш қозғалысының қазақ ұлтын оятып, ағарту мақсатында істеген жемісінің ішінде ұлт білімпаздарының жазған оқулықтары мен оқу құралдарын ерекше атағанымыз маңызды. Қай заманда болса да, ұлттың рухани оянуы сауат ашуда, оқу-білімде екенін жақсы түсінген Алаш көсемдері мен білімпаздары күрделі тарихи кезеңде оқу-ағарту бағытындағы еңбектерді насихаттауды, аударуды, кейін өздері де оқулықты жазып даярлауды мақсатты қолға алды. Алаш және мектеп оқулықтар тақырыбында қазақ зиялыларының қиын-қыстау заманда танытқан қажырлы еңбегінің практикалық мәні мен өнегесі бүгінгі қоғам үшін де маңыздылығы бар екенін байқаймыз.

Қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ы.Алтынсариннің XIX ғасырда кирил қарпінде жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» – ұлт тарихындағы алғашқы оқу-әдістемелік еңбек ретінде бағаланады. Мысалы, Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсын», К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесін» қазақ баласына оқу құралы ретінде ұсынып, миссионерлік жолда жүрген орыс ғалымдарының пиғылын әуелде аңғармай, ұлтына риясыз қызмет істеген ағартушының есімін қазаққа алғаш таныстырған Отыншы Әлжанұлы (1873-1918) болды.

Алаштың көрнекті қайраткері, Ұлт кеңесі – Алашорда үкіметінің мүшесі О.Әлжанұлы «Дала уалаятының газетінде» (1894 жылы №39 саны) жарық көрген «Қазақтарға пайда-

лы кітаптар» атты мақаласында жаңа еңбектің мақсаты – оқырман қауымды орыс тілін үйрететін, қазақтар үшін пайдалы кітапппен таныстыру деп көрсетті. Мақала «Орынборда учебный округтағы орыстардан заты бөлек... господин Катаринский» деп басталады. Орыстардан заты бөлек деген сөз мақаланың орысша жарық көрген нұсқасында берілмеген. Орынбор қаласында Катаринский деген адам қазақ молдаларымен бірігіп, «Жазуға үйрететтұғын кітап» және «Орыс тілінің әуелгі оқитұғын бөлімі» атты еңбектер шығарған. Кітапты автор қазақ арасына орыс ғылымын жайып, қазақтарға орыс тілін, орыстарға қазақ тілін үйренуге бірден-бір оқулық деп бағалады. Кітаптардың құндылығы – сөздері орыс әрпімен жазылған. 70-ші жылдардың ішінде атақты болған Алтынсарин қазақ кітаптарын орыс әрпімен шығарып еді деп, қазақ халқының тұңғыш ағартушысын ауызға алып, заманы қажет еткен прогресшіл идеяны қозғайды. «Олай айтпасақ та, бұл кітаптардың жақсылығы, Алтынсариннің айтуынша, қазақ кітаптарын толықтыратұғын араб һәм ноғай сөздерінен қазақ тілін тазалауға үміт етеді. Господин Катаринский кітаптарының тілі анық, оңай, түзу. Бұлардың ішінде қазақ, ноғайдың кітаптарындағы анық болмай жазылған сөздер тіпті жоқ», – деп көрсетеді.

Оның айтайын дегені, егер қазақ сөздері орыс әрпімен жазылса, тілде қаптап кеткен араб, парсы, ноғай сөздеріне тосқауыл болады, қазақ тілі тазаланар ма деген ойы. Бұл мәселені әдеби тіл деп атап, тілдік нормаға тура сондай талап қоямыз. Кітаптардың тілі анық, оңай, түзу дегені де қызығушылық туғызбай қоймайды. Мысал ретінде алынып, әдет, ғибадат үшін жазылған кішкене әңгімелердің барын айтқаны кітаптың тәрбиелік мақсатын көрсеткені. Сол уақытта жарық көрген Неклюдов деген адамның аты атақты болса да, бір жақсы нәрсесі жоқ, ұғымсыз кітабымен салыстыра келіп, «бұл кітаптың жақсылығы һәм арзандылығы, біздің ойларымызша, қазақтардың ғылым үйренуін дұрыс көрген кісілердің һәм қазақша, яки болмаса тілін үйренем деген адамның көңілін бұрса керек»,– деп ойын тұжырымдайды. Мақалада көтерілген мәселе – қазақ үшін қажетті кітапты насихаттау.

XIX ғасырдың соңында жарық көре бастаған қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашының бірі – «Дала уалаятының газетіндегі» Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері О.Әлжанұлының мақаласында ұлтқа қажетті оқулық мәселесі көтеріледі. Мектепке керек оқу құралы орыс тілінен аударма арқылы жасалғандығы құпталады. Кітаптың орыс қарпімен шыққаны мақұл саналады. Сонымын қатар, алаш қайраткерінің мақаласынан бүгінгі шындықпен сабақтасатын жағдайды байқаймыз. Осы күні біздің қоғам қазақ тілі үшін орыс қарпінен бас тартып, латынға ауысу жағдайында тұрған кезде XIX ғасырда да алфавит ауыстырудың саяси-әлеуметтік, рухани-ағартушылық астары бар болғанын аңғарамыз. Алаш қайраткері мақұл көрген орыс алфавитінен Алаштың 100 жылдығында еліміз бен ұлтымыздың болашағы үшін саналы түрде латынға көшкеніміз дұрыс деген пікірдеміз.

Алаш және мектеп оқулықтары мәселесі алаштанушы ғалымдар мен тілші мамандардың мақалалары мен зерттеулерінде тиянақты қарастырылды. Алаш терминологиясы бойынша ғылыми зерттеу жазған біраз еңбектер де жазылды. Мұнда Алаш білімпаздарының оқулық жазу тарихы, әсіресе термин жасау ісі жан-жақты қарастырылады. Сол еңбектерде де 1911 жылдан бастап алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшыраған отызыншы жылдардың соңына дейінгі аралықта жазылған оқулықтардың көбі көрсетілген.

Алаштың көрнекті қайраткері, Ұлт кеңесі – Алашорда үкіметінің мүшесі О.Әлжанұлы «Дала уалаятының газетінде» (1894 жылы №39 саны) жарық көрген «Қазақтарға пайдалы кітаптар» атты мақаласында жаңа еңбектің мақсаты – оқырман қауымды орыс тілін үйрететін, қазақтар үшін пайдалы кітаппен таныстыру деп көрсетті [Хрестоматия, 343-344-бб.].

Кітаптардың ерекшелігі – сөзі орыс әрпімен жазылған. 70-ші жылдардың ішінде атақты болған Алтынсарин қазақ кітаптарын орыс әрпімен шығарып еді деп, қазақ халқының тұңғыш ағартушысын ауызға алып, заманы қажет еткен прогресшіл идеяны қозғайды. «Олай айтпасақ та, бұл кітаптардың жақсылығы, Алтынсариннің айтуынша, қазақ кітаптарын толықтыратұғын араб һәм ноғай сөздерінен қазақ тілін тазалауға үміт етеді».

1921 жылдың 31 қаңтарында ҚазАСК Республикасының Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлының төрағалығымен Орынбор қаласында зиялы қазақ азаматтарының мәжілісі өтті. Жиында қаралған басты мәселе 1 һәм 2-буын мектептер үшін оқулық даярлау ісі болды. Мәжіліске Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Хайретдин Болғанбайұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Файзолла Ғалымжанұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәдуақас Сейдоллаұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Сабыр Айтқожаұлы және басқа азаматтар қатысады. Қорытындысында белгілі пәндер бойынша төменде көрсетілген азаматтар шұғыл арада оқулық даярлауға тартылуы көрсетіледі: Арифметика – М. Тұрғанбайұлы (т), Геометрия – Б. Сәрсенұлы (т), Естествознание – Е. Омарұлы, Қ. Кемеңгерұлы (т), Физика – Ғалымжанұлы, География – Ә. Бөкейхан, Қазақ тарихы – М. Жұмабайұлы (т), Жалпы тарих – Х. Болғанбай, Мектепте гигиена – Ж. Тілеулин, Алгебра (бастауыш) – Е. Омарұлы, Педагогика – М. Жұмабайұлы, Дидактика – Ж. Аймауытұлы, Хрестоматия – С. Сейфуллин, Ж. Аймауытұлы – Қазақ тілінің ахуалы – А. Байтұрсынұлы, Теория словестности – М. Жұмабайұлы (т) [Хрестоматия, 344-346-бб.]. Бұл арада (т) деп берілгені – тәржіма арқылы жазылып басталған оқулықтар.

Мектепке оқу құралын жазу, оқулық ісін ұйымдастыру сынды игі істің бастауында ұлт ұстазы, алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) болды. Ол ұлттық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімі, әдебиеттану, түркітану салаларының негізін қалап, болашақ қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үл-

кен үлес қосты. Ғылыми-әдістемелік еңбектерімен қазақ арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеген А.Байтұрсынұлы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болып келді. Тарихи деректерде қазақ зиялылары оқу құралдарын жазып, тәржімалап июньнің 1-не шейін бітіру керектігі, кітаптардың келер оқу жылының басына шейін даяр болып тұруы, оны дайындайтын азаматтар айына екі рет жиналып, жұмыстарының мән-жайын баяндап отыру қажеттігі туралы А.Байтұрсынұлы қол қойған шешім бар.

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш ғылыми және оқу-әдістемелік еңбек саналатын А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітапшасы Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді. Еңбектің «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде қазақ тілінің ерекшелігі және оның түркі тілдерінің құрамдас бір бөлшегі екендігі айтылады: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл... Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы» [Хрестоматия, 346-б.].

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін қалады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихы үлкен екі кезеңге бөлініп қарастырылды: 1) Діндар дәуір; 2) Сындар дәуір. Ұлттық әдебиетіміздің эволюциялық даму жолын, көркемдік-жанрлық ерекшелігін, танымдық-эстетикалық белгісін толық сипаттап аша алмаса да, бұлайша екіге бөліп қарастырудың өзін біз осы салада жасалған алғашқы тәжірибе, болашақ ізденістерге бағыт-бағдар деп танимыз.

А. Байтұрсынұлының талантты шәкірті, қайраткермен бірге қуғындалып, Архангелскіге бірге айдалған Абдолла Байтасұлы (1900-1940) Қазақ елінде мектеп тілі ұлт тілінде болсын деген ұстанымда болды. Алаш қалам қайраткері: «Мектеп тілі жайынан сөз қылғанда, тым бір ыңғай қыңыр кету жарамайды, әзіргі өмірмен, керекпен санасу керек. Біздің мектеп тілі туралы алдымызда көздеген нысана, арманымыз болуы керек. Арманымыз – «түбінде мектеп тілі ұлт тілі болсын!». Бұл ұранды біз ертеден айтып келеміз. Сол ұранымыз әлі де ұран. Ұлт мектептері туралы үкімет ұраны да осы»,– деп батыл жазып кетті.

Алаш білімпазы Қ. Кемеңгерұлы (1896-1937) «Мектеп қай тілде болу керек?» атты 1927 жылы «Еңбекші қазақта» жариялаған мақаласында бүгінгі күн үшін де маңызын жоғалтпаған өзекті тақырыпты былай көтерді: «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды» [Хрестоматия, 348-б.].

Күрделі тарихи кезеңде оқулық даярлау ісіне Ә. Бөкейхан (астрономия, дүние құрылысы, ауыл шаруашылығы), А. Байтұрсынұлы (тіл білімі, әдебиеттану), М. Дулатұлы (есеп құралы), Ж. Аймауытұлы (психология), Х. Досмұхамедұлы (табиғаттану, биология, жануарлар әлемі), Ә. Ермекұлы (математика), Е.Омарұлы (тіл білімі, есеп құралы, әдістеме, физика), М. Жолдыбайұлы (тіл білімі), С. Қожанұлы (математика), М. Жұмабайұлы (педагогика), Ж. Күдеріұлы (тарих, ботаника, ауыл шаруашылығы), Т. Шонанұлы (тарих), Қ.Кемеңгерұлы (тарих, тіл білімі, ауыл шаруашылығы, химия), М. Әуезұлы (әдебиет, жер жаратылысы), А. Байтасұлы (жануарлар әлемі), М. Есболұлы (мәдениет), Ж. Тілеулин (медицина), Б.Сәрсенұлы (физика), Х. Болғанбайұлы (тарих), С. Сәдуақасұлы (тарих, әдебиет), т.б. қазақ оқығандары жұмылдырылды. Оқу кітаптарын даярлау туралы қаулы жемісін бере бастады [Хрестоматия, 349-350-бб.]. Қазақ білімпаздары да зайырлы білім алу, әлемдік өркениетке ұмтылу бағытына екпін жасады [Хрестоматия, 350-б.].

Әліпби, тілдің дыбыстық жүйесі, әдеби мұра мәселелеріне қатысты сындарлы ұсыныстар айтылып, парасат пайымына салынды [Хрестоматия, 350-352-бб.]. Алаш оқымыстылары саяси күрес ішінде болып, алғашқы ұлт басылымдарын, руханият орындарын ұйымдасытыра жүріп қоғамдық-гуманитарлық, дүнияуи пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік еңбектерді жазып қалдырды. Қуғын-сүргінге ұшырап, еңбегі мен есімі ондаған жылдарға мансұқталса да, аса қымбат еңбектері қазақ ғылымының іргетасын қалады. Сол арқылы отандық әдістеме, педагогика, жалпы көптеген ғылым салалары бойынша ұлт тілінде алғашқы термин үлгілерін тудырып, қазақ тілі ғылым тілі бола алатынын дәлелдеді. Егер алаш дәуіріне дейін қазақ тілі ауызекі сөйлеу және әдеби тіл ретінде ғана қызмет атқарып келсе, ендігі кезекте ол баспасөз тілі, ресми құжат тілі және ғылым тілі болып қалыптасты. Қазақ тілінде ғылыми еңбек, оқу құралы жазылып, оның функционалдық қызмет көрсету аясы кеңейді. Алаш қайраткердерінің оқулықтар даярлаудағы қажырлы еңбегінің практикалық мәні мен өнегелі жолы бар екенін танимыз. Бұл мәселеде мынадай тұжырым жасағымыз келеді:

– Алаш қалам қайраткерлері XIX ғасыр соңынан бастап қазақ ұлтын оқу-ағартуға үндеген орыс ғалымдарының оқу-әдістемелік еңбектерін ұлт мүддесі тұрғысынан насихаттады;

– XX ғасыр басында діни-ағартушылық сипатта және жаңа оқу тәртібіне лайықты «Пайғамбар заманы», «Әліппе», «Оқу құралы», «Есеп құралы» сынды оқу-әдістемелік еңбектерді жазды;

– Алаштың рухани көсемі А. Байтұрсынұлының ұйымдастыруымен жиырмасыншы жылдардың басынан бастап мектепке қажет тәржіма және авторлық оқулықтар, оқу құралдары баспаға дайындалды. Олардың көбі алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшыраған дейін жарық көріп үлгерді;

– Алаш дәуірінен жеткен әр түрлі ғылым салалары бойынша терминдер біздерге бүгін негіз болуға тиіс;

– Алаш кезінде жазылған оқулықтардағы, оқу-әдістемелік құралдардағы ұлт мұраты мен елдік мәселені жоғары қоятын көзқарас пен ұстаным басты қағидатқа айналу керек.

Сонымен, Алаштың білім тұғырнамасы ұлттық тәжірибе мен әлемдік білім-білік тағылымынан туындағаны аңғарылды. Мұның негізінде талап, ізденіс және халық қалауы (шынайы талғам, сұраныс, баға) жатқанын байқау қиынға соқпайды.

§2 Елшіл ұйымдар мен алқалы жиындар тағылымы

Ұлт тарихындағы қазақ жастарының тұңғыш ұйымы – «Бірлік» Омбы қаласында құрылды. «Бірлік» ұйымы туралы құнды деректер заманында «Қазақ», «Абай» басылымдарында сақталды. Алайда оларда ұйымның құрылған уақыты жайында айтылмайды. «Бірліктің» құрылған уақыты жайында әр түрлі пікір бар. Ұйымның белді мүшесі болған С. Сейфоллаұлы «Тар жол, тайғақ кешу» романында төмендегідей мәлімет береді: «1913 жылы Омбыда ең әуелі жасырынып жастар ұйымын – «Бірлікті» ашқанымызда, Шаймерденді ұйымның басқармасының төрағасы қылып сайлап едік. Шаймерден сонда-ақ төңкерісшіл еді. «Бірліктің» бір орман ішінде болған жиылысында Шаймерден: «Кішкене баспа машина алайық, баспаға басып қазақ арасына патшаға қарсы сөз тараталық»,-деп ұсыныс кіргізіп еді» [Хрестоматия, 352-б.]. Жазушының дерегі бойынша, «Бірліктің» құрылған жылы – 1913. Романда аталатын Шәймерден – Омбыда Сәкендермен қатар оқыған Шәймерден Әлжанұлы сынды азамат.

Ұйымның басқа мүшелерінің еңбектерінде «Бірлік» 1914 жылы құрылды деп айтылады. С. Сәдуақасұлының «Жастарға жаңа жол» атты кітабында: «Қазақ жастарының ұйымдары бұрыннан бар еді. Ең алғашқы жастар ұйымы Омбы қаласында 1914 жылы ашылды. Ол ұйымның аты «Бірлік» еді»,– деп жазылады [Хрестоматия, 352-б.]. Қайраткер С. Сәдуақасұлының бұл дерегі 1921 жылы жарияланды. Яғни, тарихи оқиғалардың ізі суымаған уақытта жазылған Смағұлдың ғылыми-танымдық сипаттағы мәліметі шындыққа мейлінше жақын дегіміз келеді. Ұйымға мүше болған Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» атты кітабында (Мәскеу, 1924): «1913 жылдардан бастап орыс школдарындағы оқушы қазақ жастары топтана бастады, 1914 жылы Омбыда жасырын «Бірлік» ұйымы ашылды»,– деп көрсетеді [Хрестоматия, 353-б.].

Осы деректерге сүйенсек, «Бірлік» – қазақ тарихындағы тұңғыш жастар ұйымының бірі, ол 1913 жылдың аяғы, 1914 жылдың басында Омбы қаласында құрылды.

«Бірлікке» мүше болған қазақ жастары Омбының оқу орындарында оқыды. Олардың ішінде: Шәймерден Әлжанұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Нығмет Нұрмақұлы, Сәкен Сей-

фоллаұлы, Бекмұхамед Серкебайұлы, Дінше Әділұлы, Ғаббас Тоғжанұлы, Асқат Сайділдаұлы, Қошмұхамед Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Абдрахман Байділдаұлы, Мұратбек Сейітұлы, Жүніс Бабатайұлы, Сүлеймбек Бижанұлы, Смағұл Қазбекұлы, Бірмұхамбет Айбасұлы, Мұхтар Саматұлы, Асфандияр Шорманұлы, Рахымбек Толысбайұлы, Жарқымбек Көбенұлы, Ахмет Абдырахымұлы, Әбілқайыр Досұлы, Ахмет Баржақсыұлы, Гуля Досымбекқызын атаймыз [Хрестоматия, 353-354-бб. Фотолар].

Жастары жиырмаға толар-толмас қазақтың өрімдей қыз-жігіттері «Бірлік» ұйымын құрғанда алдарында нендей мақсат қойды? Ол жайында С. Сәдуақасұлы жоғарыда көрсетілген кітабында былай деп жазды: «Бірліктің мақсаты оның программасында (тұтынған жолында) айтылған. «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру» [Хрестоматия, 354-б. Фото].

Ұйымның белді мүшелері қатарында Мағжан Жұмабайұлы, Сәкен Сейфоллаұлы, Гуля Досымбекқызы Омбы мұғалімдер семинариясында, ал Біркей Айбасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы сынды жастар Омбы ауылшаруашылық училищесінде білім алған.

Тілі мен діні бөлек қазақ баласын Омбы қаласы құшақ жая қарсы алмады. Қазақ жастары мойынсынбады, қоғам бөтенсің деп бетіне айтса да, олар алған бағыттарынан таймады. Ол дәуірдің адамын сол қиын соқпақта алға қойған мақсаты ғана ілгері жетеледі. Қайрат-жігеріне сенген қайсар жастар заман талабына шыдай білді. Олар: «Тек оқысақ қана халыққа көмегіміз тиеді. Орысша сауатты қазақ кез-келген ұлт өкілімен терезесі тең болады, сонда ғана олармен бетпе-бет айтыса алады», – деп ойлады. Ұлттық маңызы бар мәселелерді жастар ерте түсінді.

Жастары жиырмаға толар-толмас қазақтың өрімдей қыз-жігіттері «Бірлік» ұйымды құрғанда алдарында нендей мақсат қойды? Ол жайында С.Сәдуақасұлы жоғарыда көрсетілген кітабында былай деп жазды: «Бірліктің мақсаты оның программасында (тұтынған жолында) айтылған. «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу, һәм ұлттықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру».

Ұйым жастары қазақ халқының бай ауыз әдебиетін жинап, оны кітап етіп шығаруды, театрға қажетті арнайы кітаптарды, газет-журналдарды, мектепте оқу құралдарын да басып құрастыруды мақсат қойған сынды. Халықты ағартамын деген ізгі ой ұстанған «Бірлік» ұйымы оқу орындарына түсемін деген жастарға даярлық курстарын ұйымдастыруды, спектакль, сауық кештерін өткізіп, қазақтың ішінде театр өнерін туғызуды да

мұрат тұтқан. «Бірлік» – ағартушылық мақсат ұстанған мәдени ұйым болды. Сонымен бірге, ұйымның қызметінде саяси-әлеуметтік жұмыс жүргізілгенін айта аламыз.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ оқығандары саяси белсенділік таныта бастады. «Бірлікке» дейін 1905 жылы Қарқаралы көтерілісі болып, Абайдың өлеңдер жинағы, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы», Ахмет Байтұрсынұлының «Масасы» жарық көрді. «Бірлікке» дейін азаматтық, елдік рухты оятқан «Айқап» пен «Қазақ» сынды ұлттық басылымдар шыға бастады. Сондықтан Қ. Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде «Бірліктің» мәдени мақсаттарының астарында көздеген нысанасы саясат, әлеумет наразылығы барлығын жазады.

Кез келген ұйымның, бірлестіктің, партияның өз үні бар секілді, кезінде «Бірлікің» де үні болды. Ол – қолжазба күйінде шығып тұрған «Балапан» журналы. Басылымға Қ. Кемеңгерұлы редакторлық жасады. Өкінішке орай, қазақ баспасөзі тарихындағы алғашқы журналдардың бірі саналатын «Балапанның» бір де бір данасы әлі күнге дейін табылмай отыр. Басылым жайында әр жерде үзік-үзік мәліметтерді ғана кездестіре аламыз. «1916 жылы «Бірлік» «Балапан» деген жазба журнал шығарып тұрды. «Балапан» заманында ауызға ілініп, жастарға көрсеткен оның қызметі көп болды», – деп жазды журнал туралы С. Сәдуақасұлы. «Балапан» журналы – қазақ әдебиетінде роман жанрының іргетасын нық қалауға көмектескен басылым. М.Жұмабайұлының журналға арналып қара сөзбен жазылған «Балапан қанат қақты» атты аллегориялық өлеңінің саяси-әлеуметтік астары бар [Хрестоматия, 354-355-бб.].

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін қазақ қоғамында қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуал «Бірліктен» кейінгі дәуірде жаңа ұйымдар мен бірлестіктердің пайда болуына негіз болды. С. Сәдуақасұлының жоғарыда аты аталған «Жастарға жаңа жол» деген кітапшасында 1917 жылы Қазақ елінің түкпір-түкпірінде 21 жастар ұйымы ашылды деп көрсетілген. Атап айтқанда: 1) «Еркін дала» – Орынборда. 2) «Жанар» – Семейде. 3) «Оқытушылар ұйымы» – Семейде. 4) «Талап» – Семей облысы. 5) «Игілік – Орынборда. 6) «Қамқор» – Торғайда. 7) «Жас қазақ» – Уральскіде. 8) «Үміт – Тройцкіде». 9) «Талап» – Қызылжарда. 10) «Оқығандар» – Көкшетауда. 11) «Ұйым» – Екібастұз заводы, Семей облысында. 12) «Ғылым ұйымы» – Керекуде. 13) «Ынтымақ» – Атбасарда. 14) «Жас жүрек» – Спаск заводында. 15) «Жастар ұйымшасы» – Бөкей ордасында. 16) «Жас қазақ» – Ақмолада. 17) «Қазақ жәрдемі» – Зайсанда. 18) «Ерік» – Баянауылда. 19) «Қызмет» – Керекуде. 20) «Жас тілек» – Ақтөбеде. 21) «Ғылым» – Керекуде.

Патшаның тақтан тайғанын көріп, елде саяси жағдайдың күрт өзгергенін байқаған «Бірліктің» жастары қалыптасқан жағдайда қазақтың көзі ашық, көкірегі ояу оқығандарына ынтымақ бірлігіміз мығым болсын, бас-басымызға би болар заман келмеске кетті, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарайық деп үндеу тастады. «Бірлік» қауымы кіндік кеңесі атынан жазылған хабар «Жас азамат» газетінде жарық көрді. Оған

Бекмұхаммед Серкебайұлы, Асхат Сейдалыұлы, Қошмұхаммед Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Ғабдрahман Байділдаұлы, Мұратбек Сейітұлы, Жүніс Бабатайұлы сынды оқыған жастар қол қойды: [Хрестоматия, 355 б.]. Жиырмадан астам жастар ұйымын біріктіріп біртұтас қалың күшке айналайық деген игі мақсат көздеген «Бірлік» ұйымының мүшелері 1918 жылдың 5-13 мамыр күндері Омбы қаласында Жалпы қазақ жастарының I құрылтайын өткізді. Семейдегі «Талап» және «Жанар» ұйымдары атынан съезге өкіл болып Мұхтар Әуезов келді. Кейін М.Әуезов құрылтайдан алған әсерін «Бірінші жалпы жастар съезі» және «Жастар ұйымдарына ашық хат» деген екі мақаласында жазды [Хрестоматия, 356-357-бб.]. Ол мақалалар «Абай» журналының 1918 жылғы 6 санында жарияланады. Одан кейін жазушы шығармаларының 50 томдық жинағының 1-томында басылды.

Құрылтайдың қорытындысы бойынша қазақ жерінде бір ғана жастар ұйымы болу керек деп ұсынылды. Оның атын құрылтайшылар «Жас азамат» қояйық деді. Ұйымның төрағалығына М. Мырзаұлы, басқарма мүшелігіне С. Сәдуақасұлы, М. Сейітұлы, Г. Досымбекқызы, Ә. Байділдәұлылыр бекітілді. Ұйымның үні болатын «Жас азамат» газетінің шығарушысы Қ. Кемеңгерұлы болды. Қазақ баспасөзі тарихындағы тұңғыш жастар газеті «Жас азаматтың» 1-саны 1918 жылдың 30 шілдесінде жарық көрді.

«Бірлік» жастар ұйымы мен «Балапан» журналының ізін жалғастырған «Жас азамат» ұйымы мен «Жас азамат» газеті жайында еліміз туелсіздік алған жылдары зерттеулер жүргізілді. Оларда алаштанушы ғалымдар «Жас азаматтың» тарихи бағасын көрсетті. Жалпыұлттық «Қазақ» газеті мен «Алаш» партиясының сөзі мен ісін қолдаған, алаш мұраты жолында ортақ іске зор үлесін қосқан «Бірлік» пен «Балапан», оның жалғасы «Жас азамат» – ел тарихында алтын әріппен жазылуға тиісті ұйымдар мен басылымдар болуға лайық.

Елшіл ұйыдар мен алқалы жиындар тағылымы тәуелсіздік мұраттарына қазмет ете бермек. Ұрпақтар сабақтастығын айқындайтын осынау кемел іс Алаш қайраткерлерінің ұлтқа адал қызмет етулерінің жарқын үлгісі. Олар азаттық жолында ұлттық идеяға, елдік мұраттарға адал болып қалды. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы «Қалам қайраткерлері жайынан» мақаласында жазғанындай, «Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшейуінің тетігі – оқу мен әдебиетте» [Хрестоматия, 361-б.]. Руханияттағы ұлттық болмысты сақтаудың бағыт-бағдарын айқындап берді [Хрестоматия, 361-364-бб.].

§3 Алаш арыстарының тағдыры және Алаш идеясының шетелге таралуы

Қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш арыстары сталиндік жүйенің құрбаны болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісімен сабақтас большевиктер билігі бұрынғы «халықтар түрмесі» атанған Ресей империясы аумағында зорлық-зом-

былықпен орнатылды. Қазіргі ғылыми зерттеулер дерегі Ленин билік еткен пролетарлық диктатура жылдары 4 млн, Сталин басшылығы дәуірінде 42,6 млн. адам қуғын-сүргін құрбаны болғанын алға тартады. Ал отандық тарихшылар 1918-1922 жылдардағы ашаршылықта 1 миллион 700 мың, 1932-33 жылдардағы зұлматта 2 миллион 300 мыңдай қазақ қырылғанын, аштық салдарынан 281 мың 231 қазақ тарихи мекенін тастап, шет ел ауғанын, тұтастай алғанда 1920-1950 жылдардағы саяси зобаланда 104 мың қазақ зиялысы қуғын-сүргінге түсіп, 22 мыңы атылғанын зерделеуде.

Тоталитарлық жүйе ой еркіндігін тұсаулап, шығармашылық ізденісті маркстік-лениндік ілім қалыбынан асырмады. Алаш арыстарының рухани және ғылыми мұрасы саяси идеологиялық қысымға алынды. Арыстар қуғын-сүргінге ұшыраганнан кейін олардың үрім-бұтағы «халық жауының отбасы», «халық жауының әйелі», «халық жауының баласы» деп аяусыз қудаланды. ГУЛАГ-тың еңбекпен түзеу лагерлеріне тоғытылды. 1934-1960 жылдары еңбекпен түзеу лагерлеріне 15-18 млн адам қамалып, 1,5 млн аштық пен түрлі аурулардан өлім құшты. Алаш зиялыларының әйелдері АЛЖИР-ге (орыс. Акмолинский лагерь жен изменников родины – Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) қамалды. Сотсыз, тергеусіз бас бостандықтарынан айырылды. Жазықсыздан жазықсыз жапа шекті. Бар кінәлары – Алаш арыстарының өмірлік қосағы, туған-туысқаны, ұрпағы болулары еді.

Тағдырдың небір қилы қасіретін өткере жүріп, Алаш арыстарының ұрпақтары әулет отын өшірмеуге, ата-ана атына кір жұқтырмауға тырысты. Ә. Бөкейханның ұлы Сергей (Үгедей) (1905-1957) қазақтың алғашқы инженер-геологтарының бірі. Кеңес өкіметінің қас жауы Әлиханның ұрпағы ретінде саяси сенімсіздік білдірілді. Қызметінен шеттетілді. Асылдың тұяғының өлімі жұмбақ күйінде қалуда. Әлиханның немересі Евгений Сергейұлы (1938) техника ғылымдарының кандидаты. Қазақ жерінен жырақта өскен тектінің тұяғы 1992 жылы тамызда Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында Ә. Бөкейхан, Ж. Ақпайұлы, Ә. Ермекұлы рухтарына бағышталған асқа қатысты. Ата-бабаларының кіндік қаны тамған жеріне деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігін «Свидание со степью» («Даламен қауышу») деп атаған өлеңдерінде тебіреніспен жеткізді. Петер Евгеньевич Бөкейханов (1970) – Әлихан Бөкейханның шөбересі. Заң ғылымдарының кандидаты. Жазушы. «Курская битва (красная). Наступление Операция «Кутузов». Операция «Поководец Румянцев». Июль-август 1943 г.» көп томдық әскери-сараптамалық кітабы басылған. Елизавета (Зейнеп. Қанипа) Әлиханқызы Сәдуақасова (1903-1971) – Әлихан Бөкейханның қызы. Мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының зайыбы. Медицина ғылымдарының кандидаты, профессор. Перзенті Ескендір Смағұлұлы Екінші дүниежүзілік соғыс майданында көз жұмды. Елизавета Әлиханқызы Мәскеудің Новодевичьи зиратында жерленген.

Шолпан Ахметқызы Байсалова-Байтұрсынова (1917-1994) – Ахмет Байтұрсынұлының қызы. Ахмет Байтұрсынұлының зайыбы Бәдрисафамен (Александра Ивановна) бірге «халық жауының» қызы ретінде қудаланды [Хрестоматия, 364-б.]. Томскіге жер айдалды. Ал Міржақып Дулатұлының зайыбы Ғайнижамал ауыр науқастан көз жұмды. Перзенттері Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың (1915-2010) тартқан тауқыметі аз емес. Ұлт қайраткерлерінің тағылымды ғұмырын насихаттауда, құнды жәдігерлері мен әдеби-ғылыми мұраларын, құжаттық деректер мен фотосуреттерінің кейінгі ұрпаққа жетуінде ерен еңбек етті. Екі томдық «Шындық шырағы» (1995-1999), «Алаштың сөнбес жұлдыздары» естелік кітаптарын жазды. Ұлт зиялыларының қайталанбас асыл бейнелерін сомдады [Хрестоматия, 364-365-бб.].

Алаш қайраткері Әлімхан Ермекұлының ұлы Мағауия Әлімханұлы (1921-2006) сталиндік қуғын-сүргін жылдары Красноярск өлкесіндегі Канск еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ) жер аударылған әкесін іздеп барды. Кейіннен Тайшеттегі еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ) ауыстырылған кезеңде де әке ізімен барып қауышады. Геология-минерология саласының маманы Мағауия әкесі Әлімхан Ермекұлының тағдыр-талайын «Алимхан Ермеков: страницы жизни» (2000) кітабына (өлкетанушы Ю. Поповпен авторлықта) арқау етті. Айтулы тұлғаның қуғын-сүргін жылдардағы қилы тағдырын жеткізді [Хрестоматия, 365-366-бб.].

Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының қызы Қарашаш Халелқызы Досмұхамедованың (1923-2003) естеліктерінің де тағылымы терең [Хрестоматия, 366-368-бб.]. Халелдің зайыбы Сағира Жұмғалиқызы Тоқтыбаева, ұрпақтары Рабиға (1909-1995), Әділхан (Әлихан) (1912-1970), Сәуле (1916), Қарашаш (1923-2003), Төле (1929-1985) тағдыр-талайы жазушы Мереке Құлкеновтің «Халел Досмұхамедұлының ұрпақтары» мақаласында жазылған. Жазушы М. Сәрсеке естелігі арқылы жеткен деректердің де Халел ғұмырбаянын танудағы маңызы зор.

Дәулет Мұхамеджанұлы Шейх-Али (Тынышбаев) (1931) – Алаш қайраткері Мұхамеджан Тынышбайұлының баласы. И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтында кандидаттық диссертация қорғаған. Ұзақ жылдар бойы Уфа мұнай ғылыми-зерттеу институтының қойнаудағы мұнай және газ зертханасының жетекшісі болып қызмет атқарған. М. Тынышбайұлы атындағы көлік және коммуникациялар акедамиясының профессоры. Қазақ-Британ техникалық университеті (ҚБТУ) мұнай-газ инженериясы кафедрасының профессоры. Әкесі туралы тағылымды естелік жазды [Хрестоматия, 367-368-бб.].

Қазақтың алғашқы биолог ғалымдарының бірі Жұмахан Күдерінің ұрпағы Сарым Жұмаханұлы (1937-1963) қазақтың тұңғыш кәсіби альпинисі. Жиырма бес жасында альпенизм бойынша КСРО чемпионы атанды. Лариса Жұмаханқызы (1938) Ресей Ғылым

академиясының мүше-корреспонденті. Л. Жұмаханқызы әкесінің 1927, 1930 жылдары араб және латын әріптерімен тұңғыш рет қазақ тілінде басылып шыққан «Өсімдіктану» оқулық кітабын қазіргі қазақ жазба нұсқасына көшіріп, 1992 жылы қайта басып шығарды. Ұлт зиялыларының қасіретін «Геноцид в Казахстане» (1994) кітабына өзек етті.

Алаш қайраткері Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгерұлының өмірдің небір қиын тезінен өткен үрім-бұтағы халқымызға адал еңбек етуде. Қ.Кемеңгерұлының зайыбы Гүлсім Жәмиқызы сталиндік қуғын-сүргінді басынан кеше жүріп Зайра (1926-2011), Нарманбет (1927-2008), Сәуле (1928-1993) есімді перзенттерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді [Хрестоматия, 368-369-бб.]. Мейірімсіз заман қыспағын жеңе жүріп Қошкенің «Алтын сақина» (1965) жинағының жарық көруіне қол жеткізді. Ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен Нарманбет Қошмұхамедұлының ұлы Ризабек білім беру саласының білікті маманы.

Алаш қайраткері Ахметжан Жанталиннің қызы Аида Ахметжанқызы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, еңбек ардагері. Әкесі туралы «Ахмет Жанталин» атты кітабы жарық көрсе, ұлт перзенті Хайретдин Болғанбайдың қызы Гүлнар Болғамбаева әкесі туралы тағылымды естелік жазды [Хрестоматия, 369-б.]. Алаш қайраткерінің жиені Жамбыл Кәменов спорт саласының маманы. Алаш қайраткері, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Бақтығали Бейсеновтің қызы Роза Бейсенова медицина саласының маманы. Сұлтанбек Қожановтың жиені Светлана Қожанова филология ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз. Ғұмар Қараштың немересі Надежда Бұрханқызы да филология ғылымдарының кандидаты, ғалым. «20 ғасырдың басындағы қазақ көркемсөзіндегі грамматикалық тіл ерекшеліктері («Айқап» журналындағы материалдар бойынша)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Клара Асылбекқызы Сейітова қырық жылдай білім беру саласында жемісті еңбек етті.

Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, асылдың сынығы іспеттес Ахат Шәкәрімұлы (1900-1984), Ыдырыс Мұстамбайұлының туған жиені Нұрпейіс Ысмағұлов, Нәтай Кенесарин (1908-1975), Батырбек Бірімжанов (1911-1985), Іңкәр Бірімжанова (1915-2002), Юлия Кенжина (1914 ж.т.), Гүлнар Дулатова (1915-2010), Сүйімбике Малдыбаева (1915-1992), Әлихан Малдыбаев (1929 ж.т.), Бектұр Аймауытов (1916-2008), Шолпан Байсалова-Байтұрсынова (1917-1994), Ахмет Байтұрсынұлының немере інісі Самырат Кәкішев (1920-1997), жиені Айман Қабиденқызы (1938 ж.т.), Зиба Қожанова (1919-2001), Барлыбек Сырттанұлының немересі Мүгілсім Сырттанова (1921 ж.т.), Аргуния Жақыпқызы (1921-1997), Мағауия Ермеков (1921-2006), Тобанияз Әлниязұлының ұрпағы Зәкіржан Тобаниязұлы (1922-1974), Сәулет Дөнентаева (1923(1924 ж.т.), Мағжан Жұмайбайұлының немере інісі Ғаділше Қаһарманұлы (1924 ж.т.), Рә-

биға Сыздық (1924 ж.т.), Иса Тоқтыбайұлының перзенті Рәм Исаұлы (1924-1993), Зайра Қошкеқызы (1926-2010), Хасан Нұрмұхамедовтың ұрпағы Ахметбек Нұрмұхамедов (1926-2015), Муза Жүсіпбекқызы (1926 ж.т.), Алпысбай Қалменұлының баласы Атлаштың перзенті Жанна Қалменова (1927 ж.т.), Нарманбет Кемеңгеров (1927-2009), Гүлнар Болғанбаева (1927-2008), Сейітбаттал Мұстафиннің қызы Надия Батталова (1927 ж.т.), Ахмет Баржақсиннің бауыры Төрежанның қызы Бибаш (Бибіажар) Баржақсина (1927-2015), Мәжит Шомбалұлының немере інісі Мұхтар Шомбалов (1927-2005), Үшкөлтай Субханбердина (1927-2008), Қарашаш Досмұхамедова (1928 ж.т.), Байқадам Қаралдиннің ұрпағы Күнімжан Байқадамова (1928-2017), Имам Әлімбекұлының қызы Әлимаш Имамқызы (1928-1993), келіні Ақсия Сапарбекқызы (1928-2008), Жұмағали Тілеулиннің немере қарындасы Ләйлә Сәпиева (1928 ж. т.), Әлихан Бөкейханның жиені Ортай Әбдірахманов (1929 ж.т.), Н. Қарашева (1930 ж.т.), Аида Жанталина (1930 ж.т.), Дәулет Шейх-Али Тынышбаев (1931 ж.т.), Айдархан Тұрлыбайұлының немересі Алдан Берденов (1931 ж.т.), Сейдалы Оразалиннің қызы Сафура Қыдырбекова (1932 ж.т.), Еркен (Еркін) Айбасов (1933 ж.т.), Сауле Мәметова (1935-2014), Отыншы Әлжанұлының немересі Сәуле Әлжанова (1931 ж.т.), Есенғұлов Түбектің жиені Рысқұлова Сәуле (1933-2013), Роза Бейсенова (1936 ж.т.), Иса Тергеусізұлының келіні Сара Тергеусізова (1936 ж. т.), Дінше Әділұлының кенже інісі Асқардың қызы Мейрам Асқарқызы (1937 ж.т.), Лариса Күдерина (1938 ж.т.), Клара Сейітова (1938-2019), Төлеген Иманғазиевтің немересі Қайыржан Хасанов (1942-2018), Елеусін Бұйриннің немересі Валерий Бұйрин (1943 ж.т.), Қоңырқұлжа Қожықовтың жиені Сәуле Құлахметқызы (1945 ж.т.), Райымжан Мәрсекұлының інісі Шериазданның ұрпағы Тұрдыхан Шериазданқызы (1947 ж.т.), Сейдәзім Қадырбаевтың аталас туысқаны Қайсар Әлім (1947 ж.т.), Садық Аманжолұлының немере қарындасы Бихан (Бибигүлсін) Құрманалиева (1947 ж.т.), Мырзағали Есболұлының немере інісі Хакімбек Матенов (1951 ж.т.), Елдес Омарұлының аталас туысы Ақылбек Шаяхмет (1951 ж.т.), Дәулетше Күсепқалиұлының жиеншары Шолпанай Аманжолова (1951 ж.т.), Шаймерден Қосшығұлұлының немересі Ерік Қосшығұлов (1954 ж.т.), Ғабділхамит (Әбділхамит) Жүндібайұлының немере інісі В. Жүндібаев (1957 ж.т.), Жанұзақ Жәнібекұлының жиендері Гүлжан Иманқұлова (1956 ж.т.), Ұлжан Молдабековалар (1958 ж.т.) есімдері бар.

Алаш ардақтылары Ә.Бөкейхан, Б.Сырттанұлы, А.Әділұлы, Б.Бейсеновтің, И.Тергеусізұлы, Ш.Қосшығұлұлы, Ы.Жайнақұлы Ә.Жүндібайұлы [Хрестоматия, 369-380-бб.] ұрпақтары, туыстарынан естеліктер жазып алынды. Кең байтақ өлкемізге білім мен имандылық нұрын төккен алғашқы мектеп-медреселер салуда, ана тіліндегі оқулықтар, романдарға бәйге жариялауда, ұлтымыздың ар-ұжданы болған «Қазақстан», «Қазақ» газеттерін қаржылай демеуде азаматтық тұлғаларымен жарқырай көрінген, Алашорда-

ны қаржылай қолдауларымен қазақ топырағындағы меценаттықтың ғибратты өнегесін өрнектеген Қаражан Үкібайұлы (1851-1934), Әнияр Молдабайұлы (1856-1934), Ахмет ишан Оразайұлы (1861-1926), Есенқұл қажы Маманұлы (1880-1932) тұяқтары Сапарғали Әнияруұлы (1890-1968), Ыбрайым Маманов (1907-1991), Бекетғазы Үкібаев (1919 ж.т.) сынды ұрпақтарының да тағдыры ауыр болса-дағы кісілік өнегесі мол.

Алаш қайраткерлерінің үрім-бұтақтарының тағдыры әр алуан. Жүсіпбек Аймауытұлының ұлы Бектұр қудаланып, ұзақ жылдар бойы елден жырақта жүрді. «Халық жауының» баласы деп сотталып, он жылға түрмеге қамалды. Жетпіс сегіз жасында Ресейдің Кемерово облысы Прокофьевск қаласынан ата-бабаларының жеріне оралып көз жұмды. 1966 жылы туған ұлы Бектұр Аймауытов Кемерово қаласының тұрғыны. Ж.Аймауытұлының кіші ұлы Жанақтың 1948 жылы туған ұлы А. Аймауытов Санкт-Петерборда тұрады.

Алаш арыстарының бүгіндері көзі тірі ұрпақтарын құрметтеу, ел үшін жанын берген боздақтарды ұлықтау баршамыздың парызымыз.

Шет елдегі қазақ баласын Алаш идеясына жұмылдыру мұратындағы игі қадамдар Ақыт қажы Үліміжұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлының [Хрестоматия, 380-386-бб.] өлеңдерімен көркемдік танымда жаңғырды.

Түбі бір түркі әлемімен қатар шетелде тарыдай шашыраған исі қазақты Алаш идеясына ұйыстырар әрі айбын болар ерен тұлғаларға деген құрмет тарих толқынында еш толастаған емес. Әлихан аманатын арқалап 1918 жылы Қытайдағы қалың қандастарымызға аттанған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Р. Мәрсекұлдарының Шәуешек сапарының фото суретке түсіріліп, сол бір күндердегі тарихи сәттердің естелік жазба арқылы жетуін Алаштаным көкжиегін кеңейтудегі соны қадам деп бағалаған абзал. Міне, қазақтың алғашқы кәсіби фотографтарының бірі Мұхамеджан Юсупов (1896(97-1975) сахара саңлақтарының Шәуешек сапарын фотосуретпен шежірелеп, кейінгі ұрпаққа аса құнды жәдігерін аманаттады. 1938-1940 жылдардағы Қытайдағы дүрбелеңдерде Үрімжі абақтысына қамалып, 1951-1952 жылдары кезекті қудалауға ұшыраған ол КСРО-ға қоныс аударады. Оның құнды естелік күнделігін қызы Никар Бафина, жиені Әмина Сейітқызы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады [Хрестоматия, 387-б.].

Әлихан бастаған қаракөктеріміздің рухы азаттық үшін арпалысқан боздақтарға күш қуат беретін құдыретті жебеушіге айналды. Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарман басшысы Оспан батыр Исламұлының қанды балақ серігі Нұрғожай батыр Молдажанұлы (1912-1986) естелігінде «...Соңғы бітімде орыстар генералдарының басын сұрады. Генерал Банкенің сүйегін бердік. Разборовтың сүйегін бермедік. Өйткені ол соғыс қылмыстысы еді. Көктоғайдағы орыс елшілеріне Ырысхан: – Сендер 1937 жылы Мәскеуге апарып өлтірген Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынның

басын әкеліп беріңдер, – деді...» деп ұлт көсемінің құнын даулаған қандастарының өрлігін толғады. Оспан батыр айрықша қадірлеген Зұқа батыр Сәбитұлының (1867-1928) немересі Арслан (Арыстан) Шәдетұлы (1937 ж.т.) 1942 жылы 2 қаңтарда Германияның Берлин қаласындағы түрік шәйіттері зиратына жерленген Мұстафа Шоқай бейітін 1966 жылы тауып, құран бағыштады, ұрпақ парызын өтеді.

Алаш идеясының исі қазақты ұйыстырудағы құдыретін Шығыс Түркістан ұлт-азаттық армиясы барлау басқармасы бастығының орынбасары, Шыңжаң қоғам қауіпсіздігі министрінің орынбасары болған әскери қайраткер Ғалым Нөкішұлы (1921 ж.т.) «Шығыс Түркістандағы дауыл» тарихи естелігінде «Қазақ зиялылары арасында Алаш қозғалысы байқала бастады» деп айқындады. Сол бір тарихи күндердің тікейлей куәгері болған қаламгер Қабдеш Жұмаділов (1936 ж.т.) жазғанындай, «Ең бастысы, еркіндік аңсаған халыққа аз уақыт болса да азаттықтың дәмін татырды. Шығыс Түркістан республикасының өз әскері, өз туы, өз ақшасы, өз шекарасы болды. Азаматтары тізгін ұстап, зиялы қауым өз идеологиясын жасап жатты. Ислам дініне кең жол ашылып, халық имандылыққа қарай бет бұрды. Осыған орай, мектептегі оқу-тәрбие жұмысы да басқа бағыттта жүре бастаған. Ауылдағы баған басына енді Гоминдаңның күн бейнелі көк туы емес, мұсылманның ай-жұлдызды ақ туы көтерілетін болды. Айтатын әніміз де басқа. «Син Мин Жуидің» орнына, енді ұлттық армияның Жеңіс маршын шырқаймыз. «Арғы атам ер түрік, біз қазақ еліміз» деген әнді де аузымызды толтырып, қысылмай айтамыз».

«Ұранымыз Алаш, керегеміз ағаш» деген арда қазақтың ұлттық идеядан суарылған ілкі қасиеттері ұрпақтар сабақтастығымен әлемнің түкпір түкпіріндегі қандастарымыздың санасында жаңғырып жатты. «Ұйқыдан көтер басыңды, Өнерге көндір жасыңды. Сенен басқа халықтың, Ұйқысы шайдай ашылды» деп ояну ұранын көтеріп, Қытай қазақтарының азаттық жолындағы күресін жырлаушы Ақыт қажы Үлімжіұлының (1866(67-1940) тұяғы Ғазез Ақытұлы (1924-2012), Шәуешек асқан Алашорда қайраткерлері Райымжан Мәрсекұлы, Ыбырайым Жайнақұлы, Иса Тергеусізұлы, Сейітжан Жайнақұлы қатарында Қытай билігінің зорлық-зомбылығына қарсы күрес жүргізген Таңжарық Жолдыұлының (1903-1947) ұрпағы Шара Таңжарыққызы (1937 ж.т.), Алаш мұратын Түркияда темірқазық еткен Халифа Алтай (1917-2003), 42 жыл бойы «Азаттық» радиосы арқылы Алаш құндылығын жаһанға насихаттаған, 1967 жылы Алашорда үкіметінің 50 жылдығын Мюнхенде атап өтуге ұйытқы болып, баяндама жасаған, сол баяндамасы Измирде шығатын «Ұлттық әрекет» журналында «Алаш» деген айдармен Әлихан Бөкейханның айшықты суретімен басылып шыққан мақала авторы Хасен Оралтай (1933-2010) естеліктеріндегі тұшымды ойлардың тарихи тұлғаларды ардақтаудағы мән-мағынасы алабөтен [Хрестоматия, 388-б.]. Халифа Алтай «Сыныққа сылтау тауып Алайдан шыққан атақты ақын Ақытты, Хакім мың басы, Халел тәйжі, Өнерхан тәйжі,

Шәмси Мәмиұлы, Үрімжідегі үкімет басшысы Әбеу, өлкелік Ішкі істер министрі Баймолда, Баркөл ауданының әкімі Әнуар, діни білімпаз Мұхаметжан, Қәри Шақия, болыс Әбдікәрім, Қамбар Әбдікәрімұлы, Шабдан Әбдікәрімұлы, Байқадам үкірдай мен Тарбағатай аймағынан бірнеше белгілі адамдарды ұстап, абақтыда жоқ қылды. Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ содырлар кінәсіз адамдарды осылай құртып отырды...

...Ел алдында жазығы жоқ азаматтар әділетсіздікті жан жүрегімен сезсе де, тұтқын болған соң қолдарынан не келсін, азап-қорлықпен арманда кете барды. Бұл совет өметі тарихында қара әріптермен жазылған қаһарлы 1937 жылғы репрессияның Шығыс Түркістандағы жалғасы еді...» [Хрестоматия, 388-б.] (деп ұлттық рухты аяусыз жаншудағы әміршіл-әкімшіл жүйелерге тән озбырлықты жеткізеді.

Алаш ардақтыларының әдеби шығармашылық, саяси қоғамдық қызметін бағалаудағы игі қадамдар әлем елдері соның ішінде Моңғолия, Түркия елдерінде кең өріс алуда. Әлихан Бөкеханның 150 жылдығы, Мағжан Жұмабайұлының 125 жылдығы, Алашорда үкіметі құрылуының 100 жылдығы Түркия Республикасындағы Гази университетінде Х.Ченгел және Г.Ержиласун сынды доктор, профессорларды ұйымдастыруларымен кеңінен аталып өтті.

§4 Алаш идеясы мен «Мәңгілік ел» мұратының сабақтастығы

Тоталитарлық жүйенің күйреуімен Алаш арыстарының рухани мұрасы, аяулы есімдері қайта оралды. ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 20-40-жылдар мен 50-жылдардың басында идеология, тарих және республиканың тарих ғылымы мәселелері бойынша қабылдаған кейбір қаулылары туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеологиялық Комиссиясының Қорытындысы жарияланды, ғалымдар талқысына салынды [Хрестоматия, 389-391-бб.].

ХХ ғасыр басында отаршылдық езгідегі қалың елді оятқан Алаш идеясы тәуелсіз Қазақ елінің Мәңгілік ел мұратымен тарихи негізі бір, тамыры сабақтас. Алаш – тарихымыздағы елеулі кезең, болашақ күнде арман мемлекетімізге жету жолындағы тағылымды дүние. Осы орайда Алашты бүгін не үшін тануға тиістіміз деген сауал қоятын болсақ, оның түйінді жауабы мынада. Біріншіден, Қазақ қауымы ХХ ғасырдың басына дейін әлі көшпелі өмір салтын ұстанған-ды. Алаш қозғалысы қазақ қауымының рулық санасын ұлттық санаға биіктетті. Екіншіден, елдігінен айырылған, туған жерінде жат жұрттық саналған қазақ жұрты Ресей империясының бір шетінде қараңғылық құрсауында қалған қорғансыз халықтың біріне айналды. Ол халық ендігі заманда басымыз бірікпес

деп келешек күннен күдер үзе бастаған еді. Осындай күрделі тарихи кезеңде Алаш қозғалысы қазақ баласын оятып, санасына елдік идеясын сіңірді.

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысы отаршылдық арбаудағы елді оятты, ұлттық баспасөзді тудырды, жаңа ұлттық жазба әдебиетті қалыптастырды, қазақтың тұңғыш романы мен пьесасын өмірге әкелді, ұлттық театрды ұйымдастырды, ұлттық ғылымды жасады, мемлекеттік құқықтық атрибуттарды қалыптастырды, қазақтан тұңғыш депутаттарды шығарды, тұңғыш саяси партияны тудырды, Ұлт кеңесі – Алашорда үкіметін құрды, тұңғыш жоғарғы оқу орнын ашты, алғашқы оқулықтарды жазды, қазақ жерінің біртұтастығын сақтады, қазақты ұлт ретінде біріктірді. Ел болуды мұрат санаған Алаш қозғалысының тағылымы бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінде арта береді.

Алаш ақыны Мағжан ұлт әдебиетінің мазмұны мен қоғамдық рөлінің өзгергенін, онда елдік идеясының үстем бола бастағанын 1923 жылы жазған мақаласында былай түйіндейді: «15-20 жыл бұрын еліміздің көзі жасты еді. Әдебиетіміздің де көзі жасты болды. Бірақ алдында келе жатқандығын ақтап, жұбата білді. Соңғы 10-15 жылдарда елімізге елдік сезімі кіре бастады. Алыста үміт елестей бастады. Сондықтан әдебиетіміз де екпінді, отты мінез алды». Алаш ақыны айтқан «елімізге елдік сезім кіре бастады дегені» – жұрт болып бірігеміз, мемлекет бола аламыз деген халықтың аңсары, үкілі үміті, алдағы күнге артқан сенімі болатын.

Алаш қозғалысы біртұтас ұлт ретінде біріге аламыз, жеке Ел боламыз деген пікірді қоғам санасында бекітті. Оқыған қазақ бұл пікірге сенді де, қалың жұртты мемлекеттілікке жетуге ілгері жетеледі. Алаш қозғалысының тарихын терең зерттеген ғалым М.Қойгелді ұлт-азаттық алаш қозғалысының мақсатын, ұлттық мемлекет құрудағы тәжірибесін ашады [Хрестоматия, 392-б.].

Алаштан қашып құтыла алмаймыз, одан барған сайын қашпаймыз да. Себебі қазақ елін жаһандану заманында, сырттан әр түрлі қауіп-қатер төнген кезеңде құтқаратын жол – Алаш жолы дер едік. Ал Алашқа бүгін тәуелсіздік алған кезеңде неге сонша құмартуымыз керек деген сауал қоятын болсақ, оның сыры Алаш жолының ұлтты сақтаумен егіз екендігінде деп айтар едік.

XIX ғасырда жасаған ұлы ағартушылар Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейінгі дәуірде тарих сахнасына шыққан Алаш қайраткерлері Ресей империясының ыдырау кезеңінде өмір сүрді де, туған ұлтының болашағы үшін саяси күресі сол империяның белгілі дәрежеде тарауын тездетті. Алаш қайраткерлері, сонымен қатар, империяның отарлық формасының бір түрінен екінші үлгісіне ауысу кезеңінің куәсі болды. Осы қиын-қыстау, күрделі тарихи-формациялық кезеңде өмір сүрген Алаш қайраткерлері жанкештілікке, құрбандыққа баруға даярланды. Біле білсек, империяның бір аймақтары отарлаудың бір формасы екінші үлгіге ауысқан кезеңде тәуелсіздікке қол жеткізе алды. Балтық

теңізі жағалауындағы республикалар, поляктар мен финдер алмағайып кезеңде, Ресей Империясы Кеңес Одағына айналған уақытта тәуелсіздігін жариялауға мүмкіндік алды. Оларға азаттық әперген, ең алдымен, сол аймақта өмір сүрген халықтың санасында елдік идеясының күштілігі, яғни халықтың тәуелсіздікке деген аңсарының биіктігі, оқыған азаматтарының, бостандық үшін күрескен қайраткерлер бірлігінің жоғары тұрғандығы деуге болады.

Алаш қайраткерлерінің мәдениетті, озық ойлы орыс оқығандарымен бір болып, орыс халқының көрнекті ақын-жазушылары, оқымыстыларының еңбегін Алаш қалам қайраткерлері қазақ тіліне аударған. Мысалы, Алаш қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхан орыс халқының озық ойлы зиялы қауымымен тығыз араласты. Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, В.Г. Короленко, Д.М. Мамин-Сибиряк сынды қаламгерлерін қазақша сөйлетті. Алаш қайраткерлерінің Ресей империясының озбыр саясатына қарсы бағытталған саяси күресі тарихи қажеттілік, заман сұранысы, табиғи дүние екендігін дәлелдеп отырып, Алаш қайраткерлері орыс елін тануға қатысқанын, оның мәдени, саяси, ғылыми дамуына үлес қосқанын жүйелі көрсету қажет. Алаш қайраткерінің көбі Ресейдегі ғылыми экспедицияларға қатысты, халық санағын жүргізуге тартылды, әскерінде қызмет етті, оқу-ағарту жұмысында болды, дәрігерлік көмекке жұмылдырылды. Алаш көсемдерінің барлығы дерлік Ресей қалаларында білім алды, сол орталықтарда газет-журналдары мен кітаптарын жарыққа шығарды.

Қазақпен туыстас, тағдырлас түркі халықтарының біразы XX ғасыр басында Ресей империясында орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерден кейін әрқилы тағдырды басынан кешті. Қазаққа қарағанда олардың дені бүгінгі таңда тәуелсіз ел бола алмай қалды. Мысалы, соның ішінде татар, башқұрт, чуваш, алтай, хакас, тува, саха секілді халықтарды айтуға болады. Осы орайда Алаштың тарихи ролін көрсететін мынадай пікір келтіруге болады. Егер қазақ топырағында Алаш қозғалысы пайда болмай, Алаш қайраткерлері елдік үшін күреспегенде, Алтай мен Атырау арасындағы бүгінгі біртұтас Қазақстан да шаңырақ көтермес еді. Қазіргі Қазақстан – Кеңестер Одағынан бөлінген Қазақ ССР негізінде пайда болған мемлекет те, ол – өз кезегінде Алаш автономиясының аумағында құрылған Республика. Яғни, осы күнгі Қазақстан Республикасы – Алаш автономиясының мұрагері. Бұл фактіні жоққа шығара алмайтынымыз қанша шындық болса, оның бірінен-бірі туындайтын мұрагерлік жолын зерттеу керектігі сонша қажет деп санаймыз. Жоғарыда аталған түркі халықтарында Алаш секілді саяси-ұлттық қозғалыстың күшті болмауынан, немесе жоқтығынан, олар әуелі жеке одақтас республика құра алмады, кейін одақ ыдырағанда тәуелсіз мемлекет ретінде шаңырақ көтермеді.

Алаш жолы, Алаш ұстанымы дегенге қысқаша қайыру қиын. Сонда да біздің айтарымыз: Алаш жолы – қазақ ұлтын және тәуелсіз қазақ мемлекетін сақтау жолы. Мыса-

лы бүгінгі таңда ұлттық сипатта мемлекет құрған Жапон мен Оңтүстік Корея елдерінің жолы да – бір қарағанда, Алаш жолы дей аламыз. Егер Жапон мен Оңтүстік Корея өз елдерінде мемлекеттік институттарды құруда, мемлекет ісін жүргізуде туған топырақтан өрбитін ұлттық салт-дәстүрге негізделген құндылықтарға, сол елде тұратын титулдық ұлттың мүддесіне берік болса, сол секілді біз де осы ділгір мәселеде қатал болуымыз керек. Заманында Алаш арыстары Жапон елінің даму жолын бекер таңдамағаны да белгілі.

Алаштың асыл жолын, ізгі ұстанымын, әділдік жолындағы қағидатын насихаттап дәріптеу Алашқа қатысты ұлттық бағдарлама қабылдануымен жүзеге асатыны хақ. Алаш идеясы оқу-ағартуда, ғылымда, мәдениетте, спортта, журналистикада, экономикада, саясатта, діни саясатта, халықаралық қарым-қатынаста т.б. салада уақыт өте келе жүйелі сіңірілетін болады. Сол заманда, 1918 жылы «Жас азамат» газеті көрсеткендей, ерте ме, кеш пе, 13 декабрь Алаш елінің тарихына алтын сиямен жазылатын ардақты күндерінің біріне айналатын болады. Алашқа деген қоғамдық пікір дами келе, ойымыз бен ісіміз де оның ұстанымына берік болады.

Тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр ішінде Алаш мұрасын жинау және зерттеу бағытында біршама жұмыстар атқарылды, ғылыми жиын, конференциялар ұйымдастырылды, Алаш қаламгерлерінің мұрасы жарияланды. «Алаш» баспасынан «Алаш мұрасы» сериясымен құнды кітаптар жарыққа шықты. Отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары мен зерттеулері баспа бетін көрді. Мысалы «Алаш қозғалысы» атты анықтамалықта (авт. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы) осы күнге дейін Алаш тақырыбына қатысты жарық көрген еңбектер, қозғалысқа қатысқан адамдар, Алаш атауымен байланысты ұғымдар біршама жүйеленді. Алайда атқарылып жатқан жұмыстың барлығы көбінесе жеке ғалымдардың ізденісі негізінде жүзеге асуда. Олардың еңбегі мемлекеттік деңгейде жинақталуы, бүгінгі күн талабына сай жоспарлы бір бағытқа жұмылдырылуы, тәуелсіздік мұраты тұрғысынан саралануы ізденуші әр ғалымның мүмкіндігіне қарай Алашқа қатысты зерттеуі жарыққа шығып, насихатталуы асамаңызды.

Ендігі кезекте Алаш мұрасы ел тәуелсіздігіне қызмет ететін, оны нығайтатын, сақтайтын құнды қазына екендігін ескеріп, Алашты тыңғылықты зерттейтін, нәтижесін бүгінгі күнмен байланыстыратын республикалық деңгейде ғылыми орталық өз жұмыс жалғастырып, оның нәтижесі алдымен білім саласында, тіпті, қоғамның әр саласында тиянақты сіңірілетін болады. Алаштану бағытында атқарылуы қажет жұмыстың ауқымы өте көлемді, бағыты да сан-салалы: Алашқа қатысты мұраны электрондық, қағаздық нұсқада түгел жариялау, архивте сақталған, әсіресе шетелдік қорларда жинақталған құжаттар мен деректерді басып шығару ісі жалғасын табуы тиіс. Ресей қалаларынан,

Тәшкенттен, алыс шетелден Алашқа қатысты архивтік материал әлі де көп. Мысалы Алаш арыстарымен байланыста болған неміс профессоры Макс Кучинскийдің архиві бүгін Латын Америкасында сақталған. Онда Алашқа қатысты материал, суреттер табылуы мүмкін. Осы уақытқа дейін Алаш мұрасы бойынша жарық көрген әдеби, тілдік, тарихи-деректік тағы да басқа материалға жүйелі сараптамалық зерттеу жүргізілуде. Ол бағытта да ең әуелі білікті мамандарды даярлау ісі жалғасын табады.

Ұлттық мемлекет құру жолында Алаш жолын, Алаш тағылымын қашанда қаперде ұстаймыз. Саясат ісінде, экономикада, халықаралық қарым-қатынаста, оқу-ағарту, білім, ғылым, мәдениет, өнер салаларында, яғни балабақшадағы бала тәрбиесінен бастап, ел басқаруға дейін Алаш идеясына, Алаш ұстанымына берік боламыз. Онсыз дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосыла алмаймыз, тіпті тәуелсіздігімізді сақтап қалуымыздың өзі қиынға соғады. Ел ретінде, ұлт ретінде сақталуды көздегенде, Алаш жолына, Алаш ұстанымына берік болғанымыз ләзім. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін дүние, күн мен түннің ауысатынындай ақиқат шындық.

Әдебиеттер:

Алаш көсемсөзі: 10 томдық. 1-10 кітаптар. Баспаға әзірлегендер – Ақсейіт Ғ., Сәйдірахмен Ұ. – Алматы: «Өнер», 2011.

Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құрастырушы: Құрманбайұлы Ш. – Алматы, 2005. – 144 б.

Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ҚРОҒК, 1999. – 834 б.

Сұрақтар:

1. Қазақ білімпаздарының ұлттық бірегейлікті сақтау қағидаттарының өміршеңдігі және өзектілігі.
2. Алаш оқулықтарының рухани жаңару мен жаңғырудағы құндылығы.
3. Алаш идеясын насихатаудағы елшіл ұйымдар қызметі.
4. Алаш ардақтылары ұрпақтарының қудалану себебі.
5. Алаш идеясының тәуелсіз Қазақстан мұраттарымен тарихи сабақтастығы.

Тапсырмалар:

«Алаштың білім тұғырнамасы және қазіргі білім беру жүйесі» тақырыбында ой бөлісу.

«Шетелдегі Алаш идеясы және ұлттық бірегейлік» тақырыбында реферат дайындау.

«Елшіл ұйымдар және демократиялық құндылықтар» тақырыбында әсе жазу.

Қазақстан тәуелсіздігін нығайтудағы Алаш мұратының өміршеңдігін қазіргі рухани жаңғыру үрдісімен байланыста саралау.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МҰРАТЫ

БІРІНШІ ТАРАУ
ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ҰМТЫЛЫС

§1 Кеңестік жүйедегі Алаш ізбасарлары

Алаш идеясы мен қозғалысы тарихы мәселесін қарастыруда кешенділік керек. Алаштық ұлт қайраткерлері табиғаты сом тұлғалар, олардың әрқайсысы өз бойларын ұлттың барша жақсы қасиеттерін жинаған жеке бір рухани әлем боларлықтай аса ірі тұлғалар еді. Сом тұлғалардың ой амалдары, атқарған іс әрекеттері де кесек-кесек үлкен. Алаштықтардың барша іс-әрекеттері қазақтың азат ел, дербес ұлт болудағы, әділ қоғам, кемел мемлекет құрудағы асыл мақсаттарына бағытталған. Ұлт ғылымы мен өндірісін ұйымдастыру, ұлт әдебиеті арқылы тарихқа үңілу, мәдениет, дін, діл, өнерді насихаттау және т.б. шаруалар соның қатарындағы мәселелер болып табылады.

Кешенді көзқарасқа жету үшін, алаштықтардың тіл, әдебиет, өнер, білім, ғылым, дін, психология, тәрбие, тарих, құқық мәселері сияқты жалпы қоғам құрылысын реттеуге байланысты көзқарастарын тұтастықта қабылдай білу, оның сыры қазақтың далалық түрік өркениеті тудырған, мұсылмандық құндылықтармен сомдалған пәлсапалық іргелі негіздерімен тығыз байланысты қарастыра білуде жатыр. Бірін-бірінен ажыратуға келмейді. Бұны айқын суреттейтін бір мысал, совет билігі тұсында да ашық айтпаса да, атқарған амалдарымен ұлтына еңбек еткен, адал қызмет атқарған алаштықтардың соңы Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Ермеков, Ш. Айманов және т.б.

XIX ғасырда қазақ халқының отаршылдық саясатының ауыр езгісіне түсіп, құрып кету қауіп-қатері алдында тұрғанында, ұлтты құтқаратын жалғыз ғана жол білім үйреніп, ғылым жолын қуу, соның арқасында өндіріс түрлерін дамытытып, жаңаша даму жолын тауып, елді азаттық жолына түсіру мақсат-мұраты ғана болды. 1826 жылы Шоқ би Едігеұлының (1754-1836) ұйымдастыруымен Сібір қазақтарының сыртқы округтар санатында 1833 жылы Баянауыл сыртқы округі ашылғанда, Мұса Шормануұлы (1818-1884) болыс болып сайланды. Мұса Шормануұлы – Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, мырза, би, шешен. Шормануұлы өз заманы үшін жеткілікті білімді, көпке танымал және беделді адам болған. 1843 жылдан округ қазысы болып сайланды. 1854 жылдан аға сұлтан қызметін атқарды. Қоғамдық істермен белсене араласып, Шоқан тығыз рухани байланыста болды. Құнанбай ұлт-азаттық қозғалысқа қатысы бар деген айыппен

Омбыға тергеуге шақырылғанда, Дала генерал-губернаторына кепілдеме беріп, қамаудан босатып алады.

1868 жылы жаңа басқару ережесі бойынша округтер жабылып, аға сұлтандық жойылғаннан кейін, Мұса мырза Шормануұлы 1869 жылы демалысқа шығып, қазақ халқының этнографиясын зерттеумен шұғылданады. Сібірде шығып тұратын газет және кітап басылымдарына материалдар ұсынып, Географиялық қоғам жұмысы аясында этнографиялық көрмелер ұйымдастырды. Ол Ресей Географиялық қоғам мүшелері Г.Н. Потанин, Н.И. Ядринцев, Н.Ф. Костылецкий сынды білімдарларға қазақ халқының шаруашылығы мен тұрмысы туралы тыңғылықты материалдар дайындады. 1882 жылы Дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің тапсыруымен Павлодар, Семей уездерінің шекарасын белгілеуге қатысады. Шоқан мен Мұсаның тәрбиелеп кеткен Алаш ұландары Кеңестік билік орнаған тұста да өзінің ұлт алдындағы парызын орындады.

Мұса Шормануұлы қазақ жастарының білім алуына үлкен көңіл бөліп, көшпелі дала гимназиясын ашу жөнінде Батыс Сібір басшыларына бірнеше рет хатпен өтініш білдірген. Дуанбасы Баянауладан Омбыға қазақ балаларын апарып, олардың білім алуына жағдай жасаған. ХХ ғасыр басында шыққан қазақ зиялыларының қалыптасуының бір алғышарты осы еді. Баянаулада мешіт салу туралы хаттар Шоқ би тұсында жазылғанымен, кейін мешіт ақыры салынған. Мұса Шорманов 1844 жылы Баянаулада мешіт жанынан бала оқытатын медресе салдырады. Сабақ беруге медресеге Омбы қаласынан Камариддин хазретті әкеледі. Мұса Шорман үшін ұлтқа адал қызмет етудің маңызды бір түрі – бала оқытуды ұйымдастыру мәселесі болды. Ол жер-жерлерден, далалық елді мекендерден, қазақ ауылдарынан зейіні бар балаларды жинатып, оларды оқытқан. Білімнің салатанат құруы деген осы еді. Омбы қаласында Сібір кадет корпусы (1813 жылдан бар), мұғалімдер семинариясы (1870 жылдан) және ветеринарлық-фельдшерлік мектеп (1879 жылдан) оқу орындарында қазақ балалары білім алды. Мұса мырза Шорманның батасымен көптеген зейінді қазақ балалары білім алған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тарихи жырларды жатқан айтып, сегіз жасында Мұса мырзаны сүйсіндірген.

Ұлттық код сақтау мәселесін айтар болсақ, бұл орайда үлкен қор ол Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) хаттап жинаған, зерттеп жазған құнды мұраларымен байланысты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ түбі», «Төре шежіресі», «Қазақ шежіресі», «Қара Мес» қолжазбалар ірі топтамасы және 1907 жылы Қазан қаласында баспаханасынан жарыққа шығарған «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» атты үш кітабы қазақ руханиятының қайнар көзі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп «Мұсаны жоқтау жырында» Мұса Шормантовтың тұлғасын, тарихи қызметін, адами келбетін суреттеген. Мәшһүр Жүсіп «өз көзім көргенде, өз тұсында Шорман баласы Мұсадан жорға озған жоқ» деп бағаласа, Қаныш

Сәтбаев туралы «осы күнгі жастарда Қаныш Сәтбаев – адамның жорғасы» деп Қаныш Имантайұлы туралы пікір білдірген. Тұлғалардың осындай рухани сабақтастығының өзі қазіргі қазақ жастарын отаншылдық, имандылық, ұлтыншылдық, гуманистік адами тәрбие мәселесі үшін үлгі-өнеге болмақ. Қазақстан жері әлемде тарихи мұраларға ең бай елдің бірі. Тек табиғат қазыналары ғана емес, адам капиталының ең жарқын өнегесін көрсететін рухани мұралар да жақсы сақталғанына дау жоқ.

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы туған. Аққелінде 1903 жылы ашылған бастауыш мектеп осы заманғы өркениеттік мұраттағы, Европа типіндегі пән сабақтары оқытатын және оқытқанда да орыс тілінде оқытатын жаңа заман талабындағы мектеп болған. Яғни болашақтағы тұңғыш геолог, тұңғыш академик, тұңғыш Қазақстан кең байлықтарын кешенді зерттеуші, тұңғыш Қазақстанның металлогендік картасын жасаушы, тұңғыш геология институтын ашушы оны басқарушы және тұңғыш КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын басқарушы, барлығында да «тұңғыш, тұңғыш» аталулар ұлан-ғайыр географиялық Ертістің сол жақ өңіріндегі Аққелін мектебіне де тән.

Ізденгіш жазушы, қаламгер әрі инженер, қадірменді М. Сәрсекеев өзінің «Тамаша адамдар ғұмырнамасы» жинағында шыққан оқырманға белгілі «Сәтбаев» кітабында былай деп жазады: «Аккелинская школа находившаяся в ауле волостного правителя была открыта в 1903 году. Тогда же появились в Павлодарском уезде две другие – в Караобинской и Маралдинской волостях. А в следующем году школами обзавелись Баянаульская, Теренкульская и Чакчанская волости. И во всех преподавание ведется на русском языке, а учатся только дети казахов!». Қаныш Сәтбаев туралы Әлкей Марғұланның естелігінде: «оның оқытушылары Омбыда, Семейде, Павлодарда білім алған бірталай сауаты бар адамдар болады. Олардың ішінде ең білімдісі Шоқанның ұрпағы Бексұлтан Уәлиханов, Б. Жуанышбаев тағы басқалар» деп жазған. «Сәтбаев» кітабында: «Аккелинская школа помещалась в двухкомнатном, деревянном доме – помещение по тем временам не плохое. В нем было светло и уютно. Хозяева аула Чормановы были людьми образованными, преданными интересам правительства... а глава рода один из самых образованных и влиятельных людей того времени Садвакас, сын Мусы Чорманова, не мог допустить, чтобы в школе попечителем которой он был, преподавал случайный человек. Первыми учителями в Аккелинской школе были Бексултан Валиханов (родставенник Чокана Валиханова) и Султан-Али Джуанышпаев – оба для той эпохи широко образованные, культурные люди» делінеді. Қаныш аға мектепке барған, табалдырығын аттаған алғашқы тұста қазақ мектебінде де орыс тілді пән сабақтарымен қоса сол кездегі Ресейдегідей ислам діні мен алланы танытып, оқыту болған. Ал, орыс мектебіне бармақ баланы оған бермес бұрын бір-екі жыл бұрын үйде молдадан ислам қағидаларымен бес мезгіл намаз сабағын оқытып жаттықтырған. Оған кірісіп наным-сенімі әбден бекіген соң ғана орыс

мектебі мен училищелердің табалдырығын аттатып, дүние танып, тірлік ету тәсілдерін меңгеру үшін дүнияуи пән ғылымдарын игеру жолына түсірткен. Сондай жолдарменен ғана барған алаштың барлық арыстарының қанша орысша оқып, орыс тілін аса жетік таза меңгерсе де өзінің ана тілі мен ата-баба діні, рухани және ахлақи ұлттық қасиеттер менен мейірмандылық, қайырымдылық, имандылық болмысты берік сақтай алған.

Академик Қаныш Сәтбаевтің «Қазақстан – менің Отаным» кітабында: «ел аузындағы ескі сөздер ғылымға үш негізден маңызды, алдымен, олардың ішінде қазіргі буынға жат, ұмытылып бара жатқан қазақтың ескі сөздері көп кездесіп отырады – бұл «тіл сақтау», «тіл байыту» жақтарынан үлкен бағалы нәрсе; одан кейін – ескі сөздердің ішінде келетін толғаулар суретшілдік жақтарынан алғанда, көбінесе шебер, кестелі бейнешілдік, кеңдік түрмен жасалады; сондай-ақ, ескі сөздердің ішінде қазақ жұртының өткен кездегі тұрмысы, салт-санасы, әдеттері суреттеліп отырады», – деп жазды. Ұлттық код бастаулары қазақ қауымының рухани өмірі мен тұрмыс-тіршілігін баяндаған осы халық шежірелері, ескі сөз бен тарихи жырларында деп білеміз. Осы тұрғыда қазақ ғылымының ордасын қалаған, дамытқан, қазаққа бұрын беймәлім болған заманауи ғылым салаларын әкелген академик Қ. Сәтбаев, тарих, археология, этнология салаларында тіл және көне әдебиет мәселелерімен байланыста дамытып келген ғалым Әлкей Марғұлан, оның үлкен ғылыми мектебі де алаш мақсатына жасалған ерен еңбек. Сондықтан Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды Алаш қайраткерлері қуғын-сүргін құрбаны болғанымен, Алаш ісі, оның негізгі мақсат, мұраты жойылған жоқ, кеңестік билік орнағанда да сабақтастықпен өз жалғасын тапты.

Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхан 1910 жылы (кейбір деректерден 1903-1904 жж.) туған. Ол Мәскеу тау-кен институтының кен-барлау факультетін тәмамдаған білімді геолог ғалым болды. Қарсақбай мыс комбинатында еңбек жолын бастаған. Түрлі-түсті металдарды зерттеу саласының геолог сирек маманы болған. 1929 жылдан бастап Жезқазған кен орындарында қызмете болған. Қаныш Сәтбаев «Джезказганский медно-рудный район и его минеральные ресурсы» (Цветметиздат, 1932 г.) атты еңбекте 1930-1931 жылдары «бұрғылау жұмыстары тау-кен инженері С.А.Бөкейхановтың басшылығымен жүрді» деп жазған. 1934 жылдың қараша айының 10-15 күндері Мәскеу қаласында өткен Үлкен Жезқазған өндіріс күштерін дамытуға арналған ғылыми сессияда Өкітай Әлиханұлы Қаныш Имантайұлымен бірлесе баяндама жасаған. Әлихан Бөкейханды НКВД ұстағанда Өкітайды да тұтқындаған. Сосын ол Норильск қаласына жер аударылған. 1941-1942 жылдары Мәскеуге қайта алдыртылып, Кремльде өткен кездесуден кейін Берияның бақылауымен арнайы тапсырма бойынша Оралдағы жабық әрі мемлекеттік құпия болып табылатын уран кен орындарын ашып, өндірісін басқару қызмет жасағанға ұқсайды. 1957 жылы жұмбақ жағдайда өмірден озған.

Сұлтанмахмұт. Қазақ елінің тарихында тәуелсіздік үшін күресіп өткен тұлғалар көп болған. Олар ел басына күн туған заманда халықтың ішінен суырылып шығып, елім, жұртым, ұлтым деп араша түсіп, өз бастарын қатерге тіксе де, тұтастығын сақтау жолында «Бәрі құрбан атамекен жолында» деген ұстанымынан бас тартпаған шынайы ұлтжанды азаматтар болған. Солардың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров, әңгіме жазуға ден қойып, ғылым, білімге құштар, өнерлі болып, «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Кезек қашан келеді», «Оқу» сияқты бірқатар өлеңдер шығарады, «Зарландым» деген әңгіме жазады. Сұлтанмахмұт ескіше оқу мен жаңаша білім беру туралы, өнердің пайдасы, әлеумет жайы туралы ойларын жазды. 1912 жылы күз мезгілінде Троицк қаласындағы Рахманқұли медресесінде оқып жүріп, «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Қандай?», «Зарлау» өлеңдерін шығарды, Троицк маңындағы қазақ ауылдарына барып бала оқытты. «Ауырмай есімнен жаңылғаным» атты әңгіме жазды. 1913 жылдың күзінде Сұлтанмахмұт Троицкіде шығатын «Айқап» басылымында қызметке тұрып, жаңа туындылар жазуға кіріседі.

Бұл тұлғалар қазақ ғылымы, әдебиеті мен өнеріне совет уақытында алаштық мағына мен мазмұнынан ажыратпаған, алаш мұратына қызмет етуді тоқтатпаған. Алаш партиясын ұйымдастырушылардың қатарындағы ірі тұлғаның бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ол Алаш Орда үкіметінің жұмыстарына қатысып, «Алаш ұранын» шығарып жариялады. «Таныстыру» поэмасында Алаш қозғалысының серкелерін елге таныту мақсатымен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Мержақып Дулатты таныстырып, олардың «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай» мысалында екенін жазып, алаштықтардың қазақ халқының ұлт тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкәрімді ерекше атап көрсетеді. Сұлтанмахмұт «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп барып күн болам» деген асқақ ақын, Абайдан кейінгі аса ірі ағартушы тұлға.

1918 жылы кеңес өкіметі құлаған аласапыран тұста Сұлтанмахмұт Баянаулаға қайтып келіп, Баянаулада жатып «Социализм» мақаласын, «Неге жасаймын?», «Осы да әділдік пе?», «Адасқан өмір», «Кедей» дастанын жазды. Бұл туындыларында Сұлтанмахмұт өзінің саяси-қоғами көзқарастарын, халықшыл ой-пікірін білдіреді. 1919 жылдың соңында Сұлтанмахмұт Кереку қаласына келіп, кеңес өкіметінің мекемесінде қызмет жасады. Тыңбай еңбек еткен талантты қаламгер, жүзден астам өлең, поэмалар, екі роман, мақалалар жазды. Оның шығармаларының тақырыбы – қазақ тұрмысы, мұраттары. «Кедей», «Адасқан өмір» поэма туындылары отарлық езгіге түскен қазақ кедейінің ауыр тұрмысын, қоғамдық өмір құбылыстарын бейнеледі. «Қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасында қазақ қоғамындағы өзгеріс, әлеуметтік өмір көрінісін суреттеді. «Таныстыру» поэмасында қазақ елін өрге тартқан қайраткер бейнесін жасауға ұмтылды.

Мұқыш Жұпарұлы (1884-1921) – оқыған азамат, ірі қоғам қайраткері, Боштай Тұрсынбайұлының шөбересі. Ол Семейде ерлер гимназиясында оқып, 1908 жылы оқуын бітіргені. 1909 жылы Лазарев Институтында Шығыс тілдері арнайы курсында оқып жүрген жерінен, 1910 жылы өз еркімен кетіп, Мәскеу университетіне оқуға түседі. 1911 жылы қаңтар айында Санкт-Петербург университетіне ауысады. Петербургте Мұқыш Жұпарұлы 1913 жылға дейін заң факультетінде оқыған. 1914 жылы Санкт-Петербург университетінен Қазан университетіне ауысады. Қазан университетінде оқыған сегіз қазақ азаматымен бірге Мұқыш Боштаев Алаш-Орда өкіметінің құрамына кірді. Мұнда Салық Аманжолов, Ахмет Беремжанов, Базарбай Маматов, Валитхан Танашев, Иса Қашқынбаев, Батырқайыр Ниязов, штабс-капитан М.-Н. Бекимов, Мұқыш Боштаев, Д.Кусябгалиевтер болған.

Мұқыш Боштаев Алаш партиясының 36 белсенді қайраткерлерінің қатарында болған. Семейде бірінші үлгілі Алаш атты әскерін, полк құрылымын ұйымдастыруға қатысқан. Ол Уақытша Өкіметтің облатком президиумының мүшесі болған. Р. Марсеков, Ж. Ақпаев сияқты белгілі тұлғалармен бірге Семей облыстық қазақ комитетінің мүшесі болады. Осы кездегі қоғамда болып жатқан өзгерістерді халыққа түсіндірген. 1918 жылы 8 ақпанда Мұқыш Боштаев сот төрағалығы қызметінен кетіп, орнына Р. Марсеков келді. Қазандағы ветеринарлық институт іргесінде 1903-1908 жылдары. Арынғазы Сүлейменұлы Боштаев оқыған. 1907 жылы Арынғазының бөлмесінде тінту болып, оның блокнотын, фотоларын, хаттарын полиция тәркілейді. 1916 жылы Арынғазы Белорусиядағы Пин қаласына барып, тыл жұмыстарына алынған қазақ солдаттарына дәрігерлік көмек көрсетеді. Әлихан Бөкейхан майдан тылында ауыр жұмыста жүрген М. Боштаев, Б. Ниязовтарға хат жазады. М.Боштаев та хат жазып, Алаш ұйымдарына ақшалай көмек көрсету қажеттілігін халыққа түсіндіріп айтады.

Айман ұрпақтары туралы айтар болсақ Айман тұқымынан тоғыз ұл. Әрі бай, әрі көп, әрі мықты болған және көп оқыған. Шоңның тұқымы ішінде Айман ұрпағы мықты болды. Халық жауы болып кеткен Шайбай Айманов. Лагерде өлген Шаймұқан Ыдрысов. Соғыс жылдары үштікпен сотталған Әйткен Айманов. Бәрі де Айман немерелері. Шайбай, Шерияздан Алаштың ең сенімді белсенділері болған. 1918 жылғы Алаш Орда сиезіне шақырылып қатысқан. Баянаулада тұрғанда Асылбек Сейітовпен, Семейде тұрғанда Әбілхайыр Досовпен, Алматыда Сәкен Сейфуллинмен бірлесіп, ой, ниеті бір адамдар болған – дейді, немере туысы Шаймардан Торайғыр. Шерияздан Ыдырсұлы Айман тегі – соңғы атақты байлардың бірі. Қытай өтем деген.

Шерияздан бай Нұрғали молла Таушабайұлына қалың мал алмай қызын берген. Нұрғали молла – Сұлтанмахмұттың ұстазы болған. Баянаулада Гасприйнский үлгісіндегі жәдідше (жаңаша) оқытатын медресе ашқан. Троицк қаласында Зейнолла Ғаби-

ден ишан медресесінде оқыған. Сұлтанмахмұт, Ысқақ хазрет Көпей сопы ұлы да сонда оқыған. Ысқақ хазрет, Сары-Лаба тұқымы, 1932 ж. Славгород қаласы маңында Шулар деген жерде қарақшылар қолынан 44 жасында мерт болған. А. Әділханұлы ақсақалдың айтуынша, Нұрғали молла Таушабай ұлы Тайпақ молланың інісі. Нұрғали молла Әзіреті Сұлтанда шырақшы болған деседі. Төңкеріс дегеннің өзі жын-ойнақтай болған бір заман ғой. Құлболды ұрпақтары сол бір ауыр жылдары тоз-тоз болған. Бір шеті сонау Сахалин, Камчаткағы шығып кетіп, теңіз жағалауында балық аулап, жан сақтағандары да болды. Халел Арғынбаевтар сол жақта болғанын естелігінде жазған. Шайбай Айманов болса, әуелі қырғыз ішіне кетіп, одан кейін Кавказ жаққа шығып сол жақта жерленген, сүйегі, бейіті де сол жақта.

Шаймардан Қожахметұлы (1898-1970) Сұлтанмахмұттың немере туысы, Торайғыр бидің тікелей ұрпағы. Торайғыр бидің мұрасын сақтаушы Шаймардан Қожахметұлы бар саналы өмірін білім беру, ағартушылық ісіне арнаған адам. 1927-1932 жж. Орта Азия мемлекеттік университетінің педагогика факультетінде оқып бітірген соң мектеп, педагогика училищелерінде ұстаздық еткен. «Сұлтанмахмұт» атты ғылыми-зерттеу еңбек, «Баян», «Олжабай батыр» дастанын жазған ұшқыр қаламгер.

Мұхамеджан Әбдіхалықов 1907 жылы Баянаулада туған. Әкесі Әбдіхалық Спасск зауытында еңбек еткен. 1925 жылы Сәкен Сейфуллин Өлкелік партия комитетітінің истпарттың меңгерушісі болып тұрған жылы Қызылордадағы халық ағарту институтының ректоры болғанда, сол институтта оқыды. Одан Алматыда алғашқы ашылған Қазақ университетіне ауысып, педагогика факультетінің жаратылыстану бөлімінде оқып жүрген жерінен Санжар Асфендияровтың кеңесімен тарих-экономика бөліміне ауысады. Оқуын бітірген соң республикалық кітапханада қызмет жасады, политэкономия кафедрасында дәріс оқыды. 1938 жылы Ағарту халық комиссары қызметіне тағайындалды. 1941 жылы Алматы қаласының Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары, сонымен қатар Алматы қаласының атқару комитеті төрағасы болды. Осы жылы Алматыға эвакуацияланған халықты, оның ішінде Мәскеу мен Ленинград және басқа қалалардан келген зиялылар, өнер қайраткерлері мен ғалымдарды орналастыру ісін басқарған. 1942 жылы Қазақстанның Орталық Комитетінің бюро мүшесі, насихат және идеология хатшысы қызметіне келді. Осы жылдары академик А. Панкратовамен бірге «Қазақ КСР тарихы (ежелгі замандардан осы күнге дейін)» 1943 жылы жарыққа шыққан алғашқы академиялық тарих оқулығы жауапты редакторы болды. Бұл оқулық Сталин прмиясына ұсынылды. Бірақ жарыққа шыққан кітап қатал сынға алынды. Сөйтсе де М. Әбдіхалықов өз ұстанымына берік болып, кітап авторлары ұсынған ғылыми концепцияны қолдады. Сол үшін ол қызметінен де қуылды. Кітап бүкіл кітапханалардан жиналып алынып, өртеліп, жойылды. 1943

жылы Мемлекеттік саяси басқарманың арнайы тапсырмасы бойынша Солтүстік Батыс майданына жіберілді. М. Әбдіхалықов Қазкақстан Ғылым академисын ұйымдастыру өкімет комиссиясын басқарды. 1947-1967 жылдары КОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалының басшысы қызметінде болды.

§2 Ұлттық кодты сақтап қалу: тарихи сана, жады, жер

Қазақтың ұлттық тарихнамасы мен тарихи таным сатыларын айқындау – маңызды идеологиялық әрі ғылыми мәселе. Отарсыздану үдерісінің бір қызметі ұлттық санаға отарлық саясат тықпалаған теріс қағидалардан арылу болуы керек. Ол үшін қазақтың ұлттық тарихнама дәстүрі мен дәстүрлі тарихи мектебі тұрғысынан сабақтастық сақталуы тиіс. Сыртқы идеология ықпалымен келген тұжырымдамаларды сын көзқарасқа салып, оның тарихи сана жетілдіруге теріс әсерін анықтау, зиянын алдын алу үшін ғылыми айналымнан шығарып тастау мәселесі өзектілігін жоймайды. Тарихи таным ұлттық мүддеге сәйкес келетін тұжырымдар арқылы жасалады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы айтқандай, қытайдың тарихшылары мен орыс жазушыларынан аударып алған сөз қазаққа шежіре болмайды. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дегендей қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген, танымал сөз ғана қазаққа лайықты. Қандай да халық аман сақталып, еркін өмір сүре алуы үшін көрші елдің көзқарасымен жазылған тарих арқылы емес, өзінің ұлттық тарихы ретінде қабылданған халық жадысындағы ойылады тарихи білімнен сусындауы тиіс. Әйтпесе, халық ұлт ретінде құриды. Қандай да бір ұлт өз ертеңін ойлайтын болса, алдымен өз тарихын өзі танып-білуі тиіс. Сондықтан, Шәкәрім және Алаш зиялылары мен қазақтың тарихшылары, олардың ішінде Әлихан Бөкейхан. Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедов, Смағұл Сәдуақасов, Қошмұхаммед Кемеңгеров, Санжар Асфендияров, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, Жұмабек Ташенов және т.б. түркілік және ұлттық негізді сақтап қалу үшін тарихи сана, жады және жер тарихы мәселесіне ерекше көңіл аударып, еңбектерінде үнемі айтып отырды.

Ұлт тарихы деректерін бағалаған, жинаған, зерттеген, Ә. Бөкейхан (1866-1937), А. Байтұрсынұлы (1873-1938), М. Тынышбайұлы (1979-1937) М. Дулатұлы (1885-1935), С.Асфендияруұлы (1889-1938), Қ.Кемеңгеруұлы (1896-1937) жазықсыз атылды. Шәкәрімді (1858-1931) атып өлтірді. Тарихтағы ұлттық дәстүрді жақтаушы Ермұхан Бекмахановты соттады. Е. Бекмаханов қазақ тарихының ең белесті оқиғалары қатарына Кенесарының азаттық жолындағы күресін қойды. Зерттеу жазғаны үшін сынға ұшырап, жазықсыз сотталды, кейін осы еңбегі арқасында оның есімі қазақ тарихнамасының

төрінде тұратын болды. Е. Бекмаханов қазақтың ұлт-азаттық күресін тек жазба тарихи деректер негізінде жазу тарихи шындыққа нұқсан келтіретіндігін байқаған, орыс жазбасында Кенесары тұлғасы теріс, оны жамандау жағынан ғана сипатталған.

Мәшһүр Жүсіп кесенесін совет билігі қиратты, советтік коммунистік партия орындарының вандализмінің ресми фактілері осы. Қазақ ғылымының жарым ғасыр тарихы бойы бұл авторлардың еңбектерін жариялауға рұқсат етілмеді, қуғынға ілігіп кетуден сескенген ғалымдардың бұл еңбектерге сілтеме жасауға батылы бармады. «Тоталитарлық жүйе мен идеологиялық цензура ұлттық тарихи деректемелерді пайдалануға тыйым салды» [3]. Жауыз қандықол империяның, залым тоталитаризмнің құрбаны болған халықтар бодандықтан тәуелсіз дамуға бет бұрған уақыттан бастап әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңа жағдай туды, еркіндік тарихшыларды идеологиялық біржақты бағыттардан босатты, тоталитарлық жүйенің жойылуының басты нәтижесі – қазақ тарихшысы әлемдегі ғылыми үдеріске түсті. Ұлт тарихын зерттеу жабы жабық тақырыпқа айналатын болды.

Қазақ тарихын жаңаша, ақиқатын ашып жазу кезі келді десек, енді сол мақсатқа лайық ғылыми әдіснама, айқын іргелі ұстаным қажет. Ұлт тарихына сенімсіздікпен қарау – таптық методологиялық ұстанымдардың салдары. Бұл болса, бөтен тарихнамаға тән ұстаным. Бұрын тарихшылардың алдына таптық күресті дәріптеу міндеті қойылған, енді әлеуметтік кикілжің идеясының тозығы жетіп ескірген соң, ұлт тәуелсіздік жолын нығайтатын зерттеу талабы алдыңғы қатарға шықты. Тарих жайында еркін сырласу мүмкін болмай қалды. Барлығы идеологияның езгісіне түсетін болды. Қазаққа тән тарихи таным табиғатын білмей, алаштықтардың тұлғалық қасиеттері ашылмайды.

Алаштық тарихи сана мен ұлттық таным бастамасы, іргелі ғылыми негізі Ш.Уәлихановтың мақалаларынан байқалады. Сондықтан академик Ә.Марғұлан жүргізген шоқантану ізденістері сол дәстүрдің жалғасы. Шоқан жазған маңызды тарихи еңбектің бірі «Қазақ шежіресі» («Киргизское родословие») болуы кездейсоқ емес. Шежіре мұралары қазақтың ішкі тарихи дерек кешенінің негізгісі. Осы еңбегінде Шоқан қолданған «дала тарихи дәстүрі» ұғымы «далалық тарихнама» дегенге келеді. Шоқанның зерттеуінше, қазақтың ескі дәуірдегі аты «Алаш» деп аталған. Қазақтың қоғамтану негіздері Қорқыт-Ата, Оғыз-намадан бастау алып, негізгі идеялық өзегі тарихи жырлар арқылы жалғасып, Қ. Жалайыр жазған «Шежірелер жинағы», Өтеміс қажының «Шыңғыс-нама» еңбегінде, басқа да шежірелік туындыларда орнықты. Бұл ұлттық тарихи таным кешені қазақтың өзіндік әлеуметтік ойларын, билік ретін ұйымдастыруға қатысты саяси құрылым ретін, мәдени-әдеп құндылықтары туралы ұстанымдарын айқын көрсетуге бағытталған. Осы тұрғыда алаштану ісі әр түрлі пән, ғылым салалары тарапынан, әлеуметтану, құқықтану, саясаттану, мәдениеттану, тарих, тіл, әдебиет тұрғысынан кешенді қарастырылуы тиіс.

Алаш қозғалысының тарихи тәлімі туралы ой дамыту қажет болатын болса, бұл туралы ізденісті қазақ халқының ұлттық тарихи таным дәстүрінен тыс жүргізу мүмкін емес. Ең болмағанда, «алаш» деген ұғымның өзі біздің ұлттық тарихи санада ежелден-ақ тәрбиеленіп келеді. Алаш сөзі «қазақ» атауына пара-пар ұғым екені белігілі. Өйткені, Алаш дегеніміз қазақ руларының тұтас қауымдық ұйымы. XVII ғасыр басында жазылған Қадырғали би Қосымұлы шежіресінде қазақ ұлтының аты кездеспесе де, қазақ халқы *Алаш мыңы* атымен белгілі. Жаугершілік уақытта Алаш ұраны шақырылып, бұған қазақ қауымы бір адамдай ортақ ұлттық мүдде қорғау үшін аттанатын болғаны жайлы осы қазақ шежірелерінде айтылады.

XX ғасырдағы қазақтың Алаш қозғалысы да ежелдегі қазақтың ұран шақыру дәстүріне сай жүргені анық. Қазақтың бодандықтан азат болу, саяси тәуелсіздікке қол жеткізу үшін құрылған саяси ұйымының аты Алаш болуы, құрған өкіметінің аты – Алаш Орда болуы кездейсоқ емес. Алаш – қазақтың ұраны. Ұранның мақсаты елді бір тудың астына жинау, күшті біріктіру, ұлт болып өз мәселелерін жеке дара шешу сияқты мақсатқа жету. Алаш сөзінің пайда болуы, оның ұрандық сипатқа айналуы, аса мағыналы тұтас бір ұлттық ұғым ретінде қалыптасуының өзі де қазақ халқының бүкіл өткен тарихын қамтиды. Қазіргі таңда да ата-бабаларымызға ұран болған «Алаш» идеясын жалғастырушы тек қазақ ұлты болмақ.

Алаш ойы, мақсат-мұраты, мемлекет құрылысы, құқық реті, әдеп ілімі – әдебиетке, тіл мәселесіне, тарихи таным дамытуға қазір де қызмет етуі тиіс. Қазіргі буын қазақ ұрпағы арқалаған аманаты – Алаш болу, алаштық болу деп білуіміз керек болса, алаш ойын, алаш қызметін жалғастыру, алаштың қайнар-бұлағы туралы жақсы білумен байланысты. Алаш идеясы ұлттық идея ретінде «мәңгі ел» идеясымен қалай ұштасады? Мәңгі ел идеясы – Алаш идеясының бір қыры. «Мәңгі ел» идеясының үш негізі бар десек, біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Түйұқұқ ескерткіштерінде) саяси акт әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы; екіншісі – әл-Фарабидің теориялық-философиялық тұрғыда негіздеуі, үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының қалануы».

Ертедегі түріктен бергі қазаққа дейінгі даланың бейбіт жұртшылығының асыл армандары ел мен жерді қорғау, азаттығын сақтау болғаны белгілі. Ұдайы жан-жақтан жаугершілікке ұшырап, қырғындалып отырған жартылай көшпелі елді үнемі көшіп жүру тұрмысын мәжбүрлеген де ғасырлар бойы әр алуан сыртқы жаулардың отырықшылыққа ырық бермеуі. Арғы заманда, орта ғасырлар мен кейінгі заманда да жабайы емес, көшпелілік өмір сүру аман қалу, сақталу мүддесінен туғаны белгілі. Қазақтың ескі тарихи болмысын қалыптасқан қонысы мен көшіп-қону дағдылары, тіршілік ырғағы, жүйесі бар өркениет бағалау қажет.

Сөзін жазып, әнін шығарған, алаш қайраткері Ж. Аймауытұлы «Алаш маршы (ғаскер өлеңінде)»: «Арғы атам ер Түрік, Біз қазақ еліміз!» дейтіні сол. Дала ұланына тән болған шексіз ерік, мұқалмас жігерді жырлаған Жүсіпбек Аймауытұлы: «Біз жүрген Алаштың шын кемеңгеріміз! Егессек ел бермес, еңіреген еріміз. Алаштың ақ туын қолға алып, ақырып, «Алаш!» деп шапқанда, жауға ойран саламыз! Ер түріктің ежелден-ақ оқ тескен етіміз! Қаймығып еш жаудан қайтпаған бетіміз» деді. Бұл сөздің өзі алаштық тарихи таным сабақтастығын көрсетіп тұрғаны анық.

Алаштың тарихи танымын жырлаған Мағжан Жұмабайұлы «Түркістан» өлеңінде, Түрік ұрпағын, Тұран жұртын дәріптеп, «ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түрігім туып-өскен,) Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері, Тұрансыз тарқамаған алаш шері,) Тұранның тарихы бар отты желдей, заулаған қалың өрттей аспанға өрлей», – деді. Қазақ тарихында әйгілі тұлғалар – әл-Фараби, Әбу Ғали ибн Сина, Шыңғыс хан, Шағатай, Өктай, Жошы, Толуй, Сүбедей батыр, Жебе, Тарағай би, Әмір Темір, Әділ сұлтан, Назар, Қасым хан, Есім хан, Абылайхан мен Кенесары хан есімдерін Мағжан Жұмабайұлы «Түркістан» жырында атап өткен.

Қ. Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» еңбегінде, бұл кітапшаны басқандағы бір ойымыз – қазақтың саяси-тарихи тұрмысынан хабар беру, тарихшылардың «тарихта болған оқиғаларға өзінің көзқарасы болады, тарихи істерге өзінше мағына береді, сын тағады, онысы баға берушінің саяси жолын байлаулы» деген, «қазақтын басынан кешкен тарихына баға бергенде сөзінің шеті ұлт, қай іс болсын, сын таққанда, ұлтқа пайдалы ма еді, пайдасыз ба еді, деген өлшеумен келеді» деп атап өткен. Түркі ұлыстарының әлеуметтік, саяси құрылымдары дәстүрлі қалыпта дамыған, оның мағыналары терең, үйлесімді келеді. Бірақ ұзақ тарихи дәуірлерді қамтыған жүйе болғандықтан, оның кейбір элементтері уақыт өте келе күңгірттенген. Соның ара-қатынасын, сырын тарихи зерттеу әдісі арқылы аршып алу, танымдық және идеологиялық институт ретінде қазіргі қазақ қоғамына, ұлттық мемлекет дамыту ісіне пайдалану, іске жарату маңызды мәселе. Алаш қозғалысының тарихи тәлімі туралы ой дамыту, бұл туралы ізденіс жасау, қазақ халқының ұлттық тарихи таным дәстүрінен тыс жүрмейді. «Алаш» ұғымы біздің ұлттық тарихи санада ежелден-ақ тәрбиеленіп келеді. Алаш «қазақ» атауына пара-пар ұғым, қазақ аталарының (руларының) тұтас қауымдық ұйымы. Осы тұрғыда сөзімізді бірнеше тұлғаның өмір тарихы мен тұлғалық мұраттары мен қайраткерлік іс-әрекеттері мысалында өрнектейік.

«Алаш» қозғалысының көшбастарларының бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әрі ғалым, ұстаз, белгілі ағартушы Әлімхан Ермеков (1891-1970 жж.) өзінің табиғи қабілетін, алған білімін, туған халқының игілігіне арнаған ірі тұлғалардың бірі. Ол өмірінің соңына дейін осы мақсаттан ешқашан тайған емес. Мұны Кеңестік билік

кезеңдегі сан алуан қызметінен де көруге болады. Мәселен, оның оқытушылық қызметі. Ә. Ермековтің оқытушылық қызметі 1917 жылдары басталып, өмірінің соңғы жылдарына дейінгі аралықты қамтиды. Ә. Ермеков қандай да бір маңызды қоғамдық саяси жұмыстарда болып үлкен қызмет атқарса да, өзінің ұстаздық-оқытушылық қызметін қосалқы атқарып жүрген. Оған дәлел: 1924 жылы 17 көкек айында толтырған анкетадағы анықтамада, өзінің 1917 жылдың ақпанына дейін, оқуын оқи жүріп, жеке адамдарға математика, латын пәндерінен қосымша сабақ беріп, үйретуші (репититор) болып жалданып, күнкөріс жасағанын көрсеткен [2].

1917 жылы азамат соғысына байланысты Томдағы оқуын уақытша тоқтата тұруға мәжбүр болған Ә.Ермеков 1921 жылы Томдағы үзілген оқуын жалғастыруға мүмкіндік алып, геологиялық барлау мамандығы бойынша тау-кен институтының дипломын тек 1923 жылы ғана алады. 1920 жылы қазан айында Орынборда өткен 1-жалпықазақ кеңестер сиезінде, Ә. Ермековті Семейлік делегация өкімет мүшелігіне (ОАК-не) ұсынғанда, Томдағы аяқталмаған оқуына баратынын, оқытушылық қызметке ауысатындығын айтып, өтініш білдіріп, қызметтен бас тартады. 1921 жылы Ә. Ермеков Қарқаралыда екі сатылы мектеп пен педагогикалық техникум ашуға өзінің бар күшін салады. Бұған Қарқаралы ауданы халық ағарту бөлімінің 1957 жылы 20 шілдеде берген құжаттама анықтамасы дәлел. Техникумда екі жылдық дайындық бөлімі мен үш жылдық оқу курсы болды. Сол кезде Республика көлемінде жоғары оқу орындарының болмауына байланысты, бұл техникум орта және бастауыш білім беру жүйелеріне мамандар дайындауда үлкен орын алды.

Педтехникум жанында кітапхана ашылды. Бірінші қабаты қызыл кірпіш, екіншісін ағаштан өргізіп жаңа оқу орнын іске қосады. Бұл ғимарат әлі күнге дейін сақталған. 1937 жылы педтехникум, педагогикалық училище болып қайта құрылды. Бұл орта оқу орнын бітіргендердің қатарында, болашақ Қазақ Ғылым академиясының академиктері О.А. Жәутіков, А.Ж. Машанов, Ш. Шөкин, ғалым және мемлекет қайраткерлері Х.А. Сембаев, Д. Керімбаев, генерал-майор К. Бошаев, жазушы Ж. Алтайбаев, «Ара» журналының бас редакторы, журналист Ш. Уәлиев сияқты көптеген халыққа танымал адамдар шықты. Осы жылдары Ә. Ермеков сонымен бірге Кентте, Қызыларай өңірінде (бұрынғы Қоңырат, қазіргі Ақтоғай ауданының аумағы) бастауыш мектептер ашуға үлкен еңбек сіңіріп, көптеген жастарды өнер-білімге тартады. Осындай мектепте білім алған О. Сәулебеков: «...Мектепте 22 болыстықтан келген қазақ-орыс балалары білім алатын және мұнда тек оқу бағдарламасымен шектеліп қана қоймай, ауыл шаруашылығы, агрономия негіздерін де оқытатын» [5 36,122] деп еске түсіреді.

Ә. Ермековтің қарындасы, Қазақ КСР еңбек сіңірген дәрігері Дәмеш Әмірханқызы Ермекова да осы мектепте оқыған. Д. Ермекова 1938 жылы атылып кеткен, белгілі қоғам

қайраткері Темірбек Жүргеновтің зайыбы, екеуі 1927 жылы қосылған. Саяси себептерге байланысты негізсіз сотталып, Ұлы Отан соғысы басталғанда, соғыс даласындағы жауынгерлерге көмек көрсету үшін майданға аттандыруды алғаш өтінгендердің бірі. Алайда оның жүзден астам өтінішіне ешкім құлақ асқан жоқ. Ол «Алжир»-де 3 жыл отырып, содан кейін Төменгі Тагиль лагеріне ауыстырылды. Мұнда ол жаза мерзімі біткенше лагерь дәрігері болып жұмыс істеген [6 207,31].

Ә. Ермеков 1924-1925 жылы Семей губерниялық жоспарлау басқармасы төрағасының орынбасары болып тағайындадад да, оқытушылық қызметтен қол үзбей, Семей педагогика техникумында математика пәнінен сабақ береді. Өзінің іскерлігі, білімділігімен көзге түскен жас маман бір жыл өтпей жатып, Орынбордағы Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрағасы, әрі өнеркәсіп секциясының бастығы қызметіне жоғарылатылады. 1926 жылдан ол біржола ғылыми-педагогикалық қызметке ауысады. 1926-1928 жылдары Ташкент қаласындағы тұңғыш ашылған Қазақтың жоғары педагогикалық институтының жоғарғы математика кафедрасы мұғалімі, әрі жаратылыстану-математика факультетінің деканы міндетін атқарады [1 224,6].

Алғашқы ұйымдастырушылардың бірі Темірбек Жүргенов бұл жоғары оқу орнына Мәскеу, Ленинград, Киев сияқты ғылыми орталықтардан білікті мамандар, тәжірибелі ғалым-педагогтар шақырады. Бұл жылдары Ә. Ермеков, күйеу баласы Т. Жүргеновпен және басқа да азаматтардың үлкен қажыр-қайратымен, табандылығының арқасында 1928 жылы ҚазПИ Алматыға көшіріліп, Қазақ мемлекеттік университеті деп атала бастайды. Бұл университет 1930 жылы Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрылды. Республикада тұңғыш шаңырақ көтерген білім ордасының бірінші шәкірттерін қабылдап, педагогикалық ұйымдастырушыл жұмысты дұрыс жолға қойып, аяғынан қаз тұрып кетуіне қазақ халқының сол тұстағы біртуар ұлдары: С. Асфендиаров, Х. Досмұхамедов, О. Жандосов, А. Байтұрсынов, Ә. Ермеков сияқты белгілі қоғам қайраткерлері мен зиялылардың атқарған еңбегі мен қосқан үлестері орасан зор.

ҚазПИ-дің тұңғыш ректоры, араб, парсы, ағылшын, француз тілдерін жетік білген дарынды ғалым-педагог С. Асфендияров бастапқы ұйымдастырушылық шаруаларына күш-жігерін аямай, уақыттың тығыздығына қарамастан, жанын сала жұмыс істеді.

Ә. Ермеков Қазақстан Республикасының саяси тарихының беттерінде өзінің жарқын бейнесін мәңгіге қалдырып үлгерді. Оның тікелей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анықтау сияқты ең маңызды жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан өңірінің Каспийдің солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облыстары жерлері, кейіннен Коростелев даласының Қазақстанға қайтарылуы.

Қазақ жерінің шекарасы мен ел аумағы 1920 жылы автономиялық республика (орталығы – Орынбор қаласы) болып құрылғаннан кейін де талай өзгерді. Алғашқыда Ақмо-

ла, Семей, Орынбор, Торғай облыстары енгізілді. Ал Закаспий облысының Маңғыстау мен Красноводск уезіндегі Адай руының екі болысы және Астрахан губерниясының 4 болысымен бірге Бөкей Ордасына қосылады... Осы уақыттан бастап ел шеңбері тұрақсыз күйге түсті. Бүгін былай болып өзгерген шекараның ертеңгі тағдырының не болатынын болжау ол кезде тіпті мүмкін болмады. Мысалы, 1924 жылы Ташкент уезінің 9 болысы, Мырзашөл уезінің Іріжар болысы және Самарқанд облысының Жизақ уезінің 6 болысы елімізге қосылады. Оның есесіне келесі жылы Орынбор губерниясы Қазақстан құрамынан шығарылды. Қара Бұғаз шығанағының оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі біраз жерлер Түрікменстанға ауысты. 1924-1930 жылдары бізбен бірге болған Қарақалпақ автономиялы облысы (кейін республика) әуелі РКФСР-ға (1930-1936), кейін Өзбекстанға (1936) берілді. Мұндай өзгерістер тарихымызда көп болды.

Кеңес өкіметі қазақ жерін сынақ алаңына айналдырып, шекарасын үнемі жаңартып, тіпті іштен өзгерістер кіргізуге талпыныстар жасағаны шындық. Мысалы, 1956 ж. 16 шілдеде шешен халқының бостандық алуына сәйкес КСРО ішкі істер министрі Дудоров ОК-ке Қазақстанда Шешен-ингуш автономиясын құру туралы ұсыныс жасады. Бірақ жоғарғы жақ ұсынысты қабылдамады. Мақтаарал, Ильич, Бостандық аудандары Өзбекстанға өтті (10-нан 3 бөлігі ғана қайтты). Сыртқы саясаттағы Алакөл ауданындағы Жалаңашкөлдегі Кеңес-Қытай қақтығысы шиеленісі. 1964 ж. Хрушев Маңғыстау өңірін Түркіменстанға беру жөнінде мәселе көтерді. Сол жылдары Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан облысының басшылары қатысатын Орта Азия бюросы өмірге келгені белгілі. Мұның өзі бара-бара ұлттық республикалар арасындағы шекараны жоюға бағытталған әрекет еді, бірақ көп ұзамай ол орнынан түсті. 1964 ж. 29 тамыз КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Немістерді жер аудару дұрыс болмады, бұл Сталиннің жеке басына табыну кезіндегі зорлық» деген жарлығы шығып, соған сәйкес 1979 ж. 31 мамырда КПСС ОК саяси бюросы Қазақстанның Целиноград, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау облыстарына кіретін 5 ауданында, орталығы Ерейментау болатын Неміс автономиялық облысын құру туралы құпия жарлық шығарды. Сол себепте 16-19 маусым күндері Целиноградта мыңдаған адам қатысқан шеру болды. Бұл орталықтың «бөліп ал да, билей бер» саясатына қарсылық еді. 1920 жылдары Калининнің нұсқауымен ВЦИК-тің Серафимов басқарған ерекше комиссиясы бірнеше жыл бойы арнайы зерттеу жүргізіп, Жетісу (қазіргі Алматы облысы) мен Қырғызстанның Шу және Ыстықкөл облыстары аумағында орыс автономиясын құрудың қажеттілігі туралы әлеуметтік-экономикалық негіздеме жасаған. Осындай идея КСРО ыдырау кезінде де болғаны белгілі.

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1906 жылы туған. Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының алғашқы құрылтайшы ғалымдарының бірі және академияның корреспондент-мүшесі. 1939 жылы Қазақ тау-кен институтын бітірген. Ізденіс бағыты Жер гео-

механикасы, жер қойнауының геометриясы мен кристаллдық заңдылықтар. Эйлер теориясын жаңғыртатын жаңалық жасады. Ақбастау-Құсмұрынкен өрісін ашқан. Лениногор, Зырян, Торғай, Жезқазған, Қаратау кен орнындарын ашуға қатысты. Маркшейдерия ғылымы қазақ тілінде дамуына ерекше көңіл бқліп, оқулықтар жазды, сөздіктер шығарды. Әбу-Насыр әл-Фараби мұраларын іздеп тауып, қазақ халқының дүниетанымымен сабақтастық негізінде зерттеп, «Әл-Фараби» тарихи романын жазды. Ал «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде қазақ халқының рухани өмірінің ежелгі Тұран заманынан бері білім мен ғылым сабақтастығы тұрғысынан байланыста қарастырырып, көне тұрандықтардың абақ есебі батыс Азия және одан әрі ежелгі Грекия мен Рұм елдерінің ғылыми ойына әсері туралы айтады. Ақжан әл-Машани тарихи ойлары мен еңбектері де өте құнды. Негізінен, ғалымның бүкіл зерттеулеріне сүйеніп ұлтымызды тарихи даму тұжырымдамасына қосылар құнды ойлар көп.

Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің (1915-1986) саналы өмірі мен қызметі кеңестік заманға сәйкес келіп, басқа да қайраткерлер сияқты коммунистер партиясы қатарында болды. Егер коммунистік партия қатарында болмаса ол облыс басшысы, Жоғарғы Кеңес және Үкімет басшысы сияқты жоғары қызметтерге қолы жетпес еді. Ол заман Қазақстан басшыларының бүгежектеп, Мәскеу билігіне қарап, солар не айтады, не шешеді деген уақыты болатын. Бірақ Жұмабек Тәшенов Кеңес Одағының коммунистік партия бастаған өкіметінің отаршылдық сипатындағы оспадар аяр саясатына қарсы бір өзі күрескен ұлт қайраткеріне айналды. Басқаша болуы да мүмкін емес еді. Өйткені Н.С. Хрущев Қазақстанды Ресейдің бір бөлігі ретінде көріп, Республиканы бірнеше өлкелерге бөліп тастады. Қазақ қайраткерлерімен санаспай Қазақстан басшылығына Мәскеуден бірнеше адамдар жіберді. Осы қиянаттың бәрі Ж. Тәшеневтің көз алдында өтті, іштей қарсылық туғызды.

1954 жылы 2 наурызда Ақмола қаласына поезбен алғашқы тың игерушілер келіп түсіп, бөлініп-бөлініп сол кездегі Ақмола облысының аудандарына жаңа совхоздар құруға аттанды. Тың игерушілер көктемде тың жерге алғашқы түрен салып, дән сеуіп күзде егін бастырды. 1953-1956 жылдары облыста 3,5 млн гектар тың жерлер игерілді. 1958 жылы Ақмола облысы еңбеккерлері 221 миллион 100 мың пұт астық жинап, оны мемлекетке өткізіп, осы табысы үшін облыс Ленин орденімен марапатталды. Осылайша Ақмола өңірі тың игерудің орталығына айналып, Н.С. Хрущевтің талап етуімен қаланың атауы Целиноград болып өзгертілді [2,128]. Тың игеру науқаны нәтижесінде Кеңес Одағының басшысы Н.С. Хрущевтің бастамасымен 1961 жылы Қазақ жерінде «Тың өлкесі» аталатын ерекше аймақ құрылды.

1954 жылы Н.С. Хрущевтің Қырым түбегін Ресей Федерациясынан бөліп алып Украинаға бергесін, Мәскеуден Қазақстанның кейбір жерлерін Өзбекстанға, Түрікменстанға

беру керектігі туралы сөздер шыға бастағанда елінің тұтастығына қауіп төне бастаағанын айқын сезініп, ел басына қауіп төнгенде қазақ басшылары ішінен өзінен басқа бас көтерері қалмағанын түсінеді [3,185]. Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу керек дегенде, қызмет мансаптың бәрін сырып қойып, көне замандағы бабасы Мөде қаған сияқты Қазақстанның тұтастығын сақтау үшін Н.С. Хрущевке қарсы шығып, Қазақ жерін бергізбей сақтап қалды. Бірақ сол үшін премьер-министр лауазымынан айрылып, облысқа төмен қызметке жіберілді. Бұл сол кезде адам сенбестей ерлік болатын. Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1960 жылдың 20 наурызда Ақмоланың атын осылай Целиноград атына өзгертіп, 26 желтоқсан күнгі қаулысымен Ақмола, Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарын қосып Тың өлкесін құрды [2,129]. Мұндай шешім қабылдағанда Мәскеу билігі Қазақстан басшылығының пікірін ескермеді. Тың өлкесін іс жүзінде Өлкелік партия комитеті тікелей басқарды. Тың өлкелік партия комитетіне 1960-1963 жылдары Т.И. Соколов, ал 1963-1965 жылдары Ф.С. Коломиец деген Мәскеуден арнайы жіберілген адамдар басшылық етті. «Тың өлкесінің» жоғары басшылығы құрамында қазақ кадрлары саусақпен санарлық қана болды. Тың өлкесі бес облыс, 51 ауданнан тұратын 600 мың шаршы шақырым жер көлемін (21 пайыз) қамтыды. Жаңа құрылған өлке аумағында Қазақстан халқының 31 пайызы мекендеді және өлкедегі селолық аудандар халқының басым бөлігін орыстілді адамдар құрады. «Целинный край», (кейін «Целиноградская правда»), «Тың өлкесі» (кейін «Коммунизм нұры»), «Молодой целинник» газеттері шығарылып, өлкенің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірімен халықты таныстырып отырды.

Өткен ғасырдың 60 жылдары республиканың жоғары органдарында, Жұмабек Тәшеневтен де білім-білігі, ақыл-қайраты артық ондаған адамдар еңбек етті. Бірақ ешқайсы да еліміздің территориялық тұтастығына қауіп төнген сын сағатта оны қорғап қалу жолында Мәскеу билігіне ашық қарсы шыға алмады. 1960 жылы Қазақстанның 5 облысын Ресейге бермейміз деп Кеңес Одағының адуын басшысы Н.С. Хрущевке қарсы шыққанда Жұмабек Ахметұлының арқа сүйер саяси партиясы, оның іс-ірекетін ашық қолдап демеу болатын жақтастары да болған жоқ. Ол ерте замандарда қарсыласына қарсы шапқан жаужүрек жеке батыр сияқты әрекет етті. Ол қарумен емес, білімімен, ақыл-қайратымен, күшті ұлттық рухымен әрекет етті.

Қазақстанды 25 жылға жуық басқарған, әлемге танымал көрнекті мемлекет қайраткері Д.А. Қонаевтың өзі Кеңес Одағы құлағаннан кейін жазған естелігінде Мәскеудің империялық өктем саясатының ықпалымен қызмет еткенін былай деп баяндаған еді. «Кімді қойғымыз келсе, соны қоямыз. Ал, сендер дауыс бер десе, «ләппай құлдық» деп қол көтер деген сыңай байқатады. Бұл шымбайға батпайды емес, батады. Бірақ, амал қайсы. Айтқанын екі етпейсің. Өйткені, кез келген республика үшін ең жоғары лауа-

зымдағы қызметке Орталық қана төрелік айтып билік жүргізеді. Онсыз аттап баспа, бассаң, тағдырың қыл үстінде дей бер. Арқаңнан қағып отырып, сандалтып жіберуден тайынбайды. Мыңдар айылын жиып жүруі үшін бірлі-жарым қарсы келіп дау шығарғанды «құрбандыққа шалып жібереді». Сосын екі елі ауызға төрт елі қақпақ демей, Орталықтың ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс демей гөр. Мені, оқырман дұрыс түсінер деп ойлаймын, бұл өгіздей өкпе емес, Мәскеудің ұлттық кадрларды тәрбиелеп, өсіру ісіндегі немқұрайдылығы жайында көптен көкейде жүрген, кеш те болса айтылуға тиіс ойлар еді»...» деп толғанады [4,161].

Ж. Тәшеневтің кеңестік қиын заманда қаймықпастан коммунистік партияның жоғары басшыларына қарсы уәж айтып қазақ кадрларын жоғары қызметке өсірмей жатқандары, ұлт руханиятын насихаттайтын «Қазақ әдебиеті» мен «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетін жабылудан аман алып қалған еңбектері сол кезде халық арасында аңыз етіп айтылды. Ауыздан ауызға тарады. Бұл хабарлар қазақы дәстүрмен «ұзынқұлақ» арқылы жетті. Өйткені ол кезде қазіргідей оқиғаны сол мезетте халыққа жеткізетін интернет, фейсбук т.б. демократиялық бұқаралық ақпарат құралдары жоқ еді. Жұмабек Ахметұлының бұл қайсарлығы қазақтардың санасына сілкініс туғызды, ұлттық намысын оятты. Бейбіт заманда да ел намысын қорғайтын батырлар болатынын естіді, көруге құмартты. Ерлік әрекеті бір сәтте жасалса, адам ондай әрекет жасауға іштей әрқашан дайын болуы керек сияқты. Ж.А. Тәшенев әрекеті қазақтың батырлық рухының өшпегенін, ерлік бейбіт өмірде де жасалатынын көрсетті.

§3 Мәдениет, дін, діл, өнерді насихаттау

Алаштық тарихнама, тарихи таным, ой-сана мәселесінің бірнеше қыры бар. Алаш қайраткерлерінің тарихи, қоғамдық-саяси көзқарастары өз алдына, алаштықтардың тарихқа деген көзқарасы өзінше жеке бір мәселе. «Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет» М. Қойгелді. Алаш қайраткерлерінің тарих біліміне қатысты жазған сөздерін, еңбектерін *алаштық тарихнама дәстүрі* деп білуіміз керек. Бұл өз алдына бір жеке мектеп, ұлттық тарихи таным мектебі. Тарихи мектепке тән таным құралдары да болған. Тарихи іргелі ұстанымдар болмай саяси көзқарас, мемлекеттік сана, ұлтыншылдық мінез де болу мүмкін емес. Бұның бір тамыры ұлттық әдебиет те жатыр. Ескі уақыттың ерекшелігі тарих пен әдебиет, тіл және діл егіз әрі тұтас болуы. Қазақ тарихнамасы советтік тарихнама мектебінен ғана бастау алады десек бұл үлкен қателесушілік. Ә. Марғұлан, Е. Бекмаханұлы қалыптастырған

Қазақстанның тарихнамасы алаштық тарихнама болып табылады деп білуіміз керек, солай деуіміз керек. «Усули жәдид» дегеніміз сол жәдидшілдік әдіснама, пәндік тұрғыда ілім игеру жолы болды. Ұлттық тарихнаманың дамуын тежеген кедергілер төңкеріс, ашаршылық зобалаңы, қуғын-сүргін, соғыс зұлматымпен байланысты. Қолдан ұйымдастырылған ашаршылық нәубеті 1930-жылдардағы большевиктік репрессияға ұласып, сол зұлмат жылдары Қазақстанда 105 мың азамат «халық жауы» деген айыппен ұсталып, түрмелер мен лагерлерде азап шеккен. 25 мың азамат жазықсыз атылған.

Алаштық дәстүр, рухани мұраның әсерімен кеңестік билік орнаған тұста да қазақ халқының ұлт әдебиеті арқылы тарих пен мәдениетті, дін мен ділді, ұлттық өнерді насихаттау ісі айқын немесе бүркемелі түрде жүрді. Оған әсерін тигізген алаш қайраткерлері және олардың аманатын арқалаған ізбасарлары – мысалы, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Бейсебай Кенжебаев, Ілияс Есенберлин және т.б. болды. Олардың ерлік әрекеттері сөз жүзінде, іс жүзінде орындалды, қазаққа тән ізгілікті мінез, еңбек ісіне де, соғыс ісіне де қайсарлық, батырлық үлгі-өнегесі жалғасын тапты. Қазақ батырлары Сабыр Рақымов, Қасым Қайсенов, Рақымжан Қошқарбаев осы ой тұжырымға мысал бола алады.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1889 жылы Семей губерниясы Павлодар уезінде, Қызылтау болысының бірінші аулында туған. Арғы аталары ауқатты болған. Бірақ Жүсіпбектің өз әкесі Аймауыт, оның әкесі Дәндебай да шағын шаруалы адамдар екен. Жүсіпбектің 15 жасқа дейінгі өмірі аулында өтеді. Ол ауыл молдасынан оқып сауатын ашады. Тиіпқашып әр қилы молдалардың (өзі айтуынша, Жүніс қожа, Шәймерден қожа, Қожахмет молда, Қапар қажы, Мұхамеджан) алдын көріп, ескіше едәуір білім алады. 1907 жылы Жүсіпбек молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс мектебіне түседі. Бірақ ауыл шаруашылық мектебінде ұзақ оқи алмайды. Бір айдай ауыл шаруашылық жұмысына қатысып, одан кейінгі екі ай ғана оқуға мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп режимі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады. Осыдан кейінгі біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен, Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырумен өткізеді. Содан 1911-жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919 жылы бітіреді. Жүсіпбектің Алашорда істеріне араласатыны осы кез еді. Семейде ол «Абай» журналын шығарысады. 1919 жылы Жүсіпбек Кеңес өкіметі жағына шығып, коммунистік партияға өтеді. Семейде, Павлодарда партия, кеңес жұмыстарын атқарады. 1920 жылы Қазақстан Кеңестерінің съезіне делегат болып қатысады. Содан кейін Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатында басшылық қызметте (комиссардың орынбасары болып) қалады. 1921 жыл Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін «Қазақ тілі»

газетінің редакторы болып істейді. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, ал, 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында қызмет атқарады. Бұдан кейін 1926-1929 жылдары Шымкент педагогтік техникумының директоры болады. Ара-тұра сол кездегі саяси науқандарға араласады. Торғай уезінің ашыққан халқына жәрдем ұйымдастырып, жиналған малды «өзі пайдаланып кетті» деген жаламен жауапқа тартылып, артынан ақталады. Содан 1929 жылы «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен қайта түтқынға алынады. Сөйтіп, 1931 жылы 42 жасында, нағыз шығармашылық толысқан кезінде қыршынынан қиылды. Жан-жақты дарын иесі Жүсіпбек Аймауытовтың әдебиетке әкелген жаңалығы мен еңбегі орасан зор. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тууын Жүсіпбек Аймауытов есімімен байланысты. Өз заманының қайраткері болған оның өмірі мен өнері бүгінгі ұрпақ үшін де ескірмейтін үлгі, өнеге болып табылады. Ол көрнекті жазушы ғана емес, еңбектерімен халық азаттығын мұңдаған, елінің ертеңін ойлап еңіреген, ұлт болашағын ойлап еміренген азамат. Сауатсыздық қараңғылығына сүңгіген халқын, ескіліктің тереңіне батқан елін қайтсем жарыққа шығарам деп, қаламын қарудай түйреп күрескен азамат болып өтті.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 сентябрьде Семей уезі Шынғыс болысында көшпенді орта шаруа семьясында туған. Жас баланың алғаш арабша сауатын ашқан атасы Әуез еді. 1906 жылы ағасы Қасымбек Семейге алып келеді де, әуелі өзі орысша үйретіп, бес кластық қалалық училищеге орналастырады. Оны бітіргеннен кейін М. О. Әуезов Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясына оқуға туседі. Жазушының жолы 1917 жылдан басталған. М. Әуезов 1918 жылдан бастап, семинария қабырғасында жүрген кезінде-ақ негізінен жалпы мәдениет, педагогика, ағартушылық тақырыптарында өзінік тырнақалды мақалаларымен мерзімді баспасөзге белсене қатысады. Ол 1919 жылдың декабрінде Батыс Сібірде Совет өкіметі біржола орнаған кезінен бастап, мұғалімдер даярлайтын семинарияның әлі соңғы класында оқып жүрген шағында-ақ қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады. Семей губерниялық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, кейін төраға қызметтерін атқарады. 1922 жылы үзіліп қалған оқуын жалғастыру мақсатымен Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне түсіп, 1923 жылдың күзінде Ленинград университетінің тарих-филология факультетіне ауысады. 1928 жылы Ленинград университетін бітірісімен М.Әуезов Ташкентке қайтып келіп, 1929 жылы САГУ-дің тюркология кафедрасы бойынша шығыс факультеті аспирантурасына қабылданады. Жиырмасыншы жылдардын өзінде жазушы Семей, Орынбор, Ташкент, Қызылорда журналдары мен баспалары арқылы әңгіме-повестерін жарыққа шығара бастайды. Оқу мен әдеби-шығармашылық қызметті ұштастыра отырып, жиырмасыншы жылдардан бастап, М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын, фольклорын жүйелі

зерттеу мәселесімен шұғылданған. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы жайлы байсалды пікірлер корытқан. 1932-1938 жылдар аралығында Мұхтар Әуезов Алматы қаласында Қазақ академиялық драма театрының әдеби бөлімі меңгерушісі болып қызмет істейді. Шығармашылық еңбекті М. Әуезов әрдайым ғылыми-педагогтік қызметпен тығыз ұштастыра білді. 1928-1930 жылдары қазақтың Халық ағарту институты мен Ташкент Ормантехникумында қазақ әдебиетінен дәріс берді. 1932 жылдан бастап Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтта қазақ фольклоры курсы бойынша лекция оқып, аспиранттар даярлау ісіне жетекшілік етті. 1934 жылдан өмірінің ақтық сәтіне дейін М.Әуезов С.М.Киров атындағы Казақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында жұмыс істеді, қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы, Орта Азия республикалары әдебиеттерінің тарихы бойынша лекциялар оқып, арнаулы курстар жүргізді. Оныҡ ішінде әсіресе Абайтану курсы бойынша окыған лекциялары қазақ совет әдебиеттану ғылымының бүтіндей жаңа бір бағытын негіздеп берді, М. Әуезов қазақ орта мектептері мен жоғары оқу орындары үшін әдеби оқу құралдарын (программа, әдеби хрестоматия) жасау ісіне де белсене қатысты. М.О. Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымы саласында жас ғылыми кадрларды даярлау бағытында да ғылыми-методикалық қыруар істер тындырды. Аспиранттарға ғылыми жетекшілік жасап, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғау жұмыстарында ресми оппонент ретінде де елеулі еңбек сіңірді. Жоғары оқу орындарындағы жұмысымен катар М. Әуезов 1943 жылдың январынан бастап СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институты әдебиет секторының аға ғылыми қызметкері болып істейді. 1946 жылдан қазақ әдебиеті тарихы секторының меңгерушісі, ал 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1946 жылы оған профессор ғылыми атағы мен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1946 жылдары М. Әуезов Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі және Президиум мүшесі болып сайланды. 1953-1954 жылдары М. Әуезов СССР халықтары әдебиеті кафедрасы бойынша М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті филология факультетінің профессоры болды. М. Әуезовтің ғылыми еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының фольклор, революцияға дейінгі әдебиет тарихы, совет әдебиеті сияқты негізгі-негізгі салаларын қамтып жатыр. 1939-1940 жылдары М. Әуезов редакциясымен Абай Құнанбайұлы шығармаларының бұрынғыдан да толықтырылған қос томдығы жарияланды. Мұхтар Әуезов жазған ғылыми өмірбаян – ақын елінен жинаған, қорытқан ұзақ іздену жұмысының, нәтижесінде көптеген тың деректермен, детальдармен жетілдіріліп, әдеби, архив материалдарына негізделген, сол кездегі Абай өмірбаянының мейлінше кемел нұсқасы болып табылады. М. Әуезов шетелдерге сапар шегіп, халықтар арасындағы достық пен

жер жүзінде бейбітшілікті нығайту мүддесінің жалынды насихатшысы ретінде де қыруар еңбек сіңірді. 1955 жылы ол мәдениет қайраткерлері делегациясы құрамында Индияға барды. Токиода өткен атом, сутегі бомбаларына тыйым салу жөніндегі III Халықаралық конференцияға (1957, август), Делиде өткен III Халықаралық бейбітшілік қорғау конгресіне (1961, март), ГДР жазушыларының IV сиезіне (1955, декабрь) қатысты, 1960 жылы совет жазушылары делегациясы құрамында Америка Құрама Штаттарында болып кайтты. Осы елдерге барған сапарлар әсерімен жазылған «Индия очерктері» мен «Америка әсерлері» айрықша назар аудартады. Қаламгердің әдеби мұрасының маңызды бір саласы болып табылатын өзге көптеген публицистикалық мақалалары мен сөздерінің де қоғамдық-саяси мәні зор.

Сабыр Рақымов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданында дүниеге келген. Ол Орта Азиядан шыққан тұңғыш генерал-майор болды. И. Сталин оны «темір генерал» деп атаған. 1922 жылы әскер қатарына өзі сұранып, Баку қаласындағы әскери училищеге түседі. Оны үздік бітірген соң, Самарқан қаласындағы атты әскерлер дивизиясындағы полктің взвод командирі болып тағайындалады. Көп ұзамай іскер командир ретінде көріне білген Сабырды эскадрон командирлігіне өсіреді. 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғысы басталған алғашқы күндерде ол өзінің қызмет еткен бөлімімен майданға аттанады. Сұрапыл соғыс жылдарында ұрысты сауатты ұйымдастыра білгені үшін «Қызыл Ту», «Қызыл жұлдыз», Суворов және Кутузов, «Кавказды қорғағаны үшін» ордендерімен және медальдармен марапатталады. Өкінішке орай, генерал Рақымов Жеңіс күнін көре алмай кетті, 1945 жылы 26 наурыз күні Польшаның Данциг қаласы үшін шабуыл кезінде қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен 1965 жылдың 6 мамырында генерал-майор Сабыр Омарұлы Рақымовқа соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982 жж.) қазіргі Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау ауылында туған. 1921 жылы бастауыш мектепті Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Жеті жылдық мектеп бітірген соң біраз уақыт мұғалім болып істейді. 1932 жылы әскер қатарына шақырылып, міндетін өтеп, запастағы командир атағын алып, ауылында жұмыс істеген. 1936 жылы кайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде қызмет еткен, взвод, рота командирі болған.

1941 жылы соғыс басталысымен генерал-майор И. Панфиловтың басқаруымен Алматы маңында жасақталған 316-атқыштар дивизия құрамында майданға аттанған. Соғыс жылдарында батальон, полк, дивизияны басқарды. Момышұлының әскери өмірбаянында Москва түбіндегі шайқас ерекше орын алады. Одан басқа да ерліктері аз емес.

Тек 19-гвардиялық атқыштар полкінің батальон командирі ретінде Москва түбінде 27 сәтті ұрыс жүргізді. Волоколам бағытында Крюково қонысы үшін шайқаста 19-полкты басқарып, сол жерде ауыр жарақат алғанына қарамастан, күресті әрі қарай жалғастыра береді.

Момышұлының осындай көптеген әскери ерлігін ескеріп, 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі полковник И.И.Серебряков 1942 ж. тамызда оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынады. Бірақ бұл наградтау қағазы жоғалып кетеді. 1944 ж. шілде айында Серебряков КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына үндеу хатында: «Жолдас Момышұлына құрмет көрсетуді... өтінемін және мұны жеткізуді өзімнің парызым деп білемін... әділдік менен осыны талап етеді», – деп жазды. Бұл да аяқсыз калады. Одан кейінгі ерліктері де ескерусіз қалады. Момышұлы полк командирі, кейін дивизия бастығы бола жүріп, Калинин майданында, Курляндиядағы неміс басқыншыларын талқандау операцияларына белсене қатысады. Соғыстан кейін Армия Бас штабының Жоғарғы Әскери академиясын бітіріп (1950 ж.), сонда әскери педагогикалық қызметпен айналысты. Тактика төңірегінде оның идеяларының батыл да жаңашыл болғандығына қарамастан, 1956 жылы гвардия полковнигі Момышұлы отставкаға жіберіледі. Әдебиет майданында да әскери ерліктерінен еш кем емес каһармандық іс тындырған қаламгер екені баршаға мәлім. Оның шығармаларының негізгі тақырыбы жауынгерлік мінез-құлықтың қалыптасуы, елдік пен ерлікті дәріптеу, жастарды Отан қорғауға дайын тұру рухында баулу, әскери тәлім-тәрбие болып табылады.

Бейсенбай Кенжебаев 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Бөген ауылында дүниеге келген. И. Сталин атындағы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік университетін, М. Горкий атындағы Әдебиет институтын, Қазақ мемлекеттік университетін (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) бітірген. Ол түрктанушы ғалым, әдеби сыншы, аудармашы, филология ғылымдарының докторы, профессор. 1941-1944 жылдары – Қазақстан мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы, 1961 жылдан Қазақ мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1975-1987 жылдары профессоры, кеңесші-профессоры қызметтерін атқарған. «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократ жазушылары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Кенжебаев – қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің, Абай, С. Торайғыров, Жамбыл Жабаев, М. Сералин, М. Әуезов, С. Шәріповтің өмірі мен шығармалары туралы зерттеулердің авторы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Қазақ әдебиетінің

тарихы Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Асу-Бұлақ ауылында қарапайым еңбекші отбасында дүниеге келген. 1934 жылы орта мектепті толық аяқтамай, Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына оқуға түседі. 1939 жылы оны бітірген соң әскери-барлау мектебіне жіберіледі. 1941 жылы қараша айында осы мектепті бітірген бойда, Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіледі. Сол жерден арнайы тапсырма бойынша Украинаның басқыншылар қолында қалған жеріне аттанады. Бара салысымен Қасым Қайсенов В.И. Чапаев атындағы партизан құрамасының отрядын басқарады. Молдавия, Украинаның Закарпатье бөлігі, Чехословакия және Румыния жеріндегі ұрыстарға қатысады. Осы жылдарда бастан кешкен оқиғаларын кейін көлемді еңбек етіп жариялайды. Қасым Қайсенов Оңтүстік-Батыс майданының штабына жетісімен Украина партизандар қозғалысы орталық штабының бастығы генерал-майор Строкачтың бұйрығымен 8-партизандар отрядының командирлігіне тағайындалып, мынандай тапсырмалар алады: жау қолында қалған Киев, Полтава облыстарында жергілікті халықтан партизан отрядтарын ұйымдастырып, жаудың тылына іріткі салу; көпірлерді, қатынас жолдарын, коммуникациялық тораптарды талқандау; жеке шыққан немістердің көзін құрту; жаудың барлық күштеріне бөгет жасап, үреу туғызу... жүктелген міндетті орындау үшін 9 партизан алғаш рет жау тылына аттанады. 23 жасқа енді толған Қасым бастаған отряд парашютпен жерге түсісімен жау қоршап алып, қасындағы жолдастары түгел қаза табады. Әрең дегенде неміс солдаттарынан қара үзіп шыққан ол бәлен күн орман ішінде жападан жалғыз жан сауғалап жүреді. Арада екі-үш ай өткенде Ржицев, Переяслав, Мироновка аудандары астыртын ұйымдарының күшімен екі партизан отряды құрылып, олар орманға кетуі керек болады. Орманға кетпес бұрын комендатураларды талқандап, қару жарақтарын алып кету туралы шешім қабылданады. Қасым бастаған топ осы Македон селосының комендантын, 12 полицайын, тілмашын түн ішінде қолға түсіріп, орманға алып кіреді. Қасым Қайсенов сол сияқты көптеген ерліктер жасаған батыр және жазушы ретінде де танылған тұлға.

Ілияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысы, Атбасар қаласында туған қазақ жазушысы. Ол қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи санаға ой салып, зерде тамырына қан жүгіртіп, ұлттық рухты қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен қаламгер тұлға. Ілияс Есенберлин тарихи романдар арқылы қазақ халқының өткен тарихының маңызды оқиғаларын көркем түрде баяндады. Өзінің тарихи романдарында адамгершілік, кісілік, әлеуметтік-психологиялық, саяси-мәдени мәселелерді тұтас көрсетуге тырысты. Оның тарихи трилогиясы қазақ елінің XV-XIX ғғ. тәуелсіздік үшін табанды күресін көркем суреттеді. Осы жолдағы қиындық пен ішкі қайшылықты, адами қатынас, олардың әрекеті мен мінез-құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан

бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетті Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасады.

І. Есенберлиннің «Қаһар» романы – қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңінің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма. Тарихи шығарма өткен заманды әлеуметтік-эстетикалық құрастыру ғана емес, онда бүгінгі уақыттың да концепциясы жатады. «Көшпенділер» қазақ халқының, ұлттық тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір-тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі – коммунистік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмаланғандығын көркем тілмен бейнеледі. Архивтік деректер, халықтық аңыздар, этнографиялық сипаттар негіз болған тарихи эпопеяда автор оларды сол өткен дәуір елесін дәл бейнелеу үшін ғана емес, оған қоса түрлі идеялардың, психология мен мақсат мүдделерінің қандай заман, қандай қоғамдық жүйеде болсын сабақтастық алып жатқан көрінісін беру үшін де пайдалану мақсатын ұстанды.

Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы Ақмола облысы, қазіргі Целиноград ауданында туған. 1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы Фрунзе жаяу әскер училищесін бітірген. 1944 жылы қазан айынан 1-Беларусь майданындағы Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында 150-ші взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты. Лейтенант Р. Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. Ол 30 сәуірде жауынгер Г. Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен Жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды. 1947-1967 жылдары Ақмола облыстық атқарушы комитетінің нұсқаушысы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармасының инспекторы болды. Ұлы Отан соғысында рейхстагқа ту тігіп, алғаш рет ұлы жеңістің жалауын желбіреткен батырдың ерлік істері өзге ұлттарды кемсітіп, тек өзінің ғана жетістігін насихаттап үйренген Кеңестік өркөкірек өзімшіл жүйенің сол кездегі билік басындағы шолақ белсенділері жоққа шығарып келді. Бұл ерлігі жайында кезінде Қошқарбаевтың өзі де жазған болатын. Жеңістің 20 жылдығында соғыс ардагерлері Мәскеуге шақырылған. Сонда грузин Кантария 150-ші дивизияның Рейхстагқа тігілген туын Қызыл алаңға ұстап шығады. Сол топта Рақымжан Қошқарбаев та болған. Ол Кантарияның қолынан туды жұлып алып: «Бұл туды Реихстагқа бірінші мен тіккенмін», – деген. Шындықты білетіндер оған қарсы келмейді. Қошқарбаевтың сол туды көпшіліктің ортасында ұстап тұрған сурет қазір бар. Соғыс ардагері Зекен Темірғалиев 1962 жылы Ялтада дем алған екен. Шипажайдың мәдени қызмет-

керлері оларды Ставропольға алып барып, соғыс мұражайымен таныстырады. Мұражай қызметкері Рейхстагқа ту тіккен Егоров пен Кантария деп екеуінің суреттерін көрсетіп жатқанда топ ішінен оралдық Тәшкенбаев деген ардагер орнынан тұрып: «Бұл мәлімет қате. Егоров пен Кантариядан бұрын туды Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Болатов тіккен. Сол кезде мен 150-дивизияның байланыс бөлімінің бастығы едім. Дивизия командирі генерал Шаталов 30 мамырда 1-Белорус майданының қолбасшысы Жуковқа Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Болатовтың Рейхстаг қабырғасына ту тіккенін хабарлады. Жуков қатты ашуланды: «Неге қайдағы бір азиаттарға ту тіккіздің? Ертең қалайда бір орыс пен бір грузин Рейхстагқа қайта ту тігетін болсын», – деп бұйрық бергенін өз құлағыммен естідім. 1 мамырда фашистер аса күшті қарсылық көрсетпеді. Өйткені, капитуляцияға келісуге көнген еді. Сол күні Егоров пен Кантария көп қиындықсыз Рейхстаг үстіне ту тікті. Қысқасы, оларға сондай мүмкіндік қолдан жасалынды», – деді. Сол кездегі майдан газеттері осы оқиға туралы мақалалар жариялайды. Онда Қошқарбаев пен Болатовтың ерлігі де айтылған. Олар 300 метр жердегі фашизм ұясы – Рейхстагқа бораған оқ астынан 7, 5 сағатта әзер жетіпті. Григорий Рақымжанды иығына шығарып, туды Рейхстаг қабырғасына неғұрлым жоғары тіккізгені өте қиынға түскені анық. Бұл өлімге бастарын тіккенмен бірдей іс. Содан кейін-ақ, немістердің мысы басылып, ендігі қарсыласу ешқандай да ақылға сыймайтынын түсінсе керек. Кеңес Үкіметінің басшылары бұл соғысты Ұлы Отан соғысы деп жариялады. Барлық ұлтты сол Отанды қорғау үшін күреске шақырды. Отан біреу деген ұғымды саналарына сіңірді. Қазақтар да сол үшін жан аямай шайқасты. Ерліктің үлгісін көрсетті.

§4 Жасампаз өнерлі ұлт идеологемасы

Тарихтағы тұлғаның орны мен қызметі туралы адамзат ертеден бері толғанып, тәжірибе алмасып келеді. Тұлғаны тарихи қажеттілік туғызатынын ойшылдар сан ғасырдан бері айтып келді. Ұлы тұлғалардың жүрегі ұлтының болмысынан, қанға сіңген қасиетінен нәр алады, сол нәрін, парызын өтеген соң қайтадан өз ұлтының жүрегіне ұялатып, жігер мен ізгілік, парасат күшін қосып, жаңғыртады, жаңартады. Қазақ театр, кино, сурет, сәулет саласындағы ұлттық идеяның жалғастық табуы Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақина», Темірбек Жүргеновтің қазақ театрын ұйымдастыруы, Жұмат Шаниннің шығармашылығы сияқты творчестволық еңбектерінен көрініс береді.

Жұмат Тұрғынбайұлы Шанин 1892 жылы Баянаулада Желтау маңында туған. Ол қоғам және театр қайраткері, режиссер, драматург, актер, ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың бірі. Қазақ КСР-інің халық әртісі Жұмат Шанин,

Қазақстанда тұңғыш ұлт театрының негізін салды, оны ұйымдастырып, кәсіби тұрғыда қалыптастырып, шығармашылық жағынан өсуіне зор еңбек сіңірді. Өзі алғашында ауыл молдасынан оқып, хат таныды. Жас кезінен Жұмат Шанин ұлттық ойын-сауықтар мен ән-күйлерге ынтық болып өскен. Қоянды жөрмеңкесіне барып, халық думанын тамашалау – оның ой-қиялын қозғап, өнерге деген ынта-ықыласын арттырды. Нағашысы Алтыбай ән салып, домбыра тартуды үйретті. 1913 жылы Омбыға келіп, зауытта жұмыс істеді. Мұнда Сәкен Сейфуллинмен, Нығмет Нұрмақовпен және Б. Серкебаевпен танысады, әрі өз бетінше оқып білімін жетілдіреді. 1915-1916 жылдары есепшілік курста оқып бітіргеннен кейін зауытта есепшінің көмекшісі болып қызмет етті. Осы жылдары алғаш рет қалалық театр спектакльдерін көрді. Бірақ көп ұзамай-ақ Ж. Шанин майдан жұмысына тартылып, одан туған ауылына 1917 жылы оралды. Сол жылдан бастап Қарқаралының уездік кооперативінде есепші қызметін атқарды. 1921-1922 жылдары Павлодар уезі комитетінің мүшесі, 1922 жылы Зайсан уездік атқару комитеті төрағасы, 1923 жылдан Семей губерниясы атқару комитетінің және Қазақ КСР ОАК мүшесі болып, тағы басқада жауапты орындарда қызметтер атқарды. қоғамдық саяси-әлеуметтік істерге белсене қатысуы Жұмат Шаниннің ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік, әрі жазушылық қызметіне игі ықпал жасады. 1920-жылдары Семейде «Ес-аймақ» труппасын басқарды. Ол халық жыры негізінде жазылған өзінің «Арқалық батыры» мен С. Сейфулиннің «Қызыл сұңқарларын» қойды. Өзі театр қойылымдарында Арқалық батырдың және Еркебұланның рөлін орындады. Бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы 1925 жылы Семейдің «Таң» журналында жарияланды. 1925 жылы ашылған Қазақ драма театрының директоры болып, көркемдік жағын басқарды. Алғашқы шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметінен бастап Жұмат Шанин актерлер мәдениетін көтеруге, театр жұмысын жоспар бойынша жүргізуге, репертуардан тәрбиелік, идеялық-көркемдік сапасы жоғары драмалық шығармалардың орын алуына көңіл бөлді. Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының әртістері» (1927), «Қазақстан мемлекеттік театры» (1928), «Театр тарихынан» (1931), «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» (1935) атты әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында жан-жақты қамтылды. 1926-1932 жылдары қазақ драма театрында ұлттық драматургиядан С. Аблановтың «Күндеспейтін қатындар» мен «1910 жылын», Жұмат Шаниннің «Болатын», І. Жансүгіровтің «Кегі» мен «Түрксібін», Б. Майлиннің «Майданын», М. Әуезовтің «Октябрь үшін» және классикалық туындылардан А. Пушкиннің «Тас мейманы» мен «Сараң серісін», У. Шекспирдің «Гамлетін», сонымен бірге өзі жазған «Торсықбай», «Арқалық батыр», «Айдарбек», «Баян батыр», «Өлімнен үмітке» («Шахта») тағы басқа шығармаларды қойған. Ұлттық төл туындыларды қоюда ән-күйлер мен этнографиялық тұрмыс-салттық бояуды мол қолданды. Драмалық шығар-

мадағы белгілі бір дәуір тынысы мен оқиға орнын, оған қатысатын кейіпкерлердің мінез табиғатын айқындап ашуда пайдаланатын әр түрлі сахналық зат-бұйымдар, декорация мен костюмге ден қойды. 1927 жылы бір топ өнер шеберлерін бастап, Мәскеуде өткен этнографиялық концертке қатысқан. 1932-1933 жылдары Қырғыз драма театрының бас режиссері болды. 1934 жылы ашылған музыкалық театрды ұйымдастыруға қатысты, Қ. Жандарбековпен бірге Е.Г. Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынын» қойды. Осы музыкалық спектакльдер Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде жоғары бағаланды. 1936 жылға дейін осы театрдың көркемдік жағын басқарған Жұмат Шанин, музыкалық театр өнерінің қалыптасып дамуына да мол үлес қосты. 1930-1937 жылдары Орал музыкалық драма театрын ұйымдастырумен бірге оған басшылық жасады. «Жанды сурет», «Қара құлын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Үш бажа» сияқты бірқатар пьесалар жазып, ұлттық драматургияны дамытуда жемісті еңбек етті. Ж.Шанин қаламынан туған күрделі «Арқалық батыр» мен «Шахта» пьесасы 1930 жылдары жаңа ұйымдаса бастаған көптеген қазақ театрларының Семейде, Қарағандыда, Шымкентте және Жамбыл драма театры репертуарынан орын алды. Жұмат Шанин халық би өнеріне де көңіл аударып, «Киіз басу», «Қоян-бүркіт», «Өрмек», «Шашу» тағы басқа секілді билерді музыкалық қойылымдарды пайдаланды. Өз тұсынан ән-күйлерді нотаға түсірді және А. Затаевич, Д. Ковалев пен Л. Хамиди, Ж. Шаниннің орындауында бірқатар халық әндерін жазып алды. Жұмат Шанин шығармашылығын М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов, т.б. жоғары бағалаған.

Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында туған. Ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі, қазақ халқының мәдениет, әдебиет пен өнер саласының ұйымдастырушыларының бірі. Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алған. 1917 жылы Уфада училищеге оқуға түседі. Қоғамдық өмірге белсене араласып, жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің редакция алқасына кірді, Торғайда кеңестер сиезін шақыру бюросы мүшесі болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеғара болысының ревкомы, 1920 жылы БК(б)П қатарына өтіп, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқып, 1923 жылы Ташкент Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетін бітірді. Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы өкілетті өкілі болып тағайындалған. Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитеттері мүшесі, өлкелік және республикалық партия ұйымдары конференция, пленумдарына қатысқан. 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Орта Азия аумағын ұлттық-тер-

риториялық межеленуіне ат салысып, «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттеріне мақалалары жарияланды. 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының ректоры болды. Институтқа академик В. Бартольд, профессор С. Маловтарды шақыртып, институт жұмысын жандандырды. Қазақ тіліне саяси экономия және құқықтану оқу құралдарын аударды. Қазақ термелері жинағын құрастыруға қатысты. 1929-1930 жылдары – Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары. 1930-1933 жылдары – Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары. 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарып, комиссариат жұмысына С. Аспандияров, Қ. Жұбанов, Ғ. Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Темірбек Жүргенов «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылдатып, қазақ орта мектептерінің саны артуына ықпал етті. Темірбек Жүргенов алғашқы музыка театрын ұйымдастыру ісіне үлкен үлес қосты.

Темірбек Жүргенов Халық ағарту комиссариатында ұлттық мәдениетті өркендетуге үлес қосқан 1934 жылы Алматыда өткен Бүкіл қазақстандық халық өнерпаздарының 1-слеті, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастырушысы болды. Ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. Мұқтар Әуезов, Жұмат Шанин, Әбілхан Қастеев, т.б. жазушы, өнер иелеріне шығармашылық жұмысына жағдай жасады. 1930-жылдардың басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б. Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуга» рецензиясын (Казахстанская правда, 1934, 21 маусым) жазды. Қазақ әндері туралы А.В. Затаевичке көптеген мәліметтер берді. Оның қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері маңызын жойған жоқ. Тіл қолдануда, әсіресе зиялы қауымды, қазақ әдеби тілінің бұзылып көпшілікке түсініксіз болуынан сақтандырды. «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» мақалаларында өрбіткен ол 1920-жылдары А. Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми ұстанымдарынан ауытқымау, яғни термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақта жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды.

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасы бастауын үш нәрседен алады: «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқы-

ның ақындары мен жыршылары», тағы басқа очерктер мен мақалалары. Темірбек Жүргеновтің ана тілге сүйіспеншілігі мен қамқор көзқарасы туралы композитор Е. Брусиловский өзінің кітабында төмендегідей еске алады: «Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам – қарағандылық Б.Н. Орлов және мен – орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсінетіндей болуы үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындап кетті... Жұрттың бәрі бүкшие түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!». Ашу найзағайы үрейлене бүгжиген қайраткерлердің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз!» деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! ...Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» – деп өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті». Өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, зор беделге ие болды. 1937 жылы 3 тамызда «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, ату жазасына кесілді. Қайраткердің зайыбы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Ленинмен кездескен тұңғыш қазақ Әлімхан Ермековтің қарындасы Дәмеш Ермекова Темірбек Қараұлы атылған күні абақтыға жабылған, 18 жыл ғұмырын АЛЖИР-де өткізген. 1957 жылы КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы Т. Жүргеновті толық ақтағасын, Дәмеш Ермекова жарының адал есімін халқына жаңғыртам деп көп шаруа тындырды.

Әміре Қашаубаев 1888 жылы Шығыс Қазақстан облысының Абыралы ауданына қарасты Дегелең тауының алабында туған. Ол қазақтың атақты әншісі, актер әрі музыканты. 12 жасқа толғанда әкесі Семей қаласына көшіп келген. Жас Әміре Исабек деген байдың ат айдаушысы болып еңбекке ерте араласады. Исабек жас әншіні жанына ертіп жүріп, той-жиындарда ән салғызады. Көп ұзамай Әміренің атақ-даңқы бүкіл Семей өңіріне жайылады. Атақты Қоянды жәрмеңкесіне барып, ел аралап ән салып, Сәтмағамбет, Ғазиз Айтбаев, Жаяу Мұса, Қали Байжанов, Мәди Бәпиұлы, Майра Уәлиқызы сияқты әншілермен танысып, өнерін шыңдай түседі. 1921-1924 жылдары Семейде құрылған қазақ жастарының «Ес-аймаққа» ағарту ұйымына мүше болған. 1924 жылы Семейде өнерпаздар байқауында Қали Байжановпен бірге бас жүлдеге ие болады. 1925 жылы Қызылордада өткен Қазақстан Кеңестерінің V сиезі мен 1927 жылы Мәскеуде болған Кеңестердің IV сиезіне делегат ретінде қатысып, концертте өнер көрсеткен. Бұл туралы 1925 жылдың 26 маусымында «Правда» газеті «Керемет концерт. Маусымның шыңы. Керек болса башқұрт қурайшысы Исенбаев, қазақ әншісі Әміре Қашаубаев, өз-

бек биші-әншісі Тамара Ханум... шын мәнісіндегі халық артистері» деп жазды. 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік сән өнері көрмесінде этнографиялық концертте «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қос балапан», тағы басқа әндерді орындап екінші орын алып, күміс медаль иемденеді. «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикль» журналы Ә. Қашаубаевтың сирек кездесетін талант екенін жазған, Сарбонна университеті профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алған. Ә.Қашаубаев шет елде өнер көрсетіп, қазақ елін танытқан тұңғыш әнші. 1927 жылы Мәскеу консерваториясында қазақ әндерін тамылжыта шырқаған. Германияның Майндағы Франкфурт қаласындағы концертке қатысып, қазақ халық әндерін әлемге паш етті. Ә.Қашаубаевтың әндері дүние жүзі мәдениетінің өкілдері Р. Роллан, А. Барбюс тағы басқалар тарапынан жоғары баға алды. А. Затаевич Әміренің әншілік өнеріне тәнті болып, «Балқадиша», «Дударай», «Бес қарагер», «Көк көбелек» әндерін жазып алған. Оның әншілік өнерін А.В.Луначарский, Г. Любимовтер және қазақ өнерінің көрнекті өкілдері М. Әуезов, С. Сейфуллин, И. Байзақов, Ә. Марғұлан, Ж. Елебеков, А. Жұбанов, Қ. Жандарбековтер жоғары бағалаған. 1925 жылы Әміренің орындауында фонографқа жазылып алынған «Жалғыз арша», «Үш дос», «Ағаш аяқ», «Смет», «Дударай», «Бес қарагер» әндерін 1974 жылы музыка зерттеушісі Ж. Шәкәрімов тауып, техникалық өңдеуден өткеннен кейін қайтадан күйтабаққа түсірілді. Әміре орындаған қазақтың дәстүрлі әндері ол айтқан үлгі өнегемен орнығып, кейінгі әншілердің репертуарларында жалғасын тапты. Ж. Елебеков, М. Ержанов, Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов сияқты жез таңдай әншілер Әміре өнерін жалғастырушы ізбасарлар. Әміре 1926 жылы Қызылордада ашылған жаңа театр труппасына қабылданды. М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясы алғаш қойылған кезде Жапал рөлін ойнады. Кейін М. Әуезовтің «Қаракөз», «Бәйбіше – тоқал», «Айман – Шолпан» спектакльдерінде Қоскелді, Қойшы, Жарас, Ақын образдарын сомдаған. Өмірінің соңына дейін театрда әнші-әртісі болған. 1934 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ опера және балет театрына ауысқан әнші, оқыс жағдайда қазаға ұшырады.

Шәкен Айманов. Шын аты – Шәкәрім Кенжетайұлы Айман тегі (1914-1970) – қазақ халқының өнер қайраткері, дарынды актер, кинорежиссер, Кеңес Одағы, Қазақстан Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Шәкен бала кезінен өнерге жақын болып, көркем-өнерпаздар үйірмесіне барады. 1928 жылы мектеп бітірген соң Семей қаласында педагогикалық техникумға оқуға түсіп, театр өнеріне әуестенеді. Шәкен кино және театр актері ретінде алдымен кейіпкерінің жан дүниесін ашуда өнер көрсетіп, көркемдік идея дамытуда, өнерде ұлттық бояу беруде, адам табиғаты мен қоғам туралы өнер арқылы ой қозғауда мағына бере білген суреткер болды.

Әбілхан Қастеев 1904 жылы Жаркентке жақын орналасқан елді мекенде туған. Ол Шоқаннан кейінгі қазақтан шыққан тұңғыш суретші. Сегіз жасынан суретке деген ма-

хаббаты дала табиғат бақылаудан басталған. Әкесінен ерте айырылған бала көп уақытын табиғат аясында өткізіп, әдемілік пен сан алан түстерге деген қызығушылығы оянады. Қолына түскен заттардан әшекейлер жасай бастайды. Әбілхан анасына сырмақ пен текеметке ою салуға көмектеседі екен. Біраз уақыттан кейін Әбілхан адамдардың мүсінін жасауға көшеді. Кейін Әбілханның отбасы Жаркентке көшіп келеді. Бірде оның жұмыстарын фотограф байқап қалып, өзіне айтпай суретке түсіріп, Қызылордаға жібереді. Ол жақтағылар Әбілханды оқуға жіберу керек деп шешеді. Әбілхан Мәскеуге оқуға кетеді. Қазақтың ескі дәстүрі бойынша ол әуелі өзінің өмірлік жары Сақыштың ата-анасымен танысып, үйдің тұрмысына үйрену үшін солармен бірге тұрады. Тек содан кейін суретшімен танысып, екеуі отау құрған. Әбілхан Қастеев жұбайымен алты ұл, үш қыз сүйген. Белгілі суретші Николай Хлудов Әбілханның таланты мен қызығушылығын байқап, оған сурет салу әдісін сатылап үйретуді бастайды. Ә. Қастеев өз естелігінде: «Мені көріп, мақсатымды білген Хлудов қатты таңғалды әрі қуанды. Айтуынша, мен ол көрген алғашқы қазақ суретші екенмін. Ол туғандарым жайлы, суретті қашан сала бастағаным жайлы көп сұрады, суреттерімді мақтады. Сосын суретті акварельмен салуға кеңес берді. Кетерімде маған акварель, қылқалам мен қағаз ұсынып, аптасына екі рет сабаққа қатысуымды сұрады» дейді. Әбілхан қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби суретші атанып, үлкен мектептің қалыптасуына жол ашты. Хлудовтың алдына келгенде 25 жастағы жігіт болатын. Ә. Қастеев досы Ә. Исмаиловпен бірге Мәскеуге сурет мектебіне оқуға түсуге аттанады. Алайда ол жақта мектеп басшылығы аттестаты жоқ баланы оқуға қабылдаудан бас тартады. Крупская атындағы сурет студиясының директоры Анна Фурмановадан Қастеевтің ең болмаса шығармашылық сабақтарға қатысуын өтінді. Рұқсат алып, Ә. Қастеев сурет өнер білімін арттыра бастайды. Сабақтан бос уақытында музейлер мен галереяларды аралап, суретшілердің көрмелерін тамашалаумен өткізді. Сондай-ақ ол Мәскеуде салған бірнеше туындыларын Шығыс Музейіне ұсынады. Ондағылар картиналардың бағасын сұрағанда, Әбілхан өз жұмыстарын аз сомаға бағалаған екен. Алайда музей басшылығы туындыларды екі есе қымбат бағаға сатып алып, сол күні қазақ суретшісі барлық қарызын қайтарған көрінеді. 1916 жылғы халық көтерілісінің 20 жылдығына орай көрме өтетін болып, Қастеев бірнеше картиналар жазады. Бірақ өзінің ең танымал туындыларының бірі – Амангелді Иманұлы портретін салу үшін суретші ұзақ дайындалады. Бірде-бір суреті сақталмаған батырдың бейнесін барынша ұқсатуда суретші Торғай облысына барып, Амангелдінің туыстарымен сұқбат құрған. Иманұлын жақсы білген Ә. Жангелдинмен әңгімелескен. Амангелдіні көрген-білген жандардың суреттеуімен бірнеше нобайлар жасайды. Көлемді портретті 1950 жылы салды. Амангелдіні танитындар картинаны көргенде ұқсастықты байқап, таң қалған. Осыдан кейін Ә. Қастеевке Халық суретшісі атағы берілді. 1970 жылы 1916 жылғы көтеріліс тақырыбына оралып, «Амангелді сарбаздары» картинасын жазады.

Әдебиеттер:

Алаш ақиықтары: мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Алматы, 2006. – 288-б.

Қаныш аға. Естеліктер) Құраст. Ш.Қ. Сәтбаева және т.б. – Алматы, 1989.

Кыдыралина Ж. Алимхан Ермеков: служение Отчизне // Мысль. — 2013. – №5. – С.72-75

Кыдыралина Ж. Алимхан Ермеков и Каныш Сатпаев: линии судеб // Мысль. – 2014. – №8. – С. 87-91.

Сәрсеке М. Қазақтың Қанышы. – Алматы, 1999.

Сарсекеев М. Сәтбаев. – Алматы, 1988.

Өскембаев Қ. Ә.Ә. Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі. – Қарағанды, 2003. – 278 б.

Сұрақтар:

1. Сталиндік, голощекиндік құғын-сүргін зұлматынан аман қалған Алаш қайраткерлерін білесіз бе? Есімдерін атап, олардың өмір тарихы. айта ласыз ба?

2. Кеңес Одағы құрамында болған Қазақстанда қоғамдық құрылысында, халықтың ой-санасында, ұлттық арман-мұратында Алаш идеясы жалғасын тапты ма, жалғасын тапқан болса қандай үлгі-кесінде деп ойлайсыз ?

3. Алаш қайраткерлері – Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ш. Айманов, Ә. Ермеков және т.б. Кеңес Одағында ұлт үшін атқарған еңбектерін айта аласыз ба?

Тапсырмалар:

1. Кеңес Одағы құрамында тұрған Қазақстанда қызмет еткен алаштық қайраткерлердің өмірбаянымен танысып, олардың ұлттық идеяға берік болуы туралы мысалдар келтіріп эссе жазыңыз.

2. Алаш қайраткерлері – Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ш. Айманов, Ә. Ермеков және т.б. туралы Алаш идеясына қызметі туралы реферат даярлаңыз.

3. You-Tube арналарынан Алаш қайраткерлері туралы арнайы деректік фильмдер тауып көріңіз, ол туралы өзіңіздің жеке пікіріңізді хаттаңыз.

ЕКІНШІ ТАРАУ
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» МҰРАТЫНЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

§1 Жүйелі көзқарас және оның мәндік астары

«Мәңгілік Ел» идеясына байланысты соңғы кездері әртүрлі ұстаным тұрғысынан жазылған ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектер жарияланды. Кейбір зерттеушілер «Мәңгілік ел» идеясын қолдап жазса, кейбір авторлар «Мәңгілік ел» идеясы утопиялық ұғым, мәңгілік елдің болуы мүмкін емес деген де көзқарастарды алға тартады. «Мәңгілік ел» идеясы жасанды, қолдан ойлап тапқан, қазақстандықтардың патриоттық сезімін қозғамайтын, үлкен істерге ынталандырмайтын абстрактылы ой, идея екен деген түсінік пен сенім қалыптасып отырғанын айтуға тура келеді.

Бұл ұлттық идеяның табиғаты мен болмысын түсінуден гөрі бұл мәселе туралы шолақ ойлау нәтижесі ғана. Шындап келгенде, мұндай көзқарастар мен ұстанымдардың, қоғам өмірінің белгілі бір даму кезеңінде ұлтты жұмылдыруға, елдің тыныштығы мен бірлігін сақтауға, ұлтаралық, азаматтық татулықты қамтамасыз етуге өзінің оң септігін тигізгенін жоққа шығара алмаймыз. Заман алға жылжыған сайын түсініктер мен құндылықтарда, көзқарастар мен ұстанымдар да өзгеретіні белгілі. Кешегі санада қалыптасқан таптаурын түсініктерден арылып қана өткен мәселелерге басқа қырынан қарауға болады. Сондықтан, біз «Мәңгілік ел» идеясын тарихи сабақтастық тұрғысынан тануға ұмтылуымыз қажет.

«Мәңгілік ел» идеясының мағыналық, аксиологиялық құндылықты астарын саралау, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының ішкі болмысына терең үңілу қажет, сонда ғана бұл тақырыпқа деген қызығушылық арта түсері сөзсіз. Ұлттық идея мәселесі бұрыннан да айтылып та, талқыланып жүрген мәселелердің бірі. «Мәңгілік Ел» идеясын «Алаш» идесыямен қатар ұлттық идея деңгейіне дейін көтеру үшін, оның болмысын философиялық деңгейде талдау қажет. Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі

талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы», – деген еді.

Шындығында да, ұлттық идеяға қойылар талаптар өте көп. Себебі ол бүкіл халыққа ортақ идея. Сондықтан да «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына қойылатын талап пен міндет те өзгеше. Олардың қатарына біздіңше мыналарды жатқызуға болады:

– ұлттық идея Қазақстан жағдайында этникалық, әлеуметтік, саяси және діни топтардың басын қосатын, біріктіруші әлеуеті күшті идея болуы керек және алауыздық пен әлеуметтік жіктелулерге жол бермеуі тиіс, сондықтан «Мәңгілік Ел» бұл мақсатқа қызмет жасайды;

– ұлттық идея ұлттың өзіндік ішкі даму тенденциясынан туындайды, құндылықтарды сұрыптай отырып, оларды басты онтологиялық негізге айналдырады және оның шеңбері мен аумағы өркениетті болуы тиіс;

– ұлттық идеяның ішкі және сыртқы өлшемдері болуы керек, яғни ішкі – елдің даму бағыты, деңгейі, әлеуметтік ахуалы, құндылықтар жүйесін құраса, ал сыртқы – оның басқа елдермен ынтымақтастық негізде қарым-қатынас орната алу мүмкіндіктерін көрсетуге бағытталады;

– ұлттық идеяның жүзеге асуы немесе аспауы көп жағдайда сыртқы факторларға тікелей байланысты, оның әсерімен жүзеге асуына кедергі тигізуі де мүмкін, бірақ ұлттық идеяны ешқашан да сырттан әкеліп, зорлап енгізуге болмайды және бір топтың ғана мүддесінен туындамауы керек, сондықтан «Мәңгілік Ел» идеясы ізгі құндылыққа негізделген әмбебап идея болып келеді;

– ұлттық идея жүзеге асу үшін қоғам мүшелеріне, билік жүйесіне түсінікті және жалпыламалық қолдауға ие болуы керек және ұлттық идеяның болашаққа бағытталуы қашан да өзекті болуы тиіс, ол ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы өмір сүруге өміршең болуы керек;

– ұлттық идеяда жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделері бір арнаға тоғысып, ұзақ мерізімді позитивтік сипатқа ие ұлттық жобаға айналуы тиіс, сол үшін ұлттық идея тілдік, этникалық діни, мәдени, әлеуметтік, саяси, білімдік ерекшеліктеріне қарамастан, барлығына да түсінікті және ортақ құндылықтар негізінде дамуы керек;

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты ұстанымы – өркениеттік ұстаным. Оның болашағы мен бүгінгі ерекшелігі де осы өркениеттік ұстанымдарға байланысты болмақшы. Өркениеттік құндылықтар – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге ел дамуының жаңа белестері. Міне, көріп отырғанымыздай, «Мәңгілік Ел» идеясы жоғарыда аталған талаптарға сай келген кезде ғана ұлттық идеяға айналады. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ойдан шығарылған, қияли ғана сипаттағы идея емес, керісінше, халықтың сан ғасырлар бойы арманынан шыққан, ғасырлар бойы

қазақ халқының ішкі қозғаушы күшіне айналып, бүгінде қазақстан халқына ортақ қозғаушы күш болып отырған идея екенінде айта кеткен жөн.. Оның қайнар бұлақтары өте тереңде жатыр.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы елді біріктіруші, ынтымақтастырушы, ізгі амал идеясы болып табылады. Бірлік – қазақ халқы үшін тіршіліктің көзі ғана емес, сонымен бірге ол ұлттың ментальдық тұтастығын қамтамасыз етер рухани күш. «Бірлік – береке көзі» дегенде, дана халқымыз рухани мұраларымыздың тұтастығын да айтса керек. Өйткені тұтастық бар жерде ғана береке, төзімділік бар. Білім мен адамгершіліктің, ақыл мен парасаттың, ғылым мен діннің өзара байланысы мен жарасымдылығы ғана толеранттылықты тудырады. Мәселен, Абай өзінің 28-ші қара сөзінде «Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек» десе, 38-ші сөзінде «...білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» деп ой түйеді.

Басқаша айтқанда, Абай дүниетанымы білім мен адамгершілікті, ақыл мен парасатты, сезім мен түйсікті, ғылым мен дінді өзара байланыста деп қарастыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге, толеранттылықты қазақ менталитетінің онтологиялық сипаты деп ой түюге меңзейді. Өйткені қазақ дүниетанымындағы ақыл мен сана, білім мен имандылық, дін мен ғылым толеранттылық тұрғысында өзара қарым-қатынасқа түседі, олардың ішкі бірлігі мен тұтастығы адамдар іс-әрекетінің өлшемі мен бағытын, өмірмәнді құндылықтарды қалауын құрайды. Олардың бірлігінсіз адам сыртқы болмыспен, бір-бірімен шынайы қатынас орната алмайды. Өз кезегінде, бұл дегеніңіз қоғамды рухани жағынан жаңғыртудың, рухани мешеулік пен азғындаудан тазартудың жолы десе де болады. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың сара жолы.

«Мәңгілік Ел» идеясы тәуелсіздігін нығайтып жатқан Қазақстан үшін өте маңызды және оның ең биік саяси көрінісі ретінде Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясындағы «Мәңгілік Ел» патриоттық Актісін қабылдауы, оның бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы Ұлт жоспарына енуі, «Қазақстан–2050» стратегиясының өзегі ретінде жариялануы «Мәңгілік Ел» идеясының қазіргі геосаясат және ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан өте маңызды екенін көрсетеді. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру міндеті бүгінгі билікті де, халықты да толғандырып отыр, сондықтан «Мәңгілік Ел» идеясын жариялау ғана емес, оны іс жүзінд жүзеге асыру мәселесі де бар.

Алдымен «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудағы кедергілер жүйелі түрде талдауға алынуы қажет. Кеткен кемшіліктер сараланып, қоғамның даму деңгейіне сай оған шынайы баға берілуі тиіс. Біз үшін ең басты мақсат – «не істеу керек?», «әрі қарай Қазақстанды қалай дамытамыз?», «оның жарқын болашағын өркениеттілік тұрғысынан

қалай қамтамасыз етеміз?» деген сұрақтарға жауап іздеу. Осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде жатқан құндылықтарды саралаудың да маңызы зор. Өз кезегінде бұл сұрақтарға жауап іздеу мына іргелі мәселеге тиесілі: «Қазақстан қазіргі жаһандану заманында өз бетінше тәуелсіз ел, мемлекет және адамдар қауымдастығы ретінде өмір сүре ала ма?» деген сұраққа жауап іздеуге итермелейді. Ол үшін билік және қоғам не істеу керек, қандай құндылықтарды қоғам дамуының негізі ретінде қарастыру ыңғайлы деген ойлар да туындайды.

Қазір патриотизм құндылығы, оның мазмұны, мақсаты, міндеттері туралы көп айтылуда. Сондықтан да патриотизм, оның ішінде қазақстандық отаншылдық, «Мәңгілік Ел» идеясы талаптары тұрғысынан қарастырылуы қажет. Патриотизм – туған атамекенді, кіндік қаның тамған жерді сүю, сол елге, жерге, оның тілі, дініне, салты мен дәстүріне, өнері мен мәдениетіне, тарихына деген сый-құрмет ұстанымды білдіреді. Адам дүниетанымының маңызды бөлшегіне айналып, күнделікті өмірдегі қарым-қатынаста көрінісін тауып жатады. Патриоттық сезім тарихи жағдайларға орай өзгеріске ұшырап отыруы табансыздықты блдіреді. Кеңестік дәурде патриотизмді күшпен қалыптастыру коммунистік идеологияның қорқытып-үркітуімен болғаны рас.

Коммунистік идеология таптық көзқарасты негізге алып, бір партиялық саяси жүйегні құрды, адамдардың жеке дүниетанымын саясаттандыруға бар күшін салды. Қазақстандық отаншылдық қалыптастыру мүлдем басқа, жаңа тарихи кезеңде өтіп жатыр. Оның негізінде тәуелсіздік тудырған құндылықтар, ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған моральдық, этикалық және рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қағидалар жатыр. Тәуелсіздікпен бірге ұлтаралық және дінаралық татулық, өзара сыйластық пен түсіністік, барлық азаматтардың тең құқықтығы мен жалпы жауапкершілігі орнығып, бүгінгі қазақстандық патриотизмнің негізіне айналады. Қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін қоғамның бірден бір қозғаушы күші болып табылатын отаншылдық – жасампаздықтың көзі.

Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген ұрпақтың санасында қазақстандық патриотизм қалыптастыру, тәрбиелеу мемлекеттік маңызды ісі болып отыр. Оларды қандай құндылықтар негізінде тәрбиелейміз, олардың дүниетанымы мен рухани ұстанымдарын қандай құндылықтар негізінде қалыптастырамыз деген сұрақ саяси мәнге ие болуы тиіс деген маңызды сұрақ тұрады.

«Мәңгілік Ел» идеясы аясында жастар санасында отаншылдық қалыптастыру олардан зияткерлік ұмтылысты, білім, ғылымға инновациялық көзқарасты дамытуды, жаңаша ойлау жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Қазақстандық патриотизм жасампаз көзқарасы бар азаматтарды тәрбиелеуді, олардың саяси мәдениеті мен сауаттылығын үнемі жетілдіріп, шыңдап отыруды талап етеді. Күнделікті өмірде отаншыл-

дық көріністері орын алып жататыны сөзсіз. Мемлекеттік қызметте, ғылым мен өнерде, медицинада, спорт пен мәдениетте, отан қорғау, экономика, кәсіпкерлік салаларында жиі кездеседі. Мәселен, жаңа білімді қалыптастыруда креативтік тұрғыдан шешу, өндірісте жаңа технологияларды енгізу, олардың табандылығы мен ұстанымдары жаңа заманға сай қалыптасып отырған патриотизм көрінісі болып табылады. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдау, ұлттың жеңіс рухын үнемі шыңдау да жаһандану дәуіріндегі отаншылдық дамытудың басты бағыттарының бірі болып саналады.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру аясында шынайы елшілдік мінез өнер, білім, ғылымды, татулықты, әлеуметтік бірлікті дамыту бағытындағы міндеттерді қамтамасыз етеді. Отаншылдық «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтарының бірі ретінде дамыту ұлттың жаңаша ойлау жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан да патриотизмнің өзегі болып табылатын ұлттық жаңаша ойлау жүйесі туралы айта кеткейік.

Тәуелсіздік идеясы ұлттық ойлаудың басты бағыты деп қарастырар болсақ, онда оны қорғау, сол үшін күресу, сол үшін жан аямай еңбек ету әрбір ұлт өкілінің басты парызы болуы керек. Бұл үрдісте «намыс» ұғымының алатын орны ерекше. Намыс пен жігер тек әрі тәрбие арқылы келетіні белгілі. Отбасылық тәрбиеден мемлекеттік тәрбиеге дейін ұлттық намысты қалыптастыруға ерекше назар аударатын уақыт жеткен тәрізді. Намысты ұл мен қызды отаншылдық өзегі ретінде қарастыру арқылы «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыра аламыз.

Заман өзгеріп, қоғамдық қатынастар өзгерген сайын ойлау жүйесі де өзгеретіні белгілі. Ғылым мен ақпараттық ағым, жаңа технологиялық қатынастардың пайда болуы ұлттық ойлауға жаңаша бағыт пен сипат беріп, оның қолданбалы, коммуникативтік жақтарын күшейтеді. Ғылыми-техникалық прогресс, жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық қатынастар ұлттық ойлауға жаңаша ұғымдар мен түсініктер әкеліп, оған деген сұранысты күшейтеді. Олай болса, «Мәңгілік Ел» идеясының рухани темір қазығы болып табылатын мемлекеттік тілді жаңа заман талаптарына сай дамыту әрбір қазақстандық азаматтың патриоттық борышы болмақ.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа отаншылдық осы бағытта қалыптастыру «Мәңгілік Ел» идеясының талаптарының бірі болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясынының альфа және омегасы – «Кемел адам идеясы». Адам болу қағидасы басқа ойларға қарағанда әмбебап сипатта. Оның ар-ұжданын, еркіндігін, намысын, адамгершілігін, әділеттілік пен шыншылдыққа деген сұранысын қалыптастыру – ұлттық ойлаудың негізгі бағыттары.

«Мәңгілік Ел» идеясының ішкі мәні, философиясы – үнемі даму, өзгеру, жаңғыру. Бұларсыз жоғарда аталған үш фундаменталдық (ел, мемлекет, қоғам) негіз дамуы мүмкін емес. Үнемі даму, өзгеру, жаңғыру олардың иманенттік қасиеті, өміршеңдік пен жа-

сампаздықтың қайнар көзі. Өткен тарих пен бүгінгі даму сабақтастығының тоғысар сәті де осында. Бұл сәт ұрпақ сабақтастығының ментальдық негізі. Бұл жолдағы ұлттың ізденістері мен әлеуметтік жасампаздығы, рухани серпілістері мен даналығы, мәдениеті, тілі, діні, ділі, білімі, саясаты мен экономикасы, рухани және материалдық байлықтары, т.б. ресурстары «Мәңгілік Ел» идеясының өміршеңдігін паш етеді. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру еліміздің өміршеңдік қабілетіне тікелей байланысты. Бұл ұғымның шынайы күш ретінде жүзеге асуы территориялық тұтастық, демографиялық ахуал, мемлекеттік басқару сапасы тәрізді жүйелер мен қатынастарға тікелей байланысты.

Көп жағдайда, біз бәсекеге қабілеттілік туралы көп айтамыз. Әрине елдің, саяси-экономикалық, әлеуметтік салаларының бәсекеге қабілеттілігі өте маңызды. Елдің бәсекеге қабілеттілігі жаһандық дәуірде оның имиджін анықтайтын бірден бір құрал. Дегенмен, бәсекеге қабілеттіліктен бұрын қандай да болмасын саяси-экономикалық, рухани жүйенің өміршеңдікке қабілеттілігі туралы айтқанымыз дұрыс. Өйткені, міршеңдікке қабілетті жүйе ғана бәсекеге қабілетті. Қандай да болмасын жүйенің бәсекеге қабілеттілік өлшемі оның өміршеңдікке қабілеттілігі мен тиімділігі арқылы өлшенуі тиіс. Өміршеңдікке қабілетті жүйе ғана бәсекеге қабілетті. Осы тұрғыдан келгенде «Мәңгілік Ел» идеясын алдағы жылдарда жүзеге асырудың бірнеше жолдары бар деп есептейміз және ол жолдар бір-бірімен тығыз байланысты.

Бірінші жол – ол Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынып отырған бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары. Олар мыналар: кәсіби және автономиялық мемлекет аппаратын қалыптастыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, индустриаландыру және экономикалық өсім, транспарентті және есеп берушілік мемлекет, болашағы бір ұлт.

Жоғарыда аталған ұлт жоспарында «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын тетіктер мына қадамдарда нақты өз көріністерін тапқан. Мәселен, мемлекеттік қызметте меритократия қағидасын нығайту (10-қадам), мемлекеттік қызметте жаңа этикалық кодексті дайындау (12-қадам), сыбайлас жемқорлықты жою (13-қадам), т.б. Аталған қадамдар түптеп келгенде «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы мемлекетті басқару сапасына ерекше назар аударылып отырғанын байқатады.

Мемлекеттік басқару тиімділігі, оның қоғамның әр саласында жүргізіп отырған саясатының ұлт мүддесінен шығып отырғаны арқылы өлшенетіні белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, аталған қадамдар заман талабына сай мемлекет басқарудың жаңа үлгісіне жол ашып, басқару тетіктерін демократиялық сипатта дамытып, жүргізіліп отырған саясаттың басыңқы бағыттарын заман талабына сай айқындауға көмектеседі. Кез келген реформаның мақсаты оң өзгеріс пен жаңғырту екенін ескерсек, мемлекет басқарудағы құрлымдық өзгерістер, тиімсіз, қажет емес құрлымдардан бас тартудан басталары сөзсіз. Тарихи тұрғыдан – мемлекеттік басқару жүйесінде билік Конституциялық тұрғы-

дан өкілдікті, сот және атқарушы билік болып үш тармаққа бөлінетіні белгілі. Бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту да осы негізден туындайтыны сөзсіз.

Ұлттық идея мемлекеттік басқарудың басты санатының бірі. Ұлттық идея негізінде мемлекеттік басқару үлгісі де қалыптасады. Осындай ұлттық идеяның бір көрінісі «Үлкен ел – үлкен отбасы» (87-қадам), «Менің елім» (88-қадам), «Нұрлы жол» (88-қадам), «Нұрлы болашақ», «Мәңгілік Ел» (89-қадам) құндылықтарын енгізу болып табылады. Аталған қадамдар «Мәңгілік Ел» идеясының рухани, моральдық-этикалық сипатын арттыра түсері сөзсіз. Сонда ғана аталған қадамдар мемлекет, ел, халық, жекелеген адамдар тағдырымен тығыз байланыста болады, әрқайсының субъективтік мәнін арттырып, олардың өзара жауапкершілігін еселей түседі.

Отаншылдық қалыптастыру отбасынан басталатыны белгілі. Өйткені, отбасылық тәрбие дұрыс болған жағдайда, ұлттың асыл құндылықтары отбасылық қарым-қатынастың шынайы көзіне айналады. Отаншыл жастар санасының өзегі ретінде қалыптастыруға кең жол ашылады, оның мазмұны тереңдей түседі, рухани, этикалық және эстетикалық сипаттары артады. Бұл жолда жас ұрпақты өзін елінің азаматы, қазақ ұлтының өкілі, Отанының тірегі ретінде тәрбиелеу маңызды. Отбасында отаншылдық сезім мен мінезді қалыптастыру үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден, ата-анаңды, ағайын туғандарыңды, көршілеріңді құрметтеуден бастау алады. Оның рухани негіздеріне ерекше мән беру бүгінгі жаһандану заманында ерекше мәнге ие болып отыр.

Отаншылдық «Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құндылығы ретінде қарау еліне, туған жеріне, халқына қызмет істеуден басталары сөзсіз. Мемлекеттік тілді меңгеру, мемлекеттің символдары – елтаңба мен туын құрметтеу, конституциясын, елі мен жерінің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау қазақстандық азаматтың отаншылдықтың маңызды қасиеті. Отаншылды құндылықтың бірі – адал еңбек. Адал еңбек елдің іргетасын нығайтып, мемлекеттілікті күшейтеді, ел болашағын қамтамасыз етеді. Ел экономикасының қуатын арттырып, бәсекеге қабілетті 30 дамыған елдердің қатарына қосуға мүмкіндік береді. Жастарды адал еңбекке тәрбиелеу отаншылдық дамытудың алғышарттарының бірі болып табылады. Өз кезегінде, мұндай дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру тұтынушылық психологиядан жасампаздық психология мен іс-әрекеттерге жол ашып, қазақстандық өнімдер сапасын арттырып, әлемдік нарықта олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болады.

Отаншылдық қалыптастыру халық алдындағы белгілі бір міндеттерді, болашақ асуларды игеруде қажырлылық пен азаматтық ұстанымды дамытуды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде, «Қазақстан-2050» стратегиясында біздің қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтауда қазақ халқына сенім арта отырып, онда: Қазақстан – туған жер, қасиетті мекеніміз. Қазақ жеріне тағдыр жазуымен алуан түрлі этностық топ өкілдері қоныс аударғанда, оларға құшағымызды ашып, қазақи қонақжайлылықпен қар-

сы алдық. Олар біздің елімізде өсіп-өніп, бауырларымызға айналды. Қазір біз біртұтас елміз. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт екені аталып өтілді.

Өз халқына жақсылық тілеп, сүйетін адам, өзге халықты сыйлай білуі тиіс. Ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты факторға айналатын болады, және сол үшін мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шаралар табандылықпен жүзеге асыуы тиіс. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде өсіп, өркен жаяды. Заманауи ғылыми терминология негізін латын сөздері құраса, ақпараттық технология дамыған дәуірде күн сайын ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң, оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізу керек.

Егер де адамдар бойында моральдық-рухани құлдырау, ыдырау орын алса, елдің өміршеңдік қабілеті әлсірейді, елдің бәсекелестікке деген қабілеті төмендеп, басқа, бөтен рухани құндылықтарды талдаусыз, талғамсыз қабылдауға мәжбүр болады. Ұлтқа жат, бөгде құндылықтар болашақта орын алатын әлеуметтік қайшылықтар мен кикілжіңдердің көзі болады. Мемлекеттік басқару жүйесі мен билік арасындағы өзарабайланыс механизмдері бұзылып, олардың қоғам мәселесін шешуге келгенде тиімділігі әлсірейді. Нәтижесінде халық пен билік арасында түсініспеушілік орнап, бір-біріне деген сенім азаяды. Сондықтан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын бүгінгі қоғам дамуының жаңа бағыттарының негізі ретінде қабылдаудың саяси маңызы өте зор. Сондықтан мынандай қорытынды жасауға болады:

– біріншіден, «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтар астарын терең тарихи және философиялық тұрғыдан талдау;

– екіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея деңгейіне дейін көтерудегі әлеуметтік, экономикалық басты кедергілерді саралау;

– үшіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын философиялық, гуманитарлық тұрғыдан талдауды тереңдету. Аталған ұсыныстар «Мәңгілік Ел» идеясының ішкі болмысын тереңірек түсінуге жол ашады деп сенеміз.

§2 «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтары

«Мәңгілік Ел» идеясының мәнді және онтологиялық сипатқа ие үш құндылығы бар, олар – ел, халық және мемлекет. Бұлар іргелі құндылықтар, және ұлттық идея сол тұрғыдан ғана «Мәңгілік Ел» әмбебап дүниетанымдық қағидалар ретінде айтуға жол

ашады. Бұлар өзара байланысты, өйткені, мәселен, территориясы болмаса, ел туралы айтуға болмайды, себебі тұрақтайтын «атамекені» жоқ, тоз-тоз болып жүрген этностар ел бола алмайды. Осыдан «ел» ұғымы тұтастық пен тұрақтылықты білдіреді. Елдің аумағы халықаралық деңгейде заңдастырылған шекарасы, ұлт ретінде танылған, және оның дербес мемлекеттік органдары мен басқару жүйесі, саясаты мен экономикасы, құндылықтары, тілі, менталитеті болады.

«Мәңгілік Ел» туралы айтуға негіз болатын тағы бір онтологиялық маңызды санатта – халық. Аталған территорияда халық болмаса, ел туралы айтуға келмейді, себебі халық та тұтастықты білдіреді, ол экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани, мәдени қауымдастықты білдіреді. Оған бәрі бірдей қабылдайтын, мойындайтын, күнделікті тіршілікте көрініс тауып жататын ортақ құндылықтар жүйесі тән. Ал үшінші онтологиялық маңызды санатта – мемлекеттік басқару, мемлекет жүйесі. Осы аталған үш ұлы құндылықтар «Мәңгілік Ел» идеясының онтологиялық негіздері болып табылады. Мәңгілік Ел идеясының басты құндылығы тәуелсіздік екені сөзсіз. Тәуелсіздік ұғымы халық үшін қашан да киелі, ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалғаны. Ол – ғасырлар бойы тынымсыз жүрген жанкештілік пен күрестің, жасампаз еңбектің жемісі.

«Мәңгілік Ел» идеясы ұлттың тәуелсіздік құндылығымен тікелей байланысты. Ұлттық тәуелсіздік жоқ жерде «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын қабылдау, саяси патриоттық акті ретінде идеологияға айналдыру мүмкін емес. Сондықтан да тәуелсіздік «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылығы және басты алғышарты болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында өз орнын тауып, қоғамдық ойдың басты қозғаушы күшіне айналды. Ортақ мақсатымыз – «Мәңгілік Ел» идеясын қоғамдық санада нығайту, оны тәуелсіздіктің манифестіне айналдыру. Сондықтан да тәуелсіздік құндылығына ерекше тоқталудың маңызы зор. Тәуелсіздік талабы үнемі даму, алға жылжу, биік белестер мен асуларды бағындыру, ұрпақтан-ұрпаққа оны көздің қарашығындай сақтай отырып, оның өмірін мәңгілік баянды ету. Демек, тәуелсіздік – мәңгілік күрес формуласы. Ұлттың үнемі алға жылжуын, дамуын, қабілеттілігі мен қарымдылығына негіз болып отыратын ұлттың өзіндік өмір сүру философиясы.

Тәуелсіздік – ұлттың рухани бірлігі мен тұтастығының қорғаны, ел тұтастығы мен кемел келешектің, білім мен ғылымның, дербес экономика мен саяси бастамалардың, халықаралық үйлесімдіктің, еліміздің демократиялық, құқықтық негізде дамуының басты кепілі. Бүгін тәуелсіздік құрдастары 28 жаста. Олар бүгінде ат жалын тартып мінген еліміздің айбынды, білімді, білікті жастары. Олардың бойында жастық жігер, асқақтаған арман бар. Олар санасы үрейден ада, еркін ойдың иелері, тәуелсіздік құрдастары, тәуелсіздік қырандары. 2020 жылы отызға толса, он жылдан соң қырық жаста

болады. Отызында орда бұзатын, қырқында қамал алатын жас ұрпақ дүниеге араласуда. Тәуелсіздіктің халқына берген сыйы осы еркін ойлы, елін сүйетін жас ұрпақ. Келешек жастардың қолында. Ел тағдырын да, тәуелсіздікті де баянды ететін солар. Жастардың бойында, олардың менталдық ұстанымында қандай құндылықтарды қалыптастырамыз, қандай рухани құндылықтар негізінде тәрбиелейміз – бұл «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудағы маңызды фактордың бірі болып қала бермекші.

Тәуелсіздікті нығайтуда жаңашылдық бастамасының айқын көрінісі, өмірлік философиясының қайнар бұлағы – елінің даналығында жатқан ұлы құндылықтары екені белгілі. Ынтымағы жарасқан ел болса, тәуелсіздікті баянды етеді. Әр ұлттың өзіндік болмысын, тілі мен дінін, салты мен дәстүрін сақтай отырып, тәуелсіздікті нығайту, әртектілік рухани бірлік пен татулық көзі ретінде қарап, полиэтностық пен поликонфессиялық қатынасты бейбіт дамытуды тәуелсіздікті нығайту фундаменті ретінде қабылдау қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы да сол полиэтностық пен поликонфессиялық қатынасты бейбіт дамытуды көздейді. Әртүрлі жаңа интеграциялық бастамалар да әртүрлі халықаралық ұйымдарға мүше болу арқылы, ел тәуелсіздігін нығайтуға бағытталуы қажет. Әртүрлі халықаралық деңгейдегі бас қосулар, мысалы, әлемдік және дәстүрлі діндер дінбасылары съездерінің, экономикалық форум, конференция отырыстары әлемдік саясатта ұлт мүддесін қорғауды көздеуі тиіс.

Тәуелсіздік өзінен-өзі келмейді. Тәуелсіз болу – еркін, азат болу, басқаға жалтақтамай, өз тағдырыңа өзің ие болу. Бұл мәселе ана тілі, ұлттық рух, өнер, қазақтық сана, ар-намыс және жасампаздық мәселесімен тікаейлей байланысты. Тәуелсіздік деген өз болмысыңды өзіңше жасау. Ол ішкі еркіндікті, ой мен сананың қашан да сындарлы болуын қажет етеді. Тәуелсіздік халықтың мінез-құлқында, рухында орнаған кезде баянды болады. Оның баянды болуы ой, ұлттық сана еркіндігіне тікелей байланысты. Рухтың тәуелсіздігі бір күнде қол жеткізетін мәселе емес. Рух тәуелсіздігі үнемі алға жылжуды, ескі мен күресуді талап етеді. Ескі түсініктерден, наным-сенім мен теріс білім мен қисық тәрбиеден, санадан өз болмысынды арылту үнемі күрес арқылы жүреді. Рухани жаңғырудың басты мақсаты да осында. Тәуелсіздік пен тоталитарлық жүйе қарама-қайшы ұғымдар. Кешегі әкімшіл-әміршіл жүйенің мызғымас қамалдай сана мен іс-әрекетте сақталуы – тәуелсіздікке салған қылбұрау. Ол кешегі күннің рудиментіне сүйене отырып, оқшау ой мен пікірлерге жатсына қарайды, өз қалпына салып, тон пішеді, шамасы келсе, еркін ой иесіне кедергі жасап бағады. Демек, құлдық санамен күресудің өзі тәуелсіздік үшін күрес болып табылады. Тәуелсіздік үшін күрестің ең қиыны мен маңыздысы да – осы.

Құлдық сана шеңберінде өмір сүру жеке тұлғадан жауапкершілікті, еркіндік пен жасампаздықты талап етпейді. Құлдық сана бәсекеге де қабілетсіз. Ондай сана негізінде

болашақты болжау да, қоғамның ертеңіне үміт арту да мүмкін емес. Құлдық санада еліне, жеріне, салт-дәстүріне, тілі мен дініне иегершілік сезімі болмайды. Құлдық сана елдің татулығы мен бірлігіне де қызмет етпейді. Татулық пен бірлік ол үшін ел мүддесінің биік талаптарынан туындаған түсінік емес, бағыну мен жағынудан шыққан іс-әрекет, дүниетаным мен ұстаным. Құлдық санамен жаңғыру, жаңа жағдайда жаңаша еңбек ету, өз тағдырына өзі жауап беру де мүмкін емес. Сондықтан да жаңа дүниетаным мен жаңаша өмір сүру философиясының стратегиялық бағытын қалыптастыру – тәуелсіздік талаптары екені сөзсіз.

Ақмола қаласы Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасына айналғалы бері қала аты Астана болып өзгерді. Жиырма жыл Астана атында болды. Астана – жүзеге асқан ұлттық идея, өйткені Астана – жаңаша ойлаудың, жаңаша өмір сүрудің белгісіне айналды. Ол антропоурбанистикалық жоба ғана емес, халықтың сан ғасырлық арманына қойылған мәңгілік ескерткіш, «Мәңгілік Ел» идеясының жасампаздық белгісі десе де болады. Астана Ел мен Ердің тағдырын тоғыстырған алтын көпір. Сонымен бірге, Астана төрінен әлемдік деңгейде жаңаша идеялар мен бастамалардың бас көтеруі де еркін ойлаудың нәтижесі, тәуелсіздіктің берген ұлы мүмкіндіктері ашылды. Қазақ халқы дербес, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде өмір сүре алатынын шынайы дәлелдеп берді. Алаш көсемдерінің ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясы жүзеге асты.

Астана – жастар қаласы. Астана жастарына тән қасиет – патриотизм. Оларға енжарлық жат, олар үнемі қозғалыс үстінде. Олар өздерінің күш жігеріне, ертеңге деген болашағына сенеді. Олардың тағдыры да Астана тағдырына ұқсас. Олар өз болашағын Астана болашағымен тығыз байланыстырған. Астана жастары – білімді, өз ана тілде сөйлейтін және басқа да әлем халықтары тілдерін еркін білетін, білімді, оқымысты, өркениеттік құндылықтарды күнделікті өмірде өз ұстанымдарына айналдырған жандар. Динамизм – олардың іс-әрекетінің өлшемі. Оларға тән қасиет – ашықтық, бөтенді жатсынбай, өз мүддесін тегін сатпай, төзімділік тұрғысынан рухани, мәдени құндылықтарды қабылдауға бейімділігі. Аталған қасиеттер Астана жастарының менталитетін көрсететіні сөзсіз. Олай болса, Астана – «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылығы, шамшырағы мен жұлдызы, жүзеге асқан арманы. Астана – жаңа ойлар мен бастамалардың орталығы ғана емес, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идеяға айналдырудағы қозғаушы күші.

Қазіргі тарихи кезеңде бүгінгі саяси өміріміздің негізін, іргетасын құрайтын «Тәуелсіздік» ұғымының қазақ тілінде бірнеше баламалары бар екені белгілі. Олар: дербестік, егемендік, еркіндік, бостандық, азаттық және т.б. Бұл тәуелсіздік феноменінің кең мағыналы екендігін, адамның жеке және әлеуметтік өмірінің әр алуан қырларын қамтитындығын айғақтайды. Қоғам үшін жалпы өте маңызды «Тәуелсіздік» термині адамның билікпен арақатынасына орай саяси мағынада ғана емес, адамның ішкі бол-

мысы мен экзистенциалдық сұраныстарына қарай философиялық мағынада, санадағы тыйымдар мен әр түрлі қорқыныштарға байланысты психологиялық мағынада, оның табиғи және азаматтық еркіндіктерімен байланысты құқықтық мағынада, меншік иеленуіне қарай экономикалық мағынада және отаршылдық езгіге байланысты ұлт-азаттық мағынада қолданыс табады. Бұл айтып отырған тәуелсіздік ұғымының иірімдерін Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен танысқанда аңғармау мүмкін емес. Демек, Алаш қайраткерлері үшін тәуелсіздік идеясы адам және ұлт болмысының тұтастығының көрінісі.

Рух адамды қашанда еркіндікке итермелейтіні белгілі. Рухы күшті адам қашанда тәуелсіз. Рухтан қуат алған жан ғана үнемі дамып, өзгеріп отырады. Олай болса, жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын, жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, тәуелсіздігін сақтай алады. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолда жатыр, әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар рухы биік халыққа айналамыз.

Рухани жаңғыру – ұлттық сана сілкінісін қажет етеді. Рухани жаңғырудың кепілі сананың өзгеруі. Сана өзгермей мемлекеттік тілге деген қатынас та өзгермейді. «Монтескьенің: «Бағынышты халық қашан өз тілін біржолата ұмытқанша ел болудан үмітін үзбейді», – дейтін әйгілі сөзінен шығарып, «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп күйзеле дабыл қағып өткен сабаздар, ең алдымен, төл тілімізде оқытуға, оны үздіксіз дамытуға баса назар аудартуға қажетті бар амалдардың бәрін де істеді.

Кешегі тоталитарлық жүйе қалыптастырған менталитет қазақ тілінде емес, бөтен тілде – орыс тілінде дамыды. Соның негізінде тілдік мінез-құлық, дүниетаным, қарым-қатынас, психология, әлеуметтік орта қалыптасты. Қалыптасқан тілдік ортаны өзгертіп, жылдам қалпына келтіру әзірге мүмкін болмай отыр. Сондықтан рухани жаңғыртудың басты мақсатының бірі де қоғамдағы тілдік ортаны өзгерту болмақшы. Ұлттық кодты сақтау мәселесі соған тікелей қатысты. Іс-қағаз айналымында, заң шығару барысында мемлекеттік тілге ден қою ғана емес, толыққанды мемлекеттік тілде жүретін мемлекеттік басқару жүйесін құру маңызды.

Тіл – патриоттық сана сезім қалыптастыру құралдарының бірі болып отыр. Тіл – халықтың ең басты құндылығы, халық болмысының басты көрсеткіші. Тіл – халықтың болмысын, дүниетанымы мен рухани жан-дүниесін бейнелейтін құрал. Тіл мен ойлау арасында тығыз байланыс бар. Тіл бұзылған жағдайда ұлттық ойлау жүйесі де бұзыладыз. Сондықтан ұлттық тілді дамытуда ғылым, философия, тарих, өнердің орны, маңызы зор. Ұлттық тіл ғылым тілінде сөйлесе ғана отаншылдық шынайы қоғамның қозғаушы күшіне айналдырады. Қазақстандық патриотизмнің этникалық астарымен қатар азаматтық, өркениеттік сипатына да ерекше назар аудару қажет.

Кеңестік кезеңде тіл мен әдебиетті оқулықтарын былай қойғанда, математика, физика, география, табиғаттану оқулықтары қазақша қалай-қалай сайраушы еді! Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, түбір, жалғау, жұрнақ, үстеу, зат есім, сан есім, сын есім, етістік, көсемше, есімше, шылау, одағай, нүкте, дәйекше, үтір, тырнақша, кеңістік, биіктік, жазықтық, көлбеу, тік бұрыш, сүйір бұрыш, доғал бұрыш, тежеліс, қозғалыс, үйкеліс, үдеу, оттегі, сутегі, көміртегі, қышқыл, сірке су, етқоректі, сүтқоректі, қосмекенді, тікенжапырақты, қылқанжапырақты, т.т. Жарықтықтардың сөз саптастары қандай еді! Санаңды кідіртер, тіліңді мүдіртер кедір-бұдырдан атымен ада еді ғой! Оқығаныңда, ойыңды елпілдетіп, ілгері жетелеп, қаралай қызықтырып, құнықтырып, тас бұлақтың суындай қайнап шығып, мөлдірей тұнып, өз-өзінен лақылдай төгіліп, асып-тасып жатушы еді-ау. Сөйтсек, енді түсініп отырмыз, оларды жазғандар мен қазақшалағандар, негізінен, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов, Халел Досмұхамедов, Құдайберген Жұбанов, Әлімхан Ермеков, Нәзір Төреқұлов, Жүсіпбек Аймауытов, Санжар Аспандияров, Жақып Ақбаев сынды ұлт көсемдерінің алдын көріп, дәрісін тыңдап өскен өнегелі ұрпақтың өкілдері екен ғой!» – деп жазады Ә.Кекілбаев.

Соңғы кездері мемлекеттік тіл туралы тағы айта бастадық. Бір кездері бұл тақырыпты қозғай беріп қайтеміз, мәселе бәрібір шешілмейтін түрі бар, жауыр болған әңгімені айтып, жүрек сыздатып, бас ауырта беру қаншалықты қажет деген ойдың да көпшілік санасында қылаң бере бастағанын жасыра алмаймыз. Бұл тақырыпты қозғандарға тіпті «ұлтшылдар» деп айдар тағылып, оларға тіпті өз қандастарымыз тарапынан «қоғамның мазасын алмаңдар», «ұлтаралық алауыздықты тудырмаңдар», деген ескерту де айтылмай қалмады. Бұл мәселені қозғағандарға сақтықпен, тіпті үреймен қарайтын топтар да пайда болды. Нәтижесінде, бұл тақырыпты кейбіреулер айналып өтуді машыққа айналдырып, «бәлесінен аулақ, жазықсыз істі болып кетерміз» деген ендігі үрей де санада қалыптасқандай. Мемлекеттік тіл туралы әңгіме – отбасы, ошақ қасы деңгейіне ауысты. Асқақ арман сүйріктене бастады. Қазақ тілі – Тәуелсіздік негізі! Қазақ тілі – қоғамды біріктіруші күш! Қазақстанның болашағы қазақ тілінде! – деген ұранды сөздерге жұрт ендігі сенімсіздікпен қарайтын болды. Сенім азайып, үміт үзіле бастады.

Мемлекеттік тілдің болашағы бұлыңғыр тартып, кейбір ата-аналар балаларын орыс мектептеріне қайта бере бастады. Ондағы басты себеп, қазақ тілінде білім беру сапасы төмен, мемлекеттік тілде алған білімге деген сұраныс жоқ, ол – бәсекеге қабілетсіз, қолдану аясы тар, сұраныс жоқ, мемлекеттік мекемелер орыс тіліне басымдық береуде деген сөздер мен ұстанымдар адамдардың мінез-құлқы мен ұстанымында орныға бастады.

Кейбір ағайындар балаларын ағылшын тілінде оқытамыз деп, шет ел аса бастады. «Үштілдік» саясатта қоғамда әртүрлі ой туғызып, түсініксіздік пен үрейді еселей түсті.

Кейбір ұлт зиялылары ұлтты мәңгүрттендірудің қысқа жолы деп айта бастады. Айналып келгенде осының бәріне кінәлі – «орысшыл билік», құлдық психология, ұлттың өз құндылықтарын қорғау мен сақтаудағы табансыздығы мен жігерсіздігі, мемлекеттік тілді қорғау мен дамытудағы заңның әлсіздігі, дұрыс ұлттық идеологияның жоқтығы, ұлттық ақпараттық кеңістіктің басқаның қолында болуы деген ой пікір қоғамда басымдыққа ие бола бастады.

Тіл мәселесін шешудегі кең тараған пікір бойынша, мемлекеттік тілдің мәселесін шешетін бір ғана тетік бар. Ол – Конституциядан орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастау! Онсыз 7-баптың 1 тармағы – «ҚР-да мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген бап еш уақытта орындалмайды. Мемлекттік тілдің жағдайы өте жақсы, ешқандай мәселе жоқ деп көзбояушылық жасауда ардың ісі болмас. Ең бастысы қоғамдық санада тәуелсіз мемлекеттің ән ұраны, елтаңбасы, туы, сонымен бірге тілі болуы керек деген ұстаным нық орнығуы керек. Қоғамда, мемлекет органдарында мемлекеттік тілге құрметпен қарау, мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілде сөйлеулері қажет.

Рухани жаңғыру қазақ қоғамының алдында тағы бір өзекті, тарихи мәселені алға тартып отыр. Ол – қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесі. Латын графикасына қазақ тілін көшіру қазақ қоғамы үшін тарихи және өркениеттік таңдау болып отыр. Десекте, қоғамда бұл мәселеге қатысты екі көзқарас қалыптасуда. Бірінші көзқарас бойынша латын графикасына көшудің негізінде саяси ұстанымдар жатыр. Ондағы басты мақсат «орыс әлемінен» кету деген ойды алға тартуда. Бұл көзқарасты негізінен сыртқы күш иелері нақты да анық білдіруде. Олардың ең басты кемшілігі тарихи, лингвистикалық, технологиялық, коммуникативтік, ғылыми, өркениеттік факторларды есепке алмай отырғандығын айта кеткен жөн. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалада да осы көрсетілген факторларға ерекше назар аударылған. Екінші ой – ол латын графикасына көшу ағылшын тілі мен орыс тіліне басымдық беруге әкеп соғады, қазақ тілі тағы да сол қорғансыздың күнін кешіп қалады деген ойларға келіп тіреледі. Кирилица негізінде жасалған және жарық көрген көпжылғы рухани еңбектер, әсіресе әдебиет, өнер, ғылыми еңбектер қайда қалады деген ойлар зиялы қауымды мазалайды. Негізінен, қазақ тілінің латын графикасына көшу XXI ғасырда болып жатқан күрделі экономикалық, технологиялық, ғылыми өзгерістерге байланысты. Латын графикасына көшу тілдің ішкі заңдылықтарын сақтауға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға өз септігін тигізеді. Ұлы жолдағы қазақ қоғамын жаңғырту керітартпалық пен науқаншылдық қасиеттерге де қарсы бағытталуы керек. Ол үшін үгіт насихат, түсіндіру мен ұғындыру, көзі мен көкірегін заманауй тұрғыдан ашу бүгіннің ісі болуы керек.

Бүгінгі ұлт менталитетінің басты ерекшелігі оның жалтақтығы, жігерсіз жасқаншақтығы табансыздығы. Жалтақ адамның өз еркі болмайтыны да белгілі. Солқылдақ

адам тілдерді үйренуге құлықсыз. Жалтақтық мінез тұрақсыздықты білдіреді. Тұрақсыздық еліктегіштікке итермелейді. Еліктегіштікте өзіндік ұстаным болмайды. Ол қашанда біреудің жетегінде жүруге дайын. Еліктегіштік рухты әлсіз етеді. Нәтижесінде ондай адам өзіндік еркін ойдан, іс-әрекеттен ада болады. Оның іс әрекеті мен дүниетанымы қашанда еліктеумен шектеліп отырады, көлеңкесіне айналады. Бұл психологиялық кедергілер нәтижесінде адамдар бойында күмән мен үрей туғызып, қазақ тілінің болашағына деген сенімді азайтады. Үрей адамдардың жауапкершілігі мен белсенділігін шектеп, тілдік қиындықтарды жеңуге тұсау салуда. Осындай ішкі кедергілерді жеңу ұлт менталитетін өзгертудің алғы себептері болуы тиіс. Бұл мәселе де рухани жаңғырудың стратегиялық бағыттарының бірі болмақшы.

Қазақ рухы экономика саласында да көрінуі тиіс. Қытай жаппай тұтынатын тауарлар шығарудан әзірге алдына жан салар емес. Қорғаныс қаруы, озық технология, жүйрік компьютер мен машина жасауда атқаруды қажет ететін көптеген мәселелер бар. Сондықтан шығармашылыққа, білімге, адамгершілікке негізделген қазақтың жаңа рухын қалыптастыру қажет. Нарықтық экономика ұлттық модел ретінде халық даналығына сүйенуі керек. Сонда ғана еңбекте береке болады. Бұл біздің басты ерекшелігіміз. Олай болса, білімділігіміз бен сауаттылығымызды қазақ менталитетіне негізгі рухани тірек бола алатын мынандай құндылықтарды қалыптастыру арқылы дамуымыз керек. Олар: қанағатшылдық, сабырлылық, үнемділік, қайрымдылық т.б. Тек осы құндылықтарды қалыптастыру арқылы еңбекті байлық көзіне айналдыра аламыз. Бұл жерде айта кететін мәселе, ол қанағат еңбекке емес, байлыққа болуы керек. Еңбекке қанағаттық жараспайды. Байлыққа қанағат ету – ұлт жолы. Сонда адамдар ақшаның құлы болмайды, адамдар қатынасын заттық қасиеттер емес, рухани, адами қасиеттер мен құндылықтар жалғап тұрады.

Ұлттық менталитет тұрғысынан еңбек мәселесіне қарайтын болсақ, қандай да болмасын ұлттың еңбекте өзіндік қолтаңбасын байқауға болады. Бұл жөнінде профессор Д. Кішібеков: «Мәселен, жапондардың менталитеті орыстардан басқа, орыстардың менталитеті немістерден басқа. Біз оны олардың өнерінен, шығарған затынан, рухани дүниесінен, өмірге көзқарасынан білеміз. Мәселен, жапондардың шығарған бұйымынан алдымен эстетикалық әдемілікті, үйлесімдікті, одан соң сапалығын, ал немістердің шығарған бұйымышан алдымен тиянақтылықты, ұқыптылықты, сапалықты, одан соң басқа қасиеттерін байқаймыз» дейді. Соныменен ұлттың психологиялық ерекшелігі, менталитеті, оның жасаған бұйымы мен еңбек нәтижесінде көрінеді екен. Бұл негізінен дұрыс. Бірақ, ұлт менталитетінің ерекшеліктері тек осы еңбек көрсеткіштермен шектеліп қалмаса керек. Мәселен, еңбекті ұйымдастыру, еңбек мәдениетінің деңгейі, еңбек уақытын пайдалану, еңбектің сандық және сапалық көрсеткіштеріне мән беру, еңбекте-

гі жалпы адамның ролі, пайда, табыс, белсенділік эгоизм, қазіргі кездегі жаңа прогрессивтік менеджменттің формасы мен әдісін енгізу т.б. мәселелерді талдау арқылы да, ұлт менталитетінің даму ерекшеліктерін байқауға болады.

Қазақтың басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда еңбектегі менталитет ерекшеліктері қандай бұйымдарда, қандай еңбек нәтижесінде және қалай көрінеді? Қазақ дүниетанымы мен менталитеті далалық өркениет аясында қалыптасып дамып отырды. Шаруашылық пен тұрмыс тәжірибесін жинау арқасында еңбек етудің рационалды әдіс-тәсілдерін меңгерді. Қазақ шаруашылығы кешенді сипатта блды. Жылқы шаруашылығы мен қатар егін шаруашылығымен де айналысып, сонымен бірге құсбегілік, аншылық өнері, басқа да кәсіп түрлерін дамытып, оны пайда көзіне айналдырды. Егін шаруашылығы өнімдерін басқа тұтынатын заттарға ауыстыра отырып, сауда жасауды да дамытты. Егіншілікті меңгеру қазақтан жаңа еңбекке деген қатынасты қалыптастыруды талап етті.

Жаңа еңбек түрін игеруде жайбасарлықты Абай қатты сынға алған. «Қара сөзде» халықты егіншілікке, кәсіпорындар мен сауданы дамытуға шақырды. Қазақты еңбектің жаңа түрлерін басқа халықтардан тез үйрену қажеттілігін өз шығармаларында сөз етті. Бүгінгі адамдардың еңбекке деген қатынасы негізінде өндірістік қатынастар жататыны белгілі. Осы тұрғыдан келетін болсақ, XIX ғасырдың алғашқы жартысына дейін қазақтардың еңбекке деген қатынасы қарапайым құқықтық жүйе – әдет бойынша реттеліп келді. Қарапайым құқықтық жүйе бойынша қазақ қоғамында өндіріс құралдарына деген бірнеше меншіктің түрлері өмір сүрді. Олар: малға және мал өнімдеріне деген жеке немесе жанұя түріндегі меншік; жерге немесе жайлымға деген қауымдық меншік; су көздеріне деген кеңейтілген қауымдық меншік.

Сонымен, қазақ қоғамында жерге деген қоғамдық меншіктің түрі сақталған. Д. Кішібеков бұл жөнінде орынды пікір айтады: «Саны көбейіп жатқан малды сақтап, өсіру үшін шөбі сирек, әрі жатаған шөл далалы өңірлерді қоныстанған елге ондай өңірлердің жер мөлшері де кең, аумағы үлкен болуы шарт. Олай болса, ондай көшпелі тұрмыс кезінде жерді бөлшектеп, жеке меншікке айналдыру мүмкін емес еді. Көшпелі тұрмысқа негізделген мал шаруашылығы кең даланы қажет етеді. Әрине, малға жеке меншік оларда өте ерте замандарда басталды. Ал жерге ондай меншік жасауға болмайтын. Сондықтан көшпелі мал шаруашылығында мал жекенің меншігінде болса, жер қашан да қоғамдық меншікте болады». Бұл талданып отырған меншіктің түрлері түптеп келгенде, қазақтардың жалпы еңбекке деген қатынасын анықтауда шешуші рөл атқарғаны белгілі. Бүгінгі нарық жағдайында қазақ қоғамындағы меншіктер түрінің тарихи қалыптасуы мен дамуы қазіргі жүргізіліп жатқан экономикалық реформаның негіздерінің бірі ретінде қараудың артықтығы жоқ. Бәрін жеке меншік шешеді деген пікірдің жалған екенін

өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Осындай дәстүрлі қоғамдағы қазақтың еңбекке деген қатынасын тарихи тұрғыдан сараптама жасалғаннан кейін, XXI ғасыр басында тұрған қазақ халқының еңбекке деген әлеуметтік-экономикалық қатынасын методологиялық тұрғыдан анықтап алудың маңызы зор. Ол үшін еңбекке деген қатынас ұғымының мазмұнын ашу қажет.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жұрттың бәрі өнімді еңбекпен айналыспағаны белгілі. Еңбекке деген ынта еңбектің өзінде емес, керісінше оның нәтижесінде болды. Қазақ айтады: «Еңбегіне қарай өнбегі»; «Келген дәулет, кеткен бейнет»; «Маңдайы терлемегеннің, қазаны қайнамайды»; «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар»; «Кім еңбек етсе, сол тоқ» -дейді. Бұдан шығар қорытынды: еңбек тартымды болмағанмен, ол қажеттіліктен, күнкөрістіктен туындайтындығы. Қазақтың бақыттылығы мен бақытсыздығы еңбектің мағынасында емес, оның нәтижесінде, жиған-терген малында. Кезінде бұл жәй, Абайды да қатты мазалаған. Ақынның ашынғаны соншалықты: «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе қалмады. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «Маған да баяғыда мал бітіп едің» – деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы да қайыршылыққа түседі»], -деп ашына жазады. Бұдан шығар қорытынды біреу. Ол: дәстүрлі қоғамда қазақ үшін, еңбек табыс, күнкөріс көзі деңгейінде болуы. Оның негізінде өндірістік қатынастардың, еңбек бөліністерінің дұрыс дамымағандығы жатыр. Еңбектегі қазақ менталитетінің ең басты метаморфозы, ол Абай айтқандай бес дұшпанның бірі – бекер мал шашу. Ақын түсінігінде мал шашу негізінде жатқан нәрсе: бір жағынан қазақтың қанына біткен жомарттық болса, екінші жағынан еңбек нәтижесін дұрыс ұқыпты пайдаланбауы. Ол орынсыз дарақылықпен мал шашуды сынай отырып «қасиеті болмайды ондай жігіт, әншейін құр бекерге бұлғақтаған» – деп ой түйеді.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы еңбектегі қазақ менталитетіне қандай қасиеттер сай болды десе, мынандай ерекшеліктерді атап өтуге болар еді: біріншіден, еңбектегі жұмысшы күші мен өндіріс құралдарын біріктіру негізінен қауымдық, рулық негізде жүрді. Ұжымдастыру адамдар санасында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі стереотиптерді бұзып, адамдардың еңбекке деген қатынасын рулық негіздегі қауымдық деңгейден жаңа экономикалық қатынастар деңгейіне көтерді; екіншіден, маңдай терсіз тапқан малда. береке болмайтыны белгілі. Ол еріген қар тәрізді, тез қолды болып кетеді. Өйткені онда сенің еңбегің, маңдай терің жоқ. Кезінде Абай өз халқың еңбекке шақыра отырып, өзінің шығармаларында малды қазақ не үшін табу керектігін шегелеп көрсеткен болатын. Ол өзінің атақты жиырма тоғызыншы сөзінде: «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ» деген ең барып тұрған құдай ұрған

сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп қорлықпен өмір өткізгенше малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой» – дейді ақын.

Қазіргі нарықтық экономика Қазақстан халқының еңбекке деген қатынасын шыңдай отырып, көптеген дәстүрлі құндылықтарға жаңаша қарауды талап етеді. Мәселен, кәсіпкерлікпен айналысу көп балалы жанұя үшін өте тиімді екенін өмір дәлелдеп отыр. Бұл дегеніңіз елдегі демографиялық ахуалды жақсартумен бірге кәсіпкерлікті арттыруға өзіндік себебін тигізері сөзсіз.

Ұлтты еңбекке қатынасын шыңдау, оның рухани негізін қайта қараумен тікелей байланысты. М. Вебердің «Протестанттық этика және капитализм рухы» – атты еңбегінде кәсіпкерлік рухты протестанттық этикадан тудырып, жеке бастылықты, эгоистік психологияны уағыздаса, біздің жағдайымызда, қазақтың шаруашылық этикасын протестантизмнен шығару мүмкін емес. Демек, қазақтың еңбекке деген қатынасы негізінде өзінің төл рухани құндылықтары мен түсініктері жатуы тиіс. Біздіңше олар мыналар: коллективизм рухы, үнемшілдік пен ұқыптылық, есептілік, рух еркіндігі, төзімділік, қайрат, ерік, жігердің белгілі бір мақсатқа бағытталуы, еліне, халқына қызмет ету, жаңаны ендіруге, үйренуге құштарлық.т.б. Нарық заманында еңбекті рационалдық тұрғыдан ұйымдастыру мен басқару осындай құндылықтар негізінде жүруі керек.

Рух тұтастығының бұзылуы ұлттың тілі, діні, мәдениеті, менталитеті, тәрбие салаларын қамтуда. Нәтижесі, адам бойында жігерсіздік, талапсыздық, өз тағдырына жүрдім бардым қарау да орын алуда.Тәуелсіздік таңымен келген ұлы армандардың жүзеге аспауы адам жанының күйректенуіне соқтырып, болашақ үмітінен айыруда. Былайша айтқанда, қазақ шарасыздық пен қорғансыздықтың күнін кешуде. Мұндай жағдайда қазақтың ұлттық рухы өзінің қоғамдағы біріктіргіш миссиясын орындай алмайтыны белгілі.

Ұлттық рухтың әлсіреу күшейген сайын, қауіп-қатер де көбейе түседі. Мұндай құбылыс болашақта әлеуметтік-саяси дүмпулердің қайнар бұлағы болуы да мүмкін. Өзінің ұлттық сипатынан айырлып қалған адам мәңгүрттік санаға түсіп кетіп, тобырға айналуда. Тобыр болса ешқашан жасампаз бола алмайды. Тобыржа жою, қирату, сындыру дүлей күші басым болады, өйткені олар ұлы құндылықтарға ұмтылмайды, ар, намыс, ұят ұғымдарын ада болып келеді. Бүгінгі қоғамның рухани даму саласындағы жүріп жатқан құбылыстар теріс үлгілерді көрсетуде. Тұрпайылық, жауыздық, қатігездік, нәмсіқұмарлық сияқты әлемуеттік дертті уағыздау күнделікті әдетке айналған. Олар бүгінгі өмір салтының бір көрінісі іспетті. Әсіресе бұл құбылыстар экран арқылы көрсетілетін кинофильмдерде орын алған. Қазақ рухын жегідей жеп тұрған дерт ол жалтақтық пен жағымпаздық, екіжүзділік, сөз бен істің алшақтығы. Сонымен қатар қазіргі жағдайда ұлттық рухтың тұтастығына төніп тұрған бірнеше қауыптер бар. Олардың негізгілері мыналар:

Жалпы қазақ рухының тұтастығына төніп тұрған қауіпті тәуелсіздікке төніп тұрған қауіп деп қараған жөн. Ұлт рухының тұтастығына қауіп төндіріп тұрған бірден-бір фактор, ол қазіргі тілдік жіктелудің тереңдей түсуі. Ұлттық ортақ байлықты тең бөлудегі жіберіліп отырған әділетсіздіктің орын алуы, бай мен кедей, ауыл мен қала арасындағы алшақтықтың күн өткен сайын межеден тыс асуы ұлттық рухтың тұтастығына өзінің кері, жағымсыз әсерін тигізуде. Этникалық сеператизмнің етек алуы, қазақ ұлтының өкілдерінің басқа діни ағымдарға кіріп, олардың қатарының көбейіп келе жатқандығы үлкен қауіп. Тәуелсіздік ұғымының жас ұрпақ санасында «девольвацияға» ұшырауы, оны ұлы құндылық ретінде қоғамның сезінбеуі де қауіп. Тәуелсіздік ұғымының шынайы сипатын ашудағы ұлттық идеологияның әлсіздігі, жасандылығы да қауіпті. Ел басқарып жүрген азаматтардың «тәуелсіздік» ұғымына әлі де болса кешегі кеңестік менталитет тұрғысынан қарауы. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясындағы тәуелсіздік ұғымының орыны осылай анықталады.

Рухани жаңғырудың бастауы да осы болса керек. Ол бастау – сананы ескі түсініктермен жалған ұғымдардан , бөтен жат түсініктерден тазартудан бастау алуы тиіс. Мемлекттік тіл өзінің біріктіргіш қызметін толық атқару үшін мына жағдайларға ерекше мән беруіміз керек:

– қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында оны ғылым мен білімнің, техника мен технологияның, бизнестің тіліне айналдыруды қолға алу керек. Мемлекеттік тілде ғылым, білім, өнер, мәдениет жасалған кезде, өзінің шоғырландырғыш қызметін арттыра түседі. Бұл жолда Білім және ғылым минстрлігі табандылық танытып, білім саласындағы инновациялық ұстанымдарды жүзеге асыруға ерекше ат салысуы тиіс;

– мемлекттік тілдің біріктіргіш, шоғырландырушы ролін арттыру үшін патриотизмді дамыта отырып, этностық топтар арасында қарым-қатынасты, өзара түсінікпен келісімді нығайтудың жолдарын одан әрі дамытуды қолға алу керек;

– тілі бір жерде, мемлекет те бір болады, ал тілі айыр ел қақ айырылу қауіпі де бар, оның үстіне тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады деген сөз де ақиқат. Сондықтан мемлекеттік тілді «Мәңгілік Елдің» тіліне айналдыру Қазақстан мемлекеті мемлекетшілдігінің басты көрсеткіші болып табылады:

– үштілділік саясатты жүзеге асыруда асығыстық жасау да қауіпті, ол кейде әлеуметтік қайшылықтар мен шиеленістердің көзі болуы әсте мүмкін. Бұл құбылыс қазақ тілі есебінен жүргізілмеуі тиіс, және бұл мәселеде алғырттық танытып, пайыздық, сандық көрсеткіш қуалау немесе қоғамның ментальдық ерешеліктерін ескермей күшпен, бірбеткейлік танытып зорлықпен енгізу кері нәтиже беретіні анық. Үштілділік саясаты мәселесіне тек қана бюрократиялық тұрғыдан қарау қауіпті. Ұлттың мәдениеті, рухани болмысы, жан дүниесі, тәрбиесі мен дүниесезімі, дүниетанымы ерекшеліктерін ескере

отырып үштілділік жүргізілу керек екенін ескерген дұрыс. Сонда ұлттың тілдік белсенділігі артады, оның бәсекеге қабілеттіліг күшейеді.

§3 «Мәңгілік Ел» мұратының негіздері – бірлік пен келісім

Қазақ халқы бірлік үшін күресуге жаралғандай. Оның батырлық пен ерлік рухани ұстанымдары мен дүниетанымы да осы бағытта дамып отырған. Бірлік, татулық пен өзара келісім – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты рухани құндылықтары болып есептеледі. Осы аталған рухани құндылықтар әлімсақтан, сонау көне түркі дәуірінде де, бүгінгі өз тәуелсіздігін құрып, керегесін кеңейтіп жатқан қазақ халқы үшін де маңызды болып отыр. Бірлік пен татулық тәуелсіздік тұғырының негізіне айналуда. Тәуелсіздіктің баяндылығы мен мәңгілігі де осы бірлікке байланысты болып отыр. Олай болса, бірлік пен татулықты, достықты ел ішінде жүргізіліп отырған саясаттың негізі ретінде қарау «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың алғышарты болып табылады.

Бірлік идеясы адам мен табиғат, қоғам мен адам, мемлекет пен адам, адам мен адам, этникалық топтардың өзара қатынастарын қамтитыны белгілі. Қазіргі жаһандану заманында қазақстандықтардың менталитетінде не нәрсеге бірлік болуы керек? Байлыққа бірлік болуы мүмкін бе? Нарық заманында әркім өзінің материалдық байлығын жасап жатқанда оған қандай бірлік болуы мүмкін. Олай болса, материалдық байлыққа байланысты бірлік туралы сөз айту жөн емес. Демек, бірлік тек рухани байлық төңірегінде болуы тиіс. Мәселен, тілге, дінге, мәдениетке, өнерге, салт-дәстүрге, жалпы ортақ рухани құндылықтарға байланысты айтуға болады. Ал жерге деген бірлік болуы мүмкін бе? Егер жер нарықтық қатынастар жүйесінде болса, қандай бірлік туралы айта аламыз. Бүгінде Қазақстан мемлекетінің ауымағы, жері біртұтас екендігін, оның ешқандай жағдайда бөлінбейтіндігін заңдық, конституциялық деңгейде бұлжымайтын қағида ретінде мойындау «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың алғышарттарының бірі болып табылатыны сөзсіз.

«Мәңгілік Ел» идеясындағы «бірлік» ұғымы жеке адамдар арасындағы қарым-қатынаспен шектелмейді. Ол әлеуметтік топтар мен саяси ұйымдар, қоғам мен мемлекет, этникалық немесе діни топтар арасындағы қарым-қатынастардың сапалық деңгейін көрсетері сөзсіз. Мемлекет тұжырымдамаларында халық бірлігі, азаматтық бірлік, әлеуметтік тұрақтылық, этносаралық және конфессияаралық келісім, мәміле және толеранттылық болуы тиіс екендігі жазылады. «Мәңгілік Ел» идеясының гуманистік сипатының бір көрінісі адамдар арасындағы қарым-қатынасты дөп басатын «Адамның күні адаммен» деген қағида. Мұндағы адам – дүниені танушы әрі түсінуші. Өзара түсіну – басқаның жаны мен сырын ұғынуды, қайғысы мен қуанышына ортақтасуды талап етеді.

Қазақ достықты қадірлей білетін халық. Ол «досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас», «дос тұтқанды қадірле» деп, парасаттылыққа шақырып отырған. Осы сара жолды дәл танып, халқының рухани тазаруына меңзегендердің бірі Абай болды. Ұлы ақын «Біріндi қазақ, біріндi дос, көрмесең істің бәрі бос», «Адам баласына адам баласының бәрі – дос», «Достық – адамгершілік парыз, ізгі ниет, жақсылық тілеу, махаббатқа махаббатпен жауап беру қарыз» дей келе, өз халқын бабалардан сақталып келе жатқан ұлы қасиетті сақтауға, оны көз қарашағындай қорғауға шақырады. Шынайы достық қалыптасқан ортада өзімшілдік, бір-бірін көре алмаушылық, іштарлық пен өзгеге сырт айналу болмақ емес. Шынайы достық ортасының ұраны – жанашырлық пен мейрімділік, махаббат пен сүю деп ой түйеді.

Қысқаша айтқанда, «Адамның күні адаммен» деген қағида «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында шешуші рухани күшке айналып отыр. Қазіргі нарық заманында, ашық қоғам құру барысында шынайы достық мәселесіне деген жаңаша көзқарасты қалыптастырудың қажеттілігі де туындап отыр. «Біреу жаныңа жолдас, біреу малыңа жолдас», «Дос та дос, дұшпан да дос мал барында» дейді қазақ. Байлығыңа қызығып, дос болғысы келетіндер бүгінде көп болмаса, аз емес. Осындайда «жолдан қосылған көлденең көк атты жолдас болмайды» деген халық даналығы еске түседі. Олай болса, достықтың да шегі, өлшемі болуы тиіс. Біздіңше, сондай өлшемдерінің бірі – ұлттық мүдде.

Ұлттық мүддеге қайшы келген достықтың ғұмыры қысқа, арты жанжал. Осындай даналық өсиеттерге өскелең ұрпақты тәрбиелеудің де болашақ үшін маңызы зор. Себебі дос таңдай білу – өнер. Дос таңдай білу халық тағдырымен тікелей байланысты. Бұл «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты талабы. Қазіргі жағдайда «қоғамның бірігуі», «саяси жүйенің бірігуі» және «демократиялық бірігу» негізінде «ментальдық бірігу» жатқанын айтқымыз келеді. Қандай да болмасын қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени бірігуі ментальдық бірігу негізінде жүреді. Соңғысы болмаған жағдайда қанша бірігу туралы әңгіме қозғағанмен, нақты бірігу туралы айту артық. Өйткені ментальдық бірігу негізінде адамдардың саяси құндылықтарды таңдауы, оларға деген бірегейлігі, сол құндылықтарды саналық тұрғыдан иеленуі мен ойлауы жатады. Ал таңдалған құндылықтар адамдардың санасы мен ойында, мінез-құлқы мен іс-ірекетінде, оның ішкі рухани болмысында көрініс табады. Демек, ментальдық бірігу болған жағдайда ғана, қоғамда тұрақтылық, өзара түсіністік пен азаматтық келісім нық орнайды. Ментальдық бірігудің басты ерекшелігі оның күшпен, зорлық-зомбылықпен жүзеге аспайтындығында. Зорлықпен таңылған құндылықтар қашан да, ерте ме, кеш пе, әйтеуір уақыты келгенде тарих сахнасынан кетеді, ұмытылады, жойылады. Олай болса, «Мәңгілік Ел» идеясын баянды етуде Қазақстан қоғамы үшін демократиялық бірігудің маңызы зор. Өз кезегінде ол адамның саналығы мен еркіндігін, теңдігін, әділеттілікті,

мәмілелік менталитетті қалыптастыруды қажет етеді. Қазақстан жағдайында менталь-дық бірігу прагматикалық сипаттағы құндылықтар негізінде емес, керісінше моральдық-этикалық құндылықтар негізінде жүруде.

Әлеуметтік саладағы ұлтаралық келісім, өзара түсінушілік те мәмілелік менталитеттің нәтижесі. Этносаралық бейбіт қарым-қатынас Қазақстанның дамуының басты шарты ретінде танылуы да осы мәмілелік менталитеттен туындайды. Этносаралық бейбіт қарым-қатынасты сақтау мен дамытуды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір факторы ретінде мойындау да осы мәмілелік менталитетті нығайтудағы басты қадамдардың бірі. Оны қоғам дамуының маңызды қажеттілігіне айналдыру азаматтық қоғам құру талаптарына сай келеді.

Мәмілелікті тек саясаттың құралы деп түсіну жеткіліксіз. Біздің ойымызша, мәмілеліктің мағынасы терең. Ол – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші моральдық, этикалық императивтің бір түрі. Сонымен қатар ол азаматтық қоғамның даму бағытын айқындау негізінде жатқан ментальдық құбылыс. Мәмілелік менталитетте ескі мен жаңа, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қайшылықты шешуге де мүмкіндік бар. Онда бейімделумен қатар жасампаздық та жоқ емес.

Қоғамды демократияландыру процесі қазақстандық менталитеттегі екі нәрсеге, атап айтқанда, гуманизм мен прагматизм мәселелеріне көңіл бөлуді талап етіп отыр. Гуманизм қазақстандық менталитетке әуелден тән қасиет болса, прагматизм нарықтық қатынастардың дамуына байланысты туындап отырған құндылықтар. Қазақстандық менталитеттің қазіргі кезеңдегі және келешектегі дамуы осы мәселелердің дұрыс шешілуімен байланысты. Біздіңше, бұл жердегі басты қағида – прагматикалық көзқарастар мен түсініктерді дамыту негізінде адамгершілік қағидалардың жатуы, тұтынушылықтан жасампаздыққа бағыт ұстау. Керісінше болған жағдайда, заттық құмарлық, дүниеқоңыздық қоғамның рухани жағынан құлдырауына әкеп соғуы әбден мүмкін.

Жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі туралы толық айтар болсақ, полиэтносты Қазақстандағы этносаралық бейбіт қарым-қатынастар тұрақтылық пен демократиялық дамудың маңызды факторына, ұлттық қауіпсіздіктің объективті алғышартына, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы саясат қызметінің базалық негізіне айналып отырған жағдайда Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси маңызы арта түседі. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру этносаралық қатынастардың үндестігін іс жүзінде жүзеге асыруда жаңа тәсілдерді қолданып, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін байланыстыру жолымен теңдестірілген ұлттық саясатты жүзеге асырудың бірегей институтына айналып отыр.

«Мәңгілік Ел» идеясының негізгі құндылықтары болып табылатын бірлік, татулық, келісім құндылықтары Қазақстан халқы Ассамблеясының басты тақырыбы болып қа-

лары сөзсіз. Бұл құндылықтарды дамыту, оларды қоғамдық ойдың өзегіне айналдыру, өскелең ұрпақты осы бағытта тәрбиелеу көп ұлтты еліміздің берекесі мен бірлігін арттырары сөзсіз. Қазақстан халқы Ассамблеясы жоғарыда аталған құндылықтарды дамытуда, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда өз үлесін қоса бермек.

Соңғы 27 жылда Қазақстанда діни ахуал күрт өзгерді. Қоғамда діни бірлестіктер мен ұйымдардың саны күрт өсті. Бұрын соңды Қазақстан жерінде болмаған діни ұйымдар мен бірлестіктер, тіпті, дәстүрлі мәдениеттен тысқары, аулақ жатқан діни ұйымдар пайда болды. Әрине, діни бірлестіктер мен ұйымдардың шамадан тыс көбеюі қуантарлық жағдай емес екені белгілі. Оны кейбіреулер демократияның шынайы көрінісі ретінде көрсетуге тырысуы мүмін. Десек те, ұлттың рухани қауіпсіздігі мен болашағы тұрғысынан шамадан тыс жат діни ұйымдардың жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ тәрізді қаптауы «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруға кері әсер етуі мүмкін екендігін естен шығармағанымыз абзал. Сондықтан да олардың діни қызметтерін заңдық тұрғыдан реттеу, оларды есепке алып, бақылау жасау қажеттілігі зайырлы қоғам талаптарының бірі екені сөзсіз.

Зайырлы қоғам өзінің төл құндылықтарын қорғай білуі керек. Болмаған жағдайда рухани келісімнің орнығуы мүмкін емес. кешегі қоғамның рухани негізін қалыптастыруда басты ұстанымға айналған атеистік сана да өмір сүруге құқы бар екендігін мойындаумыз керек. Қоғамның рухани қозғаушы күші тек діни сана десек, қателескен болар едік. Бүгінде қоғамның рухани саласында осындай жеңіл көзқарастың қалыптасуы да ойландыратын жағдай. Діни сананы абсолюттендіру, оны жалғыз күш ретінде мойындау да орны толмас қателіктерге әкеліп соқтыруы әсте мүмкін. Бұдан «діни санаға руханилықта орын жоқ екен» деген сыңаржақты пікір қалыптаспауы керек. Себебі зайырлы қоғамда толеранттылық тұрғысынан қандай да бір көзқарас ұлттың рухани құндылықтарына қарсы болмаса немесе оның төл құндылықтарын мойындаса, ондай көзқарасқа қашан да орын бар екені белгілі.

Поликонфессиялы және полиэтносты мемлекетте адамдар арасында ынтымақтастықты сақтау, этносаралық немесе дінаралық алауыздықты болдырмау, діни қайшылықтарға жол бермеу, өзара сыйластық пен құрметті қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары болып отыр. Қандай да болмасын діни көзқарастың, егер де ол көзқарас шынайы болса, гуманистік құндылықтарды негізге алатыны, имандылық пен сүйіспеншілікті, бейбітшілік пен келісімді насихаттайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Аталған қағидалар «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы басты бағыт болып табылады және оның ішкі құрлымдық мазмұнын анықтауға өз септігін

тигізеді. Демек, азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, ел ішіндегі конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту, Қазақстан Республикасы Конституциясы талаптарына сай мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын қоғамдық санада орнықтыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының даму бағытын анықтайтын күштер болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясын зайырлы қоғам шеңберінде жүзеге асыруда мемлекеттік саясат мына төмендегідей қағидаларға сүйене жүргізуі керек деген қорытынды жасалынады: діннің мемлекеттен бөлектігі; ар-ождан мен діни сенім бостандығы; діни бірлестіктер құқығының теңдігі; мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі қызметіне араласпауы, т.б. Аталған қағидаттар зайырлы қоғамды қалыптастырудың негізі және бұлар Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Онда азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік беріледі, конфессиялық, этникалық және басқа да белгілер бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің еркін қызмет етуі үшін құқықтық негізді нығайтып, қоғамның зайырлы дамуына жол ашады. Бұл жолда азаматтық қоғам институттары – үкіметтік емес, білім беру ұйымдары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, бұқаралық ақпарат құралдары дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асуыруда үлкен маңызға ие болып қана қоймай, өз істерінде белсенділік танытып, Қазақстандағы конфессиялық тұрақтылықтың нығаюында өз үлестерін қосуда. Зайырлы қоғам және жоғары руханият – «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтарының бірі.

§4 Жаһандану заманындағы рухани және экологиялық қауіпсіздік

Жаһандану заманында әрбір азаматтың санасында ұлттық намысты ояту, жаңаша ойлау мен іс-қимылды, заман талабына сай дүниетанымды қалыптастыру «Мәңгілік Ел» идеясының талабы деп қабылдау керек. Жаһандану мәселесі күрделі де жан-жақты талдауды қажет ететін құбылыс. Оның экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани астарлары бар. Қазіргі кезде ғаламдастыру үрдісіне деген көзқарас әр түрлі. Оны біреулер қолдаса, екінші біреулер оған қарсы шығуда. Қалай болғанда да әлемдік экономикадағы ғаламдық үрдіске жүктелген адамзат сенімі, бүгінде толық ақталмауда. Ұлттық экономика мен әлемдік экономика арасындағы қайшылықтардың күшейгені соншалықты олар, шешімі күрделі мәселелерді дүниеге әкелуде. Бұл қайшылықтардың салқыны экономикада ғана емес, сонымен қатар, қоғамның рухани саласында да байқалуда. Ұлттардың ғасырлар бойы жинаған рухани құндылықтары әлемдік мәдени

ғаламдастыру алдында өзінің бет-бейнесінен айырылудың сәл алдында қалуда. Әлемдік ақпараттық құралдар мен технологияның, қоғам өмірінде белсенді күшке айналуы ұлттық мемлекеттер тарапынан қарсылықтарға кез болуда.

Әрбір тұлға белгілі бір мәдени ортаның жемісі немесе ол бір мәдениетті бойына сіңіруші, оны өзінің бойтұмарындай сақтаушы, ұрпақтан ұрпакқа жеткізуші. Өмірдің жеке тұлға үшін мағынасы немесе қызығы мен шыжығы да осында. Әрине, адам болмысында өмірдің мағынасын нәрлендіріп, аша түсетін көптеген құндылықтар бар екені сөзсіз, дегенмен адам үшін халқыңа қызмет істеуден, сол халқыңның шынайы ұл-қызы бола білуден артық бақыт болмаса керек. Қалыптасқан пікір бойынша қазақтың жаны кең, аққөңіл, қонақжай, кешірімшіл, бауырмал, тарылуды білмеген бейбітшіл, сөзге тоқтайтын ырымшыл, тәубесін ұмытпаған төзімшіл, табиғатқа жақын халық. Бұл қасиеттер негізінде қалыптасқан көшпенділік мәдениет, дүниетаным, моральдық-этикалы нормалар мен тарихи салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жүйесі жатыр. Басқаша айтқанда, бұл қасиеттер ұлт менталитетінің негізі көрсеткіштері, оның рухани болмысының өзегі. Сондықтан бұл қасиеттердің кешегі қазақ бойынан, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тұрмыс-салтынан, дүниеге қатынасынан, дүниені ұлттық түрғыдан бейнелеуінен, ойлау жүйесінен, сөйлеу мәнерінен, тілдік болмысынан көрініс табуы таңғаларлық дүние болмаған. Тіпті керек десеңіз, рухани қатынастар материалдық, экономикалық қатынастардан қашан да жоғары тұрған және қоғамдық қатынастар жүйесіне де өзіндік әсер етіп, бағыт– бағдар беріп отырған.

XX ғасырға дейін осы қасиеттерді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, өмір кешкен қазақтың бүгінгі жаһандасу алдында осындай қазақи қасиеттерінен айрылып қалу қаупі бар екенін жасыра алмаймыз. Коммунистік идеология мен тоталитарлық жүйеден қалжырап шыққан ұлт менталитеті мен тілі бүгінде жаңа нигилизм толқынын құшып, постмодернистік мәнсіздендіруге ұшырауда. «Ашық қоғам» саясатын желеу етіп, жаһандастыруға қарсы тұра алмаймыз, Бұл объективті құбылыс деп, ұлттық бейнемізді сақтау жолында ешқандай қарекет жасамай, жайбасарлық мінез таныту «Мәңгілік Ел» талаптарына сай келмесі рас.

Тарихи процестің сапасы мен мәні тек техникалық және экономикалық жетістіктермен өлшенбейтіні белгілі. Ол көп жағдайда ұлттың моральдық, этикалық, эстетикалық талғамы мен менталитетінде де тікелей байланысты. Осыдан келіп тарихи процестін антропологиялық астарына үңілудің, тарихи болмыстың рухани өлшемін де еске алудың қажеттігі туындайды. Егер маркстік теория қоғамдық-қатынастардың бір сатыдан екінші сатыға ауысуьға өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштер диалектикасы шеңберінде қарастырып келсе, бүгінде мұндай «экономизмнің» жеткіліксіз екендігін және сыңаржақтылығын өмірдің өзі дәлелдеді. Мұндай толымсыз теорияның ең басты

кемшілігі, басқасын былай қойғанда, адамдардың тарих алдындағы моральдық жауапкершілігін шектеу болып табылады. Ал моральдық жауапкершілігі шектеулі қоғамның болашағы қашанда бұлыңғыр. Моральдық жауапкершіліктің шектелуі деген не? Ол біздіңше, ар мен ұяттың, намыс пен батырлықтың, игілік пен парасаттылықтың шектелуі деген сөз. Демек, ар мен намыстан, адамгершілік қасиеттерден алшақтаған қоғамда тәуелсіздікті қорғап қалу да мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде Ф. Фукуямның «Тарихтың соңы ма?» атты мақаласы жаңа батыстық сананың ахуалын нақ ашып берген. Онда тарихи процестің дамуы «өткен – бүгін – болашақ» үштігінен емес, керісінше «архаика мен казіргі заман» дихотомиясынан туындап отырғаны, казіргі заманды батыстың монополиялауы, оған баламалы даму жоқ деп жариялауы, батыс еместіктердің оны қайта қарауға болмайтыны, қайта қарауды архаикалық сананың сарқыншағы, өткеннің жаңа алдындағы қарымта қайтаруы, ескінің жаңғыруы деп бағалауы қазіргі батыс менталитетінде нық орнап келе жатқанынан хабар береді. Сөйтіп, батыс тұңғыш рет тарихқа серіктессіз, яғни (батыс еместіктерсіз) жалғыз сапар шекпекші. Болашаққа жол сілтейтін де, әркімнің тарихта орнын анықтайтын да солар болмақшы. Бұл үрдісте Батыс тарихи жауапкершілікті техникалық-экономикалық прогреске жүктеп, адамды тарихи өзгерістің «әлсіз тізбегі» ретінде қарастырудан да кет әрі еместігін нық танытып отыр.

Қазіргі заманның біз үшін тағы бір ерекшелігі қоғамдық қатынастардың демократияландыру процесімен байланыстылығы. Бүгінгі модернизм теориясы мәдениеттанушылардың басқа, жат, бөтен мәдениетті, әсіресе, батыстық мәдениетті механикалық тұрғыдан басқа мәдени-рухани ортаға көшіре салуға болмайды деген ескертпесіне құлақ аспай келе жатқаны белгілі. Сол сияқты «мәдени қлондау» да ұлт үшін, әсіресе, оның рухы үшін өте қауіпті құбылыс. Сондықтан мұндай бассыздықтын болашағы жоқ екені және өзін-өзі сыйлайтын, елдік намысы мен санасы бар ұлт үшін бұдан асқан қорлау жоғы тағы белгілі. Болған жағдайда Батыс халқы өз мәдениеті, өз ақылы, өз түсінігімен өмір сүреді де, басқалар бөтен тарихпен, бөгде мәдениетпен, жат менталитетпен өмір кешетін маргиналдық тобыр болып шыға келеді. Біз бұндай тарихты, кешегі империямен тоталитарлық жүйе кезінде көріп, ұлт рухының қабырғасын шайқалтып, шаңырағын ортаға түсіріп ала жаздасақ та, бұдан ділдік болмыс деңгейінде қортынды жасаған жоқпыз. Оның үстінде рухани бұғанасы әлсіреген біз үшін еліктегіштік қасиет тән екенін ескерсек, батыс менталитетін де тез қабылдау біз үшін ұзақ уақытты қажет етпесе керек.

Батыстың жаппай жеңіске жетуі либералдық идеология өкілдері қанатына су бүркіп қана қоймай, олардың іс-қимылдары мен көзқарастарында жергілікті өкімет пен зиялы қауым өкілдеріне ұлттық ерекшіліктер мен менталитетті жаңарту, батыстық үлгіге бейімдеу, батысша өмір сүру жөніндегі қатаң ескертулер мен нұсқаулар да орын ала

бастағандай. Олар бұл жолда жалпы адамзаттық мүдде, адам құқы тәрізді құндылықтарды сциентизм мен «экономикоцентризм» парадигмалары тұрғысынан басқаларға таңуда асқан шеберлік пен белсенділік танытуда. Ең қызығы, бұлардың бүгінгі қазақтың рухани айдынында соншама еркін сайрандауы кешегі коммунистік идеология сойылын соққан большевиктер ісін еске салғандай.

Батыстың жасанды қатынастар құру барысындағы логикалық жүйесі, техницистік өркөкіректігі, рационалисттік ой кешуі адамзатты тұйықтан шығаратын күш емес екендігі әдістемелік тұрғыдан дәлелденіп жатқанда, біздің қоғамдық ойдын осыған соншама жармасуының себебі неде? Әлде білім беру саласы, қоғамдық ғылымдар «еуропоцентризм» шеңберінен әрі аса алмай жүр ме? Бұл сауал бізді ақиқатқа жақындата түсетін тәрізді. Өйткені оның бүгінгі нақты көрсеткіші: адамдардың рухани-моральдық жағынан азғындауы, тұтынушылық психологияның басымдыққа ие болуы, қоғамдағы әлеуметтік -мәдени қозғалыстың әлсіреуі, тіл болмысының құрылымдық және сапалық жағынан тоқырауға ұшырауы дәлел бола алады. Осы жолда байлықты берекемен ұштасыра білудің, байлық көзін тек заттық қасиеттерден ғана іздеп қоймай, ұлттың моральдық болмысынан іздеудің де маңызы зор. Демек, нарықтық қатынастарды қалыптастыруда тек «пайда», «олжа», «табыс», «байлық» ұғымдарына сүйеніп қана қоймай, сонымен бірге жаңа экономикалық қатынастарды қалыптастыру жолында ұлттық рухани бастауларына да үнемі оралып отырудың қажет екені сөзсіз.

Басқаша айтқанда, нарықтық экономиканы ұлттың рухани қайнарларынан сусындату Қазақстан қоғамнын тарихи «үрдіске қосатын өзіндік үлесі деп тануымыз қажет. Бұл тарихтың біздің еншімізге беріп отырған үлесі. Оны дұрыс пайдалану бүгінгі ұрпақ парызы деп сенуіміз керек. Осы жерде тағы бір есте ұстар мәселе – ол Қазақстан халқының рухани, ділдік қорыны» әлі де сарқылмағандығы, оның болашаққа әлі де қызмет ете беретіндігі. Өкінішке қарай, біздің тым батысшыл реформаторларымыз осы бір «ескінің көзіндей көрінетін» рухани құндылықтарымыздан айырылғанша асығатыны таң қалдырады. Олар жалпы адамзаттық тәжірибенің ұлттық менталитетсіз еңгізілгенін қалайды. Ал, біздіңше, ұлт зиялылары мен саясаткерлері бір нәрсені естен шығарып алған тәрізді. Ол адамзаттық өркениетке өзіндік жолмен, өзіндік ұлттық нышан мен болмыс арқылы кіруге болатындағы. Біз неғұрлым өз бет-бейнеміз бен ұлттық болмысымызды сақтай білсек, соғұрлым басқаға да, өзімізге де сыйлы боламыз. Өзінді сыйласаң ғана басқалармен терезең тең болады, үнемі оқушы бола бергеннен гөрі сәл де болса оқытушы болғанның артықтығы жоқ. Елбасының «тарихта біз ұялатын ештеңе жоқ» деуі де содан болса керек. Демек, барыңды көрсете білу де өнер. Ол сенің өркениетке қосқан төл үлесін. Орысша сөйлеп немесе ағылшын, француз тілінде өлең айтқан дұрыс та шығар, бірақ ол сенін өркениетке қосқан үлесің бола алмайтыны айдан анық. Өзі бола алмаған,

өзге де бола алмайтынын ескерсек, өркениетке барар жол, тек өзің болуда ғана қалса керек.

Ендігі бір мәселе – қоғамымыздағы көлеңкелі экономиканың қарқындап тұрғаны. Кейбіреулердің ойынша, пайда – өндіріссіз, байлық – ақысыз болуы керек. Бұндай экономика адамдардың адал жолмен, өз маңдай терімен таза еңбегі арқасында өмір сүруге деген ынтасын әлсіреттетіні сөзсіз. Бүгінгі біздің қоғамда төніп тұрған қауіптің бір ұшы осында. Осының барлығы айналып келгенде қоғамды рухани жағынан кері шегеретін, тәуелсіздікке рухани тұғыр бола алмайтын жағымсыз құбылыстар. Ақша билеген заманның даму қисыны осындай. Осының барлығы қоғам, мемлекет тарапынан рухани дамуға жаңаша көзқарасты қалыптастыруды талап етеді. Қоғамның рухани дамуына жаңаша көзқарас -қоғам мүшелері бойында ғылым мен мәдениетке, білімге, руханиятқа қаражат жұмсаудың (инвестиция) өндіріске. қарағанда тиімді екенін мойындататын менталитетті қалыптастыруы тиіс.

«Мәңгілік Ел» идеясының қайнар бұлағы отбасылық құндылықтарда. Жаһандану мәселесінің бір қыры отбасылық құндылықтарға деген әсерімен ерекшеленеді. Қазақстан жағдайындағы отбасының орны мен рөлі, отбасындағы тәрбие мәселелеріне нақты тоқталар болсақ, бұл мәселе көп салалы болып табылады, өйткені оның ішіне әлеуметтік, экономикалық, тәрбие, демографиялық, шаруашылық қызметтер де кіреді. Қоғамдық қатынастар күрделенген сайын отбасы қызметтері де күрделеніп келеді. Осы жағдайда отбасына деген әртүрлі сипаттағы, әртүрлі құндылықтарға негізделген ықпалдарда күшейе түсуде.

Батыстық сипаттағы, біздің ұлттың дәстүрлі менталитетіне қайшы келетін құндылықтар әсерінің күшейгені соншалықты, кейбір отбасылар батыстық құндылықтарға өтіп үлгіруде. Бұл өзгерістер жаһандану кезіндегі отбасылық қатынасты жаңғырту үдерісінің аясында жүріп жатыр. Мәселен, бір баламен шектелу, немесе азаматтық неке, келісім негізінде неке, прагматикалық құндылықтар негізінде некеге отыру т.б. Бұл жағдайда отбасы дәстүрлі даму параметрінен ауытқып басқа бағытқа ауып кетеді, ал оның даму траекториясы да өзге құндылықтарға негізделеді. Отбасы мүшелерінің ұстанымдары өзгеріп, отбасында қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарас өзгереді. Ұрпақ тәрбиесіндегі сабақтастық үзіледі. Отбасы қызметінің өзгеруі елдегі демографиялық ахуалға кері әсерін тигізіп, оның ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін төмендетеді.

Отбасының тәрбиелік қызметінің девальвацияға ұшырауы жеке адамдардың тұлға болып қалыптасуына да кері әсерін тигізеді. Моральдық –этикалық тұрғыдан дұрыс қалыптаспаған адамдарды дүниеге әкеледі. Олар адамгершілік, имандылық, кісілік қасиеттерден жұрдай болуы да мүмкін. Қатыгез, аяушылықты білмейтін, от басылық дәстүрден жұрдай адамдар да болуы мүмкін. Бұл аталған моральдық ауытқулар бо-

лашақта экстремизм мен терроризмнің көзі болатынын ұмытпағанымыз абзал. Отбасы тәрбиесінде жіберілген кемшілік қоғам үшін өте зардапты. Сондықтанда отбасына дәстүрлі құндылықтарды қайтарудың маңызы зор. Әсіресе, бала, ана, әке, махаббат, ұят, адамгершілік, еңбек, еңбексүйгіштік, имандылық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, тәубешілдік, үнемділік, үлкенді, ата-анаңды, ағайын, туған-туыстарыңды, салт-дәстүріңді, тіліңді, дініңді сыйлау тәрізді құндылықтардың отбасы тәрбиесінің негізі ретінде қайтару қоғам үшін өте маңызды және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының рухани құндылықтары болып табылады.

Қазіргі отбасы – тұрақты, өркениетті қоғамның негізі болуы тиіс. Бұған қол жеткізу мемлекеттің отбасылық саясатты дұрыс жүргізуіне тікелей байланысты. Отбасына дәстүрлі құндылықтар қайта оралуда. Отбасылық салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғыруда. Сонымен бірге имандылықтың көзі болатын діни құндылықтарымыз да қайта оралуда. Соның нәтижесінде көптеген жастар ішімдіктен бас тартып имандылық адал жолына түсті. Бұл қуантарлық жай. Қаншама от басы арақтың салдарынан ажырасып кетті. Жетімдер мен жесірлер саны көбейді. Әрине, ислам діні қазақ жастарын ішімдіктен, нашақорлықтан мүлде ада қылды деп айта алмаймыз. Бірақ та бұл салада сеңнің қозғалғаны кімді де болса қуантары шындық. Дегенмен, бүгінгі қазақ отбасына теріс діни ағымдардың әсері кіріп, теріс жолға түсіріп жатқаны үлкен қауіп тудыруда. Осының барлығы діни сауатсыздықтың нәтижесі әрі экстремизм мен терроризм қауіпінің көзі. Отбасындағы ұлттық дәстүрді тәрбие жүйесінен ығыстырудың арқасында радикалдық көзқарас пен дүниетүсінікетек ала бастады.

«Мәңгілік Ел» идеясын нақты жүзеге асыру қазақ отбасындағы тәрбие принциптері мен ұрпақ сабақтастығына негізделуі керек. «Отбасы тәрбиесіндегі үлкенге құрмет қағидасы. Қазақ халқында әрбір шаңырақтың ең құрметті, сыйлы иесі – атасы мен әжесі болып табылады. Сондықтан болар «Қариясы бар үйдің-қазынасы» бар деп оларды қадір тұтқан. Қазақ отбасында дастархан басында үлкендер төрде отырған. Оларға қашанда құрмет көрсетіліп отырған. Үлкен сөйлеп отырғанда кіші сөйлемеген, үлкеннің сөзін бөлмеген «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, апа тұрып сіңілі сөйлегеннен без» деп қазақ қоғамында тәрбиеге ерекше мән берген. Үлкенді тыңдау, үлкенді сыйлау, дәстүрлі амандасу, сәлемдесу ережелерін де қамтиды. Өйткені, қазақта сәлемдесу сыйласудың бастамасы болып табылады. Қазақ халқы отбасында балаға сәлемдесуді жастайынан үйретеді. Ауыл ақсақалдарына алыс жолдан келгенде немесе көрші ауылға барғанда арнайы сәлем беріп келу қазақ баласының тәрбиелілігінің көрсеткіші.

Қазақ халқында бала тәрбиесін дұрыс жолға салудың тағы бір жолы тәрбиенің халықтығы қағидасы негізінде жүзеге асырылады. Қазақ халқы бала тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән беріп, баларды оның тек ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиеле-

гендігі белгілі. Ата дәстүрінің бірі – дүниеге келген балаға бүкіл ауыл, тума-туысқандары болып көңіл бөлген. Көпті көрген беделді қариялар үйде де түзде де өскелең ұрпақты, тәрбиелеуге ат салысып бүкіл ауылдың, елдің қамқоршысы әрі ақыл қосатын «Ел бабасы – көптің данасы» бола білген. Қазақ отбасы бала тәрбиесінде мақал-мәтелдерді, ырымдар мен тыйымдарды, салт-дәстүрлерді жиі пайдаланып жас ұрпақты парасаттылыққа, адамгершілікке, имандылыққа адалдылыққа тәрбиелеп отырған.

«Мәңгілік Ел» идеясы тек ұлттық тілге негізделгенде ғана ұлттық идеяға айналады және өзінің өміршеңдігін дәлелдей түседі. Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясының басты қозғаушы күші тәуелсіздік, татулық пен бірлік, еліннің тұтастығы үшін мәңгілік күрес. Мәңгілік күрестің жасампаздық пен бейбітшілікті нығайтуға бағытталғаны.

Қазақ халқы табиғатқа етене жақын өскен халықтың бірі. Табиғатпен қауышу, сырласу, оның тылсым күштеріне адами тұрғыдан сипат беру қазақ менталитетінің басты көрсеткіштерінің бірі. Табиғатқа деген қатынастардың салт-дәстүрлік, мәдени-тәрбиелік негізде реттеліп отырылуы, бүгінгі экологиялық менталитетті қалыптастыру негізі. Ұлт менталитетінің табиғатқа байланысты қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарын білім, ғылым, мәдениет, тәрбие саласында жандандырмай, оларды қоғамдық ойдың өзегіне айналдырмай бүгінгі қоғам мүшелері бойында экологиялық менталитетті тек экономикалық, саяси идеологиялық қағидалар арқылы қалыптастыру мүмкін емес. Экология мәселелерін «Мәңгілік Ел» тұрғысынан талдау бүгінгі күннің өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Болашақ ұрпаққа экологиялық тұрғыдан таза ауа, таза су, таза жерді мұра етіп қалдыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының өзегі болып табылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесі де осы өскелең ұрпақ тағдырына алаңдатушылқтан туғаны да белгілі. Экология мәселесін «Мәңгілік Ел» тұрғысынан талдау жасап, қоғам мен табиғат арасындағы гармониялық қатынас орнату адамзат баласы алдындағы шешімін табуға талпыну қажет.

Кешегі Кеңестер Одағынан қалған ажал отын сеуіп, елдің генофондысы мен денсаулығына елеулі зиян келтірген Семей ядролық сынақ полигонын жабу ісі жаңаша ойлауының нәтижесі әрі қазақ халқының бейбітсүйгіш ел екендігін әлемге паш ету. Оның үнемі бейбітшілік пен татулыққа ұмтылуы ұлт менталитетінің өзегі екенін нақты іспен дәлелдеуі адамзат баласына үлгі боларлықтай іс екені сөзсіз. Сонымен бірге, әлемнің экологиясына қосқан үлесі.

Адамзат өзінің дамуында неғұрлым табиғаттан саналы түрде алшақтаған сайын, соғұрлым адам мен табиғат арасындағы қайшылықтар күшейе түсуде. Қоғамдағы өндірістік күштердің дамуы өскен сайын, адамдардың табиғатқа жүргізіп отырған үстемдігі де артуда. Нәтижесінде, адам мен табиғат арасындағы байланыстың тұтастығы бұ-

зылып, адамзат баласының одан әрі өмір сүруіне қауіп төнуде. Ғылыми-техникалық прогресс адамдар санасында табиғатқа деген технократтық, тұтынушылық, үстемдік орнатуға негізделген менталитетті қалыптастырды. Бұл ойдың ақиқаттығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Десек те, адамзат бұдан қорытынды жасауды әлі үйренбей келеді. XX ғасыр соны көрсетті. Ғылыми-техникалық прогресс қоғам мен табиғат арасындағы қайшылықтарды шешуге дәрменсіз болып шықты. Ғылыми-техникалық революция қоғамның материалдық-техникалық базасын жасағанмен, адамның табиғатқа қатынасының жаңа философиясын, жаңа ментальдық болмысын қалыптастыра алмады. Адам мен табиғат арасындағы байланыс негізінде өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар диалектикасының жатуы, қоғамдағы әлеуметтік прогрестің бағытын айқындап қана қоймай, адамдардың табиғатқа деген қатынасы негізіне өзгерту, бағындыру, яғни айтқанда әгокіндіктік менталитетті қалыптастырды.

Қазіргі экологиялық мәселелерді ұлт менталитеті тұрғысынан шешу нарықтық құндылықтар негізінде жүруде. Оның негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде эгоистік, корпоративтік, меркантильдік, тұтынушылық ұстанымдар мен көзқарастарды, мінез-құлықтарды алып қарауға болады. Аталған ұстанымдар елдің табиғи байлығын игеруде, ауыл шаруашылығындағы жерді, орман шаруашылығын пайдалануда, өсімдік және жануарлар дүниесінде деген қатышастарда өз көріністерін тапқан. Экономика мәселелерін экология есебінен шешу әдетке айналды. Ел экономикасының экологиялық бағытының қалыптасып үлгірмегей, заң тұрғысынан бұл қатынастарды реттейтін құқық негіздерінің әлсіздігін көрсетеді. Жерге деген жеке меншік, экологиялық мәселені түбегейлі шешеді деген түсінік жалған болып шықты. Себебі, жер иелері бойындағы экологиялық менталитеттің қалыптаспағаны. Оның үстіне мемлекет тарапынан экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық, қаржылық ынталандырудың әлсіздігі де өзінің кері әсерін тигізуде. Мәселен, экологиялық несие бөлу, экология мәселесін шешуге жұмсалатын салықты жалпы салықтан шегеріп, оны экология мәселесін шешуге жұмсауды қадағалау, жалпы экологиялық мәдениет пен білімді, сана мен ойды дамыту мемлекеттік идеология негізі ретінде қарастырылмаған. Мұның барлығы айналып келгенде экологиялық менталитетті қалыптастыруға кері әсер ететін факторлар. Олай болса, қоғам мүшелері бойында экологиялық менталитетті қалыптастырмай экология мәселелерін шешу мүмкін емес.

Экологиялық мәселе дұрыс заң, немесе үкімет қабылдаған қаулы арқылы шешілмейтіні белгілі. Қордаланып қалған экологиялық мәселелерді шешудің бірден-бір жолы ұлттық экологиялық қауіпсіздік концепциясын жасау. Ол үшін кешегі әкімшіл-әміршіл жүйеден қалған табиғатқа деген агрессивтік көзқарастар мен стереотиптерден қоғам мүшелерінің санасын, ойын тазартып, замана талабына сай жаңа экологиялық парадиг-

маларды қалыптастыру қаже өзінен өзі туындайды. Ондай парадигмалар табиғатқа деген жанашырлық, сыйластық, төзімділік, обал, адал, сауап, яғни рухани құндылықтар негізінде қалыптасуы керек. Сондай экологиялық императивтер рухани ұстанымның негізіне айналып, адам мен табиғат арасындағы байланысгы жақсарта түсуі тиіс. Адамның бойында экологиялық мәдениетті қалыптастырып, олардың табиғат алдында жауапкершіліг арттырады.

Дей тұрғанмен, қазіргі қоғамның экологиялық мәдениеті мен санасына мән беретін болсақ, оның жағдайының өте мүшкіл екенін байқаймыз. Жаңа экономикалық қатынастар жүйесі экологиялық менталитетті қалыптастырмай отыр. «Біз табиғаттан қайыр күтпейміз, біздің міндеті табиғаттан алу» стереотипі әлі де болса адамдар санасында сақталуда. «Өндіріс-өндіріс үшін», «экономикалық өсім – ең басты мақсат» экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші болып қалуда.

Ауылдардағы ауыз су мәселесінің дұрыс шешілмеуі, радиактивтік қалдықтарының ашық жатуы, санитарлық тазалықтың жоқтығы ауыл адамдарын әртүрлі ауруларға шалдықтыруда. Елдегі жұмыссыздық, әлеуметтік мәселелердің дер кезінде шешілмеуі, қоғамның моральдық және рухани жағынан азғындауы да экология мәселелерін шешуге өз кедергісін тигізуде. Қазіргі экологиялық саясаттың тығырыққа тірелу себептерін технологиялық, экономикалық, тарихи себептерден басқа, әміршіл-әкімшіл жүйедегі орын алған шаруашылықты басқару тетіктерінен шығуымен қатар, қоғамды жайлаған рухани тоқырау, ментальдық ластану үрдісінен іздеу керек. Қоғамдағы экологиялық апаттардың бір себебін рухани саладан іздеген дұрыс. Экологиялық апаттың алдын алу негізін технологиялық детеминизм жүйесінен емес, рухани ментальдық жүйеден іздеген дұрыс. Осы ойды «Мәңгілік Ел» тұрғысынан қарайтын болсақ мынандай ұсыныстар жасаған болар едік:

– біріншіден, қазіргі ұлт менталитетінің дамуында экологиялық білімнің, тәрбие мен мәдениеттің, экологиялық мінез-құлықпен, экологиялық ойлаудың маңызы зор. Экологиялық білім жалаң ғылыми білім негізінде ғана емес, сонымен бірге, қазақтың ғасырлар бойы жинаған табиғатпен қалай қарым-қатынас орнату қажеттігін көрсететін халықтық білім негізінде де жүруі қажет. Басқаша айтқанда, «қоғам-табиғат» арасындағы қатынасты жетілдіру тек экономикалық, технологиялық, өндірістік негізде ғана емес, сонымен бірге, дүниетанымдық, ментальдық негіздеде жүруі тиіс. Мұндай методологиялық ұстаным қазіргі қоғамның даму негізінде жатқан технологиялық детерминизм қағидасына сын көзбен қарауға және экология мәселелерін шешуде ментальдық болмыстың да ролін айқындауға өзіндік себебін тигізеді;

- екіншіден, қазіргі модернизм теориясындағы экологиялық мәселелердің антропологиялық астарын, этнокіндіктік сипатын батыстық өркениет үлгісінде ғана емес, сонымен бірге қазақстандық өркениет негізінде де дамытудың қажеттілігін аңғартады;

- үшіншіден, қазіргі қоғам мен табиғат арасындағы қайшылықтар негізінде техника-экономикалық өсім басымдылығы жатқанын мойындасақ, бұдан шығар жолдың да біреу екенін мойындауымыз қажет. Ол, «табиғат-адам» жүйесіндегі техника, ғылым, адам, сана, менталитеттің өзара байланысын әлеуметтік философияда жаңа заман тұрғысынан қараудың қажет екендігі;

– төртіншіден, ұлт менталитетінің ішкі мүмкіндіктерін XXI ғасырда экология мәселелерін шешуге жұмсау, оның белсенділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар, бүгінгі қазақ халқының болашақ ұрпақ алдындағы экологиялық жауапкершілігін де арттырады.Аталған бағыттар мен ұстанымдар «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы талаптарынан туындайтыны сөзсіз.

Қорытындылай айтқанда, жаһандастыру қарсаңында қазақ өзінің ментальдық бірегейлігін күшейтуі керек. Өйткен себебі, қазіргі қоғамда байлық көзін жасау маральдық құддырау жағдайында өтуде. Дәстүрлі-ұлттық стереотиптер мен құндылықтар Батыстық үлгі тұрғысынан жарамсыз деп танылып жатқанда, қазақ менталитетінің морадьдық-этикалық астарына баса назар аударудың маңызы зор. Оның үстіне, қазіргі өркениет даму тенденциясы мәдени және ұлттық ерекшеліктер негізінде жүру керек деп санаймыз. Себебі мәдени әртектілік адамзат өркениетінің дамуында кедергі емес, керісінше игілікті, ізгі нәрсе. Олай болса, қазақ халқының рухани құлдылықтары өркениет дамудың бір негізі бола алтыны сөзсіз. Сонда ғана «Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық идея ретінде жүзеге асыра аламыз.

Әдебиеттер:

Бурбаев Т.К. «Мәңгілік ел» идеясының аксиологиялық негіздері ((Республиканская научная конференция «Идея Мәңгілік Ел: история и перспективы. Астана 26.10.2018.

Бурбаев Т.К. Монография. Казахская философия как духовная основа модернизации казахстанского общества. Астана, 2017.

Бурбаев Т.К. Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәдени-философиялық негіздері((Мемлекеттік басқару және қызмет.Журн.АГУ при Президенте РК №1,2015С. 13-20.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ»Жолдауы. – Астана, 2013.

Молдабеков Ж. Қазақтанудың негіздері мен деңгейлері //Ақиқат.-1994. №6. 46бет.

Назарбаев Н.Ә. «Әлем. XXI ғасыр» Манифесті // Егемен Қазақстан. – 2016. – 4 тамыз.

Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде. Нұрлы жол-болашаққа жол. №11 қараша №2014 ж.

Сыздыков С.М. Ортақ түркі тарихты дәуірлеу және ұйымдастыру / Turkic world. Popular science almanac. Astana, 2013. 76-79 бб.

Сыздыков С.М., Бурбаев Т.К., «Мәңгілік Ел». Оқу құралы. – Астана, 2016г

Сыздықов С., Канаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік Ел» идеясы; қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық». – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

Тілешов Е. Демография дем бере бастады // Ана тілі.

Сұрақтар:

1. Мәңгілік ел» ұлттық идеясының аксиологиялық мәні мен рөлін көрсетіңіз
2. Елбасы Н.Назарбаев «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын қашан және қандай мемлекеттік жиында жария етті?
3. Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыруға қандай факторлар әсер етеді деп ойлайсыз?
4. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының негізгі құндылықтарын атаңыз.
5. Жаһандану барысында «Мәңгілік Ел» құндылықтары жойылуға тиіс пе?

Тапсырмалар:

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының мәні мен рөлін көрсетіңіз

«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының негізгі құндылықтарын атаңыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» атты жолдауынан «Мәңгілік ел» идеясына байланысты айтылған ойларды жинақтаңыз

«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының негіздеріне қандай рухани құндылықтарды жатқызуға болады?

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» атты жолдауынан «Мәңгілік ел» идеясына байланысты айтылған негізгі құндылықтарды атаңыз.

«Мәңгілік Ел» және Тәуелсіздік. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының рухани қайнар көзі. «Мәңгілік Ел» және Елбасы. «Мәңгілік Ел» және Астана (Нұр-Сұлтан) «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және рухани құндылықтар. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және қазақстандық бірегейлік. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асырудағы қоғамдық, азаматтық келісімдердің орыны мен ролі. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы және бәсекеге қабілеттілік тақырыптарында эсселер жазу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» атты жолда-

уынан «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудағы бірлік, татулық, келісім сияқты құндылықтардың орны мен рөліне байланысты айтылған негізгі ойларды жинақтаңыз.

Қазақстанның конфессиялық кеңістігіндегі ислам рөлі. Дін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты құндылықтарының бірі ретінде. «Мәңгілік ел» және рухани қауіпсіздік мәселелеріне талдау жасаңыз.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясындағы басты құндылықтарға деген ментальдық бірегейлік мәселесі. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы және полиэтникалық қоғам. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және жаңа саяси мінез-құлықты қалыптастыру мәселелері жайында эссе дайындаңыз.

Жаңа қазақстандық патриотизм және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы туралы реферат дайындаңыз.

«Мәңгілік Ел» патриоттық акт аясында Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы азаматтық құндылықтардың ролі, оның рухани-мәдени негіздері туралы эссе жазыңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның Үшінші жаңғыруымен жүзеге асырылып жатқан саяси реформа мен экономикалық жаңғыру аясында маңызды орын алатын мәселе – рухани жаңғыру, яғни қоғамдық сананың жаңаруы. Бұл туралы мемлекет басшысы Н.Назарбаев былтырғы жылы 12 сәуір күні жарияланған әйгілі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты рухани кемелділікке бағыт беретін бағдарламалық мақаласында атап өтті. Бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік институттарының дамуы, қоғамдық сананың ұлттық тәуелсіздік жағдайында жаңаруы, яғни модернизациясы ұлттық рухани жаңғырумен, қазақ халқының тарихи өткен жолындағы прагматикалық тәжірибелерді ескерумен, өзіндік ұлттық болмысты сақтап қалумен, ұлттық код құндылықтарын дәріптеумен жүзеге аспақ. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «туған жер», «ұлттық код», «білім салтанаты», «қасиетті Қазақстан» сияқты қастерлі ұғымдар бар.

Қазақстанның қоғамдық-саяси даму жолы, Ұлық Ұлыстан Алтын Орда одан келе соңау XV ғасырда оның тікелей саяси мұрагері ретінде қалыптасқан Қазақ хандығы, XIX ғасыр басында хандық биліктің жүйесінің саяси күйзелісі нәтижесінде пайда болған аға-сұлтандық басқару институты соның негізінде Алаш идеясына исі қазақты ұйыстыра білген Алаш Орда өкіметі одан келді кеңес құрылымдары пайда болды. Соның барысында мемлекеттшілдік қасиеттер ұлт санасында жаңғырып отырды. Қазақтың саяси басқару сабақтастығы дегенде осынау қастерлі елдік ұғымдар басты орында тұрады. Ол мемлекетшілдік және елдік ұстанымдағы тарихи сабақтастықтың терең тамырларына тән басты ерекшеліктерін де айқындайды.

Әлемнің қазіргі замандағы ерекшелігінің бірі – жаһандану үдерісінің ерекше геосаяси сипатқа ие болуы. Жаһандану барысында жер жаһан, бүкіл дүние байланысының құрылымдары жедел дамуы арқылы біртектілік пен біртұтастыққа бет алған болса, геосаяси күрделі өзгерістер әлем елдерінің қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесі жаңа үлгідегі қарым-қатынасқа келуі мүмкін.

Жер бетіндегі әрбір ел бұл қарым-қатынастарға өздерінің ерекше саяси тәжірибесімен, ұлттық сана бітім-болмысымен, этникалық мәдени құндылықтарымен кіреді. Қазіргі геосаясаттың басты құрамдас бөлігі біртектендіру және біртұтастандыру әлемдегі ең аяусыз және ұзаққа созылатын үдеріс деп айтуға болады. Егер сіздің ұлтыңыз-

дық негізгі іргетас құндылықтары әлсіз болса ол сөзсіз жаһандану барысында жойылып кетеді. Бұл үдерстің теріс нәтижелеріне біз ондаған-жүздеген мысалдар келтіре аламыз, ал біздің табиғи болмысымыз біртектенуге қарсы екені де белгілі. Сол себепті әр этнос, әр ұлттық мемлекет өзінің ішкі сәкестігін нығайтуға, жер бетіндегі ерекше тіршілігін сабақтай беруге күш салады.

Біздің сіздерге ұсынып отырған «Рухани жаңғыру: Мәңгілік Ел құндылықтары және Алаш идеясы» оқу-әдістемелік құралының да басты мақсаты қазақ халқының бүгінгі және келешектегі елдік мүддесін, отаншылдық рухын ұрпақ санасына сіңіруде. Оқу құралында біз қазақи сәйкестіктің негізі болып табылатын құндылықтарға көп көңіл бөлдік, ол алдымен мемлекеттік тарихымыз. Бұл жерде тек мемлекет құрушы қазақ этносының ғана тарихы емес, сонымен бірге қазақпен қатар елімізде өсіп-өніп жатақан халықтардың да тарихы бар. Себебі Қазақстанды мекендеген көптеген этнос өкілдерімен біздің тарихымыз терең тамырлар арқылы байланысып жатыр. Оқулыққа енген тақырыптарда Қазақстанның ежелгі тарихынан бастап қазіргі күнге дейінгі даму барысы сөз болады. Ал идеялық тұрғыдан келгенде біз негізінен ұлт санасына қажетті кілт мәселелерге тоқталуға тырыстық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қойылған басты мәселелер мен идеялар – ол ұлттық Тәуелсіздіктің құндылығы, Туған Жер, Қазақстанның киелі жерлерін, халықтың ұлттық болмысын сақтаудағы ұлттық код мәселелері болды.

Оқу құралында Қазақстан тарихының негізгі кезеңдеріне екпін жасадық. Өйткені дүниедегі әр халықтың мәдени болмысы мен келбеті, тарихи тағдыры, діни және ұлттық сана болмысы бір күнде емес, жылдар, ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың көпғасырлық жеке өмірінің тәжірибесі ретінде жиналып, жалғастық негізде бір мәдени тұрғыда ортақ нәтижеге жетеді. Әлеуметтік аралас-құраластық, діни насихат, жаратылыс ақиқаты жайында ой дамыту арқасында қалыптасудың күрделі сатыларынан өтеді. Қазіргі уақыттағы әлем халықтарының өзара ынтымағы мен бірлігі де адамзаттың осындай ортақ мұрасына айналған діни-мәдени ортақтық, дүниетанымдық-құндылықтылық идеялық-көзқарастық жүйе негізінде құрылады

Осы тұрғыдан келгенде оқу құралында Ұлы Дала тарихының шешуші оқиғалары, тарихи тұлғалар, қазақ мәдниетінің ерекше белгілері арқылы қалыптасатын ұлттық код мәселесіне мән-мағына берілді. Ұлттық код – халықтың ата-баба дәстүрімен келген қасиеттері: қазақ халқының жеке дара жаратылысы мен рухани бітімі, ұлттық мәдениетін айқындайтын белгілері, тарихы терең қасиеттері, ұлттық болмысы. Бұл сонау энеолит дәуірінде пайда болған жылқышылық өркениет пен оның символына айналған Алаш бейнесі арқылы мыңжылдықтардың тезімен жасалды.

Біз ұлттық код – көне заманда жасалған ортақ тарихи-мәдени белгілердің жиынтығын құрайды деп санаймыз. Оған Ұлы Даланың ортақ тарихы, ата-бабалардан мұра болған ортақ тіл, халық әдебиеті, мәдени жәдігерлері, діни наным-сенім дәстүрі, ұлттық құндылықтар жатады. Қазақ халқының дәстүрлі салт-сана құндылықтары өзінің көп ғасырлық тарихында беріде исламдық, арғыда түркілік Тұран мәдениетінен, қазақтың Ұлы Дала өркениетіне бастау алатыны анық. Қазіргі Қазақстанның бір аты – Ұлы Дала Елі болуы ұсынылды. Бұл да Ұлттық код мәселесінен шығып отыр.

Қазақстан аумағында дамыған кейінгі ортағасыр және жаңа дәуірдегі мемлекеттік-құқықтық байланыстар мәселесін тарихи тұрғыда салыстыратын қырлары көп болғанымен, ең алдымен назар аудартатын мәселе мемлекеттіліктің сабақтастығы. Біз «Рухани жаңғыру: Мәңгілік Ел құндылықтары және Алаш идеясы» оқу-әдістемелік құралында Ұлы Далада жасаған ондаған мемлекеттерге шолу жасадық, ол мемлекеттердің өз ара жалғастығы, олардың бәріне тін ортақ идеялар сөз болды. Бұл жерде біздің тек қана рухани құндылықтар ғана емес, сонымен материалдық өндіріс саласына да көңіл бөлгенімізді ескертуіміз керек.

Өйткені көнеден бері өзіндік дәстүр болып жалғасқан материалдық өндіріс негізінде құндылыққа айналған мәдени мұралары өзіндік сипатқа ие болды. Қола және алғашқы темір дәуірі, Ғұн империясының кезеңі, Түркі қағанаттары кезеңдеріндегі құнды археологиялық ескерткіштермен қатар Алтын Орда заманы ескерткіштері де мемлекеттік нышандарға толы. Осы айтылған әңгіменің бір дәлелі Ұлы Дала Елінің Қазақ хандығы жаңа құрылған заманында салынған Алаша хан кесенесі сияқты ғажап құрылыс. Бұл ғажап ғимарат бірнеше мыңжылдыққа жалғасқан «Мәңгілік ел» идеясының ең керемет дәлелі деуге болады. Еуразия халықтарының ең келелі де киелі, бағалы да қастерлі рухани жәдігерлер қазақ даласында жасалғаны және сақталғаны оқу құралында және хрестоматияда айшықты көрсетілген.

Ерте дәуірдегі түрік көбіне табиғат күшіне сыйынуға негізделген тәңірлік дүниетанымнан туған құбылыс. Түріктер Ай, Күн, от, су, ағаш, темір сияқты адамға пайдалы нәрселерге артық құрмет ететін болған. Бұл егер тарихи тұрғыдан қарасақ Оғыз қаған заманында, яғни біздің эрамызға дейінгі дәуірде бар ұғымдар мен түсініктер. Сонымен бірге оқу құралында ортағасырлық ренессанс дәуірі де нақты мысалдармен көрініс тапты. Дегенмен Орталық Азияда исламның діни рәсімі, құқтық тәртібі келген уақытта түріктің көне ырымдары, наным-түсініктері қабылданбай, өзгеріске ұшырап, біразы өмір тәжірибесінен алшақтады. Діни ғибадаттің ескі дәстүрлері, түріктің әдет заңдары, тіршілік ғұрпы ислам талаптарына бағынып, сүннет жолы келіп, жаңа мазхаб енді. Орталық Азиядағы түркі халықтарының ислам әлемі құрамдас бөлігі болуы христиан миссионерлігі жолымен келген шоқындыру және отарлау саясатынан сақтады, мәдени

және ұлттық болмысты сақтап қалуға пайдасын тигізді. Өткен ғасырдың басында қазақ ортасынан бастау алып, кең қолдау тапқан Түркістан автономиясы үшін саяси қозғалыс Қазақстан мен Орта Азия түркілерінің ортақ саяси-құқықтық мемлекет құру жолында болғандығын біз көптеген тарихи құжаттар арқылы көрсетуге тырыстық.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» деді. Оқу құралындағы тарихи шолу көрсеткендей ұлы дала құндылықтары қатарында адамгершілік, кісілік бауырластық, меймандостық, қайырымдылық қасиеттері ерекше орын алатын болған. Қоғамның бүгінгі дамуында да адамның кісілікті ізгі қасиеттерін тәрбиелеуі, рухани сұранысының қанағаттандырылуы, мәдени дәстүр сабақтастығы қамтамасыз етілуі Еуразия халықтарының ұлттық салт-санасының кемелдене түсуіне тікелей байланысты.

Әрине, біздің оқу құралының жазылу себебі де Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, кітаптағы айтылған мәселелер ерекше толыққанды жүзеге асқан сайын үлкен қоғамдық әсер ететін болады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық тарихы толқынында» мемлекеттік бағдарламалары оқу құралында барынша шынайы ашылды және тарихи кезеңдердегі ұлт болмысы барлық қырларымен көрініс тапты.

Рухани жаңғыру бағдарламасының атқарар қызметі – ел тәуелсіздігін сақтау, қазақ елін әлемнің озық елдері қатарына қосу, ал ол үшін, ең бастысы, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық сананың жаңа белеске көтерілуін қамтамасыз етуде. Әлемнің жаһандану құбылыстары ұлт пен ұлыстардың ынтымақты болуын талап етеді. «Туған жер» және «Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша Алаш идеясы мен Мәңгілік ел құндылықтары: тарихи тәжірибесі, сабақтастығы және болашағы» оқу құралының да негізгі көздеген нысаны осы мәселе болды. Ынтымағы күшті елдер, түбінде елдігінен де айырылмайды. Елдігінен айырылмаған ел, жеріне де ие болады. Жеріне ие болған халық мемлекет дербестігін, яғни ұлт азаттығын сақтап, мәдени-ұлттық болмысына мығым болып, болашағы зор болмақ. Бұл бағытта қазақ топырағында қалыптасқан ұлттық идея, Алаш идеясы жалпыадамзаттық гуманизм мұраттарымен сабақтасып жатқанын ерекше атап көрсетеміз. XX ғасыр басындағы Алаш ренессансы қазақ мемлекеттігінің қайта жаңғыруына, қазіргі тәуелсіздігіміздің рухани дәне саяси ұстындарына негіз болғанын мақтаныш етеміз.

Біздің елімізде тәуелсіздікке қол жеткізгелі тыныштық сақталуда және еліміз сырт жерлерде болған қақтығыстарға да қатысқан емес, өзінің дәйекті бейбітшіл сыртқы саясатын ұстанады. Елбасымыз айтқандай: «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ.

Біз бірде-бір соғыс өртін бастаған емеспіз. Біз бірде-бір елдің жерін жаулап алып даламызға қосып алған емеспіз».

Қазақстан Республикасы аз уақыттың ішінде әлемде қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтап нығайтуда өзіндік үлесін қосып, ол халықаралық қауымдастық тарапынан лайықты бағасын алуда. Міне, осының бәрін жас ұрпаққа ұғындыру, бейбіт өмірдің адамзат үшін баға жетпес құндылық екенін, ол үшін оларды бейбітшілік сүйгіштік рухында тәрбиелеу – ең алдымен жоғарғы буын ағалардың міндеттері екені анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Айдосов А. Қорқытнама. – Алматы: Бастау, 1997.

Акишев К. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972. – С.45.

Алпысбес М.А. және т.б. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы. – Астана: Парасат-Әлемі, 2005. – 480 б.

Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. – Астана: BG-Print, 2013. – 380 б.

Аристов Н.А.Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – С.53.

Бичурин (Иакинф) Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – М., 1950, Т.1. – С.32.

Бойс Мэри. Зороастрийцы. Верования и обычаи.) Пер. с англ. И.М.Стамблин-Каменского. Послесл. Э.А.Грантовского. – М., 1987. – С.11.

Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы, 1994. – 165-б.

Бұқар жырау Қалқаман ұлының жырлары.Senkazakh.com, 26.

Гамкрелидзе Т.В. Индоевропейский язык и индоевропейские миграции) К вопросу о индоевропейском праязыке и индоевропейской прародине) Культурное наследие Востока: проблемы, поиски, суждения. – Л., 1985. – С. 363.

Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. Первые индоевропейцы в истории: предки тохар в древней Передней Азии // ВДИ, 1989, №1.

Геродот. История.) Пер. с греч. Ф.Г. Мищенко. Изд. 2-е. – М., 1888. –С.308.

Гимбутас М. Этногенез индогерманцев. – Инсбург, 1992.

Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. – Л., 1990.

Әбунасыр Әл-Фараби. Таңдамалы трактатары. – Алматы. «Арыс», 2009.

Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2007.

Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты Білік. – Алматы. «Өлке», 2006.

Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск, 1993, с. 198.

Иностранцев К. Хунну и гунны // Тр. туркологического семинария. Т. I. Л., 1926.

Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? (Материальная культура племен андроновской общности и происхождение индоиранцев). – М., 1994. – С.153.

Қазақ ССР тарихы, 1-том, 430 б.

Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / орыс тілінен аударған Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986.

Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972.

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар) Құраст. Р.Бердібаев. – Алматы, 1985. – 368 б.

Марғұлан Ә. Ежелгі қазақтың тайпалары және қазақ хандығының құрылуы. – Алматы: «Көне Тараз» қоғамдық қоры, 2015. – 275-б.

Марғұлан Ә. Қасым ханның қасқа жолы // ҚСЭ. Алматы, 1975. – 541-542-бб.

Марғұлан Ә. Шығармалары. – Алматы, 2008. – Т. 5. – 448 б.

Маркс К.Экономические рукописи 1857-1859 гг. Критика политической экономии. Соч. – Т.46., Ч.1. – С.482.

Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. – М., 1974.

Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288-б.

Петров. Развалины Муг-тепе около селения Сары-Курган // ПТКЛА. 11.12. 1913 г. – 01.04. 1914 г. – Ташкент, 1914. – С.63.

Сартқожаұлы Қ.Орхон мұралары. – Астана, 2003.

Сейдімбек А. Шежіре және уақыт // Егемен Қазақстан. – 2008, 22 сәуір.

Суразаков С.Е Героический эпос алтайцев / Ученые записки Горно-Алтайского научно-исследовательского института истории, языка и литературы. – Горно-Алтайск, 1958. – С.99.

Сыздықов С.М., Канаев С.З., Жеңіс Ж. «Мәңгілік Ел» идеясы қалыптасуы, үш негізі және тарихи сабақтастық. Астана: Фолиант, 2013. – 320 бет.

Тойнби А. Постижение истории) Пер. с англ. и сост. Огурцов А.П., Вступит. статья Умоловой В.И., закл. статья Рашковского Е.Б. – М., 1991. – С. 404.

Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л., 1948. – С. 275.

Халид Қ. Тауарих хамса.

Тақырыпқа қатысты әдебиеттер

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар; поэмалар; қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 384 б.

Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384б.

Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев. – «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.

Абайдың ақын шәкірттері. Екінші кітап. Қ. Мұхамедханұлы. – Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1994. – 336 б.

Абдыгалиулы Б. Войско Алаш. Казахские части в составе белой армии (1918-1920 гг.). – Астана, 2017. – 415 с.

Абикенов К. Техникум-училище-колледж: подготовка педагогов // Индустриальная Караганда. – 1997. – 18 октября.

Айдосов А.Х. Қорқытнама. – Алматы: Бастау, 1997. – 68 б.

«Айқап») Құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 368 б.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. – 328 б.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.

Айталы А. Ұлттану. – Алматы, 2003. – 203 б.

Акатай С. Великий Коркыт и его учение // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1999. – 799 б.

Акишев К.А. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972.

Акмола: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 400 с.

Аққұлы С. Қазақ жерінің жоқшысы. Т. 1. – Астана, 2017. – 800 б.

Аққұлы С.Аманат. Т. 2. – Астана, 2017. – 755 б.

Алаш ақиықтары.: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. Құраст. Т. Жұртбай. – Алматы, 2006. – 288 б.

Алаш және Әуезов. Құрастырғандар: Е. Тілешов, Ж. Тұрлыбекова, О. Сүлейменов. – Алматы: Жазушы, 2007. – 285-б.

Алаш көсемсөзі: 10 томдық. 1-10 кітаптар. Баспаға әзірлегендер – Ақсейіт Ғ., Сәйдірахмен Ұ. – Алматы: «Өнер», 2011.

Алаш көсемсөзі: Дін мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 3. – 400 б.

Алаш көсемсөзі: Жер мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 1. – 400 б.

Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 2. – 400 б.

Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Бас ред. М. Қойгелдиев. 3 том, 1 кітап. Алматы: Ел шежіре, 2007.

Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Бас ред. М.Қойгелдиев. 3 том, 2 кітап. Алматы: Ел шежіре, 2007.

Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М.Қойгелдиев. 1-3 томдар. – Алматы: Алаш, 2004-2007.

Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М.Қойгелдиев. 1 том. Алматы: Алаш, 2004

Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты ред. М. Қойгелдиев. 2 том. Алматы: Алаш, 2005

Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Құраст: Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы. – Алматы: «Сардар», 2014. – 528 б.

Алаш-Орда: Сборник документов. Сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992. – 192 с.

Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1977.

Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. – Алматы: «Эверо», 2018. – 340 б.

Алпысбес М.А. Л.Н. Гумилев мұрасындағы ғұндар тарихы туралы зерттеулер // Л.Н.Гумилев мұрасы және қазіргі еуразиялық ықпалдастық: ғылыми жинақ. –Астана, ЕҰУ, 2012. – 652 б.

Альжанова С., Тулемисова Г. Отыншы Альжанов – «Беркут Алаш-Орды». – Алматы: Фонд Алтынбек Сарсенбайулы, 2008. – 180 с.

Аманжолова Д.А. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас». 2009. – 412 с.

Аманжолова Д.А. Алаш: история и историография. – Семипалатинск, 1993. – 136 с.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.

Артыкбаев Ж.О.Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. – Астана-Москва, 2017. – 300 с.

Артықбаев Ж.О. Әнет баба: ғұмыры мен заманы (Е.Б. Сыдықовпен бірге). – Астана, 2017. – 256 б.

Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. – Алматы: Эверо, 2017. – 255 б.

Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. – Алматы, Жалын,1996. – 224 б.

Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.

Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы, 1994. – 504 б.

Базаров Ж. Өктемдік өтінде. «Халықтың қайсар перзенті. / Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер». – Алматы: «Жазушы», 2005. – 296-б.

Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескеркіштерінің жинағы // «Қазақстан тарихы VIII-XX ғғ түрік тілді деректерде» атты сериясы бойынша. II том. – Алматы: Дайк-пресс, 2005.

Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

Бектұров Ж. Ақиқаты осы еді... (Естеліктер). – Алматы: Ғылым, 1995. – 116 б.

Бердібай Р. Сол бір жылдарда // Жұлдыз. – 1995. – №5-6.

Березин И.Н. Первое наществие монголов на Россию // Журнал Министрерства народного просвещения. – 1833. – №9. – С.30.

Березин И.Н. Тарханные ярлыки Тохтамыша, Тимур-Кутлуга, и Саадат-Гирея, с введением, переписью, перводом ипримечаниями. Казань: типография Казанского университета, 1851. – С.24.

Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. – Құрастырған Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.

Бичурин (Иакинф) Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – Москва, 1950, Т.1.

Бойс Мэри. Зороастрийцы. Верования и обычаи. (Пер. с англ. И.М.Стамблин-Каменского. Послесл. Э.А.Грантовского. – Москва, 1987.

Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы. Құрастырған: Д. Қамзабекұлы. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 272-б.

Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). Құрастырып, түсініктері мен библиографиялық көрсеткіштерін жазып, баспаға әзірлеген Сұлтанхан Аққұлыұлы. Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 478 б.

Бөкейханов Ә. Шығармалар. Құрастырып, кіріспесін және өмірбаяндық ғылыми мақаласын жазған М. Қойгелдиев. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.

Бурбаев Т .К. Императивы нравственности // Мысль. –2018. – №9.

Бурбаев Т.К. «Мәңгілік ел» идеясының аксиологиялық негіздері // Республиканская научная конференция «Идея Мәңгілік Ел: история и перспективы. – Астана 26.10.2018.

Бурбаев Т.К. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәдени-философиялық негіздері // Мемлекеттік басқару және қызмет. Журн.АГУ при Президенте РК. – 2015. – №1. – С.13-20.

Бурбаев Т.К. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының философиялық негіздері // Қоғам және дәуір. КИСИ Ғылыми-сараптамалық журнал. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы. – 2015. – №1.

Бурбаев Т.К. «Мәңгілік Ел»: новые координаты цивилизационного развития // Материалы международной научно-практической конференции: «Эволюция казахской государственности: исторические традиции и вызовы XXI века». – Астана, 2015.

Бурбаев Т.К. Казахская философия как духовная основа модернизации казахстанского общества. – Астана, 2017.

Бурбаев Т.К. Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы. – Астана, 2013.

Бурбаев Т.К. Мемлекеттік тіл-рухани жаңғыру негізі // Материалы научно-практической конференции «Государственный язык в сфере отправления правосудия: барьеры и просторы». – Астана, 2017.

Бурбаев Т.К. Современная казахстанская семья и национальный менталитет // Отбасым. – 2012. – №3.

Бурбаев Т.К., Садыков С.М. «Мәңгілік Ел». Оқу құралы. – Астана, 2016.

Бурбаев Ұлт менталитеті. – Астана. «ЕрДаулет», 2001. – 215-б.

Бұқар жырау Қалқаманұлының жырлары.Senkazakh.com,26.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том первый. – Алматы: Главная редакци советской энциклопедии, 1986. – 432 с.

Васильев Л.С. История Востока. В 2-х т. – Москва., 1998., Т.1.

Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. – СПб., 1998.

Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма. – Москва: Прогресс, 1999.

Гамкрелидзе Т.В. Индоевропейский язык и индоевропейские миграции.

Геродот. История в девяти книгах. / Перевод с греческого Ф.Г. Мищенко. Изд. 2-е. – Москва, 1888.

Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва,1984.

Гумилев Л.Н. Некоторые вопросы истории хуннов // Вестник древней истории. – 1960. – №4.

Ғұн тарихының жылнамасы. / Көне қытай тілінен ауд. А. Мұтәліп, А. Жиылұлы. – Түркістан: Тұран, 2004. – 411 б.

Дәуір ақыны (Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады). Құрастырушы: Ф.Қ. Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 254 б.

Дәуірдің жарық жұлдызы (Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М. Тынышбаевқа арналады). Құрастырушы: М.М.Бегманова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 194 б.

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

Древнетюркский каганат: становление и развитие государственности. VI-VIII вв. – Алматы: АЭСА, 2007. – С.292.

Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1992. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2002-2004.

Дулатова Г. Шындық шырағы. – Алматы, 1995. – 408 б.

Дулатұлы М. Оян, қазақ!; Ержанұлы Б. Тұр, қазақ!; Арғыни Ә. Жатпа, қазақ! Өлеңдер / Құраст.: Т. Қыдыр, К. Мұстафаева. – Алматы, 2016. – 188 б.

Дулатұлы М. Шығармалары. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. – 280 б.

Дулатұлы М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1997. – 344 б.

Дүйсен С., Еңсенов Қ. Жұмабек Тәшенев. – Алматы. «Литера-М» ЖШС, 2012. – 320 б.

Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 176-б.

Ежелгі үйсін елі. / Құрастырған Ш. Ахметұлы. – Үрімжі, 2005.

Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 1997. – 368 б.

Елеукенов Ш. Мағжан. (Өмірі мен шығармагерлігі). – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.

Елім деп соққан жүрек (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист М.Дулатұлына арналады). Құрастырушы: В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 273-б.

Ермеков М.А., Попов Ю.Г. Алимхан Ермеков: Страницы жизни. – Караганда. 2000. – С.54.

Ескендірұлы М. «Алаш Орда» министрлері / Министры «Алаш Орды». – Алматы: 2008. – 113-б.

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыр. – Алматы: Ғылым, 1992. – 286 б.

Естеліктегі Алаш: Әдеби-танымдық басылым. / Құраст. С.Б.Жұмағұл. 1-басылым. – Қарағанды, 2018. – 676 б.

Әбдешев М. Қазақ порттерінің тарихы. – Алматы: Алматыкітап, 2008. – 184-б.

Әбдіманов Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы, 2007. – 325-б.

Әбунасыр Әл-Фараби. Таңдамалы трактатары. – Алматы. «Арыс», 2009. – 656 б.

Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961. – 376 б.

Әдебиетану терминдерінің сөздігі. Құрастырушылар: З. Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі. Әдеби шығармалар. 1-кітап. Құрастырған, алғысөзін және түсініктерін жазған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды, 2017. – 184 б.

Әлихан Бөкейхан. Энциклпедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 784 б.

Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы, 1999. – 361 с.

Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. 1-том. Құрастырған Е.Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.

Жәдитшілдік және Алаш: ұғымдар мен терминдер сөздігі. – Астана: «Астана полиграфия», 2011. Т. 1. – 320 б.

Жәмбек С. Бернияз Күлеевтің ақындық мұрасы. – Көкшетау: Келешек – 2030, 2002. – 138-б.

Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан. – Алматы, 1971. – 178 б.

Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. «Құтты Білік». Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. –640 б.

Жұмабаев М. Шығармалар. 1-том. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.

Жұмабаев М. Шығармалар. 2-3-том. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.

Жұмағалиев З. Шындық және көркем әдебиет. – Қарағанды, 1993. – 215 б.

Жұмағұлов С. Ғұмар Қараш шығармашылығы. – Қарағанды, 2005. – 120 б.

Жұмағұлов С. Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығы. – Қарағанды, 2013. – 105 б.

Жұртбай Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 б.

Жұртбай Т. Ұраным-Алаш! Т. 1. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

Жұртбай Т. Ұраным-Алаш! Т. 2. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 464 б. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш! Т. 3. – Алматы: Ел шежіре, 2012. – 647 б.

Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск, 1993. – С.244.

Заки Валиди Тоган. Воспоминания: Книга 2. – Уфа: Башкирское издательство «Китап», 1998. – С.368.

Заки Валиди Тоган. Воспоминания: Книга I. – Уфа: Башкирское издательство «Китап», 1994. – С.400.

Закиев М.З. Адекватная тюркология о глубине истории древних тюрков. Түркологиялық жинақ. – Астана, 2011.

Иностранцев К.А. Хунну и гунны // Тр. туркологического семинария. Т. I. – Ленинград, 1926.

Исмагулов О.С., Исмагулова А.О. Происхождение казахского народа. – Алматы, 2017.

История древнего мира.) Под ред. И.М.Дъяконова, В.Д.Нероновой, И.С.Свеницкой. – Москва, 1983. Т.1.

Ілиясова К.М. 1917-1919 жж. Қазақ сиездері. Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дис. авторефераты. – Алматы, 1999.

Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.

К вопросу о индоевропейском праязыке и индоевропейской прародине / Культурное наследие Востока: проблемы, поиски, суждения. – Ленинград, 1985.

Кабульдинов З. История Астаны. – Астана, 2007. – С.200.

Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы, 2010.

Кемеңгер Қ. Әлихан әлемі. – Алматы, 2016. – 228 б.

Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-3 томдар. – Алматы: Ел-Шежіре, 2013.

Кенжебаев Б.Әдебиет белестері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 396 б.

Кәкішұлы Т. Мағжан және Сәкен. – Алматы, Қазақ университеті, 2000.

Киселев С.В. Древние города Монголии // Советская археология. – 1957. №2. – С. 91-101.

Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым,1999. – 56-б.

Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. – Алматы, 1991.

Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? (Материальная культура племен андроновской общности и происхождение индоиранцев). – М., 1994.

Культ Тенгри, как основа государственной идеологии древнетюркского каганата // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность. – 2006. – № 2. – С.119-126.

Қадырғали би Қосымұлы. «Шежірелер жинағы»

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құрастырушы: Құрманбайұлы Ш. – Алматы, 2005. – 144 бет.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005. – 768 б.

«Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

Қазақ менталитеті: кеше, бүгін // Егемен Казахстан. – 2018, 20 ақпан.

Қазақ поэзиясының антологиясы (ХХ ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1992. – 488 б.;

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Құрастырушы: Ілиясова К.М. Астана: – Астана полиграфия, 2007. 4 том.

«Қазақстан». Орал, 2012. – 400 б.

Қазақстан Республикасы Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті мұрағатының (ҚР ҰҚКА) 3 том 05194-іс, 4-т., 98-99-п.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. – Астана, 2013.

Қайта оралған қаламгер (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады). Құрастырушы: В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2003. – 272 б.

Қалтайұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, мақалалар. Құрастырып, араб-парсы сөздеріне түсінік жазған А. Еспенбетов, Ә. Әміренов. – Семей: Семей мемлекеттік университеті баспасы, 1998. – 195-б.

Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.

Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 357 б.

Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.

Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. – Алматы: Арыс, 2004.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті мұрағаты (ҚарМТУ). Ағымдағы архив қоры. №2767-іс, 44-п.

Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240-б.

Қашықов Ш. Еркіндік деп еңіреп туған ер еді // Орталық Қазақстан. –1991. – 22 қазан.

Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288-б.

Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы. 2001.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII-XX ғғ.). – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2004. – 400 б.

Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 168-б.

Қонаев Д. Өтті дәурен осылай. – Алматы: РГЖИ «Дәуір» МП «Ынтымақ» баспасы. 1992. – 443-б.

Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.

Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Рауан, 1990. – 208-б.

Құл-Мұхамед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы: Атамұра, 2000. – 236 б.

Лозовский И.Т., Сипайлов Г.А. Студенческие годы Каныша Сатпаева в Томске. – Томск. Изд-во ТПУ, 1999. – С.136.

Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.

Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208б.

Маймақов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу). – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2005.

Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 52-б.

Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер (Құраст.: Ж.Қалиұлы). – Алматы: Атамұра, 1991. – 272 б.

Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972.

Марғұлан Ә.Х. «Тамғалы тас» жазуы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. – 544 бе.

Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар) Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы, 1985. – 368 б.

Марғұлан Ә.Х. Ежелгі қазақтың тайпалары және қазақ хандығының құрылуы. – Алматы: «Көне Тараз» қоғамдық қоры, 2015.

Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы, 2008. – Т.5. – 448 б.

Масперо. Древняя история народов Востока. – Москва,1895.

Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 ж. – маусым 1918 ж.): Тар. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дис. автореферaты. – Алматы, 1995.

Машани А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192.

Мектеп-тегі А. Жеті көсем. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 503 б.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы Ұлт жоспары – 100 нақты қадам (мамыр, 2015 жыл).

Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. – Москва, 1974.

Мәкенбайұлы Қ. Бірін-бірі нұрландырған қос шынар // Орталық Қазақстан. – 1999, 14 сәуір.

Мәңгілік Ел. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.

Мәңгілік Ел. Учебник. М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампейсова и др. – Алматы: Ұлағат, 2015. – С.336.

Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. І-бөлім. Ұлтшылдық-байшылдық дәуірі. – Алматы, 2008. – 416 б.

Мұхаметханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 202 б.

Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра, 1993. – 128 б.

Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өңд., толықт., 2-бас. – Астана, 2014. – 432 б.

Мэллори Дж.П. Индоевропейские прародины // ВДИ, 1997.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.

Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

Назарбаев Н. Тәуелсіздік толғауы. baq.kz › АРХИВ › Президент.

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12. 2012.

Назарбаев Н.Ә. «Қорқыт Ата және түркі әлемі» халықаралық ғылыми– теориялық конференциясына қатысушыларға арнаған құттықтауы // «Қорқыт Ата және түркі әлемі» конференция материалдары. – Қызылорда, 1998.

Назарбаев Н.Ә. «Ұлы Даланың» Жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша.

Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2008. – 192-б.

Назарбаев Н.Ә. Әлем. XXI ғасыр Манифесі // Егемен Қазақстан. – 2016. – 4 тамыз.

Назарбаев Н.Ә. Жылдар мен ойлар) Құраст. М.Б. Қасымбеков, А.М. Молдағаринов, Қ.Н. Әлімқұлов, Ә.С. Әлібеков. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013. – 364 б.

Наушабайұлы Н. Алаш. – Қостанай, 1997. – 191-б.

Нурмагамбетова Р.К. Проблема Алаш и Алаш-Орды в казахстанской историографии 20-90-х годов. Автореферат дис. на соиск. уч.ст. канд. ист.наук. – Алматы, 1999.

Нұралыұлы О. Шығармалары. – Алматы: Шартарап, 1995. – 232 б.

Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

Нұрлы жол – болашаққа жол. №11, қараша, 2014.

Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 376 б.

Нұрпейісов К. Алаш hәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256-б.

Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. – 2012, 10 шілде.

Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). – Алматы, 1998.

Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. –Алматы: Қазақпарат, 2001. – 404 б.

Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368 б.

Оралтай Х. Alas Turkistan turklerinin milli istikar parolasi – Алаш Түркістан Түркілерінің Ұлт Азаттық Ұраны. – Ыстанбұл, 1973.

Оралтай Х. Ұлы Түрікшіл Мағжан Жұмабайұлы. – Измир, 1965.

Орманбетұлы Н. Кер заман: Өлеңдер. – Алматы: Алаш, 2004. – 320 б.

Орхон ескерткіштерінің толық атласы.) Жолдасбеков Мырзатай, Сартқожаұлы. – Астана, «Күлтегін», 2007. – 360 б.

Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы – Алматы, 1996. – 168 б.

Өзбекұлы С. Барлыбек Сыртанов. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 108 б.

Петров. Развалины Муг-тепе около селения Сары-Курган // ПТКЛА. 11.12. 1913 г. – 01.04. 1914 г. – Ташкент, 1914. – С.63.

Проблемы формирования и развития древнетюркской системы государственности и права. VI-XII вв. – Алматы: Жети Жаргы, 2003. – С.432.

Профессор Ермек ұлы Әлімхан. Ұлы математика курсы. I-бөлім. (оқулық) – Алматы: РБК., 1995. – 280 б.

Рүстемов С. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: тар. ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындаған қолжазба. – Алматы, 1997.

Сагинов А.С. О пройденном пути. – Караганда: Изд-во КарГТУ, 2005. – С.270.

Сәдуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-3 томдар. – Алматы: Ел-Шежіре, 2013.

Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев. – Алматы: Жалын, 1988. – 528 б.

Сәтбаева Ш. Ш.Құдайбердиев. – Алматы: Ғылым, 1993. – 116-б.

Субханбердина Ү. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа». – Алматы: Ғылым, 1993. – 200 б.

Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасы, 1999. – 834 б.

Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 136 б.

Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары (XVIII-XX ғғ). – Алматы: Ғылым, 2001. – 268-б.

Сыздыков С.М. «Мәңгілік Ел» идеясының негіздері және тарихи сабақтастық) Қоғам және Дәуір. – 2015. – № 1. Б. – 65-79.

Сыздыков С.М. Бағзыдан бастау алған «Мәңгілік Ел» (Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған)) – Астана ақшамы. – 2014, 20 қараша.

Сыздыков С.М. Евразийская идея Н. Назарбаева и тюркское пространство. – Астана, 2011. – С.404.

Сыздыков С.М. Қазақ хандығы мемлекетінің генезисі – билер институты // Еуразия университеті. – 2015. – №16-17.

Сыздыков С.М. Қарқаралы-Қазылық. – Астана: Фолиант, 2015. – 304 б.

Сыздыков С.М. Қарлық, Қарахан мемлекеттері – Қазақ хандығының бір төркіні) Мәдени мұра. – 2015. – №1(58), қаңтар-ақпан. Б. – 25-31.

Сыздыков С.М. Қарлық-Қарахан мемлекеті. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.

Сыздыков С.М. Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және тарихи-мәдени мұралары. – Астана: «Фолиант», 2015. – 328 б.

Сыздыков С.М. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, негіздері және тарихи сабақтастығы. – Астана,»Фолиант», 2014. – 314 бет. (соавт).

Сыздыков С.М. Ортақ түркі тарихты:дәуірлеу және ұйымдастыру) Turkic world. Popular science almanac. Astana, 2013.

Сыздықов К. Арыстан тұлғалы азамат. // Халық кеңесі. – 1995. – 27 қазан. Сыздықов С., Канаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік Ел» идеясы; қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

Тастанов Ш., Шибанов Г. Первая кузница инженерных кадров Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1966. – С.135.

Тасымбеков А. Жан дауысы: АЛЖИР архипелагі. – Алматы: Жалын, 1994. – 175-б.

Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан. – Алматы: Қағанат, 2002. – 258 б.

Тәжімұратов М. Ғұмар Қараш. – Ақтөбе: А-полиграфия, 2005. – 284 б.

Тәжімұратов М. Шәңгерей. Жасампаздық өмір. – Алматы: «Өлке» баспасы, 1998. – 336 б.

Тілешов Е. Қайнар. – Алматы: «Сардар», 2015. – 306 б.

Тойнби А. Постижение истории / Пер. с англ. и сост. Огурцов А.П., Вступит. статья Умоловой В.И., закл. статья Рашковского Е.Б. – Москва, 1991.

Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л., 1948.

Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.

Тұғыры биік тұлға (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жаратылыстанушы, дәрігер Халел Досмұхамедұлына арналады) / Құраст. В.Қ. Күзембаева;. фил. ғыл. канд. Р. Әлмұханова (бас редактор); ОҒК директоры К.К. Әбуғалиева (жауапты ред,); Ред. алқасының мүшелері: Л.Д. Әбенова, Ж. Нұрғожина, К.С. Бейбітова, А.О. Қошымова (тех. ред.)., О.П. Бравач (техн. ред.), Н. Қосаева. Оталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2008. – 280 б.

Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты: (тарихи, саяси және ұлттық аспектілері). – Алматы: Нұрлы әлем, 2006. – 128 б.

Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – С.224.

Ұлттық поэзия падишасы (Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа арналады). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 315 б.

Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы А. Байтұрсыновқа арналады). Құрастырушы: В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.

«Ұран» газеті. 1917-1918. Жоба авторы, ұйымдастырушы Ж. Нәбиоллаұлы. Жинақты құрастырып, газет мәтінін араб әліпбиіне аударған Қ. Құттымұратұлы. – Орал, 2014. – 400 б.

Феофилакт Симокатта, История.

Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.

ХХ ғасыр басындағы әдебиет: Жоғары оқу орындары филология, журналистика факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (құр. Қ.Ергөбек). – Алматы: Білім, 1994. – 352 б.

Чайлд Г. Древнейший Восток в свете новых раскопок. – Москва, 1956.

Шаймұханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Қарлаг. – Алматы, 1997. – 104-б.

Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 252 б.

Шәкәрім. Энциклопедия. / Бас ред. Е.Б. Сыдықов;; жауапты ред. Т. Шаңбай. – Семей, 2008. – 864 б.

Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336б.

Шнирельман В.А. Происхождение скотоводства: культурно-историческая проблема. – Москва, 1980.

Шоқай М. Алматы: Қайнар, 1998. 1-2 том.

Шығыс Қазақстан облысының Жаңа тарих құжаттары орталығы (ШҚО ЖТҚО. Семей қаласы). 72-қ., 1-т., 86-іс, 22-23-пп.

Шыңғыстауға сапар. Орыс тілінен аударған М.Сәрсекеев // Абай. – 1994. – №11. – 82-89-бб.

Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм // «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ) Алматы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. – 799-б.

1916 жыл (Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына). – Алматы: Рауан, 1996. – 208 б.

Maenchen-Heifen O. The Huns and the Hsiung-nu // Byzantion. American Series, III. T. XVII (1945). P. 222-243.

ГЛОССАРИЙ

«Азамат» серіктестігі – Орынборда 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетіне құрылтайшы, демеуші болған серіктестік.

«Алаш» партиясы – 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен екінші жалпықазақ сиезінде құрылған қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы.

«Алаш» партиясына арналған өлеңдер – «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуына байланысты, оны құттықтаған, ұлт тәуелсіздігіне үлкен сенім артқан бірқатар өлеңдер шамамен бір мезгілде жарық көрді.

«Алаш» партиясының бағдарламасы – алғаш рет 1917 жылдың қарашасында «Қазақ» газетінде жарияланған. Оны жасаушылар Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Е. Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ. Жүндібаев және Ғ. Бірімжанов.

«Алаш» партиясының облыстық комитеттері – 1917 жылдың қазан-желтоқсан айларында ашылған жергілікті органдар.

«Алаш» серіктестігі – Петропавлда 1918-1919 жылы «Жас Азамат» газетін шығаруға қаржы бөліп отырған серіктестік.

«Алаш» ұғымы – қазақ халқының байырғы сөзі. Мағынасы – елдік, тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше ұғымдарды жинақтайды.

«Алқа» ұйымы – XX ғасырдың 20-жылдары Алаш қайраткерлері бейресми құрған әдеби-мәдени шығармашылық ұйым.

Автономияшылдар одағы – XX ғасырдың басында Ресей империясының қол астындағы ұлттар мен ұлыстардың өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуді көздеген қоғамдық саяси ұйым.

Ағартушылық – Алаштық топ өздерінен бұрынғы ұлт зиялылары сияқты ұлттық дамуда шешуші орынды білімге және білімге сүйенген тәрбиеге берді. Олар нағыз білім, осы жолдағы мақсатты ағартушылық қызмет және тәрбие халықты өзгертетіндігіне сенімді болды. Міне, сондықтан да алаштық буын қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, онымен шектеліп қоймай, бұл мақсатты жақындата түсетін нақты істер атқарды (кітап бастыру, оқулықтар жазу, газет-журналдар шығару, т.с.с.) Бұл қазақ ұлтының өміріндегі жаңа бетбұрыс болатын.

Аксиология (грек, *axios* – құнды, *logos* – ілім) — құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы ілім.

Алаш автономиясы – 1917 жылдан кейінгі тарихи құжаттарда, газет-журнал материалдарында қолданылатын саяси атау. Негізі, дәл осы атаумен автономия бірден құрыла салмаған, басты күш саяси аумалы-төкпелі шақта қазақты әр елде

қалдырмай біріктіруге жұмылдырылды. 1917 жылы 13 желтоқсанда Алаш Орда үкіметі жарияланған.

Алаш әдебиеті – қозғалыс кезеңінде туған әдебиет.

Алаш милициясы, халықтық милиция – 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған Алаш автономиясының қарулы жасақтары.

Алаш Орда – Алаш Орда Бүкіл Қазақ-Қырғыз Халық Кеңесі (Үкіметі) – 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен II Жалпы қазақ-қырғыз құрылтайының (сиезінің) қаулысымен құрылған Алаш Ұлттық жерлі Автономиялық Республикасының жоғарғы мемлекеттік атқарушы билігі. Оның аталымы тарихи Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда нұсқаларымен ұқсас. Орда – ежелгі түрік-моңғол тілінде орталық, кіндік деген мағынаны берген атау. Тіпті кеңестік қазақтың кіндік қаласы атанған Қызылорда (Қызыл Орда) атауын да осы өреде қарастыруға болады.

Алаш Орданың Батыс бөлімі – XX ғасыр басында Батыс Қазақстан аймағында орнаған ұлттық-мемлекеттік Алаш автономиясының құрамдас бөлімі.

Алаштану – негізі ұлт қайраткерлерінің көзі тірісінде басталған зерттеу бағыты.

Аюке – XVIII ғ. басы, Еділ қалмақтарының билеушісі.

«Бірлік туы» серіктестігі – Ташкентте 1917-1918 жылдары «Бірлік туы» газетіне құрылтайшы, демеуші болған серіктестік.

Бүкілресейлік құрылтай жиналысы – 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін шешу және басқару шешімін айқындау мақсатында шақырылған халық өкілдерінің жиналысы.

Бүкілресейлік мұсылман сиездері – 1905-1917 жылдар арасында өткізілген сиездер.

Дәуітбай тархан – Шақшақ Жәнібек батырдың ұлы.

Жағат – Шағатай төрелері, Шағатай Ұлысы, т.б.

Жәдидшілдік (араб – жаңа әдіс) – XIX ғасырдың басында Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтары арасында өріс алған қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қозғалыс.

Жүніс хан – Шағатайдан өрбитін тұқым. Жетісу бойының ханы.

Земство – Ресей империясында 1864 жылғы реформаға сәйкес құрылған жергілікті өзін өзі басқару органы.

Ислам кеңесі, «Шура-и ислам» – 1917 жылғы мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылман сиезінің шешіміне сәйкес құрылған қоғамдық-саяси ұйым.

Комуч – Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті. 1918 жылы маусым айында Самара қаласында өздерін «уақытша билік» деп жариялаған ақ гвардияшылар мен әсерлердің үкіметі.

Қоқан автономиясы – жалпы мұндай автономия тарихта болмаған. Тарихи аталу жөні – Қоқан қаласында жарияланған Түркістан автономиясы немесе түрік-мұсылманша ныспысы – Түркістан мұхтарияты.

Қондыкер – шежірелік ұғым, **ескідегі** оғыз жұртына қатысты айтылады.

Құбан – қыпшақ елінің арғы аталарының бірі.

Құрылтай жиналысы – 1917 жылы Ресейде сайлау құқығы негізінде басқару түрі мен конституция жасау үшін ұйымдастырылған құрылым.

Құтан – ғұн тайпалық одақтарының шығу тегіне қатысты тұлға.

Қызыл Арыстан хан – аңыздық тұлға, Қарахан билеуші әулетінің өкілі.

Майқы би – үйсіннен шыққан әйгілі тарихи тұлға.

Манифест. 17 октябрь. – Ресей империясы Жоғарғы Билігінің заңдық актісі, 1905 жылдың 17 қазанында жарияланған.

Маргинал – өз мемлекетінің мәдениетінен үзіліп және өзгенің құнды өмірінің бейнесіне косылмаумен ерекшеленетін әлеуметтік топ.

Мемлекеттік дума – 1906-1917 жылдардағы Ресей империясындағы мемлекетті басқарудың конституциялық-монархиялық бағыттағы заң шығарушы жоғары өкілетті органы.

Моғолстан – Жетісу өлкесін мекендеген Ұлыстар: бір шеті – Тәшкент, екінші шеті – Қашқар (шартты атау). Қазақтар кезінде ол елді "жағат уалайаты" деп атады.

Мұсылман фракциясы – Ресей империясының Мемлекеттік думасындағы мұсылман халықтары өкілдерінің парламенттік фракциясы (1906 – 1917).

Омар Шейх мырза – Ақсақ Темірдің тұқымы, Бабырдың әкесі.

Саяси қуғын-сүргін – Кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси қудалау саясаты.

Сейдақ би – Тайбұғы әулетінен, Сібір хандығының соңғы билеушісі.

«Талап» ұйымы – Түркістан республикасында (Ташкент) 1922 жылы 4 желтоқсанда ресми ашылған мәдени-ағарту ұйымы.

«Теңдік» серіктестігі – Семейде 1917-1918 жылдары «Сарыарқа» газетіне құрылтайшы, демеуші болған серіктестік.

Уақытша үкімет – ақпан төңкерісінің нәтижесінде Ресейде құрылған билік органы.

Уфа мемлекеттік мәжілісі – 1918 жылдың 11 қыркүйегінде Уфа қаласында өткізілген жиналыс.

Ұлтшылдық – Алаш зиялыларының туған ұлтына деген сүйіспеншілігі мен құрметі тудырған табиғи, рухани сезім, елшілдік идеялар.

Шақибек, Шайбақ, Шахбақыт – Шайбани ханның лақап аттары.

1-ші үлгі

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕОЛОГЕМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ»

Оқу-әдістемелік құралының (ОӘҚ) негізінде
таңдау курсының үлгілік жоспары

Таңдау курсы жүргізілетін білім беру мекемесі: мектептер
Таңдау курсы жүргізілетін сынып: 9-11 сыныптар
Жүргізілу уақыт аралығы: оқу жылы бойы
Пән мұғалімдері: тарихшы, әдебиетші

Сабақ реті	Сабақтың тақырыбы	Орындалу уақыты	Сағат саны	Қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5
1-сабақ	**Кіріспе. Ежелгі дәуірдегі Ұлы Даланың өркениеті: сипаттамасы**	1-ші апта	1 сағат	
2-сабақ	**Ұлы Дала өркениеті – идеологеманың тарихи алғышарты**, негіздері	2-ші апта	1сағат	Курс бойынша жалпы түсінік
3-сабақ	**Ұлы Дала – адамзаттың жылқышылық мәдениет ошағы ретінде дамуы**	3-ші апта	1 сағат	
4-сабақ	**Арианам-Тұран Даласы – ежелгі әлемдік металлургия орталығы ретінде дамуы**	4-ші апта	1сағат	
5-сабақ	**Сақалардың Тұран тарихындағы саяси, мәдени және этникалық ықпалы**	5-ші апта	1 сағат	
6-сабақ	**Ұлы Дала тарихындағы ежелгі мемлекеттер. Ғұн империясының дәуірлеуі**	6-ші апта	1сағат	
7-сабақ	Орта дәуір түркілерінің «Мәңгілік Ел» мемлекет идеологиясы	7-ші апта	1 сағат	
8-сабақ	«Мәңгі Ел» идеологемасы қалыптасуының алғышарттары мен негіздері	8-ші апта	1сағат	
9-сабақ	Түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы	9-шы апта	1 сағат	
10-сабақ	Түркі-исламдық мәдени және діни симбиоз	10-шы апта	1 сағат	
11-сабақ	«Мәңгілік Ел» идеясының тарихи-мәдени сабақтастығы	11-ші апта	1 сағат	
12-сабақ	**Ұлық - Ұлыс дәуірінің түркілері**	12-ші апта	4 сағат	
13-сабақ	**Ұлық-Ұлыс мемлекеті қалыптасуындағы идеологиялық негіздер**	13-ші апта	1 сағат	
14-сабақ	**Жошы Ұлысы**	14-ші апта	1 сағат	
15-сабақ	«Алаш мыңы» одағы	15-ші апта	1сағат	
16-сабақ	Хан Бұзұрғ Әбілқайыр мемлекеті	16-шы апта		
17-сабақ	**Қазақ хандығы және «Алты Алаш» идеологемасы**	17-ші апта	1 сағат	
18-сабақ	**«Алаш мыңы» одағынан – «Алты Алашқа»**	18-ші апта	1сағат	
19-сабақ	**Қасым хан тұсындағы Қазақ мемлекеттілігінің нығаюы**	19-шы апта	1 сағат	
20-сабақ	**«Алты Алаш» бірлігі үшін күрес**	20-шы апта	1сағат	

21-сабақ	**Абылай хан. Кенесары бастаған ұлт-азаттық күрес**	21-ші апта	1 сағат	
22-сабақ	Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» мұраты	22-ші апта		
23-сабақ	Ұлттық сананы жаңғыртуға ұмтылыс	23-ші апта	1 сағат	Қайталау
24-сабақ	Кеңестік жүйедегі Алаш ізбасарлары	24-ші апта	1сағат	
25-сабақ	Ұлттық кодты сақтап қалу: тарихи сана, жады, жер	25-ші апта	1 сағат	
26-сабақ	Мәдениет, дін, діл, өнерді насихаттау	26-ші апта	1 сағат	
27-сабақ	Жасампаз өнерлі ұлт идеологемасы	27-ші апта	1сағат	
28-сабақ	«Мәңгілік Ел» мұратының аксиологиялық негіздері	28-ші апта		
29-сабақ	Жүйелі көзқарас және оның мәндік астары	29-ші апта	1 сағат	
30-сабақ	«Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтары	30-шы апта	1 сағат	
31-сабақ	«Мәңгілік Ел» мұратының негіздері: бірлік пен келісім.	31-ші апта	1 сағат	
32-сабақ	Ұлт және жаһандану	32-ші апта	1 сағат	
33-сабақ	Жаһандану заманындағы рухани қауіпсіздік	33-ші апта	1 сағат	
34-сабақ	Жаһандану заманындағы экологиялық қауіпсіздік	34-ші апта	1 сағат	

2-ші үлгі

«АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК»

Оқу-әдістемелік құралының (ОӘҚ) негізінде таңдау курсының үлгілік жоспары

Таңдау курсы жүргізілетін білім беру мекемесі: мектептер
Таңдау курсы жүргізілетін сынып: 9-11 сыныптар
Жүргізілу уақыт аралығы: оқу жылы бойы
Пән мұғалімдері: тарихшы, әдебиетші

Сабақ реті	Сабақтың тақырыбы	Орындалу уақыты	Сағат саны	Қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5
1	АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ	Ітарау	11 сағат	
1-сабақ	Алаш идеясы мен қозғалысының тарихы	1-ші апта	1 сағат	Курс бойынша жалпы түсінік
	Тарихи алғышарттар	I бөлім	3 сағат	
2-сабақ	Алаш ұғымының ментальдық және символдық мәні.	2-ші апта	1сағат	
3-сабақ	Партиялардың құрылуы құзырхаттар, саяси, Қазақ сиездері.	3-ші апта	1 сағат	
4-сабақ	Қазақ жерінің отарлануы, жерге орналастыру саясаты.	4-ші апта	1сағат	
	Саяси-құқықтық күрес		4 сағат	
5-сабақ	Алаштың тұңғыш конституциясы,	5-ші апта	1 сағат	
6-сабақ	Алаш және Мемлекеттік дума, Алаш және Мұсылмандар сиезі.	6-ші апта	1 сағат	
7-сабақ	Алаш ұлттық жерлі автономиясы, жер мен ел бірлігі мәселесі, ұлттық шекараны анықтау.	7-ші апта	1 сағат	
8-сабақ	Үкімет құру, тұрақты қарулы күштер жасақтау, земство, сот билігі, салық жүйесі.	8-ші апта	1 сағат	
	Әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүдде	III бөлім	3 сағат	
9-сабақ	Экономикалық даму, кооперация.	9-шы апта	1 сағат	
10-сабақ	Қазақ меценаттары, қазақ дінбасылары.	10-шы апта	1 сағат	
11-сабақ	Алаш идеясы мен қозғалысының негіздері. I тарау бойынша жинақтау	11-ші апта	1сағат	I тарау бойынша қайталау
2	ҰЛТТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ АЛАШ ТӘЖІРИБЕСІ	II тарау	7 сағат	
	Мемлекеттілікті жаңғырту күресінің әлемдік өнегесі және Алаш жолы	IV бөлім	2 сағат	
12-сабақ	Азия және Африка елдері	12-ші апта	1 сағат	
13-сабақ	Оңтүстік Америка елдері	13-ші апта	1сағат	
	Ресейлік және басқа сыртқы саяси күштермен қарым-қатынас	V бөлім	3 сағат	

14-сабақ	Сібір автономиясы, Башқұрт автономиясы, Комуч, Уфа директориясы.	14-ші апта	1сағат	
15-сабақ	Омбы үкіметі, Кеңес өкіметі.	15-ші апта	1сағат	
16-сабақ	Жапония, Қытай, Батыс елдері.	16-шы апта	1сағат	
	Алаштың және Кеңес өкіметінің ұлттық мемлекет мәселесіндегі қарама-қарсы ұстанымдары		2 сағат	
17-сабақ	Ұлттық межелеу	17-ші апта	1 сағат	
18-сабақ	Ұлттық саясат, жергіліктендіру	18-ші апта	1 сағат	
19-сабақ	Ұлттықдемократиялық мемлекеттілік жаңғыртудың Алаш тәжірибесі II тарау бойынша жинақтау	19-шы апта	1 сағат	II тарау бойынша қайталау сабағы
3	ОЯНУ ДӘУІРІНІҢ БАСПАСӨЗІ, ӘДЕБИЕТІ, МӘДЕНИЕТІ	III тарау	4 сағат	
20-сабақ	Ұлттық баспасөз және елдік сана(Серке, Қазақстан, Айқап, Қазақ, Абай, Сарыарқа, Жас азамат, Сана, Ақ жол, Темірқазық, Шолпан т.б.)	VI бөлім 20-шы апта	1 сағат	
21-сабақ	Ұлттық әдебиет және елдік мұрат(ағартушылық, жәдитшілдік, милләтшілдік т.б.)	21-ші апта	1сағат	
22-сабақ	Ұлттық өнер және елдік арқау (Ұлт театрының құрылуы...)	22-ші апта	1 сағат	
23-сабақ	Ояну дәуірінің баспасөзі, әдебиеті, мәдениеті III тарауды жинақтау	23-ші апта	1 сағат	
4	ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ҚАҒИДАТЫ	IV тарау	11 сағат	
	Алаштық білім беру тұғырнамасы	VIII бөлім	2 сағат	
24-сабақ	(Алаш оқулықтары,Оқу орындарының құрылуы, ЖОО ашылуы,	24-ші апта	1 сағат	
25-сабақ	Білім комисиясының жұмысы, Алаш және ұлттық әліпби т.б.)	25-ші апта	1 сағат	
	Елдік мүддені көздеген ұйымдар, алқалы жиындар	IX бөлім	4 сағат	
26-сабақ	«Бірлік» ұйымы (1913-18	26-ші апта	1 сағат	
27-сабақ	Алаштың тұңғыш жастар сиезі 1918 «Талап» қоғамы (1922-23),	27-ші апта	1 сағат	
28-сабақ	Қазақ Білімпаздарының тұңғыш сиезі 1924«Алқа» ұйымы (1925)	28-ші апта	1сағат	
29-сабақ	Бірінші түркологиялық сиез (1926), Ғылыми-орфографиялық конференция (1929)	29-ші апта	1 сағат	
	Алаш идеясы мен Тәуелсіз Қазақстан мұратының сабақтастығы	X бөлім	5 сағат	
30-сабақ	Мәдени мұра,	30-шы апта	1 сағат	
31-сабақ	Мәңгілік ел,	31-ші апта	1 сағат	
32-сабақ	Рухани жаңғыру,	32-ші апта	1 сағат	
33-сабақ	Ұлы дала...	33-ші апта	1 сағат	
34-сабақ	Ұлттық бірегейлікті сақтау қағидаты IV тарауды ,жалпы курсты жинақтау	34-ші апта	1сағат	Жалпы курс бойынша жинақтау сабағы

«Қазақтану»
бағдарламасы бойынша республикалық этно-мәдени бірлестіктерге арналған оқу жоспарының үлгісі

№	тақырыптары	сағаты
	1 Бөлім. Қазақ тарихынан	
	Ұлы Дала байтағы – адамзаттың жылқышылық мәдениет ошағы	1
	Арианам-Тұран Даласы – ежелгі әлемдік металлургия орталығы	1
	Сақалардың Тұран тарихындағы саяси және мәдени тарихы	1
	Адамзат тарихындағы Ғұн феномені. Үйсін. Қаңлы мемлекеттері	1
	Түркілер дүниетанымы – «Мәңгілік Ел»: идеологема алғышарты	1
	Түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы	1
	Түркі-исламдық мәдени симбиоз: діни-хикметтік идеологема	1
	Ұлық Ұлыс мемлекеті қалыптасуының идеологемалық негіздері	1
	Алтын Орда: әлемдік империядан – державалық мемлекетке.	1
	«Алаш мыңы» одағы. Майман мен майсара құрылымы	1
	Хан Бұзұрғ Әбілқайырдың Дешті Қыпшақ патшалығы	1
	Ұлы Дала байтағы – адамзаттың жылқышылық мәдениет ошағы	1
	Арианам-Тұран Даласы – ежелгі әлемдік металлургия орталығы	1
	Сақалардың Тұран тарихындағы саяси және мәдени тарихы	1
	Адамзат тарихындағы Ғұн феномені. Үйсін. Қаңлы мемлекеттері.	1
	Қазақ: Алаш мыңы одағынан – Алты Алашқа	1
	Қасымнан Тәуекел ханға дейін: мемлекет мүддесі үшін күрес	1
	Есім ханнан Тәуке ханға дейін: Алты алаш бірлігі үшін күрес	1
	Абылай ханнан Кенесары ханға дейін: ерлік дәуірің аяқталуы	1
	Тәуелсіз Қазақстан – «Мәңгілік ел» мұраты	1
	Барлығы	**20 сағ.**
	2 Бөлім. Алаш идесы және мемлекетшілдік	
1	Алаш идеясының мәні және тарихи алғышарттары	1
2	Қазақ сиездері және «Алаш» партиясының бағдарламасы	1
3	Мемлекеттік Думадағы ұлт мүддесіндегі саяси-құқықтық күрес	1
4	Әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүдденің тартысуы	1
5	Мемлекеттілікті жаңғыртудың әлемдік өнегесі	1
6	Алаш автономияның ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасы	1
7	Алаш және Ұлы Түркістан: тарихи сабақтары	1
8	Алаш және Кеңес өкіметі: ұлттық мемлекеттілік мәселесі	1
9	Мемлекеттік Думадағы ұлт мүддесіндегі саяси-құқықтық күрес	1
10	Әлеуметтік-экономикалық мақсат-мүдденің тартысуы	1
11	Алаш идеясындағы елдік сана және мұрат.	1
12	Алаштың білім тұғырнамасы	1
13	Алаш арыстары ұрпақтарының тағдыры мен тәлімі	1
14	Алаш идеясы мен Тәуелсіз Қазақстан мұратының сабақтастығы	1
	Барлығы	**14 сағ.**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

БІРІНШІ БӨЛІМ. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕОЛОГЕМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

БІРІНШІ ТАРАУ. Ұлы Дала өркениеті – идеологеманың тарихи алғышарты 9
§1 Ұлы Дала – адамзаттың жылқышылық мәдениет ошағы 12
§2 Арианам-Тұран: Ежелгі әлемдік металлургия орталығы 20
§3 Сақалардың Тұран тарихындағы саяси және мәдени ықпалы 28
§4 Ұлы Дала тарихындағы ежелгі мемлекеттер. Ғұн империясы 36

ЕКІНШІ ТАРАУ. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы 50
§1 «Мәңгі Ел» идеологемасының қалыптасуының алғышарттары.....53
§2 Түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы.....59
§3 Түркі-исламдық мәдени симбиоз 68
§4 Мәңгі Ел идеясының тарихи сабақтастықтығы.....74

ҮШІНШІ ТАРАУ. Ұлық – Ұлыс дәуірі.....82
§1 Ұлық-Ұлыс мемлекеті қалыптасуындағы идеологиялық негіздер 83
§2 Жошы Ұлысы.....91
§3 «Алаш мыңы» одағы.....97
§4 Хан Бұзұрғ Әбілқайыр мемлекеті 104

ТӨРТІНШІ ТАРАУ. Қазақ хандығы және «Алты Алаш» идеологемасы 114
§1 «Алаш мыңы» одағынан – «Алты Алашқа» 115
§2 Қасым хан тұсындағы Қазақ мемлекеттілігінің нығаюы.....123
§3 «Алты Алаш» бірлігі үшін күрес 129
§4 Абылай хан. Кенесары бастаған ұлт-азаттық күрес 137

ЕКІНШІ БӨЛІМ. АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК

БІРІНШІ ТАРАУ. Алаш қозғалысының бастауы 156
§1 Алаш қозғалысының тарихи алғышарттары.....156
§2 Қазақ сиездері және «Алаш» партиясының бағдарламасы.....161
§3 Мемлекеттік Думада елдік мүддені қорғау 166
§4 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы тартыстар 172

ЕКІНШІ ТАРАУ. Ұлттық-демократиялық мемлекеттіліктің Алаш тәжірибесі 178
§1 Мемлекеттілікті жаңғыртудың тарихи өнегесі.....178
§2 Алаш автономиясының ресейлік саяси күштермен қарым-қатынасы 182
§3 Алаш және Ұлы Түркістан: тарихи сабақтары 187
§4 Алаш және Кеңес өкіметі: ұлттық мемлекеттілік мәселесі.....195

ҮШІНШІ ТАРАУ. Ояну дәуірінің руханияты 213
§1 Ұлттық баспасөз және елдік сана 213
§2 Ұлттық әдебиет және елдік мұрат 220
§3 Жасампаз өнер және елдік мақсат 229
§4 Рухани-имандылық ұстын 243

ТӨРТІНШІ ТАРАУ. Алаш білімпаздары және ұлттық бірегейлікті сақтау 249
§ 1 Алаштың білім тұғырнамасы 249
§2 Елшіл ұйымдар мен алқалы жиындар тағылымы 265
§3 Алаш арыстарының тағдыры және Алаш идеясының шетелге таралуы 268
§4 Алаш идеясы мен «Мәңгілік ел» мұратының сабақтастығы 275

ҮШІНШІ БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МҰРАТЫ

БІРІНШІ ТАРАУ. Ұлттық сананы жаңғыртуға ұмтылыс 283
§1 Кеңестік жүйедегі Алаш ізбасарлары 283
§2 Ұлттық кодты сақтап қалу: тарихи сана, жады, жер 290
§3 Мәдениет, дін, діл, өнерді насихаттау 299
§4 Жасампаз өнерлі ұлт идеологемасы 307

ЕКІНШІ ТАРАУ. «Мәңгілік ел» мұратының аксиологиялық негіздері 315
§1 Жүйелі көзқарас және оның мәндік астары 315
§2 «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтары 322
§3 «Мәңгілік Ел» мұратының негіздері – бірлік пен келісім 334
§4 Жаһандану заманындағы рухани және экологиялық қауіпсіздік 338

ҚОРЫТЫНДЫ 350

Пайдаланылған әдебиеттер 355

ГЛОССАРИЙ 370

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ:
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*
Дизайнері *Әсел Күнтуова*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*
Компьютерде беттеген *Эльмира Заманбек*

Басуға 20.11.19 қол қойылды.
Пішімі 60 × 90 $^{1}/_{8}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 47,5.
Тапсырыс №0017. Таралымы 20 дана.

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13